Л2010
23453

Әбіш Кекілбаев

Құсканаты

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ

ҚҰСҚАНАТЫ

ПОВЕСТЕР МЕН ӘҢГІМЕЛЕР

«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ
Алматы — 1978

ПОВЕСТЕР

АВТОМОБИЛЬ

Сен ылғи шалғай қиырларға, алыс сапарларға аттанушы ең. Сондай бір айлап жылдап жүретін ұзақ рейстен әлі оралмай қойғаның.

Сен біздің ауылда бұрын-соңды ешкім ата кәсіп ете қоймаған жаңа өнерге бірінші боп бет бұрғандардың бірі едің. Құландар жортқан құба түзге талай-талай соны соқпақты өзің салдың. Талайларды алыс жолдарға, сәт сапарларға өзің аттандырдың. Мені әлі күнге ұлығат шеруден қалдырмай ілестіріп келе жатқан осы сапарыма арқаманан қағып, аттандырып салған өзің едің. Сол сапар ақым, дос қарызым өтелген жоқ, енді өтелмекші де емес...

Сенің атың Қобылан еді. О баста Қобыландыдай бағыр болсын деп қойылған шығар. Сенің өн бойыңда, шынында да батырларға тән молдық, ерлік бар еді. Сол дархан молдығың мен кеңдігіңнен де бейбіт заманда бейуақ опат болдың. Ақ түтек боранда бала кезден бауыр басқан рөлің ғана басыңды сүйеді.

Өзіңді енді қайтып көрмес, құшақтаспас мәңгілік ғайыпқа қимайтын өз көңіліме жұбаныш болсын деп жазылған өзің мен әріптес достарыңның сонау ақ желең шақтары туралы осынау шағын хикаяны алулы аға, дос, Қобылан, шофер Қобылан Зоранов, саған бағыштадым.

Автор.

Это как выпущенный бег, знающий свой путь...

Ригведа. Гимн Варуне.

Мы живем впервые...

Юрий Олеша.

1

Орталық түгілі көрші қойшы ауылдардың өзіне артық аяқ бастырмайтын Көксұр Елеместі сол күні қандай түлен түрткеніне Жақан көпке дейін түсіне алмай қойды.

Ертеңгісін жылқыны шолып қайтайын деп ат ерттеп жатыр еді. Түйе жүн шекпенін желең жамылып үйден

Елемес шыға келгені. Жаяу жүрсе әдеті — алты ай төсек тартып, аурудан жаңа тұрған кісідей өз аяғын өзі көтере алмай ілбіді де қалады. Езуінде сол үйреншікті күлкісі. Алғашында әрдайым ұяла жымпып жүретін осы бір бұязы мінез аққұба кісіні жұрттың неге Көксұр Елемес атап кеткеніне қатты таңғалатын. Кейін білді — ол әкесі өліп отырсын мейлі қабағын бір шытпай, жымпып тұра береді екен. Таң атпай жатып ізін қуа ілесе шығуы тіпті де тегін емес.,

Қасына кеп, бұралып кеткен таралғысын түзетті. Шара көз шабдар айғырдың делдиген танауынан сескенгендей, аяғының ұшынан басып, арғы қапталына өтті.

— Дүкенге соғып қайтқым келіп жүр деп пе ең осы?

— Иә, шалбарым тозып...

— Ендеше, бүгін Шайхатқа Теңбілкөкті апарып бер.

Жақанның көзі адырайып кетті. Мұндай сылтау табылғанда тап беріп тайып тұрып, бір апта бойы қарасын көрсетпей қоятын бас жылқышының бұнысы қалай... Қалжыңдап тұрғаннан сау ма?! Жоқ, жымиған күйі жауап тосып, аузына қарайды.

Жақан жауабым міне дегендей — жалма-жан үзеңгіге жармасты.

— Жә, қапаланба. Әуелі шайынды ішіп ал.

Елемес ыңғындағы шекпенінің өңірін бір тартып, үйге беттеді. Соңынан Жақан да ерді.

Торғынның қалампыр араластырып демдейтін иісі бұрқыраған күрең бұйра шайына күнде қана қоймаушы еді, бұ жолы құтылғанша асығып отыр. Елемес әлгі сөзінен айнып қалмай тұрғанда бұл маңайдан қарасын өшірмек.

Дастарқан жиналғанын күтпей атына мінді. Үйірге қосылмайтын мініскер аттар ауылдың иек тұсында ажырықты ойда жататын. Теңбілкөк бір шетте жаңғыз жайылып жүр екен. Қашқақтаған жоқ. Арқасына терлік салғанда да көзін ашып-жұмып тырп етпей тұра берді.

Жарықтық жылқы деп, міне, Теңбілкөкті айт. Ертоқымын алғанда жабы құрсақ сықсыз көрінгенмен, басына жүген тиюі мұң — құлпырып кетеді, үзеңгіге аяғың іліккенше тызақтап зорға тұрады. Тұлпар аруағы ұстағандай, құлағын қайшылап, жалы күдірейіп шыға келеді.

Әп, бәрекелді... Ерге қонып үлгергенше, есік пен төрдей жерге бір-ақ ытқығаны.

Шайхат басқарма да осынысына бола жақсы көрмейді дейсің бе...

— Ауданға бюроға барғанда кеңседен жүрттың ең соңынан шықсам да, кермеден бәрінен бұрын аттанамын. Біздің Теңбілкөк жалды жайып тастап, мойынды созып жіберіп, тайпалтып тартып бергенде, басқа аттар шортанның қасындағы шабақтай боп қалады, тәйірі! — деп мақтанып отырғанын бір-екі жерде естігені бар...

Шіркін, басқармалар... Жанның бабын білмесейші! Теңбілкөкке мінген кісі қайықпен жүзіп келе жатқандай екен ғой. Жан-жағы шалқар көлге айналып шалқып қоя бергенін қарасайшы. Көзіңнің алдында шыр көбелек айналып, құлдырап бара жатқан нәрселердің не екенін, қапелімде, аңғара алар да емессің. Дүниенің бәрі теңселіп, тербеліп, бүлеп жөнелгені.

Бәсе... Шайхат басқарманың ылғи лақылдай күліп, аңқылдай сөйлейтіні бар еді-ау. Мынандай ат мінген адам көңілді болмағанда кім көңілді болады. Қараптан қарап-ақ кеудеңе бір желік бітеді екен. Салақ үйдің дастарқанындай сатпақтанып жататын жұтаң дала.

Теңбілкөктің тақымы қыза қыз төккен кестедей құлпырып сала беріпті.

Осы жұрт та қызық қой. Шайхатты паң дейді, тәкаппар дейді. Түскен үйдің көрпе-төсегі мен дастарқанына қарап, қаралай тыжырынатын кірпияз дейді. Әлгі күнге қырмызыдай құбылып, ажары тая қоймаған жайнақ көз Торғынды айттыра барып отырып, жел жағымнан алаша қағып, үстіме шаң тигізді деп безіп кетіпті дейді. Теңбілкөктей атқа мінген кісіге бопса жүрер ме! Адам түгілі далиып жатқан даланың өзіне көзің жөндеп түспей, шікірейіп келе жатқаның мынау...

Басқарма мақтаулы атына өзінен басқа ешкімді жолатпайтын. Тек Көксұр Елемес қана анда-санда көлденең көзге көрсетпей қайын-жұртына Теңбілкөкпен барып қайтатын. Сол екеуінен басқа екі аяқтыда бұл жануарға тақымы тиіп отырған Жақанның өзі. Шайхат, сірә, Шайхат. Анау-мынау кісіге басқармалық қайда! Көксұр Елемес те тап жерде қала қояр неме емес. Талай көздің сұғын сарықкан Торғын сұлу ақыр айналып соған бұйырды. Осы ауылда қызылды-жасылды күйлі үй де сонікі. Не де болса, Теңбілкөкке тегін кісі тақым салмайды. Соған қарағанда, Шайхат пен Елеместі осынша қарқ қылған колы ашық құдай Жақанды да тап құр алақан тастар дейсің бе?

Шіркін, Теңбілкөк! Басыбайлы бұйырса ғой. Онда анау Шайхатқа ұқсап бұ да атына көлеңдетіп ақ жабу жабар еді. Почта бастық Нүркенге ұқсап, басына қақырайған ақ картуз, үстіне шақырайған ақ кителъ, ақ шалбар киер еді. Сүт бетінде қаймақ боп шекелей қарап жүрер еді. Тек қызы сұлу үйлерге ғана түсер еді. Қақ төрде күрпілдек құс мамықтың үстінде шалқасынан түсіп, уық санап жатар еді. Аузында ақ құйрық папирос, қолында көлдей газет, амандық саулық сұраған адамға еріннің ұшымен ғана жауап берер еді.

— ...Понимаешь...

— ...тойыс...

— ...слушай...

Алда-жалда сөзіне түсінбеген мырұла біреу кез боп жатса:

— Ту, шорту! — деп шоршып кетер еді.

Сүйткен сайын жұрт айран-асыр қалар еді.

— Пәлі, мынау құ жетімек ортан қолдай азамат боп ты ғой. Тфә, тфә, тіл аузымыз тасқа! — дер еді біреулері.

— Пәтшу, мына жаманның жанына торсық байлатпай тулауын-ай! — дер еді екіншілері.

Алдыңғылары әкеден соғыста айырылып, шешеден жастай қалып, аты келді жамағайынның қолындағы жетімге жаны ашитындар. Кейінгілері кешегі жалпақ бет, жалаң бұт неменің ат мініп, ел қатарына қосылғанын көре алмайтындар. Көре алмаса, көздеріне теріскен шықсын. Оларға бола айылын жияр Жақан жоқ.

Сонда Жақан бұл ауылда кімнің үйіне жиі түсер еді. Әрине, Көксұр Елеместікіне. Өйткені, бұл ауылға Жамалдан асқан қыз бітіп пе! Мандайы қандай жап-жазық. Қашан көрсең де қабақ шытпайды. Момақан мойыл көзі ылғи бір жып-жылы нұр шашып жәудіреп қарап тұрғаны. Қыр мұрны, дөңгелек жүзі, бұлтиған етті ерні бәр-бәрі Торғыннан аумаған. Білектей-білектей қос бұрымы өкшесіне тиеді. Екі беті балбұл жанып шай құйып отырғанын көргенде, ішіңе қып-қызыл шоқтың қалай түсіп кеткенін өзің де білмей қаласың.

Кейінгі кезде осы ауылдың шаш қойған азаматтарының аттары ылғи аягына жем түскіш боптъ. Көлік ауыстырайық деп едік деп сықсып жетіп кеп тұрғандары. Өкіл боп соғып қона жатып кететін көк иектер де шәй көйлек, шонқайма етік, зерлі көкірекше киіп, бұралып кіріп, бұралып шығып жүрген сұлу бойжеткенге әукелері салбыраған жуан мойындарын зорға бұрып кара-

ғыштай береді. Жақан оларға ішінен күліп отырады. Сабаздардың суға қанбайтын жаман жабының бүйірінде шеңбірек атып кеткен қарындарына не бола алмай жүріп, дәмелерін көрмейсің бе! Ал, әлгі Нұркен келгенде де неге екені белгісіз, шоққа түскен көн шоқайдай қырысады да қалады. Жақанды көргенде, ол да сөйтеді. Соның-ақ аты жауырғыш. Соның-ақ аты зорыққыш. Қызы бар ауылға тілі салақтап, күнде шауып барып тұратын есірікке ат шыдай ма! Кісімсініп, Шайхат шығатын, өкілдер шығатын шаршы төрге шалқасынан түсіп шалжиып жатады да қояды. Аузында ақ құйрық папирос, қолында көлдей газет. Кісіге көзі түспейді. Тек есіктен Жамал кіргенде ғана қайнатасы кіріп келе жатқандай басын жұлып ап, күлімдеп қоя береді. Әншейінде ешкімге езу тартпайтын Жамал да оған тісін ақситып жымия қарайды. Сосын Нұркен кімді көзіне ілсін! Жақанмен сөйлескенде ыңыранып, кергіп бітеді. Екі сөзінің бірі: «понимаешь», екі сөзінің бірі «знаешь». Дүниедегі бар кереметті бір өзі біліп, бір өзі түсініп қойғанғай.

— Шорту, сенің осы жасың нешеде? — дегені бірде жұлып алғандай ғып.

Жақан жауап берді. Бірақ, онда мұны неге сұрағанына мән берген жоқ еді. Оған кейін әлгі «өтелші» Өтемағанбеттің баласымен сөйлескенде барып түсінді.

Көксұр Елеместің үйі кірсе шыққысыз. Керегенің бәрінде масаты кілем. Көрпе-жастықтардың тысы түгел атлас. Кербез Торғын желі басына шәйі көйлек киіп барып бие сауады. Оның бәрі әлгі «өтелші» Өтемағанбеттің арқасы. Соған қарап, Жақан әуелі асыл мата, қымбат жиһаздарды орысша «өтел» дейді екен деп ойлаушы еді. Сүйтсе, тәйір алғыр, қайдағы бір құрым киіз, сүйек-саяқ, қыл-қыбырдың аты боп шықты?

Өтемағанбет арбасын салдыратып келеді де, жұртқа айна, тарақ, тебен ине үлестіріп, күл басында шашылып жатқан қоқыр-соқырды тау-тау қып тиеп әкетеді. Ауданға баратын қара жолдан әлдеқайда бұру отыратын жалғыз үй жылқышы ауылдан өтел жиһаз қанша қарқ болатынын кім білсін әйтеуір келген сайын ерінбей-жалықпай бір соғып кетеді.

Ол күні Көксұр Елемес екеуі көлдей дастарқанды таң атқанша жиһатпай қызара бөртіп отырғандары. Майы шылқыған қызыл қуырдақты қасық-қасық асап, қарқ-қарқ күлетін Өтемағанбет те, езуін сәл жиырып, үн-түнсіз бас изей беретін Елемес. Ортадағы көк ала шынының сауабын Өтемағанбет бір өзі алады. Елемес

тентек су, темскі, карта жағына сұпы. Әсіресе, бөтелкені көрсе, бөркі теріс айналып кетеді. Ана бір жылдары асқазаным ауырады дейтін еді, осы күні қит етсе жүрегін ұстайды.

Жалғыз келіп, жалғыз ішіп, жалғыз сөйлеп «жел таратып» кететін Өтемағанбет кейінгі бір жолы жігіт боп қалған баласын ертіп келді. «Жұрттың ішіне кіпшең кіріп-шыға береміз»,— деп мақтанатын су жұқпас Өтемағанбеттің баласы Оразмағанбет әңгүдіктеу көрінді. Жүріс-тұрысы түгілі сөйлеген сөзінің өзі келі түйгендей дұңк-дұңк етеді.

Әкесінен төмен жайғасқан дүрдік ерін қара жігіт дастарқан жайылар-жайылмаста келсаптай-келсаптай екі борбайды шай құйып отырған бойжеткеннің ту сыртынан босағаға қарай созып тастап, қолтығындағы құс жастықты өше бардай умаждап, кисая кеткені. Әрі аунақшыды, бері аунақшыды, дастарқан жиылар-жиылмаста елден бұрын атып тұрды. Есікке қарай кетіп бара жатқан бұны ығынан түртті.

Екеуі ауылдың желкесіндегі жүлгеге беттеп келеді.

— Мына жылқышы туғаның ба?

— Жоқ.

— Сонда кімің?

— Әкемнің өкіл баласы.

— Өкіл баласы?

Кеңсірігі жарылып кетердей өрескелдеу осқырынып қойды.

— Өз әке-шешең бар ма?

— Жоқ.

Бұл жолы әлгіндей осқырынбады.

— Қалай, қызын айттырушылар көп пе?

Жақан аңтарылып оның бетіне қарады. Ол қиығы қып-қызыл бітік көзін жыртып ашып, бұның бетіне сығырайды.

— Қырындайтындар ше?

Жақан үндемеді.

— Түсінбей тұрғаннан саусың ба?— деді Оразмағанбет.

— Түнде үйіне түйе боп сүйкеніп, шешесі сыртқа атып шыққанда, жып беріп қыз қойнына кіріп кететін жылмаңтөстерді айтам.

Жақан сол ығын бір бұлк еткізіп теріс айналды.

Оразмағанбет тісін ақситты.

— Ал, өз жасың қаншада.

— Он сегізден он тоғызға қарап тұрмын.

— Смәтри!

Қонақ жігіттің жүндес қабағы тікірейіп кетті.

Жақан екі иығын бірдей қиқандатып аң-таң. Оразмағанбеттің оған риза болғаны, жоқ өзіне риза болғаны белгісіз, кеңк-кеңк күліп, анадай жердегі жалғыз түп шиге барып, теріс қарап талтайып тұрды. Бір уақытта осы ауылдағы жарапазаншы Жанақ шалдың қара есегіне ұқсап, белін қайқайтып, шіреніп, сілкініп-сілкініп алды.

Қайтып келе жатып, бұның бетіне қайта-қайта қарап қойып, ыржалаңдай берді. Жақан әлгі әңгімеге сонда барып түсінді. Біразға дейін Жамалды көрсе, беті ду қызарып кететінді шығарды.

Сүйтсе, сипаншақ Нұркен де, әумесер Оразмағанбет те Жамалды бұдан қызғанады екен.

Әуелгі кезде Жақан бұл әңгімеге жылармандай боп қиналды. Артынан қараптан-қарап күлетін болды. Бұрынғыдай емес, жылқы қарап қайтып келе жатқанда үй алдында көйлегі көлбеңдеп шай құйып жүрген Жамалды көргенде неге екені белгісіз маңайы бір түрлі бұлдырап жүре береді...

Жақанның көз алдына үсті-басына шытырадай ақ киіп, Теңбілкөкке мініп көлденеңдеп жүрген өзі келді. Онда, шіркін... Торғын шашбауы сылдырап, сықырлауық есікті өзі ашып қарсы алар еді-ау. Көксұр Елемес аузына қарап, қай жағынан шығып қаламыз деп, қас-қабағын бағып отырар еді. Тіпті екі құлағы едірейіп, кірген-шыққанға суық көзімен ата қарап жататын жалбыр құлақ сұрмойнақ төбет екеш аяғына оратылып, құйрығын бұлғаңдатып жәреукеленіп бақпас па еді!

Бәрін айт та, бірін айт, шәй құйып отырған Жамалдың Нұркенге қарағандағысындай, шыны аяқты беріп жатып көзінің астымен байқалар-байқалмас қып бір жымиғанын айтсаңшы. Әй, бірақ, өйтіп өліп-өшіп, сары майдай сылқып отырған сұлу қыз ерні тілік-тілік, беті жалақ-жалақ жарғақ құлақ Жақанды қайтушы еді. Нұркен интернаттың қатырлақ қара нанының арқасында аудан орталығындағы орта мектепті тауысты. Жоғары қалаларға барып оқуға, қысы-жазы аурудан шықпайтын жалғыз шешесін тастай алмай, ауыл аралық почта бөлімшесіне бастық боп қалды.

Елемес айтады — бұл ауылдағы ең білімді адам сол Нұркен. Хатшысының жазып берген қағазына айдақсайдақ ай шаңбақ салып, былш еткізіп мөр басып беретін ауыл совет бастығы Батырбек түгілі әскерде командир

болдым дейтін Шайхаттың өзі саяси сауаты жағынан Нүркеннің қасында жіп есе алмайтын көрінеді. Елемес бұрын: «Біздің ауылда Вышинский жолдастың Біріккен Ұлттар Ұйымында сөйлеген сөзін дұрыстап түсіндіріп бере алатын осы почта бастық бала дейді. Анада ауданнан келген уәкілдің өз аузынан естідім. Пақыр тек жансыз-жақсыз жетім. Әйтпесе...»— деп басын шайқап қоятын. Қызы естісін дей ме, таңдайын қайта-қайта тақылдататын. Былтырғы жиналыстан бері онысын сиретті. Жиналыстан келген күні ғана: «Нүркен сөйледі. Қатырып сөйледі. Бірақ тым қызылға ұрынды. Бастықтар жиналыс үстінде ештеңе демегенмен, артынан есебін табады ғой. Ай, есіл сауат-ай... Өстіп, жоқ жерде қызбаланып, өз бағын өзі байлайды-ау»,— деп көп қынжылған. Біраздан бері Елемес Нүркенді аузына алған емес.

Ол ала қағаздың соңына әкесінің кегі кеткендей түскен Нүркеннің өзін әлгіндей қылғанда, он алтыға жеткенше өңкиіп партада отырып, алтыншы класты тауыса алмай қойған қауақ бас Жақанды қай ауруына дәрі қылсын...

Мектептегі кезі есіне түскенде әлі күнге күлкісі келеді. Ең арттағы партада бұл отырады Серейген аяқ-қолы шамалы жерге сыймайды. Қозғалса болды, желімі көшіп, таспасы кетіп тұрған шиқылдақ парта сыңсып қоя береді. Содан сескеніп, тырп ете алмай, тым-тырс отырғаны. Мұғалімнің айтқан әңгімесінің көбі көңіліне қона бермейді. Өңшең бір кішкентай балаларды алдарқататын өтірік әңгіме сияқтанады да тұрады. Бір күні облыс орталығында оқытушылық оқу тауысқан бұдан бір жас үлкен, бұйра шаш тұштақай қараның тақпақтап айтып бергені құлағына жаққандай болды. Ертеңіне сабақ сұрағанда, бүкіл кластың аузын аңқитып Жақан қол көтерсін. Мұғалім бас изеді.

— «Емен мен шілік» — деді ол орнынан атып тұрып, бұйра шаш мұғалімнің өзіне ұқсап, тамағын бір кенеп қойып.— Ерте, ерте, ертеде, ешкі құйрығы келтеде төбесі көкке жеткен бір байтерек пен жел тұрмай қалтырап-дірілдеген бір жаман сілті бас шілік боптьі. Содан бір күні Байтерек жарықтық аузы қышып: «Осы сенің не тұрысың? Қасыңнан қотыр лақ өтсе де бүгежектей қаласың. Ешкі түгілі түйе сүйкенсе де мыңқ етпейтін өзіміздей болмайсың ба »— депті Шілікке. Шілік те бір шеке тамыры бадырайған дәукес пәле екен. «Ондай мықтылығыңды жел тұрғанда көрерміз»,—депті. Содан Каспий теңізінің ар жағынан, Кап тауының бер жағынан құдай



көрсетпесін, бір қара дауыл көтеріліпті дейсің. Қай уақытта да мықты алдымен мықтыға жармасады ғой. Келіпті де, көк тіреп тұрған Байтеректі алып ұрыпты. Ал, онсыз да аяғына жығылып иіліп-бүгіліп тұратын шілік сол баяғы бүгежегіне басып аман қалыпты. Артынан әлгі зәнталақ сұлап жатқан Бәйтеректің басын тепкілеп: «Кімнің мықты екенін көрдің бе?»,— депті. Құдыққа құлан құласа, құрбақа ойнар басына деген осы ғой.

Балалар ду-ду. Бұйра шаш мұғалім бұның бетіне тесіле қалған...

— Бұл мысалды кім шығарған?

— Кім дейсің, қариялардың бірі шығар.

Енді мұғалімнің өзі де күліп жіберді. Балалар қыран-топан. Тек Қосжан ғана сазарып алған. Мектептегі ең озат оқушы. Сонысын бұлдай ма, барлық балаларға бастық. Сабақ үстінде күлмейді, үзіліс кезінде ойнамайды. Директор ағайға ұқсап түйіледі де жүреді.

Мұғалім оған:

— Қәне, Қосжан, сен айтшы,— деді.

— Бұл мысалды жазған ұлы орыс ақыны Иван Андреевич Крылов,— деді Қосжан орнынан атып тұрып.

Кейін кітаптан суретін көріп еді — сақал-мұрт қоймағаны болмаса, Крыловтың да тап онша уылжып тұрғаны шамалы екен.

Күмірә болғыр балалардың аузын ашса, шек-сілелері қата қалатындарына ыза боп, үзіліске шығып келе жатқанда, кезекші:

— Сені директор шақырып жатыр,— дегені.

Келсе — директордың алдында сабақ білмейтін баладай имекшектеген біреу отыр. Аузынан сөзі түсіп, ыңырсып сөйлейді. Қапелімде бұл оның не айтып отырғанын да жөндеп түсінген жоқ. Әйтеуір өзін іздеп келіп отырған адам екенін аңғарды. Бұның әкеден бір, шешеден екі айрылып, жетім қалғанын білетінін жобалады. Бұл нашар оқитын балалардың білмейтінін, түсінбейтінін жасырып, сыр бермеуге тырысып бағатын әдетіне басып, директордың бар сұрағына да ауыз ашпай бас изеп бақты. Қоңырау әлдеқашан болып кетті, бұлар әлі отыр. Бір уақытта директор: «Ендеше амал қайсы?»— дегендей қолын жайды. Бейтаныс адам орнынан тұрды. Бұны соңына ілестіріп сыртқа шықты. Мектептің отын қоймасының көлеңкесіне байлаған атына келді.

Атына мінгестіріп, ауыл орталығынан бір көш жерге ұзай бере:

— Бала, оқып бәрібір прәпессір болмайтыныңа көзің жеткен шығар? — деді.

Даусы манағы директордың алдындағыдай емес,шырақ естіледі. Бұл басын изеді. Көзі жетпегенде ше...

— Бұл ауылда менен жақын ешкімің жоқ. Әкең марқұм теңіз асып келген кірме еді. Менің әкеммен көжетамырлығы бар-тын. Баягыда Текенің базарында танысыпты. Сүйек шатыс болайық деп мені өзіне өкіл бала еткен. Анаң байғұс біз қырда жүргенде қайтыс боптың. Жер аяғы қашық. Тұсында келе алмадық. Биыл басқарма

қырға көшірмей, ойға қалдырды. Енді сені қайтып жалғыз тентіретіп қояйын. Түсінетін шығарсың?

Бұл басын изеді. Түсінбегенде ше...

— Қолыма алып, қолқанат етем. Азамат қып шығарам. Аман болса, келін алып беріп, бөлек үй етем.

Бұл арада бас изеуге ұялды. Бірақ, ол әңгімені де іші теріс көрмейтін сияқты.

Содан бері жылқы соңында. Жылы үй, дәмді дастарқанның басында. Одан артықты аңсап жүрген Жақан, сірә, жоқ. Тек кейде Нүркендердің кісімсініп кекірсйе қарайтынына жыны келеді. Нүркен — Нүркен ғой. Елемес айтпақшы, «оқыған итке дауа бар ма!» Әлгі андасанда астанадағы тұғырларын ауыстырып әкететін жалба тымақ қойшылардың:

— Әй бала, Елемеспен келіскем, маған ат ұстап бер! — деп діңкілдейтіндерін айтсаңшы. Біреуді біреуге дікендетіп қойған дүние-ай. Азынаған ата айғырлардың сәуріктерге, сәуріктердің арқасы жауыр қыршаңқыларға, арқасы жауыр қыршаңқылардың құнан-дөнендерге, құнан-дөнендердің оңтайына келген тай-құлындарға шелтеңдеп азу ала жүгіретіндерін бұрын төрт аяқты жылқыдан көріп, зығырданы қайнаушы еді, енді соны адамдардан да аңғара бастады. Түзде біреудің өзіне әкіреңдегенін көріп келген әке үйіне келіп әйеліне әкіреңдейді, әйелі балаларына әкіреңдейді, ал кішкентай балалардың өзі ойыншығы мен қозы-лаққа қолын шошаңдатып, зекіріп жатқаны. Әйтеуір, өңшең бірімен-бірі пық салыстырып, бой таластырып баққан бір дүние.

Сол дүниеде әзірге ешкімге әкіреңдемейтін тек осы Жақанның өзі ғана сияқты. Оның да кейде «қайтқа» көнбейтін желқуық мақұлықтарды шара көз шабдар айғырмен қуып жетіп, басқа-көзге қарамай төпеп-төпеп алатыны бар.

Ондайын бірде Елемес көріп қалды. Жымиып тұр екен, қасына келді.

— Бала, қаһарыңды сонша төгіп қайтесің. Төрт аяқтыда есесі кеткен екі аяқты жоқ. Екі аяқтыларға есеңді жібермесең болар. Жә, оны қойшы,— деп, көрші колхоздың жылқы жоғалтқан хабарын айтып кетті.

Жақан бас жылқышының миға кіретіндей бірденеңі бастап келе жатып, әңгіме аяғын суға тастап, аяқтамай бұрып әкететін әдетін кейінгі кезде байқап жүр.

Бірақ, кейбір сөзін әлсін-әлі қайталап қояды. Сондай көп қайталанатын сөзінің бірі: «Есіл сауат-ай!» Дүкен ұстап тұрған біреу-міреу борыштанып қалса да, қолында

билігі бар біреу-міреу қызметінен түсіп қалса да, қолынан көп ештеңе келе қоймайтыны құдайға да, адамға да аян, бірақ хат танитын кейбір можантопайға билік тисе де, Елеместің аузынан шығар «жәрәкімалласы» әлгі.

Оны айтқанда жылмиған жүзінің жылтыры сүртіліп, ылғи күлімдеп тұрған көзінің ұшқыны қашып, ортадан жоғары бойы бар көкіректі кісі, қапелімде, бір тұтам боп бүрісіп кеткендей көрінетін бұған. Содай сәл-пәл отырды да, кенет жадырап:

— Жә, оны қойшы,— деп суып қалған шай аяғын Торғынға ұстата берер-ді.

Бірақ, аққұба жүзіндегі үйреншікті уыт көпке дейін қайта тіріле қоймайтын.

Соған қарағанда Елеместің «есіл сауат-ай» деп тіс қайрауы тегін емес тәрізді. Есіл сауатты қайтетінін Елемес өзі білсін. Ал, бұның ұққаны: ол жоқ жерде, әлгі бір ақ шытыра киіп, Теңбілкөкке мініп, көлбеңдеп жүрсем-ау дейтін дәмесі әншейін мәнгінің қиялы екен.

Сол ойына түсуі-ақ мұң, манадан бері сұлу қыздың көйлегіндей қызылды-жасыл шұбартып жатқан төңірек безер әйелдің бетіндей бедірейіп сала береді. Әлгінде ғана сағым шалып бәйтеректей сорайып-сорайып тұрған көп қарайған жер тістеген итсигектер болып шықты.

Жан-жағына көз тоқтатып енді қарады. Теңбілкөкпен көп ұзамай қоштасады екен.

Зорыққан керуендей бір-бірімен құйрық тістесіп сұлай жығылған қара шоқылардың етегінде тарыдай шашырап колхоз орталығы көрінеді. Теңбілкөкпен сол арада қош айтысады. Сосын басқарманың тақымынан түскен атқа мініп, айдаладағы жалғыз үй жылқышы ауылға қайтады.

— Е, бала, келіп қалдың ба? — дейді Көксұр Елемес бір жымиып қойып.

Сосын сол баяғы...

Әлгі бір ақ шытыра киініп, ақ құйрық папирос тартқан сылқым Жақан лезде ғайып боп, көз алдына кең танау, шара көз шабдар айғырдың үстінде жапатайы жапырайып далбаң-далбаң шауып бара жатқан жалақ ауыз Жақан елестеді.

II

— Е, бала, келіп қалдың ба?

Әлекей-күлекей алты қанат үйдің қақ төрінде Шайхат шай сораптап отыр. Ту сыртында үйелмелі-сүйелмелі төрт ұл, екі қыз қызыл күрең патефонға үймелей қапты.

Шыркөбелек айналып жатқан күйтабақ қылқ-қылқ әндетеді. «Жастарым, жайна-ау, бұлбұлдай сайра-ау, адымда алға-ау...» Күй табақтың арғы беті: «Паровоз, аркыра, жарқыра, зуылда, қарышта...»

Жақанның талай тыңдаған әні. Бұл ауылда бірінші боп патефон сатып алған осы үй. Шайхат ауданнан ала қоржынға салып әкелген олжасын алдымен ауыл балаларына көрсеткен. Жиып ап ән тыңдаттырған. Онда Жақан оқуда-тын. Балалардың артына мойны сорайып ол да тұрған. Ересектер де ерінбей-жалықпай үйді қоршап алған.

Шайхат жылтырақ темір құлақты шіренте бұрайды да, баланың жұдырығындай темірдің астындағы шеңі шыр көбелек айналып жатқан жылтыр қара дөңгелектің шетіне апарып тигізе қояды. Боқтампаз қауыншы Қалидың даусындай бір жарқыншақ дауыс әндетіп қоя береді. Балалар мынау әнші шал қайда тығылып отыр екен деп, жата қалып сығалайды, ештеңе көрінбейді.

Шайхат мұртының оң жақ ұшын ширатып құс жастыққа қисайып жатыр. Жақан әр жерде көріп жүр. Басқарма бірдеңеге қатты риза боп, рахаттанғанда мұртының оң жақ қиярын ширатады. Ал, бір нәрсеге ренжіп, қатты қапаланғанда сол жақ қиярын ширататын-ды. Қазір де көзін манаурай жұмып әнге елітіп қалыпты.

Айналдырған екі күй табақ, біреуі еркек дауыс та, екіншісі әйел дауыс. Басқарманың үлкен баласы бұларға солай деп түсіндірген. Әйел дауысты күй табақтың бір беті —«Ақ тамақ», екінші беті —«Айгөлек».

Әйел дауысты күй табақты ойнатқанда үй сыртында тұрған еркектер бір гу ете қалған-ды.

— Па, шіркін!

— Мына біреу сенің қатының құсаған жұлқынған неме екен!

— Пәтшу, ол найсапқа барқылдап бала қарғаған болмаса, әншілік қайда?

Айналдырған екі күй табақты қырық қайтара ойнатса да, құмарларынан шықпайды. Ол екеуінің төрт әнін бүкіл ауыл жатқа біледі. Ақсақалдар жағы: «Осы найсап дәретке шыға ма екен, сірә?»,— деп қалжыңдайтын етікші Есбайдың өзі басқарманың үйі жақтан желге ілесіп жетіп жатқан әнге елігіп, езуіне бір-екі шегені қыстырып ап: «Айгөлек-ау, айгөлек, айдың жүзі дөңгелек»,— деп балғасын тық-тық ұрып қоятын. Оны естігенде қазан-аяқ жақта шүйке созып отырған еңгезердей сары кемпір бойы қобдынан зорға асып, балға тықылда-

тып отырған жұдырықтай қара шалға ажырая бір қарайтын.

— Кел, кел! Шайға отыр,— деді Шайхат қымсынып босағада тұрып қалған Жақанға.

Жақан дастарқан шетіне тізе бүге беріп, төр жаққа көз тастап еді. Қақ төрде ілулі тұрған Шайхат мына дастарқан басындағы Шайхаттан гөрі қасындағы журналдың сыртынан қыйып ап, шыныға салып, іліп қойған суретке көбірек ұқсайды екен. Екеуінде де қыр мұрын, екеуінде де қою қара мұрт. Екеуінде де қиылған қою қас. Екеуінде де қылғынта түймеленген китель. Екеуі де дәл жүректің деңгейінде оң қолдарын өңіріне қыстырып апты.

Ал мына дастарқан басындағы Шайхат суреттегі Шайхаттай жып-жинақы сызылып тұрған жоқ, екі жағасы екі жақта, ақ тер, көк тер, быршып отыр. Сәнді қою қара мұрты да ұйпалақтанып қалыпты. Оқтын-оқтын сүртініп, оқтын-оқтын кекіріп қояды. Патефон тыңдап отырған төрт қара бала мен екі қара шұнақ қыз ауық-ауық әкесінің тізесіне асылып, дастарқан үстінен кәмпит жымқырып кетеді. Қайқы ерін қараша келіншек қабағын шытынады.

— Клим, саған не болған?

— Лазарь, ұят кайда?

— Серго, тісіңді ауыртасың!

— Максим, саған қашанғы айтам!

Ал, селтеңдеген екі қара шұнақ қыз — Күләш пен Розаға әкесі маңдайларынан сипап, кәмпитті өзі ұстатты.

Шайдан соң Шайхат сыртқа шығып Теңбілкөкті көрді. О жақ, бұ жағына шығып қарап:

— Бүгін, осында бол. Кешке кино болады. Ертең таңертең сөйлесерміз,— деді.

Жақан аң-таң. Түсінбеген нәрсесін сол бойда қайталап сұрап алу дегенді білмейтін жазған басы кеңсесіне карай алшаңдай басып бара жатқан басқарманың артынан аңырайып қарап тұр. Қарамағанда қайтсін. Жақан үшін анау Шайхаттың тұла бойы толы жұмбақ.

— Қызық кісі! — дейді ол.

— Қызық кісі! — дейді жұрт.

Жұрт айтқанда баланың қылығына мүсіркегендей жымсиып отырып айтады.

Ал, бұл айтқанда, шынымен аузы ашылып қалады.

Әйтеуір, жұрт бір тарап та, бұл бір тарап.

Жұрт болғанда да бұның білетін жұрты Көксұр Елемес пен әйелі.

Түйеші ауылға бала құттықтап барған Торғын айтып келді — Шайхат қара аңғардың аяғын бөгеп тоған салдырмақ көрінеді.

Елемес мырс етті.

— Қызық екен!

Ар жағын айтқан жоқ. Май көрген мысық құсап ұзақ жымиып отырды. Колхоз орталығына комсомол жиналысына барған Жамал айтып келді — Шайхат ит байласа тұрғысыз Бөрілі ойға тары еккізбек көрінеді.

Оны естігенде Көксұр Елемес шайына шашалып қала жаздады. Бірде Елемес колхоз орталығына барып, өзі күліп келді. Әлгі Шайхат аудан орталығында жұмыс таба алмай жүрген бір корей шалын көшіріп әкеліпті. Оған көшеге тал еккізіп, күзеттіріп қойыпты. Әсіресе, аузым жеткен жердегі қылтанақтың бәрі менікі деп масайран қалған қозы-лақтың жағдайы тым қиындап кетсе керек. Егулі талдарға жолады-ақ, әлгі шал ит қуалағандай ғып, қуып жүріп сабайтын көрінеді. Ондайда шабалаңдап сыртқа жүгіріп шығатын малжанды қатындардың да аузына құм құйылыпты. Өйткені қол-аяғы сықырлаған тарамыс шал олардың ондай-ондай бопсасына құлақ аса қоятындай қай бір қайнағалары, не жезделері бопты!

Әйтеуір Елемес айтқанда, Шайхаттың қай ісі де баланың ойыны, бақсының жыны боп шыға келеді. Ал, Жақан осы бір келісті кісінің тұла бойынан әлгі Елемес міней беретін көп кемшіліктің біреуін таба алмай дал болады.

«Бала, ойлан, ойлан... өмірде сен түсіне қоймайтын талай нәрсе бар,»— дегендей Шайхат кеңсесінің шарбағынан айнала беріп, бұған бір бұрылып қарады.

Ертеңге дейін не істерін білмей аңтарылып тұрған Жақанға сау болғыр басқарманың әйелі:

— Жылқышы бала, самауырға салатын ағаш жарып бермес пе екенсің? — дегені.

Ол дегенің сөз боп па! Әп-сәтте-ақ көкесіне көрістірді. Сорлатқанда басқарманың әйелі оған айтар басқа тапсырма таба алмады.

Жақан ауыл орталығының ойқы-шойқы жалғыз көшесіне түсіп ап жайбарақат қыдырып келе жатқан-ды. Кенет көзіне ауылдың желкесіндегі шошақ төбенің басында шоңқиып тұрған машина ілікті.

Манадан бергі үлкен кісі боп, талтаңдап келе жатқаны есінен шығып кетті. Салып ұрып қасына жетіп барды.

Есіл дүние-ай... Баяғыда Ғинаят маңына жуып кетсең, шекеңнен «шертпекіл» шертіп, басыңмен қайғы қылатын еді. Солай қарай беттегеніңді көрді-ақ, қалтасын толтырып салып ап жүретін түйенің тастай құмалағымен көздеп тұрып не тап милығыңнан, не тап май құйрығыңнан тыз еткізер еді. Жамбасыңды сипалап безіп бересің. Қарқ-қарқ күліп Ғинаят қалады. Бармаған жері, баспаған тауы жоқ неме қазақшаңды былай ысқырып қойып, орысша, татарша, өзбекше, украинша жеті атаңнан бермен қарай марафаттап бергенде бүкіл ауыл іштерін басып, шек-сілелері қатар еді.

Енді, міне, сүйтіп қызғыштай қорыған машинасы қараусыз қапты. Балалар мектепке бара жатып, мектептен келе жатып, бормен, шегемен, бәкімен атақты кісілердің атынан бастап адамның жеті мүшесіне дейін білетін сөздерін түгел жазып, сауат салыстырып бағыпты. Ағаш қорабы мен кабинаның сырты шимай-шатпақтан көрінбейді.

«Әй,Ғинаят! — деп ойлады ішінен.— Колхоздың қыпқызыл қаражатын тәрік қып кеткен сен де оңбассың-ау...»

Ғинаят өз-өзінен ығып комдап қоразданып жүретін шойқара-тұғын. Бет-аузынан безеу мен қара май кетпейді. Сүйтіп жүріп гармоншы. Сүйтіп жүріп суретші. Кейде анадайдан бақырып-шақырып бездіре қуады да, кейде қолын бұлғап, қасына шақырып ап, қалтасындағы «Беломордың» мыж-мыж қорабына танауыңды таңқытып, құлағыңды қалқитып, қатырып салып бере қояды. Алақандай қағаз көрсе претілген жыланды, шауып бара жатқан атты, түтіні будақтаған пароходты, шаштары дудыраған тырдай жалаңаш, жартылай жалаңаш әйелдерді шимайлай жөнеледі. Кейде бір мөлдіреген әдемі қыздың суретін салады да, өзі соған ғашық боп қалғандай көзін ала алмай телміріп отырғаны.

Кеңсенің желкесіндегі қарағай дәретхананың қабырғасы толы мұрны сорайған, тісі ақсиған, мұрты тікірейген Гитлер, Трумен, Чан Кай-ши, Ли Сын-Ман.

Сонысын көріп біреулер: «Бұл Ғинаяттың қолынан келмейтін нәрсе жоқ»,— деп таңқалады, екіншілер:«Әй, сол нақұрысты қойшы !» — деп қолдарын сілтейді.

Әсіресе, машина дегенде сайтаны бар. Ауданнан келе жатып, ауылға бес-алты шақырым қалғанда-ақ бажылдатып дыбыс береді. Оны есті сала үлкен-кіші жүгіріп

сыртқа шығады. Ғинаят сол құйғытқан күйі осы шошақ төбенің басына бір-ақ тоқтайды. Шайхатты үйінің қасына емес, осы жерге түсіреді. Ертеңіне машинаға от алдырарда алдын бұрап әуре боп жатпайды,ойға қарай жылжыта жөнеледі. Ауданға барып қайтқандар айтады — бұл төңіретке Ғинаяттан асқан шофер жоқ көрінеді. Ғинаят бәрін тырп еткізбей, басып озып жел жақтарынан шаңға көміп кетеді дейді. Аналар жұдырықтарын түйіп қала береді дейді.

Сүйткен Ғинаят кімнен қынушы еді. Шайхаттың өзі абайлап сөйлеседі. Қияндағы ауданда колхозға басқарма табу оңай да, маңдайларына тигізіп жүрген бір-бір машинаға шофер табу қиын.

Кең қарап жүрген экспедициядағы Ғинаятты Шайхат жалынып-жалпайып алып қалып еді, бір жыл істемей тайып тұрды. Қолы сәл босаса, гармонын алып, шошақ төбенің басында тұрған машинасының басқышына отырып ап, біресе орысша, біресе татарша, біресе өзбекше неше түрлі ойнақы саздарды құйқылжытып жөнеледі. Ондайда бетіндегі құж-құж безеудің бәрі жазылып, жылтырап шыға келеді. Бір уақытта қара жерді теуіп-теуіп жіберіп, ылғи тарақ тимей дудырап жүретін майлақы шашты желпіп- желпіп қап, орнынан атып тұрады.

Сондай бір жолы:

— Бұл ауылдың тансысы жоқ, ішім пысты,— деп, қолды бір сілтепті де, кетіп қалыпты.

Мұртының сол жақ ұшын ширатып Шайхат қалыпты.

Шошақ төбенің басында аңғал-саңғал боп машина қалыпты.

Жақанның не ойлап тұрғанын түсініп мұң шаққандай, түтін шығатын темір түтікті жел үрлеп, зарлай жөнелгені.

Жақан иесіз қалған машинаға алақанын тигізе беріп еді, әлдене гүр ете түсті. Селк етіп, қолын кері тартып ала қойды. Күн батып бара жатқанын сонда байқады. Клубтың төпелтек үйінің алдындағы кішкене мотор дауысы жер айыра тарқылдап тұр. Балалар анда-санда бір соғатын киномеханиктің темір жәшіктерін таласа-тармаса тасысып жүр.

Ертеңіне Шайхат Жақанды кеңсеге ертіп әкетті. Көк мауыт жапқан жалпақ столдың ар жағына жайғасып алған соң, ол екеуі бүгін бір үйден өрмегендей, бірін-бірі жаңа көріп отырғандай, тостағандай көзін тіп-тік қадап, бастан-аяқ тінте шолып шықты.

Қара жер қақ айырылса, күмп беруге пейіл боп Жақан отыр. Екеуінде де үн жоқ.

— Хал қалай? — деді Шайхат әлде бір уақытта.

Суық жүзі сөйлегенде күрт жылып қоя берді.

— Сен осы нешіншіні бітірдің?

— Бесінші...

Жақанның екі шекесіне біреу ыстық таба әкеп ұстап тұрғандай.

— Оқасы жоқ,— деді Шайхат.

Сосын орнынан тұрды. Жазда да аяғынан тастамайтын сыптима былғары етігін сықырлатып әрлі-берлі жүрді. Қасына келді. Үндемей тұрды. Иығына қолын салды.

— Оқуға жіберсек, қалай көресің?

Бір сәт алыстап кеткен әлгі екі ыстық таба қайта жақындағандай. Екі құлағы өртеніп барады. Тамағы құрғап қалды. Омырауынан шып етіп шыға келген төрт-бес тамшының бөз көйлектің ішінде төмен қарай жарыса зулай жөнелгені. Екі қолын тізесінің арасына тығып, бүрісе түсті.

Шайхат өз сауалына өзі жауап берді.

— Мектепте оқуға жасың асып кетті. Ал, өзіңдей жігіттермен бірге оқысаң ұялатындай ештеңе жоқ. Жігіт деген атты әскердің қылышындай жаланып тұруға тиісті. Жасық болмау керек.

Жақанның үстіндегі көйлегі бөзден емес, балқыта қызарған ыстық темірден тігілгендей тұла бойын түгел күйдіріп барады.

— Мен сенің орныңда болсам, техниканың құлағында ойнап, Еділ — Донда ма, Тақия — Ташта ма жүрер едім. Оған жасымыз асып кетті. Енді сол өз қолымыздан келмейтін шаруаны жастардың тындырғанын жақсы көреміз.

Оңаша кеңседе екеуден-екеу отырса да, Шайхат шаршы топтың алдында мінбеде тұрғандай оң қолын сермеп-сермеп қойды. Сосын қайтадан орнына барды. Даусы жаңағыдай емес, бәсеңдейін деді.

Столды екі жұдырығымен нығарлай жаншып:

— Міне, маңдайымыздағы жалғыз машина шофер жоқтықтан қарап тұр. Техниканың маманы өзіміздің шықпай көсегеміз көгермейді. Ауданда шоферлар дайындайтын курс ашылыпты. Соған сені жіберсек қайтеді? — деді.

Жақан екі тізесінің арасына тас қысып алған екі қолын қалай босатып алғанын өзі де сезбей қалды. Көзін төмен салып, столдың сырағын шұқылап кетті.

Шайхат Жақанның жарғақ құлағының ду ете қалғанын мынау тосын хабарға қуанғаны деп түсінсе керек:

— Ендеше, жинал. Қазір киномеханиктің машинасымен ауданға жүресің,— деді.

III

Аңылжыған айдала. Терістіктен темірдей қарып ызғырық жел еседі. Жападан-жалғыз. Шалқасынан жатыр. Бүкіл ту сырты тұтаса мұздап, тұрайын десе тұра алмайды. Өзіне не болғанын білмейді. Аттан жығылған деуге сынған, мертіккен ештеңесі жоқ сияқты. Бірақ, тұла бойы ап-ауыр.

Жып-жылы бірдеңе маңдайын қайта-қайта сипалайды. Бұл не болды екен? Жүгенін сылдырлатып қасына кеп, жылқы қайыратын шара көз шабдар айғыры жұмсақ еріндерімен маңдайын үйпалап, ніскеп тұрғаннан сау ма? Жоқ, әлде... Бірақ, олай болуы мүмкін емес. Ол ешқашан бұның маңайына бүйтіп жақындап көрген жоқ. Тек анадайдан анда-санда ғана бір жымпып қоятын. Ал, қазір... Қасына келгендей... Маңдайынан сипағандай. Құлағына бірдеңе деп күбірлегендей. Бұл үндемейді. Тырп етіп қозғалмайды. Тіпті көзін де ашпайды. Көзін ашса, қимылдаса, бірдеңе деп тіл қатса, анасы дүние салғалы басынан кешіріп көрмеген мына бір рахат сәтті біржола үркітіп алатындай.

Бір жақ қапталы мұздап барады. Әлгі бір аялы қол оны қымтады. Шынында да мұның қасында біреу бар ғой. Жаңағының бәрі осы түсі емес, өңі емес пе?...

Әуелі бір көзін ашты. Не көріп тұрғанына өзі сенбеді. Сосын екінші көзін ашты. Шынында да...

Орнынан атып тұра бермек еді. Алдында үңіле қарап тұрған қара сұр кісі кеудесінен басып қозғалтпады.

Сенсін бе, сенбесін бе... Манадан бері мұның маңдайын сипаған жылы алақан... иә... иә... Естемесовтікі екен. Күндегісіндей сұп-сұр. Күндегісіндей жалғыз көзі шатынап тіп-тік шаншыла қарайды. Пышақтың жүзіндей жұп-жұқа еріндері туғалы бір жымпып көрмегендей. Кірпікшешеннің қылтанағындай тікірек шашы тебен шедей қадалып, қаратпайды.

Естемесов ештеңе деген жоқ. Жамылғысын түзетті де, жайлап басып шығып кетті.

Жан-жағына көз тастап еді. Самсаған жынрма керуен. Ішіне сабан тыққан жынрма жастық. Заманында өңі қандай болғаны белгісіз, көп жуылып көнетоз тарт-

қап жиырма одеяло. Жастықтан төмен одеялдың үстінде үшкілдеп бүктеп тастаған бүршік-бүршік жиырма қол орамал. Жиырма бірінші кереуетте өзі жатыр.

Күнде көріп жүрген көрінісі. Бірақ, қасындағылар қайда? Жұрттың бәрі тұрып кеткенде бұның мынау не жатысы? Әншейінде сәл кешіксең, өңменіңнен найза сұққандай шаншыла қарайтын Естемесовтің жаңа мақтайынан спиғаны несі? Естемесов келе жатқанда шоферлыққа оқып жүрген жиырма бір жігіт тікесінен тік тұрмаушы ма еді? Қанша қиық құлақ дейтін Сұлтанның өзі бетегеден биік, жусаннан аласа боп қалатын еді ғой. Естемесов дауыс көтермейді, тілдемейді. Үн-түнсіз кеп оң қолын көтереді. Онысы сапқа тұр дегені. Сымға тартқандай боп сызыла қаласың. Онша шаңқылдамай, шеге қаққандай ғып ығарлай сөйлеп, бұйрық береді. Жүгіртеді, секіртеді, еңбектетеді. Қайтадан жүгіртеді, секіртеді, еңбектетеді. Әйтеуір қашан жіліншігің жеміріліп құлай жаздағаныңша бір тыным тапқызбайды. Сосын түк болмағандай тым-тырс қалпы жел азынаған мұздай залдың ортасында жатқан машина қаңқасының қасына апарып, сабағын бастайды. Өзін қосқанда, жиырма екі қазақ тұрып, орысша сөйлейді. Тек біреудің ерсі қылығын көргенде аузынан еріксіз шығып кеткен удай ащы мысқылы ғана қазақша.

Бұнысы анда-санда бір соғып кететін, оның өзінде де аузын ашса:«Иншәлла», «Олаһи-биллаһи»— деп ауылдың шалдарына шариғат айттырып таласа келетін киномеханик Көлкеден басқа тірі орыс көрмеген Жақанға қиын тиді. Онсыз да «кел, айналайын» деп тұрмайтын Елемесовтың ызғарлы жүзінен орысша сөйлегенде жұлп терістіктен шыққандай үскірік есіп қоя береді. Жалақ ауыз Жақан қапелімде алдында не сөйлеп, не қойғанын өзі де аңғармай қалады.

«Знаешь? — деп қадала қараған Елемесовке: «Не знаешь?»— деп басын шайқап, сумақай Сұлтанға бір ай күлкі болғаны бар.

Сүйек пен қыл-қыбырға, шөп пен малға келгенде қырық түрлі атау тауып, алдына жан салмай сайрап қоя беретін ділмар қазақ тілі темірдің төңірегіне жоласа болды, Жақанға ұқсап кекештеніп қалады екен. Адыра қалғыр қара темірдің қазақша «темірден» басқа аты болсайшы, сірә. Бәрі орысша, латынша, шұршітше... Айтайын дегенде, тіліңнің үстіне көлбақа жатып алғандай, ішкемге келтіре алмай зықың шығады. «Тілің келмейді екен, қоя қой»— дейтін Елемесов, сірә, жоқ.

Кашан бір жобадан шыққанынша, аузынан алтын төгіліп кететіндей, жалғыз көзін қазықтай қадап, сазарады да қалады.

— Карбюратор,— дейді Естемесов.

— Қәрбератұр,— дейді Жақан.

Жұрты құрғыр іштерінде қос аяқ жүгіргендей қозғалақтап, мырсылдап қоя береді. Естемесовте үн жоқ. Әншейінде сестерін шығартпайтын көп ыржақайдың мына мырс-мырсы жанына жағып бара жатқандай!

Жақан жалтақтап жан-жағына қарайды. Ыржақай топ құдды өздері бәрін іштен біліп туғандай, көздері күлім-күлім етеді. Оларға керегі де осы. Тағы да бірдеңе деп былжырақтай түссе, өлген әкелері тіріліп келгендей, мәз-мәйрам болар еді. Тек сумақай Сұлтан ғана бедірейіп қапты. Жәдігөй неме мұғалімнің қасы мен қабағын ашып тұр. «Қәні, кім айтады?»— деп сұраса, сұқ саусағын қотыр шыбыштың құйрығындай шошайта қоймақ. Аузы-аузына жұқпай сумандай жөнелмек. Сосын мынау ыржаңбай топ тағы да бір ай мұның құлағын сарсытады.

Жақан намысқа әбден пісіп тұр. Желеп жібере гөр, жебеп жібере гөр деп жеті бабасының жетеуіне бірдей жалынып тұр. Бірақ, автомобиль түгілі қос доңғалақты қоқан арбаның өзінен аттары үріккен ата-баба өздері білмейтін нәрсені оның есіне қайдан сала қойсын. Жақанның шақшадай басы шарадай болды. Құрғыр тап қазақша болмағанмен, соған жуық бірдеңе сияқты еді. Ту сыртынан біреу сыбырлай ма қайтеді... Сұлтан гой... Иә, иә... Қомағай неме кешке: «Манағы қол ұшын бергенімнің ақысы»,— деп, мұның капуста көжесін қағып алмақшы-ау! Алса ала-ақ қойсын...

— Карборатор.

Тіліне ілікпей тұрған сөздің түрін қарасайшы. Жарықтық машина жасайтын қаугабас шалдардың білмейтіні жердің астында екен-ау. Қыста жолда қар басып тастағанда керек бірдеңе болғаны гой, шамасы.

Мына ыржақайлар тағы не гулеп кетті?! Зікір салған бақсыдай селкілдеулерін, түге! Бұлдіріп алмаса жарар еді. Әй, бәсе... Әне Естемесов қолын бір сілтеп теріс айналып кетті. Сумақай Сұлтан түк көрмегендей жылмиып қапты. Әдеміше иегін әуеге іліп тастап, шекелеп қарап тұр. Шекелеген қалай болады екен, біліп ал, бәлем...

Жақан жалт бұрылып, Сұлтанды дәл әдемі иегінің астынан құлаштап тұрып бір перді. Анау тыраң асты.

Сосын топтың арасынан сытылып шығып есікке беттеді.

— Тоқта...

Естемесовтің зілді даусынан табаны еденге жабысып қалғандай болды. Бірақ, көкірегінде шың ете қалған бір сезім кідірмеу керек екендігін ұқтырып, нығыздай басып жүріп кетті. Есікті сарт жапты. Соңынан жүгіре шыққан екі-үш жігіт Жақанның бетін басып ап, жатақханаға қарай жүгіріп бара жатқанын көріп, қайта кіріп кетті.

Жатақханаға соғып, кереуетінің басындағы кішкене кенеп дорбасын алды. Қайда баратыны өзіне де беймағлұм. Әйтеуір, аудан орталығын желкелей сұлаған тау сілеміне сүңгіді. Бет-алды құла түзге безіп келеді. Өйтпегенде не істемек. Қайтып барып сумақай Сұлтанның аяғына жығылмақ па... Ауылға қайтқанда қай бір қарқ болады... Әлгі тұғыр ауыстыра келетін өңшең сығыр кім түртті қылатын шығар. Одан осылай басы ауған жаққа тайып тұрады. Ел кезіксе, арасына сіңеді. Екі қолға бір күрек. Аштан өлмес. Әйтеуір, ешкім насырына тимейді гой. Ал, алда-жалда қыстың көзі қырауда үсіп өлсе, обалы осындай ештеңеге икемсіз, ешкімге керексіз ноқай қып жаратқан мырзалығына шек жоқ құдіретті құдайдың өзіне...

Тау арасының сіресіп бүтін жатқан күртік қарын кешіп келеді. Ара-арасында белуардан батып-батып та кетеді. Тырмысып жүріп шығады, әйтеуір... Борша-борша терлей бастады. Екі көзін ілгеріге қадап ентелей түседі. Бір қырқадан соң бір қырқа көлденең сұлап жатып алады. Қаншасын асты — білмейді. Әйтеуір, әсіресе, біреуінің баурайында қар тым қалың екен. Аттаған сайын сіңіп-сіңіп кете берді. Жан-жағы жолап кетсе, опырылып қоя берген бір дүние. Аяғын сәл қозғаса болды — құрдымға құлап бара жатады.

Жақан енді сескенейін деді. Таң атқалы желкеден түйгілеп, өңмендетіп келе жатқан әзәзіл ашу бұның тұйыққа кеп тірелгенін көріп, аяқ астынан жалт бергендей. Бірақ, бәрібір кейін қайтар емес. Тістене-тістене жағы да талып қалды. Аппақ қар көзін қарып удай ашытады. Бет-аузы сора-сора...

Артында ойылып-ойылып ізі қапты. Енді соған түсін кейін қарай омбылап көрмек. Келесі қыраңға жеткесін, бұлай тікелей салмай, қар тоқтамайтын жон арқаны бойлап, сонау оң капталда сексеңіп тұрған оқшау қабаққа көтерілмек. Жарық барында сол арадан ықта-

сын тауып, түнемек. Ертең бағыт белгілеп ап, ілгері тартпақ.

Ойға қарай жүрген өрге қарай жүргеннен оңай емес екен. Қайта-қайта құлай берді. Сүйтіп-ақ дымы құрыды. Екі аяғы, екі қары түгел салдырап қалды. Манағы мамықтай қар кешке таман нығызданып, кеудесінен кері итеріп бақты. Қыстың киіктің құйрығындай келте күні бұл екі қырдың арасындағы қарағанды жүлгеден шықпай жатып батып кетті. Аппақ қарды қап-қара бауырына жапыра қысып қыстың түні орнап келеді. Енді байқады — төңірек жым-жырт. Жым-жырт тыныштық мұншама қорқынышты болар ма... Тырп етті-ақ, аспан астына қанды көзін қадап, тапжылмай аңдып жатқан алапат аждаһа азу тісін оқыс қайрағандай айналасы қарш-қарш етіп қоя береді.

Бет-аузын инедей шаншып аяз қарыды. Белуардан қарда тұрған аяғы талып қалған. Отыра кетсе, не жата кетсе, күндіз күн сәулесі кеулеп тастаған кеуек қардың астына күмп беріп жоғалмақ. Анадай жердегі қарағанға жармасып, шанаш тонын қаудырлатып, үстіне барып жантайды. Астына бұта батқанмен, күртікке сіңіп бара жатқан жоқ. Бірақ таң атқалы қарда тұрған екі аяғы бебеулей жөнелді. Түгі түсіп қалған ескі тонның өңірі не иегін тықты. Иегін қыдықтаған жылы түк есіне әлденелерді түсірді. Жаймашуақ елестер. Бірақ, не екенін анық ажырата алмайды. Не де болса, мынау күртік қармен, түнгі суықпен, жан-жағынан қаусыра қоршап тұрған қатыгез табиғатпен енді қарсыласып мән таба алмайтынына көзі біржола жеткен қажыңқы көңілді қай-қайдаға жетелеген әзәзіл елестер...

Көлдей шалқып қоя берген кең жазықта Теңбілкөкпен көсілте шауып келе жатыр екен ғой дейді...Аспан біресе жерге аунап, жер біресе аспанның орнына төбеге шығып кетеді екен дейді. Теңбілкөктің төрт аягы біресе жерді, біресе аспанды топ-топ тепкілейді екен дейді. Сүйтсе аспан да қанша тепкі көрсе де дымы құрымайтын қара жер секілді бедірейген бірдеңе екен дейді. Жалды жайып тастап, мойынды созып жіберіп өңмендей шапқан Теңбілкөк осы араға жетіп құлаған екен дейді. Бұл соған қабырғасы қайысып, жылап отыр екен дейді.

Көзін сүртіп еді мұп-мұздай бірдеңе қолын қарып алды. Беті екен. Жанары тіріліп төңірегіне қарады. Теңбілкөк қанша жүйрік болғанмен мынандай қалың қарда не істей алады. Бұндайда шара көз шабдар айғыр

дұрыс. Көзі ақиланып, танауы делдиіп, әр-бері омырып бір берер еді-ау сабазың! Қашан құлап жығылғанша омыраулап бағар еді. Өйткені ол өлермен ғой. Өлерменнің бәрі ерегіспе келеді. Оған мініп жылқы қайыратындары да сондықтан. Қоксұр Елемес айтады: басқалардың адымын ашқызбай, мысын құртып отыргызатын ерегіспе мінез жоқ жерде тұтым жоқ дейді. Тұтым жоқ жерде төрт аяқты, ұзын сирақты жылқы түгілі екі аяқты, қысқа борбай адамның өзі бет-бетіне лағып кетеді дейді. Елеместің Шайхатты көп мошқайтыны да — оның тұтымының жоқтығы. Шайхат айбындырып басқарудың орнына, елді балаға ұқсатып еліктіре қойғысы келеді. Елемеске айтқызсаң: «Ел ондай қыт-қытынды құлағына қыстырсын ба...»

Көксұр Елеместің ылғи езуі жымиып, көзі күлімдеп жүргенімен, тұтымы берік. Ерке тотай Торғынның өзі оның алдында жауыр аттай қайқаңдап тұрғаны. Жамал да әкесінің қасы мен қабағын бағады. Елемес Жақанға ешқашан қатты сөйлеп көрген емес. Қайда жұмсаса да жымиып күліп отырып жұмсайды Содан да болар, талай жерде оның тапсырмасын орындаймын деп жаны көзіне көрінсе де, көңіліне титекендей түйткіл қашса не дейсің...

Бұның бір түсінбейтіні — Елеместің ғой осы білмейтіні жоқ. Кісінің бағы қайткенде жанатынына да одан жетік ешкім табылмайды. Сөйте, тұра, оның жағасы жайлау, жайбарақат отырғанын бір көрмейсің. Ылғи қазір тұра қашатындай тас түйін. Ылғи төңірегіне құлағы тігулі. Жел екеш жел көтерілсе де, одан ауа райының бұзылғалы тұрғанын ғана емес, қапелімде былайғы ел білмейтін тек ол ғана білетін бір нышан іздегендей аспанға бір қарап, жерге бір қарап түртіншектеп бағады. Сүйткен Елемес бұл оқуға кетті дегенде қайтты екен. Жамал ше?..

Көз алдында ұзын кірпіктерінің астынан қымсына күлімдеп, жүзін ылғи бір қырын салып, есіктен имене кіріп, имене шығып жүретін бойжеткен тұра қалды... Қараңғы түннің құшағынан үзіліп шығып, бұған қарай жүгіре басып жақындап келе жатқандай...

Сүйегінен өтіп бара жатқан түнгі ызғар есінен адастырмаса қайтсын. Шынында да, мынау не күтір... Шабдар айғыр пысқырған жоқ па, осы... Жоқ дүсірлеп бір үйір жылқы жүр ғой... Қай жақтан шығады... Тіпті бәрі де емес төбедегі аспаннан бірдеңе қопарыла құлап келе жатқаннан сау ма...

Өне бойын дел-сал енжарлық жайлап алды. Кеуседен төменгі жақ түгел ұйып қапты. Тұп-тұтас көкіне мұзға айналыпты. Мыз зеңіп, көзі қарауытып бара жатты. Тек соны ғана біледі. Содан басқа ештеңені де білмейді.

Ендеше, мынау күнде-күнде жатып-өріп жүрген абажа бөлме, ондағы иін тіресін тұратын жиырма керует, бір-бірдей қып жиналған біркелкі төсектер, темір пеште гүр-гүр жанып жатқан қып-қызыл от — бұл үшін атымен жұмбақ.

Оны одан бетер таңғалдыра түскілері келгендей, күндегідей бір-бірін ығымен қағып топырласпай, бір-біріне сөзбен тиісіп қауқылдаспай, аяқтарының ұшымен ғана басып жігіттер бөлмеге енді. Мұны көріп, саусақтарын шошайтып, тістерін ақситып, ыржыңдаса жөнелмей, аңтарылып-аңтарылып тұрып қалысты.

Жақан соған көп уақытқа дейін түсіне алмай қойды. Өзімен бірге оқитын жігіттердің бұны сол бір түнде жабыла қарап жүріп тау арасынан тауып әкелетін күннен кейін бұрынғы ыржың-ыржыңнан тиылып, шеттерінен соғыста өлген әкелерінің хабарын енді естігендей тұнжырай қалғандарына қайран. Олардың бұны көргенде бірденеден өлердей қысылып, именшектеп, ал өзінің олардың сол қысылып-қымтырылғанынан ыңғайсызданып, ойда жоқта сызылыса қалғандарына қайран. Бұл өлім аузынан қайтқан сол бір аязды түн кеше ғана бірін-бірі көрсе алыспай-жұлыспай тұра алмайтын алапғасар бала жігіттерді бір күнде түгел есейтіп жібергендей. Бұрын жан баласына бір қадам бері жақындамай, өзінен-өзі состиып тұратын Естемесов кейінгі кезде бұған тым үйірсек боп кетіпті. Сабақтан кейін де қасына алып қап, бірденелерді үйретіп жатқаны. Жақан алғаш рет рульге отырып, өздігінен машинаны орнынан қозғағанда, Естемесовтің қалай қуанғанын көрсеңіз! Сыңар көзін айқара басып жататын тілдей қара былғарыны жұлып ап, ағарып қалған орнын үсті-үстіне сипалай берді. Әйелі ұл тапса да, өйтпес. Езуінен алғаш рет күлкіні Жақан сонда көрді. Арқасынан қайта-қайта қағып қойды. Содан былай Жақан шоқалақ жолдың бойында екеуден-екеу машина жүргізіп келе жатып, Естемесовтың өзіне қарап, жұқалтақ ернінің бір езуін ғана бұлк еткізіп, жымия күлгенін талай көрді. Олар оқуын бітірген күні де, алақандай қатырма қағазды қолына ұстатып жатып, жымиып езу тартқан-ды. Сонда Естемесов те Көксұр Елеместің айтқанын айтқан.

— Темір екеш темірге ие болу үшін де мінез қажет. Ні жұмсақ кісіге ол да бағынбайды. Ол да тұтымы берік кісінің билеп-төстегеніне көнеді.

IV

Жақан бір жылдық шоферлық курста естіген көп нәрсесін ұмытып қалды. Бірақ Естемесовтың әлгі қоштасар сәтте айтқан сөзі есінен кетер емес. Шошақ төбенің басындағы аңғал-саңғал машинаның қасына келгенде де ойына алдымен сол түсті.

Аңғал-саңғал машина оған бұ жолы баяғысындай аяныштыны көрінбеді. Қайта: «Қәні, кәні! Өнеріңді көрейін, жақынырақ келші өзің!» — деп сынай қарайтындай.

Жақан анадай жерде мұртының сол жақ қиығын үсті-үстіне тартқылап, ойға кетіп тұрған Шайхатқа сыр бергісі келмей қанша тырысса да, құлағы құрғыры шоқ қарып алғандай тызылдай жөнелгені. Аудан орталығынан үйреніп қайтқан әдетімен екі қолын шалбарының қалтасына салып ап, аяғының астындағы тастарды кеңеп бәтіңкесінің ақ жем ұшымен әрлі-берлі қағыстырып, күзовтағы қиқы-жиқы көп жазуды іштей қайталап тағы бір оқып шықты. Көз алдынан әлде бір сотқардың бормен салынған сұқ қол мен ортан қолдың арасынан сорайтып бас бармақ шығарып қойған бұзақы суреті кетпей қойды. Ол суреттің басқа ешкімге қатысы жоқтай. Тек бұған арналғандай.

— Жарайды! — деді Шайхат біраздан соң.— Әуелі жақсылап тексеріп ал. Жетіспейтін нәрселерін маған айтарсың. Көйлегімізді сатсақ та, бірдеңе қылармыз.

Жақанның тамағы да тарс кеуіп қалды. Әншейінде шалқақ басатын кербез кісі еңіске қарай жүргенде емпеңдеңкіреп кеткен сияқты. Әлгінде ғана кеңсесінде жарқылдай қарсы алып, осылай қарай жетелей жөнелген мәз-мәйрам басқарманың мынау иіні түсіп салбырап кеткен түріп көріп аяп тұр. «Бәрі сенің кесірің ғой!» — дегендей тот баса бастаған көне машинаға алая қарады.

Қасына барып, кабинаның есігін ашып еді — темір пружиналары сойдыпып-сойдыпып шығып кеткен былқылдақ отырғышты басып жатқан бес елі тозаң бұрқ ете қалды. Бет-аузын көміп кетті. Екі қапталдың терезесі әлдеқашан күл-талқан бопты. Маңдай терезе қарақұрттың шатырындай боп дөңгеленіп шытынай жарылыпты.

Жолап кеткен жерінің бәрі бес батпан кір. Есіне баяғы ақ шытыра киініп, Теңбілкөкке мініп, сыланып-сипанып ел қыдырып жүретіні түсіп, езуіне бір тыжырынған күлкі жүгірді. Өзіне өзі Елемеске ұқсап кеткендей көрінді. Сол жымиған күйі кузовқа үңілді. Тақтайлардың арасы ырсиып-ырсиып жатыр. Төрт борт төрт жаққа шалқайысып кеткен. Доңғалақтан секіріп түсіп, моторға барды. Капотты ашып еді... О, сұмдық... Ана жерде де, мына жерде де қыстырулы темір шеге, сексеуіл шырпысы, ағаш жаңқасы. Шуда жіппен, сыммен, шүберекпен шандып тастаған қиқы-жиқы бірдеңелер... Ғинаят босаған бір бұранданы да орнына қайта салмапты. Жоғалып қалған, түсіп қалған жерге ши шаншып, шөңге тығып тарта беріпті.

Жақан аяғының астына шегелеп тұрып бір түкіріп, бәтеңкесінің табанымен ығарлай жаншып қойды. Аудан орталығынан үйреніп қайтқан және бір әдеті сол еді. Сосын сылқылдап тұрған баспалдаққа сылқ отыра кетті. Бауырына кеп тығылған жетім нәрестені немен жарылқарын білмеген дәрменсіз еркектей мойны салбырап дағдарып отыр. Шайхаттың жаңа неге ұнжырғасы түсіп кеткеніне енді түсінді. Бұны аяған екен ғой.

Сол қайрат бітірді ме, үстіндегі боз көйлекті сыпыра бастады. Шаң-шаң кабинаның ішін әрі қопарып бері қопарып бір екі кілтті зорға тапты. Сосын машинаның астына кіріп, шалқасынан түсіп жатты.

Қасына әуелі балалар келді. Анадай жерде жақындауға батылдары жетпей қипақтап біраз тұрды. Сосын мысықтабандап бірте-бірте жақындай түсті. Екі көздері бұның қолында. Сәлден кейін-ақ бір-бірімен таласып гуілдесе жөнеледі. Оларға бәрі қызық. Ілініп-салының бір бұранда жып беріп, орнын тапса, оған да мәз. Ал, енді орнына бармай, омырылып сынып кетсе, олар үшін одан аскан тамаша жоқ. Олар үшін күллі дүние ойыншық. Ойыншықтың қызық емес, келіспей тұратын жері болушы ма еді.

Анда-санда ересектер де соғады. Екеу-үшеу боп келеді. Анадайда кекірейіп-кекірейіп тұргандары. Орнына кеп жатқан еш нәрсеге таңғалмайды. Ал, бүлінген бірдеңені көрді-ақ, құдайлары береді.

— Әй, бала-ай, қайдағы нәрсеге қайдан ұрынып жүрсің. Анда-санда қырықтық ұстағанның өзіне екі-үш күнге шейін белі шойырылып, бөксесін көтере алмай қалатын біздің ауылдың қазағына мына бір қой құртта-

ғандай шұқыншақ жұмыс қол бола қоймас! — деп кеңкеңк күліп, кердендей басып кетіп бара жатқандары.

Олар үшін күллі дүние көптен бері өштерін қайтара алмай жүрген ежелгі бір бақастары. Оның тек ойсыраған мінін көргенде ғана айыздары қанып рахаттанып қалады.

Жақан ондай-ондайларға ләм-мим үн қатпайды.

Есіне баяғы шоферлық оқуда бірге оқыған күлегеш жолдастары түседі. Бірақ, бұл жолы әлгіндей ыржақайлардан тұмсық бұзып құтыла алмасын жақсы біледі. Қолындағы бұрандаға тістене шүйлігеді.

Сүйтіп ай өтті, апта өтті. Міне, жаз да өтіп барады. Адыра қалуға айналған аңғал-саңғал құр қаңқаның кем-кетігі-ақ тауыстырар емес. Шайхат та төңірекке қолды жая-жая ала дорбасы алдына түсіп болды. Жақанның тек сорайған мұрны мен қалқиған құлағы ғана қалды. Ішіне кіріп кеткен ала көз жан-жаққа шатынай қарайды. Кешке талып жығылады. Басы жастыққа тиді-ақ түс көреді. Түсіне ажырықты ойда тырым-тырағай шашырай жайылып жатқан жылқылар кіреді. Құйғыта шауып ойнақтап жүрген құлындар кіреді. Көзі қызарып, танауы делдиген шабдар айғыр кіреді. Бірақ, Теңбілкөк кірмейді. Ақ шытыра киініп, шекелей қарап, шірене сөйлейтін өзі кірмейді. Аңғал-саңғал машина кірмейді. Күніне қасына төрт-бес келіп кететін Шайхат кірмейді. Қызыққұмар балалар мен ересектер де кірмейді. Сол баяғы ай даладағы жалғыз үй кіреді. Есіктің алдында көлендеп самауыр қойып жүрген Жамал кіреді. Тіпті жер ошақ қасында екі құлағын едірейтіп, еленделп жататын жалбыр құлақ сұр төбет те кіреді. Қажыған сана: «Баяғы күнге зар болдың-ау»— дейтіндей. Ондайда ұйқыдан тұрғасында бір азға дейін бойын көтере алмай қояды. Бетін бір желпіп кеткен желдің өзі мұны түртіп қашып мазақтайтындай. Бүгінде келгіштеуді азайтқан ауыл адамдары да анадайдан қолдарын шошайтып, мошқап бірдеңе айтып бара жатқандай

Анда-санда бір соғып:

— Ау, мына шортуынды қашан жөндеп боласың? — деп шірене сұрайтын Нұркен де насырына тию үшін әдейі іздеп келетіндей.

Елемес айтушы еді: «Жалаға ұшырасаң ұшыра, бірақ мазаққа ұшырай көрме!»— деп.

Енді, міне, мына бір құр қаңқаны салдырлатып қара жолға бір салмай тұрып, сол қол шошайтқан кім түрткі

мошқау-мазақтан құтыла алмайтынына көзі біржола жетіп болды.

Құллі ауылда жаны ашитын жалғыз Шайхат қана. Ол да кісі құрығандай, оқытқан адамның сықын қарасайшы, деп кім көрінген көзіме шұқи ма деп қорқады. Өліп-өшіп аккумулятор тауып әкелді.

Жақан алғаш рет рульге отырып, стартерді басып еді, екі жылдан бері мылқау мотор біраз мелшиіп тұрып-тұрып, кенет жұлып алғандай қып гүр ете түскені.

Анадай жерде тұрған Шайхаттың оң қолының мұртынан бір-ақ шыққанын, қапелімде, өзі де аңғара алмай қалды.

Сүйтіп, аңғал-саңғал машинаға аруақ бітіп, орнынан қозғалды. Әуелі ауылдың жалғыз шолақ көшесінің о шеті мен бұ шетін бір кезіп шығуға жарады. Тегіс жолдың өзінде бөгелек тигендей орғып-қарғып келе жатқан машинаға отыруға ешкімнің әзір көңілі дауалай қойған жоқ. Тек балалар ғана улап-шулап, қайда барса да, қаптал-даса шапқылай қуып келе жатқандары. Сол қиқалаңы мен көң тасып, егіс басына барып келуге жарады. Сол қиқалаңымен су тасып отар аралап қайтуға жарады. Сол қиқалаңымен тіпті тері тиеп ауданға да барып қайтты.

Бір күні Шайхат, қолтығындағы қозы қарын папкасы, кеңсесінен шығып, кабинаға кеп отырды. Жақанның жүрегі лүпілдеп аузына тығылды.

Әуелде: «Саспа, бала! Е, осылай-осылай! Міне жарадың!» — деп жігерлендіріп отыратын басқарма бірте-бірте: «Бала, көзіңе қара! Абайла!»,— деп сақтандырып отыратынды шығарды.

Қара машинаның гүрілі түзелгесін Жақанның сәл нәрседен дуылдай жөнелетін жарғақ құлағы қызаруды біржолата ұмытты. Бұрынғыдай біреу-міреу тіктеп қараса, көзін төмен салып, жанарымен жер шұқып кетпей: «Немене, менің бетімнен май шығып келе ме?»— дегендей бедірейе қалады. Машинаға жолап кеткен бала-шағаға өңешін кеңеп, бір ақырды-ақ, тып беріп тайып отырады. Ол ол ма, бұрын жаңа түскен жас келіндей сызылып бағатын Жақан бүгінде бастығының жол қысқару үшін айтатын әңгімесіне ауық-ауық сөз қыстырып қоятын болды. Ал, енді ауданнан қайтарда: «Аға, жеңгейдің тапсырмасы бар гой. Дүкен жабылмай тұрып соға кетейік!» — деп тықыршып бітеді.

Шайхатқа да керегі сол. Қит етсе: «Қосшы бала, өйтпейміз бе, бүйтпейміз бе!»—деп ақыл салып отырғаны.

Сосын Жақан шалқаймағанда кім шалқайсын! Бүгінде, бір ғажабы аяғындағы кенеп бәтеңкесінің алдымен өкшесі мүжіліп қалатын болды. Бұрын үстінде лыпа бары тек кешке төсекке жатарда ғана есіне түсетін алқам-салқам жылқышы жігіт қазір отырса да, тұрса да қағып-сілкініп әлек. Шайхатқа ұқсап аузын толтырып сөйлейді. Кейде тіпті қолының шолтаң етіп тұмсығының астына бір барып, бірақ саусағына орала кетер мұрт таппай, кілт кері қайтатыны бар.

Қазіргі именшектейтін бір жері — ініні жүдеулеу. Аудан орталығына келесі барғанда үстін бүтіндей қайтайын деп, тиын-тебен сұрай бухгалтерияға кіріп еді, құр қол шықты. Жылқыда жүріп тапқан-таянғаны қайдағы бір қасқыр жарған тайға, сорға батқан биеге төленіпті.

Ондай әңгімені естіп тұрғаны осы. Есепшілер көп сөзге келмей, нықтарын қикаңдатты. Елемес солай депті.

Пәлен күн басын қатырып жүріп, ол гәптің де ақыры бір ізін тапқандай болды. Өтелші Өтемағанбет әр келіп-кеткен сайын араға бірер күн салып Елемес те тайып тұратын. Бүгін жоқ, ертең жоқ, бүрсігіні де жоқ... Бір күні мұрты жылтырап жымпиып қайтып келетін. Қайын жұртына соғатын. Пәленшекеңнің, түгеншекеңнің орнына бата оқитын. Бірақ, әлгіндейді аузына алмайтын. Кейінгі бір жолы: «Тығырық шыңның астындағы аппақ сор құрдым екен ғой. Анадағы бұршақ жауатында желден ыққан бес-алты жылқы соған батыпты»— деген. Бірақ, көрші колхоздың малына ұқсатқан. Сонда көзапара алдағаны ма! Әй, бәсе. Бір жаққа барып-қайтқанда онсызда мысық табандап басатын мүттәйім неме тіптен момақан бола қалатын еді-ау. Үйден шықпай шіреніп жатып алатынды қойып, бір-екі күн қасына еріп, жылқы аралайтын. Астындағы жорғаның бүлкек жүрісіндей бір сарынды ұзын-сонар әңгіме қозғайтын. Ыңылдап бірдеңені айтып келе жатқаны... Әуелі өрістің жайы, суаттың ыңғайынан, кеше барып қайтқан жағының хабарынан басталған әңгіме жалпы пендешілік тірліктің жай-жапсарына ауысты-ақ, Жақанға ол сонау сағым салып бұлдырап тұрған көлкіме көкжиектей бұлыңғыр бірдеңеге айналып бұлаңытып жүре береді. Сүйтіп мән бермей ме, әлде өзі айтпады ма, Елеместің аузынан «жылқы шығыны бар» деген сөз шықпаған сияқты еді. Бақса... Әй, бәсе, баягыда ол пағып кеңпейіл бола қалды деп еді-ау. Бір күнге болса да, бұның көзін асырып, оңаша жасайтын ұрлығы бар екен ғой. Бәлкім, сол күні әлгі өтелші досы кеп, базарға

жылқы жетектеп әкеткен шығар. Не де болса, сол жолы Теңбілкөк бұның тақымына тегін түскен жоқ.

Көз алдында ешқашан тікіреймей, ылғи сұлай жығылып жататын сояу кірпіктердің астынан байқалар-байқалмас қып, ұрлана қарап қойып, күлімдей сөйлейтін Елемес елестеп кетті. Қазір барып мынау рульге жабысып жатқан күс-күс шеңгелді ұп-ұлпа тамағының астына көсіп жіберіп, шаужайдан ала кетер ме еді, шіркін...

Шайхаттан рұқсат ап жолға шықты. Қанына қарайып-ақ келеді. Алыстан сағым шалып мұнартып жататын дөңбек жолдарды белден басып тартып келеді. Көз алдынан түтіні қылтылдаған жалғыз үй, айдалада оңаша отырса да, мың-сан көз сынай қарап тұрғандай өз-өзінен қылымсып, сыланып-сипанып бағатын керік әйел, жұрттың бәрінің ұрлық-зорлығын көріп-біліп қойғандай кімге болса да, мысқылдай қарайтып жымысқы еркек, олардан туғанмен екеуіне де ұқсамай, күллі дүнненің алдында ұятты кісідей көзін ешкімге тура салмай, өз-өзінен қысылып-қымтырылып жүретін бейкүнә қыз кетпей келеді.

Түйенің тулағындай қатпар-қатпар алатағанақ дала таусылар емес. Бұл асыққан сайын ол көл-көсір ұзара түсті. Бір жалдан ассаң, екінші жал. Жалқаудың желкесіндей қыртыс-қыртыс шоқалақ, діңкенді құртып, табанынан тартып жүргізбейтін майса құмақ, айна таз ақ тақырлар бірінен соң бірі қылт-қылт қалып барады. «Мына пәлесі тағы қайдан тап болды?»— дегендей дүр етіп бұлдырық ұшады. Таңдары жалтылдап қара құйрық қашады. Анадайда дөңкиіп-дөңкиіп дөң айбат танытып тұрған қара жалдар салып ұрып қасына жетіп келгенде зәрелері ұшып бұға-бұға кеткендей, жермен-жексен бола қалады.

Күллі дүние бұдан айбанып, жер тістей жығылып, бүкпақыл ойнап жатқандай. Аспанда күн жымыңдайды. Құлағының түбінен жел зулайды. Күші мен жүрісіне масаттанғандай қара машина «қоңыр айдайын» қайқайтып келеді. Соның бәрі рульге тістеніп, еміне төніп алған Жақаппың шыршық ата шамырыққан жүйкесін көзге көрінбес мың-мың сықыр саусақтарымен сылап-сипап жұмсарта түскендей.

Мына бір мортықты дөң талай-талай жылқы қайырған жері. Жусап жатқан жылқылар көрінбес пе екен деп, мойнын созып жан-жаққа қарап еді, көзіне ештеңе ілікпеді. Зулап келеді. Сол баяғы көлденең сұлап жатып алған бір өң, бір кейіп кеспелтек жалдар. Көңіліне күман қашты. Осы жылқышы ауыл жылда отыратын жерінен

басқа жаққа көшіп кетпеді ме екен! Біз ештеңе білмейміз дегендей шыр айнала көк жиекті көк мұнар көлкештей жауып апты.

Төбесінде сырықтай бұлдырап көрініп тұратын нысана ағашы шошайған кертік тұмсық қара жалға көтеріле тоқтады. Зуылдап келе жатқан машина кілт кідіргенде жым-жырт тыныштық орнай қалды. Мандадан бері аспан астын қырық құбылтып тұрған бұлық сағым төбеден төмен қарағанда басын жерге салып жортқан көп киіктей жерменжексен боп бұлқ-бұлқ желіп барады. Ал, анау әріректегі ойпаң мөлдіреп тұна қалған көкпеңбек көл сияқты.

Көзін тігіп қарайды-ақ. Жайылып жатқан жылқыға, тігулі тұрған үйге ұқсайтын ештеңе көрінбейді. Қапталдағы оқшау төбенің басындағы ескі күмбез сағымға мініп, ертегінің хан ордасындай күмбірей түсінті. Алдыңғы жақтан аспанға іліп қойған қыл арқандай прелеңдеп тағы бір қарайған шалынды. Ол да мынау қасында өзі тұрған нысана ағаш. Бұл маңайда не көп, осындай бірінен-бірі аумайтын домалақ бас кесірткедей кеспелтек жалдар көп. Бәрінің басында да — құс саңғып тастаған нысана ағаш, не көне мола. Бәрінен де әрі асып түссең — қымыз толы тегенедей аузы-мұрнынан шыға шүпілдеп сағым тұнып тұрған дөңгелек ойпаң...

Жақанның осынау көзіне ып-ыстық таныс өңір, таныс көріністен зынылдап басы айналып бара жатқандай. Қайтадан рульге отырды. Мұрнына қайтадан дала жусанының кепсірігінді ашатын ашқылтым жұпар иісі емес, қолқа қаба қоңырсыған бензин иісі келді. Қайтадан құлағында жел тірілді. Мотор қайтадан қайратына мінді. Алдындағы көл табан ойпанда көлкіп жатқан көгілдір шалқарға қарай қойып кетті. Жақындаған сайын көгілдір шалқар тартыла түсті. Алдарына түсіп ап, бұлқ-бұлқ желіп бара жатқан аласа сағым алыстай-алыстай биік дөңнің төбесін көкке жеткізген кереге мұнарға айналды.

Бұлар жақындай бере кереге мұнар да быт-шыт құлап, үйреншікті көрініс алдарынан қайта шығады.

Жақан талай-талай белдерден асты. Сағым жамырай көзіне оттай басылып, жылқышы ауыл көрінді. Айдалада жалғыз үй. Үй сыртында керме ағаш. Оң жақ қапталда бөлек үйін, сыртын шимен коршап қойған қоқыр-соқыр. Қасында ауыз су әкелетін екі-үш ағаш кеспек. Үй алдында қараулытқан үюлі тезек. Соның тасасынан көк сұр төбет атып шығып, кәук-кәук қарсы шауып келеді. Оны естіп үйден біреу шықты. Жамал... Көз

алды бұлдыраң кетті. Манадан бері осынша асықтырып келе жатқан Елемеске деген ыза емес, бір түсініксіз тұңғиық сағыныш екенін сонда барып аңғарды.

Ауыл сыртына кеп тоқтаған машинадан бұл секіріп түскенде манадан бері қапталдаса шабаландап келе жатқан көк төбет ақтарылып тұрып қалды. Үні өшіп, тұмсығын төмен салып, құйрығын бұлғаңдатып жақындай түсті. Үй қапталында аңыра қарап тұрған Жамал енді танып, шешесіне жүгірді. Сыртқа Торғын шықты.

Үшеуі мәре-сәре. Не айтатындарын білмей, қайта-қайта «аңырай, ә» дей береді. Жамал төрге көрпе салды. Алдына шылапшын қойып, құман әкелді. Бұл жуынып-шайынып төрге озды. Бұрын Шайхат шығатын, ауданнан келген өкілдер шығатын, Нүркен шығатын төрге озды. Біртүрлі тілерсегі дірілдеп бара жатқандай жалма-жан отыра кетті.

Сол баяғы сыйлы қонақ келгендегідей апыл-құпыл қуырдақ қуырылып, самауыр қойылып жатты. Далдай дастарқан әкеп жайылды. Үш бұрышта үшеуі. Қалған екеуі бұған жалтақ-жалтақ көз тастап қояды. Бұл бірденеден ұятты боп отырған кісідей төмен қарайды. Қараптан-қарап жүрексініп отыр. Елемес те, Елемеске деген манағы ашуы да есінен тарс шыққан. Дүниедегі өзіне деген ең ыстық орын осы үй ғана сияқтанып кетті. Ол неліктен, оның себебі не? Оған әлі өзі де түсінбейді.

Әсіресе Жамалдың шығарға жаны басқа. Кешқұрым үйдегі ыдыстың бәрін тиеп, екеуі ауыз суға барып қайтты. Бұл әйкелде қауға тартып тұр. Ол анадай жерде агаш кеспекке су құйып тұр. Бір-біріне тек шелек әперіп жатып қана көздері түседі. Жамал баяғысындай емес, таралыпты. Бетін күн қақтап, ашаң тартыпты. Дөңгеленіп тұратын жұмыр иегі сүйірленіп кеткен бе қалай... Көзінде бір кіреуке бар. Бұдан қысылып тұрған иненшектік екені де, әлде қыз жанын жегідей жеп жатқан бір тымырсық уайым екені де белгісіз. Айтпақшы, Нүркен бүгінде бұл ауылға бұрынғыдай жиі келе ме екен... Қыз қауғаны қайтып беріп жатып, бұған бір түрлі қымсына жымиды. Томпақ еріндері кенет ашыла беріп, қайта жұмылды. Қыздың жұмыр иегінің астынан бірдеңе бұлк ете қалғандай болды. Бірдеңе дегісі келген сияқты. Не айтқысы келді екен. Әлде Нүркенді сұрайын деді ме... Шынында да, оны иеге сұрамайды.

Екі-үш кеспек суға толып болды. Қыз қасына кеп отырды. Өз-өзінен қысылып бүрісті де қалды. Тек бір-екі рет басын көтеріп бұған байқатпай көз тастады.

Тамағының асты лүп-лүп ете қалды. Қазір Нүркенді сұрайды... Сұра... Сұра... Ол қыршаңқы немені жау алады ғой дейсің бе... Аспанға қарап, жұлдыз санап жүр ғой.

Жоқ, қыз ләм-мим үндемеді.

Ауылға келгесін әлгіндегідей жасқаншақтамай батылданып кеткен сияқты.

— Алсаңызшы,— деп қойды бұған тамақ үстінде.

— Тіптен ас алып жарымадыңыз ғой.

Сүйтіп үшеуі түннің бір уағына дейін отырып, кеш жатты. Жақан көпке дейін көз іле алмады. Маңдайша жақтан шілделік шырылдайды. Жер ошақ басында көк төбет әупілдеп қояды. Сосын қайтадан тым-тырыс тыныштық орнайды. Жақан жамбасы ұйып, шыдатпай бара жатса да, түн ортасында дөңбекшігенін біреу ерсі бірдеңеге жори ма деп, тырс ете алмады. Бір уақыттарда Жамалдың орнынан аударылып, естілер-естілмес қып тұншыға күрсінгені құлағына келді. Артынша Торғын басынан сусып түскен шаршысын түзеп тартты ма, қозғалақтап қойды.

Бұл әлі сол бақырайған қалпы. Қап-қарақғы үйдің ішінде де маңағы дөң үстіндегідей көк сағым көлкіп тұрғандай. Әлдекім қасынан өткендей. Бетіне тақап кеп үңілгендей... Бірақ, оның бәрі елес... Оның бәрі қиял... Бір кездегі Теңбілкөкке мініп қыдыратындай есірік арман...Оны біліп жатыр. Жамал мына құдық басында бұған неге қайта-қайта қарай берді. Бұрын бүйтпеуші еді ғой... Тек Нүркенге ғана көзінің астымен жымиып қоятынын байқаушы еді. Бірақ, бүгін оны сұрамады...

Іргеге қарай аунап түсті.

Ертең таңертеңгі шайдан соң Жақан жүретін болды. Торғын сандығын ақтарып, бұған ақ көйлек, бешпет-шалбар тастады. Оқудан келгенде киер деп, қаладан Елемес алып кепті. Су жаңа таза киімді көргенде ығы бүлкілдеп қоя бергені.

Торғын мен Жамал кабинаға дейін шығарып салды. Жамалдың өңі сынық. Жаутаң-жаутаң қарай береді. Қараған сайын ұп-ұлпа ақ тамағы бір лүп ете қалады. Көмейіне бір сөз іркіп тұргандай. Кеше де өстіп еді. Ол не сөз болды екен...

— Ал, енді, — деді Торғын. — Осылай соғып кетіп тұрарсың.

Жамалдың жүзі сонда барып жадырады.

— Иә, — деді аппақ тістерін жарқ еткізе күліп, анасының сөзі өз ойынан шыққандай қуанып.

Жақанның құлағынан сол бір жалғыз ауыз сөз кетер емес. Мынау таңғы ауада қайта-қайта жаңғырығып тұрғандай.

Машина орнынан ауыр қозғалды. Жүрісі де кешегідей емес, өнбей қойды. Бір жал асқан соң барып Елеместің қайда кеткенін сұрамағаны есіне түсті. Бірақ, оған өкініп келе жатқан Жақан жоқ. Көз алдынан Жамалдың кешелібергі жәудірей қараған жабырқау жүзі кетпей қойды. «Қызық, — деп қояды өзімен-өзі. — Бұрын бүйтпеуші еді...»

Жүрісі енді шырайын деді. Кешегі ізі тұяқ тиіп жарымаған таза өрістің тығыз шөбін ыңғай жыға жапырып, көл-көсір кеңістікте жұлдызы быжынаған шілде түніндегі құс жолындай ақсиып анық сайрап жатыр.

V

Қазір бұл ауылда Жақан жүріп өткенде артында жарыса сайрап қалатын қос ақ сызық тартылмаған ой мен қыр кем де кем. Әуелде бұрын өзі көрмеген алыс жерлерге қасына жер танығыш кәрияларды ертіп шығушы еді. Енді не бір ит арқасы қияға өзінің баяғы бір ізін қуалап-ақ тауып барып келіп жүр. Көптен бері мал жайылмай елсізге айналып кете жаздаған талай шыганға жарқырап жаңа жол түсті. Соның көбін жұрт Жақанға телиді:

«Жақан асқан», «Жақан құлаған», «Жақан тапқан»... Құдды бұл үсті-басынан бензин аңқыған жаман шофер емес, баяғының бүкіл бір тайпа ел бетке ұстаған батыры сияқты. Шаруаның бәрі тек соған тіреледі де тұрады.

— Дәрігерге барып көрінейін деп ем, Жақан соқпады-ау...

— Көрші құдыққа жылысып қонайын деп ем, Жақан келгей де...

— Жақан бара келсе...

— Жақан ала келсе...

— Жақан айта кетсе...

— Жақан...

— Жақан...

Бір жағы алғидың ала шөлі айна тақыр үстіртті, бір жағы жықпыл-жықпыл жымысқы құмды жайлаған малшы колхоздың қай қиырына барса да, тымағы жалпылдаған қойшы-қолаң түгілі сонау зеңгір көкке шапшып шығып ап, өз көлеңкесіне өзі шүйліккендей ұзақ

шүйіп жүріп алатын түз қырандарының өзі оқтын-оқтын «Жақан, Жақан!» — деп шаңқылдап қоятындай.

Қайда да соны асыға күтіп отырады. Баяғыда батылы жетпей жалтақтап аттайтын талай табалдырықтан «Іздеп отырғандарың мен болсам, мен келдім. Тағы қайда шаруаларың шығып тұр?» — дегендей арсалаңдай кіреді. Анадайдан малшы ауыл көрінгеннен-ақ бір кездегі Ғинаятқа ұқсап, пен даланы басына көтеріп, сигналды басып-басып қалады. Оған ренжіп жатқан ешкім жоқ. Қайта қоңыр жалдың бауырында тарыдай төгіліп бытырай жайылып жатқан отардың шетінде қойторының үстінде киіз қалпағы кеудесіне түсіп қайқайдағыны ойлап тұрған шопан басын селк көтеріп ап, көзі күлімдеп қоя береді. Ауылдағы бала-шаға атып-атып сыртқа шығады.

Кемпір-шалдарға дейін түрулі іргеден сығалап, қызыл иектерін кемсеңдетіп:

— Е,мына бала келіп қалыпты ғой! — деп етектеріне сүріне-мүріне орындарынан тұрып жатқандары.

Өйткені, пәлен күннен бері біреу кеп бұрғы салғандай солқылдатып алып бара жатқан қос шекені жазып ұлатып ақ құйрық тәтті шай мен самасат насыбай Жақанның қоржынында. Көптен бері тым-тырыс жатып алған әскердегі бала мен оқудағы қыздың хабары Жақанның қалтасында. Құдайға шүкір, солдат жігіт Сібірдің қақаған аязына үйренісіп апты. Құдайға шүкір, студент қыз көйлектің етегі мен қолаң шашты шолтитып білім жолында садақаға шалғанымен көлденең көк аттың біреудің етегінен ұстап, әлде бір көз көрмеске тып беріп тайып тұрғаннан әзір аман болса керек, әжемнің ірімшік-құртын сағындым деп ті...

Бұның келгеніне ең азы бота-тайлаққа дейін мәзмейрам. Машинаның қасына барып, о жер-бұ жеріне шыбынды құжынаған тұмсықтарын сүйкеп, айыздарын қандыруда.

— Жарықтық осының иісінен құрт-құмырсқа қашады дейді.

Балам, машинаңды жел жаққа апарып қойшы! — дейді бір кейуана қазан көтергелі кебежесін ақтарып жатып.

Жақан ондайда алыс жолдан шаң-шаң боп қажып келгенін ұмытып кетеді.. Бір шайды апыл-күпыл ішіп ап шаруаға кіріседі. Айдаладағы жалғызілікті малшы ауылдан қолғабыс қайдан табылсын. Бәрін өзі тіпеп, өзі жүктейді. Кабинаға калт-калт еткен қарт әже мен тұм-

сығының асты кеппейтін бір қызыл қарынды отыргызып, жаңа қонысқа қарай тартып береді. Құлазып тұрған төңірек баяғы Теңбілкөкке алғаш мінгеніндей шыркөбелек айналып билей жөнеледі. Әлгінде ғана қоңырайып жатқан құқыл жер лып-лып жылдамдық пен қарсы соққан өкпек желдің үйіріміне түсіп қыз төккен кестедей құлпырып сала береді.

Жақан қайта-қайта қәлимасын қайырып, жағасын ұстап отырған кәрі әже мен екі көзі атыздай боп, мұрнын пыс-пыс тартып отырған кішкене сәбиге насаттана қарайды. Ол күні құлағын кесіп алса, білместей боп, қатып ұйықтайды. Ертеңіне өз-өзінен алабұртып оянады. Дүние ол ұйықтап ояңғанша адам танымастай боп өзгеріп кеткендей.

Жаңа қонысқа қонған бір үйлі жан да, жаңа өріске құныға жайылған бір отар мал да мәре-сәре. Малшы ауылдың үлкен-кішісімен түгел қоштасып, рульге отырады. Зулап келе жатқан жылдамдықтан ба, бетке ұрған самал лептен бе, бір жал асқанша артынан ербіне қарап тұратын риза жанарлардан ба, тамағы құрғап, көзі жасауран кетеді. Олар үшін бұл дүниедегі ең қымбат, ең жақын адамдай. Олар бұған жабыла ақ жол тілеп тұрғандай. Жақан артына жалтақ-жалтақ қарап қойып педальді баса түседі. Шіркін десеңші, адамдарға қажетің бары қандай жақсы. Шамасы, азаматтың азаматтығы да сол басқаларға қаншалықты қажеттінің барлығымен өлшенетін болса керек. Олардың күнде саған пәлен рет шаруалары шығып, «айналайындап» алдыңа келіп тұрғандары қандай тамаша! Жігітке өз атын басқаның аузынан естігеннен асқан бақыт бар дейсің бе!

— Жақан!

— Уа, Жақан!

Айта берсін, атай берсін, айқайлап шақыра берсін. Күніне мың рет, тіпті миллион рет атасын, шақырсын, әңгіме қылсын... Тек мынау жол жиегіндегі әрі өткен мен бері өткеннің шаңына көміліп, белгісі мен бедерінен жұрдай боп, енді мынау ұлан-асыр дүниеде ешкімнің көзіне ілікпейтін сілтібас тырбық қылтанақтай керексіздіктен аулақ қылғай... Жақан бір кезде тек бір үйлі жан ғана білетін, оларға да керегінің бар жоғы белгісіз елеусіз біреу боп қайтып күн кешкеніне қайран қалады.

Ал, қазір... Қазір, міне, осы ауылдағы ауыз біткен тек осының атын атап қақсауға жаратылғандай:

— Жақан...

— Жақанжан...
— Жақан, шырақ...
— Жақан, қалқам...

Құдайға шүкір, не көп бүгінде жұрттың шаруасы көп. Сәл жолап кеттің-ақ, бір тапсырмасын айтып жатбыса кетеді. Жақан өзіне айтылған сөзді көп жерге тастай қоймайтын. Бірақ, бәр-бәрінің иек көтерген жағына елпілдей берсе, не жаны қалады. Кейінгі кезде бас тартатынды шығарып жүр. Өзінің қадірін де сол бастартқалы бері біліп жүр. Бұрын бірдеңелерін өткізіп қойғандай бұлданып бұтқа толып айта салатын талай тапсырманы қазір жұрт жалынып-жалпайып, қиылып сұрайтын болды. Бұл соның бәріне бұрынғадай қолқ ете бермейді. Содан да ма, кейбіреулер бұртыңдап, өкпелеп қалады. Өзімді баратын жеріме апарып салмады, жүгімді ала кетпеді, айтқан шаруамды тындыра келмеді деп өкпелейді. Жақан ондай-ондайға көп қыңбайтын боп барады. Өйткені, кейінгі кезде ол жігіттің жігіттігі тек кімдерді өкпелетпегеннен ғана емес, кімдерді өкпелеткенімен де өлшене ме деп қалып еді...

Ал Нүркеннің бұған не деп әкпелейтініне Жақанның өзі де түсінбейді. Оның тапсырмасын екі еткен жері жоқ. Бар шаруасын бітіреді. Почта баяғыдай көрші ауылдан атпен тасылмайды. Оны алып барып, алып келу Жақанның мойнында. Отарлар мен алыс бригадаларға келген хат-хабарды да жол-жөнекей ала кетіп апарып тапсыратын осы. Сонда да бұл Нүркеннің жел жағынан шығады да тұрады.

Оның себебін Жақан білмегенмен Нүркеннің өзі жақсы біледі. Кешегі жарық ерін, жалақ бет жылқышы баланың қолына руль тиді де, ол ауылдағы азғантай атқамінерліктен айрылды. Почта машинамен тасылатындықтан, енді оған ат берілмейді. Ертеден қара кешке сыз кеңседе қағаз қажап сығырандап отырғаны. Апта сайын аяғы салақтап жылқышы ауылға жетіп барып тұратын сылтау тағы жоқ. Кейінгі кезде онсыз да сызқабақтанып алған Елемес енді одан біржолата құтылдым деп қуанып жүрген шығар.

Көп мойнақтың арқасы комнан, көп тұғырдың арқасы тоқымнан босады. Бәрінің орнына жалбаңдап Жақан жүреді. Құйғытып кетіп бара жатқан кім? Жақан. Құйғытып келе жатқан кім? Жақан. Осы күні жұрт алыстан көрінген құйынды да Жақанның машинасының шаңы деп отырады. Сол жер түбіндегі будақ тозаңға бір түрлі еліге, дәмете қарайды. Тек Нүркенін аспандап қарайтын

ала көзі ғана ол көрінгенде жер шұқып сала береді. Бұрынғы шытырадай киініп шалқып жүретінді қойған. Тек арқасы жауыр нар қоспақтай тұмсығын көкке қарай алып қаша беретіні ғана баяғы, бір нәрсе ойлаған жерінен шықпай қалса,«Шорту!» деп шоршып кететіні ғана баяғы.

— Шорту, шаң ғып тастапсың ғой! — дейді машинаның кузовында келген почтаны алып жатып.

Оған бола айылын жияр Жақан ба! Бір кезде өзімен жөндеп сөйлеспейтін Нұркеннің сөзін құлағына да қыстырмай, төрт доңғалақты кезек тепкілеп, масаттана ысқырып қояды.

Жақан отарларға шығарда Нұркеннің ығы тіптен түсіп кетеді. Бұрынғы кербездіктің бәрін тастап, сәл нәрсеге қолын сілкілеп, күйіп-пісіп қалады.

— Әй, мына газеттерді барған бойда тапсыр. Бетін ашпаса да, ертең жиналыста не айтарларын білмей, ұрынарға қара іздеп тұрған шопандарға газетіміз дер кезінде келмейді деп жарты сағат сөйлеп, тілге тиек етуге жақсы.

— Мынау — телеграмма. Ет жеген жеріңде ұмытып кетіп қол сүртіп қойып жүрме!

Жақан жайбарақат күліп ыржиып тұрады. Құдайдың өзімен қыз алыспас ағайын кісіге ұқсап талтаң-талтаң басатын тәкаппар жігіттің бұртандап ашуланғаны қандай қызық еді...

Нұркен почтаның қарағай есігін бір серпіп ішке кіріп кетеді. Жақан рульге отырады.

Күздей қора басына шөп тасынды. Қыстай ауданнан жем тасынды. Көктемде малшыларды жайлауға көшіріп-қондырады.

Қойшылардың үйіндегі жеңгейлер бүгінде түйені қайтып қомдайтынын да ұмытып барады. Тіпті көшкен жұртта қалып кеткен итаяққа да: «Айналайын, зырлап барып әкеп бере қойшы!»— деп ұялмай-қызармай мұны жұмсап тұрғандары.

Сүйтіп, барып кел, шауып келмен жүргенде жылқышы ауылға жол шықпай қойды. Сол есіне түскенде рульді мытып ұстап, шыршық атып отырған білегі табан астында ылжырап сала береді. Көз алдына қоцыр жалда жұмыртқадай жарқырап тұратын жалғыз үй, анадайдан әупілдеп тұра шабатын жалбыр құлақ сұр тебет, оны естіп, сыртқа жүгіре шығатын Жамал келе қалады. Өткен жолы құдық басында да, машинасының қасында шығарып салып тұрып та көзі жаудырап, бір-

дене айтқысы кеп оқталғандай болып еді. Сұлу бойжеткеннің қымсынғаны неткен тамаша! Ұп-ұлпа аппақ тамағы бұлк-бұлк көтеріліп барып басылған... Жұмған аузын ашпастан, мөлдіреп бір қараған. Дүниеде одан асқан әдемі көрініс болуы еш мүмкін емес...

Жақан жылмиып жатқан қара дөңге көзі боталап қарайды кеп! Ештене көрінбейді. Сонау қылт-қылт көкжиектен нағып біреу шауып шыға келмейді? «Ау, бізге неге соқпай бара жатырсың? Тоқтай тұр!» — деп неге қол бұлғамайды. Көзі жасаурап кетеді. Білегімен сүрте сап, қайта тесіледі. Сол жып-жылмағай тұп-тұлдыр кеңістік. Лүп етер леп те жоқ. Бұта екеш бұталар да бұғып-бұғып алған. Алабұртқан көңілінің бар аңсарын айтпай-ақ біліп, қайтер екен деп сынап жатқандай

Машинаның қалай жолдан шығып кеткенін өзі де аңғармай қалды. Қазандықтың деміндей ыстық леп бетін жалап өтті. Сонау қара жолдың арғы жағы — жылқышы ауыл... Құлағының түбінен тер тамшылай жөнелді. Машина ызенді қоңыр дөңде үсті-үстіне шоқалақтай берді.

Бұл жолы көз алдында — тек Жамал. Оның үп-үлкен жәудір көзі. Лүпілдеп тұрған ұп-ұлпа ақ тамағы...

Ол бүгін Торғыннан да, Елеместен де, Жамалдан да, тіпті өзінен де бір түрлі қысылып келеді. Машинаның рулі де әйтеуір оп-оңай ырқына көне кетпей, қолынан қайта-қайта шыға берді. Өмірінде алғаш рет тек бүгін ғана Елеместің үйіне ешқандай ағайындығы жоқ аты келді біреу екенін мойындап келеді. Қазір ол: «Иә, бала, қандай шаруамен соқтың?» — деп сұраса, не демек? Май-май, шаң-шаң сықпытын көріп сұлу бойжеткен теріс қарап сықылықтап күліп жүрсе, қайтпекші...

Жоқ, рульге тас қып жабысып алған. Кейін қайта қояр түрі жоқ. Ауылда басы Шайхат болып жүрттың бәрі күтіп отырғанын да біледі. Ауданда колхозға бөлінген талай жүктің ашық-тесік тасылмай жатқанын да біледі. Бірақ, бәрібір жылқышы ауылға соқпай қоймайды. Өмірінде бірінші рет тәртіп бұзып өз дегенімен келеді. Онда да Жамал үшін, Жамалды бір көру үшін... Мейлі, бұнысына бола ертең жұрт не десе о десін. Тек Жамалды, Жамалдың лүп-лүп еткен аппақ тамағын бір, тек бір-ақ рет көрсе болғаны! Бірақ, соншалықты өліп-өшетіндей Жамал мұның кімі еді? Әлгі Елемес қоя ма деп қорқып келе жатқан сұрақты қыздың өзі қойса, қара жерге тірідей кірмей ме!... Мейлі, мейлі... Ит қосып қуса да, мейлі... Тек бір көрсе екен...

Тиіп тұрған жер еді ғой. Бүгін нағып осынша қашықтап кеткен? Уһ, әне, көрінді-ау! Жалбыр құлақ сұр төбет тұра шапты. Белдеуде ат байлаулы. Елемес ауылда болды. Есікті серпіп ашып біреу шықты. Торғын ба... Жоқ, Жамалдың өзі... Қайта кіріп кетті.

Үйдің ту сыртына кеп тоқтады. Сұр төбет құйрығын бұлғандатты. Белдеудегі ат Теңбілкөк екен. Өн-бойына ошаған жабысып қалыпты.

Жақан жүрексіне сәлем беріп табалдырықтан аттады. Үйреншікті көрініс. Даладай дастарқанның басында үш адам. Қақ төрде — Елемес. Бұл қолын шайып төрге озды. Жамал орнынан тұрып жол берді. Торғын басындағы шашақты орамалды бір түзеп қойды. Қалампыр араластырып демдеген сол баяғы бұйра шай. Тек бұның өзі ғана өзгеріп кеткен. Қараптан-қарап қысылып отыр.

Елемес дастарқан жиналған соң барып хабар сұрады. Өзі баяғыдай емес, арыған. Қыр мұрын сорайып сүйірлене түскен. Бет-аузы күнге тотығып қарайыпты. Босағада тұмсығын шөп жеп тастаған шаң-шаң етік. Жылқыны жалғыз бағу оңай тиіп жүрмесе керек.

Бесін ауа — үйдегі ыдыстың бәрі кузовқа салынды. Кабинаға көксұр Елеместің өзі кеп отырды.

Ертеңіне көксұр Елемес таңнан тұрып жылқыға кетті. Торғын мен Жамал мұны тағы да машинаға дейін шығарып салды. Қыз әкесінің көзінше бірер қымсына көз тастаған да қойған. Қазір аппақ тістерін түгел жарқырата күлді. Бірақ, бұл рульге отыра бере оның жүзіне қайтадан кіреуке жүгірді. Тамағы тағы да лүпілүп еткендей болды. Тағы да ештеме демеді.

Бұл жолы Жақан көп ұзамай тағы бір айналып соғуы керек екендігіне көзі анық жетіп бара жатты.

VI

Содан Жақан жылқышы ауылға мизам туа бір-ақ соқты. Бұл жолы салған жерден құйғыта жөнелді. Дала екеш дала да оның алып-ұшқан көңілін бірден сезгендей әдеттегі ойқы-шойқысының бәрі тегістеліп жып-жылмағай бола қапты. Доңғалақ қағар ештеңе ұшыраспады. Қара жалдар да сонадай-сонадайдан бастарын бір-бір көтеріп ап, қайта бұға қояды. Баурай-баурайдағы сылаң құйрық селеулер де: «Білеміз, біледіміз кімге асыққаныңды! дегендей жымың-жымың бүлкілдеседі

«Білсеңдер, біле беріңдер!»—дейді ол ішінен.

Тасадан шыға кеп, бір жалт беріп, құлақтарын тігіп едірейіп-едірейіп қарап тұрып, жалт етіп қайта жоғалып, таңдарын жарқыратып безе жөнелетін қара құйрықтар да жел жаққа шығып алғасын нірілін тоқтай қалады. «Бізді қуып жүруге сенің уақытың жоқ. Асығыс екеніңді біз де білеміз!»—дегендей тұрған жерлерінде ойқастай секіріп-секіріп алады.

«Білсеңдер, біле беріңдер!»—дейді ол ішінен.

Талай-талай кесіртке бас, келтек жалдар да қылтқылт қалып жатыр. Талай-талай тегене ой, тегіс жазықтар да қалып жатыр. Айна тақырлар да, кебіртек баурлар да, майса құмақтар да қалып жатыр. Әне, басында мосы ағашы бар айғыр қара жал бір бұру қалып барады. «Жүрісің тым суыт екен, неге тоқтамай бара жатқаныңды білеміп!»,— деп жазғырып тұрғандай.

«Білсең біле бер!»— дейді ол ішінен.

Әне — үзігі шақырайған жалғыз үй. Әне — жер ошақ басындағы үйдің үйінді тезегі. Әне — оның тасасынан жалбыр құлақ сұр төбет атып тұрды. Әне, тілі салақтан шауып келеді. Әуп-әуп үріп келеді. «Кім екеніңді таныдым. Бірақ, ит болғансын ауылға бет қойған жүргіншіге үрмеске қақым жоқ. Өйтпесем, қажап жүрген сүйек-саяғым мен ішіп жүрген сорпа-суымды ақтамай, қожайынымның алдында бір, тәнірдің алдында екі күнәлі болам. Оның үстіне, кейінгі кезде осы үйдің бойжеткені жол жаққа көп қарайтынды шығарып жүр, сенің келе жатқаныңды ол да білсін деп бір жағынан әдейі үріп келем. Әйтпесе, мен үргеннен сенің сайтаның да сескенбейтінін білемін ғой»,— деп келе жатқандай.

«Білсең, тіптен жақсы!»— дейді бұл ішінен.

Бұл жолы сыртқа Торғын шықты. Оны көре сала жалма-жан жаулығын түзеді. Білезігі күнге шағылысып жалтыраған жұп-жұмыр ақ білегін маңдайына апара беріп, бір жымнды. «Е, бала, мұнша келгіштеп кеткеніңді бір кісі білсе, мен білем ғой»,— деп тұрғандай.

«Білсеңіз, сол білгеніңіз дұрыс!»— дейді бұл ішінен.

Белдеуге бұл жолы да Тенбілкөк байланыпты. Құйрық-жалы ошағанынан тазарыпты. Есікті серпіп ашып кіріп барғанда көзі Жамалға түсті. Ол да шай құйып отырған жерінен атып тұрды. Былайдағы ұялшақтығын ұмытып, жарқ етіп күліп жіберді. «Келгенің қандай жақсы болды. Осылай боларын біліп едім-ау!»— дейтіндей.

«Білсең болды, Жамалжан!»— дейді бұл іштей елжіреп.

Екеуі бір-біріне қарап тұрып қапты. Соңынан кірген Торғын тұсынан өте беріп байқатпаған боп шынтағымен түртіп қойды. Жақанның көзі дастарқан басында отырғандарға сонда барып түсті. Түсі бұзылып кетті.

Қақ төрде, үйреншікті орнында, Елемес шайді сораптап отыр. Ештеңе байқамағансып, тізесінде жатқан жұмсақ сүлгімен тершіген маңдайын сүртіп жатыр. Шай құйып отырған Жамалдан жоғары... Оразмағанбет... құс жастыққа шынтақтай құлапты. Жатысы, ыржиып күлгені, аяғын босағаға қарай созып тастағаны бәз баяғысынша. Бұған ығысып орын беру үшін ғана орнынан қозғалып, шынтағын жастықтан көтерді.

Жақан қолын шайды. Құман ұстап тұрған қитар көз бала жігітті сонда барып байқады. «Бұл кім болды екен?». Бала құманды босағаға қоя сап, Торғынның есік жағын жүрелей отырып, шыны аяққа қол созды.

Жақан Оразмағанбеттен жоғары төрге озды. Шайы құрғыр тамағынан өтер емес. Көзі үй ішіндегілерді қыдыра шолып жүр. Жамал шай құманнан көзін көтермей тұқшиып кетіпті. Торғын шыны аягының үстінен көз қиығын бұған салып қояды. Елемес ернінің ұшын қыбырлатып жөн сұрады. Жақан да әлдене деп аузын қимылдатты. Бірер шыны аяқтан соң дастарқаннан кейін шегінді. Қалғандары да шыны аяқтарын төңкере бастады. Жамал бұлардың бірдеңе дегендерін тосқандай шыны аяқтарды асықпай бипаздай сүртіп, ту сыртындағы жүк аяққа тықты. Сосын шыршықтан дастарқанды жинап алды. Шоқ салулы легенді көтеріп сыртқа алып кетті. Содан қайтып оралмай қойды.

Бұл әлденеге тықыршып отыр. Елемес аузына насыбай сап алыпты. Оразмағанбет шаңырақка қарап, шалқалай аударылды.

Қамшысын ап сыртқа зып берген бейтаныс бала жігіттің соңынан бұл да шықты. Жан-жағына көз салып еді, Жамал ошақ басында жүр екен. Күйбеңдеп әрі айнала береді. Жалбыр құлақ сұр төбет қана келіспейтін бірдеңенің бар екенін білдіргісі келгендей, құйрығын бұтына қысып қайта-қайта аяғын піскелейді.

Жақан машинасының қасына келді. Әлгі бейтаныс бала жігіт басын сұқандатып кабинаға үңіледі.

— Ага, осы сағатына жүз шақырым алады деген рас па? — деп қояды.

— Немене, машинаға отырып көрмеп пе ең?

— Жоқ, аға.
— Ауылдарыңда машина жоқ па?
— Бар, аға.
— Қай колхоздансың?
— «Ұшқыннан».
— Мұнда нағып жүрсің?
— Нағашы ағам кел дегесін...
— Нағашы ағаң кім?
— Елемес...
Жақан бірдеңе түсінгендей ысқырып жіберді.
— Әке-шешең қайда?
— Ауру шешем бар. Нағашы ағам көп ұзамай қолыма көшіріп алам деп отыр. Сіз де жылқы бағыпсыз ғой.
— Иә.
Қитар көз бала жігіт бұнымен етене жақындығы бардай қипақтап қасынан кетпей тұр.
— Нағашы ағам орталыққа апарамын деп еді. Енді, бірақ, Жамал апамның тойы өткенше қолы тнер дейсің бе...
Жақанның тамағына тап-тастай бірдеңе кеп кептеле қалды. Тілінің ұшына ештеңе оралар емес. Жалақ ерін қитар баланы көзімен ішіп-жеп барады. Анау шегіншектей берді.
— Оразмаганбет ағам сыртқа шыққан екен. Барып шылым сұрайын.
Үйден Оразмаганбет шығып келеді. Үстінде жылтылдақ қара қостюм. Жерге отырганнан шалбарының тізесі қалталанып қалыпты. Қолында жарқ-жарқ еткен сағат. Маңдай тісі де күнге шағылысып жалт-жалт етеді. Шіркін, сол жалт-жалт еткен алтын тістен құлаштап тұрып бір берер ме еді. Үстіндегі жылтырақ костюм, ақ көйлекті шешіп ап, соңынан сұр төбетті айтақтап, жеркөкке симайтын пән борбайын көстендетіп тыр жалаңаш қуар ма еді. Қос құйрығы күнге жалтырап, тызақтап, безіп бара жатқанын бір көрер ме еді...
Оразмаганбеттің мұның не ойлап тұрғанында шаруасы шамалы-тұғын. Талтаңдай басып машинаның көленке бетіне өтті. Ауылдың желкесіндегі жүлгеге баруға еріпді. Машинаның тасасына теріс қарап талтайып тұра қалды. Қазір жарапазаншы Жанақ шалдың қара есегіндей белі үзілгенше шірене қайқайып сілкініп-сілкініп алады.
Жақан жалма-жан рульге отырды. Газды басып қап жылжып жүре берді. Оразмаганбет сол үйдің желкесін

де талтайған күйі қала берді. Ошақ басында жүрген Жамал бұған жалт қарады. Күнге шағылысып жарқ ете түскен аппақ тамағы лүп-лүп ете қалғандай болды.

Бұл беті ауған жаққа тартып келеді. Қайда бара жатқанын өзі де білмейді. Әйтеур, әлгінде ғана алып-ұшып көңілін су сепкендей сап қылған сұмырай үйден безіп барады. Төңірегін топан қаптап келе жатқандай көз алды бұлдырап сала берді. Мынау жер-көкті түгел қалқытып алып бара жатқан қаран суға бір-ақ сүңгіп жоғалмақ. Жамалдың әлгі бір оспадарсыз оңбағанға бұйырып бейшара болғанын көргенше көзін бір-жолата құртпақ. Қайда бара жатыр, не істемек — оны өзі де білмейді. Әйтеуір мынау Елемесі бар, Өтемағанбеті бар Оразмағанбеті бар көлгір дүниені енді қайтып көргісі келмейді. Әлгі бір тарпаңдай басқан талтаңбай неменің мұның сүттен ақ ұп-уыз сезіміне, Жамалдың айдай ажары мен абзал арманына, тіпті мынау жарық дүниенің тас төбесіне жаңағы машинаның көлеңкесіндегідей қып талтайып тұрып түкіргені бар ма! Ендеше, мынау бейшара дәрменсіз дүниені сол талтаңбайлар-ақ табанына салып таптай берсін...

Ышқынып газды баса түседі. Қолындағы рульге кеудесімен төне түскен. Машинаның жүріп келе жатқаның, не ұшып келе жатқанын өзі де білмейді. Әйтеуір бір соқыр ыза көкірегін жарып барады. Әйтеуір бір соқыр ыза қол-аягын жер-көкке тигізбей басы ауған жаққа құйындай ұйтқытып алып барады. Кенет маңдайы тарс ете қалды. Кенет аягы газдан шығып кетті. Машина шоршып-шоршып түсті де, бір қырындап жантая тоқтады. Көпке дейін көзін аша алмады. Дүние әлі шыр көбелек айналып тұр. Бір уақыттарда барып қолы есіктің тұтқасына тиді. Жұлқып ашып сыртқа шықты. Алатағанақ тақырдың шетіндегі қалың жапақ өскен қоңырлық екен. Арба батып қазып тастаған кішкене қазан шұқыр. Алдыңғы доңғалақтың біреуі соған кеп кептеліпті. Төңірегі шимай-шимай сызық. Еңіреп қатып қалған шұқанақ-шұқанақ балшық. Әйтеуір, аударылып кетпегеніне шүкір. Машинасының о жер, бұ жерін шұқылап көріп еді. Қираған, бұзылған ештеңе жоқ секілді.

Машинаны кейін шегіндіріп, әлгі қазан шұңқырдан атып шықты. О жер-бұ жерде шашылып қалған құрым киіздің жұрнақтары мен сүйек-саяқты енді көрді. Мынау бұралқы соқпақтың өтелші Өтемағанбеттің арбасының ізі екенін сонда барып таныды. Ызасы кеп кетті.

Ақ тақырды әлденеше мәрте шимайлап тастаған екі жіңішке сызықты әрлі-берлі таптап көріп еді, тауса алмады. Кері бұрылды. Әлгінде ғана өзі безіп жалғыз үй жылқышы ауылға қарай қайта ағызды. Төтен бірдеңеге белді бекем буған түрі бар. Сол зулаған күйі үйдің желкесіне манағы тоқтаған жеріне кеп кілт кідірді. Жамал әлі ошақ басында күйбеңдеп жүр екен. Бұны көргенде қолындағы тезек толы шылапшыны жерге түсіп кетті.

Жақан кабинаның есігін сарт еткізіп жауып, аңырып тұрып қалған Жамалды қасына шақырды.

— Жаңа ұмытып кетіппін. Сені комсомол жиналысына алып кел деген. Киін де жүр! — деді.

Жамалдың жүзі бір қызарып, бір бозарды. Әлденеге түсінгендей. Басын изеді. Сол екі ортада сыртқа Елемес шықты. Оған ілесе Оразмағанбет те көрінді. Жақан Жамалға айтқанын оларға да айтты. Өңі түтігіп алған. Екі көзі алдына кеп, аңтарыла тұрып қалған екі еркекті алма кезек жеп барады. Төсін желге беріп талтая тоқтаған Оразмағанбеттің дүрдік ерні бұрынғыдан бетер дүрдие түсіпті. Жылдан-жылға ет көміп бара жатқан індігеш көзі жұмыла түсті. Шара табақтай көлкөсір бетінде кекірігі азған тоқтықтан басқа ештеңеге орын тимепті. Тіпті мына үсті-басы май-май жаман шофер құдайдың кіндігінен түскендей неге осынша ежіреңдейді, қайдағы бір комсомол жиналысын қайдан тауып тұр, оны неге мана айтпай, қайтып келіп айтады, ұрын келіп жатқанда, қалындығын бөтен біреудің жанына отырғызып, жайбарақат қала бергені қалай болады деген уәйім, күман, реніштің бір де біреуі жылт бермейді. Сақасының қалай нірсе де, алшы түсетініне көзі әбден жетіп болған, бір ауылдың балаларына түгел әлімжеттік жасап үйренген шәлдуар баладай кекірейе қарайды.

«Кекірей, кекірей!» — дейді Жақан ішінен зығырданы қайнап.

Енді көзін Елемеске аударды. Ол ылғи сый қонақтар келгенде кнетін өңірін жасыл масатымен әдіптеген құс таңдай түйе жүн шекпенін жамылып шыққан екен. Иығынан сусып тұрмай қойған соң қайта-қайта тартқылай береді. Сыр алдырмағансынды. Бірақ, анау сояу кірпіктердің ар жағынан кілгіре қарайтын жымысқы көздің не ойлап тұрғанын кім білген... Не ойласа да, мейлі... Жақан, бәрібір, алған бетінен қайтпайды. Тек Жамал ынжықтық жасап жүрмегей... Мына екі еркек бұ-

ған қолдарынан екі келсе, бірін қылсын... Қазір, жоқ қас қағым сәт кейінірек араларында не болып, не қоятынына көзі жетіп тұрғаны шамалы. Өйткені, онсыз да Көксұр Елеместің беті одан сайын сорайып барады. Оразмағанбеттің құм басып кеткен жатаған жалдай тап-тайпақ жапырақ бетінің екі шықшыттығында, астынан құлық түртіп ойнағандай, бірдеңе бүлк-бүлк еткендей болды. Бәлкім, тіпті, көзіне қос көрініп те тұрған шығар. Бірақ, еңгезердей-еңгезердей екі еркектің мына тұрыстары қай тұрыс? Неге тырп етпейді, неге үндемейді...

Әңгүдік Оразмағанбет ештеңеге түсінбесе, түсінбейақ қойсын, бірақ Елемес нағып түсінбейді... Оның жер түбіндегіні сезіп, байқап, көріп отыратын тіміскі жанары нағып ештеңені аңғармай тұр? Мұның былай бейсауат келіп, бейсауат кетуі, төбеден түскендей қып: «Қызыңды комсомол жиналысына алып кетем», — деуі, бұрын бүгежектеп алдына түсе беретін боқ мұрынның әлдеқандай боп шіреніп тұрысы неге жынына тимейді. Неге мысқыл шақырмайды? Адам түгілі, құдайдың өзін көзіне бір көрсетсең, оның бойынан да бірдеңе тауып ап, шіге шаншып мығынан күлетін мысқылшыл неменің езуіне біреу әдейі желімдеп қойғандай жабысып ап түспейтін үйреншікті кекесін күлкісі қайда құрыған? Тек осыдан жымнып көрсін, бәлем... Отыз тісін сауыратып санап тұрып алақанына сап бермесе, жер басып жүрмей ақ қойсын. Талайына тап келген бір оңбағанның ең болмаса қан салған тайлақтай қып аузын бұза алмаған жігіттің жігіт аты құрсын. Ондай шірік еркекпін деп талтаңдап бөрік киіп шікірейгенше, басындағы бейкүнә тоқтышақтың терісінен садаға кетсін. Тап қазір есесін жіберсе, дәл осы сәтте өзінің дегені болмай, мына бірі әңгүдік топас, екіншісі жымысқы жылпос екі оңбағанның дегенін істетіп қойса, онда Жақан да бұдан былай бөріктен күдер үзсін. Тек Жамал... Жамал... жығып бермегей... Жамал... мейлі ынжықтық жасаса жасасын... бірақ... бірақ... бұл ынжықтық жасай алмайды. Осы арада бір ойран салып кетпей рульге қайта отырмайды. Арты не болса, о болсын... Ел не дейді, жұрт не дейді, заң не дейді, мейлі... Жамалды мынандай сілімтіктің қанжығасына өңгертіп жіберіп қарап тұрар жәйі жоқ. Елдің алдындағы, заңның алдындағы өйткен мақұлдығы құрысын... Апырау, көксұр Елемеске мұншама не болған? Бұған неге көзін тура салмайды? Неден жасқанады? Ең болмаса, неге күлмейді? Неге әжу-

аламайды? Әлгі жексұрын күлкісі қалайша бір жылт етпейді? Жоқ. Көксұр Елеместің сол сұп-сұр қалпы. Жұп-жұқа еріндеріне күлкі жүгірер түрі жоқ, жымқырылып кетіпті. Сұлк тұрған Елемес бір уақытта тіпті шайқалақтап кеткендей болды. Мөлиіп қызына қарады.

— Бармасам, ұрысатын шығар. Өткен жолы да қалып қойып ем, — деді Жамал көзін жерден көтермеген қалпы. Сып беріп үйге кіріп кетті. «Қап, бәлем, қалай екен!» — дегендей Жақан Елеместің жүзіне шаншыла қарады. Ендігәрі бұның көзінше жарық жалғандағы жан біткенге мығынан күлетін мекерлігін көрсете алмастай болған шығар.

Көп ұзамай Жамал қайтадан шықты. Торғын бірге шықты.

Бәрі жабылып машинаға қарай жүрді. Жете беріп тоқтай қалысты. Елемес бірденеге білгісі келгендей Жақанның жүзіне ұрлана көз тастады. Жақан міз бақан емес. Елемес ығынан сусын төмен түсіп бара жатқан шекпенді жоғары тартып, кейінірек тұрып қалды. Жақан есікті ашып Жамалды кабинаға отырғызды. Сосын рульге қолын апара беріп, сыртқа көз салды. Көксұр Елеместің өңі күлдей боп кетіпті. Ылғи бір қиығынан ғана қарайтын қуақы жанары жылтырынан айрылып бұ дүниеден әбден күдер үзген о дүниелік адамдай қарсы алдындағы бұдан былай ырқына көнбейтін қиқар жігіттің қатыгез жүзіне мелшиіп қалыпты

Оразмағанбеттің сол бедірейген жайбарақат қалпы.

— Бұған саусағын кезеп:

— Бала, смәтри! — деп қояды, бар салмақты жалтырақ күрек тісіне салып.

Бұл газды басып қалып еді, машина анадай жерге ытқып кетті. Үй сыртындағы үшеу сол сондарынан телмірген қалпы қала берді.

Бір жалдан асқанда тегенедей шұқыр ойға жабылып жатқан көп жылқыға қарай шара көз шабдар айғырға мініп, екі етегі далақтап құйғыта шауып бара жатқан манағы бейтаныс бала жігітті көрді.

Ағызып келеді. Кенет мырс-мырс дыбыс құлағына тиді. Жалт қараса — Жамал. Ағыл-тегіл жылап отыр. Бұдан тайсалып, бұрышқа қарай тығыла түсті.

Жақан аяп кетті. «Әй, туған үйі құрғыр-ай. Аяқ қолын матап, хайуаннан аты өзге әйтеуір екі аяқты біреудің алдына өңгеріп жіберс жаздаса да, қимай келеді-ау. Қыздың көзін сүртіп, арқасынан қағып, жұбат-

қысы келді. Бірақ екеуден-екеу оңаша келе жатса да, тап бір күллі дүние былайғының бәрін тастап тек сол екеуіне қарап тұрғандай, өзінен-өзі ұялып, қозғала алмады. Аяқ-қолы руль мен акцеляторга жабысып қалған тәрізді.

Зуылдаған жел құлағын жарып барады. Қара дөңді тіліп түскен қасқа жол бұларды бір төтен іске бастағандай тұп-тура ақсия созылып жатыр. Жалғыз үй жылқышы ауыл әлдеқашан тасаға түсті. Әлгінде ғана мауыздай-мауыздай екі еркек жаңғыз бұғақылар қайран таба алмай қаққан қазықтай тұрған-тұрған жерлерінде қалшиып-қалшиып қала берді емес пе! Жарықтық, бәрі мына машинаның арқасы... Жақан қолындағы рульді аялап отырғандай оң қолымен бір сипап қойды.

Тәйірі, Елемес пен Оразмағанбет басы Шайхаттың өзі боп бүкіл ауыл ел жолына қарап отырған бұған қыңқ деп ауыз аша алар ма... Аша алмастан қалды ғой, әне...

Бұлар құстай ұшып келеді. Мана ғана анадай-анадайдан анталай қарап ұзатып салған кеспелтек қара жалдар енді, міне, бұл не бітіріп қайтты екен дегендей бастарын көтеріп селтие-селтие қапты.

Жақан газды баса түсті. Ұшқыр жылдамдықтан аяқ астында шалқар көлге айналып шалқи жөнелген кең жазира алқаптың белес-белдері желді күнгі жал-жал толқындай көтеріліп құлап, көтеріліп құлап кейін аунап қалып жатыр. Сол мың дөңбекшіп, шыр көбелек айналып бұлдырай қалып жатқан жойқын кереметке жас нәрестедей аузын ашып таңырқаған Жамал көзі бақырайып қадалып қатыпты да қапты. Қайқы кірпіктеріне ілініп қалған мөлдір тамшыларды ашық терезеден үйлдей соққан өкпек жел моншақтай домалатып әкетіп жатыр. Бұрын-соңды мұндай ғажапты көрмеген сұлу қыздың әлгіндегі шөлмектей бозарып кеткен сұп-сұр жүзіне қайтадан лып-лып қан жүгіріп балбұл жайнап қоя беріпті. Томпақ-томпақ етті еріндері албырай түскен. Үп-ұлпа аппақ тамағы су ішкен кептердің жемсауындай лүп-лүп етеді. Шашынан сипағысы, құшақтап аймалағысы келіп-ақ отыр. Бірақ аяқ-қолы руль мен педальге желімше жабысып апты, ажырар емес...

Жақан қазір осы барғаннан қайда тоқтайтының, қасындағы Жамалды қайда апарып паналататынын білін келе жатқан да жоқ. Бірақ, тілегінің оңғарылғанына, бұл дүниеде енді бұдан бақытты адам кем де кем екені-

не көзі әбден жетіп келеді. Астындағы машина бағана-ақ қара жерден үзіліп шығып, зеңгір көкке бір-ақ шырқап көтерілгендей. Мынау зулаған жылдамдық осылай қалықтатып-қалықтатып анарып айран-асыр ауылдың қақ ортасына бір-ақ түсірердей. Шіркін, онда бала-шаға түгілі үлкендердің өзі-ақ таңдай қағып тұрар еді-ау. Бұған жаны ашып жақсы көретіндер: «Е, бәсе! Елден алғыс алған тегін кетпейді деген осы ғой. Жұрттың күнде айтатын көп «тәнір жарылқасыны» көсегесін көгертпей қойсын ба! — деп бір-бір масаттанып қалар еді. Ал, бірлі-жарым өкпелілер: «Мырза құдайдың көзіне кешегі жалақ ерін жаман жылқышыдан басқа кісі түспейді екен. Осының-ақ мейманасы тасып болды ғой. Ауылдағы ең сұлу қыздың да соған бұйыруын қарашы!» — деп бір-бір бұртаңдап қалар еді. Шіркін, Нұркенді көрер ме еді сонда. Онсыз да кездескен кезде бұның бетіне тура қарамай түртеңдеп бітетін неме кабинадан жарқырап Жамал сұлумен бірге түсіп жатқанын көргенде өті жарылып кететін шығар. Жарылса, жарыла берсін. Бұл анада аудан орталығында кинога барғанда көргеніндей қып Жамалды қолтықтап ап ауыл советтің кеңсесіне алшаңдап бір-ақ тартады.

Іркес-тіркес шоқылардың етегінде тарыдай шашырап колхоз орталығы көрінді. Бұрылып қарап еді — Жамал алабұртып отыр. Астыңғы ерінін тістелей береді. Өңі қуқыл тартып, бұған бірдеңе дейді. Жақан оған абыржымай-ақ қой дегендей ырсиып күледі. Қыз ұялып төмен қарайды.

Машина ауылдың қақ алдындағы биік қара жалдың құлауына ілікті. Жамал бұған жаутаң-жаутаң көз тастауын жиілетті. «Ай, қанша дегенмен, қыз баланың тағдыры да қиын ғой,— деп ойлады Жақан.— Әлпештеп баққан ата-анамды жерге қаратып бөгде біреудің етегінен ұстап кеткенде кейдей күйге ұшыраймын деп отырған шығар. Оған бола уайым жеме, Жамалжан. Жеті мүшем сау болып, қара жердің үстінде жүрсем әйтеуір қатарыңнан кем қылмаспын. Манағы айтқызбай білің, әкең болғанымен өз көлеңкесін өзі алдап кетуге тырысатын әйгілі екі мен ақ адал еңбегімен емес, әкесінің елді алдап, қыл қыбырдың үстінен қиқымдап жинаған қоқыс дәулетіне бола бұтқа толып, кекірейіп тұрған желбуаз жекесұрынды тақырға отырғызып кеткенің үшін-ақ, не айтсаң да, алдыңда тұрмаспын. Көзім жұмылғанша төбеме көтеріп өтермін. Оған имандай сен, Жамалжан...»

Қыз бұның көкірегін кернеп жатқан көл-көсір пейілді қабағынан танып, албыраған шие еріндерінің ар жағынан қаладай қаланған аппақ тістерін ақсита көрсетіп: «Түсіндім, мен де сенің бұндай сын сәтте бел буып, қайрат жасаған ерлігіңді ұмытпаспын. Көз алдында шырылдап күйіп бара жатқанымда ойланбастан отқа қойып кеткен көзсіз көбелек ерлігіне ризамын. Ол екінің бірінің қолынан келмейді. Сенің қолыңнан келді. Ол үшін мен де сені өле-өлгенше сыйлап өтермін. Қыз арын өз жанына теңгерген сендей жігіт кем де кем. Сенен жаным артық емес. Етегіннен ұстап, бірге жүріп, бірге өтсем, арманым жоқ»,— дейтіндей. Жәудіреген көзі қандай тамаша еді. Еңкейіп сүйіп алса ма екен... Қазір ауылға барғасын қарайған жұрттың көзінше, сірә, құшақтап құмарынан шыға алмайды. Жоқ, бұдан арғыға шыдамы жете алар емес. Көз алды бұлдырап, тамағы кеуіп, буын-буынын діріл жайлап барады. Бұрын-соңды мұндай халді бастан кешіп көрмепті. Баяғыда айдалада аппақ қарда үсіп өлуге айналғанда да дәл бұлайша қалтырап-дірілдемеген сияқты еді. Енді сәл шыдаса, тағатсыз сезімнің тақылдап айтып тұрғанына тағы да құлақ аспаса, қайырып тастаса, біржола естен танатындай. Алдындағы ирелең жолға да, қолындағы рульге де қараған жоқ, мойнын бұрып ап, не де болса тәуекел деп, қасындағы екі бетті балбұл жанып алабұртып келе жатқан қызға, оның албырай көтеріліп дір-дір еткен ал қызыл еріндеріне әптек еңкейіп, енді-енді төне беріп еді... құлағының түбінен жүрексіне шыққан бір... әлсіз дыбыс... күбірлегендей болды.

— Өзі... ауылда... ма... еді:..

Жақан басын қайта көтеріп алды. Кімді айтады? Ауылдамасы несі?

Ештеңеге түсінбей отырғанын білдірісі келгендей қыздың жүзіне қайта қарады. Жамал да қарады. Естімей отыр десе керек, тамағын кенеп, қылғына, қинала сөйледі. Екі беті алаулап барады.

— Нұркенді айтам. Ауылда ма еді?..

Жақан газды басып отырған аяғының сіңірі тартылып қоя бергені. Жан-дәрмен ышқынып қалды. Машина шайқалақтап-шайқалақтап барып, жолдан шыға кілт тоқтады. Зуылдап келе жатқан мотор үні мен жел гүілі бірден жым болды. Жақан көкірегіне сүңгіп жоғалған қап-қатты рульді еңсесімен ығарлай жаншып сұп-сұлқ отырып қалды. Қаны қашқан сұп-сұр бетін қызға бұрып, көзі жөндеп түспей, есеңгірей қарады. Оған Жамалдың

назары сонда барып ауды. Жарқыраған тана көздері шарасынан шыға адырайып кетті.

— Жақан-ай, саған не болған?

Қыз оны аяп бас салудың, асты-үстін түсіп, құлын даусы шығудың орнына, қорыққандай әрі жылысып, бұрышқа қарай тығыла түсті. Екі қолымен жалма-жан омырауын көлкештеп, екі тізесін тас қып қысып апты. Екі иығы, негі дір-дір етеді. Жақанның көкірегін әлдекім осып-осып жібергендей болды. Әлгінде ғана өз-өзінен тарсылдап ала жөнелген тентек жүрегінен лып-лып шапшы көтеріліп, өне бойын өртше жайлап қоя берген ыстық қан құрдымға сіңіп жоғалғандай, қол-аяғы тегіс мұздап бара жатты. Жан-дәрмен есіктің тұтқасын жұлқылай берді. Өртте қалғандай жанталаса жұлқылады. Қолы дірілдеп әрең ашты. Сүйретіліп жерге түсті. Радиатордан шығып жатқан аппақ буды сонда барып көрді. Не болғанын түсінбей аңтарылып тұрды. Кенет есіне бірдеңе түсті. Екі жіліншігі жеміріліп, аяғын сүйрете басып, кузов жақтауына ілулі резина балонға зорға жетті. Ондағы суды апарып радиаторға құйды. Сосын орнына кеп отырды. Тағы да рульді құшақтай алды.

Моторда да үн жоқ. Жамалда да үн жоқ. Қара жалдан құлай бере кесекөлденең жолығатын жарлауыт сайдың бойы жым-жырт. Тек анадайдағы бір түп ши ғана: «Ештеңеге түсінбедік қой»,— дегендей бас шайқап қояды.

Кеудесін жол жиегіне арта тоқтаған машина бір ырғалып барып орнынан қозғалды. Сол аяғына жем түскен аттай қикаландаған күйі сайдан шықты. Қол созым жердегі тиіп тұрған ауылға салдырлап-күлдірлеп зорға жетті. Жақанға көкірегінде де әлдене үзіліп кеткендей боп көрінді. Қара машина кеудесін сүйреткен қара қоңыздай ілбіп келеді. Сол өгіз аяңымен ауыл шетіне ілікті. Сол өгіз аяңымен почтаның қасына жетіп тоқтады. Ар жағындағы қарацғы дүниені қалқалап жөнді көрсетпей, жарық дүниеге жабыркай телмірген алақандай әйнектен Нұркеннің жадау жүзі мен салыңқы иіні көрінді. Машинаға дұрыстап көз салмай орнынан сұлқ көтерілді. Сүйрстіле басып сыртқа шықты. Есік алдында ернін жыбырлатып сәлем мезіретін жасады. Жақан ернін жыбырлатқан да жоқ. Нұркен әдеттегі кекірейген қалпы қолтығындағы екі қағаз қапшықты кузовка сылқ тастай салды. Тағы бір-екі ағаш жәшікті де тарс-тарс лақтырып жіберді. Қараптан-карап тыр-

сиып бұлданып тұр. Ерні дүрдиіп кабинаға жақындады. Көзін жерден көтермейді. Жақанға бір сарғыш пакетті ұстатты. Сосын дудар желкесін бір көрсетіп теріс айналып кетті. Почта кеңсесінің қансылаған қарағай есігіне қолын соза беріп: «Ау, негып тұрсың? Кетпейсің бе енді?» — дегендей алая бір қарады. Сол-ақ екен, көзі сол аларған қалпы адырайып тұрып қалды. Аузы ашылып кетіпті. Өз көзіне өзі сенбегендей. Тұтқадағы қолы сылқ түсіп бара жатты. Бірақ тұрған орнынан тырп етіп қозғалған жоқ.

Жақан көзінің қиығын Жамалға тастады. Қыздың әлгінде ғана алабұртып тұрған өңі сүлік сорғандай сұрғылт тартыпты. Басындағы қызыл шарқатының ұшын оң қолымен мытып ұстап апты. Көзін Жақанға да, Нұркенге де салмай, жерге қарап тұқшиып кетіпті. Басын көтере алмай, өне бойы дір-дір етіп, зорға отыр. Жақанның жүрегі шым ете қалды. Көзін жалма-жан Нұркенге аударды. Нұркеннің сол мелшиген қалпы. Көзіндегі айран-асыр таңғалыс жым-жылас жоғалған. Ыза ма, жек көріниш пе, айырып болмас, бір шатынаған ызғар ұшқындайды. Танауын көкке көтеріп апты. Әлгінде ғана ініні түсіп сөмпиіп тұрған сабазың баяғы шекелеп қарайтып мінезіне басқан. Онсыз да қайқақ еріндері бір-біріне жанаспай, шығынысып кеткен. Тек бұны ғана емес, Жамалды да, тіптен күллі жарық дүниені де өлердей жек көріп, түңіліп біткен түрі бар.

Жақан да зығырданы қайнап:

— Әй! Ит көрген ешкідей негып сексиіп тұрсың? Танымай қалдың ба? Жамал сені іздеп келіп отыр ғой,— деп зекіді.

Қыздың екі беті шоқ боп жанып кетті. Екі қолымен тас қып басып алды. Нұркен мына сөзге сенер-сенбесін білмегендей абдырай аттап, машинаға жақындап, есіктің тұтқасын таба алмай, сипалап жүріп зорға ашты. Мападан тірідей жерге кіргендей боп зорға отырған ұяттан ба, әлде көптен бері көрмеген тылсым сағыныштан ба, Жамал жерге бір-ақ ырғып түсіп, үрпиіп тұрған жігіттің көкірегіне бетін тақай берді.

Сол-ақ екен, машина орнынан жылжып қозғалып кетті.

Жамал жігіт құшағынан жалма-жан басын жұлып ап, бұған аппақ тістерін жарқырата көрсетіп, қымсына күлімдей бір қарады. Оның көзінен, дымқыл кірпіктерінен, күнге шағылысып, шашырай жарқ ете қалған оқыс өткір сәуле мұның дәл жүрегін қарып алғандай болды.

Бақытты кісіде пәтуа болушы ма еді, тәйірі. Манадан бері маңына жуымай состиып тұрған Нұркен енді, міне, әншейіндегі аяғын басып болмайтын керенаулығын ұмытып, қолын бұлғалап сүріліп-қабынып соңынан жүгіріп келеді.

Жақан табанының астындағы газды өші бардай өршелене басты. Сол-ақ екен, әлгінде ғана құр сүлдер қиқалақтап келе жатқан машина қайтадан ағыза жөнелді. Ауылдан ауданға қарай шығатын айдау қара жолға кеп бір-ақ түсті. Ашық әйнектен ескен өктем леп өз мандайын аямай осқылай бастады. Әлдекім бұдан кеп ит жылғы бір өшін алып жатқандай, үсті-үстіне сабап келеді. Сабаған сайын оның айызы қанып келеді. Құды бір өзін осынау басы-көзге қарамай төпелеп келе жатқан өткір қамшы басқа ешкімдікі де емес, өзінікі сияқты. Манадан бері көкірегін айқара басып жатқан ыза сені карс айырылғандай. Өксіп-өксіп қойды. Бірақ, соның ешқайсысын сезіп келе жатқан жоқ. Ештеңені көріп келе жатқан жоқ. Ештеңені ұғып келе жатқан жоқ. Әйтеуір бұғана сүйегі дәл осы қазір быт-шыт боп қақырай сөгілетіндей. Сол бір дүлей күштің аты не? Ыза ма? Өкініш пе? Өлс-өлгенше көкірегіне шемен боп байланар махаббат па? Қызғаныш па? Жоқ, жарық дүниенің барша құпиясынан беймағлұм бұла көңіліне енді қайтып сөнбес, өшпес ыстық шұғыла жүгірткен аяулы адамға деген қимастық па? Білмейді, ештеңені білмейді. Бет-аузын айғыздана жуып келе жатқан удай ашы тер ме, әлде көз жасы ма — одан да бейхабар. Басқарма осы бүгін оған ауданға бар деп пе еді, жоқ па еді, тағы қандай тапсырма беріп еді — о да есінде жоқ. Әйтеуір ағызып келеді. Әйтеуір құтырына үрлеген өкпек желге бетін тоса түседі. Жолмен ойнаған жалбыр шаш тас мандайын неғұрлым өршелене ұрған сайын жаны кіріп бара жатқандай.

Кенет біреу жол жиегінен ырғып түсті ме, қайтті? Кенет біреу әлдене деп айқайлады ма, қайтті? Есін сонда барып жинады. Ашық терезеден басын шығарып қарап еді — анадай жерде Қосжан қалып барады екен. Екі балағын тізеден жоғары шиыршықтап түріп апты. Мандайы үнірейген жыртық ботіңкесінің бауын байластырып, мойнына іліпті. Ақ тер-көк тер. Мектепте директорға еліктеп көкірейіп жүретін неменің үсті-басы себіл-себіл. Омырауы ұйпа-тұйпа. Шамасы, жер түбіндегі қойшы ауылдан күн сайын мектепке қатынап оқу оңай тиіп жүрмесе керек.

Жақанның осы ауылда Шайхаттан кейінгі бір сескенетін адамы осы оқушы бала еді. Оның басқанынан жер ойылатындай орнықты жүріс-тұрысына, маңғаз мінезіне, сөйлеген сөзіне былайғы балалар сыртынан қолдарын шошайтып сыпсың-сыпсың күліп жатқанда, бұл оларға қосылмай, қайта көңілі бітіп, қызығып отыратын. Мектептен кеткеніне біраз жыл болса да, әлі күнге оны көрсе, бір түрлі именіп тұрады. Міне, қазір де жалма-жан омырауындағы шаңды қағып, қалтасынан орамал ап сүртінді.

Алдындағы айнаға қарады. Айнадан шашы бет-бетіне бытырап кеткен үкі-түкі, көзі қып-қызыл, жағы суалыңқы, маңдайы шытынған бір кексе кісі оған: «Сонша неге ежірейе қалдың?» деп жақтырмағандай селсоқ көз тастады.

Қасына келген Қосжан бұған емес, сол әлгі айнадан қарап тұрған самарқау кексе кісіге амандасқандай, аузын толтырып:

— Ассалаумағалайкум! — деді.

— Әликісәлем! — деді Жақан, әлгі кексе кісінің даусын естімеген соң. Бірақ даусы созаланқы, қажыңқы шықты. Жақан айнадан әлгі сығалаған тұнжыранқы адамның өзі екенін сонда барып ұқты.

— Кел отыр. Аулыңа апарып тастай кетейін.

Асығатын Қосжан ба... Ырғалып-жырғалып есік ашты. Ырғалып-жырғалып баспалдаққа көтерілді. Баяғыдағы тақтаның алдынан бестік алып, партасына қайтып оралғанындай найқалып қасына кеп отырды.

Машина қайта қозғалды. Жақан бір түрлі ыңғайсызданып келеді. Кабинаға кім отырса да, тап бұлай қысылып-қымтырыла қоймаушы еді. Сабақ айтқан сайын «қателесіп кеткен жоқпын ба» деп қасындағы Қосжанға жалтақтап қалған жазған басы қазір де оған әлсін-әлі көз жүгіртіп қояды.

Қосжанның онымен шаруасы шамалы. Екі көзі бұның аяқ қолында. Зулап қалып бара жатқан қоңыр жалда. Алдынан атанақтай жүгіріп, аяғына кеп оратыла құлап түсіп жатқан ақсиған айдау жолда. Бірте-бірте ширай түскен ұшқыр жылдамдық қалқан құлақ қара баланың сұрғылт жүзіндегі зіл батпан сабырлылықты құлан таза қуып шығыпты. Әрдайым ересектерге ұқсап бағатын бір мектептің маңдайға ұстаған жұлдызы, озат шәкірті жүрегін жарып бара жатқан қуанышын жасыра алмайтын алақызба, жел-өкпе, ұшқалақ, алаңғасар балалық мінезбен қайта табысыпты. Аңырайып аузы

ашылып қалыпты. Жол жиегінен қос аяқ жүгіріп өткенде, отырған орнынан атып тұрам деп, маңдайын талай рет төбеге ұрып алды.

Жақан өзіне-өзі қайран. Әлгінде ғана қаусап, күйреп күлге айналып кеткелі тұрған құр сүлдер көкірегінде енді тағы да бір ожар от тұтанғандай. Газды баса түседі. Мектепте ылғи қабағынан қар жауып түксиіп жүретін қалқан құлақ қара бала аузын аша түседі. «Әлі де жылдамдата түссе қайтеді?»,— дегендей, Жақанға жалтақ-жалтақ қарап қояды. Ол әр қараған сайын Жақанның көкірегінде жаңадан қордалана бастаған ожар сезім өрши түседі. Жүрегінің басына бүк түсіп жатып алған зіл қорғасынға қайтадан қозғалыс біткендей, кенет көкірегі қарс айрыла ауыр күрсініп қойды.

Қосжан жалт қарады. Мынандай жер танабын қуырған жүйрік машинамен күні-түні жүйткіп жүретін адам да күрсіне ме екен, ол ылғи қарқ-қарқ күліп, айдарынан жел есіп лепіріп жүрмес пе, деп таңғалып келеді.

Жақан мырс ете қалды. Бетіне жылап отырып уанған сәбидің жүзіндегі күлкідей жадыраңқы рең жүгірді. Қай сабақтан сұрасаң да, бәрін іштен біліп тұрғандай, сайрай жөнелетін сұңғыла баланың мына дағдарысына масаттанып келеді. Дүниеде оның да білмейтіні бар екеніне, ол әлі білмейтін бір нәрсені өзінің енді, міне, біліп үлгергеніне масаттанып келеді.

Газды баса түседі. Дүние қайтадан шыркөбелек айналып билей жөнеледі...

Кешкұрымғы жәдігөй самал іші-бауырына кіріп барады.

Енді байқады. Батып бара жатқан күн көзінің дәл оң жақ үстінен ай туыпты. Үйелеп жатып та қалмай, шалқалап құлап та кетпей, кербез сұлудың құлағындағы күміс сырғадай сызылып әдемі туыпты.

Ай астында ақ жібек делбедей жарыса созылып, құлт-құлт бұлдырап қос тармақ қасқа жол жатты.

ҚҰС ҚАНАТЫ

Салпы етек, шұбалаң жаулық қара кемпір екі бөлме, бір кухня, ащы шектей шұбалған тар коридорда ыбырсып жатқан қиқым-сиқымның шетіне шыға алмады. Сыпырғыш ұстап үйренбеген ебедейсіз қол бірін жинаса, бірін шашып алады.

— Қарақ қалғыр қала тіршілігінің қуыс-қуысы, бөлек-салағы неткен көп!

«Үйін тазаламай, тал түске дейін ұйқы соққаны несі?» — дегендей төр жақтағы есікке ауық-ауық қарап қояды.

Өзінің төрт қанат шатпасы болғанда ғой, әлдеқашан айнадай боп шыға келер еді. Екі қарала, екі терулі алаша, күн жеп тастаған көне төсек қап пен күйе-күйе аяқ қап. Ық жаққа апарып төрт-бес сіліксең жетіп жатыр. Аузы қисайып кеткен атамзаманғы жүк аяқ, ұста қайнысы қалай болса солай лекерлей салған абажадай әбдіре тек көшкен-қонғанда ғана қозғалады. Қара орманының сиқы сол. Оның өзі де ұзатылған қыздың отын жинайтын шошаласында несіз қалды.

Әлге дейін көз алдында: үш бума уық, керосин құйған темір күбінің ар жағына, босаға жақ бұрышқа тығылды; көгі үзіліп сылдырап тұрған төрт кереге — бұл үйдің үзік-туырлығы, қызының үйінің тоқымдары мен жабулары, ыбырсып жатқан көп киіздің астына түсті; талайғы тал шаңырақ аядай қуыстан орын тимей, сыртқа, шошаланың төбесіне төңкерілді. Соның бәрін жайғастырып жүріп, адыра қалғыр, көзінің жасын тыя алсайшы. Жыламай да қайтсін! Баяғыда атасы жарықтық өз қолымен шаңырағын көтеріп, енесі байғұс уығын шаншып қалқытып берген қашанғы төрт сағанақ қой! Одан бері талай заманақыр өтсе де шайқалмай келіп-келіп, енді, міне, айдың-күннің аманында біреудің күбір сасыған қорасында жайрап қала берді. Аяққап пен төсекқапты көзімдей көр деп екі абысынына ұстатты. Әбдіре мен жүк аяқты екі келініне қолдатып жіберді. Бұларды аттандырып салуға келген қатын-қалашқа ожауы мен

табақтарына дейін таратып берді. Төрт қанат шатпанық сүйегіне, қара қазанына ғана тимеді.

Қызын былайырақ шығарып:

— Қарағым, өзің өскен құрым күркені жазда үйіңнің қасына қалқытып тігіп қой. Кім біледі шаһарлы жерге үйренісе алмай қайтып кеп жатсақ, әйтеуір, өз үй, өлең төсегіміз күтіп тұрады ғой,— деді.

Қаршадайынан жолдас болған мүліктен қалағына қорғасын құйған ұршығын ғана алды. Керегенің басында қалта тайлақтың жүні ілулі тұрушы еді. Соны тастаған жоқ. Қалаға барғанда қу тақтайдың үстінде құйымшағымыз тықылдап қалай отырамыз деп, екі теру алашаны буды. Келгенше поезда басына жастық қылды.

Анада баласы көшіріп әкетем деген әңгіме шығарғанда-ақ қатындар айтып еді: «Асты тақтай, үсті тақтай, ортасы шылдырмақтай ақ пәтерге де кірерсің. Жұмсақ көрпені төрт қабаттап астыңа төсеп, қақ төрде қақырайып бір отырарсың. Суық келулі, отының түсірулі, қазаның асулы. Әй, қаланың тіршілігінің, несін айтасың, қолыңды бір жылы суға маласың ғой!» — деп.

Бұл ойлаушы еді: «Апыр-ай, сонда екі қолым алдыма сыймай, ұзақ күнді кеш қыла алмаймын-ау!»— деп.

Қатыны құрғырлар жырқылдап кеп күлетін еді:

«О жағынан қам жемей-ақ қой!» — деп:

«Қара балақ тірі болса, әлі-ақ бір күні сидаңдаған қу сирақ бір шүйкебасты қолынан жетектеп әкеп тұрар»,— деп;

«Бұ заманның қызы оқимын-тоқимын деп жүріп, әбден сарқарын тартып егдергенде барып тұрмысқа шығады»,— деп;

«Ондай тасаяқ неменің бір жылға жетпей-ақ іші бұлтып шыға келетін»,— деп;

«Келін-балақ кеш болса-ақ, қол ұстасып киноға кетер»,— деп;

«Үйде алдындағы қуыршағыңды құшақтап, әлди-әлдиінді айтып сен қаларсың»,— деп;

«Біз бейбаққа қала болсын мейлі, дала болсын мейлі, қашан қара көрге кіргенше, қол қусырып қарап отыру бәрібір жоқ қой»,— деп.

Сонда да бұл: «Иә, қазір қатын пайғамбар болған заман ғой. Әлгі айтқандары рас болса рас та шығар. Бірақ, ең болмаса, келінім бала тапқанша ермек қылайын»,— деп ұршығын жол азық салған дорбаның бір бұрышына тыққан.

Сонау ит арқасы қияннан қалтаға тығып әкелген қос уыс жүн қашанғы ермек болсын. Баяғыда-ақ шетіне шыққан. Жүн-жұрқаны көп жеп қойған қомағай ботаның тамағынан түскен қоядай кішкене домалақ жіп тышқан домалатып әкетпесе, жатқан шығар бір жерде.

Енді, міне, көрмейсің бе: ермек болсын деп, бір ауық үйге айналайын десе, осылай бірін келістірсе, бірін келістірс алмайды. Сосын: «Ит жегір-ай!» — деп қолын бір сілтеп, төр алдындағы күрпілдек тақтай төсекке барып қисаяды. Жантайып жатып қайдағы-жайдағыны ойлайды. Қайдағы-жайдағы ойлағанда да өрісте жайылып жүрген інгені, белдеуде байлаулы тұрған ботасы жоқ қаланың кемпірі шырқ айналып үйіріліп баяғы бір баласы мен бір келінінен басқа нені ойлаушы еді...

Жарықтық бұ жақтың өкіметі — әлде сүйектерін сүйретіп алыстан келді ғой деп аяғандары ма, әлде жансыз-жақсыз жалғыз екен деп қарасқандары ма — әйтеуір күз түсе көшіп келген бұларға жаз шыға қаланың қақ ортасынан ойып тұрып қос бөлмелі, тағы да толып жатқан бөлек-салақ қуыстары бар жаңа пәтерді жарқыратып бере салғаны.

Баяғы қи жағып, қимай түтеткеннен басқаны көрмеген ауылдас әйелдердің айтқандары ып-рас: бір шүмегін бұрасаң — суы келіп тұр; бір шүмегін бұрасаң — оты жанып тұр. Жуынып-шайынатын моншасы-екеш моншасына дейін ішінде. Моншасын айтасың-ау, әлгі басына шапан бүркеніп, қалқа қылар қалтарыс іздеп қыр асып әуре болмайсың, әжетханасына дейін отының басында. Әуелі, құрып қалғыр, қысылып жүрді. Қара қазанның асулы ырысханаңның дәл түбіндегі қуыста жалтыраған тас келіде қонжиып қайтып отырарсың! Бірақ, бұл жұмыр бас неге көнбейді, оған да үйренді. Осы күндері қаланың тәрі мен тәртібіне шорқақ түз адамы келе қалса: «Отағасы, қолыңызды жусаңыз мына бір есікке, дәрет алсаңыз әне бір есікке кіріңіз!» — деп алдына түсіп, тақылдап тұрғанын.

Айтсын-айтпасын, қала жарықтық нағыз әйелдердің жайы екен. Құрық сілтер жерде — «алың, алың» деп базарың тұр, қамшы сілтер жерде — «бажалыста, бажалыста» деп дүкенің тұр. Тіпті қаланың әйелі естігені ішіне сыймай, өсек айтқысы кеп көмекейі бүлкілдеп бара жатса, бір үйден бір үйге жүріп аяқ ауыртып әуре болмайды, бір жағынан енді-енді шырайы кіріп келе жатқан әңгімені қимай, бір жағынан үйде өзін күтіп тұрған мың бір түрлі шаруаны ойлап қылпылдап әлекке түспейді,

ошағынан он қадам ұзамай жатып, айналайын қара темірдің құлағын бір бұрайды да, саулай жөнеледі.

Туғалы қыр тұрмысының тауқыметін тартып арқа еті арша, борбай еті борша боп жүрген ол көзінің қарашығының, ботасының, қоңыр қошақанының, құлыншағының, аспандағы айымен жұлдызының, жердегі асқар тауы мен айдын көлінің, құлдығының, ақ патшасының, балапанының, шырқ үйіріліп келгенде, баягы сол етегінен ұстатып көз көрмеске көзін асырып әкеп отырған жалғызының, жаман қара баласының арқасында, міне, осындай пейішке күмп етіп кірді де кетті. Көшіп келгенде бас қалқалаған қарағай шарбағы, қабаған ит, шүңірек көзі, шүңкиген сақалы бар қырыс мандай қырсық шалдың қоржын бөлмесіндегі екі қолтық буыншақ-түйіншекті бес-алты бала жігіт таласып жүріп тақсідің артына тықты. Таласып жүріп жаңа пәтерге кіргізіп берді. Бір теру алаша мен бір чемодан кітапты құшақтап төргі бөлмеге баласы жайғасты. Бір теру алаша мен бір чемодан көйлек-көншегін құшақтап қапталдағы бөлмеге бұл жайғасты. Ас үйге төрт-бес тарелка мен шұбар ала кастрюль жайғасты.

— Бауырым, баспананы соқтың. Сендей жігітке шөбі түсіп тұрған бойжеткеннің де мандайы жырта қарыс шығар. Оған ертең, аузыңнан не шықса да, екі етікзбей орындатып бақ. Әйтпесе, біздің пақырлардай пәлен жыл бойы жат біреудің босағасында күйелеш-күйелеш боп пеш жағып жүрсе білер еді сендей күйеудің, қадіріңі! — дейді баласының бұрын үйленген құрдастары, қақырап тұрған екі бөлменің тыр жалаңаш төрт қабырғасына қызылды-жасылды жиһазға қызығып тұрғандай тамсана телміріп.

Әлгі бата жүрмейтін көк мойнақ шөлмектің бір-екеуінің бөксесін жылтыратып, бұл екеуінің қолын кезек-кезек қысып олар да жөніне кетті.

Ай тақыр екі бөлмеде аналы-балалы екеуі оңаша қалды. Ауылдан көшіп келгелі көзіне жас алмап еді. Енді, міне, үсті-үстіне жыбырлап барады. Жаулығының ұшымен бір сүйкеп қойды.

Марқұм осы үйдің адамы осы баласы туғанда қолындағы жалғыз қашарын кіндік кесерге беріп еді. «Ертең баланның таңдайын ағартатын баурынан тартар жалғыз сиырынды жетектете салғаның не?» — дегенінде: «Әй, біздің үйдің әйелі, бұлк етпе. Мойныма ала дорба іліп, ел ақтасам да, қарағымның қарнын аш етпеспін», деп еді. Аш етпеді ғой... Баласы екіге толмай жатып майдан-

ға кетті. Бар болғаны екі рет қана хат салды. Екеуін де госпитальда жатқанда жаздыртыпты. Алдыңғысында бұғанамнан жараландым деп еді, соңғысында басынан оқ тиіпті. Соңғысының тұсында: «Басынан жарақаттанса, бәлкім елге қайтарар»,— деп үміттеніп еді, оқ астына қайта кетіпті. Сол кеткеннен мол кетті. Соғыстың тұсында келген қара қағаз ауыл советтің кеңсесінде жатып-жатып, бұлардың қолына баласы төртінші кластыбітірген жылы зорға тиді. Жарықтық, жатқан жері жәннат болғыр, артына, әйтеуір, қарайтып жалғызын қалдырғасын болды да.

Баласы кішкентайында әуейілеу еді. Мал сауып жатқанда қой қосақтас деп жіберсең, ауылдың шетінде батып бара жатқан күннің шапағына қарап аузы аңқайып тұрар еді.

Соны көрген шопан қайнағасы:

— Айтпады деме осы балаң адам болмайды. Малдың қарасынан қашқан қай қазақ оңып еді. Әттең тілімді алмайсың, бір жаз бойы қозы қайыртып, қой құрттатып қойсаң, малдан қашқақтағанын көрер ем. Жалғызым жетілген соң жетісем деп сен жүрсің. Осы шіркін, сірә, өз нанын өзі тауып жей алса жарар еді,— деп күйіп-пісер еді.

Кешке жатарда баласы бұның құлағына сыбырлайтын:

— Апа, мен адам болмағанда не боп кетем?

— Е, не боп кететіні несі? Енді бір он жылда мынау деген жігіт боласың!

Баласы шопан шалдың сөзіне қатты сеніп қалса керек, бұған иланбаған ынғай танытады. Туырлықтың жыртығынан түскен жұлдыздардың жылтылына телміріп сұлық жатады. Енді бұның көніліне уайым қашады. Апырай, осы бала шынында да бір түрлі. Асық ойнамайды. Лаңгі теппейді. Қозы қумайды. Айдалада жел ұшырып бара жатқан қағаз көрсе, алымы жоқ, берімі жоқ соңынан шапқылай жөнеледі. Итсигектің басына ілігіп қалған жерінен жұлып ап, бас көтермей оқып келе жатқаны. Кейде қараптан-қарап отырып айтқан сөзді естімейді. Ауылдың алдындағы сағым шалып жататын құла далаға ертелі-кеш тесіледі де отырады. Осының бәрі тегін бе екен өзі. Анада шашын алып беріп кеткен ақсақ қойманы: «Мына патшағардың басы қызық екен. Мандай жағы жаңа піскен шәмші қауындай дөңгеленіп жатыр да, желке жағы қазанның аскабағындай қыртыс-қыртыс. Екі шекесін қара, әлдекім дойырмен тіліп өткендей, жыр-

тылып айырылып тұр. Мынауың әйтеуір мен көрмеген бас екен!» — деген. Сұқылдаған сұмырай: «Қайдағы-жайдағыны айтып қақылдап кетіппін, жаманды-жақсылы Құраш бақсының жиенімін ғой, тілім тиіп жүрер-ау»,— деп, қос шекесінен бүріп ұстаған тегеурінді қол мен лыпылып еткен алмас ұстараның ащы жүзінен сескеніп тырп етпей отырған қара баланың құж-құж желкесіне: «Тфә, тфә!» — деп былш-былш түкірген-ді. «Нысаналы екен балақ,— дейді әлгі көгермегір қоймашы.— Иә, аузымен құс тістеген дүлдүл, нә қотыр тоқтыны көтеріп ұрып бауыздай алмайтын мырқымбайдың өзі болады».

Сумақай қоймашының ол сөзіне бұл күлген де қойған. Бірақ, байқады, осы жаман неменің жүріс-тұрысы әлгі ақсақтың айтқанының алдыңғысынан гөрі соңғысына көбірек келіңкірейді. Көрші үйдің еркегі атқа жұмсаса, жайылып жүрген жылқының маңына жақындай алмай, қолына ұстап кеткен жүгенін жерге сүйретіп, кесектеп айдап әкеледі. Шегіп жатқан түйеге бөксесін арта алмай тырбаңдап жатқаны. Бұл нағып тап осынша бозымбай болды екен? Ер жігіттің нағашысын сұра деуші еді. Өз төркіні, құдайға шүкір, қолынан дойыры түспеген өңшең ала көз, қызыл кеңірдек... Атадан көп туса да, солқылдап тұрған шақтарында сойылға көп жығылып өспей қалған... Бүгінде айналасы отыз-қырық үй. О да бір қонысқа бас қоса алмай Арқаның дөңінде, Хорезмнің ойында бет-бетіне бытырап жүр. Оларға тартса өз нығын өзі жұлып жеп, жаланып тұрар еді. Ал, енді әкесі пақыр, жер жеткізбесін, әйел бұның лақтырған таяғын әкеліп бере алмайтын. Шаруаға қырсыз. Баягыда көшіп-қонып жүргенде түйеге жүкті қайнағасы мен бұл артады да, ал әлгі осы үйдің адамы мен абысыны көтеріп беріп кеткен теңге күштері жетпей тілерсектері дір-дір етіп тұрғандары. Сөйтіп жүріп пақыр думаншыл-ақ еді. Есілдерті ат пен домбыра-тын. Бұл осы ауылға түсіп құда шақырысқанда төркін жұрты: «Ақтылы қой мен торала жылқыны өзіміз де айдап көше алмай жүрміз. Бізге мал керек емес, алды деген атақ керек. Әлгі күйеу баламыздың бәйге бермейтін буырыл биесін қалаймыз деп қадала қалғандары. Есіктің қыр көзінде әңгіме тыңдап отырған осы үйдің адамы шайға шоқ әкеп кіріп қайта шығып бара жатқан жеңгесінің шалғайына оратылып сыртқа атты. Үйдегілер қауқылдасып қала берді. Шай кетті. Ет келді. Ет кетті. Ағарған келді. Қонақтар бата жасап, аяқ созайық деп сыртқа шықты. «Ау, әлгінде ғана белдеуде тұрған бәйге бурыл қайда?» «Жаңа тұрған!» «Жер жұт-

ты, ма, көк жұтты ма!» Жұрт аң-таң. Бір уақытта атасы жарықтық: «Ау, әлгі біздің бала қайда?» — дегені жанжағына алақтай қарап. Құдалар да қайран: «Бәсе, күйеу бала неге көрінбеді осы?». «Бәйге бурылды сол мініп қашқан болды, артынан қуып жетіп ұстаңдар найсаптары!» — Төрт-бес жігіт атқа қонды. Ертеңіне сәскеде қуғыншылар «көп болса, қыздарын қайтып алсын, бәйге бурылды бермеймін» деп елден шығынып бара жатқан қашқынды құла түзде қуып жетіп, қайтарып әкелді. Сүйткен бәйге бурыл бұның төркініне бәрібір мал болмады.

Ауылдан шыға дәрет орнына қан сұлатқан жануар бөтен елде бір жыл бойы құлағын тіктемей қояды. Ақыр соңында: «Күйеу мен жиеннің назасы жаман дейтін еді, назасына қалдық білем»,— деп жетектеп әкеп беріп кетті. Ауылға оралған соң бурыл бие бір айдан соң үйелеген жерінен тұрмай қалды. Содан осы үйдің адамы «барлық пәле сенің төркініңнен келді» дегендей біразға дейін бұның бетіне қарамай жүрді. Бәйге ат сөз болған жерде марқұм күні кешеге дейін бір күрсініп қоятын. Ат құлағында ойнап өскен әкесіне тартқанда да бұл шіркін тап осындай салбөксе болмаса керек еді. Ал, атасы жарықтық омырауы алқа-салқа, ылғи быршын терлеп жүретін мұрны қолағаштай қызыл күрең шал еді. Енесі пақыр дәулетті жерден шыққанмен мақтамасаң былқ етпейтін шығымсыздау кісі-тін. Сол мінезіне қанық атасы жарықтық кемпірінің шәйіне көнілі бітпегенде, ол қазан-аяқ жаққа күйбеңдеп кеткенде, қол сандықтан түрулі шай алып түп-түгелімен тас құманға бір-ақ төңкеріп, қағазын табадағы жайнап жатқан қызыл шоққа лап еткізіп, түк көрмегендей тып-тыныш отыра қалар еді. Шыны-аяқтың түбіне жұққан қан күрең шайді ішіп жатып: «Шындарынды айтыңдаршы, балалар, басқа үйден осындай шай іштіңдер ме? Пай-пай біздің кемпірдің демдеген шәйіне не жетуші еді. Бір өзі бір құнан қойлық қой»,— деп көзін қысып қояр еді. Сонда енесінің тұмсығы қызарып, шошандап алдына түсе берген жаулығының ұшын кейін серпіп, тағы бір түрген ақ құйрық қағаз шайды лақ еткізіп құманға құя салар еді.

Көзі көре қалды, атасы марқұм ылғи солай лақылдап асып-төгіліп жүретін. Одан арғы аталарының да кербез аты, керік аты тарағанмен, тентек аты тарамапты. Баягы итырқылжың замандағы қырқыстардың қай-қайсысында да осы ауылдың ат қосты хабары естіледі де, адам қосты хабары естілмейді. Сарайшықтағы қалмақтарды шабатын жорыққа жаужүрек болғанымен жұқа тақым Қонай батыр атты осы ауылдан мініп аттаныпты. Соған қарағанда, осы ауылдың найза мен дойырға үйірлігі шамалы секілді. Жатты былай қойғанда, тентегі мен телісі молырақ ағайын ауылдардың өздері-ақ жылқыларын тырқыратып қуып күн бермеген көрінеді. Қайткен күнде де, осы ауылдың ауызы салымды болғанымен, қанжығасы қанды емес сияқты. Әй, бәсе, бұдан туған бала қалайша босбелбеу болады деп еді-ау. Сөйтсе, өз тұқымына тартып жүр екен ғой...

Астапыралла-ай, адам иттің көнілі бас білмейтін бай-

талдың құйрығындай бәтуасыз шыбжыңдайды-ау кейде. Қайдағы бір сумақайдың сандырағына ілесем деп аруағынан айналатын ата-бабаға қараптан қарап тіл тигізе жаздағанын қарашы. Сол суайт не біледі дейсің! Өткен бір жолы ылғи қабағының қар жауып түксиіп жүретін жүн мандай мұғалімнен сұрап еді, бетінің өзінде бес батпан зіл тұратын сұп-сұр пақыр ыржаң ете қалғаны. «Әй, жеңгей-ай, жоқтан өзгені уайымдай береді екенсің. Малға қыры бар, малдың тілін малдан артық білетін қазақ сенің балаңсыз да жетіп жатыр. Ай қараса ай қарасын, мектептегі баланың мандай алды сол!» — дегені. Міне, бұл бозымбайдың сондайы тағы бар. Жыл сайын мақтау қағаз алады. Бұл бағытымен төрт қанат жаман шатпанның төрінде ала қағаз қыстырылмаған уық қалдырар түрі жоқ.

Соны ойлағанда топырағы торқа болғыр ата-бабаның басын тағы ауыртады. Тап осы ауылда арғы-бергіде ділмар болған, сұңғыла білгір болған да ешкім естілмейтін сиякты еді. Сүйтіп, жүріп өздері сонау байбақтының Шоланымен құда. Шоланнан Дат туғанда, Даттан Сырым тумай ма? Сырым осыларды жиен тұтыпты деседі. Арқадағы асына үй апардық қырық ірі қара соғым, қырық саба сауын апардық деп күпілдейді, осы ауылдың екі шалының басы қосыла қалса. Сүйтіп жүріп, өздері түп нағашымыз баяғыда бір тайпа елді Сауран айналдырып әкеліп, осы қонысқа қондырған Есенқұл баласы Есек батыр деп бөседі. Сүйтіп жүріп өздері, бұл тайпаның жуастары «көп ділмардың аулы» деп желпіптіп, еті пысықтары «көп бәдіктің аулы» деп шенейтін бұның төркін жұртын да осылар жиен қып жатады. Қабағы қаттылары бұны «келін» деп тұқыртса, қабағы жылылары «жиен» деп еркелетеді. Неде болса, шешен мен ділмар, сұңғыла мен пысық бұлардың төңірегінде көп болғанмен, өздерінде жоқ. Сонда мына жаман нағашыларына тартпағанда, кімге тартып осылай боп жүр дейсің! Ең азы бұның көкесінің өзі салқын сазда сары қымызды сапырып отырып: «Келдібай мен Майлыбай, бір құдыққа қондың-ай, батыр — бізден, бп — сізден, шаршымызға толдық-ай!» — деп ыңылдап отырмаушы ма еді. Сөйткен ата-баба жаман жиендерін тегін тастады ғой дейсің бе?

Соны ойлағанда әлгінде ғана таңқы құдықтың түбіндей тартылып қалған көңілі қайта шалқып шыға келеді. Әлгі жұнқабақ мұғалім дұрыс айтады. Қой құрттайтын қазақ мұнсыз да жетеді, ал ала қағаздың артына түскен азамат қай бір толып жатыр. Осы немені көген

мен шөмеленің маңынан жүргізбей-ақ қояйын деп көктемде қозы салдырмады, жазда айыр ұстатпады.

Бригадир боп жүрген бір жамағайындарының шала бүлінгені:

— Қолхоз байғұс бір қолын екі ете алмай жатқанда, сен пілдей бір жігітке қағаз күйелетіп қоясың. Оған қайдағы бір жын-сайтанның суретін шимайлатқанша, неге елмен бірге шөп тырмалатпайсың?

«Мынау да былшылдайды екен,— дейді бұл айырдың сабына сүйеніп тұрып.— Арманда кеткен пақырдың артында қалған қу жалғызын қыста бірер уыс тары талқан артық келер ме екен деп, қаршадайынан тұщы ұйқысынан айырып шөп тырмалатып қойып, не өліп барам. Ол қай бір жұрттың баласындай жүзіктің көзінен өтіп жұтынып тұр. Мүлгіп-калғып жүргенде көліктен құлап мертігіп, ораққа түсіп майып боп жүрсе, тірі ел — жұртқа, өлі аруаққа не бетімді айтам!».

Дегенмен, әлгінің сөзінің шымбайына батқаны. Қағаз күйелегені несі? Жын-шайтаны несі?

Түс ауа пішеншілер үйлеріне қайтады. Табалдырықтан аттай бере... Астапыралла... Шыққыр көзі не көріп тұр... Мына жүзі қараның тізесі темір боп қалған ба... Неге пілмейді... Неге сәлем етпейді?!

Сөйтсе, қақ төрде атасы отыр. Қолында кесе. Қасында сыртына алабажақ әшекей салған бүйірлі тас құман. Терлеп-тепшіп шайді тартып отыр. Шақпақ қантты тісіне апара беріп, есіктен кіріп келе жатқан бұған қарап кілт кідіріпті. Көзінде бір қуақы ұшқын тұр. Әлгінде ғана кемпірімен әлдене деп әзілдесе керек. Мұртының бірі жақ шалғысына моншақтай мөлдір тамшы ілініп қапты. Шұнірек көзінің маңайы шып-шып тер. Омырауы да дәл баяғысындай. Екі жаққа атысып-шабысып кеткен жағасының бір ұшы көкірегінде жатыр да, екінші ұшы мысықтан қашқан ақ тышқандай дәл оң жақ құлағының түбінен жылт-жылт сығалайды. Басында баяғы бұған қайытқан тік кепере мауыт телпек.

Бұл аузын ашып тұрып қалды. Көзіне қос көрінейін дегені ғой. Әлгі нт жегір айырды әуеге әуп-әуп көтеріп, қырық қайтара қақшандап жүргенде бұны бірдеңе иектесе иектеп кеткен де шығар. Әйтпесе, баяғыда бөтен қаланың желкесіндегі көне моланың бір пұшпағында қалған жарықтық дәл бүгін, үстіміздегі елу тоғызыншы жылдың ағуысында, дәл мына төрде дәл мынандай боп қайдан шалқып шай ішіп отырсын...

Көзін бір уқалап қайта қарады. Сөйтсе, атасы әлгінде

көргеніндей, қақ төрде жерде емес, қақ төрде көкте отыр. Көкте болғанда да, екі жаққа шатқаяқтап шегінісіп кеткен екі тал уықтың арасында отыр. Баласы бұрын бір мұртты батырдың журналдың сыртына шыққан үлкен суретін төрге іліп қоятын еді. Соның орнына бүгін атасы жайғасыпты.

Енді түсінді. Манағының айтып жүрген күйелі қағазы мен қайдағы бір жын-шайтаны осы болды. Сонда өз ағайының өзі танымағаны-ау!

Мына жүгірмек өзі тумай тұрғанда дүние сап қойған атасының дәл осындай шал екенін қайдан біліп жүр? Өзімен өзі сөйлесіп, көлеңкесіне қарап ербеңдеп, сұқ саусағымен ауаға әлдене шимайлап отыратын әуейі неме бұл жоқта сандық ақтарған болды. Осы үйдің адамының баягыда Қарабұғазға жалға барып, сыңар доңғалақ қол арбамен тосап тасығанда алған паспорты жатушы еді. Соның арасында атасы жарықтықтың әлдеқашан сарғайып кеткен ескі суреті бар-тын.

Бір күні ұлы теңіз бен қара көк құрдым шығанақтың арасын қосып жөңкіле ағып жатқан жойқын судың бір бетінде қазақ пен түрікпен аралас отырған құрым күркелі ауылға делдитіп ақ киіз қалпақ киген қара орыс келе қалды. Тыр жалаңаш. Алақандай ғана ақ сор кенеп лыпа абыройын жауып тұр. Төсі уда-дуда, білегі уда-дуда. Бурадай-бурадай екі борбайын да қыл-қыбыр басып кеткен. Күнге әбден күйіпті-ақ. Қара буыршын сияқты. Ана үйдің киіз есігін мойнына іліп ап бір қарайды да, басын шайқап шығып кетеді. Мына үйдің есігін мойнына іліп ап, бір қарайды да, басын шайқап шығып кетеді. Бір уақытта ауылдың ең шетіндегі бұлардың шатпасына да таяп қалды. Белбеуде атасы жарықтық аттан ада болғалы тақым артып жүрген қоңыр есек байлаулы тұрған-ды. Әлгі неменің соны көре сала ыржаңдап күле бергені. Санын шапалақтап мәз болғаны. Бара сала құшақтай алғаны. Қалқан құлақтың ұшынан қайта-қайта шөпітін сүйсін-ай кеп.

Үндемей отырып тілін тығып ала қоятын енесі байғұс:

— Бұл жарықтықтардың аузы ештеңе талғамайды-ау осы,— дегені.

Үй ішіндегілер күлерін де, күлмесін де біле алмай сазарып қапты. Бейсауат қонақ белдеудегі қоңыр есекті айналап болғасын құшағын жайып табалдырықтан аттады. Аяғын да шешпестен жаюлы жатқан дастарқанды баса көктеп, қақ төрде қақырайып отырған атасына қарай тұра ұмтылғаны.

— Құдай сақтай көр! — деп енесі мен бұл екеуі екі жақтан атып тұрды.

Осы үйдің адамы қашпен қаперсіз. Көк ала көрпені бүктеп-бүктеп көкірегіне басып, жер бауырлап ап шайдан бас көтерер емес.

Атасы жарықтық екі қолын бірдей созып тұрған еңгезердей еркекке қолын берерін де, бермесін де біле алмай қипақ-қипақ етеді.

— Қолыңды беретіндей сен қай бір қажыға барып келіп отырсың. Қол ұстайтындай бұл неме қай бір сауап іздеп жүр дейсің,—деп кемпірі безеңдейді.

— Қой, қол берген дұрыс. Бұл ағайындар әуелі құшақтасып алады, аты-жөніңді сосын сұрайды,— дейді тосап тасып жүріп орыс жігіттерімен де азды-кем дәмдес боп қалған осы үйдің адамы.

Атасы жарықтық: «Келін, шырағым, сен не айтасың?» — дегендей көзі жапалақтап бұған қарайды, бұл: «Атажан-ау, мен не білем, өзіңіз ретіне қарасаңызшы»,— дегендей жерге шұқшияды.

Шал ұсынған қолды алды. Қонақ ыржиып оң жақ босағадағы бір қап тезектің үстіне отыра кетті.

— Қап, мына жарымағыр отынды жаншып тастадыау. Тасырайып отырғанда астындағы көк жападан шаян шығып шағып алмайды екен,— дейді бүгін таңертең салқынмен теріп әкелген «қып-қызыл олжасының» көзапара күл боп күйреп бара жатқанын көріп күйгелектеп отырған енесі.

— Тс-с, пайсап! — деп кемпірінің тақымын бір шымшып алды, аңтарылып қалған атасы.

Қонақ асығар емес, су толы шелекке қарап бірдене дейді.

— Су сұрап отыр! — дейді осы үйдің адамы білгішсініп.

— Е, шай ішсеңші. Ожаумен су сұрайтын қарақ қалғыр Қарабұғазыңды біздің айналайын Қаратау жарықтықтың күні-түні құлағыңды сарсытып сарқырап жататын Күркіреуік-Жармышы деп отырсың ба, жоқ Ағашты-Ондысы деп отырсың ба? — дейді енесі бажалаңдап.

— Ау, бұл жарықтық сенің, ол былшылыңа қайдан түсінсін, одан да оттамай суыңды берсейші,— дейді атасы күйгелектеп.

Енесі пақыр шалының бетіне бажырайып қарады да, шелектен бір бақыр су алып берді.

Қонақ оны басына бір-ақ төңкерді. Айқасқа мандайын тер жуып кетті. Киіз қалпағымен мандайын, бетін,

мойның, жүп-жүп омырауын бір-бір сипап шығып, мыжмыж қып қайтадан жапырайтып басына киіп алды. Сосын атасына қарап: «Бабай қарашой. Маладес. Бұ бота! Мәскуа байдош. Кәзит байдош!» — дегені. Бұл көк желкесінде отырған үсті-басы жүн-жүп қонақтың әңгімесін құраннның сөзіндей жаттап-ақ отыр.

Орыс жігіттерінің арасында жүріп «куаз» ішіп, «тіл сындырып» қалған осы үйдің адамы әлгі сөзді қазақшалай бастады:

— Бұ кісі айтады. Сенде шал бір керемет тайлақ бар дейді. Соны бер, Мәскеуге әкетем. Түйеңді берсең, жақсы шал деп кәзитке шығарам дейді.

Атасы жарықтық пен енесі пақырдың көздері шарасынан шығып кете жаздады. Бұл да аң-таң. Үйдің іші не деріп білмей абдырасып қалды. Маңғыстаудан бір үйлі жан боп аяқ артып келген қара мая былтыр қимай ішіп жарылып өлді. Содан бір тайлақ қалғаны рас. Бірақ мынау тосап тасып, тозаң жұтып жүрген жұрттың ішінен: «Малыңның есебін аламыз»,— деп білек сыбанып ешкім шықпаған соң, бұ да үндемеген. Соны мына орыс біліп кеп отыр. Қой, қой, бұл айналайын кеңес үкіметі беделрейіп жатқан қара жердің астында не бар, не жоғын бұлжытпай біліп отырғанда қазақтың жалба тымақ жаман қара шалының ішінде не жатқанын неге білмесін! Баяғыда ауданнан келген қисық аяқ уәкіл алдына ала қағазды жайып жіберіп жеті атаңда пәлен-пәлен болыпты, түген-түген болыпты деп сайрап қоя бергенде жағасын ұстағанды. Бірақ, кемпірі құрғыр: «Бір қыста бар дәулеттен айрылып жұтап қап, Желтаудан жаяу-жалпылап зорға жетіп оралғанда «бай — құлақ» деп қолын шошайтып жүрген анау жаман жиенің!» — деп Досан баласының обалын көтеріп еді. Сөйтсе, өкімет айналайынның өзі де нағыз көріп кел екен ғой. Мынаған да сол киіз қалтасын салақтатып, ауыл айналып шапқылап жүретін сілекей ауыз жеткізе қойды дейсің бе...

— Алыңыз, тақсыр, алыңыз. Сондай бір қотыр тайлақтың бары рас. Оны мал қылайын деп жүрген мен де жоқ. Мына жаман келін — баламның қол-аягы аман болсын. Ендігі жерде осылардың ай сайын алатын азғантай тың-тәбені маған мал. Түйесі құрысын. Жеті бабама игілік боп бұйырмаған мал құлағынды ұрайын мені қай ұшпаққа шығарар дейсің! Ала қой, айналайын. Жетектетін жіберейін бе, әлде ертең есегіме мініп өзім апарып берейін бе? — дейді атасы байғұс шынымен таусыла сөйлеп.

Енесі мен бұл көздеріне жас алды. Сол-ақ екен тезектің үстінде отырған бейтаныс қонақ қойқаңдап ұшып тұрып бұл екеуінің арқасынан қақты: «Нешауа, нешауа! Бабай қарашой, бота қарашой, красибай будет»,— деп елпілдеп жатыр. Қалтасынан суырып ап бір қағаз берді. Сосын атасы жарықтықтың қолын қайта-қайта қысып шығып кетті.

Бір үйлі жан өкірген бұғаздың үстіндегі өткелге қарай кетіп бара жатқан бейтаныс орыстың соңынан сексе қарап есік алдында тұр. Ол артынан бұрылып, қолын бұлғаса, бұлар не істеу керек екенін білмей аңырып бір-біріне қарайды.

Үйге қайтып келгесін әлгі қағаздың орауын жазып көріп еді. Ішінен сурет шықты: поселкенің қақ ортасында көсемге қойылған шойын ескерткіш бар-ды; соның қасында есегіне мініп, жымиия күліп атасы тұр.

Енді, міне өз суретіне өзі аң-таң. Бетін шымшып таңырқап тұрған кемпіріне қызарақтап түсіндіріп бағады. Өткен жолы арғы бетке нан алуға дүкенге барыпты. Есегіне мініп қайтып келе жатса, ақ қалпақ киген екі-үш адам ескерткіш қасында әңгімелесіп тұр екен. Тұстарынан өтіп бара жатқан бұны қол бұлғап шақырып алады. Қоярда қоймай ескерткіштің қасына апарып тұрғызып қояды. Біреуі омырауындағы кішкентай жалтырақ темірдің әлде бір тесігінен сығалай қарап, бұны көздегенде, қоңыр есекті құйымшақтан бір нұқып қаша жөнелмекші болады. Қалғандары қарқ-қарқ күліп, тізгініне жармасып, әлгі орнына қайта апарып тұрғызып қояды. Сосын атасы: «Әй, ататын болса, қашып бара жатсам да атады ғой. Басқа бірдеңе шығар»,— деп тұра береді. Әлгі жалтырақ темірді сығалап тұрған кісі бұған қарап қолын көтерді. «Бұнысы несі?» деп көзін сығырайта беріп еді, бірдеңе сырт ете түскені. Сол-ақ екен, қоңыр есектің құлағы мен иесінің жүрегі бірдей дір ете қалғаны.

Содан әлгілер сол арада қарқ-қарқ күліп қала берген. Бұл құтырғаннан құтылған деп, қоңыр есекті үстіүстіне төпелеп кете барған.

Атасы жарықтық ештеңеге түсіне алмай отыр. Осы үйдің адамы да желкесін қаси береді. Бұның да жүрегі әлденеге дір-дір етеді.

Тек енесі ғана піскектеп сөйлеп бақты:

— Сақалды басыңмен дүкен сенің не теңің дедім тыңдамадың. Алып-ұштың да тұрдың. Артының осындай бір пәлеге соғарын сонда-ақ біліп едім. Нағашың пәлен көрінеді, жиенің түген көрінеді деген қиқудан құлағымыз

енді құтылды ғой деп жүргенде жатқтан жыланның құйрығын өзім басып келдім де! Енді, міне, көзіңді сығырайтып қағазға басып қойыпты. Көкке ұшсаң сирағыңнан, жерге кірсең шашыңнан тартып шығарып алады. Баяғы қиқудан құтылу жоқ бізге!

Сөйтіп, бұлар бір айдай қос үрей жүрді. Бір күні осы үйдің адамы шылым орайын деп газет жыртып жатыр еді, көзінің ұясынан шыға жаздағаны. Ең соңғы бетте әлгі сурет тұр. Содан атасы жарықтық қоңыр есегіне қонжиып қайтадан мінсін-ай кеп. Бір кезде құлағын тоздырған беймаза кемпірдің құлақ құрышын енді өзі жесінай кеп:

— Өңі жылы адам екен, жамандыққа бара қоймас деп айтпадым ба? Жоқ ақырзаманды сен-ақ ойлап табасың да жүресің. Сен ғана емес, сенің жеті бабаң түп-түгел шөп басы қимылдаса жүректері суылдап отыра алмайтын үрей қуық сорлылар еді...

Әншейінде есесін жібермейтін енесі пақыр дымы құрып ыстық шайды үн-түнсіз сораптай бергені.

Сол суретті баласы баяғыда бір көріп еді. Әлгі әңгімені де талай естіген. Соның бәрі құлағында қалған ғой.

Үсті-басы жүн-жүн бейтаныс қонақ нағыз қызырдың өзі боп шықты. Соғыстан үш жыл бұрын бұлар баржамен елге қайтты. Жолда Бакуге тоқтап, базар аралаймыз деп жүріп, кемеден қалып қоя жаздады. Сонда осы үйдің адамы сасқанынан қалтасындағы осы суретті тауып алып, тексерушілерге көрсетіп еді, олар әлі сығалады, бері сығалады, бастарын әрі шайқады, бері шайқады,— ақырында атақты адамның ескерткішінің қасында тұрған есекті шал да тегін кісі емес шығар десе керек, бұларды жүргелі тұрған кемеге жіберді. Сонда жүректері жарыла қуанған бұлар, қапелімде, қиын жерде дем беретін ата-бабаға алғыс айтудың орнына баяғы қоңыр есектің құлағынан сүйетін ақ қалпақты орыстан айнала беріпті.

Мына жаман тегін болмады. Әлдеқашан мыж-мыжы шыққан көне суреттегі бұлдыр елесті тірі адамдай көз алдына сайрата қойғанын қарашы. Сонда бұл бозымбайдың кімге тартқаны? Жағы мен тіліне жалынбағанына қарағанда нағашы жағы, шынында да, құр қалған түрі бар. Бұл ауылдың мал біткені атқа мініп саят құрып, мал бітпегені темір тықытып, ағаш сүргілеп, былғарыға түшкіріп шұқынып кетуші еді. Бұ да сол көп шұқыншақтың бірі болайын дегені ме... Қой, ойын

баласының көп ермегінің бірі шығар. Не де болса екінің бірінің қолынан келе бермейтін өнер. Мына ала қағаздағы жымпып отырған аумаған атасы. Дәл қазір: «Е, келін шырақ, аман жүрсің бе, айналайын!» — дейтіндей.

«Аманбыз... Аман жүрміз, айналайын атеке. Баяғы өзің көргендей қайдан болайық. Одан бері де талай сұрапыл өтті ғой. Сен, атеке, туған жердің топырағы бұйырмай түркпеннің жерінде қалдың. Баяғыда Қарабұғазда кешқұрым үйдің көлеңкесінде шарығат айтысып отырып, қайта-қайта қызыл шеке боп дауласып қала беретін құрдасың жеуміт Жұмагелді бар емес пе еді. Жаназаңды сол шығарды. Оған енемнің теңінде жатқан, сіз баяғыда ұрын барғанда буынған күміс кісені бердік. Қасына жайнамазыңыз бен таспығыңызды қостық. Қараңызға біреу алып кетеді деп қорқатын қара тайлақ сойылды.

Сіз дүние ауғасын енем бұрынғыдан бетер күйгелек боп кетті. Үйден шығады да, жымысқының жүзіндей жымпиып жатқан құба шөлдің көз жетпес қиырына телміреді де отырады. «Кетейік, өлсек сүйегіміз туған жерде қалсын»,— деп бізге тыпым бермейді. Содан балаңыз екеуміз қызметімізден шығып, айда-жылда бір қатынайтын кememен елге тарттық. Баяғы мен түсетін судың басында колхоз ұйымдасқан екен. Соған кірдік. Енем енді біз таңертең жұмысқа кеткенде ағыл-тегіл жылап қалады, кешке келгенде ағыл-тегіл жылап отырады. «Келін алғаныма пәлен жыл болды. Әліге дейін үйімнен іңгә шықпады. Мен құдайға не жаздым!» — деп зарланады. Соны естігенде қара жерге кіріп кете жаздаймын. Апырай, шынында да, тас емшекті жібітпейтіндей қай қырсыққа тап болдым деп таусылам. Сахараның самиян ауасында өскен сорлы басым шаңы бұрқыраған ащы тосапқа түсіп, тізеден теңіз кешкен ауыр жұмыс істеймін деп әйелдің жарық дүниеден көретін жалғыз бақыты — аналық қуаныштан айырылғаным ба деп қорықтым. Қорыққанда жалынғаным-жалбарынғаным өзің болдың, атажан. Алдыңнан кесе көлденең өтпеп ем, бетіңе жел боп келмеп ем. Содан ба, аузыңыздан «айналайын келіншек» басқа сөз шықпаушы еді. Мынау ұлан-асыр дүниеде тек бұлтпған қызыл төмпек боп емес, баяғы сол ағынан жарылып, ақтарылып асып-төгілін жүретін ақ пейіл қалпыңызда қалсаңыз керек. Көзімізге көрінбегеніңізбен бұрынғыша тілегіңіз біздің үстімізде боп, желеп-жебеп жүрсеніз керек. Мен елге келген соң екі жылдан соң жас нәреста көрдім. Енем пақыр пәлен жыл сарғайтқанында

қыз тудың деп тулайды ма деп едім, жоқ суды өзі жылытып, жөргекті өзі жуып, аузыма сорпа ұстап жадырады да қалды. Бұрын қимылымның бәріне қыржыңдап отыратын қара кемпір енді сәл қозғалсам қосақтаса жүгіріп бәйек болады. Немересінің атын Іңкәр қойды. Түн ортасында қол басындай құндаққа айналып-толғанып жүргенін көргенде кеудемді жарып бара жатқан бір алапат сезімнен әрі мырс-мырс жыладым, әрі селк-селк күлдім. Балаңыз: «Мына біздің үйдің әйеліне не көрінген, есі дұрыс па өзінің?» — деп бүйірімнен түртіп қояды. Есім дұрыс еді... Дұрыс болғанда қандай... Бауырыңнан шыққан шаранаға шаңырағыңның астындағы барлық жан өзіңнен өтіп бәйек боп жатса, естің одан артық дұрыстығы, көңілдің одан артық мастығы болушы ма еді! Мен сонда, жан ата, өзімді осындай көл-көсір қуанышқа бөлеген, кішілік ізетім мен ықыласымды маңдайымның бес елі бақыты қып қайтарған өзіңіздің ақпейіл аруағыңыздан айналдым. Сол ұлан-асыр шаттығымнан болар, кішкентайым емшектен шықпай жатып тағы да талғадым. Бұл жолы, ата, дәл өзіңізге тартқан мұрыны қолағаштай ұл тудым.

Толғағым сондай жеңіл болды. Құм бойында отыр едік. Қыс тақалып қалған. Балаңыздың сыры өзіңізге мәлім. Шаруаға, әсіресе, үйдің күйбеңіне сондай қырсыз. Кеш түсті-ақ, ауылдың жігіт желеңі, қыз-қырқыны жылып ап сауық құрады, ән салады, күй тартады. Жөргекте де домбыра құшақтап жатқан сіздің балаңыз сақал-мұртты үйте-түйте шал болғанымен шаруасы жоқ, үкілері бұлғаңдап билеп жүрген бала қыздардың қасында әукесі салбыраң, ұялмай-қызармай күй тартып отырғаны.

Шал деймін-ау, ол пақыр осы қара шаңырақтың астынан ақырғы рет шыққанда отыздың дәл үшеуінде еді. Осы күні оның жасындағылар әлі күнге бойдақ жүр.

Сіздің балаңыз той-томалақ болса, үйді, қатын-баланы ойлаушы ма еді. Жоғалады да кетеді. Енем байғұс күні-түні бесік пен ошақтың арасында күйбең-күйбең. Амалсыз, ай-күніме жетіп отырсам да, қызыл шағылдың арасынан арқа-арқа отын тасымын. Бір күні кешқұрым сілем құрып үйге зорға жетіп енді тізе бүге беріп ем, балаңыз сауық кешіне киінін баратын ақ көйлегімді жуып қоймасың деп дігірлей жөнелгені. Бұрын бетіне келмеуші ем, сол күні не түлен түрткенін білмеймін: «Басқалардікі жөп-ақ болсын, осы сенікі не құтырыс!» — демесім бар ма! Оң жақ нығымның дыз ете қалғаны. Ба-

ланыз қамшысымен бір тартып, жайбарақат шығып барады. «Әй, мына күшік қайтеді-ай!» — деп енем байғұс күнк етті.

Ол кезде ата-ененің көзінше күйеуімнің қолы тиіп кетті деп, өз бетіңді өзің тырнап долданатын жағдай бар ма?! Сазарып отырдым да қалдым. Түнде тамақтан соң енемнің төсегін салып, баламды бесігіне бөлеп, шамды сөндіріп, түндікті жауып, сырттағы отынды шық-шылам тиіп, су болмасын деп тоқым-соқыммен қымтап, көрпеге кірген соң, енемнің ұйықтағанын естіп барып, дымымды шығармай, сығылып кеп жылайын. Оныма құлақ асып жатқан күйеу, сірә, жоқ, қызыл отаумен бірге қыр асып қыдырып жайына жүр. Ертеңіне енемнің шайын құйып бере сала, тағы да отынға тарттым.

Сол күні жолымның болғаны-ай! Әншейіндегі судыраған қу шырпы емес, теңкіліп-теңкіліп томар ұшырассын кілең... Буа беріппін, буа беріппін. Қайтарда тай қазан толы тамақты ошақтан талтайып тұрып жалғыз өзім түсіре беретін сорлы басым арқама албасты мінгендей болдыртайын кеп. Екі жіліншігім жеміріліп жерге кіріп барады. Оның үстіне құм ит жегір аяғынды бассаң суша сусып, әлдеқайда сырғанай жөнеледі. Таудай-таудай қызыл шағылдан төмен түскен жоғары шыққаннан гөрі әлдеқайда жеңіл сияқты еді. Со күні арқамдағы жүктің барлық салмағы бауырыма түскендей еңкейе де, аяқ баса да алмай қойғаным. Тістенің ап, ақ тер-көк тер ілбіп келем. Құм етегіндегі төрт-бес үйдің шетіне итшілей-итшілей жеттім-ау ақыр. Ық жаққа арқадағы отынды түсірместен отыра кеттім. Көзім қарауытып барады. Бір уақытта не өзімнің, не басқа біреудің шар ете қалғанын білмеймін, құлағыма әжептарқы дауыс келді.

Соны естіп сыртқа жүгіре шыққан енем:

— Мырза құдай-ау, мына бейшара босанып қапты ғой,— деп етегіне сүрініп дызақтап жүр.

Мына жоқ көзіңізді тірілтіп, қақырадай қып төрге іліп қойып отырған жаман немереңіз жарық дүниеге солай келген, ата...

Содан енем байғұстың қайта туғандай өзгеріп кеткені. Өзіңіз білесіз ғой, қолына не түссе де қыдырма ермелі [1] шебер жасаған қарағай сандыққа тоғыта беретін де, кілтін шаш бауына байлап, тұмар құсатып бойынан бір тастамайтын. Әлгі жаман немересі туғасын қай дүниенің қайда қалғанымен еш шаруасы жоқ. Екі бесіктің

[1] Қазақтар бір кезде армяндарды осылай атаған (Ә. К.)

ортасында арбалған торғайдай күні бойы қыбырлайды да жүреді. «Әйелің ұл тапты!» — хабар жеткен бойда, алдында ғана бұтқа толып кеткен балаңыз — екі етегімен екі босағаны сыпырып даладан кіріп келді.

Енді кеп мен бұртияйын. Құллі бір әулеттің бөркін дағарадай қып, мандайы жырта қарыс ұл тапқан қатынның бұтқа толғанын қай қазақ ауырсынушы еді. Қалжасы үзілмесін деп үйдің оң жағын қан сасытып жібергендері. Кіндік кесерге қашар, азан шақырғанға сүйек бас ер, қарын шашын алғанға тоқтылы саулық аталды. Сүйтіп ағыл-тегіл шашылып бақкан балаңызға баяғы бір қолы тигенін кешірмей жыл он екі ай жауыр аттай қыржындадым да жүрдім-ау мен бейбақ. Соны ойласам осы кезге дейін бетімнен отым шығады, атажан. Қатын байғұс қай кезде басындағы бақты бағалай білген. Қойнымда күйеуім, бауырымда ұл-қызым, төбемде — қара шаңырағым, қазаным — булы, жөргегіміз — сулы, азғантай мәпахамның ісін күңірсітіп бас аман отырғанда неге ғана жоқтан өзгеге ренжіп, неге сонша тұлынымды түттім екен деп өкінем. Сөйтсем, атажан, адамның басындағы бақыт деген де есіктің алдындағы аузына тепсең де үндемейтін қой төбеттей қашан қораңа қасқыр шауып, қойынды алдырғанша қадірін біле қоймайтын өте бір елеусіз нәрсе екен ғой. Әйтпесе, еркек жарықтықтың қазір көк аспанды төбеңе әкеп төңкеріп жіберетіндей шатырлағанымен, қазір-ақ шәйдай ашыла қалатын өткінші ашуына бола сонша талағым тарс айрылардай не бар еді. Еркектің қолы тимегенде мүйізіміз шығатын болса, міне, отыз жылдан асты, жүгенін сыпырып қоя берген тұл байталдай жал-құйрыққа шаң тимесе, жан тимей жүрмін ғой. Қайда әлгі, адыра қалғыр, қарағайдай боп шыға келетін мүйізі! Осы күні соны ойлағанда, атажан, ет-жүрегім ғана елжіреп қоймай баяғыда балаңыз қамшымен тартып жіберетін оң жақ ұнжырғам да бір түрлі тәп-тәтті боп балбырап бара жатады. Ол байғұс басқалардай тымырсық тоқмойын емес, ақ көңіл еді ғой. Ақылы қысқа әйелдің баяғы бір тортаң-тосыраңын жүрегіне зіл қылып о дүниеге өзімен бірге әкетпей әлдеқашан кешірген шығар, жан ата. Артындағы тұяғын ытше тістелеп, бір қараға жеткізіп қалдым. Енді, міне, жеті ата, тұқым-тұяны білмек түгілі естімеген өнерді бастап отырысы мынау...»

Бұл осының бәрін ойда-жоқта көз алдына сайрап тұра қалған атасына даусын шығарып айтты ма, жоқ өзімен өзі сөйлесіп отырды ма, әйтеуір есіктің алдында ұш

аяқты мосыдағы сырты бес батпан күйе қара шәйнек бұрқ-бұрқ төгіліп, быжылдай жөнелгенде ұйқыдан оянғандай селк ете түскені.

Сол күні түс қайта жұмысқа құр атқа мінгендей сергек аттанды. Енесі өлгелі ешкіммен сырласпап еді, көкірегіне көптен бері сілті боп тұнып жатқан біраз зілден арылғандай.

Қара бала қағаз күйелеуді көбейтті. Ол кезде бұл сурет салуды оқу баласының көп ермегінің бірі деп қана түсінетін. Кейін баласы үлкен қалада оқуда жүргенде бір күні ойда жоқта баяғы шопан қайнағасы келе қалсын:

— Келіп-ау, не білгенің бар? Әлгі біздің қисық бастың оқуы не оқу өзі? Ел асып, жер асып кеткенге райкомдықтың оқуы ма десем, тіпті зоотехниктікке де аспайтын бірдеңе дейді ғой. Бізден де қара танитын біреу шығып, көзіміз ашыла ма десек, бұ қу сирақ, өнбес нәрсенің соңына түседі. Бәрі сенен. Я өзің айтпайсың, я басқаға айтқызбайсың. Өзің білме, білгеннің тілін алма деген қарғыстың ең жаманы деуші еді. Сол аумай-төкпей келді де қойды,— деп астындағы шәлтік торыны төпей қамшылап шауып ала жөнелсін.

Сонда бұның қорланып жылағаны-ай. Қисық бас неме сандығының түбіндегі көк ала түйіншектің арасындағы бір бума көк қағазды қалтасына салып ап, ауданға бара жатқан машинаның қорабында мойны қылқиып жападан-жалғыз кете барған. Бұл көкірегі тарс жарылайын деп тұрса да, алыс жолдың алдында дауыс шығарып, жаман ырым жасамайыншы деп, баласын омырауына бір қысып, мандайынан сүйіп қала берген. Исі бұрқыраған салдырлақ машина ыңырайып жел жақтағы құмақ жалдың басына көтерілгенде, шапанын жамылып ауыл сыртындағы қалың шидің арасында ауданға апаратын қасқа жолға қарап түзге отырған. Алыс сапарға аттанып бара жатқан адамның артынан әйел түзге отырса, жолы болады деуші еді. Жалғызының жолы болғай...

Сөйткен ұлынан қандай оқуға түстің деп те сұрамапты. Телеграммасы келгенде марка сойып, ауыл үйдің үлкендерін жинап бата алды. Содан бастап бұның көңіліне бір тоқтық бітті, бұрынғыдай шаршамайтын, бұрынғыдай жалғызсырамайтын болды. Колхоз жарықтықтың бірінің артынан бірі шығып тұратын шетсіз-шексіз көп жұмысынан қанша қажып келсе де, күрең шайға қанған соң, ертең баласы оқу бітіріп келген күні жарқ ете қалғалы тұрған жаңа дәуренін ойлайды да, екі иінін басып отырған батпан зілдің қайда қалғанын білмей қалады.

Бес жыл деген немене, тәйірі. Бүгін туған шарана әлі өз бетімен түзге отырып келе алмай жатып өте шығады. Сосын ылғи сақманшы ауылда, пішенші ауылда, қорашы ауылда көшіп-қонып жүретін бұл колхоз орталығына барып жалп етіп отыра кетеді. Оқыған кісі я мал дәрігері, я адам дәрігері, я мұғалім боп оралатын. Үшеуі де сорлы емес. Бұның қарағы да оқуды жаңа бітірген жас маман боп шіреніп келеді де, бір жайсаң жаңа үйге ен салады. Бұ заманда азаматқа дүние-мал уайым болмай барады ғой. Тек аяқ-қолына амандық берсін. Бірер жыл қызмет жасағаң соң, мынау талайғы төрт қанат шатпаны тастап, күмбіретіп алты қанат ақ үй де көтерер. Осы күннен абысын-ажыны балаң келіп, жаңа үй көтерсең, бір-екі қап жүн мен бір-бір өре киіз мойынымызда деп жүр. Уыздай ақ үзік, суына қызыл жүгіртіп, қошқар мүйіз деп ойған ақ дөдеге, бір көш жерден көзіңді шағып тұратын ақ жұмыртқа алты қанат үйдің іргесі аттан, қарын көк сауырлап әшекейлеген, күлдіреуіші қолдың саласындай тып-тығыз әдемі шаңырақ, қынаға қандырып бояған иінді қан күрең уық, сүйегі балғадай кісі бойы тор көз кереге, ені үш қарыс қалы басқұр, майда тоқылған қалы үзік бау, төбеңнен күлтеленіп төгіліп тұрған уық бау, жан-жағың жайнаған масаты кілем — күмбіреген кең отаудың төрі қонақтан босамай, «осы үйдің дастарқаны таза, тамағы тәтті» деп саудырап қаланың қонағы түсіп жатса, «бұл үйдегі келіннің қабағы жазық, шайы қою»,— деп қаудырлап даланың қонағы кіріп жатса, «апа, мейманларға мал алдырайық па»,— деп қипақтап баласы кеп тұрса, «ене, қонақ жүргелі жатыр, әйеліне қандай көйлек салайын»,— деп келіні сызылып тұрса, «әже, апама ұйысшы, кәмпит беймейді»,— деп өкіріп немересі ныңына жабысып жатса, «иә, құдай, бергеніне шүкір»,— деп мамық көрпенің үстінде бұл отырса, пенде пақырға одан артық бақыттың қажеті қанша?!

Қашан келсе де, әлденеге көңілі бітпей, өз-өзінен тортиып жүретін шопан қайнағасының жазықсыз тұғырдың басы-көзіне қарамай жаудыра жөнелген көп қамшысы бұның көз алдында көптен мөлдіреп тұрған әлгі бір әсем көрініс күл талқан қып күйретіп кеткендей көрінді. Зоотехниктікке де жарамайтын сонда неңіз оқуы бұл? Бір мектептің маңдай алдысы болғанда ол бейшараны сонша не қара басып жүр?

Адам баласына тісінен шығармаса да, жанын жегідей жеп жатқан осы бір дұдамал қара баласы қашан: «Апа, үй алдық!» деп бір парақ қызыл құйрық қағаз

әкелгенге дейін бір бүйрегінде бүк түсіп жатқан да қойған.

Ауылдан аттанарда:

— Көз көрген сары аяқ келін едің, мына оқымысты неме ит арқасы қиянға алып барады. Енді көреміз бе, жоқ па? — деп жылап қоштасқан шопан қайнағасына бұл:

— Қайнаға, бауырымдағы жалғыз балам ат жалынан тартып мінер жасқа жеткесін қайда барам, не істеймін, кімді алам десе де, жолына тұрмаспын, қолынан қақпаспын, қасына ерқара боп еріп жүрермін. Ажалым жеткен жерде қалармын деп аруаққа айтқан сөзім бар еді. Сол уәдем — уәде. Жалғыз ғой, қасымызда отырып қарамызды көбейтпеді деп ренжімеңдер. Қайда жүрсе де аман жүргей деп тілегін тілесіңдер. Ал, ағайын, аманшылыққа жазсын! — деп жүріп кеткен.

— Айналайын, әйел де болса, ақылды еді. Жолы болсын! — деп қалып бара жатқан үлкендер кемсеңдескен.

«Ие, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқытпай тістелеп жеткізген қарағым қасымда жүрсе болды да. Қия шеттегі бөтен қа'ла, бөтен молада атасы жатыр. Қай бұтаның түбінде қалғаны белгісіз әкесі жатыр. Менің жаным, менің сүйегім солардан артық боп па! Жер таңдайтын, мола таңдайтын жайым жоқ. Жалғызымның қолынан бір уыс топырақ бұйырып, қара жердің астына кірсем армансызбын»,— деп кедір-бұдыр жолда сылдырлақ машинаға қосыла тербеліп бұл келе жатты.

Қос қапталда көз бен көңілді қып-қызыл шоқ боп қарып таныс төбе-шоқылар қап барады. Алыс-алыс дөңдерден сағым шалып ата-баба зираттары бұлаңытады. Ойда жоқта тасадан шыға кеп тырағайлай қашқан қара құйрық үйірі анадайдан қайта табысып, одырая қарап қалады. Айыр құйрық ақ бауыр қарлығаш жолды қайта-қайта кес-кестеп шырқ үйіріліп шықпай жүр.

Туған жердегі көзге ыстық көріністер алыс сапарға аттанып бара жатқан бұны қимайтындай жан-жақтан анталай мойын созып, ұзақ тербеліп тұрып алды.

Поездың үстінде түс көрді. Тымағы жалпылдап атасы ат үстінде жүр. Бұл, апырай: «Қашанғы қара шаңырақты құлатып қайда барасыңдар?» — деп ақырар ма екен деп қыпылықтайды. Атасы ондаймен шаруасы жоқ, анадайдан қолын бұлғап қояды. Бір қызыл құйрық түлкіні қуып барады. «Бұл кісінің саятшылық өнері жоқ еді ғой»,— деп танданып жатып ояның кетті.

Сөйтіп, жер түбінен ентелеп келгенде жат біреудің босағасына кірді. Балам ер жетіп, өлгенім тіріліп, өшкенім жанады деп жүргенде кісінің қасы мен қабағына қарайтын болдым-ау деп налыды. Есіне шопан қайнағасының баяғы сөзі түсті.

Енді, міне, ұлы жарқырағаң жаңа пәтердің төбесіне бір, еденіне бір алақтап тұрған анасына жымсия күле қарайды.

Бала жарықтық жер түбіндегіні ұмытпайды-ау:

— Апа, менен де адам шықты ма? — деп тісін ақсиып тады.

— Шықты ғой, құлыным! Шыққанда қандай!

Бұ да баяғы шопан қайнағаның сөзін еске ап тұр-ау. Пақыр: «Ала қағаз мал болады ғой деп отырсың ба? Неге шаруа үйретпейсің!» — деп бажылдаушы еді. Дүниедәулетті алдындағы тоқтышақтың төрт борбайының төңірегінен іздеп қалған байғұс ала қағаздың өзі мал болмағанмен, одан түсетін көк ала, қызыл ала қағаздың мал бола алатынын қайдан ескере қойсын...

Шашы қысқа, ақылы ұзын шопан қайнағасынан гөрі шашы ұзын, ақылы қысқа ауыл әйелдерінің айтқандары көбірек келген сияқты. Ал, асты тақтай, үсті тақтай, ортасын шылдырмақтай ақ пәтерге кірді. Ал, жұмсақ көрпені төрт бүктеп төсеп, қақ төрге қақырайып кеп отырды. Ал, енді әлгі баласының бір күні ігір де жоқ, мігір де жоқ білегінен жетектеп әкеп кіргізетін шүйке басы қайда?

Басына ақ байлаған қай әйелдің де қорқа күтетін бір күні, қуана күтетін бір күні бар емес пе? Бұл қорқа күтетін бір күнінен құтылды. Қызы жанды-жақты, шаруаның қаққанда қанын, соққанда сөлін алатын іскер, пысық тұқымға тап болды. Бұл жат-жұртқа жаралған перзентінің өзі нағып жүр, бала-шағасы нағып жүр дейтін уайымнан, алла сәтін салып, құтылды. Ал, әлгі қуана күтетін күні жаңа үйге кіргесін ертеден қара кешке көлдей терезеге телмірумен күн өткізетін қақыра жаулық қара кемпірге шын уайым болып алды.

Баласы ерте кетеді. Кеш келеді. Кейде жоқтан өзгеге көңілденіп жайнақтап келсе, кейде нініпен су кетіп, қажып оралады. Бұның сұрағын жерге тастамайды. Аяғын шешер-шешпестен аузы жалпылдап түсіндіре бастайды. Бірақ, бұл бәрібір ұқпайды. Сонысын бірден түсініп қалған қу бала қазір босқа ауызын ауыртпай:

— Жәй, әншейін,— дей салатын болды.

Күні бойы құр құлақ отырған кісіге жаңғыз ауыз «жәй, әншейінің» не кенеу болатын еді!

Кеше ғана қай жері ауырып, қай жері сыздап, неге ренжіп, неге қуанып отырғанын алақанындағы нәрседей түп-түгел біліп отыратын ішінен шыққан перзенті бүгінде өз сыры, өз құпиясы, өз дерті, өз уайымы бар бөлек, бөтен біреу боп шыға келгені. Оның жанына баса көктеп қол сұғуға қақың жоқ. Қай жерің ауырып отыр, тәбетің неге шабады, тағы қандай мұң-мұқтажың бар деп қақылдай бере алмайсың. Өзіңдей кісінің бостан босқа басын ауыртқын келмейді. Ертелі-кеш дастарқанынды жайып, тапқаныңды аузыңа тосып, қас-қабағын андып бағасың. Ұйықтап қалса, терезенің булығы ашық па, жабық па, жастығы аласа ма, биік пе, көрпесі жұқа ма, қалың ба — бәрін қарап, бәрін тексеріп аяғыңның ұшынан басып жүргенің. Тіпті айналып, толғанғаныңды да бұрынғыдай дауыстап айта алмайсың. Ішіңнен күбірлеп, не басқа бөлмеге, өз төсегіңе барғанда жынды кісідей өзіңмен өзің мылжындасып отырғаның.

Кісіге жалғыздық деген осылай келеді екен. Бір бөлмеде көкірегін кеулеп бара жатқан құсасын ақтара алмай бұл жалғыз, екінші бөлмеде сырттағы жұртқа сездірмей тістеніп келген сырын айтатын адам таба алмай ол жалғыз. Ол екеуін жалғыздықтан құтқаратын, баласының қабағы неге түсіңкі екенін сұрағанда, көзбен көріп, қолмен ұстатқандай қып айтып беретін бір тілмәш керек сияқты.

Ол тілмәш — басқа бір шаңырақта туып, басқа бір әйелдің баурынан шыққан шүйкебас. Сол шүйкебастың шүлдірінсіз бір-біріне дегенде шығарға жандары басқа екі адамның әңгімелері қиысатын түрі жоқ. Онсыз мынау жүйкені жеп, жүректі кеміріп жатқан мына бір сартап тыныштықтан құтыла алатын емес.

Бұл бір сәт сергінші деп аулаға шығады. Есіктің алдындағы тақтай орындықта қалт-құлт етіп күнге қыздырынып отыратын үкі көз көрші кемпірмен «здрәстилері» дұрыс. Бірақ көкірек босатысарға екеуі де сол баяғы «кәкөй» мен «карашоның» төңірегінен шырқ үйіріліп шыға алмайды. Ана пақыр мұның қақыра жаулығын ұстап көріп саусақтарын шошайтады. Онысы қанша метр матадан шықты дегені болса керек. Бұл бес саусағын түгел көтереді. Анау осынша матаны зіп-зілдей қып аркалап жүруге мойның ауырмай ма деп басын шайқайды. Содан арғыға қайран жоқ. Ал, тіпті тіл біле-ақ қойсыншы. Сонда я туғанынды көрмеген, я өлгенінді көрмеген қай-

мана кемпірге қалай қалыңдық ойнағаныңды айтасың ба, жоқ қалай келін боп түскеніңді айтасың ба... Ондайда ботаның жамырағаны мен қазанның түбі күйіп кеткенінен бастап бәрін әңгіме қып көйітіп отыратын бастас абысын-ажыныңды ойлайсың. Абысын-ажыныңды ойладың-ақ көз алдыңа алыста қалған аулың оралады. Осы күндері мұрныңды жарып жүргізбейтін майқара жусанның иісі аңқып қоя бергендей болады. Таңдайыңа тай қазан сүтке тидекәш мәйекті бір тигізіп ұйытқан сары ірімшіктің сарысуына піскен сырбаз етінің шырын дәмі келеді. Алыстан аңырап боздап, желіні сыздап, ентелей басып келе жатқан аруана маяның даусы жетіп тұрған сияқты. Саусақтарыңа шымыр-шымыр діріл жүгіреді. Шіркін, қазір ботасына еміреніп тұрған енесі жарықтықпен бірге күңіреніп, қарына шелек іліп, күрпітіп түйе сауар ма еді. Мынандай май тоңғысыз шуақта күн жақта киіз жамап отырар ма еді... Киіз басатын, көрпе қарпитын, арқан ширататын, үй жығып, үй тігетін шаруалар шыққанда ауыл үйдегі келін біткен «жеңешелеп» бұған жүгіретін еді-ау. Нәрестені бесікке саларда, жаңа туған ботаның аузын үрерде, қозысы алмаған қара бауыр саулықты пітерде әйел біткен бұны іздеп шыға келер еді. Бұл жазған да бұлдану, бас тарту дегенді білмес еді. Ауыл тұрмысында бұның қолынан келмейтін жалғыз нәрсе — өсек айту. Айтатының бір-ақ айтып қарап отырады. Абысын-ажыны мақтайын десе не тауып айтатындарын өздері біледі, ал жамандайын дегенде бар тауып айтатындары: «Бетің бар — жүзің барды білмейтін сол бейбақты қойшы».

Ие, мынау ерсілі-қарсылы сапырылысып жатқан көп жұртқа оның бәрі жәй әншейін өтірік әңгіме. Астанада адам көп болғанмен, сенің бір кезде қалай жүріп, қалай тұрғаныңды кім біліп жатыр. Білмек түгіл, айтып берсең — тыңдайтұғын құлақ жоқ...

Баласы келін түсірсе, соған айтар еді. Балықтың тіліне бақа түсінеді деген. Түсінсін-түсінбесін, аты ұрғашы әңгіме шығып жатқан жерге ошарыла түспесе, «әй, қойшы» деп қолын бір сілтеп тұрып кетіп қалмайды ғой. Не де болса, әлгі қатындары құрғырдың қақылдап айта беретін ши борбай, шүйке басы, баласына қайдам, өзіне жатса-тұрса ойынан шықпайтын дерт боп алды. Кейде отыра қап баласына өкпелейді. Бұ қаланың еркегі бір есіктен кіріп, бір есіктен шығып қаңқайып жүре бергеннен басқа ештеңе білмейді екен де. Ауыл болса ғой, ер бала он сегізден асты-ақ, қызы бар үйдің тынымы кетер

еді. Түнде үйлеріне түйе сүйкесе де, сыртқа жүгіре шығып жүргендері. Қыз алып қашатыны тағы бар. Баягыдай атпен қашып, қуғыншымен атысып-шабысып жататын заман жоқ. Қолы ұзыны жеңіл машинамен, қолы қысқасы жайдақ қара машинасы бар, су таситын, бензин таситын күбілі машинасы бар, ең болмаса, шана сүйреткен тракторы бар әйтеуір бір ретін келтіреді. Қыз төркіні бір жылдай күнге түкіріп, айға қақырып аспандап бағады. Бір жылдан соң, қыздары босанғасын, жиендеріне құтты болсын айтуға өздері келеді. Ал, бұның баласы бақандай он жыл мектепте оқыды, бақандай бес жыл институтта оқыды, екі жыл салт жүрді, бір қыс, міне, тағы өтті. Әлі күнге жоғалған түйенің мойнына байланған қары жіліктей салақтап жалғыз жүр. Мұрт түгілі сақал қоятын уақыты келді. Үйге келсе жағымен арпалысып жатқаны. Сүйте тұра не ойлайтының! Әлде ауылдан шешем көшіп кеп, аузы дуалы ағайынды жиып, осындағы өңшең әкімнің өңді қыздарына құда түседі деп жүрді ме екен! Өйтіп, сыйлы үйдің төрінде талтандайтындай аузымен құс тістеген ағайыны қай бір толып тұр! Өзі ажарлы шапаның киіп, түрме белбеуін буып, есіктерін қағып кіріп барар еді, ол немелер қызына құда түсе келді екен деп ойламас, адасып жүрген кемпір екен деп; «Бәбүшке, көшеңіз міне, үйіңіз әне!» — деп алдап-сулап шығарып салар. Әлгі қалалы жердің қыздары бойдақ жігіттердің соңынан қиқулап өздері жүгіреді дейтіндері қайда? Ал, жарайды, ұрғашы байғұс қашанда бұлданшақ қой, бұның соңынан жүгірмей-ақ қойсын, сонда өзі осылай тыпырлап ала ма? Бой десе бойы, ой десе ойы бар. Отар-отар қой, үйір-үйір жылқы талап ететін заманнан, құдайға шүкір, құтылдық. Қазіргі жігіттің төбесінде баспанасы, қолы қарап жүрмейтін қызметі болса жетіп жатыр. Өң десе өңі де ешкімнен кем емес сияқты. Ай маңдай, бұйра шаш, қоңқақ мұрын, ат жақты ашаң жігіт... Әне бір үріп ауызға салғандай бұрақ бел қыз қасындағы жұп жақ, бітік көз, кәртөшке мұрын қисық аяқты әлдекандай қып мойнына асылғанша, мұның баласының мойнына неге асылмайды? Әй, бар пәле, асылы, баласының өзінен. Жоғынды бар қып көрсетіп тыртақтайтын мына кезде сол неме бойындағы барды жасырып, алма піс, аузыма түс деп бұқпантайлап жайына жүрген шығар. Алмасы құрғыр пісуін пісер-ау, бірақ басқа көз, басқа қол оны сенің аузыңа түсіре қоя ма! Әй, ашық ауыз балам-ай қанша оқысаңдар да, қой құрттап өскен кемпірдей ақылдарың жоқ қой. Әйтпесе, мынау құралайдың салқынын-

дағы киіктей көшеге сыймай өріп жүрген көп қыздың біреуі бұйырмайды деген не сұмдық!

Қолдей терезенің алдында қай-қайдағыны ойлап қиялға батып тұрған қара кемпір бажылдап жатқан қоңырауды естімепті.

— Апа, апа! — деген айқайдан селк ете түскені.

Барып есік ашса — баласы тұр. Ырсиып күледі. Қасында бір қараша қыз. Жымиып төмен қарайды. Баласы қолына екі чемодан ұстап ішке өтті. Қолында жылтырақ сөмкесі бар әлгі қараша қыз дік-дік басып табалдырықтан аттады.

Баласы қолындағы чемодандарды коридорға қойды. Сосын мойнындағы жылтырақ орамалының ұшымен аузын басып, туфлиінің ұшымен жер шұқылап тұрған қараша қызды бұның бөлмесіне жетектеп кірді. Бейтаныс қыз босағада тұратын жалғыз орындыққа отыра кетті.

— Апа, бұл Роза! Мен қазір...,— деп баласы шығып кетті.

— Иә, шырағым, амансың ба?

— Аманшылық.

— Оқу ма?

Қыздың беті ду қызарды.

Бұл енді не айтарын білмеді. Бар түсінгені — оқуға келген қыз болды. Қазір жер-жерден мектеп бітірген балалар шұбырып келіп жатыр. Бәрінің де әуелі осылай именшектеп аузынан сөзі түсіп отырғаны. Бір жылдан соң шашты кесіп, көйлектің етегін қырқып, көзді бояп, қасты бояп, қан жеген тазыдай сылаңдап шыға келеді. Мына бала ибалы екен. Асықпа, шырағым, ендігі жылы аузымыздағы сөзді өзімізден бұрын іліп әкетіп қақшаңдап тұрарсың, бәлем. Қайдан білесің, ауылдағы ағайын алматыдағылардың бәрі төбелерімен көк тіреп тұр деп ойлайды ғой. Әлгі шымайшы жарықтықтың ертең бұған оқуға түсуде бірдеңе етіп қол ұшын берер қайраны бар ма екен өзі? Әй, маңдайынан көреді-дағы. Талабы бар болса, ауылда шөп шауып, шөмеле үйіп жүрген жесір кемпірдің де баласы оқуға түсті ғой, бұ да түсер. Айтпақшы сонда бұл кімнің қызы болды? Шопан қайнағасының қызы жалақ ауыз абысынға тартқан шікіл сарытын. Ұста қайнысының балалары дәл мұндай боп бой жете қойған жоқ. Оның үстіне, ол екі үйдің қыздарына Роза деп ат қоятындай оқу өтіп кеткендері шамалы. Е, бұл аудан басындағы милицияда істейтін жиендерінің қызы екен ғой.

— Қалай, әке-шешеңнің дендері сау ма?

— Сау көрінеді.

«Мына жазғанның «көрінедісі» несі? Кеше шыққан үйінің амандығын білмей не қара басып отыр. Әлде мен бірденені шатыстырып тұрмын ба! Менен о да шығады. Жаным-ау, біздің тұқымда баласының үсті-басы тап мынандай боп жып-жинақы жүре қоятындай тағы кім бар еді?».

Баласын іздеп айналасына қарап еді. Ол телефонның құлағына мініп апты.

— Иә, солай боп қалды.

«Солай боп қалғаны несі?»

— Жоқ, білмейді.

«Білмейтіні кім? Нені білмейді?»

— Әзір түсіне қойған жоқ. Қуанатын шығар.

Мына патшағар ит жылы өлген әкесін естірткендей не жұмбақтап отыр...

— Иә, сол өзіміздің жігіттер болса жетеді. Мен қазір дүкенге жүгірейін.

Бұның қолынан түспейтін болған абажадай сары сөмкені ұстап, есікті сарт ұрып шығып кетті.

«Қой, кім болса да, өзегі қуыс адам ғой. Алыс жолдан шаршап келген шығар, шай қояйын»,— деп кухняға аяндады бұл.

От жағып, шай қойып қайтып келсе, бейтаныс қыз орындықта әлі отыр. Беті күреңіткен бе, қалай? Көзінің алды дымданайын деген бе, қалай? Әй, қанша оқыдық, жетістік, тең праволы болдық деп кеуделерін қаққанмен қыз балаға алыс жолға шыққан қай бір оңай дейсің? Ендігі күнім не болады деп уайымдайды ғой бейшара. Қайтушы еді, жұрттың көргенін көреді-дағы. Баламысың деген-ау...

— Қой, қарағым, қысылма. Шаршаған да шығарсың. Барып жуын.

Қыз орнынан тұрып, қол жуатын бөлмеге кіріп, кілтін іштен жауып алды.

Сол-ақ екен есіктің қоңырауы сарнап қоя берді.

— Ал, апа, құтты болсын!

— Айтқандарың келсін, жарықтарым. Рахмет.

Тасырлап төрт-бес жігіт кірді. Қолдарында қолақпандай қып қағазға ораған бірдене. Мына бір қисық мұрын, қисық аяқ, жалбыр шаш арық қара анада бұларды көшіріспеп пе еді? Қасындағы кетік тіс жылтыр қара «қазан аяқ жағы маған қол» деп салдырлатып ыдыс-аяқ арқаламап па еді? Бұлардікі қай «құтты болсын». Ана жолы да айтып еді ғой. Бұ жарықтықтар бө-

тен біреудің үйі ғой деп қымсынуды білмейді-ау. Баса көктеп бөлме-бөлмені сүзіп шықты. Алақтап жан-жақтарына қарайды.

— Ау, әлгі сабаз кірмей жатып қолтықтасып серуендеп кеткеннен сау ма?

Сол екі ортада тағы да қоңырау бажылдады. Тағы да: «Құтты болсын!». Тағы да: «Рахмет!».

Бұл жолы кірген топтың қарасы молдау. Араларында екі-үш әйел де бар. Олар қарны қампиған қызыл былғары сөмкені ішін шалдырлатып қос қолдап кухняға алып өтті.

Өз үйіндегі мынау ойда жоқ абыр-сабырға түсіне алмай бұл тұр. Әлгі баласы құрмағыр қайда жоғалып кете қалды? Е, міне, о да кіріп келді. Босағадан бері аттатпай коридорда қаумалап тұрғандар оны құшақтай алды. Әйелдер бетінен сүйіп, жігіттер жағы біреулері желкесінен түйгіштеп, біреулері омырауынан төмпештеп жатыр. Мына немелердің қуанғандары да тайлақ түйенің тапырақтағаны сияқты оп-оданы! Мыңқ болғырлар, қу сүйек неменің қылқынып тұрған мойнын жұлып алмаса жарар еді...

— Ал, апамның келінін қайда тығып қойдын?

Әлгі кетік қара баласын омыраудан ала түсті.

— Оны апамнан сұраңдар!

Мына сығыр не дейді? Қайдағы келін! Бетім-ау, сонда апақ-сапақта жетіп келген әлгі баланың келіні болғаны ма! Баягы көбік ауыз қатындардың айтқанының бұл жолы да аумай-төкпей келе қалғаны ма? Бұл мыңқ болғыр, алдын-ала ескертпей ме екен? Ең болмаса, қос уыс кәмпит шашып қарсы алатын еді ғой.

Енді жұрт бұның аузына телмірді.

— Мына күшік не дейді? Әлгі бала келін бе еді? Онда ол беті-қолын жуып жатыр.

Жұрт ду күлді. Лап қойып жуынатын бөлмеге бөттеді. Сөйтсе, манағы ұялшақ қыз көзі жарқырап шығып келеді екен.

Опыр-топыр басталды да кетті. Жұрт келінді жағалай құшақтап, жағалай сүйіп шықты. Елдің ең соңында келінінің мандайынан бұл да сүйді.

Содан бұл жататын кең бөлменің еденіне жеткенінше шүберек пен клеенка, жетпеген жеріне газет төселіп көлдей дастарқан жайылды. Қақ төрге қақырайып бұл отырды. Жігіттерге еріп келген екі-үш келіншек бұны бүгін өз қазанының маңына жуытар емес. Ал, әлгі кетік қара білекті сыбанып тастап, аузы жалпылдап көк кастрюль-

ге ас салып жүр. Біреуі ыдыс-аяқ жуып жатыр біреуі шұжық турап жатыр, біреуі рюмка сүртіп жатыр. Әйтеуір, шүрменнің баласындай жабылған да кеткен.

Бұл түс көргендей айран-асыр. Келін түсетін ауыл айлап-апталап күбінбейтін бе еді? Ағайындар жағалай үй тігіп, соғым әкеп, саба пісіп, ыдыс-аяқ жиып қапылып жатпайтын ба еді? Бүкіл бір әулеттегі дүние-жиһаздың ең ажарлысы жарқырап тойлы ауылда тізіліп тұрмайтын ба еді? Ертең келін келетін күні бүкіл ауыл жүректері лүпілдеп көрер таңды көзімен атқызбайтын ба еді? Төбе-төбенің басында шаң шықпас па екен деп қарап жүрген балалар әуелі: «шүйіншілеп» ауылға, артынан, «алақайлап шаң шыққан жаққа қарай сандарын шапалақтан жүгірмейтін бе еді? Әуелі шапқылап күйеулер келер-ді. Алдынан ақ бауырсақ шашып әжелер шығар-ды. Сосын қызылды-жасылды қыз келіншек кейіндеп қалған келін тобына барып қосылар-ды. Олар келгенде күллі ауыл тайлы-таяғы қалмай шашу тереміз деп алдарынан жүгірер-ді. Сосын пәлен күн той дуылдап, той біткен күні жас келін отауына кірер-ді. Табалдырықтың алдына жаңа сойылған жас тері төселер-ді. Оң аяғымен аттаған келін сүрінбесе, таймаса — қадамының құтты болғаны. Сосын ащы даусы аспанды шатынатып зар жақ ақын бет ашар-ды. Бет ашардан соң жұрт таласып-тармасып келіннің қолынан шай ішер-ді. Шай ішуге келген жұрт екі босағаға қаздай тізіліп жаландап отырған ауызды қатындардың алдына топытып көрімдік лақтырар-ды. Ол қырдағы ауылдың алты ай жаз аузынан түспейтін қырғын әңгімесі еді ғой. Ал, екі жасқа бұдан былайғы өмірлерінде қуанғанда да, тарыққанда да көлеңдеп көз алдарында тұра қалар медет еді ғой.

Ана байғұс тал бесікті таянып отырып талай қиялдаған осы бір сәтті дәл бұлайша құйрық-жалы күзеліп апақ-сапақта өте шығады деп ойлап па еді. Мына бір қиыр-қиырдан табысқан қиын жылдары туып, қырсығы арылмай өскен қырық құрау немелер бір-бірінің жыртық көңілін бітегенсіп өздерінше тырбынып бағуда. Тумай жатып маңдайларындағы бір-бір әкелерінен айырылды. Сосын жесірге бала, жетімге аға боп елпі-селпі өсті. Есек дәмелерін ескек қып, талаптарын тал қайық қып міниң тағдыр айдынының тайталас төрінде бас қосып отыр. Желкендері әлі әлсіз, қайықтары әлі қалтылдақ. Оған қарап жатқан бұлар жоқ, ақылдап сөйлеп, қарқылдап күледі. Әсіресе әне бір мұрны аузына мінген жалбыр шаш жігіт қаймыжық еріндерін өтпейтін қай-

шыдай әзер жуыстырып ескі мен жаңаны, белгілі мен танысықты ию-қию араластырып көйітеді-ай кеп. Жауырынының ортасына түсіп кеткен жалбыр шашын бір желпіп қалса, көмейіндегі сөз бұлағы онан сайын лақылдап жөнелетіндей тақылдайды-ай кеп. Дастарқан басындағылар бастарын шайқап, таңдайларын қағады. Бұл да оқтын-оқтын ернін бір сылп еткізеді. Жұрт жалбыр шаштың айтқанына түсініп тамсанса, бұл түсінбей-ақ тамсанады. Мүдірмейтініне таңғалады. «Бұлар біз түсінетін жерде жүрсе, елден безіп, жерден безіп, осынша көз майын таусып, бөтен қалада пәлен жыл салпақтап бекер әлекке түскен болады да»,— деп қояды ішінен. Ал, әлгі кетік тіс жылтыр қараның айтқанының бәрі түп-түсінікті. Оны тыңдап отырғанда ауылдағы абысындары есіне түскені. Бұл да солар құсап безеңдеп, төндіріп сөйлейді екен. Бәрін көре қалғандай, бәрін біле қалғандай. Әне, әне... Жаңа түскен жас келінге қарап ежіреңдеп айтып тұрған әңгімесін қарашы: «Ағайын, бұл өзі қатты ойланатын нәрсе. Мына отырған апамдардың көрмегені бар ма? Бар. Бұлар тауқыметті көрді, рахатты көрген жоқ. Сол рахатты сендер көрсетулерің керек. Замандас, сен бұл кісіге бүгіннен бастап әрі келінсің, әрі абысынсың. Келін болатының — жаңғыз баласының әйелісің. Абысыны болатының — елден-жерден ағайын-туманы, абысын-ажынды тастап келгенде тапқаны өзіңсің. Сондықтан сен мына апамның ауылға тастап кеткен жоғының бәрін бір өзің өтеуге тиістісің. Солай, ағайын, бұл оңай емес нәсте». Ой, аузынан айналайын, қалай-қалай сайрайды-ай! Құдды мұның ішіне түсіп-шыққандай. Қаршадайларынан қайдағыны біледі. Борбайларын жантақ тырнап, еріндерін аңызақ тілген қу шекелерім-ай Енді, міне, тас көшені тық-тық басып жүрсіңдер. Бағзы ата-бабаның барлық қапысын сендер қайырмақсыңдар. Оқымағандарын оқып, білмегендерін білмексіңдер, көрмегендерін көріп, істемегендерін істемексіңдер. Дүние жаратылып, су аққалы әулетінің төбесінде қалқа боп келе жатқан қашанғы тал шанырақты тозған арбаның доңғалағындай өздерің өскен ақ шаңдаққа аунатып-аунатып тастап кеттіңдер. Енді бұдан былай әлі тауда туып, таста өскен, ағайыннан басқа өскен дейтін қойды көрсе қолын шошайтып «мынау не» деп сұрайтын бөтен ұрпақ сендердің бауырларыңнан өрбиді. Кең жайлауын тас жол, тақтай еденге айырбастап, тіршіліктен маңдай теріп төгіп татар азғантай ырзығын мынандай ала-құла газет дастарқаннан бастаған пәтшағарлар асқар таудай

армандарына жете алсаңдар, бұның бәрі де кешіріліп, бұның бәрі де ұмытылар-ау. Тек асу-асу белдерге тартынбай тартып та кете алмай, кейіндегі ұлы қосын үлкен дүрмекке қайтып қосыла да алмай ұзын дәме, қысқа қол екі ортада шөре-шөре боп қалмасаңдар болды ғой.

Сол түні жастар ұзақ отырды. Көшеге жарық түсе тарасты. Жолдастарымызды шығарып саламыз деп келіп-баласы бірге шықты. Дастарқанның шетінде қисайып жатса, аздап көзі ілініп кетіпті. Түсіне осы үйдің адамы кірді. Табалдырықтың аржағында шөкелеп қана отыр екен дейді. Үстінде баяғы ауылдан кеткендегі қоңыр шұбарқыт бешпеті. Басында ақ киізден сырып тіккен ақ қалпағы. Бұған бір түрлі мөлдіреп келіп қарайды. Баяғыда қыз күнінде бір айтта алты бақан басында ту сыртынан өзге сақа жігіттердей ішіп-жеп сұқтанбай осылай жаудырай қарап тұрғанын көзі шалып қалғаны бар еді. Дәл сондағысындай. Тек сәл тотыққан ба қалай? Тек сәл қажыған ба қалай? Бұл: «Осы Үйдің Адамы-ау, босағада отырғаның не? Төрге озсаңшы!» — деп қолын ұмсынып еді, анау орнынан атып тұрып кері шегініп барады. Бет аузы әжім-әжім кемпір боп қалған бұны танымай тұрғандай. Өзі жас екен ғой. Мынандай уыз бозбалаға тұра ұмтылғанына ыңғайсызданып, қолын тартып ала қойып еді, жылымшы бірдеңеге тигені. Көзін ашып алса — қарсы алдындағы шарап толы бокалды қағып жіберіпті. Күрең шарап тор көз клеенка дастарқанда қып-қызыл қақ боп кілкіп жатыр.

Есікке қарады. Күнде көріп жүрген жайдақ табалдырығы. Жымпиып тұр. Ар жағында да, бер жағында да ешкім жоқ. Шамасы, иманды болғыр баласы келін түсіргенге қуанып, жатқан орнынан бір аударылған ғой. Түсінде өлген адам төрге озып, дастарқаннан дәм татып жүрсе, жаманатқа көрінеді деуші еді. Әлгі жазған табалдырықтан аттамай, кейін шегініп кетті. Тірісінде маңдайына шаң тигізбес жалғызын о дүниеде де желеп-жебеп жүреді екен ғой бейшара.

Баяғыда әскерге баласын кебежеге отырғызып, күздің қара суығында түйемен кемеге дейін шығарып салған-ды. Арсы-күрсі ақ жал толқында ақ пароход дір-дір етеді. Тақтай баспалдақпен шаштарын ұстарамен тықырлап қырған жалтыр бас еркектер жасқана басып көтеріліп барады. Елдің ең соңында — осы үйдің адамы. Пысылдап ұйқы соғып жатқан нәрестенің қызыл шақа жұдырығын құшырлана бір иіскеп:

— Біздің үйдің әйелі, балаңа абай бол. Не қиындық көрсең де, осыныңды сақта! — деп, теріс бұрылып кетті.

Қушық жауырыны барған сайын бүрісе түсті. Ту-ту биіктен артына бұрылып, тісі ақсиып қол бұлғады.

Ақ пароход жағада жабыла дауыс етіп жатқан көп қатынның жылауына үн қосқандай көкірегі қарс айырыла ақырап жылжи жөнелді. Қабынған бауырдай қапқара теңіз қазандай қайнайды. Сол бұрқ-сарқ қазанның бетіндегі жалғыз көбіктей ақ кеме көк жиекке жете беріп ақырғы рет бір дауыс қылды да, көзден ғайып болды. Ботасын жоқтап ауыз жаппай келе жатқан қараша інгенге қосыла боздап ауылға қайтты. Құлағында құрдым теңіздің көк мұнар төріне сіңіп жоғалған ақ пароходтың ащы айғайы мен күйеуінің сыбырлап айтқан жалғыз ауыз сөзі тұрды.

Сөйткен жалғыздың өз қолы, міне, өз аузына жетті. Ғұмыр жасының жартысын да жасай алмай кеткен әлгі жазғанның бір тілегі орындалды. Көз жұмар алдында да қан жұтып жатып артындағы тұяғын ойлаған шығар. Пақыр сонда ұлына не тілесе, соның бәрі де қабыл болғай!

Терезеден жаңа күннің жалқын шапағы енді-енді шашырай бастағанда бала-келіннің алғаш рет бірігіп жайған дастарқанының басында қара кемпір қақыра жаулығын түзеп қойып, көзінің жасын шұбыртып отырып, бар ынт-шынтымен алақанын жайып бата қылды.

О күні бұл келінінің бетіне жөндеп қарай да алмапты. Сөйтсе оны ауылда абысындары айтқандай «шүйкебас» десең де, «шөмелебас» десең де, өтірікші болмайды екенсің. Толарсағына жететін ұзын шашын тымпитып желкесіне түйсе «шүйкебас», қобыратып мандайына үйсе — «шөмелебас» боп шыға келеді. Шүйке бас кезінде жетім тайлақтай жымпиып қалады да, ал шөмеле бас кезінде салихалы адам сияқтанып кетеді. Керме қас, қыр мұрын, жайнақ көз. Кесер басына тағар міні жоқ. Бірақ, етсіз, жіңішке сүйек. Мұндайлардан туған бала шілмиген шынжау келетін. Бір-екі айдан соң нәрестесін жарыта алмай, емізік пен ботқаны араластырып былықтырып стыратын сабаздың нағыз өзі. Қасының арасы жақын, иегі сүйір, желбезегінен күн көрінеді. Сәл нәрсеге күйіппісетін шытырлақтау болуы ықтимал. Бірақ, қайқы ерін, сүйық қас емес, қабағы жазық, көзі нұрлы. Ашуының келуі де, кетуі де тез секілді. Айлап-апталап түйіліп жүретін көк долы, аузы-басы сүйрендеген ұрысқақ бола қоймас. Кеуде орамы күйкілеу болғанмен, тік көкірек,

қыпша бел. Әттең тек жамбас тұсы жатағандау ма қалай, сирақ бітімі келтелеу ме қалай... Еті тараң әйел арғымақ аттай сүзіліп тұрар ма еді, шіркін. Осы заманның жастары мал танымайды, жер танымайды, кісі танымайды, Сонда не танып, не біледі? Баяғы шалдар арам тер боп жүреді дейсің бе! Баласы ер жеткенде бүкіл ағайын боп атқа қонып ел ақтап кетуші еді ғой. Қайтып келіп, пәленшенің қызының сүйек басы, түгеншенің қызының ет қоңы, тағы біреудің қызының аяқ алысы, алымшалымы деп әңгіме қылып отырғандарын естігендер бұлар іштерінен: «Аңға түсетін ит таңдағандай, құс таңдағандай сөздерінің түрін қарашы!» — деп әжептеуір апшып қалатын-ды. Сөйтсе, оның бәрі бұлар ойлағандай қысыр әңгіме емес екен. Болашақ құданың атақ-дәулетін, болашақ келіннің тәрбиесі мен мінезін, дене бітімі мен ажарын сарапқа салғанда болашақ ұрпақтың ырзығы мен денсаулығын, болашақ отаудың мәпақасы мен ынтымағын түгел ойлайды екен ғой. Құдайға шүкір, қазіргі жастар көнлі құлаған қыздың ата дәулетін ойлап бас ауыртатыннан құтылды, сонда беті мен жеті мүшесіне зер салуға да шамалары келмейтіні ме? Қолтықтасып ап, күнделетіп-түнделетіп қыдырғанда ай қарағанша, жапырақ санағанша, бір-бірінің үсті-бастарына дұрыстап неге көз салмайды екен. Он бес жыл оқыды, тоқыды. Баяғы еркектердің үй ұстамақ түгілі ел ұстайтын жасына жетті. Сөйте тұра, бұлар бетіне қарап жымнған қызбен ыржындаса кеткеннен басқа, бір құшақтатқан қызды ұмар-жұмар ЗАГС жетелегеннен басқа дәнеңе білмейді. Соларына қарамастан, ауыздарын ашса, «махаббат» деп сарнап, «семья бақыты», «ұрпақ қамы», «жұбайлар жарастығы» деп сайрайды. Тіршіліктен секең-секең білеп, қалқа-қалтарысқа барып аузы-бастарын жаласып өте шығатын сияқты. Ертең балалы болмайтын, оны бағып-қақпайтын төбелеріне баспана ұстап, төңірегіне қара орман жимайтын сияқты. Бас ауырып, балтыр сыздағаннан, күле кіріп, күнірене шыққаннан, доска күлкі, дұшпанға таба дегеннен атымен бейхабар жұтқаным жұмырға деп жүре беретін сияқты.

Баяғыда атасы байғұс бір күн түнде бұларды суыт көшіріп, Қарабұғаздағы кәсіпке бастап бара жатқанда, елден қара үзіп, ала дөңге шыққан соң, терістікте еміс-еміс бұлдырап жатқан ата-мекенге қарап тұрып:

— Қазақтың жанын қинайтын қара жұрт, қара шаңырақ, қара қазан еді. Қара шаңырақ пен қара қазан үшін қара жұртты қиып барамыз. Құдайым тек, қара

қазан мен қара шаңырақтың ырзығы мен ынтымағынан айырмағай,— деп көзіне жас алып еді. Сөйтсе, ошақ пен шаңырақсыз екі аяқты тірліктің төрт аяқты тірліктен ешқандай айырмасы жоқ екен ғой. Адамды адам қып жүргенде әуелі сол күңірсіген қазан, дуылдаған күлкі емес пе? Оның кілті қашанда әйел жазғанда емес пе? Ендеше, осы заманның оқымысты еркектері әуелі осы әліп-биді ежелеп алмай ма!

Осы ойына түскенде қара кемпір қай-қайдағының басын шалады. Айналып-үйіріліп баяғы бір аулынан шығады. Ауылдағы қыздарды есіне алады. Айналайын ел жұрты бұған қай қызын келіндікке бермейтін еді. «Балам бой жетсін, сосын үйіне өз қолымнан жетектеп апарып кіргізем» — дейтін әйел аз ба еді! «Қарағым оқуын бітіріп келгесін, сенің үйіңе құда түсірем»,— дегенде беттері ду етіп, төмен қарап кеткендерімен, көздері күлімдеп қоя беретін қыздар аз ба еді! Әсіресе, бұның көп жыл көршілес отырған үйінің қызын айтсаңшы! Үш аға, екі інінің арасындағы еркешора. Көрік десең көрік қандай, мінез десең мінез қандай! Тұлға десең тұлға қандай! Несін айтасың, баладан басқа! Әке-шешесі де бұлармен құрдас еді. Дәулеті десең дәулеттері қандай! Әулеті десең әулеттері қандай! Жалғыз жігіт, жалғыз кемпір — бұларға, әне, сондай жан-жақты келін керек еді ғой. Басың ауырып, балтырың сыздаса ақылдасатын құдаң, сырласатын құдағың бар, жанғызсырасаң—ат құрғатпай келіп тұратын бес бірдей құда балаң бар. Бәрінен бұрын қызын айтсаңшы. Айналайын-ай, қас қабағында еш татау жоқ ашық күндей жайраңдаған жақсы бала еді-ау! Бойлы-сойлы, қара торының әдемісі. Өкшесіне түскен тоқпақтай-тоқпақтай қос бұрымының өзі неге тұрады! Қаладай қаланған аппақ тістері, жылтырай жымпиып тұратын бұлтиған еттері еріндері, жұмыр нек дөңгелек жүзі, әдеміше қыр мұрын, маңдай тұсы бұйраланып тұратын қара толқын шашы — бәрі-бәрі көкірегін қызықыз қайнатып көз алдында тұр ғой әлі. Үйі де бір басы өскен, ұйытқысы берік шаңырақ еді. Әкесінің дені таза, шешесінің дені таза. Одан туған қол-аяғы балғадай балдырғанды да көрерге көз керек болатын шығар.

Алғаш рет шешесі екеуі келіп, киіз қарпысқанда:

— Осы қарағымды өзім келін қып аламын-ау! — дегенде, үйіне қарай ғұра қашқан.

Шешесі мен бұл әлгі қылығына мәз болған. Артынан үйренді. Ертелі-кеш айналып-үйіріліп келіп тұрады. Бұл жұмыста жүргенде үйінің түндігін түзейтін, жел кө-

терілсе, шаңыраққа баспа асатын, көлеңке ұзарғанда ірге сін түретін, ботасын қазықтайтын, суын әкелетін, кешке қайтарда қара мосыға қара шәйнекті іліп, алдынан бұркылдатып шайын қайнатып қоятын, баласынан келген хатты оқып беріп, жауап жазатын — бәрі сол. Кейде жалғызсыраганда шақырып ап ірге жағына жатқызады. Өзіне әбден бауыр басып кетіпті. Әліге дейін түсіне кіреді.

Бұрын баласына: «Қағазыңды бермейсің, қарындашыңды бермейсің»,— деп жылап отырып алатын ерке қыз енді ол демалысқа келгенде қарасынан қашатынды шығарды. Ол қашан оқуына аттанып кеткенше бұл үйге жуымай қояды. Бұл да қайтер екен деп баласына көрші қызды мақтап бағады.

Ол неме:

— Ә, солай ма? — дейді де отыра береді.

Ең болмаса көрші үй жаққа құлағын тігіп елеңдегенін бір көрсейші. Түн баласы оң жаққа ұзынынан түсіп ұйқы соғады, күн баласы қатырма қол сандығы мен бояу-сояуын құшақтап, ауылдың желкесіндегі ақар-шақар ақ шыңдарға тартады.

Ол оқуына қайтып кеткен соң, қыз бұл үйдің табалдырығын бұрынғыдай емес, бір түрлі мұңайып аттайды. Бұл қатты қысылады. Сасқанынан өз баласын өзі жамандайды.

— Өзі бірдеңені бастаса бітіргенше басын жерден көтере алмайтын сорлы. Әлгі мұғалімдері аулыңнан бір сурет бітіріп ала қайт деген бе? Кете-кеткенше ала кенептің алдында ербеңдеді де тұрды. Қараң қалғыр, суретшілік дегені қолынан келетін кісіге шимайлай салсаң, бола беретін оңай бірдеңе ғой деп жүрсем, әлгі трактор жөндегеннен де қиын пәлекет екен. Мұрнынан су кетіп зорға бітіргені. Өзің көрдің ғой, сенің қолыңнан шай құйдырып та іше алмады. Бірақ, бір-екі рет: «Баяғы тентек қарындасым әдемі боп бойжетіпті ғой»,— деп қойды.

Кемпір көзінің қиығын қызға тастайды. Қыздың қара торы жүзі қан күреңденіп алабұртып отыр.

Біраздан кейін ол үйреншікті қалпына түседі. Есіктен бұрынғыдай именшектемей кіреді.

Көшетін жылы бұл баласынан:

— Не ойлап жүргенің бар? — деп сұрап еді.

Өз-өзінен түртініп, бірдеңе ойлап басы қатып жүретін неме ішін ашпады.

— Әй, апа-ай, осы әңгімені әзір кідірте тұрсақ қайтеді,— дейді.

Сондағы кідірткені осы екен ғой. Оның бәрі әншейін тілге тиек болды.

Бірде әлгі көрші қыз:

— Апа, аузыңызды ауыртып қайтесіз. Қаладағы оқыған апаларымыз ағамыздың басын әліге дейін бос қойды дейсіз бе? — деп салғаны.

Құлімсіреген сияқтанғанмен күйзеліп айтқан.

Сөйтсе, патшағар, көрмей біліп отырады екен ғой. Айналайын-ай, анада екі айлық оқуға келдім деп, осы үйге соғып кеткен басқарма жігіт айтады: сұраушы көп, ешқайсысына сөз бермей, әлі үйінде отырған көрінеді. Біреудің баласының бостан-босқа обалына қалды-ау. Қарап жүрмей қайдағыны қайдан айта қойды екен.

Соны ойлағанда төр алдында қақырадай боп отырған қара кемпір шүйкедей боп шөжіп қоя береді. Соны ойлағанда, екі бөлменің арасында әрлі-берлі кіріп-шығып тынымы таппай жүрген келінінің әр адымын көз жазбай аңдумен болады. Оны келіні де сезетін сияқты. Көзінің астымен анда-санда бір қарап қойып, сыр бермей бағады. Бірақ, кей түндері көзінің алды қызарып шығады. Шамасы, күйеуіне айтып шағынатын шығар. «Шешең маған жаман көзімен қарайды»,— дейтін шығар.

Бұл оған жаман көзімен қарап қайтсін. Бірақ, баягыдан бері келіп жәйі әңгіме болғанда бұның көз алдына көрші қыз бала ма, басқа бала ма,— әйтеуір басқа бір өң, басқа бір кескін, басқа бір тұлға елестейтін. Баласы, міне, соның бәрін жым-жылас сыпырып тастап, бұрын-соңды көз алдына, ең болмаса, бір рет елестеп көрмеген бөтен біреуді қолынан жетелеп алып келді. Енді соған әрі тосырқап, әрі таңырқап қарайды.

Осы заманның жастары да қызық-ау. Соған бола күйеуінің түн ұйқысын төрт бөлін шала бүлінбесе де болады ғой. Жақсы болса, ертең ел-жұрт өзі айтар. Ал, жаман болса, мұның жақсы көзімен қарағанынан не өзгеріп кете қояды дейсің... Шіркіндерде басқаларда да көкірек, көңіл бар-ау деген ой болсашы, сірә.

Баласы да қызық. Бұның бөлмесіне бұрынғыдай арсаладан кірмей, әлденеге қымсынып енеді. Бұрын жұмысынан оралғанда: «Апа, қалайсың?» — дейтін. «Жақсымын, жарығым»,— дейтін бұл. Сосын айналып-толғанып жүріп шайын қоятын. Айналып-толғанып жүріп дастарқанын жаятын. Айналып-толғанып жүріп тамағын беретін. Айналып-толғанып жүріп төсегін салатын. Көрші бөлмеде ұйықтап жатқан баласын түнің бір уағына дейін айналып-толғанумен болатын. Өз-өзінен

күбірлей-күбірлей, балбырап бір тәтті ұйқыға кетуші еді.

Қазір баласының таңертең жылт етіп есіктен шығып бара жатқанын бір көреді. Кешке жылт етіп есіктен кіріп келе жатқанын бір көреді. Қалған уақытта ол бұның қасында да, көз алдында да жоқ.

Осы күні жұмыстан қайтқанда: «Апам, үйде ме?» — дейтін болыпты. Үйде болмай, шешесі түйе қарап кетті дей ме екен, жоқ отын алып кетті дей ме екен. Әлде ағайын арасында күнде болып жататын жиын тойда отыр дей ме екен? Отыр ғой, міне, таңертең өзі көрген жерде омалып. Баяғы бала кезінде жаттаған жұмбағындай асты тақтай, үсті тақтай, ортасы сыдырмақтай мынау тас үңгірден аттап шыққанда қайда барады? Құшағын жайып бауыры тұр ма, аузы жалпылдап абысыны тұр ма?

Анада бір бала ерткен кемпірлер мен ит ерткен қыздар серуендеп жүретін қала ортасындағы кішкене сая бақка барып еді. Оюлы кимешек киген сары кемпір жанына отыра кеткені. Келген жағын сұрады, баласын сұрады, келінін сұрады, үйін сұрады, бұл да білген жауабын айтып жатыр. О да бір іші пысып жүрген жарықтық екен, аузы жалпылдап естіген-білген хабарын самбырлата жөнелгені. Терістікте бір аптадан бері әлемет жауын бар екенін, түстікте күннің қатты ысып кеткенін, тауда қар еріп жатқанын, доп ойнайтын жерде төбелес шығып кете жаздағанын түнде телевизордан өзі де естіген. Ал, әлгі бір үлкен бастықтың параны көп алып, орнынан түсіп қалғанын хабар қып, үйіне айтып келсе, ту-ту көк теніздің ар жағындағы шет мемлекеттердің бірінің бастығы дейді. Бәсе, бұл жердегі бастықтарды не қара басып жүр деп еді-ау. Сөйтсе, кимешекті кемпір радиодан естіген хабарын өсек қып айтады екен. Иә, қаладағы кемпірде телевизордан басқа құдағи, радиодан басқа абысын бар ма? Келін-баладан олар да жақсы. Құр құлақ отырған кісіге бір уақыт ермек қой, әйтеуір.

Келін-бала болса, қол ұстасып келеді, қол ұстасып кетеді. Үй-іші болып күніне екі-ақ рет таңғы шай мен кешкі астың үстінде ғана бастары қосылады. Таңертеңгі шай, сірә, қапылыс. Кешкі астың үстінде де қасықтың салдырынан басқа көп дыбыс шыға бермейді. Аяғының ұшынан басып жүрген бір адам. Аяғының ұшынан басып келіні кухняға тартады. Аяғының ұшынан басып баласы төргі бөлмеге кетеді. Не айтқандарын білмейді, келін-бала өздері күңкіл-шүңкіл. Бұл болса жым-жырт бөлмеде жападан-жалғыз. Кейде көрер таңды көзімен

атқызады. Жас кезінде адам өзін ғана, құшағындағы күйеуі мен бауырындағы баласын ғана біледі екен. Үлкейген сайын өткен-кеткен көп елес көлбеңдеп көз алдында тұрып алатын көрінеді. Әсіресе, осылай көңілің құлазығанда сырласқан, дәм татысқан таныс жүздер жан-жағыңнан қаумалай кетеді екен.

Баяғыда жан ашитын ағайын: «Шырағым, өлгеннің артынан өлмек жоқ. Бір қайныңның, я, қайнағаңның етегінен ұста. Балаң ертең жансыз-жақсыз аталмасын»,— дегенде аза бойы қаза тұрған. Пәлен күн ұйықтай алмай жүрген. Көз алдынан баяғы дөңбекшіген көк теңіз, қалтылдаған ақ пароход, сыбырлай тіл қатқан күйеуі, әлдекімнің қасы мен қабағына қарап мөлиген жасқаншақ баласы кетпей қойған. «Құрысын,— деген сонда ол.— Елмен бірге көрген алапаттан аман қалғанда, елмен бірге көріп алатын жетімдік пен жесірліктен тайқақтап, жалғыз басыма мүйіз шықпай-ақ қойсын».

Сол жылдары талай қатын көлденеңнен бала сүйді. Кейбіреуі бүгежектеп, ел көзіне көріне алмаса, кейбіреуі ойда жоқта пайда болған ор шұнақтарын алдарына алып, ертелі-кеш бәдік айтып әндетіп отыратын. Ондай қағынған қатындар бұған да тиісін: «Әй, ку тізеңді құшақтап сыныңын жүрс бермей, балаңның артынан ертең қара боп ерер бірдеңе тауып ал. Он сегізге толғанша өкімет тыңғ-тебенің өзі төлейді. Қант-шайынды айырсаң да нең кетіп барады?» — деп жырқылдайтын.

Ондай сөзден сай сүйегі сырқырап қоя береді. Әсіресе, енесі байғұс қызғыштай қорғып-ды. Жұмыстан сәл кешігіп келсе, қабағы түйіліп, тамаққа қарамай қалады. Айлап-апталап шетке кеткенде үйге сиғай делқұлы боп кете жаздайды. Бейсаубет біреу белдеуіне ат байласа, бұны айттыра келгендей, жиырылып сала беретін. Басқаны былай қойып, бас сұққан ағайындардың өзіне: «Осы шешек шыққырлар-ақ сұқақтайды да жүреді екен. Қатын біздерден ақыл сұрайын деп келе ме, ақша сұрайын деп келе ме!» — деп бұрқылдап отырғаны.

Марқұм ұзақ ауырды. Со жылы бір алағайдан соң, бір бұлағай келді де тұрды. Бұны үйге отырғызбады. «Енең қатты жатыр» дегесін ала қырда қора сап жатқан жерлерінен жаяу-жалпылап жетіп еді, қазан-аяқ жақта, кебеженің алдында үйреншікті орнында енесі жатыр екен. Аңқа-саңқа. Тесірейген екі жанарда ғана тіршілік нышаны бар. Қашан келер екен деп, есікті бағып екі көзі төрт болса керек. Бұл кіріп келгенде негі кемсеңдеді, бірақ ештеңеге тілі келмеді. Қасына барып оты-

ра кеткен бұның жарық-жарық қолын әлсіз сипалады. Теріс қарап бір күрсінді де жүре берді. Неге өйтті? Әлі түсінбейді: «Жалғызымның босағасын күзеткен сары үйек жылдай бөтен көз бен бөтен сөзді жуытпай келген мен де кетіп барам. Мен кеткесін не боларында кім білген?» — деп көңіліне күмән қашты ма, жоқ: «Көзімнің тірісінде жаман атынды естіртпеп ең, өлген соң да аруағымды тітіренте көрме»,— деп аманат айтты ма, әлі күнге біле алмайды. Бірақ, бұлыңғыр қыстың бұлыңғыр кешіндегі сол бір көрініс көз алдында әлі тұр. Есінен бір сәт шығып көрген емес. Сөйтіп жүріп тоқтасты. Сүйтіп жүріп қартайды. Ешкімнің қасы мен қабағына жаутаңдатпаймын деген баласы адам болды. Баяғыда атың ағайын еді гой деп, бір қара шалдың етегінен ұстап кетсе, бұл күнге жетер ме еді, жетпес пе еді — кім біліпті. Баяғы шопан қайнағасы құсап: «Оқып райком болмай-ақ қой»,— деп мал соңында сылпытып қояр ма еді, қайтер еді.

Сүйтіп өсірген бала гой. Оның жолында, әйтеуір өлген жоқ, содан басқаның бәрін көрді гой. Қара бала шыбын жанды талай отқа салды гой. Ол дегенде шаршағанын, қарны ашқанын ұмытып кететін. Күн райы бұзылса болды, борбайлап мектепке тартады. Бірде күздің күні үш тәулік бойы жаңбыр сауласын-ай ай кеп. Жан-жақтан ат сабылтып хабаршылар келе бастады: «Ойбай, пәленшенің отары желге ығып кетті!», «Ойбай, түгеншенің отарын тасқын алып кетті!» Бұл соны есті сала мектепке жүгірді. Барса мектепте бала қалмаған. Әкесі барлары аттарына мінгестіріп алып кетіпті. Үй сыпырушы кемпірдің қасында ербеңдеп бұның баласы жүр.

— Ағын алып кетер деп, мен едім жібермеген,— дейді кемпір.

Екі ара көлдеу ой еді. Сол телегей теңізге айналыпты. Жүлге жүлгеден сарқырап аққан сары ала толқын, кеудеңнен кері итеріп жүргізбейді. Борпаяқ неме жетегіне ере алмай, тасқынға ағып кетер түрі бар. Сүйрелей-сүйрелей қолы талып қалды. Сонда бұл зіңгіттей баланы арқалап ап, үйіне сүріне жығылып зорға жеткен. Келе сала үстегі лыпаны шала-пұла бір сығып, қырылып жатқан отарды құтқаруға тартқан.

Күні бүгінге дейін бір нәрсеге налығанда түсіне сол бір лайсаң кіреді. Ауылдың алдындағы ақтар қара сайға қарай үйіріле жөңкіген тай-тай толқында қанбақтай қалқып бара жатқан баласына жете алмай жанталаса

малтығын жүреді. Жүрегі атша тулап оянып кетеді. Оянған сайын ол топанның баягыда өтіп кеткеніне, баласының қасында аман-есен жүргеніне тәубә қылады. Сөйткен неме енді, міне, делең көйлек ұргашының етегінен ұстап ап, қасына жуымайды. Таңертең бір, кешке бір жылт етеді де, жоқ болады. Сәл нәрсеге: «Апа, мынаны қайтем!» — деп сүмірейіп келіп тұрушы еді. Енді еш кажеті болмай қапты. Көйлегі бұнсыз-ақ жуулы. Түймесі бұнсыз-ақ қадаулы. Тамағы бұнсыз-ақ пісірулі. Тістелеп өсірген шешесін баяғы талан жылдардың тажал елестерінің талауына тастап, өзі айдаладағы жат біреудің құшағында қаннен қаперсіз ұйқы соғады. Мынау асты тақтай, үсті тақтай, ортасы шылдырмақтай тас табыттың қазір төбесі түсіп кетіп, бұны басып қалсыншы, не асты ойылып кетіп, бұл құлап күлі шықсыншы — білетін олар жоқ. Олардың білетіні таңертең ербиіп бір кемпір көрші бөлмеде төсектен тұрып жатады, кешке ербиіп төсекке құлап жатады. Ол неге тұнжырап жүр, оның қабағы неге қаяу, ең болмаса, сұрамайды-да. Жалтақ-жалтақ бір қарап қойып сып беріп бөлмелеріне кіріп кетеді. Жалтақ-жалтақ бір қарап қойып сып беріп қызметтеріне шығып кетеді.

Жарайды, бөтен біреудің қызы бөтендігін істесін. Ал, баласынікі не...

Көзіне жас толады. Аунап түсіп, бетін жастығына басып солқ-солқ жылайды. Жалғыздық пен жабыркау ойлардың аяр құшағы үйма батпақтай бауырына тартып барады. Ағыл-тегіл көз жасынан шекесі солқылдайды. Көзінің алды коюланып, бір қоймалжың түнек желімше жабыса түседі. Ұйқы мендейді. Әлгінде бір сәтке ғана шегініп кеткен көп елес қалтарыстан қайта лап қояды. Қол-аяғы мұздап жатыр екен дейді. Төсегінің қасына біреу келген екен дейді. Баласы ма деп: «Неге жоламай кеттің!» — деп мұқын шаққалы жатса, қалтылдап енесі тұр. Бұның ашылып қалған көрпесін қымтап жауып жатыр. «Әй, жарықтық-ай, бұны әлі күнге аяйды екен-ау. Ештеңеден көңілін қалдырмаған келінінің бүйтіп налығаны қабырғасына батады екен-ау» — деп бұл көзін ашады. Сүйтсе, таң әлдеқашан атып кеткен. Кухня жақта әлденелерді столға тық-тық қойып келіні жүреді. Жұрт ояуда төсекте шалжиып жатып көрмеген сорлы басы, сыпырылып қалған жаулығын басына қайта кептеп орнынан көтеріледі.

Сол баяғы тақтай столға асығыс жасалған тақ-тұқ

дастарқан. Сол баяғы: «Ал, кеттік!» Сол баяғы: «Апа, есігіңді жауып қал!».

Бұл күн қыза сыртқа шығады. Есіктің алдындағы тақтай орындыққа жападан-жалғыз отырады. Аулада ешкім көрінбейді. Тіпті, құм шашып ойнап жүретін балалар да жоқ. Олар болса әлдеқашан жүгіріп келер еді. Үршығын қызықтар еді, шүйкесін қызықтар еді. Сақинасын, жүзігін қызықтар еді. Шүлдірлесіп сөйлесе кетер еді. Әсіресе, қарсы есік тұратын көрші үйдің селеу шаш сары баласы қызық. Басқа балалардан қызғанып, «біздің бабушка» деп бұған жуытпайды. Ігір жоқ — мігір жоқ, қалтасына қолын салып, ақтара бастайды. Сол алсын деп сыртқа шыққан сайын екі-үш түйір кәмпит ұстай шығады. Бүгін о да көрінбейді. Таң атар-атпаста бала бақшаға апарып тастады ғой.

Орнынан тұрып, екі қолын артына қойып, үйді бір айналып шықты. Бұрын көшеде тық-тық басып кетіп бара жатқан қыздарға қарайтын еді. Қазір оларға көзін де салмайды. Тек ойнап жүрген бала көрінсе ғана иіледі. Келіннің түскеніне жылдан асып барады. Әзір ештене байқалмайды. Баяғы көріп кел қатындардың бір дөп баса қоймаған жері осы. Кірген-шыққанында қанша тінтіп қараса да, қаншырдай қатады да тұрады. Өзі үндемегесін бұ да үндемейді. Кейінгі кезде баласы екеуінің күңкіл-сұңкілі көп сияқты. Тарс жабық, есіктің ар жағында екеуінің не деп сыбырласатындарын ит біліп пе? Әлде оқыған келін енеге жау келеді деуші еді? Бұны сөз қыла ма екен? Жоқ, жетім бала, жесір кемпірдің жұтаң тұрмысын қомсынады ма екен? Әйтеуір, шіркіннің қабағы ашылмайды. Тек кейде телевизордан күлкілі кино көрсеткенде ғана езу тартатыны бар. Ата-анасы да оқыған көрінеді. Бұған құдай келген-кеткендерінде ішегінің бар қырындысына дейін ақтарып шер тарқатып қалатын бастас құда-құдағыды да қимапты. Оқыған кісі бұның ішегінің қырындысын қайтеді, «что такой» деп шоршып кетіп жүрсе, бұл қарақ қалғыр қара жерге тірілей кірмей ме? Өздеріне әлі есік те көрсете алмай жүр. «Ұры түскендей құлазыған үйге қалай шақырамыз. Әуелі бірденеңің басын құрайық»,— дейді баласы. Бұған бір тақтай төсек алып берді. Өздері де бөлек-салақтары көп жылтырақ ағаш кіргізді. Бірақ, келінінің қабағында бұк түсіп жатып қалған бір күзгі тоңдай тоң-торыс бірдеңе бар. Бұл соның сырын біле алмай дал. Әйтеуір, бір жақсысы үндемейді. Ертелі-кеш беттен алып

шапылдап жатса қайтер еді. Сызылып кіріп, сызылып шығады.

Бұл енді баласын уайымдайды. Ұрғашы шіркін бұған сөйлемегенімен оған сөйлейді, гой. Екі әйелдің қасы мен қабағына алмакезек телміріп жүрген еркектің күні де не оңған дейсің. Байғұс жетімегім-ай! Сөйлеспейді, сыр ашпайды деп күстаналайды. О да қай бір жетісін жүреді дейсің? Баласынан: «Келінмен араларың қалай?» — деп сұраудың да реті жоқ. Қаршадай келіннің соңына қақырадай басымен өзі түсіп жүргендей көрінер. Қашама бір ет, бір сүйек, бір қаннан жаралсақ да, көкірек бөлек болғасын, көңіл ит те ірге ажыратып шыға келеді екен де. Өз баласының сырын өзі біле алмай пұшайман боп жүрісі мынау. Кісі баласы қайтып өгейлеп шеттемесін. Келінінің де бір ойлап жүргені бар шығар. Бірақ, жас адам деген түсінбегенін айтып, білмегенін сұрап тұрмас болар ма! Ішімдегіні өзің біл деп тымпиып тұрған немеге кісі не айта алады? Ай, ішінде бір дерт бар гой! Әйтпесе, бір күн болмаса, бір күні тіс жарар еді гой. Соны ойлағанда көкірегінің басын тызақдап кеп бір сары шаян шағып алғандай болады. Содан тамаққа қарай алмайды. Дастарқан басына баруын барады. Бір кесе шайды аузына апаруын апарады. Бірақ көкірегіне шор боп тұрып алған тас түйнек ас батырмайды.

Сүйретіліп төсегіне жеткен соң да бақырайып жатады да қояды. Жұлдыз санар еді, асты тақтай, үсті тақтай, ортасы шылдырмақтай мынау тас табыт аспанды да көрсетпей, жерді де көрсетпей, әуеде ілулі тұрған сияқты. Бір уақыттарда барып бұрлығып ұйықтап кетеді. Түсіне тағы да осы үйдің адамы кіреді. Сақал-мұрты уда-дуда. Есіктің қыр көзіне жүрелеп отырып алады. Сазарып үндемейді. «Жазған-ау жетім баладай неғып отырсың. Бері шықсаңшы!» — дейді бұл. Ол орнынан тұрып жүре береді. Алақан жайып бұл қалады. Ояның кетеді де ойға батады? Мұнысы несі? Анада түсіне кіргенде жүзі жадыраңқы еді. Бүгін тұнжырап үндемейді. Әлде байғұс артымда қалғанда сендерден не көрем деп ніс дәметеді ме екен. Қуыс үйміз гой, өлілердің мұрынына барсын деп ніс қылуды да білмейді бұлар. Осыдан таң атсын...

Таңертеңгі шай үстінде көптен бері келініне көзі түсіп еді. Сүйек-сүйегінің бәрі ырсиып кетіпті. Жағы қуарып апты. Анадағы жылтырап тұратыны опа-далап жағынады екен гой. Кесесінің үстінен баласына көз тастады. О да көзі шүңірейіп арықтап кетіпті. Тек тең-

тек бұранық желке шудасындай боп бұйра шашы ғана дудырайды.

Қолтығына қағаз қыстырып баласы шығып кетті. Айнаның алдына барып бет-аузын бірер сипалап келіні шығып кетті.

Кеселер мен шай құманды жуып-шайып ас үйден бұ да шықты.

Қапелімде қолы алдына сыймай сенделіп жүрді. Сыпыртқы ұстап есік біткенді бір-бір ашып көрді. Жылан жалағандай. Қай уақытта тазалап үлгерген. Үй болып бір күбірсіп-күнсіп тұру дегенді білмейді-ау. Абайсыз кіріп кеткен шыбын-шіркейдің өзі аштан өлетіндей. Қәпір, үсті-басына дақ жуымас тірақ немелердің артына қара ермейді дейтін еді. Жылдан асқанша сыландап жүргені тегін болмас.

Әйтеуір, жиналмаған нәрсе атаулыдан, баласының столында шыршықталып бүктелген қатты қағаз қалыпты. Үйге келгенде де қарап отыра алмайды-ау. Қолына қарындаш ап, әлденелерді шимайлап жатқаны. Қағаздың бүктеуін жазып көріп еді — бұрымы аш белі не түскен сұлу қыз шағашпен су алып келеді. Алдынан кесе көлденең біреу өтсе керек, астыңғы ерінін жымқыра тістеп тоқтай қапты.

— Ұяты бар бала екен,— дейді бұл біреумен сөйлесіп тұрғандай.

Ұяты бар бет қандай әдемі. Е, бәсе... Мынау әлгі ауылдағы қыз ғой. Жәудіреп қарайтынына дейін айнытпапты. Бұл суретті неге салды? Әлде ойына ой түсті ме екен! Қап, бәлем, солай ма... Құдай тірлікке қойса, әлі талай есіне аларсың. «Кідіре тұрсаң қайтеді». Ал, кідір, кідір... Сен кідіре тұрады екен деп, өмір сені тосып тұрады ғой. Орныи сипатып кеткен өткен күн өкініштен басқа із қалдырмайды. Сонда өмір бақи осылай ақ қағазға санынды соғып қалған өкініштеріңді шимайлаумен өтер ме екенсің, бейшара...

Көзінің алды жыбырлап бара жатқан соң, қағазды орнына қойып өз бөлмесіне келді. Енді баласын шындап аяды. «Қой, бұдан былай жалғызымның жабырқау жанын одан бетер кінамайын. Мен түйіліп отырғанда ол сорлының өнешінен дұрыстап тамақ та өтеді дейсің бе? Үстіме үскен тау құласа да, қабағымды шытпайын...

Сол арада түнде көрген түсі есіне түсті. Е, тызақтаған бейшара баласының қиналғанын біліп, қабырғасы қайысып жүр екен ғой. Аруағынан айналайын-ай, ол бар болса, үшеуі бүйтіп үш жерде бұртиып отырар ма еді.

Ол бұндай емес шыдамсыз. Келінінің қабағы түсіп кеткенін көрсе: «Сен бірдеңе дедің ғой»,— деп бұның екі аяғын бір етікке тығар еді. Бұл не десін? Ештеңе дескен емес. Бірақ, екі шаңырақтың астынан шыққан екі әйелдің өздері біліп шүйіркелесе кетуі сирек қой. Олардың бір-біріне сіз-біз деп сызылып бағатындары қастарында қамшысын суға малып діңі қатты еркек отырғанда ғой. Жесір баққан жетім баладан құқай қайдан шықсын. Екеуі екі жақтан сазарған екі бетпаққа кезек жаутаңдағаннан басқа ол бейшара не бітіре алады...

Қара кемпір көзін сүртіп ас үйге барды. Қапшықтан ұн алып, қамыр пледі. Өлілерге ніс қымақ. Кенет малдың майы жоқ екені есіне түсті. Қолына тор дорба ұстап дүкенге беттеді. Шыны жаймаларға үстінен сығалап көп жүрді. Ақыры шарбы май тапты.

Келгесін әуелі өлілерге ніс болсын деп жеті шелпек пісірді. Көптен бері қазан-аяқтың маңына жуымай кетіп еді. Содан ба, илеген қамыры артылып қалды. Ашарылып тұрды-тұрды... Сөйтсе, жарықтық, жаңа дүкеннен әкелген бір бөтекесі бітеу малдың шарбысы екен. Туырылып тұр. Ауылда жүргенде қой сойғанда баласы: «Апа, кісе нан пісірші!» — деп жабысатын еді. Мына қалған қамырдан неге кісе нан пісірмейді... Көлдей қып шелпек жазды. Үстіне жұқалап шарбы төседі. Сарымсақ, дәм жапырақ, зәнзәбіл салды. Аздап бұрыш септі. Сосын қаусырып газ пештің бұлығына тастады.

Жұмыстан әуелі келіні қайтты. Есікті аша бере, жұқа танауы дір ете қалды. «Қап бәлем, солай ма екен... Ауылдан келген көл етек кемпір бір-екі жілікті суға салып, тасырлатып қайнатқаннан басқа не біледі дейсіндер ғой сендер!»

Келіні бөлмесіне барып шешініп қайта шықты. Кухняға кіріп, таңсық иістің қайдан шығып жатқанын біле алмай біраз тұрды.

Сол екі ортада, қонырау ызыңдап, баласы кірді.

— Мынау бір тәтті ніс қой! — деді аяғын шешпей жатып. Бұл орнынан сонда барып көтерілді. Жайқалып барып дастарқан әкеп төседі. Жайқалып барып мана пісіріп қойған жеті шелпегін әкеп ортаға қойды.

— Біссімілло,— деп өзі үстіңгі шелпектің шекесінен үзіп алды. Келіні мен баласы да табақтағы шелпектерге қолдарын апарды. Ауыл болса ел ақтап үй-үйге таратар еді. Қалада есігін қағып, бір шелпек апарып тұрсаң, мынаның есі дұрыс па деп бетіңе қарайтын шығар.

Жеті шелпектен ауыз тиген соң бұл алақанын жайып құран оқыды. Сосын орнынан тұрып, жайқала басып, кухняға беттеді. Соңынан келіні де ерді. Ақ шәйнек пеш үстінде шырт-шырт түкіріп тұр. Тас құманнан бір хош иісті бу бұрқырайды. Әлгі бір таңсық иісі тағы бар. Әншейіндегі құбақай кухняға бүгін бір бөлекше берекет дарығандай.

Салпы етек қара кемпір булықты ашып жіберіп, ішінен қызыл күрең кісе нанды суырып алды.

Сол күні үшеуінің де қабағы ашылды. Сол күні үшеуінің де мандайы жіпсіді.

Үндемес келін қайта-қайта:

— Қандай тәтті! — дей береді.

Бұның көзін ала беріп, күйеуіне жылмиып қарап қояды. Бетінің екі ұшына қызарып қан жүгіріпті.

Сол күні бұл қатып ұйықтады. Тек бір уақытта барып, омырау тұсы қыбырлағандай болғасын көзін ашып еді, сыпырылып кеткен көрпесін қымтап жауып жатқан келіні екен. Оның елден бұрын тұрып үй тазалап қоятынын сонда барып байқады.

Үйреншікті күндер үйреншікті жөн-жобасымен өтіп жатыр. Кейінгі кезде баласы қиқылдап көп жөтелетінді шығарды. Жұмыс істейтін жеріміз суық дейді. Жөтеле-жөтеле жүріп бір күні жатып қалды. Келіні жұмыска кетерінде шылдырлаған көп дәрі әкеп беріп кетті. Бұл баласының қасынан бір елі шыққан жоқ. Ауық-ауық қолын, мандайын ұстап көреді. Өртеніп тұр. Бұрыш салып, май қосып, сүт пісіріп әкелді. Кешке дейін ас үй мен баласының бөлмесінің арасында сенделді де жүрді.

Екі әйел екеуден-екеу шай ішеді. Кемпір келініне көзінің қиығымен қарап қояды. Әнеу күнгісінен гөрі шұңкіліп арықтапты. Көзінің алдына тарыдай шашыран секпіл түсіпті.

Баласы бір апта бойы төсек тартып жатып алды. Келіні түс кезінде бір соғады. Баласының сылдырап сүйегі ғана қалды. Келінінің көзінде үрей бар. Бұған жаутаң-жаутаң қарай береді. Құрғырдың осы бір жаудыраған көзі ғой баласының басын шырмап ап жүргені...

Келіні қайтадан жұмысына кеткен соң, науқас ыңырсылдап ұйықтайын деді. Бірақ, екі иінінен дем алып әрең жатыр. Мандайы, екі беті өрт боп лапылдап барады. Баласына көрсетпей көзін шылап та алды. Мынандай ит арқасы қияндa, құдай тек бастарын аман қылғай. Әйтпесе, басың ауырып, балтырың сыздаса қара-

йып қасына келетін де кісі аз. Бар қаралары — мынау бөтен көкіректен сүт емген шүйкебас. Әншейінде келінінің келген-кеткенімен еш шаруасы жоқ еді. Енді сыртта аяқ дыбысы естілсе болды, есікке жүгіреді.

Кешке келіні келген бойда күйеуінің төсегіне ұмтылды. Тамырын ұстап, қызуын өлшеді. Дәрі берді. Ертеңіне жұмысына шыққан жоқ. Дәрігер шақырып ине шаныштырды. Тызақтап дәрі алатын жерге де сан рет барып қайтты.

Сол күні екеуі түннің бір уағына дейін аурудың қасында отырды.

Түн ортасы ауа келіні:

— Апа, барып сәл мызғып алсаңшы. Мен отырам ғой,— деді. Бұлыңғыр бөлмеде өңі шүберектей боп-боз жатқан баласын әзер тастап төсегіне келді. Дөңбекшидөңбекшіп кірпігі тағы алдында зорға айқасты.

Сол күні омырауы қатты мұздап оянды. Сөйтсе көрпесі сусып кетіпті. Тұрса — үйдің іші ыбырсып жатыр. Күндегідей үй сыпырып жүрген келіні көрінбейді. Бетіқолын жуғасын, қолына сыпырғыш алды. Бір-екі күннен бері қол тимеген коридор қапелімде тазара қояр түрі жоқ. Ауық-ауық келіні шығып келе жатқан жоқ па екен деп есікке қарап қояды.

Сыпырғышын ұстап төргі бөлмеге бас сұқты. Шалқақ жастықта баласының беті ағарандайды. Күндегідей емес мандайы жазық. Тынысы түзелген сияқты. Келіні күйеуінің аяқ жағына басын сүйеп отырған қалпы ұйықтап қапты. Көйлекшең денесі тоңазып, екі нығыш ішіне тартып апты. Кереуетке асыла құлаған жас әйелдің ұнжырға сүйегі сойдиып-сойдиып тұр. Бүйір тұсы әнтек бұлтияды. Бетіндегі секпілі де көбейе түскен. Оның кейінгі кезде неге арып-ашып жүргеніне бұл енді түсінді...

Қара кемпір арқасындағы ішіне түйе жүн салып сырыған пүліш жадағайын баласының аяқ жағында бір уыс боп бүрісіп жатқан келінінің нығына жапты. Сосын төсектің екі қанталындағы төсеніштi сыпырғымен бірбір жүргізіп өтті. Орындықта қалай болса солай шашылып жатқан кнімдерді орын-орнына дұрыстап ілді. Кітап шкафының тұсынан өте беріп, шынының ар жағындағы қаз-қатар екі суретке көзі түсті. Мына бір дүрдік ерін— өз баласы. Баяғы мектеп бітірген жылғы суреті. Ал, қасындағы екі бұрымын омырауына тастап мөлдірей қалған қызды бұрын көрмеген сияқты. Ападағы баласы қағазға салған суреттегі қыз осы емес пе еді. Екі көзі

танадай боп, үлбірей қапты. Ауылдағы көрші қызға ұқсайды. Жоқ одан гөрі ашандау ма қалай... Ойбай-ау, мынау келіні гой. Өзі қыз күнінде тіптен ажарлы болған екен-ау.

Кемпір шынының бетін жеңімен бір сипап қойды. Әлдене деп күбірлеп коридорға қайта шықты. Жаңа өзі сыпырып кеткен төсеніштің қайырылып қалған пұшпағына сүрініп мұрттай ұша жаздады. Ентелей басып ас үйге өтті. Ентелей басып терезеге келді. Кеше кештен бері бауырымен жер сызып салбырап тұрған аласа аспан қылаулай бастапты. Сонау тұңғиық көктен жарыса құлап келе жатқан аппақ біте көбелектер қалбалақтап теректердің сида бұтақтарына, үй шатырына, тас көшеге, әрлі-берлі жөңкілген жүргіншілердің үсті-бастарына, машиналарға қона сала жоғалып жатыр. Жұмысқа асыққан жұртпен бірге қолдарына таяқ ұстаған кемпір-шалдар да автобустың есігіне тырмысады. Сары ала таңнан оларға не жоқ екен десейші. Е, бүгін, айтпақшы күн жұма, жазғандар мешітке намазға асығып барады екен гой.

Өлілерге ніс қылу да керек еді. Кемпір бір ермек табылғанына қуанып кетті. Қамзолының қалтасына қол салып еді, сытырлап екі-үш көк қағаз ілікті. Кеше почташы қыз пенсиясын әкеп беріп еді. Қазір дүкенге барып, ішмай қарасыншы...

Үстіне ұзатқан қызы тігіп берген бет жүздік шапанын киді. Жаулығын дағарадай қып бұрап тартты. Тор дорбаны ұстап «біссіміллә» деп сыртқа шықты.

Жазғытұрымның май тоңғысыз күні. Қалбалақтаған көп қылау мұның да омырауын қармай алды. Көшедегі жұрт қар көрмегендей аспанға алақандарын тосып мәз боп жатыр. Бір кішкентай қара шұнақ бала қолына таяқ ұстаған ақ кимешекті бәйбішенің біресе о жағынан біресе бұ жағынан шығып, мазалап келеді.

— Әже деймін, көктем қашан шығады?

— Ертең шығады.

— Ертең шықса, бүгін неге қар жауады?

— Бұл «құс қанаты» гой, қарағым. Қыс ызғары осымен бірге кетеді.

Есіне енді түсті. Бұл — қыстың соңы «құс қанаты». Бұдан соң қар түспейді. Құйпалақтап қалың жауып тұр. Жаз бұыл жайлы болатын түрі бар.

Ауылда гой жұрт кәзір ерсілі-қарсылы шапқылап жүр. Бүгін бір-бірімен сарала таңнан барып амандасады. Кемпір біткен асадалдың түбіндегі өлі астың бәрін

қазанға салады. Бүгінінен қалса — мәкіру... Қара су құйсаң да, қара қазан ошақта толып тұрады бүгін. Көрісуге келген жұрт үй сайын аяқ-аяқ наурыз көже ішеді. Бүгін қазаны толмаған үйдің бнылғы ырзығы кем болады. Қәзір үйіне жеткен соң бұл да төрт пілтелі газ пештің бәрін жағып, үйдегі қуыстың бәрін толтырып отқа қояды. Жарықтық жаңа жаз, жаңа көктем бұлардың шаңырағына да тек шапағат боп кіргей.

Қара шұнақ бала әжесімен шүлдірлесіп алыстай берді.

Келіні қол-аяғын аман-есен бауырына алса, бұл да немерелі болады. Ол да әлі-ақ әлгі тақылдақ баладай көшеде құлағын сарсытып келе жатар. Тірлікке жазса, ол күн алыс емес.

Көшеде бүгін халық қандай көп. Әсіресе, балалар қаптап кетіпті. Тас көшені енді-енді жасыра бастаған көбік қарды уыстап ап бір-біріне сыбап жатыр. Сақылдап күлген балаларды қызықтырғысы келгендей қалбалақтай құлап жатқан көп қылау әуеде қырық құйқылжып ойнақ салады. Мұның жаман немересі жайлы жылы жарыққа келеді екен. Қара кемпір мынау жып-жылы күнге, ақша қарға, мәз-мейрам жұртқа көңілі біткендей ішінен: «Тәубә, тәубә!» — деп қояды. Көктен саулап түсіп жатқан көбелек қылау онан сайын ойнақтай жөнеледі.

Аспан асты түгел билеп тұр.

Ду-ду, абыр-сабыр, қызыл-жасыл, мәз-мейрам көшеде қалтандай басып қақыра жаулық қара кемпір келеді.

БІР ШОҚ ЖИДЕ

Не все ли равно, про кого говорить? Заслуживает этого каждый из живших на земле.

И. А. Бунин.

Жиде сайғақ шаншылған қызыл төмпектің құбыла бетіне ши баркыт бешпет-шалбары бар имек мұрын тарамыс шал жер тізерлей жүгініпті. Түсініксіз арабы сөздерді сағыздай созып күңірене әндетеді. Басындағы күн жеп тастаған көк мауыт калпақтың жылтырап көрініп тұрған ақ атылас астарынан «Люкс» деген ирек жазу сығалайды.

Кеңірдектеп шыққан қоңыр мақам кенет баяулап, тісі түскен кәрі кісінің ысылы көп шұлжің әңгімесіне ұласты. Қос тізеге жарыса құлаған салалы саусақтар көкке көтерілді. Сосын бір шөкім ғана сопақша бетауызды салғырт сипап өтті.

Имек мұрын қара шал жылан көздене жылтырайтын қағанақ көзілдіріктің ар жағынан манадан бері етпеттей сұлап жатқан селдір кірпіктерін кілт тікірейтіп жұрт жүзіне үнілді.

— Халайық, Сұрапалды-ұғлы Тілеу қандай адам еді?

Қызыл төмпектің аяк жағында мырс-мырс жылап отырған күлте сақал кісі:

— Жақсы адам! — деп тұнышыға кемсеңдеді.

Аядай зираттың бір пұшпағындағы кішкене шоғыр жарыса тіл катты.

— Жақсы адам! Жақсы адам!

— Сұрапалды-ұғлы Тілеуде қайсысының алмағын бар еді?

— Жоқ, жоқ!

Үркердей топ орындарынан дүркірей көтерілді. Күлте сақал шал ғана созалаңдап тұрып болмады. Әлгінде өздері жан-жақтан жапа-тармағай топырақ атып үйіп салған қызыл төмпекті қия алмай тұрғандай.

Имек мұрын молда бық жакка қатар түзеп тоқтаған корабын шала сүрген тақтаймен биіктеткен екі жүк машинасының біреуінің кабинасына жайғасып үлгеріпті.

«Ау, болсандаршы енді» — дегендей күлте сақалға түксіне қарайды.

Күлте сақал қызыл төмпекке тағы бір уыс топырақ қосып, алақанын жүре қағып, жүртқа ілесті.

Екі машина дәл бір уақытта от алды. Кішкене зираттың төрт-бес құлпы тасы селтиіп-селтиіп сондарынан қарап қапты. Ешкім артына бұрылған жоқ. Күлте сақал құлағын түріп қояды. Маркұм көрінен атып тұрып, сондарынан: «Ау, ағайындар, қайда тастап барасындар?»— деп, қолын бұлғап жүгіретіндей. Бірақ, бұл түсіп жатып алған сұркай кеңістікте құмақ жолды ауырлап ыныранған қос машинаның бір сарынды гүілінен басқа үн естілмейді.

Он үш — бір мүшел, жиырма бес — екі мүшел, отыз бір — бес мүшел, жетпіс үш — алты мүшел, доңыз — бір, тышқан — екі, сиыр — үш, барыс — төрт, қоян — бес...

Жарықтық Тілекен биыл жетпістің сегізіне қарап тұр екен. Күні кешеге дейін қозының торсығындай кішкене көрігін басып, сексеуілдің шоғына мандайы шып-шып терлеп, тық-тық темір соғып отырушы еді. Үйі де мұнтаздай. Атамзаманғы теру алашалар жаңа ғана тоқылып жайылғандай жалтырайды да жатады. Мандайынан бір тал шөп, не бір сабақ жіп көрсе, Тілекен құдды бір шаян ұстағандай, құмырска бел шымшуырымен қысып ап, көріктің астында жайнап жатқан қызыл шоққа лып еткізіп салып жіберуші еді.

Қашан көрсең де — үстінде астарына елтірі сырған ықшам кеудеше, жалпақ жаға ақ көйлек, басында — кенересіне қатырма сап көтерген қара тақия. Қысыңқы қой көзін шоққа ұсталған шойын бақыраштағы қез жасындай мөлт-мөлт суйықтан аудармайды. Сәлден кейін тұзағына торғай іліккен баладай, қолындағы ұзын сап бақыраштың лып еткізіп тартып алып, он жағындағы көпсытулы су топыраққа тығып қойған кішкене қалыпшалардың біреуіне шор еткізіп құя салады. Бақыраштың түбіндегі кабыршақ-кабыршақ қара көкыстың үстіне бір шеңгел мұздай топырақты шашып жібереді. Сосын көбдың ақтарып, бұдыр-бұдыр бедер тастың біреуін тауып алады. Әлі қатып үлгермеген былқылдақ нұйма күмістің бетіне басып, ағаш балғамен тықылтып ұра бастайды.

Тілекен есігінен аттаған адамның сәлемін алады да, шұбалтып амандық-саулық сұрасып жатпайды. Келген кісі де зергердің назарын бағып, тіл қатуға қаймығып

қипақтап қалады. Ол үйге сөйлей кіріп, сөйлей шығатын тек Күдері. Екеуінің арасы бір жас. Бірақ, бірінбірі құрдас тұтады.

Қең маңдай, қоңқақ мұрын, алақандай көзінің аласы мол, күлте сақал. Күдері нығына малынтып шапан, жамылып, басына сәлде де емес, емес те емес қып, тығырықтап шүберек орап жүреді. Есікті серпіп ашып кіріп келеді де, сәлем де жоқ, сауқат та жоқ, состиып:

— Тықытпай, тастасай әрі. Басың қайтып ауырмайды ма,— дейді.

Аршындай басып төрге шығады. Кебісін сосын барып шешеді. Тілекең қолындағы шымшуырмен құрдасының аяқ киімін бір-бірлеп қысып ап, босағаға жітірді.

Қонақ төрге отырар-отырмаста қалтасынан шақша суырады. Алақанына бір уыс қып насыбай төгеді. Өндіршегін әнтек созып қолындағы қара барқын ұнтақты аузына лақ еткізіп құя салады.

Тілекең балғасына қарап басын шайқап бір мырс етеді. Қасындағы тайпақ жез шылапшынды құрдасының алдына қарай сырғытады. Күдерінің шылапшынында шаруасы шамалы, астындағы алашаның бір жақ бұрышын көтеріп, шырт-шырт түкіріп жантая кетеді. Аузындағы насыбайы сорыққанша үндемейді. Біраздан соң барып, шырыны кеткен көк жентекті табалдырыққа жеткізе бір-ақ ытқытып, шалқалай құлайды. Иығындағы шапанымен бетін тарс бүркеніп алады да, сәлден кейін шаңқ ете қалады.

— Ау, меңіреу-ау, ең болмаса, ауыл-үйдің амандығын сұрамайсың ба?

Зергер тағы бір мырс етеді.

— Ішің жарылып келгенде, бұл құлағыңды ұрайын ең болмаса ернін қимылдатпайды-ау. Ау, меңіреу, шешең сағаң талғағанда, құдай біледі, сақау біреудің саркытын жеген.

Күміске тиген ағаш балғаның көмескі тықылынан басқа үн жоқ. Күдері шыдай алмай құрдасы жақ жамбасына аударылады.

— Әй, сен біздің қатынды білесің ғой!

Зергердің қияқ мұрты жыбыр ете қалды.

— Оның оң жаққа түскен соң төрт жыл жүріп барып көтерген баласы Төрткілбайды да білетін шығарсың.

Күдері құрдасына алақандай қызыл көзінің бар сұғын түгел тіктейді. Анау «сұрағың бар болсын» дегендей басын шайқайды.

— Оның ең болмаса бала қорқытатын ызғары бар-тұғын. Ортаншым Алшынбекті білетін бе едің?

Зергер өзін сынай қарап жатқан құрдасына қырын бұрылып отырады.

— Әне, өзіме тартқан, айналайын, сол еді ғой. Үй түгілі ел ұстайтын алтын басты азаматым еді ғой. Балалар айтып келетін, мына Тасқараның Төкені есеп шығарғанда содан көшіріп алады деп. Сөйткен майқұлақ Төкен бүгінде совхоз директоры. Жер үстіндегі жиналыстың ешқайсысы онсыз өтпейді. Алматың түгілі Мәскеу аузына қарайтын көрінеді. Біздің ауылдың қатын-қалашының да естімейтіні жоқ. Сол үйдегі келін әлгі артист қыздар көйлек қылып киетін жылтырақ матадан балағын саландатып іш киім тігіп анты дейді. Төкен екеш Төкенге дейін совхоз билегенде Алшынбек жаным дүркіретіп ауданды билеп отырмас па еді. Бірақ, жақсы құдайға да керек. Оны мандайымызға сыйғызды ма? Ал, енді мына қолымдағы шіркін жасы қырықтан асқанша сол шикі өкпе қалпы. Одан қатын-бала түгілі оң жақтағы қызыл тазы сескенбейді. Есікке қуса, төрге қашады.

Зергер тағы бір мырс етеді. Күдері шапанының астынан басын сонақ еткізіп көтеріп алады да, құрдасына ала көзімен ата қарап, теріс аунап түседі. Тілеудің не өзін мысқылдап, не баласын мысқылдап мырс еткенін біле алмай, көпке дейін тым-тырыс жатады.

Тық-тық балға даусы. Күдері бір сарынды тықыл жүйкесіне тигендей орнынан атып тұрады. Зергердің қасында жатқан шымшуырды ап, босағадағы екі кебісті өзіне қарай тартады. Мәсінің сыртынан суға сап, қалтасынан тағы да шақшасын алады. Тағы да аузына насыбай салады. Тағы да зергер жаққа көз тастайды. Сосын зірк еткізіп бір түкіреді. Орнынан шыршық ата ұшып тұрып, киіз үйдің шымырулы ши есігін тарс ұрып шығып кетеді.

Тілеу сонда барып басын көтереді. Төрге қарайды. Құрдасының орнында қалған шөп-шөңге, жіптің сабағы болса, шымшуырмен іліп ап, отқа ытқытады.

Тілеудің сол отырысы отырыс-ты. Көптен солай-ды. Тіптен туғалы солай-ды. Бірақ, бармағынан бал тамақтын шебердің жүк аяқтың астындағы ағаш қобдидың әрірек ысырып тастап, қара көрікті көрмей кеткен түсі да бар еді.

Соғыс басылды. Аман қалған ер-азамат елге қайтты. Көбежелердің түбіне тығулы қалған-құтқан күміс жарыққа шықты. Қара көрік пен қара шалдан мігір кетті.

Есіктен қолқашы кіргенде көкірегі шым ете қалады. Дін ашып үндемейді. Ұзатылатын қызға көйлек пішкен сайын кемпір Зейнептің де өңі қуқылданып сала береді. О да сыр алдырмайды. Кеш болса сығырайма керосин шамның күңгірт жарығында тігін машинасына үңіліп сығырандап отырғаны.

Жалғыз балалары Тілебалдының еш хабары шықпай қойды Әркім әр саққа жүгіртеді.

Күлте сақал Күдеріге айтқызсаң: «Алшынбекжан екеуі оқуға келгенде судай ағады. Сүйегі асыл кісіні орыс танымаушы ма еді. Командир қып «айт», «два» деп айқайлатып қойған шығар. Еті пысық, көзі ашық жігіттерді әскерге алып қалыңдар, ауылға қолынан шыбыртқы ұстағаннан басқа ештеңе келмейтін можан-топайларды ғана қайтарыңдар деп мұртты шалдың өзі айтыпты ғой. Әй, ол ақсақалдың да білмейтіні жер астында шығар-ау».

Тілеу көрігін күс-күс басып отырып ойға шомады. «Солай болса солай-ақ болсын. Бірақ, осыншама ақылымен төрт жыл қан кешіп аман қалған боздақтарды екі көзі төрт боп отырған ата-аналарына ең болмаса бір көрсетіп алу керек екенін нағып білмейді...»

Күлте сақал Күдерінің естімейтіні жоқ. Жоғалған түйесін қарап ауылдан бір қадым шықса болды, жер-жаһанның бір қап хабарын алдына өңгеріп қайтады. Бірде көзінің алды көк жалқынданып ініні түсіп оралды. Зерең толы шұбатты орталай бере кеңкілдеп жылап жіберді.

Зейнеп айран-асыр.

— Мынау су аяққа не көрінді-ей!

Тілеудің мұрты әдеттегідей жыбыр ете қалған жоқ. Күдері зеренінен басын көтеріп алды.

— Тап баяғы соғыс басталған жылғыдай. Құллі қала сенделіп кеткен. Әлгі әміркан есерсоқтар дүниені қаран суға алдыратын бомбы таптық, енді қызылдардың көзін құртатын болдық деп, тақияларын аспанға атып жатыр дейді. Сонда жер үстінің барлық қауға бас ғалымдары жұмыр басты пенденің бәріне түп-түгел хат жазып: «жан керектерің соғысты болдырмаймыз деп осы қағазға қол қойыңдар» — деп дүғай сәлем жолдапты. Почтаның көлеңкесінде бір бала мені де ұстап ап, бармағымды бастырып алды.

«Е, әліпті таяқ деп білмейтін сенің бас бармағыңның баттиған табын көрген соң, қанша есерсоқ болғанмен әміркандар да аяқтарын тарта жүретінді шығар...»

Тілеудің мұрты жыбырлай жөнеліп еді, құрдасының көзіндегі жасты көріп кідіріп қалды.

— Біздің балалардың әлі оралмай жатқаны тегін болмады. Имек мұрын Салық әгент айтады. Бнылғы күз қауып дейді.

Тілеудің көкірегіне әлдекім мұздай су шашып жібергендей. Зейнеп теріс айналып кетті. Күдері де сөзден тнылды. Үш қария состиып-состиып отырып қалады.

Ол жылы күзем алған бойда ағыл-тегіл жаңбыр жауып арық-тұрақты қырып кеткені болмаса тыныш өтті. Шартарапқа түгел елеңдеп жүретін Күдерінің көңілі тіземен аса қалың қар жауғанда барып орнына түсті. Оған жау жер аяғы кеңігенде жанданатындай, қыстың көзі кырауда қай антұрған да басын бағып жатып алатындай көрінетін.

Қансонарда тазы ертіп түлкі аулай шығып еді, жолдағы қалың жықпылдардың ешқайсысына бұрылмай, салып ұрып құрдасының үйіне келді.

— Ау, үндемес, не істеп, не білдің?

Бажырая қарап біраз отырды. Есіктен қауқылдай кірген құрдасынан Зейнеп бір жақсылық хабар күткендей телміре қапты.

— Әлгі күшіктердің неге үндемей жатқанын енді білдім. Имек мұрын салық агенттің жоғалып кетті деген інісі табылыпты. Ту Сібір асып кеткен екен. Бұрынғы күйеуінен кішкентай қызы бар бір маржаның етегінен ұстапты. Құр тақым қақсып жүргенде құлынды бнеге қолы бір-ақ жетіп әбден қарқ боп қапты. Жіберген суретінде екі езуі екі құлағында мәз-мейрам боп тұрған көрінеді. Біздің балалар да қашанғы қу тізелерін құшақтап жүрсін. Қыз айттырып әперетін екі кара шал қастарында жоқ. Олардың да бастарын бір-бір Маруся айналдырып алған ғой шамасы. Оны айтып жазуға, елжұрттан ұялып тым-тырыс жатыр. Көрерсің де білерсің, дәл солай. Күшіктер...

Ошақтағы оттың табына алақанын төсеп үнсіз қалады. Біраздан соң қараптан-қарап отырып осқырынады.

— Жасық неме... Көп болса немерелерімнің көзі көк болар. Көп болса, келінім дәрет суымды жылтып бермес. Одан несіне қаймығады екен. Нағашысы жаман жетесіз неме...

Құрдасының мына сөзі Тілеуді де күйзелтіп кетті. Қайта-қайта қолы жаңылып, ісі өнбей қойды. Көз алды мұнарта берген соң құралдарын жинап, төр алдында колын тарақтап жатып алды. Құлағына жастайынан

естіп келе жатқан үйреншікті дауыстар келеді. «Бағың жансын!», «Есесі алладан қайтсын!», «Дегеніңе жет», «Үбірлі-шүбірлі бол!»... Сонау қара құманға әлі жетіп, үлкендердің қолына су құйғалы естіп келе жатқаны осы. Ер жетіп іске шұқынғалы да алдына келген қолқашының назарын жығып көрмепті. Содан ба жұрт сәл нәрсеге бола жер-көктің алғысын түгел жаудыра жөнеледі. Тілекен еткен еңбектің адамнан қайтуы, алладан қайтуы дегеннің қандай болатына тіпті түсінбейді де. Ал, соңғы алғыс құлағына майдай жағып бара жататын сияқты. Үбірлі-шүбірлі болғанның түсінбейтіндей несі бар. Жанжағында біреуі етегіңе, біреуі жеңіңе жармасып, тұмсықтарын қорс-қорс тартып өңшең қара домалақ толып жүрсе, тапқан-таянғаның солардың несібесіне бұйырса, жаман айтпай жақсы жоқ, ертең о дүниелік боп кеткенде де, бабамыз еді ау дап басына топырлап, бір-бір уыс топырақ салса, бағыңның жанғаны емей немене. Түсі екеш түсінде де қаптаған қара домалақ қамап алады. Олар кейде біреуі егеуін, біреуі шапқысын, біреуі қайрағын ұстап, қобдың ақтарып отырады. Кейде кекілдері жалбырап қақпан қарап қайтқан мұның алдынан жарыса жүгіріп шығып жүреді. Кейде астарына бір-бір ат мініп көсіліп жатқан кең даланың тұс-тұсына құйғыта шауып бара жатады. Түсінде — төрі опыр-топыр, шат-шадыман. Ал көзін ашып алса болды — сол бір мұнтаздай тап-таза төр, тып-тыныш үй. Ай даладағы жалғыз үйдің белдеуінде өзінің шабдар тұғырынан басқа ат та көрінбейді.

Ондайда Тілеудің көңілі құлазып қоя береді. Тәйірі, пенде пақыр мынау қотыр тайдың құйрығындай шопшолақ дәуренінде еріні тұшып перзент сүйгеннен басқа баянды не көреді. Басқасының бәрі мұның қыз-қырқынға соғып берген әлекей-күлекейінде алдамыш бірдене емес пе. Тірінде көзінді қуантып, өлінде аруағыңды ырзалайтын перзентке не жетсін. Ең болмаса, ит жығыс түсейін деп өнер сатып, бедел сатып, абырой сатып қанша тайталасқанмен бәрібір жеңілмей қоймайтын өзекті жанның уақыт алдындағы жаңғыз ұтысы ұрпақ қана. Оның мынау қара жердің бетіндегі тыртаң-тыртаң қимыл-қыбырының еш мәндісі — сол артында қалар ұрпақтың аузына аз күн ырзық болсын деп еткен еңбегі ғана. Төккен терің, еткен қайратың одан да асып түсіп жатса, о да бәрі бір сол ұрпақтың мерейін үстейді. Ал, олай асып-төгілмей-ақ, ошағыңның басындағы қызыл қарындарды ырзалауға ғана жарап жатса да, мынау

ұлай дүниеге келіп-кеткеніңнің бекер болмағаны. Өзінің соңына Тілебалдыдан басқа қара ермеді. Ол да, міне, қасында жоқ. Енді гі тілегі сол өзіне бітпеген көп ұрпақ Тілебалдыға біткей. Бұл алған көп батамен сол көгергей...

Адам да қызық қой. Бойдақ кезінде қыздың ең сұлуы өзіңе бұйыратындай, балаңның ең жақсысы өз белінен өрбитіндей көретінсің. Енді өзіңнен қайран кеткенде сол үріп ауызға салғандай бұлдіршіндерді баламнан сүйем деп дәметесің. Кісіге қимайтыныңды балаңа қиясың. Өзіме бұйырмаған балама бұйырады деп тәубе етесің. Құдай тек қу басыңды сопитып ұрпақсыз қылғаннан сақтасын. Онда тәубе екеш тәубеден де мақұрым қалғаның гой.

Көлденең көзге жағы ашылмайтын Тілеу жалғыз да болса, Тілебалдысы барына шүкірлік етеді. Тілебалдысы аман болса әлі де көбейетіндей, көсегесі көгеретіндей көреді. Ауыл-үйден сүйкімді нәресте көрсе, ішінен: «Шіркін-ай, менің немерем де осындай болғай еді»,— деп тілейді.

Енді мынау қайдағыны көпітіп жүретін сусылдақ неменің әлгі бір әңгімесі көз алдында көптен мөлдіреп тұнып тұрған сол бір әдемі суретті желді күнгі көл бетіндей астан-кестен шайқап өткендей. Қапелімде не істеп-не қоярын білмейді. Баяғыдан бергі митың-митың тірлігі аяқ астынан тәрк боп шыға келгендей. Мұндайда ой-екеш ойдың өзі әншейін далбаса көрінеді екен. Кеңірейіп отырады да қояды. Тоң-торыс жатады да қояды. Түннің бір уағында барып кірпігі айқасады.

Түсі де бір бедерсіз бұлыңғыр бірдеме. Солай бір-екі күн өз қиялынан өзі адасып мәңгіріп оянады. Келе-келе түсінің ұлы жобасын айыратын болды. Бір селеу шаш балалар төрінің алдында мұның қашанғы қара қобдиын астын-үстіне шығарып ақтарып отырады. Кейде қатар шалдары немерелерің ертең қарапа шошқа сойып, жаназаңды шығарған молдаға торайдың басын тартатын шығар деп мазақтап жүреді. Содан кейде омырауы шылқып оянады. Ал, күндіз қара төс пен қара балғаның бір қалыпты тықылын тыңдап отырып: «Несі бар? Түсі сары, көзі көк қазақтар аз ба? Соларды түбің шикі деп кім елден қуалап жатыр? Ертең дүние ауып кеткенде артында тігерге тұяқ жалғызының көзі қара болсын, көк болсын «көкелеп» етегіне жабысатын төлі қалса болмай ма!» — деп ойлайды.

Ондайда Құдеріңің оспадарсыз сөзін естігенде жы-

бырлап қоя беретін мұртына бір жұмсақ діріл жүгіріп, бұлшық еттерінің бәр-бәрі босап тартып қоя береді.

Қыс та кетті. Көктем де шықты. Тілеу жапырайған жер қазбаны тастап тепсеңге кіріз үй тікті. Бір күні төніректен томарша жиып қайтқан Зейнеп жал басынан үш-төрт қарайған көрінеді деп келді.

Томаршаларды қазандық жаққа дүркіретіп төге сап, қайта шығып кетті.

— Шал-ау, әлгі қарайғандар көрінбей қалды.

Сәлден кейін тағы үн қатты.

— Ауылдың желкесіндегі ойдан қау-қау дауыс шығады. Солар болар.

Тілеу бір сәт ойланып қалды. Ұлы құмның бұл тұсында қыста ел болмайды. Мал сонау түлейі көп қалыңға қыстайды. Шілде түсе пішеншілер келеді. Оған дейін бұл маңайда жайдақ үстіртке жалғасар пұшпақтағы қорықшы Күдері екеуінен басқа қара жоқ. Күдерінің ауылы бұл арадан бір күндік. Бейуақ жүрген бұл не қылған төрт-бес атты. Тегін болмас. Тілебалдыжан емес пе екен...

Шалдың қолы дірілдеп кетті. Қасындағы шымшуырды ұстай ап, көрік астындағы шоқты қозғады.

Зейнептің де үні өшкен. Ат дүсірі жақыннан шықты. Дүрсілдетпей іргеге кеп тоқтады.

Зейнеп есікті көтерді. Күдері бастаған төрт-бес шал сәлемдесіп төрге озды:

Тілеу ернін ғана қимылдатты. Шоқтағы шымшуырды суырып алды. Уысын сығымдай түсті Ортадағы имек мұрын қарасұр кісі сөйлеп отыр. Ұзақ сөйледі. Күдерінің көзі күндегіден де қып-қызыл. Күлте сақалы су-су. Күйген шүберектің иісі қайдан шығады... Омырау тұсы оқыс жылып барады. Тілеу сонда байқады — қып-қызыл шымшуырдың ұшы көкірегіне жабысып қапты. Ақ көйлегі шұрқ тесіліп жанып жатыр. Қолындағы темірді лақтырып жіберді.

Содан көкірегі тызылдады да жүрді. Біреу омырауын тызылдатып шоққа қарып жатқандай. Бірде көйлек жанартып отырып төсінің басына жарыса түскен екі ай тыртықты көрді.

Түсіне енді қобдиын шашып ойнап отыратын селеу шаш балалар да кірмейтін болды. Бұрын көзін жұмсақ, бұған қарай саусаған шошандатып, ауыздарына келгенді оттай жөнелетін кемпек шалдардың да көмейлеріне құм құйылыпты. Енді тіпті түс те көрмейді. Өңінде де ешкімді, ештеңені байқап жатқан жоқ. Төңірегінде

көз тоқтататындай не бар... Адыра қалған айдала... Тұлдыр дүние...

Қобдиының да көкке ұшып кеткенін не жерге сіңіп кеткенін білмейді. Әйтеуір пішеншілер көшіп келген тұста есіктен қымсына кіріп, қымсына шығып жатқан қыз-келіншектерді көзі шалады. Оларға кемпірінің бұны иегімен меңзеп бірдеңе деп жатқанын байқайды.

Онсыз да үндемес кісінің енді тілі біржола қырқылғандай. Жан дүниесін жапырып жайпай келген жаманат тұсында шықпай қалған ащы жас көзінің алдына шемен боп байлағандай, тіршіліктің шын кескін-келбетін көлкештеп көрсетпей тұр. Ошақ бағып омалып отырған көтерем шалдың көкірегіне бір көк жұлын дүлей кіріп кеткендей. Бүйтіп тырп етпей отыра берсе, көтеріп көкке ұшырып әкетердей. Күн санап кеулеп барады. Бұл тістеніп бағады. Дем шығармауға, үһілемеуге тырысады. Жер табандап, қос шеңгелін қыса түседі. Сол дүлей бір жолата жарып жіберсе, осы үндемеген қалпы, осы тырп етпеген қалпы, осы отырған жерінде табан серіппей қата қалуға пейіл.

Бірақ қаскүнем дүлей бұны жармады да, қоймады да. Өңінде тістеніп сыздап отыратын Тілеу ұйықтап жатып өкситінді шығарды. Көзі дымдана бастағанда шошып оянады. Сосын таң атқанша кірпігі айқаспай бақыраяды да жатады. Іштегі тұншыққан дүлей бүйте берсе қол-аяғын байлап домалатып тастардай. Тұла бойы сіресіп қалады.

Баяғыда Өтеу атасы да жеті ұлынан айырылып, құм арасында жалғыз үй қалғанда полен ай бойы ерін жастанып, ай балтасын құшақтап, іргеге қарап жатыпты да қойыпты. Күні-түні шашын жайып, дауыс етіп отырған әйеліне қосылмапты да, «қой» демепті де. Ащы зарға құлағының үйренгені сонша, тіпті әйелі ұйықтап жатқанда да, құлағынан көкіректі қарс айырардай өксік ызың кетпейтін бопты. Бет-аузы жыбырлап, өне бойы сүлік сорып жатқандай солқылдайтынды шығарыпты. Полен уақыттан бері жүректің басында тұрып ап, шықпай қойған ащы жас босанатын жол таба алмаған соң шыдамды батырдың жүйке-жүйкесін шымырлатып шамырықтыра бастапты. Зарын айтайын десе, қанша дегенмен аты ақ жаулық, әйелінен ұят. Төзіп бағайын десе, булыққан нала буын-буынын алып тобан аяқ қып тастар түрі бар. Өтеу амалсыз ай балтасын беліне қыстырып үйден шығады. Жиде өскен тепсеңді бетке ұстап жүріп кетеді. Кешқұрым қу томар сүйретіп қайтады. Тентек

шалының не істегелі жүргеніне түсіне алмай кемпірі дал.

Өтеу сүйреп келген томарын қауының қабығындай жұп-жұқа қып тіледі. Сосын су бүркеді. Бойындағы нәрінен түгел айырылып дыңылдап қатып қалған қу ағаш қапелімде илікпейді. Қәрі батыр оған қарамайды. Екі ұртына су толтырып ап, ертелі-кеш бүркеді де отырады. Қу шабақ бірте-бірте қоңыраяды. Енді оларды ортан белінен ауыр бірденемен бастырып, дымқыл топырақпен көмеді. Әлденеше күннен соң шеңбірек атып пілген көк шабақты қайта суырып алады. Қалған жерін тезге сап түзеп, пінін келтіріп, қырнап-жонып, бір-біріне жымдастыра бастайды. Қәрі батыр қылп-қылп еткен алмас қанжарын ағашқа салады. Күндердің күнінде дөңгеленіп домбыраның шанағы шығады. Оның бетіне жұп-жұқа қып қақпақ салады.

Өтеудің ең соңғы баласының қазасына жыл толарда ұзын сап, даңғыра бас, қоңыр домбыра іргеге сүйеулі тұрады. Кемпіріне садақа шалатын ор марқаның ішегін айнадай қып тазалатады. Одан піртеді. Одан ыздыртады. Пәлен күннен бері керегенің басында қақсып тұрған домбыраға перне байлап, ішек тағады. Сосын ор марқаның етін түгел астырып, бесін ауа табақ көтеріп, кемпірі екеуі ауылдың алдындағы бұлтың төбеге беттейді. Қаз қатар тізілген жеті төмпектің бірінен соң біріне жер тізерлеп құран оқиды. Жабулы табақтың бетін ашып, бір-бір шұқып ауыз тиеді. Артынан қолдарын жайып табаққа бата қылады. Маңайда дәм татыратын ешкім жоқ. Иіс қып әкелген бір таба етін моланың басына тастап, шұқыр ойда жападан жалғыз жапырайып тұрған үйлеріне қайтады. Шал алда, кемпір артта. Намаздығердің ербиген екі көлеңкесі бір-біріне еріп келе жатады.

Өтеу келген бойда төрде тұрған домбыраға қол созады. Қылыш пен найзадан басқа ұстап көрмеген ебдейсіз саусақтардың сәл тиіп кетуі-ақ мұң екен, қу шанақ бебеулеп қоя береді. Пәлен айдан бері көмейін бітеп тұрып алған өксік, зар көкірегінен ағып шанаққа ақтарылғандай. Мең-зең денесі жеңілейіп барады. Көз алдында көлкештеп тұрып алған сөкыр тұман ашылайын дегендей. Тартулы жақтай сіресіп тұрған кәрі жүйкесі жұмсарып барады. Енірей төгілген зарлы саз сай сүйегін сал-сал кеміріп ала жөнелгені.

Кенет құлағына кеңк-кеңк дыбыс келді. Шошып кетті. Домбыра шанағындағы қолын жұлып ап, көзіне

апарып еді, құрғақ екен. Дағдарып отырып-отырып, кемпіріне қарады. Ол екі бүйірін таянып ап, теңселіп жылап отыр.

Өтеу қолындағы домбыраны тізесіне сап морт сындырды. Еркек көзінің жасын баскаға көрсетпейтіні сияқты көңілінің зарын да ешкімге естіртпеуі керек еді.

Дініне берік кәрі батыр ішіндегі алапат наланы айдалада қасында қалған жалғыз серігі кемпірінен де жасырды. Бірақ, жүрегінің басында бүк түсіп жатып алған зіл батпан еңсесін бәрібір көтерер емес. Дәл өңменінен қадалған шаншу көкірегін тесіп шықпай тынар түрі жоқ.

Кемпірі отын алып, мал қайырып сыртқа шықты-ақ, ол үй сыртында жиналулы тұрған тұл отаудың біреуінен сағанақ қақыратып алады да, ішін үңгіп сырнай жасайды. Анадайдағы жал басынан кемпірі қылт етті- ақ, қолындағы сырнайды қат-қат кып жинап қойған ыс туырлықтардың арасына сұңгітіп жібереді.

Қаралы үйдің сағанағынан жасалған сырнай шықкыр болады деуші еді. Рас екен. Ерініне апарсаң болды, сарнай жөнеледі.

Шалының құпиясын кемпірі де біліп алды. Енді тезек терген боп, шағыл асып кетіп, аңыраған сырнайға қосылып жылап-жылап, шерін тарқатып қайтады. Келсе — Өтеу түк болмағандай төр алдында көлбеп жатады. Кемпірі ертеңіне үй алдында жал-жал тезек үюлі тұрса да, соскс болар-болмаста қолына қап ұстап, ауыл сыртындағы айғыр жалға қарай бүкшеңдей жөнеледі.

Батыр көп ұзамай кемпірінің айласын сезіп қойды. Енді ол сырнайын қойнына тығып, жиделі тепсеңге тартады. Оңаша бұлақ басында жападан-жалғыз құмарынан шыққанша сырнай шалады. Күн еңкейе сырнайын бір шоқ жиде-тоғайының қасындағы көне әулиеге жасырып, үйіне қайтады. Бір күні сырнайының орнын сипап қалды. Ол маңға ұшан дала мен хан базардың арасына айда жылда бір қатынап тұратын қалашылардан басқа ешкім соқпаушы еді. Өтеудің сырнайы соларға бұйырса керек.

Керуенді бастап келе жатқан күйек сакал кісі балаға зекіп тастады.

— Елді шошытарсың. Жітір найсапты.

Жалақ-жалақ көнтік ерін түйекеш бала қолындағы сырнайды жалма-жан қойнына тықты.

Ертесіне ауыл сыртында жал астында өңеші үзілгенше үрлесін-ай кеп. Аңнан қайтып келе жатқан Ақпан қалт тоқтай қалды.

— Қолыңдағыны қайдан алдың?

Бала жөнін айтты.

Екі аяғы жер сүзіп келе жатқан еңгезердей еркек атының жалын құшып жылап бара жатты.

Құдайға өкпелеп айдалада жалғыз қалған қайсар ағасына Ақпан бір баласын апарып берді. Ол — Сақтап аталары. Сақтап он алтыға шыққанша кәрі батыр сыр бермеді. Төрінен үйіл шыққан соң, еңкейген белі жазылып, бойын тіктейді. Үй мен малға қарайды. Баласы ат жалынан тартып мінгенше тыным тауып көрген жоқ. Сақтаптың өз қолы өз аузына жеткенін көрген соң кескен теректей бір-ақ құлайды. Сақтап бір күні қақпан аралап қайтып келе жатып күңіренген тосын сазды құлағы шалады. Аңшы жігіт аңырып тұрып қалады. Күй біткенше тырп етпейді. Бір уақытта қара жердің көкірегін қарс айырып шығып жатқандай өксік үн талықсып барып басылады. Есіктен енді аттай берген Сақтап іргеге сүйеулі домбыраны, бұйық төсек ағаштың басынан мойны салбырап кеткен боп-боз Өтеуді көреді. Әлгі күйді мұның көзінше домбыра ұстап көрмеген әкесі тартқанын сонда біледі. Сақтаптың өсе келе ділмар аты тарайды. Абайламай ел ақтап жүрген бір бақсыға тілі тиіп қарғыска ұшырайды, баласы тұрмайды. Алпысында көрген ең соңғы нәрестесін қырық қазанның астынан өткізіп, қырық әйелдің емшегін емізіп, жаңа күшіктеген қызыл қаншықтың бауырына тастап, атын Сырттан қояды. Бұрын найза ілінетін төрге алғаш рет көрік ілген де сол Сырттан. Ол өскен тұқым ғой деп он екі ата бай ұлының бес руынан бес қыз алады. Бесеуінен не ұл, не қыз сүймейді. Шаңырағы құлауға айналған соң көрші ауылдан бір оң жақта жүкті боп қалған қыздың сәбиін ап бауырына салады. Ол — Сұрапалды аталары. Тегі жұмбақ. Сұрапалдыға Өтеудің күйі мен Сырттанның зергерлігі бірдей қонады. Қыздан туған қыдырма атанып, күй шалып, жүзік соғып, көксауыр жона тігіп, өнерін асырған Сұрапалды перзенттен күдерін үзгесін қайын жұртынан ұл алып бауырына басады. Ол осы отырған Тілеу.

Не де болса, мынау қара шаңырақтың астында ойдан-қырдан күйоласып қосылған құрамыс әулет әзірге Өтеу аулының атағын жоғалтқан жоқ. Өтеу ауылы әлі күнге осы жайдақ тепсеңде. Нек артпа ілгері де ше-

шектен қырылған жеті баланың моласы. Күн батыс қапталда — кейінгі әулеттің қорымы. Өтеу тұқымының мынау ұлан-асыр дүниеден немденгені осы бір екі зират пен бір жұрт. Өтеудің өлі ауылдарының қарасы мол болғанымен тірі аулының қарасы ешқашан төрт-бес үйден асып көрген емес. Онда да тоқалдардың оғауларымен көбейетін Өтеу ауылы бабаларындай жеті мүшесіне жеті әйел алуға мүмкіндігі жоқ Тілеудің тұсында жапырайған жалғыз күрке боп қалды. Отау бөліп, қарамды көбейтем деп жүрген Тілебалдысы соғыстан қайтпады...

Тілеу, міне, төр алдында бүк түсіп жатып алды. Сыртқа құлақ түреді — дүние жайбарақат, тек мұның көкірегі ғана әлем-жәлем, төңірек тып-тыныш — мұның көкірегі ғана жұртта қалған ақсақ төбеттей ұлып жатыр.

Шынында да мұның құлазыған көңіліне зар қоскандай сыртта бірдене сарнап қоя берді. Құлағын түріп тыңдайды-ақ. Домбыраның да, қобыздың да, сырнай-сыбызғының да үніне келіңкіремейді. Бірақ, зейін қойып тыңдай түссең — соның бәріне де келетін сияқты. Тіпті бебеулеген бақсыға ұқсай ма қалай... Жоқ, жоқ... Дауыс еткен қатыннан айнымайды.

Тілеу қазан-аяқ жаққа көз тастап еді — оймақ ұстамаса отыра алмайтын Зейнеп бүкшеңдеп бірдеме тігіп әлек.

Іргеге қарап тоң-торыс жатқан Тілеу әуелі басын көтерді. Сосын есік жаққа аударылып жатып көрді. Сәлден соң түрегеліп отырды. Ақырында орнынан тұрып есікке беттеді.

Күн желкем екен. Шалғыны жығылған сары жұрт. Алыс-алыста білем-білем шағылдар қылаңытады. Заманында сырлы зеңдей тік кепере шұқыр ой тепсең жан-жақтан сусып құлаған құмаққа көміле-көміле тайпақ тегістікке айнала бастапты. Басын жерден көтермей етпеттей жайылатын төрт аяқтыға қандай ырының барын бір алла білсін, ал бойын тіктеген екі аяқтыға қалқа болудан қалып барады екен. Желеңдеу шыққаннан ба, тұлабойы біртүрлі шімірігейін деді. Аспандағы күн көзіне шүйліге бір қарап қойды. Сол арада әлгі бір ызың құлағына қайта келді. Ол көк желкесінен қасқыр ұлығандай дыз түршігіп кетті. Төңірегін шолды. Жылмиған жайдақ тепсең сол баягы қалпы. Анадайдағы итсигектің басында жалпыл қағып жатқан, сарғайып кеткен көне газеттен басқа ештеңе көзге түспеді. Машинамен бір тегіс қырқылып өткен тікенек отақ ызғырық желге дір-дір етеді.

Аңтарылып тұра беруге арланғандай беталды жүріп келеді. Әлгі итсигек жақын қалды. Жөргектен асар-аспас көлеміне қарап, сірә аудандық газет боларсың деп ойлады.

— Біссіміллә,— деп көтере беріп еді, астында белуардан құмға батып жатқан керолин құйған бөтелкені көрді. Әлгі сарнаған дауыс содан шыққан екен. Түксіп тұрып қалды. Сосын анадай жердегі күйелеш-күйелеш

жер ошақтың тасына бір-ақ ұрды. Сай сүйегінді сырқыратып сарнаған үн жым болды.

Тілеу үйіне кеп, жылы төсегіне қайта жайғасқан соң сыртқа құлақ түрді. Жым-жырт. Жатып-жатып таңы тыңдайды — сол баяғы сартап тыныштық. Енді әлгі бір құлағын сарсытып сарнаған үнге де зар болды. Тылсым тыныштық бүрге боп жабылғандай тұла бойы дүр түршігіп кетті. Түнде де басын жастықтан көтеріп тың тыңдайды. Манағы ызың естілмейді. Әлде бір уақытта есіктің алдындағы күлдің басынан байғыз шықылықтады. Қуанып шықылықтады ма, жылап шықылықтады ма — назар аударған жоқ. Қуанып шықыратындай — мұның кай келіні ұл тапсын. Жылап шақыратындай — айдаладағы екі қу бастың өрем қапқанында тұрған қайғырып қарап су алатындай не бар. Түн баққан, түтін баққан даланбай құстың далбаса киқылы да...

Көзі ілініп кетіпті. Жұмыртқаның ақ уызындай бір түссіз қоймалжыңда малтығып жүр. Төңірегіндегі ештеменің бет-бедері айқын аңғарылмайды. Тіпті өзі де мынау түссіз қоймалжыңға айналып кеткендей. Әлгі кеудеңнен шыбын жаның ұшып кеткенде шегетін халің осы ма екен. Бірақ, бұл пағып теп-тез жантәсілім бола қалды. Жаныңды қаркарағa келтіреді дейтін сират көпірі қайда? Асай-мұсайын асынып келетін Мұнкір-Нәнкірі қайда? Бірақ, бұған Мұнкір-Нәнкір не айта алады? Кешегі ел басына күн туған жоқ-жітік заманда жетімжесірдің тозғанын бүтіндеп, жыртылғанын жамап алғыс алмаса, қарғыс алған жері жоқ. Жұрты құрғыр: «Дегеніңе жет!», «Үбірлі-шүбірлі бол!» деп қақсамаушы ма еді. Бұның тілегі де, дегені де сол соңына қара ергені емес пе еді, Тілебалдының аман келгені емес пе еді... Жұрттан алған ағыл-тегіл батасы мен алғысы ең болмағанда жаңғыз түйір перзентін көзіне бір көрсетуге жарамағаны ма... Бәлкім, әлгі шәйіт кеткендер тап болатын пейіші осы шығар. Жұрттан алған алғысы дарып, бұл да пейіштен бір-ақ шыққан шығар. Баяғыда баласын естірте келген ымек мұрын молда: «Бір көре алмадым-ау деме. Оның күпірлік. Шаһит кеткен періште перзентінмен, бәлкім ертең таң машһарда жолығып каларсың», демеп пе еді. Қазір мүмкін жалғызымен ұшырасар... Төңірегі сол баяғы қоймалжың. Әлгіндегідей мөлдір емес, лайыта бастапты. Жанарының бар нұрын сарқып карайды-ақ, ештеңе көрінбейді. Бұған пейіш керек емес. Жалғызын көзіне бір көрсетсін де, тамұғына-ақ лақтырсын... Төңірегіндегі қоймалжың сарқылған

сарысудай қойыла түсті. Бірте-бірте батпақтанып балшыққа айнала бастады. Қара жер мұны біржола обып бара жатқандай. Көкірек тұсы ылжырап, жиіп жүре бергендей. Қорқыныш дейін деуге, өзі осы өлім дегеніңе әлдеқашан пейіл болған адам сияқты еді. Ендеше неге тамағы құрғайды, ендеше неге көмейіне әлдене кептетіліп тұрып алады, ендеше неге негі кемсеңдейді... Е, жалғызымды бір көре алмай қара топыраққа айналғаным ба деп таусылады екен гой. Қенет... Астапыралла... Сарнаған әуен тағы да естілді. Төңірегіне құлағын түріп тыңдайды екен дейді. Қаптай қоршап келе жатқан қара балшық, сыз топырақтан ызың шығушы ма еді. Әлгі әуен өз көкірегінен тұншыға шығып жатқандай... Күңіренген көй-гөй... Өте бір таныс саз Тек қазір ғана емес, баяғыдан бері естіп келе жатқан секілді. Жан-жағын қоршай ұстаса бастаған сыз қара жер енді бет-аузын көміп барады Бұл қара суға түсіп, жаңдәрмен бұлқынды.

Қараңғы түн. Сырттағы баяу жел басылған. Бұл дәл көзіне дейін кептей бүркелген қалың көрпені кейіп серпіді.

Түсінде естіген тосын саз құлағына әлі келіп жатқандай. Біреу өзімен-өзі тұншыға күңіренетіндей. Тілеу басын көтеріп тың тыңдады. От жағындағы кемпіріне қарады. Аяқ-қолын бауырына жиып ап, шүйкедей боп пыс-пыс етеді. Қайтадан төсегіне қисайды. Әлгі бір саз қайта тірілгендей. Қара жердің сонау тұңғиық тереңінде әлдекім күй шалғандай. Таныды. Енді таныды. Әкесі марқұмның күйі. Сал ауруға ұшырап, төсек тартып жатып, бір күні қасына шақырып алған. Кереге басындағы домбыраны алдырған. Сосын құр қаңқа кеудесін әзер-әзер көтеріп, жүкке сүйеніп отырған. Домбырасын алдына өңгеріп, қаусаған сылдыр саусақтарымен сипалай отырып бір күй шерткен. Әлденеге қатты толқыған адамның ентіккен деміндей әлсіз саз. Бірақ, шынайы саз. Көйгейлетіп үсті-үстіне тартқан. Қайталап тартқан. Сосын домбырасын көрік пен балғадан қолы тимей жүрген бұған берген. Әлгі өзі тартқан күйді тартқызған. Бір емес, екі емес, әлденеше рет тарткызған. Бесін ауа мұның қолының жөндемге келгенін көріп, бас изеп жатқан. Кенет мұның қолын бауырына тартты.

— Бұл баяғы Өтеу бабаның жеті ұлдан бірдей айырылғандағы бебеу күйі. Есіңнен шығарып алма. Балаңа үйрет,— деп саусағын ерніне апарды да, көз жұмып жүре берді.

Қолына көптен домбыра ұстамай, есінен, шынында да, біржола шығуға айналыпты. Енді әлгі көмескі саз бірте-бірте айқындала түсті. «Бебеу күй» десе бебеу күй. Бебеулетіп қолды-аяққа тұрғызар емес. Апырай, есіне неге бүгін түсті? Әлде ата-бабаның аян беріп жатқаны ма? Тарс айырылып жарылып кетуге қалған жүрегін қалай басудың жолын өздері меңзегені ме? Әлде қара жердің тұңғиық құрсағындағы кәрі аруақ тұқымым үзіліп, күйім ұмтылғаны ма деп күйзеліп жата ма екен...

Таң атып болмады. Соңғы рет баяғыда Тілебалдыжаны тумай тұрғанда тартқан күйі есіне сайрап түсе қалды. Бұрын анда-санда қолқа салып келгендерге домбыра жасап беретіні бар еді. Өзі жасаған домбыраның үнін тексергенде осы күйді тартатын. Бір күні домбыра дыңылдатып отырып, аңғармай қапты. Сайтанның сапалағы құсап күлте сақал құрдасының сап ете қалғаны.

Келе сала тыржыңдап қоя берді. Жүк алдында қисайып жатып:

— Тартсай... Мен көргесін күйің қашып кетті ме,— деді.

Бұл домбыраны іргеге сүйей салды.

Құрдасы шақшасының тығынын ағытып жатып:

— Әй, сен неменің де қай бір күйің тасып барады дейсің. Баяғыдағылар білмей айтушы ма еді. Ұрғашының аузы жалпылдаған пысығынан, еркектің көзі жаутаңдаған ынжығынан сақта депті ғой. Жасық еркектің қай заманда да алатын қатыны, мінетін аты, айтатын әні, тартатын күйі біреуден аспайтын. Әлгі бір заржағыңды келе жатып естіп алғам. Одан басқа тартатын күй сенде де жоқ шығар,— деп селкілдеп тұрып күлген.

Зейнеп шай қойып жүргенде күлте сақал бүгін көргендей көз айырмай қадалды да жатты. Кетерінде мұның құлағына сыбырлады:

— Әй, үндемес, құрдастікі көжеток болмаса, іші бұлтиыды ғой. Тфә, тфә! Тіл-көзден аулақ. Жақсы үміттің үстінде отырып, өз үйіңді өзің зарлатып қайтесің. Жұртқа осы бір дыңылдақ жасап беретініңді қойшы, жазған.

Содан бұл қолына домбыра алмай кеткен-ді. Әлгі саздың да содан бері құлағына тиіп отырғаны осы. Бұл күйді ұмытқанмен, күй бұны ұмытпанты. Жылдар бойы бұғып жатып, енді, міне, қарашғы түнде өзі кеп ұйқысынан оятып алды.

Таң атқанша төңбекшіп шықты. Таңертең шай батпай, жүрегінің басы кілкіді де тұрды. Дастарқан жиналғасын Зейнеп есікті түріп еді — жер ошақ басында тезек қалмапты. Кемпірі қаншығын нығына сап түзге тартты. Әбден ұзап кеткенше Тілеу іргеден қарап жатты. Қара жалдан қылт-қылт асқанда барып, үй ішіне көз жүгіртті. Төрт қанат шатпаның сүйегі әлі балғадай. Тек қазан-аяқ жақтағы жарты құлаштай қоспа ғана тозайын депті. Боясы оңып бозарытып тұр. Ірге жақ бір сағанағы жерге тимей, ішке қарай бұратылып кеткен.

Тілеу орнынан созалаң көтеріліп, сол тұсқа барып отырды. Қисық сағанақты қолымен сипап көрді. Көгі де жиділеген. Жұлқып қалсаң сөгіле кетер түрі бар. Атамзаманғы құба тал бүгінде әбден боркеміктеніп болған. Үйгуге оп-оңай. Әуелі ұзынынан қақ айырып екі бөліп, ортасын қырнай, қуыстап, қайта беттестіріп көңмен екіүш жерден сықпытып таңып тастасаң, сырнай боп сыңғыран шыға келеді. Сосын арасына бармақ тастам жер қалдырып ұзына бойы тесік тес те ерніңе апар — еңіреп қоя берсің.

Тілеу иегін қасыды. Қисық сағанақ мұның көңілін бірдеңе қашқанын сезе қалғандай көне кебеженің тасасына әрірек тығылыпты.

Тілеу өз сағанағын өзі бұтарласа, жалғызынан айырылып адыра қалған тұл шатпаның төрт керегесі сырнай-сыбызғы десе ішкен астарын жерге қоятын қара сиректардың қолында кетпей ме. Қайта айдалада жалғыз үй оқшау отырғанына шүкір. Егер Тілеу мынауысын жұрт көзінше істесе, ертеңіне шаңырағын қай тентектің доңғалақ қып қуып кеткенін білмей қалар еді.

Тілеу орнынан атып тұрды. Қәлпасын қайырды. Ортадағы табамен шоқ әкелген оттың орнына қара құмандағы суды төкті. Сыртқа шығып, жер ошақтың үстіне қазан төңкерді. Түндікті сәл еңкейтіп, есіктің сыртынан тас байлады. Сосын жиделі тепсеңді бетке ұстап жүріп кетті.

II

Бұйрат-бұйрат ұлы құмда ұзақ жүріп қалған жолаушы дөңкиген шағылдарға, о жер-бұ жерден сирек қарауытқан жүзгендер мен сексеуілдерге қарай-қарай әбден жалығар еді. Сондайда, төңірегі кереге құм, қақ ортасында тоқымдай ғана тегістік шілі тепсеңнен шыға келгенде қапелімде, тасадағы ауылдың бұдақтай көтерілген түтініндей бұйраланып тұрған шымқай бірдеңе көзге ша-

лыпар еді. Сәл жүріңкіресе, әлгі бұйра будақ көбейе түсетін-ді.

Толарсақ қабар құмақ соқпақты қуалай ентелеп, асыға бастайсың. Ұланғайыр құм мұхитындағы құрдым аралдай ұзынша ғана сар қабыршақ жақпар жолығады. Басын шағылға жастап, аяғын сортаңыт кебірге берген нышақтың жүзіндей жіңішке жақпардың бір шетінде жылымшылап екі-үш көз ұшырасады. Екі-үш көздің суы бір ойпаңға қосылған тұста төрт-бес түп жиде бұйлыға өсіп тұр. «Жиделі тепсең» — осы.

Қаттырақ тиген ат тұяғының өзінен шып-шып су шығып жататын осы бір араға құм көмген құла дүзде ерге, ашамайға мініп, еріндері кезеріп, күн-түн қатқан жүргіншілер қай заманда да соқпай өтпеген. Анау жиделердің түбінде талай-талай қауқылдасқан мәслихат қызып, қарқылдасқан күлкі естіліп жатыпты. Заманында кендегі елде құқай көбейгенде Көтібар мен Арыстан жігіттері де осы маңайға жиналыпты. Одан бергі Есет заманында да талай ереуілшіге бас сауға болған жиде тоғайлар келе-келе азайған. Ол кезде тек осы кішкене бұлақ басында ғана емес, орпасы мен ызасы қалың бұл төңіректің қай жүлгесінде де шоқ-шоқ жиде көп өсіпті. Кейін азайып, осы кішкене жақпарға ғана тұяқ тірепті. Анау жылдары мұндағы ағаштың саны оннан асатын сияқты еді. Қазір бесеуі ғана қапты. Оның да біреуінің тамыры семіп, қуара бастаған. Соған Тілеудің көзі көптен түсіп жүр.

Жиделі қолат қай-қайдағы қоқыр-соқырға толы. Сыз топырақты сәл шұқып қалсаң болды, қираған қылыштың сынығы, найзаның ұңғысы, тот басқан сауыттың жұрнағы, морт-морт үзіліп жатқан кісен сақинасы, орыс солдатының үлпершек сияқты су ішетін шойын құтысы әлдебір пірәдәрдың қалай ұмытқаны белгісіз пір мойын жез құманы — атамзаманғы бірдеңелер табыла кетеді. Анау сортаң жақ шетте күні кешеге дейін шөккен үлектің мойнындай өне бойын көк ала тат басқан мыс зеңбірек үңірейіп тұрушы еді Кімнің ауруына дәрі болғанын, қарасы өшіпті.

Тілеу қария соның бәрін атасынан қалған мүліктей қорып жүретін. Қолына ұстаса бойын бір босаң әлсіздік алып, дірілдеп жүре беруші еді.

— Жарықтық, қай заманның көзі екен,— дейтін ол топырақ арасындағы тат-тат темірді жеңіне сүртіп.

— Жарықтықтың не, қай қарақшының қаруы екенін

қайдан білесің?— дейтін анадайда ат ұстап тұрған кекілі жалбыраған қараша бала.

Тілеу ығы бұлк ете қап, артына бұрылар еді. Шабдардың қыл тізгінін қыса ұстаған екі көзі шоқтай жайнаған қара сирақ неме қарашығын қақпайды. «Нағашы жұрты шетінен бау кеспе ұры еді, патшағардың көзінің мылтықтың оғындай мұлт кетпей, тіп-тік қарауын»,— дейтін-ді шал табан астында іші мұздап. «Бізге біткеннің бәрі осылай шұнаңдап туады-ау. Сімсік біреудің тілі өтіп жүрмесе жарар еді,»— деп, ішінен кәлимасын қайырып қояр еді.

Ол аспай-саспай орнынан көтеріліп, қолындағы олжасын ердің артындағы қақпан дорбаға салар еді. Сосын екі жеңін бешпетінің шалғайын, екі ығын, қос тізесін тәптіштеп қағып-сүртініп шығып бұлаққа барып, қалтасынан орамал алып суға малып, сонымен етігінің басын шылар еді, қатқақ жақпар сусыма ақ шағылмен астасып жатқан тұстағы жалғыз сексеуілге қарай асықпай аяңдар еді.

Бұл жолы да сүйтті. Сексеуілдің түбіндегі ойылып кеткен кемпек шұқырға жете бере тізерлеп отыра кетті. Ақсиып-ақсиып құ сүйек көрініп, үңірейіп жатқан шұңқырға қарағысы келмегендей, көзін тас жұмып ап, дұға оқи жөнелді.

Есіне баяғыда Тілебалдысы айтқан сөз түсті. Мына қазылып кеткен қара көрде жатқан адам да беймәлім. Ол жарықтықтың көзінің тірісінде ел ұстаған шешен, қол бастаған батыр, не қалтарыс торығаи қарақшы екенін білетін ешкім жоқ. Кім біліпті, ол тіпті әлгі айтқанының үшеуі де шығар. Бір кезде қазақтың қай еркегі қолына найза ұстамап еді, қай қолына найза ұстаған еркек дұшпанының шашау шыққан жылқысын алдына сап айдап кетпеп еді. Барымтаға тәуекелі тұрған адамның алқалы жиын алдында бес-алты ауыз сөз айтуға жүрегі дауаламаушы ма еді. Оны біреу би дер, біреу батыр дер, біреу қарақшы дер. Кім болса да, ел ұстап, жер иеленіп, артында ұрпақ қалдырғасын, қалайша бабам деп бас ұрмассың. Заманында олар солай тіресіп, тістеспесе, біздердің бүгінде жұмыр жердің қай пұшпағында пышырап жүрерімізді кім біліпті! Тумай жатып ақ қағаз, көк қағаз, көп қағаздың бәрін ақтарып шығатын арттағы ұрпағының күндердің күнінде не дейтінін ол бейбақ қайдан білсін! Ал, баяғыдағылар надандығынан шайқасып жүрсін, ал казіргілер ше... Мұның мойнына бұршақ салып тілеп алған Тілебалдысы қайда... Тілеу осы жүргенде

әлдеқашан сүйегі құраған жеті атасының жетеуінің де моласын біледі, жетеуінің де басына барып бата тигізіп тұрады. Ал, бауырынан шыққан жалғыз ұлының қайда жатқанын білмейді. Жұрттың көзінен қорқып көлкештеп баққанда бір уыс топырағы бұйырмай жат жерде қалғаны ойына түсті де, сүйек-сүйегі кемірілгендей көзіне жас толды. Жаюлы алақанын маңдайына апарып, көзін басып, екі иығы бүлкілдеп сәл кідіріп қалды. Кенет беймағлұм өлі аруақтың басында құран оқып отырғаны есіне түсіп, басын көтеріп, селдір сақалын бір сипап өтті.

Қамшысына таянып орнынан тұрды. Жалғыз қабірдің басындағы сида сексеуілге байланған ақ түйіншекті шешіп қалтасына салды. Сосын бір шоқ жидеге қарай аяңдады. Кішкене бұлақтың тұсынан өтті. Шабдар да, оның тізгінінен ұстап тұрған кекілі жалпылдаған кішкене бала да көзіне түспеді. Бұл жолы жалғыз атсыз жаяу келгені ойына енді оралды.

Назары еш нәрсеге тұрақтамай абдырап тұрып қалды. Көз алды бұлдырап кетті. Көкірек тұсы шаншып бара жатқан соң оң қолымен сипай беріп еді, қап-қатты бірдеңеге тиді. Балта...

Есін жиып маңайын шолды. Бұлт арасынан бір көрініп, бір жоғалып кетіп тұрған күн нұрына қырық құбылған жиде ағаштарын енді байқады. Жылтыр күрең сида бұтақтардағы үстіңгі беті сұрғылт көк, астыңғы беті ақ сұр құстаңдай жылан бас жапырақтарда тыным жоқ: сылдыр-сылдыр, судыр-судыр...

Тілеудің талмау жүйкесіне сол сумақай жапырақтар су бүркіп, зікір сап тұрғандай сәл-пәл жадырайын деді. Көзінің алдындағы жалқаяқ та ыдырап барады.

Иін тіресе өскен төрт ағаштың түбінде бір кезде жел ұшырып, жаңбыр үзіп түсірген гүлдері, көк түйнек бүршіктері мен кейін өте пісіп кетіп өзі үзіліп түскен жемістер ию-қию шашылып жатыр. Бір кездегі қызғылт сары гүлдер шіріп, құрап қазір өңін ажыратып болмас күлгін бірдеңеге айналыпты. Бұлдыққа ешкім аяқ ізін салмаған ағаш маңы қоқырсып кеткен. Түйе жүктеп керуен шығып жататын баяғы заман жоқ. Машина жол бір бұру. Оқтын-оқтын қақпан қарап соғып кетіп тұратын бұл үйден шықпай жатып алды.

«Жарықтарым-ай»,— деп кемсеңдей күбірледі Тілеу. Қабырғасын қайыстыра шыққан осы бір тосын күрсініспен түсінгендей сусылдап тұрған бірер бұтақ төмен иіліп иығынан қағып, бет-аузын сипап өтті. Тілеу сол бір ашқылтым иіске танауын тоса түсті. Күн жеп, жел қаққан

жиде жапырақтарынан көкірегінді ашатын етене таныс кермек иіс анқып қоя берді.

Тілеу судырласқан төрт ағаштан шетқақпай бөлек тұрған көрі жиденің қасына барды. Сойдиып-сойдиып томары ғана қалыпты. Қалған төртеуіндей төңірегі де қоқырсып жатқан жоқ. Баласыз үйдей мұнтаздай боп жалтырап жатыр.

Тілеудің көкірегі шым ете қалды. Состиған қу томарға қол көтере алмай сілейіп тұр. Жапырағынан әлдеқашан айырылған қу томардың түбіндегі көне тамырлар әбден тозып біткен көн шоқайдың быртбырт үзілгелі тұрған таспасындай бұдырайтып-бұдырайып кетіпті. «Жарықтық, жидеден жасалған домбыра даңғырлап кетпеді, былпыл жұмсақ шығушы еді-ау»...

Қос қу бастың бірін-бірі жұбатар шаруасына қара балта жалаңдай кірісті.

Күйеуінің ырсылдап-күрсілдеп томар сүйретіп келе жатқанын көргенде Зейнептің көзі атыздай болды. Тілінің ұшына орала кеткелі тұрған оңай сұрақ тістен бері аспады. Өтеу әулетінде әу бастан еркек сұрап, әйел жауап беретін. Бүгін Зейнеп сол үрдісті белден басып бірдеңе дей қалса, санына біз сұғып алсақ да үн шықпайтын Тілеудің ішінен неге жоритынын кім біліпті. Соңына қара ермей қурап қалған қу бас еркекті қатын сыйлаушы ма еді деп ойлап жүрсе қайтпекші. Зейнеп іргеге кеп дүрс еткен жиденің томарына бір көз тастады да, күйеуінің алдынан есік ашты.

Тілеу табалдырықтан аттай бере белін шешті. Тымағы мен шидемін әйеліне ұстатты. Зейнеп оларды керегенің басына іліп, қайтып кеп етігін тартты.

Тілеу төрге озды. Әйелі әкеп жапқан ішікті қаусырына түсіп, «иә, алла» деп есінеп алды. Исі бұрқыраған күрең шайды күтіп үнсіз отырып қалды.

Ертеңіне таңертең дастарқан жиналар-жиналмаста қолына арасын ап, іргеде жатқан томарға барды. Зейнеп іштей күбірлеп қайта-қайта «тәуба-тәуба» деп қояды. Қақ төрде зарп қауып жатып алған күйеуінің орнынан тұрып, бірдеңе шұқынғанына шүкіршілік етіп жүр. Көз түрткі боп қасында отыргысы келмей әлденені бір сылтауратып үйге тұрмайды. Ағаш кесек арқалап суға кетеді. Белінe шот қыстырып отынға кетеді. Қайтып келгесін үйдің күн бетінде кіиіз жамайды.

Бірдеңеге айналса қашан бітіргенше басын көтермейтін Тілеу Зейнепке назар аударған жоқ. Күйеуінің не істегелі жүргеніне қанелімде түсіне қоймаған Зейнеп бір

күні қоқырсып жатқан көп жаңқаның арасынан домаланып қара шанақ шыға келгенде жүрегіне әлдекім ине тығып алғандай болды. Өтеу әулетінің жай-жапсарына жасынан қанық әйел күйеуінің Тілебалдыдан біржола күдер үзгеніне енді көзі жетіп, теріс қарап, күлімсі иісі қолқаны қауып ылжырап тұрған құрым үзікке тұқшия түсті. Алақандай кенеп жамауға ащы жас тыс-тыс тамып жатты.

Тілеудің бір аита уақытын алған домбыра жасалып бітті. Керегенің басында ілулі тұр. Сабы ұзын-шанағы үлкен, қақпағы кептірген қозының қарнындай жұп-жұқа. Шешен болар сыңай танытады.

Тілеу бүгін тас түйін. Қорадағы азғантай жандығын жаңа көріп тұрғандай, ала көзінің бар сұғын аямай қадап, ішіп-жеп барады. Кенет шапшақ қимылдап, алдынан жүгіріп өте берген құрт мүйіз қара марқаны сирағынан шап беріп ұстай алды. Жетектен экеп оң жақ белдеуге байлады. Қалған малды ауылдың желкесіндегі құмақ төбеге айдап салды.

Үйге қайтып келіп, қонышынан тастамайтын жез бұнақ, мүйіз сап кездікті суырып, отқа бөксесін тығып тұрған қара құманның шүмегіне тосты. Содан соң белдеудегі тоқтыны ішке кіргізді. Басын құбылаға қаратып, алақанын жайып:

— О, жасаған аруақтарға бағыштаған ай мүйізді, аша тұяқты жұпар иісті ақ адал малымды қабыл ала көр!— деп күбірлеп, бетін сипады.

Көтеріп ұрып, аяғын байлады.

Аузына берік сырбаз кісінің бауыздаған малы тыри етуші ме еді. Қара марқа тұяқты бір-ақ серіпті.

Бұрын мал сойғанда, Тілеу бауыздап беретін де, қара пышақты Зейнепке ұстататын. Бұ жолы қара марқаның үстіне қонжиып қонып алған. Тұрар емес. Күміс соғып отырғандағысындай ынт-шынтын түгел салыпты. Қимылына көз ілеспейді.

Зейнеп жүзі сұп-суық күйеуі мен жаландаған қара пышаққа көз айырмай қарап қапты. Тілеудің қара тоқтыда бір ала алмай жүрген өші бардай.

Айналайын ата-бабаның он екі жілік, отыз омыртқа, қырық қабырғаны тап осынша тәптештеп мүшелейтіні де тегіннен-тегін емес-ті. Артындағы ұрпақ бір-біріне көз алартпасын деп, әр қайсысына бір -бір сүйек еншілеп кеткенді. Ұшарын жел, қонарын сай білетін көшпенді елдің перзенті қай қара қазанда да, өз сыбағам бар деп ойлайды. Сонда сыбағалы жілігі бұйырмаса, атасын

атып өлтіргеннен аз тұлданбайды. Ер бала бес жаста құман ұстап қонақтардың қолына су құяды, он жастан бастап табақ тартады, жылқысында кездігін жалаңдатып табақ жасайды. Сонда ықылым заманнан келе жатқан үрдісті бұзып жілік шатыстырсаң, мандайыңнан бұзау тіс қамшымен бір-ақ тартып, айдап шығады. Бетіңе таңба түскені ештеңе емес, сені тапқан ата-ана тірілей жерге кіреді. Қара пышақтан қаусай жығылып жатқан бұл он екі жілік, отыз омыртқа мен қырық қабырға жөнін танса, ала көз ағайынның көңілін бүтіндеп ел етеді, жөнін таппаса жүректеріне сүңгі сұққандай атыстырып-шабыстырып кетеді.

Баласына ағайыншылықтың жолын ат ұстап, табақ тартқаннан бастап үйрететін көнекөз қөрілер қақсап бағушы еді: «Ең сыйлы жілік — жамбас, одан соң — жауырын, одан соң — көрі жілік, одан соң — ортан жілік, одан соң — асық жілік. Басты ең жоғарғы табаққа саласың. Құйрық май мен бауырды қиялап тұрап, бар табаққа жеткізесің. Он сүбе қабырғаны жоғарғы төрт табаққа, алтауын екі жауырынға, төртеуін екі асық жілікке үстейсің, қалған сегіз жілікке екі-екіден бұғана қабырға қосасың. Төстікті — күйеу, құйымшақты—қызға, мойынды — қойшыға, ішек-қарын, талақ, бүйрек, спрақты — қатын-қалаш, бала — шағаға ұстатасың...

Ол кезде бір мал қазанға бір салғаннан артылмаушы еді. Сақи кісі күніне он мал сойылса да, өз үйінде жілік ұстамайтын, қонақтың сарқытына қанағат қылатын.

Енді, міне... Тілеу мынау самсаған сүйекті кіміне береді. Бас та — өзінікі, төс те — өзінікі, мойын да — өзінікі. Айналадағы жалғыз үй құрым күркенің құдасы да, күйеуі де, жиені де, қойшы — қолаңы да бір өзі... Өз дастарқанында өзің бата жасап, өзің бас ұстағаның — жалыңның жаландаштанғаны. Сарқыт асатар кісінің жоқтығы — көсегеңнің көгермегені.

Қара пышақ манағыдай сусылдамай кібіртіктейін деді. Мынау жауырын. Жауырын қарап, бал ашатындай мұның қай бір алыс жолда жүрген жолаушысы бар... Қақшиған көрі жілік... Мұның босағаға іліп, мал-басы аман болсын деп тілейтіндей, қай әулетіне дәулет жимақ...

Тілеу көкірегінде әлдене үзіліп кеткендей ышқынып қалды. Қолына асық жілік ілігінті. «Бауырың қақсын, кісіден бала асырасаң, қолына әуелі асық жілік ұстат. Әйтпесе, ата-анасы ертең күн сұрауы мүмкін...»

Көзі қарауытып барады. Әбден мүшеленген тоқтының қара теріге орай салып, орнынан тұрды.

Зейнеп ашы ішекті айнадай қып тазалап желбауға ілді. Сол тезірек дегдісе, анау домбыраға тағар еді. Көкірегін жарып бара жатқан соқыр нала сонда жол табар ма еді, қайтер еді...

Ерлі-зайыпты екеуі дастарқан басына кеп, өлілерге ніс қып пісірген жеті шелпектің шетінен енді ауыз тие бергенде сырттан түйе бақырды. Аңырағаң әйел даусы қоса естілді. Бата оқи келе жатқан біреу екенін бірден біле қойған Тілеу мен Зейнеп екі жерде шөгіп-шөгіп отыра кетті.

Басында қарқарадай жаулық, үстінде қара жадағай, екі беті бұлтиған қара торы әйел табалдырықтан аттай сала орнынан енді көтеріле берген Зейнепті құшақтай алды. Екі әйел бірінен-бірі асыра зарлады. Оқтын-оқтын көкіректері қарс айрыла «Ah! Ah!» деп қояды. Тілеу қақ төрде қалшиып қатқан да қалған. Қасындағы екі әйелге емес, алыстағы бір айқайға құлақ түргендей, мойнын іргеге бұрып, көзін кереге басындағы қамшыға тіктеп апты.

Екі әйел бір сүт пісірім дауыс айтты. Сосын нін тіресе отырып солықтарын басты. Қонақ әйел мырс-мырс жылап отырып Тілеуден амандық-саулық сұрасты.

Бір уақытта барып:

— Ойбой, кебежедегі баламды алмапиын-ау,— деп орнынан көтерілді.

Зейнеп ере түрегелді. Екеуі сыртта күбірлесіп жүріп түйенің жүгін түсірді. Әлденелерді дүрс-дүрс іргеге сүйеді. Біраздан соң баланың жылағаны естілді. Қолында тап-тұйнақтай қып ораған бірдеңесі бар қонақ әйел үйге кірді. Қолындағысын төр жақтағы жастық ағаштың қасына апарып қойды. Сосын белін шешіп оң жаққа, Тілеуден төменірек кеп жайғасты. Басындағы бұрама жаулықты сыпырып, жеңіл шаршы орамал тартты. Қара торы өңінен сілкіп шешіп жатқан киімдерінен күннің, желдің, түз шөбінің және өз-өзінен тепсініп тұрған бір сарқылмас жігер-қайраттың лебі еседі.

Ең құмда екеуден-екеу отырған бұларға бүгін қастарына бүкіл ел көшіп кеп қонғандай болды.

Зейнептің жеңгесі Жаңыл бұл ауылда бір апта жатты. Күйеуі малдан шыға алмағасын өзі келіпті. Сонау Жем бойынан іздеп кепті. Шыршық атқан пысық неме үйқыдан тұра сала көптен тозаң басып тұрған киіз үйдің бау-шуын шеше бастады. Күл мен көңнен таза жаңа

жерге көшіріп тікті. Зейнеп екеуі қаз-қатар отырып ап, үзік-түйрлықтарды түк қалдырмай жамап шықты. Тенде жатқан жүн-жұрқаны сабап кіиз басты. Арқан ширатты. Айдаладағы жанадан жалғыз қараша үйдің қағылмаған, сілкіленбеген ұшпағы қалмады.

Жақыл ертең кетем деген күні таңертең оразасын ашпай тұрып әңгіме бастады.

— Күйеу жігіт пен ерке қыз, мынау қырқынан әлі шықпаған жаман немені екеуіңе қара болсын деп алып келдім. Мырза құдайдың рақымы түсіп, ерке қыз құрсақ көтеріп жатса, бұл бесігін тербетер. Төрінде ұстаймын десең де, есігінде ұстаймын десең де, біздің көңіліміз баяғыдай. Ниет жақын болғанмен жер шалғай. Оның үстіне колхоздың бір отар қойының майлық-саулығында сылпып жүріп, қолымыз да тимейді. Бас ауырар, балтыр сыздар дегендей, қастарыңызда өзіміз болмағанмен, көзіміз болсын. Отыз бес күн бауырымды сорғызып ем, ол бұған да, сендерге де салық емес. Сендердің шаңырақтарыңның ендігі амандығынан садаға, мә, желінімді ошақтарыңа саудым,— деп демдеулі шай тұрған отқа қарай омыраулай отырды. Қайратты кісінің сыздап тұрған тырсиған қос емшегінің сүті қызыл қоламтаға сарсар төгіліп жатты.

Зейнеп жаулығының ұшымен аузын басып отыра қалды. Тілеу қасындағы қара жастықты ығарлай бірер ырғалып қойды. Омырау түймесін қайта салған Жақыл артында жатқан қалы қоржынды өзіне қарай тартып, екі шабуына қызыл салып тіккен жайдақ жаға ақ көйлек пен бір түйіншек алып:

— Мынау, ерке қыз, кішкентайыңа тігіп әкелген көйлегім мен көрімдігім,— деп Зейнептің алдына тастады.

Ертеңіне Жақыл сары ала таңнан тұрды. Қайын сіңлісімен құшақтасып қоштасты. Тілеудің қолын алды. Жастық ағаштың түбінде, түндіктен күн түсіп тұрған жерге, көрпемен орап қойған кішкене құндаққа жолаған жоқ. Сыртқа шыққан соң, бұларға қарап: «Ал, сау тұрындар »,— деді де, қараша інгенді жетелеп, күн батысқа қарай тарта жөнелді. Жамырағаң ботаның артынан жүгіргендей, емпендей басады.

Жақыл мен қараша інгеннің қарасы көзден бір-бір ұшқанша Тілеу мен Зейнеп тұрған-тұрған орындарында қатты да қалды.

Төңірекке қайтадан тылсым тыныштық орнады. Баяғы сартап ескі жұрт. Анадайда белуардан тас көтерген жер қазба мен шыр айналдыра жүзген мен шағыр үйген

тығырық қора қараулытады. Үй сыртындағы құмақ жалда қотыр тас түбінде ай даладағы жалғыз үйдің бес-алты қой-ешкісі мен енесі өріс ізден қаңғып кеткен жарбай тайлақ аралас жайылып жүр.

Ерлі зайыпты екеуі құдды бір бөтен ауылға келген бейсаубат қонақтардай өз үйлерінен өздері тайсалып тұр. Тілеу төңірекке көз жүгіртті. Шабдары көрінбейді. Көптен бері тақым тимеген тұғырдың қайда лағып жүргенін кім білсін. «Көрмедің бе?»— деп әйелінен сұрауға бір оқталды да, қайда жоғалып кете қойды дейсің ат қараған боп, айналаны бір шолып қайтайын деп, жүгенін алуға үйге кірді. Оң жақ босағада керегенің басында ілулі тұрған жүгенге қолы енді тие беріп еді, ту сыртынан бірдеңе пыс еткендей болды. Артына бұрылды. Жастық ағаштың түбінде манағы кішкене құндақ жатыр. Жұтынтып шүберекпен оран қойған алақандай қызылшақа бетінде көкке әйтек әуелеп қалған келте мұрын пыс-пыс етеді. Басындағы ақ шүберек телпегінің астынан сабалақ-сабалақ майса түк жылтырайды. «Шамасы, қарын шашын өздері алсын»— деген-ау.

Тілеу жүгенді ұстап шырақ басып үйден шықты. Зейнеп ауылдың алдында көлденең сұлап жатқан қара жалға қарай жай басып ұзап бара жатқан күйеуінен көзін айырмай үй алдында әлі тұр. Жастар боп бас қосатын бастаңғыға асығып, ата-енесінің аттанып кеткенін күткен бала келіндей әлденеге шыдамсызданып тұрған сынай танытады.

Тілеу қара жалдың басына шыққан соң төңірегін бір шолып шықты. Шабдар тұғыр көрінбейді. Әлгінде Жаңыл аттанған күн батыс жаққа қарап еді — жым-жылас. Бұл тарапқа ешқашан аяқ ізін салмағандай. Құлдыр жон құлазып жатыр. Сонда жаңа ғана мұнымен қол алысып қоштасқан қарқара жаулық қара торы әйел адам ба, жоқ мұның көзіне көрініп жоғалған алдамшы емес пе? Аян беріп жүрген қызыр ма?... Сонда әлгі жұтынтып оран әкеп тастап кеткен кішкене құндағы ше?.. Әлде төр алдында басыр боп жатып алған мұның көзіне қос көрінгені ме...

Тілеу ауыл жаққа бұрылды. Жаңа ғана үйдің қасында намаздығердің көлеңкесіндей боп ербиіп тұрған Зейнеп жоқ. Тілеу басын бұға ұстап, екі қолын артына сап, ілгері аяңдады.

Көптен бері сыртқа шықпаған, шыққан күнде де ешкімге жөндеп назар салмаған ол қарашаның ауып қалғанын енді байқады. Түбін жел аршып тастаған та-

рамыс қара жусан терістіктің ызғарынан бүгежектеп дір-дір етеді. Жаз болса сағым шалып қырық құбылып тұрар көкжиек пердесін сыпырып алған жалаңаш тереземей құлазып қапты. Былтыр бір топ шал сау сте қалғанда жазғытұрым еді. Содан бері көктем өтіпті, жаз өтіпті, енді, міне, күз келіп, о да өтіп барады — бұл соның ешқайсысын да білменті. Үйықтап-ұйықтап бүгін оянған адамдай. Шыр етіп жерге түскеннен білетін мынау өңірді әрі танып, әрі танымай тұр. Әне біреу мұның қақпан құратын қара қолаты емес пе... Әсіресе күзге қарай қарақұйрық ыңып кетуші еді-ау. Шамасы, киіктің матауының өтіп кеткені ғой! Қыбырлап — жүрген ештене көрінбейді. О жер-бұ жерден қуарған адыраспан ғана қылаңытады. Шабдар бұл ақылжыған құла түзде не бітіруші еді. Жайылса, ығы мен суы мол жиделі тепсеңге қарай жайылмай ма...

Тілеу бетін солай қарай түзеді. Шынында да, тағы болып кете жаздаған саяқ тұғыр су жақтан келеді. Аяғы бос. Құйрық-жалды ошаған басып кеткен. Тақым тимей, жылтырап семіріп апты. Мұны көргенде анадайдан құлағын қайшылап едіреңіп біраз тұрды. Бірақ, қасына барғанда тырп еткен жоқ. Тек жүген сылдырлағанда ғана жылтыр сауыры көл бетіндей дір ете қалды.

Тілеу шабдарды жетелеп үйіне қайтты. Тайпақ тепсеңнің қақ ортасына қонған қоңыр үйден күздікүнгі сілтісі мол бұта отының күңірсік бұйра түтіні бұдақтайды. Күнде күйеуі бір жаққа кетсе болды, бір кіріп, бір шығып тыным таппайтын Зейнеп бүгін тырп етпей үйде отыр. Тілеудің көңілі біртүрлі қоңылтақсып қалғандай болды. Шабдарды ауылдың желкесіне әкеп тұсады. Сосын үйінің қасына кеп біраз тұрды. Шіден тоқылған шымыраулы есіктің шалғайын бұрынғыдай емес, жүрексіне көтерді.

Қол басындай қызыл шақаны алдына алып тосып отырған Зейнеп бұл келгенде тырп етпеді. Тілеу өзі шешініп, шідемі мен тымағын керегенің басына өзі апарып ілді. Екі етігін дүрс-дүрс оң жаққа тастап, қақ төрге барып қаздиып отырды. Жел қақты бетін бір сипап өтті. Зейнеп тіпті бұл жаққа көз жүгіртпеді де. Қолындағы сәбіді қайта құндақтап, орнынан еппен көтеріліп оюлы жастық ағаштың етегіндегі жер төсекке салды. Жас баланың пысылдақ демі қайта естілді. Зейнептің күйбеңі көбейген. Әлденелерді жуды, әлденелерді күн жаққа апарып ілді. Тырп-тырп кіріп-шығып көп жүрді. Әлеукүнгі сойылған қызыл марқаның бір пұшпағынан

емізік тікті. Бақырашқа сүт пісірді. Оны қанжылым қып суытты. Әлгі емізікке құйды. Құндақты қайтадан алдына алып сүт берді. Әйтеуір, бұрын Тілеу келгенде бұрқылдап әзір тұратын шай бұ жолы ұзап кетті.

Содан былай Тілеу мынау қоңыр үйде өзін бөтен біреудей сезіне бастады. Қасы мен қабағын бағып отыратын кемпірі енді мына бір жұдырықтай құндақпен әуре. Бөгде еркектен бала тауып алған күнәкар әйелдей бұған бір түрлі қымсына қарайтын болыпты.

«Апырай, жеті атама түгел мирас таз телпекті менің де кигенім-ау! — деп ойлайды Тілеу қап-қараңғы түнде қап-қара түндікке қасқая қарап жатып.— Құлазыған бауырымды алла жарылқамағанда,, адам жарылқағаны-ау...»

Сонау жүректің астынан лып көтерілген өттей ащы бірдеңе алқымына кеп тіреледі. Шалқалаған қалпы жата береді. Қараңғы үйдің ішінде бұның да, кемпірінің де сесі шықпайды. Араларындағы кішкене құндақ қана дамылсыз пырылдайды.

Бір күні таңертең Зейнеп төсектен күндегідей емес күйзеліп өрді. Шай үстінде де қабағы ашылмай тұйық отырды. Дастарқан жиналғасын, қалған жылы суды төкпей:

— Шал, кішкентай бүгін қырқынан шығады. Қарын шашын алмайсың ба? — дегені.

Ұстарасы мен қайрағын алып берді. Тілеу ілгері итініңкіреп, қайрақ тасқа бір-екі түкіріп қойып, ұстара қайрай бастады.

Зейнеп құндақты әкеп алдына салды. Бірінші рет ұстағаны еді. Қолы қалтырап, пысылдап жатқан қызылшақа сәбидің басына ұстара апара алмай дағдырып қалды. Сосын: «Біссіміллә!» — деп, Зейнеп жібітіп қойған майса түкті бір сыпырып өтті. Көзі жұмық қызыл шақа негін кемсендетіп бауырына тығыла түсті. Омырауын бір жылы толқын көміп барады.

Зейнептің әлгінде ғана шытынқы қабағы жазылыпты. Әжімі қалыңдай түскен ақша маңдайда бір ерекше жарқыл тұр. Күйеуінің тізесіне шыратыла түсіп жатқан бұйра шашты ап, қолындағы бір шаршы орамалға түйіп отыр.

— Әлгі суылдаққа да тиырым бола қалғанын қарашы,— дейді Зейнеп.— Бұл күшіктің ит көйлегін кім алып қашар екен...

Тілеу кемпірінің таң атпастан неге күйзеліп жүргенін енді түсінді. Үйіне құдайдың ең итінің біреуін ұста-

маганына сонда өкінді. Көптен бері ашылмаған жағы сонда ашылды.

— Қиналма, кемпір. Өзім алып қашамын,— дейді.

Ірге жақтағы етігін алып кие бастады. Теріс айналып кеткен Зейнептің көзінен кішкене құндаққа бірер тамшы секіріп түсті. Қайта бұрылғанда заманында көрікті әйелдің мығында күлкі тұрды.

Әуелі Тілеу шықты. Оған ілесе бір қолында құндақ, бір қолында домалақ түйіншегі бар Зейнеп шықты. Кішкентайдың да жарық дүниеге аттап шығып отырғаны осы. «Иә, ата-баба-»,— деді Тілеу маңдайын құбылаға бұрып. Сосын кемпіріне қолын созды. Зейнеп ит көйлекке оралған түйіншекті ұстата берді.

— Біссіміллә!...

Қапелімде отырған орнынан қозғала қоймайтын Тілеу екі қолын бауырына алып бүлкілдей жөнелді. Артында кішкене құндақты қыса ұстаған кемпірі келеді. «Шіркін-ай,— деді Тілеу.

Төңірегі мынандай ақылжыған айдала болмай, бірінен-бірі асырып ақ үй тіккен азғандай ел болса ғой. Кемпірі кеше кештен бері ертең балам қырқынан шығады деп хабар шашып қоймас па еді. Көршілердің баласы мана күн шығар-шықпастан бұлардың үйін кеп қамамас па еді. Мынау қызыл шақа ineнің көзінен өтетіндей жүйрік те жылдам болсын десе, маңайдағы ең тәуір тазыны, төңірегіндегілерге айбынды, азулы да қарулы болсын десе ең жақсы жаубасар төбетті тауып әкеп, бір тентек тайдай тулатып ұстап тұрмас па еді. Ауыл-үйдің үлкенін түгел жиып, алдарына дастарқан жайып, баталарын алып, қаумаласып сыртқа шықпас па еді. Арпалысып тұрған арланның мойынына ит көйлекті апарып байламас па еді. Сонда жаудай жағаласып тұрған ит бір-ақ атып жоғалар еді. Ауылдан шығандай шығып маң далаға маңып берер еді. Өкшелері жалтыраған өңшең қара борбай соңынан қиқу салып қуа жөнелсе-ай... Ұзай берсе, ұзай берсе... Көз талдырар сағымға сіңсе барып... «Баланың адымы ұзын, сапары оң болады екен. Әлгі ит шығынып кетті ғой»,— десе күн беттегі көздері жасаурай сығырая қарап тұрған қариялар. «Жүрген жері жиын-той болады екен. Құрғыншылар көп болды ғой»,— десе негі қалтақтаған көрі әжелер. «Әне, әне, қуып жетіпті. Қайтып келеді!» — деп шу етсе ауылдың қыска адым қара домалақтары. «Апырай, қуып жеткен біздің жаман қара болғай да. Ит көйлегін шешесіне тайға сатар ек»,— десе алдымен

сөйлейтін алпауыз қатын. «Тайды айтасың, менің балам қуып жетсе, ит көйлектің ақысына қайнағаға күміс қапсырма мен алқа соқтырам», — деп қосарланса көзі жайнақтаған сәнқой қатын. «Біздің ұзын сирақ тұрғанда кім қуып жетуші еді. Айтпады демеңдер, ит көйлекті шешейдің түлкі ішігіне сатам», — деп қыстырылса, алдын орап кеткендерге шамырканған дәукес қатын.

Түйіншектің ішіндегі дәмді жол-жөнекей жеп алып, ит көйлекті төбелеріне желбірете көтеріп қара сирақтар да жетер еді. Сол арада олар кемпірімен тұра қалып саудаласар еді. Олар қалағандарын алып, жөндеріне кетер еді, қалғандары опыр-топыр үйге кірер еді. Енді еркектер жағы өжендессін кеп. Нәрестенің қарышашын аламыз деп жолға таласып тұрып алсын ыргасып.

— Батыр болсын десеңдер, аруақ аттамандар, жол менікі, — десін біреуі сәжірейіп.

— Оқ көмей, орақ ауыз би болсын десеңдер, біздің бабалардың аруағын сыйландар,— десін екіншісі шіреніп.

— Рыс пен дәулет бітсін десеңдер, бабам бабаңның асына елу қой, бес тай, саба апарған маған жол бересіңдер,— деп күдірейсін үшіншісі.

— Ау, ау бармағынан бал тамған, қылышынан қан тамған өз тұқымы кімнен кем. Бәрің-де емес әкесінің өзі алсын, — деп қыстырылсын кетік тіс, көбік ауыз бір жалбақай.

— Қой, онан да кесігін үлкендер айтсын, — деп тоқтатар еді сонда біреуі, көздері қып-қызыл, кеңірдектері сала құлаш өншең дәукестерді...»

Құлағына абыр-жабыр үн келе ме қалай. Біреулер қарқ-қарқ күлісе ме қалай. Төңірегіне көз тастап еді — сол баяғы құлазыған құмақ жоп. Әр жер-әр жерден ара кідік қарауытқан селдір итсигек. Қалбалақтап алдына түсіп алған өзінің ерең-серең көленкесі.

Шөп басын дірдектетіп ызғырық жел тұрыпты. Балаға суық тигізіп алмаса жарар еді. Құндақ құшақтаған кемпірі көш жерде қапты. Ауылдан қара үзіп шығыпты ғой. Осы да жетер.

Тілеу аяңға көшті. Жүрегінің атша тулап тұрғанын енді барып аңғарды. Жолын кескестеп келеке қып келе жатқан ербең көленке де жүрісінен жаңылып қалталақтай береді. Кемпірі қуып жетіп қолындағы түйіншекке жармасты.

Кемпір, шал, өз ит көйлегін өзі қуған қызыл шақа сәби аяқтан тартқылаған майса құмақ пен кеудедегі

итермелеген өкпек желден діңкелері құрып, қара тепсеңде қараусыз қалған құрым үйге сүре жығылды.

Тілеу енді кішкене құндаққа назар аударатын болды. Бір жаққа барып қайтса, табалдырықтан аттай бере жастық ағаш жаққа көз тастайды. Пыс-пыс тәмпіш мұрынды көрген соң барып, белін шешеді. Бірде шаңырақка қарап жатқан кішкене жанар есіктен ебіл-себіл кіріп келген Тілеуге түспесі бар ма? Қаудырлақ тонынан, қалқиған тымағынан, мұз қатқан сақал мұртынан қорықты ма? Шарасынан шыға адырайып кеткені. Бұл жалма-жан теріс айналды. Содан бері табалдырықтан аяғының ұшынан басып әрең аттайды.

Бұл үйдің ендігі әміршісі — сол жұдырықтай қызыл шақа. Сол оянып кетпесін. Сол шошымасын. Соның қарыны ашпасын. Соған суық тиіп қалмасын...

Зейнеп те іске шұқынғанды ұмытты. Түздегі шаруа түп-түгел Тілеудің мойнында. Малды сол қарайды. Отынды сол әкеледі. Қораның астын сол аударады Қорбаң-қорбаң кіріп шығады да жүреді.

Бұрын қаңтар туа-ақ төріне біреу қоламта төсеп қойғандай, отыра алмайтын. Қолдарындағы оншақты жандықтың шаруасы әйелінен ауыспайды. Булықтың аузына тұрған сүмелек ысқа телміріп қашанғы жатады, оқтын-оқтын атына мініп бір ауық төңіректі кезіп қайтады.

Сары аяз бен аппақ қар бұл маңайдағы тіршілік сыбдырын түп-түгел жұтып қойғандай. Жым-жырт тыныштық құлағынды жеп, мынынды зеңітеді. Сол бүкіл алқапты албастыдай айқара басып жатып алған тылсым тыныштықты күтірлете уатып, өз-өзінен тіс қайрап, айбат шеккен күртік қарды күрт-күрт омырып, о қыраңға да, бұ қыраңға да көтеріліп, жан-жақты шолып ұзақ тұрады. Көзіне ештеңе ілікпейді. Қөл-көсір далиған тұлдыр кеңістік бедірейіп жатыр. Егер басы қарайып бұл жұрмесе, мынау ұлан-асыр жазира тырп еткен тіршілік нышаны жоқ, ақ кебінге орап тастаған өлі мүрде сияқты. Ауық-ауық бір сенделіп қайтпай, үйде бұғып жатып алса, күпірлік бірдеңе істеп қойғандай, қарақтан-қарақ отырып, көңілі күпті болатыны да содан еді. Оған өзінің осы бір беталды құладүзге қаңғып-қаңғып қайтқаны сонау қара жердің астында әлдеқашан сүйегі қуран қалған ата-бабаның көздеріне түсетіндей көрінеді де тұрады. Олар мұны қашан сыртқа шығар екен деп тосып жататындай. Бұл шыққанда тұяғымыз бар екен гой, тірі екен гой, баягыда қаңқасан боп кескілесін жүріп неле-

ген ең қопысқа не боп жүр екен гой деп, орындарынан бір-бір аунап түсетіндей. Егер мынау ұшан далада өз ұрпақтарынан ешкімді көрмесе, аруақ екеш аруақтар да: «Апырай, аз күн тіршілігімізде ел деп, жер деп шыбын жанымызды шүберекке түйіп, талай-талай тәуекелге бел буганымыз, ұрпақ татар ырзық пен ұрпақ көрер қызық үшін деп жарғақ құлағымыз жастыққа тимей күн-түні тыртаңдаганымыз құр бекер әурешілік болганы ма», — деп апшып қалатындай. Ақ тауды айырып, қара тауды қайырмағанмен, қой соңында кіш-кіштеп күн өткізсе де, ата мекенінде басы қарайып өз ұрпагы жүргенінен асқан не ғанибет бар дейсің?! Ендеше, мұның темір тықытып, қақпан қарап, азгантай жандықты қайырмалап, кіріп-шығатын бей-берекет қыбыр-қыбыры да мынау түк көрмегендей бедірейіп жатқан бейтарап кеңістіктің бетіндегі ең бір магыналы іс болғаны гой. Бабалардың арттағы ұрпаққа қалдырар ең үлкен мұрасы — тіршілік алдындағы адалдықтан асқан қандай ерлік керек! Ешкімнің ала жібін аттамай, өз ырзығын адал айырған күнделікті үйреншікті бейнетті күйбең тіршілік деп күпсіп сөйлейтініміз бекер екен де. Дүниенің берекесі әркімнің өз Отан, өз шаңырағы өз өлең төсегінде үбірлі-шүбірлі өз әулетінің қамын жеп, басқаның бағы мен ырзығына көз алартпай, өз мәпақасымен өзі боп, өз күйбеңімен өзі жүргенінде емес пе. Әр иенде әуелі өзінің қарақан басының қамын осылай адал күйіттемесе, мынау қара жердің бетінде ештеңе түтпсе еді. Арттағы ұрпаққа, ең болмаса, жарық дүниенің бас-аяғы сенің бір кішкентай ғұмырыңмен ғана тәмамдалатындай, қарап жүріп тынысың тарылып, пенделіктің буына піскенінде, сенен бұрын да талай екі аяқты өткенін, сенен кейін де талай екі аяқты сенің кебінді кигенін есіңе салып, ашқарақ нәпсіні қанағатқа, адасқақ көңілді тәубаға шақырар мола екеш мола да қалмас еді.

Шіркін, тек тышқан екеш тышқан да тірнектеп жинаған ырзығын төлімен бірге бөлісіп жатқанда адал терінді төгіп тапқан дәм-тұзының шетінен жырып беріп өсіріп, ертең қара жер бетіндегі өзің бітіре алмай бара жатқан көп күйбеңді аманат етіп артыңа тастап кетер перзент ермегені осы жүріс-тұрысының бәрін қара суға теріс аққандай түк мәнсіздендіріп жібереді екен.

Ол жер кепесіне еңсесі жығылып, бір түрлі құлазып оралар еді. Сосын тағы да біраз уақытқа дейін үйінен бір қадым аттап шықпай, бүк түсіп жатып алар еді. Ал қазір таңның атуы, күннің батуы таусылмайтын жыбыр-

жыбыр жүріс. Бұрын бір шыққан соң қашан күн кешкіргенше жоламай қоятын жер қазбасына енді қайта-қайта бас сұққысы келеді де тұрады. Бір келсе — кемпірі қазандықтың алдында шылапшынға қызыл шақаны тосып отырады; қайта оралып соқса — қызыл шақаны тыр жалаңаштап құйрық маймен сылап отырады, тағы бір бас сұқса — қызыл шақа тәмпіш мұрнын көкке беріп, пыс-пыс үйқы соғып жатқаны...

Бір күні қораның сыртынан аққала үйіп, үйге кірсе Зейнеп баланы алдына алып емізіп отыр. Маңдайынан пыш-пыш тер көрініпті. Тұмса босанған келіншектей дуқызарып, омырауын қалқалай берді.

Қызылшақа да қарақұлақтанып қалыпты. Бұған қарап қызыл иегін көрсетіп, ыржиып күлетін боптy.

— Тфу, атаңа нәлет жаман неме...

Аузын жаба қойды. Жас бала мен жас ботаға назар тоқтатпаушы еді. «Күміс соққан сүп-сүр немесің, сенің көзіңнің сұсы бар шығар», — дейтін Күдері. Сол есіне түсіп, дереу еңкейіп, кебеже астынан бірдеңе қарап кетті.

Сол жылғы қыстың қалай өткенін де аңдамапты. Бір күні жердің қарайып қалғанын көрді. Енді бірде ат көздей шықса — баурайларға тебіндеп көк бітіпті.

Кішкентай екі қолын ербеңдетіп төр алдында отырады да қояды. Сырттан бұл кіріп келгенде, капелімде көзі бұрыштанып кетеді. Сырт киімін, бөркін шешкенде барып таниды. Ыржың етіп, ернін бұлтитып, тоқтық тартады.

Ол бір құдайдың берген жылы болды. Қолындағы жеті саулықтың үшеуі егіз тапты. Өмірі еркек боталайтын інген қаңбақтай елпілдеген ұрғашы бота туды. Құм арасының бидайығы мен еркегінен ұсақ жандық көрінбейді. Тұмсығынды қайда тоссаң да — өң бойынды елтітер рахат ніс келеді. «Тәуба, тәуба! — дейді Тілеу.

— Бәрі де мынау жаман неменің ырысы ғой!»

Жаман неме мұны қапысыз танитын болды. Таң атпай жатып бесіктен шешіледі. Таң атпай жатып мұның қойнына салынады. Кіп-кішкене саусақтарымен сақалына жармасады. Бұл тамағына мұртын тигізіп қыдықтаса, сықылықтап күледі. Содан алдынан түспейді. Шаруасы болып, сыртқа шығып бара жатса, қоңқылдап жылап қалады. Содан ба, Тілеу бір жаққа барса, қашан үйіне жеткенше асығады.

Кірсе-шықса:

— Тфэ, тфэ! Тек аман болғай!— деп іштей тәуба қылады.

Шілде түсе күн қатты ысып кетті. Майса құмақ қоламтадай күйдіріп аяқ басқызбайды. Үй-іші құрым сасып тұр. Зейнеп бесіктің маңына қайта-қайта су шашады. Бірақ, э дегенше кеуіп қалады. Бір күні сәби қатты қызулап шықты. Өн бойы албырап, екі көзін аша алмады. Ана сүтінен ерте айрылып, емізік емген әлжуаз нәресте шілде түспей ауалап қалған түрі бар. Әзер-әзер естілетін ыңылдақ дыбыс сай-сүйегінді сырқыратады. Тілеу үйге сыйып отыра алмай, сенделіп кетті.

Үй сыртындағы шошаладағы көп қақпанды қанжығаға өңгеріп ауыл алдындағы ажырығы қалың қара қолатқа тартты. Қарақұйрықтардың суға келетін жолы мен талма түсте көленкелеп жататын қалқа-қалтарыстарына қақпан құрды. Ол жылы ақ да ыңып кеткен-ді. Тілеу қанжығасындағы қақпандарды түгел құрып біткенше, екі құртмүйіз текешік қанды ауызға ілігіп те үлгерді.

— Шүкір, шүкір! — деп қойды Тілеу, екеуін бұлқынтып тірілей бөктеріп жатып.

Түс қыңа үйіне жетті. Кішкентайды тыр жалаңаш шешіндірді. Тілеу төрт аяғын тас қып буған қарақұйрықты тас төбесіне көтеріп апарып, кеңірдектен орып кеп жіберді. Сау ете қалған бауыздау қан жас баланың төніне тигенде күйген бауырдай дірдектеп ұйып түсті. Сосын желіркемейтін қып қымтап орап, төр алдына жатқызды. Сол-ақ екен, ерні кезеріп жатқан кішкене сәби бұршақ-бұршақ терлесін-ай кеп. Тілеу жұдырықтай торсық шекеде шүпірлеп өз-өзінен өніп жатқан мөлт-мөлт мөлдір тамшыларға емірене қарап қояды. «Қозының қаны жас балаға ауырлау еді. Қарақұйрықтың жылы қаны тұла бойындағы қызғынды қазір-ақ сорып алады».

Екі текешікті енді жайғарып бола бергенде құдай айдап Күдері келе қалғаны. Амандық жоқ, саулық жоқ, бірден:

— Бұл шөп бітік. Алла қосса, колхоз екі жылдық пішенін бір-ақ жиып алады,— деп күпілдей кірді.

Таба толы қызыл шоқ пен дызылдаған қара шәйнекті орталарына ап, шайға отырысып еді, үй сыртынан тағы да дүсір шықты.

— Ау, хабарласқандай кім бар?

— Е, кім болсаң да, кіре бер!— деді аузы жылдам Күдері, үй өзгенікі екендігіне қарамастан.

Дүрс етіп әлдекім аттан түсті. Ши есік серпе ашылып,

жалбыр құлақ қара тазы салаң етіп кіріп келді. Сол бетімен төрге атылып, Күдерінің қасына жер бауырлап жата кетті. Мандайшаны нығымен іліп әкетердей боп еңгезердей біреу кірді.

— Ассалаумағалайкүм!

— Әлікісәләм! Сәлемші болсаң төрге шық.

Бейтаныс қонақ ішінен төмен отыра беріп, солқ еткізіп етігін шешті, зірк еткізіп босағаға тастай салды.

— Бәйбіше, әне бір ағарып жатқан изеннің күлі-ау. Бері әпкелші өзің,— деді тостағандай қып-қызыл көзін табадағы шоққа қадап. Іші бұлтиған көк қалта суырды. Алақанына темекі төкті. Оған шыны аяқтың түбіне салып ұсынылған изен күлін қосты. Үстіне бір түкіріп, нәп-нәп бас бармағымен алақанындағы насыбайды тысырлатып үге жөнелді.

— Иә, қайырлы қоныс болсын!—деп қояды арасында.

— Айтқаның келсін!

Зейнеп шай ұсынды. Қонақ денесі секілді төртбақ шомбал басын көтеріп, шарадай бетін екі самайдан төмен тұтаса орап жатқан тып-тығыз бұйра қылшықты опыра-жапыра бір сипап қойды.

— Бәйбіше, кідіре тұр. Жоқ қарап жүріп соққан қазақтың да екі шай, бір ет сыбағасы бар шығар. Маған қарамай іше беріңіздер, аман болса, өзімнің сыбағалы шайым да келер,—деп қолындағы насыбайды аузына бірақ ытқытты.

Зейнеп аң-таң. Тілеудің астыңғы ерні бір бүлк етті. Күдерінің қитықтанып қалған сыңайы бар.

Оған қарап жатқан күйек сақал жоқ, арқасын жүкке тіреп жайлана жайғасты. Иық тұсынан тілін салақтатқан қара тазының тұмсығын қағып әрі бұрды. Ит іргеге жата кетті. Тілеу мен Күдері шай сораптайды. Бейсауат қонақ аяғын қапталға созып, «иә, аллалап» есінеп қояды.

Жаратылыс мына мейманды жаратқанда я мынау Тілеуге ұқсап, іштей масаттанып, я мынау Күдеріге ұқсап қырыстанып отырған түрі бар. Не де болса, ол оңша қырнап, жонып, егеп, безеп әлек болмаған, олақ қатын иірген домалақтай домбалдай, доғалдай салған. Кеспектей-кеспектей екі аяғы жер-көкке сияр емес. Бүкіл оң жақты бір өзі толтырыпты. Денесі де сол қос кеспектің үстіне қонжита салған зілбатпан қанар сияқты. Ал, енді домбал денеге қондырылған домбал баста да дұрыстап мүсінделген ештеңе жоқ Ат шаптырым ай жазық мандайды киған жомарт табиғат мұрынға келгенде сарандығы ұстапты. Келте мұрынға тап анадай кең танаудың

керегі қанша еді! Танырайып қапты. Алақандай екі көзі өңменіңнен өтіп барады.

Үй-ішіндегілердің не ойлап отырғанында шаруасы шамалы, табалдырықтың алдына оқтын-оқтын түкіріп қояды.

Шыны-аяқты әуелі Тілеу төңкерді. Сосын біраздан соң барып Күдері төңкерді.

Қырыстанып отырған Күдері енді оспадарсыз мейманнан сөз тартқысы келді.

— Иә, қонағым, таныса отырайық, ныспың кім, қай ағайынсың?

— Жөнімді сұрамай, тегімді сұрап, құда түсейін деп пе ең?

— Айтпай-ақ қой таныдым. Адырандағаныңа қарағанда, адай екенсің.

— Дәл өзі.

— Ендеше, түйе жоғалтып жүрген шығарсың?

— Жоқ, Әлімнің құм арасында кесіртке санап отырған екі жаман шалына сәлем бере келдім.

Тілеу мырс етті. Күдері күреңітіп алды.

— Әлім, немене, жиенің бе еді, нағашың ба еді!

— Болса болар да қояр. Қалмақ пен түрікпеннің қызын артына өңгеріп жүрген біздің ауылдың шалдары іргесіндегі Әлімнің қызына қырындамады дейсің бе?

Енді Күдерінің де мұртына күлкі үйірілді.

— Біздің шалдар да ессесін жібермеген сияқты. Жарықтық біздің шешеміз де адайдың қызы еді.

— Тәйт әрі... Бізге біткен жиен сен секілді айран жалаған мысыққа ұсап жылмиып тұрмайды. Баяғыда екі теңіздің арасын ереуілдеткен Есет бар емес пе, біздің жиен, әне, сол.

Шынтақтап жатқан Күдерінің иығындағы шапаны төмен сусып кетті. Селк-селк күледі. Ал таңқы қонақтың былқ етер түрі жоқ.

Быжылдаған қара шәйнектен мұрнынды жарып әдемі хош иіс бұрқырайды.

Күдері қайта тұрды. Қайтадан дастарқан жасалды. Қонақ ыстық шыны аяқты үш саусағының ұшына қондырып ап ысылдап тартып отыр. Әуелі көзінің айналасы тершіді. Содан соң желкесіндегі құж-құж жылғалар дымдана бастады. Бір уақытта барып айтақыр маңдайда мөлт-мөлт шыға келген көп тамшы бір-біріне қосылып төмен шұбырды. Бөркінің ішінен салып алған көлдей орамалымен қайта-қайта сүртіне береді.

Жаңа ғана қанып алған Күдері қашанғы ішсін! Шыны-аягын төңкеріп, төрге шегініп, шапанын иығына

тартып, қайта қисайды. Әрі жатты, бері жатты, бір уақытта:

— Ау, нағашекс-ау, көпің кеуіп қалыпты ғой,— деді.

Таңқы танау қонақ үндемеді.

Күдері енді Тілеуге бұрылды.

— Апырай, бұлардың түйелері қанша су ішсе, өздері сонша шай ішеді деген сөз рас екен-ау.

Қонақ терін сүртіп жатып, бір мырс етті. Бүйірлі қара шәйнек сарқылғанда барып, алдындағы дастарқанның шетін қайырды. Қонышынан шақша суырды.

— Ау, алдыңа жайылған дастарқанға бағаң қайда? Баяғы Ізім шайырдың Қашағаменен айтысқанда: «қор болған адайларға есіл намаз» деп жүргені рас болмасын. Құдайдан бір күн бұрын туған біздің нағашыларымыз бата-сатаны нағылсын,— деп Күдері тағы қағытты.

— Шәйіңе бата жасатып, қазаның шағылып отыр ма? Қара қазанның буынан басқаға батамды тәрк етер жайым жоқ.

Тілеу көзінен жас аққанша күліп, селкілдеп жатқанда, қонақ тағы да бір алақан насыбайды тіліне басып үлгерді.

Күдері жамбастап жатқанды қойған. Кеңірдегі сорайып, қаққан қазықтай қадала қапты.

— Нағашы-еке, осы сіздерді қыздан туған деген не әңгіме? Таңқы танау қонақ көзінің қиығына қуақылық жүгіріп, шырт түкіріп қойды.

— Жалбыр балақ, саба құрсақ жаман қатыннан туғаннан құдай сақтасын. Тар құрсағын кеңітіп, тас емшегін жібітіп, қыздан тусақ, несі айып? Өздерің шығарған өсекке өздерің сенсеңдер, оң жақтағы апаларыңа не бола алмаған ата-бабаларыңа өкпелеңдер. Шаңырақ кенжеге қалатын үрдіс бойынша Бекарысқа, одан Байұлына, Байұлынан Адайға қалған алты алаштың шаңырағына сөз тигізсеңдер одан біздің неміз мұқайды,— деп алақанындағы насыбай күлін алашаның бір пұшпағына үйкеп қойды.

— Қой, нағашы-еке, саған дауа жоқ екен. Сені қағытам деп отырып, аруаққа тіл тигізіп алармыз. Әрі бармай-ақ қоялық.

— Қойсақ, қоялық...

— Жол жүріп келесің гой, тыныштық болады дей ме, не естігенің бар?

— Сендей қыршаңқылардың көзі құрымай тұрып, тыныштық болушы ма еді. Бір елде соғыс болып жатыр деді ғой балалар.

Тілеу селт етіп басын көтеріп алды. Құдері келелі әңгімеге енді жеткендей қомданып отырды.— Осы Чан-Кай-шиден хабар болмай кетті ғой?

— Шортуым біліп пе! — деді қонақ.— Анаңы ұстайтын қайсың едің?

Иегімен керегенің басындағы домбыраны меңзеді.

— Ойбай, нағашы еке-ау, қатыны-екеш қатынына дейін қолындағы оқтауын домбыра қып сабалайтын сіздің ауыл тұрғанда біздің қолымызға домбыра жарасар ма? Мә, сіз тартыңыз.

Құдері ұшып тұрып домбыраны әперді.

Жасалғалы қол тимеген қара домбыра құлағы босап, тиектен әлдеқашан ада болпты. Таңқы танау қонақ қамшысының қайың сабынан кесіп тиек жасады. Оң қолының сұқ саусағымен тыңқ-тыңқ шертіп құлағын күйге келтірді. Әрлі-берлі жүгіртіп пернелерді тексерді. Ауыздағы насыбайын тастады. Жеңін шынтағынан асырып шыршықтап түйіп алды. Аяғын жиып, малдас құрды. Қара домбыра еңгезердей қонақтың бауырына бір-ақ сүңгіп жоғалды. Қоңыр әуез сытыр-сытыр жауған күзгі жаңбырдай сүйек-сүйегіңді үңгіп барады. Қонақ қолындағы домбыраға да, қасындағы адамдарға да көз салған жоқ. Мойнын орағыта, төрдің алдындағы қара тазыға ежірейе қарады. Қара тазы күйге елтігендей қызыл тілін саландатып, көзін жұмып-жұмып қояды. Жыбырлақ Құдеріге де пәтуа біткен. Сөзден де, қимылдан да тыйылған. Тілеу, сірә, тым-тырыс қалды. Құндаққа еңкейген Зейнепте де, құндақтағы кішкентайда да үн жоқ. Мына бір әдемі сазға үн қосқысы келгендей сыртта құс шырылдайды.

Сүйекті үгіп бара жатқан майда саз басқа әуенге ауысты. Қонақ мойнын енді ол жаққа қарай бұрды. Жалба-жұлба қабағының астында бұғып жатқан ала көз ұясынан шыға ежірейіп барады. Қос ішекке төпелей тиген батпан саусақтар қара жер тітіретердей алапат үн тірілтті. Күйшінің шеке тамырының бәрі бадырайып ойнап шыға келген. Манадан бері бөксесін жерге қадап қойып қана отырған еді, енді тиектің дәл түбінен сонау құлаққа қарай қолын құлаштай жүгіртіп бара жатып оң жамбасына, содан қара шанаққа қарай қайтарып келе жатып сол жамбасына ауып-ауып түседі. Екі көзін алартып, мойынын ілгері салып, өңменденді-ай келіп. Әлгінде ғана Құдеріге тесірейіп отырған екі көз енді Тілеудің бет-аузын тінткілей жөнеледі. Сала құлаш мойны домбыраның үстіне түсіп кеткен. Өжектеген өткір күй безек

қағады. Екі жамбасына кезек құлап, екі қапталына кезек ежірейген күйші төрдегі орнына қайтып келді. Үй ішіндегілер арбалған торғайдай көз айыра алар емес.

Безілдек күй тепсініп-тепсініп барып басылды. Ақ тер, көк тер домбырашы маңдайын сүртті. Күйге ұйып қалған үшеу қапелімде тілге келе қоймады.

Біраздан соң барып Күдері сөйледі.

— Апырай, нағашы-еке-ай, қолыңыздағы найза емес, домбыра болғанына шүкір. Әйтпесе, әлгі ежірейген кезіңізде зәремнің зәр түбіне кеткені,— деді.

Домбырашы бір осқырынып, шақшасын алды.

Сол екі ортада қазан да түсірілді. Үйді былбыран піскен жас еттің нәсі жайлады.

Еттен соң тағы да шәй ішілді. Сол шәйден соң барып, енгезердей қонақ жоқ қаран жүргені есіне түсті білем:

— Олай-бұлай жүргендерінде бөтен түйе көздеріңе түспеді ме? Қызыл мая. Түс аруана емес, шатыс. Мойнында байланған кәрі жіліғі бар. Тілік танау. Атты адам көрсе, едірейіп айбат шегеді,— деді.

— Қашан жоғалып еді?

— Былтыр күзде.

— Ендеше, ол әлі күнге бұл құмда қайдан жүрсің. Әлдеқашан бұйрығынды қатқылға шығып кетті ғой. Атыңды енді бір күн терлетсең Ұлы Құмның терістігіндегі Жыланды таудың ащы бұлақтарынан тауып қайтасың-ау!

Күдері жол сұрасаң, жоқ сұрасаң көзі жайнап қоя береді. Жасында талай-талай қала шыққан. Колхоз жаңа ұйымдасқан кезде азғантай атқа мінгені де бар. Осы кезге дейін шалғайдан қора салдыратын, құдық қаздыратын шаруа шықса, оған да тізгін тиіп қалады. Қандай тас қараңғы түнде де апарам деген жеріне адастырмай апарады.. Желге қарайды, жұлдызға қарайды, шөптің исіне қарайды, тіпті жата қап топыраққа тілін тигізіп көреді — әйтеуір табады.

Сонау өзен бойындағы колхоз Ұлы Құмның қиян түбіндегі осы шабындыққа Тілеуді қалдырды да, құм мен қатқылдың арасындағы азғантай базаға Күдеріні қожа етті. Күдекеңнің осы пен құмның несі бір өзі секілденіп күдірейіп жүретіні де сондықтан. Баздың төңірегінен бейсаубат машина көрсе, артынан шауып, кузовында не бар екенін тексеріп алмай жібермейді. Алда-жалда бір құшақ пішен табылса — қызыл шатақ басталды дей беріңіз. Ондай қуысты шоферлер ападайдан далақтап шауып келе жатқан Күдеріні көрсе болды, тоқтай қала-

ды. Қабинасынан секіріп түсіп, алдынан шығады. Өп-өтірік адасқансып жөн сұрайды. Әлгінде ғана құртып жіберетіндей боп, еміне шауып келе жатқан өндіршегі сорайған ұзын шал аяқ астынан ашуы тарқап, ер үстінде түзеліп отырады. Төбеңе ойнатқалы тұрған бес өрме қамшысын уысына жинып, жыңғыл сабымен көкжиекті нұсқайды.

— Анау қара дөңге көтерілгесін сағым шалып бір көне оба қарауытар. Соған жете бере жол екі айырылады. Оң қолыңа бұрыл. Біраз жүрген соң көп адыраспан жолығады. Одан өте бере, жолдан шық. Күннің көзі сол жақ құлағыңа арттан түсетіндей қып тарт та отыр. Қашан машинаңның көлеңкесі ұзын сырық боп алдыңа тіке түскенше зулай бер. Көлеңкең қалай алдыңа түсті, солай солға бұрыл. Көлеңкеңді қапталыңа салып жарты сағат жүрсең, сұраған құдығыңның төбесінен түсесің. Түсіндің ғой?

— Түсіндім, көке. Рахмет!

— Түсінсең, әне солай.

— Сау тұрыңыз.

— Жолың болсын. Әй, тоқта. Темекің бар ма?

— Алыңыз.

— Ау, мынауың әлгі ақ құйрық бапырас қой. Көп жаса, айналайын.

Ол сигарет суырып, мұрнына апарып иіскеп, сыртындағы тасқа басқан жазуды баяғыда «ликбезде» шырамытқан төрт-бес латын әрпіне маңайлата алмай, шырны сұрайын деп басын көтергенде, машинаның анадай жерге ұзап кеткенін көреді.

— Қап, әлгі сығырдың не алып бара жатқанын қарамағанымды қарашы,— деп санын бір-ақ соғады. Сосын қорапты қалтасына салып, қолындағы жалғыз тал сигаретті құлағына қыстырып, түкпіп үйіне қайтады.

Сүйткен, шалдарды көрсе шақпасына жармасып, жастарды көрсе шылымына ортақтасып, кеңсеге барса шікірейіп қалпақ киіп, садақада басына орамал байлап, тақуа болып қырық құбылатын ку аяқ неме енді, міне, жоқ қараған қонақтан бір уыс бұйра насыбай олжалап, жөн сілтеп кемеңгерсіп отыр.

Тілеу осыны көрсе күлкісі келеді де тұрады. Қазір де сый қонақтан иба етіп, мырс ете түспей, шыдап бақты.

— Ол түйең табылады дей бер. Дәл қазір бұл Ұлы Құмда аяғы бар түйе түгілі түсіп қалған тұсауына қол тигізетін ешкім жоқ.

Еңгезердей қонақ Күдеріге қарап мұрты жыбырлап отырды да, кілт Тілеуге бұрылды.

— Мына домбыраңды кімге жасаттың?

Тілеу аузын ашқанша, Күдері айтып та үлгерді.

— Ойбау-ау, бұл кімге жасатушы еді, өзі-дағы. Өліге жан бітіруден басқаның бәрі өз қолынан келеді.

— Ендеше, тіптен дұрыс. А, құда, осы қу шанағыңды маған қи. Әлімнің ауылынан ала қайтқан қол үздігім болсын. Үйіңнің маңының құмалағы сирек екен. Әлгі жоғалып жүрген жайрағырды сағаң қидым. О баста да осы жақтан келген мал еді. Жерсінбей қойды. Мына күлте сақал табам деп отыр ғой. Тауып әкеп сенің белдеуіңе байласын..

Тілеу мен Күдері күлді. Еңгезердей қонақ орнынан тұрды. Қолындағы домбыраны ұстай тұрды. Делең бешпетін шешіп, сықитып орап алды. Зейнеп алдарына түсіп есікті көтерді. Екі еркек те ере шықты.

Белдеудегі ала сирақ бәйге күрең несі үстіне қонғанда белі майысып, анадай жерге ықтып кетті. Қонақ апылқұпыл қош айтысып, құнбатысты бетке ұстап, шаба жөнелді. Екі тізесі ат тірсегін қағып барады. Соңынан тілі салақтап салпақ құлақ қара тазы шауып барады. Сол бір саландаған қос көленке көкжиектегі көк мұнарға сіңіп жоғалғанша бұлар үй сыртында тұрды да қойды. Көкжиекте сұйқылт сағымнан басқа ештеңе қалмаған соң барып, үйге кірді. Күдері төрге қайта шықты. Оның оң жағына Тілеу тізе бүкті.

— Ал, балаңа ат қойдың ба?— деді Күдері.

— Жоқ.

Күдері кеңк-кеңк күлді.

— Осы кезге дейін не деп келдіңдер?

— Сол жаман немені не дейтін ек, жаман неме дей саламыз.

— Жаман немесі несі, атын Жақсылық қою керек.

— Апыр-ай, біздің тұқымда ондай ат болмаушы еді. Артымызда тұяқ болып қала ма деп отырмыз. Осы күшіктің аты Тұяқ болса қайтеді.

Күдерінің әлгінде ғана желп етіп жоғары көтерілген жалбыр қабағы қайта жадырап сала берді. Төр алдында бұршақтай терлеп жатқан бөбекті орауымен алып, оң құлағына аузын апарды.

— Әй, күшік, сенің атың Тұяқ! Естисің бе-ей? Тұяқ! Тұяқ! Тұяқ!

Артынан ағарған ауыз тиіп бата қылды.

— Енді бір бес-он күнде ішпеншілер де құлап қалар,—деп терістікке шоқыта жөнелді.

III

Шіркін, со бір жылғы жаз-ай. Әншейінде жанарыңның бар жылтын жалмап жұтып ап, бүлк етпей бедірейіп жататын да қоятын құба сұр алқап май туа шалқар көлдей шалқыды да кетті. Қақалып қалың біткен бидайық пен көк еркек көл бетіндегі бұйра толқындай ертелікеш дөңбекшіді де жатады.

Сол бір қырық аунақшып тағатынан айрылған мазасыз дүниенің көптен сарыла күткен аяулы аңсарындай боп алыс көкжиекте үздік-создық көш қарайған көрінді. Маң-маң басып жақындап келеді. Асықпай аяңдайтын ұзын тізбек көш екен. Ал қасындағы ірметілген қалың дүрмек түйеге сүйреткен шөп машиналары мен тырмалары боп шықты. Олар шабындықтың шетіне жете беріп кілт кідірді. Көліктерін ағыта бастады. Көш қызыл шағылдарды жамбастай жығылған құмақ қара жалға көтеріліп барып тоқтады.

Ұзын сирақ нарлар мен алмас өркеш атандар арқалары босап, булары бұрқырап, тіс тимеген ту шалғынға енді тиісе бергенде теңкиіп-теңкиіп жатқан көп қарайғандардың тасасынан қып-қызыл керегелер бой көтерді. Қолдары шошаңдап ерсілі-қарсылы елбең-елбең жүгіріп жүрген көп әйел қоңыр жалдың басына кесте төгіп жатқандай. Самсап-самсап шаңырақ көтерілді. Андап-андап уық шаншылды. Күлтеленіп баулар тартылды. Уыздай боп киіз жабылды. Әлгінде ғана сағым шалып тұрған тұлдыр кеңістік ақ жұмыртқа ауылға айналды.

Қара борбай балалар көштен түсе қап шағылдарға қарай шапқылай жөнелді. Жарысып жуа тереді, қоян тобық пен көсік қазады. Шөп түбінен шұбар ала жұмыртқаларға толы ұя тауып, енесіне жылқының құйрық қылынан тұзақ құрады.

Үй тігіліп бола ықтарына бір-бір дорба салған бой жеткендер тезек теруге шығады. Төрт-бес қарулы жігіт оншақты түйеге ауылдың бар ыдысын теңдеп, ауыз суға аттанады. Үй-үйдің алдынан жер ошақ қазылып, бұралаңдап түтін ұшады. Ыдысы ұмыт қалған бір қатын бажылдап сушылардың артынан жүгіріп барады.

Жал басында әйелдер шаң-шұң, құм бойында — балалар ду-ду. Сол бір тосын дыбыстардан елсіз өлкенің

азғантай тіршілігі дүр түрегелген. Үйір-үйір қара құйрық анадай-анадайда аңтарыла қарап қапты. Түз құстары топтарын жазбай көк аспанда ойқастай шырылдап жүр. Індерінен жүгіре шыққан тышқандар жаңа қонып жатқан ауыл жаққа алдыңғы екі аяғын бірдей көтеріп масаттана шықылықтайды.

Жалғыз жайылып қалған шабдар да бүгін үсті-үстіне өскырына береді. Тілеу шыдап отыра алмай пішеншілерге сәлемдесіп қайтуға атқа қонды.

Ымырт түсе жал басында моншақтай тізіліп от маздады. Ертеңіне сары ала таңнан бүкіл алқап дуылдап қоя берді. Түйенің бақырғанын, шөп сыртылын, жабырлай сөйлескен көп адамның даусын баса көктей шыққан орақ зырылы қыс бойы мұлгіп жатқан жым-жырт өлкенің құлақ құрышын қандырардай. Сарт-сұрт туралып түсіп жатқан көк шалғыннан өн бойыңды балбыратқан дәмі жұпар ніс аңқиды. Сәңкиіп маялар тұра бастады. Шана-шана көк шөп ерсілі-қарсылы жосып жүр. Шөп машинасындағы бозбала жігіттер білектері жарқырап айыр көтерген қыздарға тістері ақсиып бірдеңе деп айқайлап қояды.

Қайда көз салсаң да абыр-сабыр қимыл. Қайда құлақ тіксең де жабыр-жұбыр үн. Шіркін, аспан астындағы дүшенің сәні мен мәні мынау қыбыр-қыбыр қимылы таусылмайтын жұмыр басты пенделер екен ғой. Кеше ғана мелмиіп жатқан меңіреу дала, енді, міне, әндетіп қоя берді. Тіпті шалғыға ілігіп, морт-морт түскен көк балаусаның өзі осы екі аяқтылардың аяғын құшқандарына әбден мәз болып, сықылықтап күліп құлап жатқандай. Мұндайда кісі қайраттанып кетеді екен. Күні-түні темір тықытатын Тілеу шаршауды білсейші. Құмақ жерде орақ қандай қырағыш. Сонда да мыңқ етпейді. Ертеден қара кешке қолынан балға түспейді. Төсегіне сүре жығылады. Құлағын кесіп алсаң да оянбастай боп қатып ұйықтайды. Түс көреді. Түсінде баяғысындай қобдиын шашып ойнап отырған көп баланы көреді. Кейде олар зіңгіттей-зіңгіттей жігіт болып, әр қайсысы бір-бір шөп машинасына отырып ұлан-асыр шабындықта қаздай тізіліп қаз-қатар жарысып бара жатады. Оянса — бауырында Тұяғы, шалқасынан түсіп ұйқы соғып жатады.

Тағы да қарбалас. Тағы да шаруасы шаш етектен. Сонда да Тілеу қабақ шытпайды.

Жал басындағы көп ауыл мен шұқыр ойдағы жалғыз үйдің арасы айдай жол болып қалады. Пішенші ауыл-

дың әйелдері қос уыс қанты мен бір түрген шайын қолтықтарына қысып кеп, Зейнепке киім піштіреді, іс тіктіреді. Зейнеп шалының қақпанына түскен қара құйрықтың етін қызыл қуырдақ қып, шай қайнатып, киіз бастырады, арқан шираттырады, ертең жалғыз ілікті боп қалғанда, қайраты таусылып, қаран боп отырып қалар бар шаруасын бітіріп алады.

Сөйткен дәурен де екі-үш ай ғана. Әуелі айдаладағы жалғыз үйдің көңілін құлазытып пішенші ауыл көшіп кетеді. Сосын шабындық орнындағы мая-мая шөп қыстақтарға тасылып әкетіледі. Шұқыр ойдағы жарбиған қара құрым үй айналаға жаутандай қарап тағы да жалғыз қалады. Тағы да жаздың шыққанын, пішеншілердің келгенін асыға тосады. Олар үшін пішеншілердің көшіп келгені мен кеткенінен басқа оқиға да жоқ. Олар үшін мынау өтіп болмайтын мандымас уақыттың бар өлшемі сол ғана. Ең азы кішкентай Тұяқтың жасын да ол туғалы қанша рет пішен шабылғанына қарап есептейді.

Бұл тарапқа пішеншілер әр келген сайын Тұяқ та өсе түсті. Былтыр жөргекте жатқан Тұяқ пішеншілер енді бір айналып келгенде жүріп жүр. Былтыр есіктен төрге қырық құлап зорға жететін Тұяқ биыл әкесіне еріп пішенші ауылға қыдырып келуге жарапты. Былтыр алдына алып отырғанда басы бұлғандап ит-зыкыңды шығаратын Тұяқ биыл атына мінгіз деп тап-тап береді. Былтыр жуас тұғырға ердің қасынан ұстап отыратын Тұяқ биыл жалқұйрығын күлтелендіріп тайға мініп алыпты. Кішкентай бас ері, әлекей-күлекей ат-тұрманы біреудің көзінің ағы мен қарасы екені айтпай-ақ танытып тұр.

Тұяқтың бар ырымы пішеншілер барда жасалады. Бір алпауыз әйел тұсауын кесіп, Зейнептің қос тақта алқасын қағып алды.Мектепке баратын тойының қызығын да пішеншілер көрді. Мектеп бітіргендегі тойы да соларға бұйырды.

Тілеу баласын қатарынан қалмасын деп, бір сиырын сатып қаржы қып, Алматыға аттандырды. Ай жарымнан соң баласы екі көзі білеудей боп жылап-жылап ауылға қайтып келді. Оқуға түсе алмапты. «Ештеңе етпес. Биыл түспесең, ендігі жылы түсерсің»,— деп Тілеу тағы бір марқаның басын қырықты. Баласының алыс жолдан аман-есен оралғанына берген құдайысы еді. Келесі жылы май өте Тұяқ астанадан сатып әкелген чемоданын қолына ұстап тағы аттанды. Бір айдан соң сепаң етіп

тағы кіріп келді. Самай түгінің шықшытына, желке түгінің жауырынына түсіп кеткені болмаса былтырғыдан өзге хабары жоқ. Тілеу түні бойы көз ілмей шықты. Апырай, бұл тұқымнан да біреу қара таныды ма деп еді. Құдай ол тілегін де қабыл көрмегені ғой. Әрі аунақшыды, бері аунақшыды. Көз алдына баласының жалбыраған шашы, саландаған балағы елестеді. Қалада енді бір ай кідіргенде, о шіркін қора шетіндегі қарақшының өзі бой келеді екен. Қайта, қалып қоймай, айналып-үйіріліп үйіріп тапқанына шүкір. «Жарайды, жер басып тірі жүрсе болды»,— деп тақ алдында зорға кірпігі айқасты. Тәубашыл шалдың қара пышағы ертеңіне тағы бір тоқтының тамағына жармасты.

Тұяқ жүртпен бірге пішен тасысты. Қысқа салым аудан орталығына шоферлық оқуға кетті. Келесі көктемде алақандай қатырма қағазды қалтасына басып ауылға оралды. Колхоз машина тауып бере алмады. Жазда жүртпен бірге пішен шабысты. Олар кеткен соң қолды-аяққа тұрмады. Қақпан құрады. Аң қарайды. Айдалада бірдеңе іздеп, қаңбақтай жүйткіп жүрген экспедицияға барып сөйлеседі. Сөйтіп жүргенде военком шақырды. Екі жылға әскерге алынды. Екі жыл бойы сарыла күткенге шыдамады ма, жоқ батпандап жабысқан індетті баласы ер жетіп, қолы босаған соң барып аңдады ма, көптен бері көкірегін сүйретіп, сырылдап жүрген Зейнеп, Тұяқ ауыл орталығына келіпті деген хабарды естіген күні таңнан шықпады. Әйтеуір байғұстың иманы бар екен. Айдалада жалғыз үй отырғанда қайтса қайтер еді. Іргеге пішенші ауыл көшіп келген соң барып көз жұмды. Әлпештеп баққан баласынан бір уыс топырақ бұйырды. Тілеудің ендігі уайымы баласы. Шешесі барда да аяқтана алмай қалды. Жетім шал мен жетім балаға кім қыз береді дейсің. Соны Құдеріге айтып еді. «Пәтшу!» — деп қолындағы жыңғыл сап қамшымен жерді бір-ақ тартып орнынан тұрып кетті. Арада ай өтпей жатып далақтап қайтып шауып келді. Екі шініне дем алып ентіге сөйледі. Сөйтсе, шөп қорып жүріп көшіп бара жатқан бөтен ауылға жолығыпты. Шабындықты таптайсыңдар, тез ірге көтеріңдер деп шаптығып барса, баягы домбыра алып кететін күйек сақал дейді. Көзі қантала алған бұған қитықтанып сөйлеспей біраз отырыпты. Сосын бірін-бірі қағытып біраз тәжікелесіпті. Ақыр-аяғында амандық-саулық сұрасыпты. Бұны ұмытпапты. Кемпірі өлді дегенде, қатты күйзеліп қапты.

Құдері сол күні қонып, ертеңіне шай құйып беріп

отырған бой жетіп қалған қыз баласына құда түсіп аттаныпты.

Зейнептің жылын бере сала той өтті. Әкесіне тартқан әупірім біреу бой шыға ма деп еді, келіні әдепті бала екен. Алдынан көлденең өтпейді. «Атекелеп» елпілдейді де тұрады. Киімі қақырадай бой жуулы. Дәрет құманына жылы су құюлы.

Айдаладағы жалғыз үйде сол келіні екеуі ғана. Ал, Тұяқ болса, тойдан қалған азғантай қаражатқа қаладан сатып әкелген мотоциклінде мініп ап, таң атса болды бір жаққа тайып бара жатады. Күн кешкіре күн астынан шаң ертіп құйындатып қайтып келе жатады. Үйде болған кезінде де бұл екеуімен сөйлеспейді, әлгі дарылдағының асты-үстін шұқылайды да жүреді. Кейде тіпті күн асып, көрінбей қояды. Кен қаран жүрген дей ме, су қарап жүрген дей ме, пиженерлер қосына қонып қалады. Ондайда әйтеуір бір киімі өзгеріп келеді. Бірде тізеден төмен тырдай жалаңаш, көстеңдеп табалдырықтай аттай бергені.

Көп сөйлемейтін Тілеу:

— Апырай, қонған ауылының ит қандай қабаған еді,— деп бір мырс етті.

— Балағын ит жыртқан жоқ. Өзі осындай киім. Шорт дейді. Жазда киюге жақсы көрінеді.

— Бопты ендеше.

Келіні күліп жіберіп еді, Тұяқ алая қарады.

Тағы бірде Тұяқ Күдері отырғанда мойнына бір жалтырақ қара қобди асып оралғаны. Есіктен қалай аттады, солай жеркөктің барша дуылдақ-шуылдағы даңғыра қағып қоя бергені. Желідегі бота ноқтасын үзіп қашып кетті. Іргеде көлеңкелеп жатқан қозы-лақ дүркірей түрегелді.

— Астапыралла, мынауың не?— деп үрейленді Күдері.

Тұяқ күліп жіберді. Мойнындағы қара жәшіктің бірдеңесін сырт еткізіп басып қап еді, әлгі аламан-асыр пышақ кескендей жым болды. Шөлмектей мөп-мөлдір қабының арғы жағында бір қызыл қоңыр дөңгелек үнтүнсіз шыр айналып жатты.

Күдері Әнес сақабадан — Алаш, Алаштан— Жайылқан мен Сейілхан, одан — Қазақ пен Созақ, Қазақтан — Ақарыс, Жапарыс, Бекарыс қалай тарағанын айтып отыр еді. Әлгі ұлаған-шұлаған даңғаза басылғасын әңгімесін қайта жалғады. Мігірсіз айналып жатқан қызыл күрең дөңгелектен басқаның бәрі тыныш қапты. Мынау

жым-жырт тыныштыққа масаттанғандай Құдері омырауын желпіп-желпіп қойып, саңқылдай түсті. Қенет мұрны жыбырлап кеткен соң, шақшасының тығынын ағытып, алақанына насыбай салып жатыр еді, жылтырақ қара қобдидың қазақша самбырлап қоя бергені: Бекарыстан — Алау, Алаудан — Алшын, Алшыннан — Нәдіркожа, Қыдырқожа, Сәдіркожа, Нәдіркожадан — Қаракесек, одан Әлім, Шөмекей туады...

Құдері қапелімде сасып қалды . Мына бір дауыс өтемөте таныс дауыс. Бірақ, өзі де бір жәрмес неме болмаса етті. Баяғыда шалдардың бәрінің кіндігін өзі кесіп, бесіккө өзі салғандай қоқиланып жатқызып—өргізіп отыр. Аяғы жететін жерде шежірені бұдан мықты білетін әлгі ымек мұрын салық агент қана. Етке малды мезгілінде тапсырмасаң, тұқым-теберіңде кімдер сараң болғанын көзінен тізіп, бетіңе салық қылады. Біреу жаңадан ферма бастығы боп тағайындалса, жеті-бабасында, нағашы жұртында атқа мінгендерді түгел санап шығады. «Баяғы ноленшекемнен кейінгі қолы билікке жетіп отырған осы екен»,— деп компаңдайды. Бірақ, оның дауысы мынандай емес, шіңкілдектеу еді. Ал, мынау өжеңдеген біреу. Шамасы, Алматыда тұратындардың сойы. Ана жолы оқуға барып қайтқан немересі қаланың шалдары көк базарға жиылып, қымыз ішіп, шежіре айтып, шариғатқа таласады екен деп келген-ді. Солардың біреуі емес демейсің бе. Қанша дегенмен, астанада тұрады, қолдары ұзын ғой, радиодан қайдағы-жайдағыны айтып көйітуін қарашы. Бұл ауылдан радиодан былтыр Тасқараның Төкені ғана сөйлеген. Бірақ, былжырақтап зорға сөйлеген. Ауылға келгесін: «Сонша неге үсті-үстіне тұттыға бердің!» — дегендерге: «Радионың пысы басып кетті»,— деп еді. Мына сабаз радионың пысы болмақ түгілі, аяқ-қолыңнан алып домалатып тастайтын аруағы болса да, пысқыратын түрі көрінбейді. Әзір әңгімесінің ұлы жобасы дұрыс. Бірақ Құдері қаланың тал көленкелеген қара шекпен шалы қанша біледі дейсің, бір жерден аяғынан адырар деп бір көзін қыса түсіп, басын жылтырақ қара қобдиға қарай әнтек қисайтып қадалып тыңдап отыр... Е, бәсе, айтпады ма...

«Әлімнен Аманақ, Жаманақ, Қараманақ, Айнақ туған...»

— Оттапсың,— деді Құдері көзі бажбаң етіп.— Төртеу емес бесеу туған. Тоқалынан туған Тұменді қайда қоясың. Тұменнен Байсары мен Қішкене тумай ма?! Содан алты ата Әлім атанбай ма...

«Қаланың қақбасын» жаңылдырғанына мәз болған Күдері манадан бері алақанында жатқан қара бұйра насыбайды тілінің астына бір-ақ құйды.

Тұяқ күліп жіберді.

— Күдеке, бұл сөйлеп отырған өзіңіз ғой.

Екі шалдың да көздері атыздай болды.

— Тұяқжан, қайдағы бір қаңғыбастарға ерем деп әдептен айырылып барасың білем. Кісі деген әкеңдей кісімен қалжыңдаспас болар.

Күдері сөзін аяқтап бола бергенде, ішінде қызыл доңғалақ зыр-зыр айналып жатқан қара жәшік:

— Оттапсың,— деді жұлып алғандай қып.

Екі шал жағаларын ұстады.

Тұяқтың шығармайтыны жоқ.

Бір күні басына шаңырақтай қып делдиме қалпақ киіп келгені. О күні де үйде Күдері отыр еді. Тұяққа табалдырықтан аттамай жатып жабыса кетті.

— Бала, мына қалпағың түйе қарағанда киюге жақсы екен. Көлеңкесі мол. Көзіңе күн түспейді. Осыныңды қисаң қайтеді...

Енді Тұяқ көп баратын инженерлердің қасына о да барғыштайтынды шығарды. Әр барған сайын бір күн жыр қылып айтатын әңгіме әкеледі. Бастықтары бір қасқабас нән орыс дейді. Қаба сақалының өзі қыл болмай жүн болғанда бір атқа тоқым молынан шығатын екен дейді. Жарықтықтың екі нығына екі жігіт мінгендей дейді. Аузынан шылым түспейді, жұдырық сиятындай кең танауы қыстығүні сылама қазандықтың мұржасындай будақтайды да тұрады дейді. Ішінде бота болмағанмен құлын шауып өте беретіндей дәу-дәу шойын құбыр тартып келеді дейді. Машина деп әне солардыкін айт, біздің колхоз торы газиктер олардың қасында ескектің күресіндей жермен-жексен боп қалады дейді.

Тұяқ ақыры со... ға кетіп тынды. Бір күні баласы екпіні тау жыққандай ...қаска машина мініп келді. Әлгі суылдақ айтса айтқандай ...ен. Жарықтық төрт-бес кіиз үйді қабат жүктесең де мы... ...майтын. Тілеу сақалының ұшын ұстап, басын шайқап қала ...ді. Баласы ауыл маңында шаң қонбай тың тұрған көкмайсаны жапыра жайпап кете барды.

Енді Тұяқ айда-аптада бір соғып тұрады. Тілеу жатса-тұрса: «Жаман неме қайда жүрсе де пәле-бәтерден, қауып-қатерден аман жүргей»,— деп тілеп отырады. Ал келіні алыстан машина гүрілі естілсе, үйге бір кіріп, бір шығып тызаңдайды да жүреді.

Бір күні түс қайта тап ауылдың нек тұсынан бірдеңе тарылдап ала жөнелді. Әлгі дыбыс бірте-бірте күшейіп барады. «Тұяқжанға тағы да бір жаңа машина берген-ау»,— деп, сыртқа шыға келіп еді. Әлгі дауыс әуеден шығатын сияқты. Көзін алақанымен қалқалап аспанға қарады. Қанаты бұлғаңдаған бірдеңе дәл бұның үйінің төбесінде шыр айналып жүр. Бар үзік, туырлық тулап қоя берді. Түндік бір жаққа ұшып кетті.

Тілеу «астапыраллалап» жағасын ұстап аңтарылып тұр. Әлгі тырылдақ неме құдды арбалған торғайдай шырқ айналып шығар емес. Кенет есіктің алдындағы үюлі күлді бұрқырата аспанға көтеріп, дәл жер ошақтың қасына кеп қонды. Тілеуде зәре жоқ. Әлгі тырылдақтың бір бүйірі үңірейіп тесілді де — әр жағынан біреу көріп-ді. Суаяқ Күдері. Баспалдақтан түсіп келе жатып кеңкеңк күліп қояды өзі.

— Қалай екен? Сынық шөңге жолатпайтын тірақ неме, күліңді төріңе шаштым ба, болем?

Тілеу өз көзіне өзі сенбей бақырайып қалыпты. Күдері қасына кеп арқасынан қақты. Түйе қаран жүрмін дейді. Мына тырылдақты әлгі тамыр орысынан сұрап алыпты. Үйге кіріп, бір зерең шұбатты қағып сап, караша үйдің бар киізін түгел тұлатып қайта ұшып кетті.

Мынау құмақ бүйраттардың үстінде мың жылдар бойы туырылып тұрған бұйығы тыныштықты дал-дұл жыртып бара жатқан тосын дауыс құлағында әлі тұр. Санасы сонау көзден бір ұшып жоғалған жұмбақ машинаға таңғалып тұрса да, үйреніп қалған ауыз шіркін:

— Бұл суаяқты қойсайшы, жүрмейтін жері жоқ-ау!— деп күбірлейді.

Содан былай Тілеудің көңіліне бір алаң кірді. Бұрын таң намазын оқи сала іс қылатыны бар еді. Ол күні қобдиына тиген жоқ. Атын ерттеп, ауылдың алдына қарай шоқыта жөнелді. Бабалар зиратына барып, қаз-қатар жатқан көп төмпешіктің күн батыс бетіндегі Өтеу атасынан бастап, бас-басына құран оқыды. Атының шылбырын қарына іліп ана төмпешіктің де, мына төмпешіктің де қасына барып, жер тізерлеп, алақанын жайып, бетін бір сипап қайта тұрады. Ең соңында кішкене зираттың күн шығыс шетіндегі Зейнеп қабіріне келді. Тірісінде аяғының ұшымен басып, кірген-шыққаны білінбейтін елеусіз әйел жер астына түскен соң зорайып кеткендей. Әлі топырағы отыра қоймаған жаңа қабір жермен-жексен шөгіп кеткен ескі қабірлердің қасында ала бөтен дөңкиіп көрінеді. Тілеу тілерсегі жайылып бара жатқандай, тізе-

сі дірілдеп қоя берді. Жалп етіп отыра кетті. Білген аятын айтып, бетін жаңбыр шылап, кеуделеп кеуіп қалған кебір топырақты қамшының сабымен қопсытып, бір шеңгел топырақ алып қосты. Сосын қарсы алдында ұзынынан ұзын сұлап жатқан қызыл төмпектің бас-аяғын түгел шолып шықты. Оның тұла бойында тірі Зейнепті еске салатындай ештеңе жоқ. Бұл табалдырықтан аттағанда-ақ көсілген аяғын жиып ала қоятын Зейнеп қасына келгенде дәл бұлай тырп етпей жатып алар ма еді...

Тілеудің тамағы құрғап барады. Шыңғыт тұсы әлдеңеге жыбырлап қоя берді. Бетіне бір күн жел боп келмеген ақ некелі қосағын бауыры суық қара жер бедірейген өзіне ұқсатып безертіп тастапты. Бұл үшін қиналмайтындай, бұны қимайтын ештеңесі жоқтай, мынау қара сұр төмпектің, ең болмаса, бармақ басындай бір кесегі қылп етіп қозғалмады.

Қолындағы қамшысының сабын қанығезер қара жерге нұқи шаншып, шайқалақтап әзер тұрды. Батпың бар ізі сайрап қалған әлгі отырған орнына көзі түсіп кетіп еді, жүрегінің басы бұлк ете түсті. Бұйырса, ертең өзі дәл осы араға жатады ғой. Қария он қолының сақалына қалай барып қалғанын білмей қалды. Қайта үңілді. Екі тізесі батпақтап болдыртып жығылған түйенің шөккен жеріндей кебір топыраққа шаншыла кіріпті. Бір қапталы қара жусан өскен қатқылдық. Мұның не ойлап тұрғанын сезіп қалғандай, күндердің күнінде темір күрегін өткір жүзі қырш-қырш кнып түсетін сабалақ бас қара жусандар дірдектеп қоя беріпті.

Тілеудің мығына, неге екені белгісіз жымысқы күлкі ілікті. Иә, дәл осы араға мынау Зейнепке ұқсап нардай сұлап бұ да жатады. Мынау қазір аяғымен басып тұрған кебір топырақ бетін жабады. Бұрын алты қырдың астындағы аждаһадай атағының өзімен-ақ алыстан жүрегінді қалтыратқан ажал шіркін мысық табандап тіптен тақап қалған екен. Жататын жері, жамылатын топырағына дейін белгілі. Ақиреттік пендең ажалды естен шығаруға бола ма! Тұяқты тілі шыға-ақ артына міңгестіріп, осында әкелген. Жеті атасын түгел жаттатып, қайсысының қай төмпектің астында жатқанына дейін айтып берген. Құдай дегеніне жеткізсе, өзінің де осы арадан топырақ дәмететінін айтқан. Сонда басыма кеп, дұға оқыңжүр,— деп аят үйреткен. Темір-терсектің жөн-жосығын жаттаймын деп, ұмытып қалмаса, жадында бар шығар. Кешке төсекке жатарда да, әлденеше қайталатын айтқызушы еді. Көкілі жалбыраған тілі тастай қара бала

қақ төрде шәйі көрпенің үстінде шарта жүгініп отырып ап, қабақты тарс түйіп, алақанын алдына жайып, тақылдатып айтып беретін. Сонда қаршадай бала айтқан түсініксіз сөздер ғұмырына ғұмыр қосқандай бір марқайып қалатын. «Ертең қарағым басыма келіп тап осылай сұқылдап отырғанда, албастыдай айқара басып жатып алған қара жердің өзіне де бір қайран тауып, орнымнан бір аударылып түсермін-ау»,— деп ойлайтын. «Тек жалғызымның өз қолы өз аузына тезірек жеткей!»—деп тілейтін. Енді, міне, ол тілегіне де жетті.

— Ой, керемет-ой!—дейді ол атына мініп ауылға қайтып келе жатып.

Сондағы кереметі не... Жатаған жалда жер тістеп жатып алған қызыл төмпек пе, жоқ әлде қайдағы-жайдағының басын бір-бір шалып босқа дал болып келе жатқан мына мәңгір бастың жер астына түсетіні ме? Оны Тілекеңнің өзі де түсініп келе жатқан жоқ. Бірақ, неде болса, жаратылыс жарықтықтың сылдырлатып он екі жілік арқалатқан жан несін мына қара жер, сыз топырақпен қайта табыстырмай қоймайтынын біржола ұғып, мойынсынып келеді. Өз-өзінен риза боп келеді. Неге риза болады? Кісі өлімге риза болушы ма еді? Бұрын ол да дәл осылай ойлайтын. Сүйтсе, ол жәй әншейін пендешілік екен. Өлсең де қадіріңді біліп, атыңды ұмытпайтын ел-жұртың мен ұрпағың болса, өлімнің несі үрей, несі қиянат... Он сегіз мың ғаламның әр қайсысына жөн тауып берген жаратылыс жарықтықта әділетсіздік болуы мүмкін бе, сірә. Қатары сиреп, қайраты кеткен кәрі уақытын сарқып, дүние ауса, несі әділетсіздік. Қайта қадірін кетіріп, болғанын-толғанын көрмеген өгей ортада өлексе сүйретіп жүріп алғаны қиянат болмай ма? Тек сондайдан сақтасын. Ақыл-есі дұрыста жөнімен жөнелу де кез-келгенге бұйыра бермейтін бақыт емес пе? Зейнеп болса, бітпейтін де қоймайтын қыбыр-қыбырдан жалыққандай, жер астына түсіп, тырп етпей жатып алды. Бұл болса, біреудің бұлдіршіндей баласының қолына қарап қалды. Астындағы қара темірді қойнындағы әйелінен бетер сылап-сипап Тұяқ жүр. Ең ауыр су аяқ Күдерінің өзі темір құска мініп, табаны жерге тимей, қойқандап кеткені анау. Ата-бабам күзеткен қара жұртымда көз жұмам деп, уыздай жас баланы, жалғыз келінін, ай даладағы оңаша күркеге жіпсіз матап бұл отыр. Келініне-ақ обал болды. Өтеу тұқымының шаңырағын ұстап, әкесі марқұмның аманатын естіп қалмағанда, кім біліпті, түйе қартайса тайлағына ереді деп, бұл да баласының

етегінен ұстап кетер мс еді. Бірақ, мынау көзін ашқалы қара орын, қара жұртты қайтып қияды... Сүйегін зорға көтеріп жатып айтқан ата аманатын қайтіп аттайды... Мынау ұшан даладағы тіршілік белгісі — жалғыз үйлі ауылдың жалпылдақ отын қайтып сөндіреді... Ата қоныстың аңылжып несіз қалғанына жер астында жатып шыдаса шыдар, жер үстінде тірі жүріп қайтіп шыдайды... Жалғызын жеткізді. Келін түсірткізіп, қызығын көрді. Бұл дүниедегі шаруасы да қынама шапанның стегіндей дөңгеленіп келе жатқан сыңай танытты. Бірақ, көңілінде әлі бір алаңы бар. Оны аузынан шығарған емес. Құдай тілегін қабыл көрсе, ол алаңы да басылар. Тілеудің көне көкірегі айтады: енді баласының соңынан қара ергенін көрсе, Тұяқтың мына жетім шаңырақты өзіне құтхана мешіт еткеніне көзін жеткізетіндей қып, баягы Өтеу бабасының «бебеу күйін» тартқанын көрсе, одан арғы тіршілік, шынында да, мәкіру... Сосын оң жақтан ақ жуын, арулап шығаратын азғантай тұстастарының көзі барда, бала-шағасының алдында кетсе, арманы жоқ.

Үйге келсе — келіні бір жаққа шығып кетіпті. Бес қанат шатпанның іші мұнтаздай. Орнында жатпай шашылып қалған, жиюсыз қалған ештеңе көрінбейді. Осы қара құрым күркеде бұл ес білгелі осындай, жылан жалағандай жылтырайды да тұрады. Тек Тұяқ аягына мінгенде бір опыр-топыр боп жататынды шығарып еді. Ол да ұзаққа созылмады. Енді, міне, қайда қарасаң да жұтынып тұр. Көңіліне бір мұп-мұздай суық еніп, қамшысын оң жаққа қыстыра салды. Сосын төрге аттай бере керегенің басындағы ілулі тықыр қоржынға көзі түсті. Буаз тоқтының бүйірінде бұлтпын тұр. Жолға шыққанда алатын қоржыны еді. Алыс бір жаққа сапар шыққанда, ұстарасын, сабынын, мәсіп, таспығын және өз ошағынан шалғайда не күтіп тұрғанын кім біліпті деп арулап көметін ақтық кімін қоржынына сала шығатын. Қайтып келгесін де сол қоржын сол қалпында төрге ілінетін.

Енді, міне, Зейнеп кеткелі ол да есінен шығыпты. Марқұм әр бір үш жылда матасын жаңартын отырушы еді.

Керегенің басына қолын созды. Ілмектерін ағытып, ішіндегі тәптіштеп бүктелген ақ матаны алып шықты. Кіршік жұқпанты. Қамырдың, түстіктің әлде бір атырабында күнге қақталып қауашағын жарған ақ мақтаның иісі шығады. Ұстаған қай нәрсесін де жас нәрестенің еңбегіндей сылап-сипап ұстайтын әйелі марқұмның аялы алақанының табы жатқан ақ мата бұның мына тірліктен

өзімен бірге ала кететін жалғыз сыбағасы. Оның мынау қаусағалы тұрған құр қаңқасын ертең бауыры суық қара жерден тек осы ғана аялап, осы ғана қымтайды.

Тілеудің сақал-мұртын діріл билеп, қолындағы ақ матаны елжірей сипалап тұрған кәрі саусақтары қалтырап кетті. Маңдайына бір тигізіп орнына салды. Сосын отырарын да, осылай тұра берерін де білмей, әлдекімнен ақыл күткендей есік жаққа қарай берді. Шымырауды шы есікті ығына еппен іліп, келіні көрінді.

Атасынан имене басын қазан-аяқ жаққа озды. Сол баяғы қуыршақ ойнап жүрген бала қыздай әлі күнге сымпиып тұр.

Тілеу төрге шөкелеп тізе бүкті. Әлгі бір оспадарсыз ойынан қысылғандай, келіні жаққа екінші қайтып көз тастамады.

— Иә, тоба жөніңе ала көр!— деді аузын басып есінеп.

Содан былай осы бір сөз тіліпің ұшына ілігеді де тұрады. Бірденені бүлдіріп алса да, біреудің ерсі қылығын естісе де соны айтады. Төсекте де түннің бір уағына дейін қырық қайталап айтып дөңбекшіп жатқаны. Таңертең ұйқыдан оянғанда да, аузына алдымен сол түседі.

Бір күні дәрет алып, намазын оқып, қақ төрге салынған жұмсақ төсекте таспығын тартып отыр еді, құлағына әжептәуір гүріл келді. Өзі біреу емес, тұстаса шыққан көп гүріл. Бір-екі жылдан бері бұл жақты алыссынып, ащы көлдердің қамысын қайшылап кеткен совхоз басшылары биыл пішеншілерін осылай жұмсаған екен деп ойлады. Сол-ақ екен жүрегі ойнақшып, келінінің дастарқан жайғанына әзер шыдады.

Екі шыны аяқ шай ішті де, кейін шегінді. Келіні де құманын дереу оттан шығарып бақты. Тілекең ерніп күбірлетіп бата жасап, дастарқанның шетін қайырды Күйбеңдеп орнынан тұрды. Керегедегі қамшысына қол созғанын көріп, келіні жүгіріп барып есік ашты.

Сыртқа шығып еді, қайрат жиып қалған күн көзіне жылт-жылт жон тоқған бұйраттардан білем-білем көк толқын бұйратыла жөңкіп келе жатты. «Ел биыл шөптің астында қалатын түрі бар-ау,— деп ойлады Тілекең.— Жаңа бастық алыстан шабылған шөп қымбатқа түседі деп кергенді деп еді. Мынандай құнан жал бидайық пен еркекті көзі қайдан қисын. Тракторларын гүрілдетіп-сарылдатып бері айдапты гой».

Атына күндегідей емес, аяқ-қолы жеңілейіп сергек қонды. Гүріл шыққан жаққа қарай шоқытып келеді. Бу-

гінде баяғыдай артынып-тартынып түйемен көшпейді, жал-жалдың басына жұмыртқадай тізіліп ауыл қонбайды, балалар жүлге-жүлгелерді қуалап жуа қазбайды. Осылай арылдап-сарылдап келеді де, бұрын айлап жатып шабатын ен қияның шалғынының бірер аптада апай-топайын шығарады. Үй келмегесін, шер тарқатысып қалатын кәрі-құртаң да келмейді. Темір мінген балалардың әйтеуір сәлем мезіреттері дұрыс. Одан асып бір ауыз сөз айтпайды. Айдалада бұта санап жүрген кәрі шалды олар қайтсын. Кеш болса, самаладай жарқыраған қостарына жиылып, ерең-серең би билейді. Бірақ, қанша дегенмен қара ғой. Арқалары жазылып қалады. Әне, келіні де сыртқа шығып, гүріл естілген жаққа қарап тұр...

Тілеу бедірейіп жатқан жылмағай өлкедегі жалғыз белгі — басына мосы ағаш шаншыған құмақ төбенің басына шықты. Бұл арадан шамалы жердегі түгел көрінеді. О жақ — бұ жақтың бәріне көз жүгіртіп шығып еді,ештеңені байқай алмады. Атын отқа жіберіп, ертеректе осы маңнан бірдеңе қараған инженерлер орнатқан, жел жоқта жел туғызып, өз-өзінен ызыңдап тұратын үш бұт зәулім нысана ағаштың түбіне жантайды. Алыс көкжиектен ештеңе көзге түсе қоймағасын, өз маңайын шолып өтті. Үш жағындағы тіреу ағаштардың үшеуіне де құс сақпып тастаған, сағал-сағал. Ортасындағы тұқыл қара түтікке аузынан шыға топырақ үйіліп қапты. Суаяқ Құдері айтады: бар пәле осы қара түтікте дейді. Түбі жеткізбейтін көрінеді. Сол зымыранда темір дейсің бе, алтын дейсің бе, жер май дейсің бе — не кереметтің бәрі жатады дейді. Инженерлер кен тапқан жерлеріне осылай белгі тұрғызып кетеді де, керек болған кезінде келіп қазып алады дейді. «Аман болса, мына жаман құмақ бір күндері шатырадай үйге толып, шаһар боп кетеді»,—дейді Құдері.

Апырай, мына бір гүріл жетіп болмайтын неғылған гүріл еді. Жер түбінен осылай жер-көкті тітіреткенде бұл не қояды...

Көк аспанды шатынатып жіберердей ащы гүріл бірте-бірте жақындап келеді. Бірақ, көк жиек сол баяғы мелшиген қалпы. Кенет күн шығыс беттегі қақпақ жон қара жалда көп ерейген-серейген көрінеді. Пішеншілерге ұқсамай ма қалай. Өңшең бір көк құтандай мойындарын көкке көтерген бірдеңелер. Аспан астындағының бәріне керги қараған керік немелер оқтын-оқтын өз-өзінен бас шұлғып қояды.

Анадайда жайылып тұрған аты мынау оқыс гүрілге құлағын қайшылап, басын жерден жұлып алды. Әлгінде ғана қара жерге қазықтай қадалып мығым тұрған мосы ағаштың өзі дірілдеп қоя берді. Енді сәл кідірсе салдыр-гүлдір үстіне құлап түсетіндей. Тілеу асығып-үсігіп орнынан көтерілді. Жүрегі қалтырап, тізесі дірілдеп атына зорға жетті. Жануар су кешіп келе жатқандай, өз-өзінен билеп ала жөнелген қара жерді сақтана басып ауылға беттеді.

Қара жерді қарс айырдай өткір дауыс өкшелеп қуып келе жатқандай, үйіне жеткенше асықты. Үйіне келгесін де, төңірегіне қараса, бәрі өз-өзінен құттары қашып қалтырап-дірілдеп тұр.

Кешқұрым Тұяқ келді. Мына гүрілдейтін солар көрінеді. Газ айдайтын құбыр тұртып келеміз дейді. Тілеудің жүрегі енді орнына түскендей болды. Бірақ, жаймашуақ жазда жон арқасын қармай алған салқын ызғар әлі тарамай отыр. Әлгі гүріл түн бойы да басылған жоқ. Бір-ер күнде дәл желкесіне жетті. Шыдай алмай атына мінді. Тұғыр неме құлағын қайшылап ерейген-серейген көп темірге қарай аяғын баспай қойды. Анадай жердегі оқшау төбенің басына шықты. Қара жерді қарш-қарш асаған темір азу ұрты толы топырақты екі жағына лақ-лақ төгіп келеді. Ажылдаған, гүжілдеген дәу бірдеңе жон арқасында дөңкиіп жатқан ұзын құбырларды әлгі қазып кеткен терең орға домалатады. Әр жер — әр жерде көзінді ағызып түсірердей өткір көкшіл от жанады. Олардың артында алдына сом қалқан темір өңгерген ауыр трактор ордың үстіне екі беттегі жал-жал топырақты жапыра құлатып жатыр.

Осынау мігірсіз абыр-сабыр жер сауырын қақырата тіліп ілгері тартып барады. Есіне су аяқ Күдерінің айтқаны түсті. Ана құбырлардың ішіне, шыпында да, қой түгілі тай сиятын шығар. Күдерінің айтып келгенінің бәрі ып-рас. Мына заман аузына не келсе соны соға салатын Күдері секілді сымпылдақтардың қай сөзін де расқа шығарып жатыр.

Тілеу бұлтың төбенің басында таңырқай қарап тұр. Көккасқа машиналардың біреуінен әлдекім бұған қол бұлғағандай болды. Тұяқ екен ғой айналайын. Енді мынау ызы-қиқы көп қимыл көзіне тіптен ыстық көрініп кетті.

Тілеу күнде атына мініп, бұлтың төбенің басына шығып құбыр тартып жатқандарға қарайды да тұрады. Күннен-күнге алыстап барады. Сонау Ұлы шағылдар-

дың арасына барып сіңді. Енді қаралары көрінбей, жер-көкті дірілдеткен дүрілі ғана құлаққа жетеді. Арттарында майқара жусанды талап-жаншып қып-қызыл жолақ жол қалды. Енді ол қапелімде жүрегін тітіркентіп, өнебойын бір беймағлұм үрейге билеткен әлгі бір тосын гүрілді іздеп елегізетінді шығарды. Баяғыда пішенші ауыл көшіп кеткенде тап осылай құлазып қалатын-ды.

Бірде атына қонып, төңіректі шарлап-шарлап ауылға қайтса, үйінің қасында қып-қызыл кереге жайылып, үй тігіліп жатыр. Уық шаншып жүрген екі әйелге анадайда бір еркек қолын шошаңдатып ақыл айтып қояды. Шұбалған шапаны қайта-қайта нығанан сусып түсіп кете барады. Ау, мынау Күдері ғой. Бұл қайдан жүр?

— Әй, үндемес. Енді қайтып тілің шықпас екен. Қасыңа қонып ап, оң құлағыңның түбінен қақсайын да отырайын. Әлгі қабасақал бастық мені мынау құбырға қарауыл қып тағайындады. Сосын қасыңа көшіп келдім.

Кешке Тілеу бір тоқтысын сойып көршісіне ерулік берді. Енді Тлекең шаруасы түгелденгендей. Біраздан бері көңілі алаң боп, жүк астына тереңірек ысырып тастаған қобдиын қайта ашты.

Таңертеңгі шайдың дастарқаны жылар-жылмаста Күдері келеді. Содан қақ төрге шалқасынан түсіп, бетін шапанның бір шалғайымен қалқалап, жер-көктің хабарын сұқылдатады-ай дейсің кеп! Түнде құлағына сайтан сыбырлап кететіндей, білмейтіні жоқ. Тілекең октын-оқтын бір мырс етіп қойып, балғасын тықылдатып отыра береді.

Бір күні келіні сыртқа шығып кеткенде Күдері:

— Әй, үндемес, мына баланың түскеніне бір-екі жыл боп қалды, қашан немерелі боласың?— дегені.

Тілеу үйреншікті әдетіне басып бір мырс еткенімен аңтарылып қалды. Шынында да, жас адам... Құрсақ көтеретін уақыты әлдеқашан болды емес пе? Соңғы кезде Тұяқтың да тортаң-тосыраңы көбейіп барады. Сәл нәрсеге шөлмектей шытынап, мотоцикліне мініп тайып тұрады. О күшік те осыны уайымдап жүрген жоқ па екен. Екі беті бөтекедей томпиып тұратынды сүйкімді келіні біраздан бері өзінен-өзі сылынып, қараптан-қарап жүдеп барады. Бұл айдаладағы жалғыз үй тіршіліктен іші пысатын шығар деп ойлайтын.

Енді Тілекеңнің көңіліне тағы бір зіл қашты. Таң атпай жатып қақпан қараған боп дала кезіп кетіп қалады. Ондағысы Күдерінің сұқылынан құтылу. Ең далада

жапа-жалғыз келе жатып, ойға шомады. Жеті бабасының соңына жегі құрт боп түсіп алған қырсық енді Тұяқты да жағалайын дегені ме? Құмақ жалдағы көне моланың әр қабіріне бір-бір жығылып, жалғызымның маңдайын аш, соңына қара ерт деп жалбарынады. Әулиенің ақ жем боп қалған ескі ағашына пенсиясына алған сарқұлақтарды шүберекке түйіп байлап кетеді.

Тағы да бір жылдың жүзі ауды. Келінінің сол баяғы қалпы. Баласының да басы омырауына түсіп алған. Күн қақты бетінен бір тырсиған ашу арылмайды. Түтігіп келеді, түтігіп кетеді.

Тілекең ертеден қара кешке сарғайып жатады да қояды. Қәрі кісі тұңғиық уайымға тұншығып, күн санап шөге бастады. Шыны-аяққа созғанда қолы қалтырайтын болыпты. Табалдырыққа дейінгіні анық көреді де, ал үй алдындағы жер ошақ басындағылар бір түрлі бұлдырай береді.

Тілеу енді қорықпайтын өлімінен қорқайын деді. Тұяғының соңынан қара ергенін шынында да көре алмай кетер ме екем деп қорқады. Оны күтем деп жүріп әке аманатын орындай алмай, Өтеу аулының шаңырағын бір өзі ұстап қалатын қу жалғызға бабалар тартқан бебеу күйді үйрете алмай көз жұмып кетем бе, деп қорқады. Түсінде ылғи марқұм әкесі мен қайтыс боп кеткен құрдастарын көретінді шығарды.

Бір жұма күні келініне жеті шелпек пісіртті. Атына мініп бабалар зиратына барып құран оқыды. Сосын көптен бері ат ізін салмай кеткен жиделі тепсеңге соқты. Мынау сусылдаған құм арасына біржола табан ажыратуға айналған үш-төрт ағаш өзді-өзі сырласып тұрғандай, тұнжыр сусылдасады. Құс таңдай жапырақтар бұның қолына еркелей жанасып, бет аузын сипайды. Тілекең қойындағы қара балтаны зорға шығарды.

— Көке-ау, мына жонып жатқаның не таяқ?— деді Тұяқ кешқұрым табалдырықтан аттар-аттамастан. Сосын өз сұрағына өзі жауап берді.

— Домбыра дегенің дүкенде үйіліп тұрған жоқ па?

Тілеу кеңсірігі қақ айрылардай бір осқырынды. Бұрын Күдерінің сөзін естігенде ғана сөйтуші еді.

Қара домбыра бітті. Қақ төрге ілінді. Бірде баласы демалысқа келгенде: —

— Тұяқжан, осы сен домбыра ұстай білесің бе?— деді Тілекең.

— Мектепте үйірмеге қатысқам...

— Ендеше тыңда.

Домбыраны алып күйлей бастады. Тұяқ мойнынан тастамайтын қара қобдының бірденелерін шұқылап отыр. Бірақ, құлағы әкесінде.

Әкесі бір өн бойынды үгіп кеулеп бара жатқан заржақ күйді бебеулетсін-ай кеп. Балға мен пышақ ұстап қалған қайқы саусақтар перне-пернелерді шегелей бұрғылап қадалып тұрып алады. Әр пернедегі үн біткенді әбден жебеп сауып ап, келесі бунаққа көшеді. Тұяқ әкесін мынандай күйші деп ойламайтын. Мына саздан өз жүрегін шаян боп шағып жатқан бір өткір уыт танитындай. Мойны салбырап сала берді.

Қолындағы домбыраға емес, Тұяққа қарап отырған әке күйін бітірді. Домбыраны іргеге сүйеді. Лəм-мим үндеген жоқ. Төр алдына жамбастай қисайды.

Содан қайтып Тілеу бой жиып тұра алмады. Айналасындағы қара бұлыңғыр қалыңдай түсті. Күні бойы таспық тартып тырп етпей отырғаны. Ара-арасында ұмыт бірденe есіне түскендей кілт кідіреді де, ойлап-ойлап, жадына орала қоймаған соң, қолындағы жиденің дəнінен тізген дестені қайта санай жөнеледі.

Бір күні есіне түсті-ау ақыры. «Осы біздің келінінің бойына ештеңе бітпеді ме екен... «Жас адамға көз тоқтата қарау əуелден әдетінде жоқ-ты. Оның үстіне күміске сірке салып қалған қырағы жанар бүгінде көмескі тартқан. Топырақтың астына түсе қоймағанмен, бір терең судың астына шым батқандай төңірегі ылғи бұлдырайды да тұрады. Күн мен түннің, жаз бен қыстың шекарасы жоғалып, əйтеуір бір өлмегенге тəубе əрі-сəрі хəл кеше бастады. Аунақшы-аунақшы астындағы құмақ төпырақты қаза-қаза, қара жерге төсек-мөсегімен бірге түсіп бара жатқандай. Əзірге тек құлағы ғана сау. Оны да Күдері немденіп алған.

— Əй, үндемес,— деді ол бірде.— Келінің ашы борша жоқ па деп біздің үйге жиі барғыштайтынды шығарыпты, талғақ білем.

Тілеу өмірінде сусылдақ Күдерінің жыбырлақ аузына сол күні риза болған шығар. Енді ол саржамбас боп қарап жатып, ішінен күн санайды, ай санайды. Зейнеп бай-құсқа ұсап үнсіз кіріп, үнсіз шығатын келінінің әрбір қыбыр-қимылын қадағалап бағады. Ол күн сапап жүрісі ауырлап, кей түндері дөңбекшіп, өзінше бұған естіртпеген боп ыңқылдап шығады.

Қəрі Тілеу ондайда сүйек-сүйегі түгел еріп, өзі білетін əулие-əмбиелердің бəріне бұның артынан өрбитін əулет-

ке бола мазасынан айрылып тыпыршыған жас әйелдің қол-аяғына дем бере көр деп жалбарынады.

Келініне тоғыз ай толды-ау деген шамада асық жілік тауып ап, көптен бері ұстамаған қара қобдың қорс қып ақтара бастады. Көрі жанардың түбіне бұғып қалған азғантай нұр қайта оралғандай. Айналасын, аяқ-жөнін дұрыс көріп отырған сияқтанды. Қолындағы жіліктің бір жақ басын тесті. Екінші қапталын шұқылап оя бастады. Бар өнерін сап, кедір-бұдыр қалдырмауға тырысты. Қара пышақпен шұқып-шұқып алады да, артынан ойылған жерді бармағымен сипап көреді. Егеу ап сүргілейді. Әлі де тар сияқты, әлі де дөңгеленіп дұрыс шықпаған сияқтанады да тұрады. Қара пышақты қайта алып еді, жілікті жерге тіреп ұстап отырған сол жақ қолының бас бармағына кірш етіп кіріп кеткені.

Содан қолы күп болып іссін кеп. Пышақ тиген бармақ бебеулетіп алып барады. Ажал күтіп алжып жатқанда, жарақатты ауырсынып ыңырануға құдайдан қорқып, астыңғы ернін тісі түскен малта негімен қайзалай береді. Төңірегіндегі түнек те тұтасып апты Су асты емес, құрдым шыңыраудың түбіне бір-ақ құлап кеткендей. Кейде шыдатпай бара жатқан жарақаттан есі ауып кетеді.

Бірде өліп-талып есін жинаса, дәл оң құлағының түбінде Құдері отыр.

— Әй, үндемес, шүйінші! Құдай берді! Келін ұл тапты.

Өмірінде кісінің алдында көңілін босатып көрмеген Тілеу орнынан тұрайын деп бір-екі ұмтылып еді, тұра алмады. Содан теріс аунап, тұсындағы керегенің сағанағын құшақтап ап, екі иығы бүлкілдеп ұзақ жатты. Содан үнсіз қалды. Қолы күп боп ісіп барады. Маңдайы шыпшып тер. Таңертеңгілік таңдайын шылайтыны бар-ды, одан да қалды.

Есіктен баласы кіріп келгенде Тілеу көзін ашқандай болды. Ашқанмен де, көз алдына көлкештеп тұрып алған қара перде ештеңе көрсетпеді. Бірақ, меңіреу тылсымға біржола көше қоймаған құлағы құрғыры Тұяқтың арсы-күрсі жүрісін бірден таныды. Қасына кеп шөкелеп отырғанын да, оң қолын алақанына салғанын да біліп жатыр. Бірдеңе дегісі кеп, негін кемсеңдетіп еді, дыбысы шықпады. Бал тамады дейтін бармағының басына кеп қадалып тұрып алған ажал: «Ау, қашанғы жатпақсың. Болсаңшы енді!»— деп дігірлетіп алып барады. Әлі де болса артындағыларға айтатын бір қолқасы бар сияқты

еді. Оның не қолқа екенін тілі түгілі санасының өзі ажырата алмай жатыр. Әйтеуір жан-дәрмен тыныс қарман, танауы қусырылып, негің көкке қарай қақшандата береді.

Құлағына біреудің сөйлеген даусы келе ме қалай. Күдерінің даусы сияқты. Ол жазған қара жердің бетінде әлі бар екен ғой. Мұның артында қалады екен ғой. Мынау жарық жалғанда қанша жалғыздық көрсе де, айдажылда әйтеуір сол бір соғып кететін еді-ау...

Кенет бір ызың келді. Баяғы аманат күй. Анада баласына өзі тартып берген «Бебеу күй». Ол бебеулеп қоя бергенде күп боп ісіп, күбірткелі жеп жатқан бас бармағының солқылдатып алып бара жатқаны басылайын дегендей болды. Бебеу күй безілдей түскен сайын жаны жай таба түсті. Көз алдын көлкештеп тұрған қара түнек аршылайын депті. Іргеден самал есті. Топырақтың, ауыз қуырар қыр шөбінің, күйген құрым кіздің, іргеге байлаулы ат пен Тұяқтың машинасының ию-қию күңірсік иісі кеңірсігіне дархан тіршілік лебін алып келгендей. Көкірегіне міне түскен қара жүзді ажалдың зіл тақымын кейін серпіп тастағандай. Дала екен дейді. Көктем екенін де күз екенін де білмейді. Шық екенін де, мизам екенін де білмейді. Әйтеуір шөп басы, жылтырайды екен дейді. Өзінің шөп қорып жүргенін де, аң қарап жүргенін де білмейді. Әйтеуір маңқиып жатқан маң даланың әлде бір пұшпағына маңын барады екен дейді. Кенет алдынан қара жалдың басын түгел толтырып ақ самала ауыл көрінді. Ортадағы қыңырайған өз күркесі екен дейді. Ал қос қанаттағы бірінен-бірі өткен ақ жұмыртқа үйлер отаулары екен дейді Біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу... Кезі бұлдырап санына жете алмайды. Кенет сол ақ жұмыртқа үйлерден жарық дүниеге маңқия қарап өндірдей қара торы жігіттер шыққан екен дейді. Белдеудегі аттарға қонды. Қаздай тізіліп әлдекайда құйғыта шауып барады. Қара жерге жарыса тиген тұяқтарынан күй тіріліп, әлгі бір сарнаған сарын талмауран барып басылып, кенет ықылық ата, сықылықтай жөнелген екен дейді. Апырай, мына күйді тартып отырған кім болды екен... Тұяқ па... Ту, өзі дәулескер күйші екен ғой... Әлгі көп жарау арғымақ ағызып барады... Кенет танауына бензин иісі келгендей болды. Сүйтсе әлгі көп арғымақтардың орнында Тұяқ мінін жүргендей көп көк каска машина жарыса жүйткіп барады. Ащы жусан иісіне араласқан бензин иісі танауына майдай жағады екен дейді. Өйткені, сол көп машинаның рулінде отырғандар басы

Тұяқ боп, өз тұқым-торпағы екен дейді. Біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу... Көзі бұлдырап санына жете алмайды. Көп машина қара жалдың басына ағызып шығып біртебірте ұзай түсті. Бұның жанарының нұры сарқылып, әлгі көп қарайған барған сайын бұлдырай түсті. Көңіліне бір тоқтық орнап, ернін күбірлетіп тәуба айтады. Кірпігі ауырлап барады. Әлгі әдемі елеске елітіп, бұрын-соңды басынан кешіп көрмеген мең-зең, бей-жай, дел-сал рахат ұйқыға бата түсті. Енді ешкім осынау тәтті ұйқысын бөлмей-ақ қойса екен дейді екен. Езуіне бір өмір бақи жүгірмеген мәз-мейрам күлкі жүгірген екен дейді...

Әкесінің маңдайы көгіс тартып бара жатқанын көргенде Тұяқ қолындағы магнитофонның тілін бармағымен баса салды. Манадан бері зыр көбелек айналып жатқан қоңыр дөңгелек тоқтап қалды.

Төр алдында шалқасынан түсіп Тілеу жатыр. Мынау қара жердің бетіндегі бар шаруасын ойдағыдай орындап бітіп, енді бір сәт рахат ұйқыға шомғандай. Бет аузында сәлдей де кірбің жоқ. Кере қарыс маңдайы жап-жазық. Әншейінде танауынан бір мырс еткені болмаса, езуін жиырып жарымайтын ұстамды кісінің ернінің бір қиығына зілсіз күлкі ілігіпті.

Үй-ішіндегілер не болғанын білмей, түсінбей аңтарылып қапты. Манадан бері ош жақтағы отын үстінде жантайып жатқан Күдері кенет сылқ етіп жерге шөкті.

— Ешкімнің бетіне жел боп келмей, жағалас-жанталассыз ғұмыр кешкен жарықтығым-ай, о дүниеге де тымтырыс жайбарақат қалпың аттанып жүре бергенің бе...

Қазан-аяқ жақта боп-боз боп отырып қалған келінінің «Ah» ұрған ащы даусы шығып кетті.

* * *

Сөйтіп Зейнептің төмпегінің қасына тағы да бір зорығып жығылған нар түйедей қызыл төмпек қосылды.

Тілеудің қырқы ата қонысында таратылды. Дүниеге келген кішкене нәреспе де сол бір талайғы жұртта қырқынан шықты. Дәл сол күннің ертеңіне Тұяқ шұқыр ойдан біржолата көшіп кетті. Газ құбырын тартып жатқандардың екпіні тау жыққандай көк қасқа жүк машинасының кузовында осы бір жылмиған құмақ өлкені екі ғасыр бойы тырп етпей күзеткен Өтеу әулетінің ежелгі емен шаңырағы кетіп бара жатты.

Жан-жағынан көшкін құм көме-көме аузынан шығуға айналған шұқыр тепсенде дөңгеленіп қара жұрт қалды.

Жер ошақ пен күл төмпектің қасында ербиіп тұрған Күдері машина жал асып жоғалған соң барып атына мінді. Айдалада жаңғыз үй қалған аулында бүгін байыз тауып отыра алмасын білді.

Құм арасы тегіс көгере қоймаған бозқылшық көктем еді. Көз жетер жердің бәрі бадырайып анық көрінеді. Сонау Ұлы Құм басталатын тұстан жиделі тепсең қылаңытты. Бұрын көп байқамаушы еді. Бүгін мынау ақылжыған нең түзде ол көзіне оттай басылды. Тілеудің қит етсе, неге жиделі тепсеңге тартатынына енді түсініп келеді. Көк аспанның астында ақылжып жатқан айдалада Күдеріден басқа қимылдап жүрген ешкім жоқ. Содан ба, астындағы тұғырды тепектетіп емпендей түседі. Төрт-бес жинде ағаш қылаңытқан шоқ тоғай да құла түзден қара іздеп тұрғандай мұның баурына кіргенше асығып, алдынан жарыса жүгіріп келе жатқандай.

Жиде ағаштардың сол баяғы тұрысы. Қуаң бұтақтардың әр жер-әр жерінен көк бүршіктер қылтияды. Жаңа көктемнің қайратына мінгенін тосып, мұрт жаруға асығып тұрған сынай танытады. Өсіп-өнгісі кеп құлшынып тұрған жаратылыс бір ой салғандай, Күдері күбірлей берді

Он бір — бір мүшел, жиырма бес—екі мүшел, отыз жеті—үш мүшел, қырық тоғыз—төрт мүшел, алпыс бір—бес мүшел, жетпіс үш—алты мүшел, доңыз—бір, тыңқан—екі, сиыр—үш, барыс—төрт, қоян—бес...

Бұл жолы ол өзінің жасын санап тұр еді.

Саусағын бір-бірлеп бүгіп, ернін жыбырлатқан көрияға айна көк аспанда күн көзі жымыңдайды.

ШЕТКЕРІ ҮЙ

Жылдан жылға шуы ұлғайып келе жатқан қаланың тау жақ шетіндегі қаңылтыр шатырын әлдеқашан тот басып күңгірттеніп кеткен осы бір қарағай үйді, соның тап іргесінен ағып жатқан кішкене өзеннің жарлауыт қабағына дейін еміпте созылған ағаш дуалын, оймыш терезелерін, абажадай емен қақпасын, қақпаның қыр көзіне қойылған бұйық сәкіні тау бауырайындағы қалың жынысқа барып бой жазып қайтатын көлденең серуеншілерден басқа ешкім көріп жарымайды. Жауын өтіп, дымқыл сіңіп, қи майыға боялғандай қарауытып көрінетін бөрене үй өткен-кеткенге сыр алдырғысы келмегендей дүрдие қарап тұрады.

Ал, егер әлгі көлденең көз тәуекелі жетіп, бұл төңіректен кетпей қарап тұрар болса, бұдан әлденеше жылдар бұрын кешқұрым, қас қарая, көшенің екі бетінде күңгірт қарауытқан қалың теректің тасасынан тротуарды тықытып басып келе жатқан аяқ дыбысын есітіп, артынша-ақ қапталдағы бояуы оңып, енді, міне, алакөбең іңірде не қарауытпай, не бозартпай, күлдібадамданып тұрған ағаш дуалға еміс-еміс түскен ерең-серең көлеңкені көзі шалар еді.

Қалың ағаштың арасын сирек қондырылған сықсима шамдардың сұйқылт жарығында тәлтіректеп келе жатқан мас кісідей қисаландаған рабайсыз көлеңке әлгі абажа қақпаның алдына келгенде бойын тіктеп ала қояр-ды. Сылдыр еткен кілт дыбысы мен қаңқ еткен қақпа сықыры кешкі тымық ауада құлағыңды бір тырнап өтер-ді. Көшенің екінші жақ бетінде тұрған бақылаушы әлгі бейуақ көлеңкенің еркек екенін, әйел екенін ажыратып үлгергенше, алпауыз қақпа оны бір-ақ қақшып, қайтадан бедірейіп тұра қалар-ды.

Жұмбақ көлеңке сүңгіп кеткен абажа қақпаның аржағынан тас сатыны тық-тық басып, баспалдақпен жоғары көтерілген дік-дік аяқ дыбысы, кешкі ауаны дір еткізген кілт сықырыі, есік сықыры қайта естіледі де, сәлден соң тағы да жым-жырт тыныштық орнайды. Біраздан кейін күні бойы тарс бекітулі тұратын терезе

қақпақтарының арасынан пышақтың жүзіндей жіңішке жарық жылтырайды. Егер әлгі түнделеткен неме сол саңылаудан сығалап қарар болса, ақ дастарқан жайылған столдың төр жағында жұмсақ сәкіде тілі салақтап шығып тұрған қасқыр итті көріп, ауызғы бөлмеден тықтық аяқ дыбысын ғана естір еді. Сонда мынау құбыжық үйден қалай шегіншектеп бара жатқанын өзі де сезбей қалар еді. Тас тротуарға шырт еткізіп бір түкіріп, алысырақтағы автобус аялдамасына қарай жүгіре жөнелер-ді.

Сол қара сұр үйден елу қадым ұзап шықтыңыз-ақ, ақ бас шындардың қойнауынан төмен қарай сорғалай созылып жатқан көше жолығады. Көше бойы ығы-жығы. Ерсілі-қарсылы жөнкіліп жатқан машина. Автобусқа бас сұқсаңыз — бір-біріне қадалып, жабыса-жармаса қалған бір жұрт. Соларға ілесіп төмен зулай берсеңіз, көк желектің тасасына шашыратып шаша салған ақ шаңқан, көк шаңқан көп үйлердің арасынан бір-ақ шығасыз. Одан әрі... Маңқиып-маңқиып тұрған маңғаз үйлерде таңертеңнен кешке дейін мың ашып маңызды мәселелер шешіп жатқан жұмыс басты адамдарға барып жолығасыз ба, жоқ, ну бақша, қызыл-жасыл гүлзарлар арасында салқын қауыздарға шомылып мәзмейрам болып жүрген балалардың күлкісін тыңдайсыз ба, әлде жол бойындағы алабажақ шалқайма орындықтардың біріне шалжия кетіп, әрлі-берлі сапырылысып жатқан әдемі балтырларды қызықтайсыз ба...

Ендеше бар ғой, отырдыңыз екен, түске дейін, тіпті түс ауғанша, ол да емес-ау, қашан жұмыс уақыты біткенше тапжылмаңыз. Сонда жаз болса ыстық басыла, қыс болса ымырт үйіріле жұмыс уақыты бітеді. Күні бойы топырлатып торға қамап қойған ақ сазандардай кеңсе-кеңседе жіпсіз байланып отырған көп балтыр көшеге атып-атып шығады. Соның бірі сіз отырған гүлзардың маңайындағы көп еңселі үйлердің біреуінен шығар да, дәл сіз отырған орындықтың қасынан қиғашталап өтіп жатқан сая жолға түсер. Тұсыңыздан аса бергенде орныңыздан көтеріліңіз. Соңынан қалмай ілесіңіз де отырыңыз. Тек көз жазып қала көрмеңіз. Ол әуелі газет киоскасына тоқтар. Модалар журналын сұрар. Сатып алар, алмас, бірақ бірінші беттен ең соңына дейін тұк қалдырмай қарап шығар. Оған дейін ішіңіз пысып бара жатса, анадай жердегі телефон будкасына кіріп, та-

ныстарыңыздың бірімен хабарласыңыз, не су сататын автоматтан сусын қандырыңыз. Сол екі ортада әлі ақ балтыр жалт етіп тағы да жолға түсер. Дедектеп соңына ілесіңіз. Ол анадай жердегі аялдамадан жөнеле берген автобусқа сүңгіп кетер. Айқайды салып, артқы есікке сіз де жармасыңыз. Аузы-мұрнынан шыққан автобустың іші тауға жақындаған сайын сейіле түсер. Орындық тиіп жайғасып алғандар болмаса, түрегеліп тұрғандардың жіліншігінің жыланқарағы үзіле жаздағанда, өрге қарай ышқына ыңырanып келе жатқан көксау автобус көшенің тау жақ шетіне шығып та үлгерер. Сонда мағадан бері алдыңғы есіктің босағасында көзіңіздің жауын алып тұрған қос ақ балтыр кенет сыртқа бір-ақ секіріп түсер. Жалма-жан сіз де сыртқа атылыңыз. Тық-тық басқан қос балтыр бойшаң теректер түнере самсап тұрған қалтарыс көшеге жалт бұрылар. Сонынан сіз де салыңыз. Тас көшені тық-тық шертіп бара жатқан қос өкшенің дыбысына елтіп келе жатып алдыңыздағы ақ балтырлардың көзіңізден қалай бір-бір ұшқанын байқамай да қаларсыз. Аңырып біраз тұрарсыз да, ақ балтырды ақырғы рет көзім шалды-ау деген тұсқа жетіп келсеңіз, кеудеңізден өтеріп абажадай емен қақпа кескестеп тұра қалар. Көзіңізді қанша сатсаңыз да былк етпес. Бедірейіп тұра берер. Міз бақпай тұра беруге ол шыдағанмен сіз, әрине, шыдай алмассыз. Амалыңыз құрып кейін қайтарсыз. Қашан автобус аялдамасына жеткенше жалтақтап артыңызға қараумен боларсыз. Желмен шайқалып самсап тұрған көп теректің көленкесі жыныңызды келтіріп, «вуш-вуш» билеп мазақ қылар. Сайқымазақ көленкелерді даусыңызды шығарып балағаттауға мәдениеттілігіңіз шаужайыңызға оратылып, ішіңізден зіп-зілдей қып бір сыбап ап, тау жақтан кешқұрым сирек қатынайтын автобусты күтіп, екі көзіңіз төрт болып сарғайып тұрарсыз да қоярсыз.

Егер оны осыдан жиырма-жиырма бес жыл бұрын сыртынан көре қалсаңыз және өзіңіз ол кезде шау тарта қоймаған жас болсаңыз, дәл осылай болары даусыз-тұғын.

Соның бәрі күні кеше ғана емес пе еді.

— Зулап өтіп жатқан... уақыт-ай! — дейтін ол кейін сол дәурен есіне түскенде, «өмір-ай!» деуге бір түрлі аузы бармай.

Шынында да, ол күндер болса ғой... Мынау төр жақ

қабырғадағы шынылы рамадағы әдемі келіншек дәл мына суреттегісіндей шырадай жалтыраған шара көзін төңкеріп тастап, ақ жұмыр некті ақ борықтай білекке асып тастап, бетінен бейнең көрінетін жылмағай столдың басында жылмиып қана отырмас па еді. Көлдей терезеден көл-көсір төгілген мол шуақ толқын-толқын бұйра шашының арасында аунап-қунап, омырауына екі жерден бұлқынтып көгершін тығып қойғандай ауаны тепкілеп тұрған қос төмпектің дәл ортасындағы бармақтай лағылды түрткілеп ойнап, бұның төңірегінен шырқ үйіріліп шыға алмай жүрмес пе еді. Бастықтың кабылдауына келгендердің жүректілеу жағы қалжың айтып, жігерсіздеу жағы үн-түнсіз көзін сатып бағар еді ғой. Талай неме мұның бет-аузын зерттеймін деп отырғанда, кезегі келгенін білмей, бастықты күткізіп қойып, сөз естіп жатар еді ғой. Ойдайлар орнынан атып тұрып, төргі есікке қарай апыл-құпыл жүгіргенде, бұл онсыз да желі оңынан тұрмай бара жатқан бейшараны одан сайын иттей қып мазақтап, сылқылдап тұрып күлмес пе еді. Әлгі сабаз көңілі орнына түсіп шыкса, бұған жылмиып тағы бір қарамас па еді. Сонда бұл түк көрмегенсіп, түнере қалмас па еді. Сонда әлгі пақыр көкірегі элем-жәлем боп кете бармас па еді.

Енді оны мына төр жақ қабырғадағы шынылы рамаға жайғасқан күлімкөз келіншек пен сыртын қоңыр барқытпен тыстаған ескі альбомға кезек телміріп, сүтке түсіп кеткен ақ тышқандай өз-өзінен үрпие қалған қаусаған кәрі кемпірден басқа кім біледі!

— Қайран күндер-ай десеңші...

Ол алдындағы тырсиған қалың альбомды сарт жауып, астындағы көнетоз креслоның арқалығына шалқалай құлап, ұзын-сонар ойға шомады.

Ақар-шақар шыңдардың етегіндегі кішкене қаланың орысы мен қазағы, ұйғыры мен татары, дүнгені мен қырғызы бірдей іш тартатын Қара Махмұттың шүңірек көз, пісте мұрын, шанаш бет кішкене кемпірі: «Қара шалым мен үш қызым аман тұрса; талай жақсының төрінде талтаңдармын-ау» — депті деп ел айтушы еді. Марқұм көріпкел екен. Айтқаны келді де қойды. Үлкен қызы Зұбаржат шешесінің төркіні татарларға бұйырды, одан кіші Зұлхия әкесінің нағашысы ұйғырларға келіп болды, ал Қара Махмұт отырған қара шаңырақтың түп иесіміз деп кеу-кеулейтін қайқы төс қазақтардың салымы осы Зұһраға түсіпті. Қара Махмұттың сүйек бітіміне

кішкене кемпірдің ақтығы қосылып үш қыз бірінен бірі өткен сұлу боп өсті.

Сауда-саттық көшесіндегі ірі дүкен иесінің оң қолы Қара Махмұттың үйі түгілі қорасынан қонақ арылмайтын. Көше жақ қақпасынан солқылдақ фаэтон мінген ұлықтар түсіп жатса, қора жақ қақпадан түйелерін бақыртып, есектерін ақыртып қыр қазақтары мен қыстақ ұйғырлары кіріп келе жатар-ды.

Қос қабат қарағай үйде атекемдер мен енекемдер, әнілер мен әтілер, ағайлар мен әбзілер, қалпақты, қалбағайлы, тақиялы, тымақты көп қонақ судай сапырылысар-ды. Бір бөлмеде гүрс-гүрс шампан атылып, сыңғыр-сыңғыр бокал түйісіп жатса, екінші бір бөлмеде алдарына жайнамаз жайып, таспық санап тақуалар отырар-ды.

Жалпы ол үйдің дастарқанына қарап ұйғырдың үйі, дастарқан басындағы әңгіме сылайына қарап татардың үйі деп қалатынсыз. Анда-санда айлапат кең қораның түп жағында үйіліп жататын түйенің құмалағы мен қара Махмұттың тамаққа тойып алған соң, терезені ашып қойып, үсті-үстіне кекіретіні ғана бұл үйдің қазақтарға да аз-мұз қатысы жоқ еместігін байқататын.

Қара Махмұттың қазақ екеніне тағы бір куә — оның тек дүкенінде ғана емес, үйінде де жұрттың ығы-жығы толып отырғаның жақсы көретіні. Құдай оның басқа тілегін берді ме, бермеді ме белгісіз, әйтеуір бұл тілегін артығымен орындағанына еш күмән жоқ. Махмұттың қолындағы қызылды-жасыл дүниені жағалап келетін қаймана жұртқа үш бірдей матур қыздың қабақтарын андитын жігіттер қосылғанда, оның үйінің қысы-жазы, күні-түні неге сендей сапырылысып жататын айтпаса да түсінікті емес пе!

Әсіресе, сәскеде солқылдақ фаэтонға мініп көше аралауға шығатын делдиме қалпақ сұлу қыздың соңынан көзін сататындар-ақ жоқ бермейді. Үйіне жігіттердің келгіштеп кеткенін көргенде кішкене кемпірдің жаны кіріп қуанып қалушы еді. «И, и, сұлу қыз деген солай болар. Соңынан еркектер шұбырып жүрмеген әйел, әйел ме!» — деп, шанаш бетіне қан жүгіріп, шұңірек көзіне жылт оралып, жымың-жымың күліп қояр-ды.

Кешқұрым қыз бөлмесіне шақырып ап ақыл айтатын.

— Бұл еркектердің көркіне қызықпай, бөркіне қызық. Көрік әйелдерге керек. Ал, бөрік еркектің абыройы мен дәулетін көрсетеді. И, и сендер қайдан білейін деп едіңдер. Бұл еркек дегендердің көзге көрінбейтін екі көз-

ге көрінетін үш қасиеті болады. Көзге көрінбейтін бір қасиеті ақылы, екіншісін, әлі бастарың жас, айтуға болмайды. Ал, көзге көрінетін үш қасиеті: бетіндегі айбаты, қолындағы қайраты, қалтасындағы дәулеті. Көзге көрінбейтін қасиеттерін қателессеңдер оқасы жоқ, бірақ көрініп тұратын қасиеттерінен қате жібермеңдер. Әйел пақырдың бағы жанбайын десе сүйтіп қара басады. Құдайым сендерді тек сондай-ақ масқарадан аман қылғай.

Шүйкедей ғана қара кемпір өз-өзінен қорыққандай жағасын ұстай алар еді.

Зуһра анасының айтқан жерінен шықты ма, шықпады ма, оны өзі де білмейді, ал әкесінің көңілін тап баскан сияқты.

Қара Махмұт қол ағаштай дөң мұрнының астына мұрт емес, шалғы орақ қыстырып қойғандай, едірейген өткір кісі еді. Алушының сұрағанына жығылмай, оны өзінің айтқанына көндіріп үйреткен өктем мінез саудагер күні-түні дүкенінен шықпаса да, айтқаны орындалып жататын. Сауда-саттық көшесінің талайқалтаманы Сібірге «қозы құйрық теруге» кеткенде де, ол тырп етпеді. Қайта қаладағы азын-аулақ дүкендердің үстінен қарайтын азын-аулақ бастықтардың бірі болып алды. Оның сырын басқа түгілі қыздары да білмейді. Әйтеуір, ас үй, қора-қопсыны жайлайтын қызметшілерден естімістері: баяғыда оқып жүргенде әкелері қол ұшын берген бір қара таяқ бүгінде үлкен қызметте деседі.

Қейде үй-іші боп оңаша қалғанда, Қара Махмұт қызына:

— Сен орнына бір бала бергенде ғой, аузы дуалы орындардың. біреуінің делбесі өз қолымда болмас па еді,— дейтін өз-өзінен тұнжырап.

— Беу, Махмұт-ай, соны да білмейсің бе? Күйеудің жақсысы балаңнан артық. Балаң бетіңнен алуы мүмкін, күйеу өйтпеді ғой,— дейтін ақ кемпір әлденеге тызалақтап.

Махмұт ондайда сөзден тосылғандай, кемпірі жаққа ежірейіп бір қарайтын да, үндемейтін.

Ол бір күні:

— Осы күні комсомол деген күшейіп барады ғой. Күнде-күнде жиындатып жатқаны. Сондай-сондайына барып тұрмайсың ба? — дегені, көзінің қиығын қызына тастап.

Шынында да, ол кезде бұрынға зиялы жастар бас қосатын азғантай жердің бәрін комсомол иеленіп алған-

ды. Бұрынғыдай күнде би, күнде сауық жоқ, оның орнына қайдағы бір қызыл кеңірдек жиналыс көбейді. Олардан бұл ештеңе түсінбейді. Әкелері айтқан соң амал жоқ, түсінбесе де барады.

Шіркін, ол заманның жиналысынан моншаға түскендей боп бусанып шығатынсың. Кім сөйлесе де, желпінің сөйлейді, кім сөйлесе де, өлтіріп сынайды. Зуһраға сол бір өжектеген дауыстардан үйдің төбесі дір-дір шайқалып тұрғандай көрінетін. Ол қапелімде, кімнің не айтып жатқанын да ажырата алмайтын-ды. Біраздан соң залдағыларды жағалай шолып, әркімнің бетіне үңіледі. Қай-қайсысының жүзінде де мұның жүрегін дір-дір шіміріктірер өжет сұс бар. Біреу-міреуі «тесілің не ізденіп отырсың» деп бетін қайтарып тастай ма деп, дереу еденге қарап тұқшиып кетеді. Ың-жың дыбыстан басы айналғасын тағы да зал ішіне көз жүгіртеді.

Бір жолы оның қырағы жанары ылғи құлағы салқиып, негін қолына тіреп, шешендердің сөзін қалт жібермей тыңдап отыратын селеу шаш сары жігітке түскені. Ол анда-санда монтаны көкшіл көзін бұлар жаққа салып қояды. Көзінің мүкісі бардай сығырая қарайды. Көздері ұшырасып қалғанда екі беті ду қызарып, әрі бұрылады. Мынау залдың ішіндегі шетінен өжектеген өндірдей жігіттердің арасында жүзі жылы адам жалғыз сол көрінеді бұған. Оның ешқашан мінбеге шыққанын көрген емес. Бүгін де, ертең де құлағы қып-қызыл боп өзгелерді тыңдайды да отырады. Кей-кейде аузы қышып сөйлеп тұрған шешенге сөз қыстырып, күнк ете қалатыны бар. Ондайда мінбедегі қызыл көз шешен айтып тұрған әңгімесін тастай беріп, оған шүйліге кетеді. Селеу шаш сары жерге кіріп кетердей боп үн-түнсіз отырып қалады. Сол-ақ екен, қасындағы бұйра шашы дудыраған қыр мұрын томаға көз жігіт орнынан атып тұрып, мінбеге аяңдайды. Шыға, сала алдында ғана селеу шаш сарыға шүйліккен шешеннің соңына түсін бір келіп кетеді дейсің. Қолды сермеп-сермеп, өткір көзін онды-солды ойнақтатып, сайран бергенде тыңдаушыларда ес қалмайды.

Зуһраның жұрттың не айтып жатқанында шаруасы шамалы, екі көзі досының сөзіне жұрт дуылдата қол соққан сайын жұрттың тасасына бұға түскен момын сарыда.

Ол Жәнібекпен де соның арқасында танысыпты. Бірде мінбеден алабұртып түсіп келе жатқан томаға көз караша жігіт жолдасына жер түбінен көз тастап отыр-

ған әдемі қызды көре қойғаны. Сосын-ақ бұрын мінбеден айтылып жатқан әр сөзді қағыс жібермей андып отыратын қараша жігіт аяқ астынан мойын омыртқасы қисайып кеткендей, ылғи шет жаққа кеп жайғасатын бұдан көз айырмай қадалсын-ай кеп. Зуһра енді жапалақ-жапалақ қарап қоятын момын сарының жүзін бір көруге мұң болды. Қараша жігіттің өңменіңнен өтіп бара жатқан томаға көзіне беттей алмайды.

Ол кезде түнделеткен қарақшыдай төбеңнен түнере төніп тұратын теректер самсаған қараңғы көшеде жүрудің өзі қиямет-тұғын. Жиналыстан соң әлгі екеуі үйге әкеліп тастайтынды шығарды. Қасында шашы дудырап қарыштай адымдап қараша жігіт келе жататың-ды. Анадай жерде томпаландап селеу шаш сары еріп келетін-ді. Оның бір айғынан сылтып басатынын сонда аңғарған-ды.

О да бір дәурен екен ғой. Өтіп бара жатқан... «Өмір-ай!» деуге аузы бармай, «Уақыт-ай!» дейтін кейін сол есіне түскенде.

Кісіге көңілі біте бермейтін Қара Махмұт күйеу баласы жайында әңгіме бола қалса, тісін шұқылап, мұртын таулап рахаттанып қалады Күн сайын таңертеңгі шай үстінде газет қарағанда, ішінен соның атын іздейді. Ол кезде күніне бір жиналыс болмауы, онда Жәнібектің сөйлемеуі еш мүмкін емес еді. Жәнібек қайда? Жиналыста. Жәнібек қайда? Москваға жиналысқа кетті. Жәнібек қайда? Пәлен облыста жиналыс өткізіп жүр.

Соның бәрін естіген сайын Қара Махмұттың төбесі көкке бір жетіп қалатын-ды. Содан да ма, қызы дегенде ішкен асын жерге қояды.

Жәнібекке қаланың шет жағынан бөренеден қиып салынған, өз алдына қора-қопсысы бар оңаша үй тиді. Жұрт сапырылысып келеді де жатады, сапырылысып шығады да жатады. Қыр қазақтары. Үлкен қалалардан келген сыйлы қонақтар. Осы қаладағы көз таныстар. Достар. Жолдастар. Оқудағылар. Ішінде дөңкиіп Қара Махмұт жүреді. Баяғы селеу шаш момын сары көрінбейді. Жәнібектен бір сұрағанында «облыста» деген сияқты еді. Келе-келе о да есінен шығыпты.

Соғыс басталғанда Жәнібек Қазақстанда құрылған әскери құрамамен майданға аттанды. Оған Қара Махмұт қатты қиналды. Соғыс тұсында да оның шаруасының шайқалғаны шамалы еді. Соның арқасында Зуһра да мұқтаждық көрген емес. Жәнібек кеткенде жүгіріп

жүрген Әлібек атасы мен әкесінің қастарында. Өзінің сол баяғы сылаң киімі. Сол баяғы сылаң өңі. Оған Жәнібек қауып-қатерден аулақ алыс бір жаққа командировкаға кеткендей. Ұрысқа шыққалы жатқан солдаттардың алдында сөз сөйлеп тұрғандай. Соғыс біткен соң да баяғысынша лепіре күліп үйге кіріп келе жататындай. Көшеге шыққанда жосып жүрген өңдері қуарыңқы, иіндері салыңқы көңілсіз жұртты көргенде қайда кетерін білмейді. Үйіне жеткенше асығады. Үйі де сол баяғысы. Жып-жылы. Тап-таза. Айнадай жалтырайды да жатады Оған жұрттың аузынан түспейтін «майдан» деген сөз Жәнібекті жылы төсегінен ажыратып әкететін бөтен қаладағы көп жиналыстың бірі сияқтанады да тұрады.

Бірақ бұл жолғы «жиналыс» тым ұзаққа созылды. Жәнібек теп-тез орала қоймады. Соны ойлағанда аратұра ұйқысы қашады. Көпке дейін төңбекшиді де жатады. Есіне қайдағы-жайдағы түседі. Күйеуге шыққан кездегі қызықтары көз алдына елестейді. Қашан көкірегіне ұмар-жұмар жылып қалған қалың көрпенің зіп-зілдей салмағы сезілгенде барып зорға көзі ілінді.

Неғұрлым құлағын кесіп алса да білместей боп қаннен қаперсіз ұйықтаса, соғыс солғұрлым тез аяқталатындай көрінеді. Түсінде де Жәнібек бір жақтан командировкадан оралып жүреді. Ылдырмақ-шылдырмақ базарлықтар әкеліп жүреді. Қасына жақындай беріп, бетіне еңкейіп, әуелі құлағының түбінен ніскеп жүреді.

Сол жолы да бір кезерген көнтік ерін шықшыт тұсына кенеше қадала кеткені. Жып-жылы демі өртеп барады. Бұл мынау ойда жоқ рахатқа елтігендей балқи түсті. Кірпігін де көтермеді. Оң жақ қапталын өрттей күйдіріп жатқан таныс ыстық енді кеудесіне өрмеледі. Көкірегін жаншыған зіп-зілдей салмақ тұла бойын түгел балқытып барады. Қалың мамық көрпенің күндегі салмағынан ауырырақ сияқты. Баяғыда Жәнібек те... Иә, ол да өстіп тамағының астына басын тығып алушы еді. Оның да шашы тап осындай иегін тырналайтын, тып-тығыз қатты-тұғын. Ол да осылай мұның көрпесінде ала алмай жүрген өші бардай, әлдекайда жітіріп жіберуші еді. Ол да осылай өзеурей қимылдаушы еді.

Қенет омырауын опырып жіберетіндей көрінген әлгі зіп-зілдей ыстық әлдекайда ғайып болды. Тұла бойы күрт тоңазып бара жатты. Қарманып жамылғысын іздеп еді, таба алмады. Ұйқылы-ояу қолын созып, еңдегі көрпені енді ұстай бергенде әлдене шырт ете түсті. Бөл-

меде күңірсіген махорка иісі анқып кетті. Ауызғы үйдің бір қапталындағы бөлмеден әлдекім жөткірінді. Іш көйлегінің әлгек түріліп, омырауына жиылып, ұйпалақтанып қалғанын, одан төмен денесінің мұз қарығандай түршігіп бара жатқанын сонда барып аңғарды.

Қаладағы госпитальде орын жетпейтіндіктен жазылып шыққандарды майданға аттанып кеткенінше аз күн маңайдағы үйлерге баспаналата тұратын-ды. Мана таңертең жұмыска кетерінде соғыс комиссариатының адамы сондай бір офицерді ертіп әкеп, қапталдағы бөлмеге орналастырған-ды.

Содан бұл жұмыстан шыға сала үйге қайтпай, төркініне барған. Түн ортасы ауғанша сонда отырған. Кетерін де, қонып қаларын да білмей көп қипақтаған. Өзінен-өзі жүрегі лоблып, ол үйде де тыныш жата алмасын білген. Киініп сыртқа шыққан. Автобус күтіп, аялдамада ұзақ тұрып қалған. Өне бойын қармай алған түнгі аяз көңілдегі үйіме барсам ба екен, бармасам ба екен деген екі ұдай дудамалды да, көз алдында күні бойы қазынып тұрып алған манағы дүрдік ерін, түрпі шаш ысқаяқ қара бейтаныс офицерді де жым-жылас қуып шығып, үйге жетуге зар қылған-ды. Әбден тоңып, дірдек қаға бастағанда өліп-талып, тау жаққа сирек қатынайтын түнгі автобус та көрінген-ді. Соған отырғанын біледі. Үйреншікті аялдамаға кеп түскенін біледі. Қалтасындағы кілтпен есікті ашқанын біледі. Ауызғы бөлменің шамын жақпай, етігін шешкенін біледі. Аяғының ұшынан басып өз бөлмесіне өткенін біледі. Төсегіне кеп құлап еді, күнде жамылып жүрген мамық көрпенің еш камсауы жоқтай көрінді. Дірдектеп орнынан тұрып, тағы бір көрпе жамылды. Сонда барып иіні салмақ сезгендей, өне бойына инедей қадалған мұз тікенектер жығылғандай болды. Маужырап ұйықтап кетіпті.

Енді, міне, әлгі бір елестің өңі екенін, түсі екенін біле алмай дал. Көрпесі жерге өзі түсіп кетті ме, жоқ қапияда қол салған озбыр шеңгел лақтырып жіберді ме — хабары жоқ. Тіпті мана жатарда өз есігінің сырғытпа тиегін салған-салмағанын да білмейді. Орнынан тұрып, тексеріп қайтуға табанын қарып алатын мұздай еденнен қаймығып, қымтана түсті. Бірақ, құлағын көрші бөлмеге тігіп қояды. Болат серіппелі темір керуеттің сықырлағанын естігінде тұла бойы дір ете қалады. Жүрегі лүпілдеп қоя береді. Елеңдеп біраз жатады. Меңіреу тыныштыққа бойы енді үйрене бергенде келте

сықыр тағы шығады. Бейтаныс еркек естіп қала ма дегендей тұншыға күрсініп, теріс аунап түседі. Тағы да сол жым-жырт тыныштық. Тағы да сол келте сықыр. Таң атқанша көз ілгізбе алсайшы!

Ала көбенде тұра сала есікке беттеді. Сөйтсе — сырғытпа тиек тарс бекітулі. Зуһра салғырт жымиып қойды. Шала-шарпы бір шыны аяқ шай ішті Стол үстіндегі құманды суып қалмасын деп сүлгімен қымтап бүркеді. «Қонақ оянса, ішер» — деп ойлады. Шығып бара жатып, көрші бөлменің шынылы есігінен темір керуетте теріс қарап ұйықтап жатқан бейтаныс еркекті көрді. Ыскаяқ қара. Ұзақ караса, оянып кететіндей, көзін тез аударып әкетті.

Жұмыста отырып, түндегі оқиға есіне түскенде бір күрсініп алады да, артынша-ақ ду қызарып кетеді. Қызметтен қайтарда кешегідей төркініне сокпады. Бірден үйіне тартты. Жүрегі лүпілдеп зорға жетті. Тұтқадан ұстап тұрып қалды. Қазір қарсы алдынан шыға келетін дүрдік ерін ыскаяқ қараның не айтатынын, оның алдында өзінің не істеп, не коятынын анық білмейді. Бірақ не де болса көргісі, бір ауыз тіл қатқысы келді. Ту сыртынан бнік шарбақтың саңылауынан біреу қарап тұрғандай. Есікті жұлқып ашып үйге кірді. Стол үстінде қағаз жатыр. «Кешіріңіз. Көп-көп рахмет!» Төбеден түскендей екі ауыз сөз. Бар болғаны сол-ақ.

Көзінің алды жыбырлап қоя берді. Екі жіліншігі жеміріліп, орындыққа сылқ отыра кетті. Тор көз оқушы дәптерінің арасынан жыртып алынған жылтыр парақтың бір шеті тысыр-тысыр ете қалды. Түйдектей тамған төрт-бес тамшы жас мөлт-мөлт етеді. Кенет біреу ыгының үстінен үңіле қараған сияқтанды. Кешегі бейтаныс жігіт емес пе! Бұны қайтер екен деп сынағаннан сау ма? Стол үстіндегі қағазды асығыс қармап, орнынан атып тұрды. Жалт бұрылып қарап еді, көзі ілулі тұрған Жәнібектің портретіне түсті. Тұла бойы оқыс дір ете қалды. Томаға көз қара жігіт жәудірей қарайды. Алаканындағы мыж-мыжы шыққан бір парақ қағазды лақтырып тастамай әлі ұстап тұр.

Зуһра соғыс деген нәрсенің не екеніне алғаш рет сонда түсінді.

Одан бері не болып, не қоймады! «Зымырап өтіп бара жатқан... («өмір-ай» деуге аузы бармай)... уақыт-ай»,— дейтін кейін сол есіне түскенде.

Сол-ақ екен, аяғын аттаса болды, ту сыртынан бір сұқты көз андиды да тұрады. Ас үйге бас сұқса, төргі

үйдің есігінің тасасына кеп тығылады. Төргі бөлмеге қайтып оралса, сын беріп ауызғы бөлмеге жылысады. Ол осынау төрт бөлме үйдің ішінен өзін қоярға жер таппайды. Төсекке жатқанда да әлдекім бұқпантайлап қасына кеп, бетіне үңілетіндей. Зуһра көрпесін тарс бүркеніп алады.

Төр жақтағы Жәнібектің суреті де бұрынғыдай жаймашуақ күлімдемей, бұның кірген-шыққанын андып, мысқылдай жымияды да тұрады. Ол енді үйге келдіақ, басын жерден көтермейді. Көзін көтерсе, әлдекайдан біреу-міреу шыға кеп, әнеукүнгі түннің оқиғасын айтып, сардитып бетіне басатындай.

Аулаға шықты, манадан бері қақпаның сыртынан тың тыңдап тұрған біреулер үн-түнсіз қаша жөнелгелдей көрінеді. Көшеде әрлі-берлі өтіп жатқандар, неге екені белгісіз, бұған жалтақ-жалтақ қарап қояды. Автобуста бұрын-соңды көрмеген біреулер бұның бетінен май шығып келе жатқандай тінткілеп бағады. Әсіресе, еркектер жағы бір-бірімен уәделесіп қойғандай, көздері желімше жабысып қадалады да қалады. Бәрінің де көңілдерінде бір күстана тұрғандай. Бәрі де анадағы сұрқия түннің масқарасын естіп, біліп алғандай. Ел құлағы елу деген рас болмаса ет-ті. Әрбір ыңғайсыз қимылдап қалған жерінде, әр бір орынсыз күліп қойған жерінде, әр бір ретсіз сөйлеп қалған жерінде көзіне көрінбегенмен, басқа жұртқа не болып, не қойғанын таңжылтпай жеткізіп отыратын бір-бір құлақ селтиіп-селтиіп тұрмаса етті. Сондай бір сімсік көз, сімсік құлақ, сімсік ауыз анадағы оқиғаны да бүкіл қалаға жаймаса етті. Мына жұрт сондай бірденені естіген соң осынша сұқтанып қарайтын болмаса етті. Ендеше ондай сұрқия хабар тек бір қаламен ғана шектелді дейсің бе! Сумаңдап майданға да жеткен шығар. Әйтпесе, күйеуінің хаты неге пышақ кескендей тыйыла қалды. Жәнібек, Жәнібек болсын... Бұрын бір апта хаты кешіксе, тызалақтап жер-көкке тұра алмайтын өзі не қып мұнша сабырлы? Тіпті, хатының сол кешіге түскенін қаламай ма осы... Дәл қазір хаты жетіп келсе не істер еді? Батылы барып қолына ұстай алар ма еді, ұстай алмас па еді? Одан қайта осы бір екі ұдай халде жүре тұрғанының өзі дұрыс шығар. Сонда хатынан осынша тайсалғанда, ертең өзі келгенде қайтпекші? Жәнібекке не бетімен көрінбек... Өлде өзінің де хаты секілді кешіге түскенін қалайды ма... Ол турасында тіпті ойланғысы да келмейді. Не болары белгісіз бұлыңғыр болашаққа бола басын

ауыртып қайтеді... Қазіргі уайымы — үйіне кіріп-шығудың уайымы. Қазіргі уайымы — көшеде бетіне қадала қалатын көлденең көздерден қалай жалтарудың уайымы. Қазіргі уайымы — әке-шешесінің қолындағы Әлібегіне қалай көрінудің уайымы.

Бұрын ұлын оқтын-оқтын өз үйіне алып келуші еді. Енді одан бетінен басады. Абажадай төрт бөлмеде анадағы бейуақ қылмысты кішкене сәбидің бейкүнә жанарынан жасыра алатындай қалтарыс табылмастай. Одан да өз азабымен өзі оңаша болғаны жөн тәрізді.

Бұнда бір өзгеріс барын шешесі де сезетін секілді. «Өңің неге қуқылданып кеткен. Бірденені уайымдап жүрсің ғой?» — деген анада барғанында. Тұк сезбейтін тек ұлы. Қара шұнақ бала анадайдан атанақтай жүгіріп алдынан шығады да, мойнын тас қып құшақтап алады. Ол құшырлана қысқан сайын бұл бұрынғыдай ерн түспей, сарсаң кесектей мұздап сала береді. Ішібауырын бір алапат ызғар қарып бара жатады. Сонау кез келген бөгде көзбен, жұртпен, ата-анасымен, майдандағы жарымен, күллі дүниемен, тіпті мынау ет бауырын жарып шыққан өз перзентімен екі араға көлденең тұрып ап, қалған әлемді бір жаққа бұның жалғыз өзін бір жаққа ажыратып, енді қайтып жуыспас құрдымға алыстата, аластата түскендей. Енді ол тіпті Жәнібек жайын ойлауға да қорқатындай. Бұл өмірде енді бұған сол бейдәрмен қорқыныштан басқа ештеңе қалмағандай. Қалқиып жұмысына барады. Қалқиып жұмысынан келеді. Тіпті не киіп, не қойғанын да білмейді. Тек кешсеге кіреберістегі көлдей айнаға көзі түскенде ғана жүрегі орнына түседі. Мандайы сол баяғысынша жапжазық. Қасы сол баяғысынша керік. Кірпігі сол баяғысынша қайқақ. Тостағандай-тостағандай екі жанары сол баяғысынша жылт пен нұрға толып тұр. Албыраған екі ерні де сол баяғысынша... төңірегінен тосын бір шырын бал дәметкендей томпия-томпия қалыпты. Үсті-басы да мұнтаздай таза. Киімі де ине-жіптен жаңа шыққандай. Ау, әлгінде ғана іші-бауырын бір озбыр қол суырып ап итке лақтырған құр қаңқадай құлазып келе жатқаны қайда? Ендеше мынау айна не айтып тұр. Анау тұк болмағандай құлпырып тұрған сұлу келіншек қалайша өзі. Іштен тоңдырғандай үсті-үстіне тітіреткен тымырсық уайымы не жүзінен, не көзінен қалайша сезілмейді. Сірә, бұл басына қанша қарлы қара тау іс түссе де үсті-басын сылап-сипауды ұмыта алмайтын болғаны ғой! Сірә, бұл басына қанша қарлы қара тау іс түссе де, тұ-

ла бойында көлденең қыртыс, көлденең бір сабақ жіп жүргізе алмайтын сияқты ғой. Шамасы, бұның басына қанша қарлы қара тау іс түскенмен сұлу болмай тұра алмайтын сыңайы бар-ау, сірә. Бұл басына қанша қарлы қара тау іс түссе де, құсадан қан жұтып қайғыра алмайтын... Жоқ, жоқ, ондайдың беті аулақ... Мынау оспадарсыз ойдан тұла бойы тітіреп кетеді.

Бірақ... ол... қарлы қара тау іс ақыры басына түсіп тынды. Жұмыстан соң үйінде әкесі мен шешесі еңселері жерге кетіп еңіреп отырғандарын көргенде бәрін түсінді. Босағада аңтарылып тұрып қалды. Бұндайда не істеп, не қою керек екендігін біле-алмай қапелімде сасқалақтап қалды. Біраздан соң бойын жиып, әкесінің мойнынан құшақтай алды. Қара Махмұт еңкілдеп қоя берді. Бұл да жылады. Қыршын кеткен Жәнібекті ме, жесір қалған өзін бе, жетім қалған Әлібекті ме, бауырынан шыққан баланың бақталайсыздығын көріп, тірілей пұшаймен болған кәрі әкесін бе — кімді аяйтынын өзі де білмейді, әйтеуір Қара Махмұттың бүгінде ұн сепкендей аппақ басын бауырына басып ағыл-тегіл жылай берді, жылай берді.

Жәнібектің қазасынан соң Қара Махмұт көп жүрмеді. Бір күні базаға барып, қойнашымен салғыласып тұрған жерінде тай-тай матаның үстіне талып құлаған жерінен беті бері қарамапты.

Біріне бірі ілесе келген қос қасірет баяғы бейбақ түннің күнәсін құлан таза жуып кеткендей. Енді жұрт оған құстаналап емес, мүсіркей қарайтын сияқты. Көшеде, көшеде, автобуста жаутаңдасқан қай-қай жанарда да жанашырлық пен мейірім тұнып тұратындай.

Оны алғаш рет баяғы... иә, сол... селеу шаш момын сарының қабылдауына барғанда түсінді. «Күзембаев, Күзембаев» дегенді бұрын талай жерде естіп жүр еді. Осы қаладағы азғантай бастықтардың бірі екенін де білетін. Бірақ, оны баяғы жалтақ-жалтақ қарайтын жапалақ көз момын сары ғой деп кім ойлапты!

Оған бар деген шешесі. Шанаш бет кемпір күйеуі өлгесін еңкейіп, екі бүктеліп кеткен. Сөйте тұра бұған көкшіл көзін біздей қадап безере сөйледі.

— Өлім оңай емес. Қара шал кеткесін тірілей жер тістеп менің де отырысым мынау. Бірақ, біздікі кәрілік. Ал, саған не жорық. Жәнібек бейшара ел басына келген қанды қырғында жоқ болды. Оның артын күтпедің деп ешкім саған кінә тақпайды. Әйел қырық шырақты деген. Бағың жанайын десе, әлі де кеш емес. Бірақ, тұл

қатынға тұлақ құшақтаған да сауап деп кім-көрінгенге қор болма. Бағы озық еркектің етегіне жармас. Қатын-баласының бар-жоғына қарама. Қашанда сұлу әйелдің ажары бағы тасқан азаматтың, ал бағы жүрген еркектің дәулеті ажары асқан әйелдің салымы. Сондей әйелге қарайламайтын еркеккіндік кем де кем. Тек жасықтық жасап, ырыс-несібеңнен қаралай қағылып жүрме. Мен де әкенді қазақтың екі-үш майбалағы мен татардың төрт-бес тоташының аузынан жырып әкеткем. Оралыңның барында ойқастап қалмасаң ешкім сені аямайды. Мен болсам қартайдым. Жесір қатын баққан жетім ұлдан не пәтуа шығады? Одан да Әлібегіңді қаза тапқан офицерлердің баласын өкімет оқытып тәрбиелейтін жерге бер. Әйтпесе, екеуің біріңнің аяғыңа бірің оратылып, бақтарынды байлайсындар. Әлгі Күзембаев деген бастық Жәнібектің жолдасы екен деп біздің шал көп айтушы еді. Соған барып сөйлессең, өзі-ақ реттемей ме?! Айтқан ақылды тында. Әйтпесе, ертең-ақ санынды бір-ақ ұрасың. Жаман ұрғашылардай етегің толып еніреп жүргеніңді білсем, бұл дүние түгілі о дүниеде де: «Басында ми жоқ малғұн қаншық»,— деп қарғап жатам...

Сосын «Ұқтың ба өзің?» — дегендей мұның жүзіне шаншыла бір қарап қойды. Әбден көңілін қалдырып, түңілдіріп айтқысы келсе керек. Сыртта ойнап жүрген қараша баланы шақырып ап, қолынан жетектетіп жіберді.

Иә, тап баяғысы. Есіктен бұл кіріп келгенде сасқалақтап орнынан көтерілді. Селеу шашын бір сипап, көкшіл көздерін жаутаңдатып қарсы жүрді. Қолын алды. Қолтығынан демеп бір қапталдағы абажадай сафиян диванға апарып отырғызды. Сосын өзі төрдегі орнына барды. Бұған жапалақ-жапалақ қарап қояды. Тамағы құрғап қап, даусы шықпай қиналып отырғандай қылғына қарайды.

Сөзін де батылсыз бастады. Жәнібекке, әкесіне көңіл айтты. Енді тағы не айтарын білмегендей аңтарылып қалды. Біраздан соң барып бұның қызметін, жағдайын сұрады.

Өзіне салса осы бойда қайта шығып кетуге дайын отыр. Мына тап баяғысынан тырнақтай да өзгермеген бүгежектеген момын сары жарылқайды дегенге сене қоймады.

Соны сезгендей Күзембаев:

— Ия, Зуһра, келген шаруаңызды айтыңыз,— деді.

Бұл көзін жерден көтеріп алды. Абажадай жалтырақ стол, оңаша қондырғыға мығым қонжиған әлденеше телефон, зілдей-зілдей сафиян креслолар момын сарының өзінде айбат жоқ болғанымен мына отырған жерінде айбат, билік, пәрмең бар екендігін сездіргендей. Көзіне сонау көп телефонның ар жағында бұл қайтер екен, келген шаруасын айтар ма екен, айтпас па екен деп шанаш бет сары кемпір мысқылдай қарап тұрғандай көрініп кетті. Зуһраның көңіліне бір қорқыныш кірді. Асығып-үсігіп айта бастады. Күзембаев зер салып тыңдап отыр. Кішкене көкшіл көздері барған сайын тым кішірейіп мөлдірей түсті. Тамағы бүлк-бүлк етеді. Қолындағы көп қарындашты шашып алатындай мытып қысып апты. Селеу шаштарының түбі күп-күрең боп қызарып кеткен. Маған бірдеңеден ызаланып отырғаннан сау ма?» — деп ойлады Зуһра. Бірақ көп телефонның тасасына жасырынып тыңдап отырған шанаш бет сары кемпірден қаймығып, не де болса, көкейіндегі әңгімені айтып тынуға бекінді.

Момын сары бұның сөзінен кейін дағдарып біраз отырды. Тамағын бірер кенеп алды. Бірақ, ештеңе деген жоқ. Шет жақтағы қара телефонға қол созды.

— Алло, бұл әскери комиссариат па?

Сосын мұғалімнің айтқан сабағын бұлжытпай сол қалпында айтып беретін ыждаһатты шәкірттей әлгінде Зуһраның аузынан шыққан әңгімені бипаздап қайталай жөнелді. Қара телефонда үн жоқ. Үн жоқ. Үн жоқ, үн жоқ. Бір уақыттарда барып: «Құп»,— деді де, жай қимылдап, баппен сөйлейтін Күзембаевтың уысынан өз тұғырына сусып түсті.

— Әскери комиссариаттың адамдары өздері реттеп береді. Ал тағы қандай шаруаңыз бар?

— Рахмет. Басқа шаруам жоқ.

Бұл орнынан көтерілді. Күзембаев та тұрды. Есікке дейін ере келді.

— Бәлкім, осында қызметке ауысарсыз. Қанша дегенмен қасымызда болсаңыз, жөй-күйіңізді көре, біле жүреміз ғой.

— Рахмет.

Момын сары дәл табалдырықтың алдына дейін еріп келді. Сол қолымен емен есіктің жез тұтқасынан ұстап тұрып, оң қолымен бұның қолын алып қоштасты. Қоштасып жатып көзіне көзі түсіп кетіп еді, қазір жылан жіберетіндей жәудіреп тұр екен. Әлде бір қимастық, тұңғиық аяушылық бар. Ол бұған дейін ешкімнің жана-

рынан мұндайды көрмеп еді. Енді сәл аялдаса, момын сарының көзінен жас ыршып кетер сыңайы байқалады. Бұл жалма-жан сыртқа шығумен болды. Сыртқа шыққан соң бір жымиып қойды.

Ол есіне түскенде Зуһра бір күрсініп алады. «Өтіп бара жатқан («өмір-ай» деуге аузы бармай)... уақыт-ай!» — дей салады.

Содан былай автобусқа мінгенде де, дүкенге кіргенде де, кеңседе отырғанда да еркектердің көзінен жәудіреген жылы мейірім аңғаратын болды. Басқанынан жер ойылатындай маңғаз еркектердің жанарынан әлгіндей мөлтеңдеген мұң көргенде бір түрлі күлкісі келеді...

Кішкене Әлібек алыс бір қаладағы Нахимов училищесіне аттанатын болды. Шалбары да құйтақандай. Бешпеті де құйтақандай. Көйлегі де құйтақандай. Пальтосы да құйтақандай. Пальтосының кішкене мүйіз түймелері де құйтақандай. Бәтіңкесі де құйтақандай. Қолына ұстаған кішкене қара чемодан да құйтақандай. Сол кішкене қара чемоданның қасында қалтиып тұрған қара бала да құйтақандай. Құйтақандай құлағы қалқиып, құйтақандай көздері жәудіреп бұған қарайды. Бұл осы бір әп-әдемі кішкене қуыршақтың өз бауырынан шыққанына сүйсініп тұр. Дәл мынадай сүп-сүйкімді қуыршақты басқа ешкімнен көрмегендей. Көзін ала алмай қарайды. Ал әскери киінген әдеміше қыз бұдан көзін ала алмай тұр.

Сүйтіп вокзал басында ұзақ тұрысты. Бір уақыттарда барып әскери киімді қыз:

— Уақыт болды. Қоштасыңыз,— деді.

Бұл ұлының құп-құйтақандай томпақ бетінен, құп-құйтақандай тәмпіш мұрнынан, құп-құйтақандай жәудір көзінен, құп-құйтақандай жаргақ құлағынан түгел сүйіп шықты.

Кіп-кішкентай Әлібек бір әйей тәтейін тастап, екінші әйей тәтеге құлықсыз еріп келеді. Өйткені, анау қалып бара жатқан әйей тәтейден де бір түрлі қысылып-қымтырылатын еді, мынау қолынан жетектеп келе жатқан бейтаныс әйей тәтейден де тап солай қысылып-қымтырылып келеді. Егер шүйкедей ғана ақ сары кемпір көзіне түссе... Мынау екі әйей тәтенің екеуін де тастап, қаша жөнелер еді. Айқара құшақтап ап айырылмас еді. Омырауына басып тығып, кіп-кішкене көкірегін жарып бара жатқан зіл түгел сыртқа шығып сарқылғанша сығылып жылай берер еді, жылай берер еді, жылай берер еді. Қашан қолына ыстық тоқаш не кәмпит

ұстатқанша қоймас еді. Вагонға жете беріп, артына қарады. Әжесі көзіне түспеді. Әйей тәтейі әлі тұр. Әне бұған қарады.

Әлібектің мынау жәудіреген жанары Зуһраның есіне неге екені белгісіз, анадағы момын сарыны түсірді.

Төрт бөлме үйде де оны сол үйреншікті жым-жырт тыныштық қарсы алды. Қай бөлмеге кірсе де, есіктің сықырынан басқа ештеңе естілмеді. Түнде баласы ұйықтап шыққан бөлмедегі екі басына әшекей салған болскей керуеттің астынан тұмсығы қылтиып, баласының үйде жүргенде кнетін жылы шәркейі көрінді. Құп-құйтақандай-ау, құп-құйтақандай.

Зуһраның көз алдына жаңа вокзал басында томпиып тұрған баласы келді. Тағы да жымпып күліп қойды.

Жып-жылмағай жып-жылтыр стол. Жып-жылмағай айна. Лактап тастаған паркет еден, сірә, жылмағай. Телефон да жылмағай. Стол үстіндегі қағаздар да жылмағай. Қалам тигенде коньки тебетін мұз айдындай жылмандап жүре береді. Тіпті тәпене столға қойылған жазу машинкасының қорабына дейін жылмып тұр.

Жып-жылмағай жып-жылтыр әйнектен түскен күн нұры әуелі жып-жылмағай шыныға, сосын жып-жылмағай столға, сосын жып-жылмағай паркет еденге кезек-кезек секіріп, сырғанақ теуіп жүргендей. Сол сырғыма күн нұрының қызуы енді-енді молая бергенде жылтырата боялған жылмағай қабырғадағы жылтырата боялған жылмағай қорапты сағат зың-зың дабыл соғады. Сол-ақ екен, бет-аузын жылмита бояған жылмағай келіншек тық-тық басып жылмағай столдың терезе жағындағы орнына кеп, жымпиып отыра кетеді. Содан отырады, отырады, қашан әлгі жылтырата боялған жылмағай қабырғадағы жылтырата боялған жылмағай емен қорапты қоңыраулы сағат қайта дабыл бергенше танжылмай отырады. Қалай қоңырау соғылады, солай лып етіп орнынан көтеріледі.

Сол бір жып-жылмағай жып-жылтыр дүниеде көзің де тайғанап, ештеңеге жөнді түспейді екен.

Сол бір жып-жылмағай жып-жылтыр дүниеде көңілің де сырғақтап ештеңеге жөнді құламайды екен.

Зуһра да сол бір оқиғаның өзі әлгі жылмағай кеңседе қанша жыл істеген соң, қай уақытта тап болғанын анық білмейді. Әйтеуір, ол есіне түскенде көз алдына

жауырын тұсына сауыс-сауыс балшық жұққан көлдей плащ көлденең тұра қалады...

Иә, кәдуілгі бірдеңе тисе, қалың қамысқа сіріңке шағып от бергендей қаудырлап ала жөнелетін кедір-бұдыр брезент плащ-тұғын. Қара бақайыңа дейін түгел қымтап көміп тұратын-ды. Жеңі жоқ-тұғын. Жеңнің орнында керегінде қолыңды сыртқа шығаруға болатын бір қарыстан астам тесігі бар-ды. Жауын-шашында басыңды қалқалайтын бүркеншігі тағы табылады. Сол бүркеншікке көміліп ап көлдете жауып тұрған жаңбырға қарап отырған қандай тамаша еді. Кішкентай-кішкентай мөлдір моншақтар басыңды тырс-тырс сабап, ештеңе өндіре алмаған соң, аяғыңның астындағы мыны шығып жатқан балшыққа сіңіп, гайып болады. Бірақ, аспанның әлгіндей әдемі моншағы таусылмайды. Сағаттар бойы, тіпті күнді күнге, түнді түнге ұрып саулай береді. Зуһраның ондай күні бойы, түні бойы болмағанмен сағаттар бойы осынау тамашаны тамсана қызықтап рахаттанғаны бар. Жалбыр-жалбыр аспан олақ қатынның етегіндей жырым-жырым, сауыс-сауыс. Жердің беті де дәл солай. Олақ қатын ұстаған дүниедей олбыр-солбыр, ойқы-шойқы. Сол бір екі сұрықсыз кеңістіктің арасында зәредей де кіршік шалмаған мөлдір тамшылар ойнақ салып жүр. Әсіресе, бұл бүркеніп тұрған брезент плащқа тигенде тым тайрандап кетеді. Мынау мөлдір моншақтар аспаннан емес, өзінен төгіліп жатқандай. Өзі жүздеген, мыңдаған, миллиондаған, миллиардтаған мөлдір моншақтарға айналып кеткендей. Дүние қандай көңілді. Дүние қандай арсы-күрсі, шат-шадыман. Дүние қандай тап-таза. Дүние қандай мөп-мөлдір. Барша кір, лас, шаң, тозаң, күйе, қоңыс, зиянды-зиянсыз газдар, пістер, асфальттың, цементтің, известің қалдығы, көмірдің қалдығы, мұнайдың қалдығы — түп-түгел қарасын құртқан. Дүниеде тек саф ауа мен мөлдір тамшылар ғана қалған.

— Қарындас, таза ауа жұтып қайтпайсыз ба?

— ...

— Қыргауыл көрмеп пе едіңіз?

— ...

— Дүниеде ондай әсем не бар дейсің!

— ...

— Көрмесеңіз, көрсетуге болады.

— ...

Міне, ол таза ауа жұтып тұр. Жоқ, таза ауа жұтып

қана тұрған жоқ, өзі бір жола түп-түгел тазалыққа айналып, біржола ауа боп еріп бара жатыр. Мынау ұлан-асыр жаратылыспен қайта қауышып, қайтадан сол жаратылысқа айналып бара жатыр. Жаратылыс өзі де, өзі жаратылыс сияқты. Осындай бір сезімді баяғыда күйеуге шығып, алғаш рет жар құшқан түні бастан кешкен сияқты еді. Әлденеге жүрегі лоблып, әлденеден басы айналып еді. Оған кейін бертін келе, тіпті күні кеше түсінген еді: сөйтсе, бақытқа мас боптьі. Ал, қазір, қазір ше... Қазір неге мас боп тұр. Тазалыққа ма? Таза ауаға ма?.. Иә, кісі тазалыққа да, таза ауаға да мас болады екен. Міне ки, жүрегі лоблып, басы зеңіп барады. Көз алдында асыр салып жүрген мөлдір тамшылар бір-бірімен ұласып көл-көсір шалқарға айнала түсті. Көктен, жерден, оңнан, солдан көп түтек бір-біріне ұласып, дүниені топан қаптап келе жатқандай. Қазір мұны да әне бір қу қамыстың сынығындай, төрт аяғы көктен кеп тырбандаған қара қоңыздай, жұмыртқаның қабындай, шылымның тұқылындай, сіріңкенің қорабындай әлдеқайда ағызып ала жөнелмек. Мынау суылдап, сарылдап, тысырлап, сыртылдап, сарқырап дегеніне көндіріп, алып-жұлып бара жатқан алапат табиғат мұны да қақпақылдай қағып ала жөнелмек. Енді мұның екі аяғына мініп тұра беретін еш дәрмені қалмағандай. Сәлден соң мынау құлап, кірап, сынып, жөңкіліп ағып бара жатқан көп қыл-қыбырдың қасына бұл да барып қосылатындай. Оны мынау сары ала лай жосқыннан кім құтқарып қала алар? Тұла бойын діріл жайлап барады. Бұрын плащына тасыр салып билеп жүрген ерке тамшылар енді әлденеден естері кете қорқып, көп түтекке ыршып түсіп, безіп бара жатқандай. Бұл да әлдеқайда қашқысы келеді — қаша алмайды; мынау дегбірін қашырып, дегенін істеткісі келіп тұрған дүлей күшпен қарсыласқысы келеді — қарсыласа алмайды. Енді болмағанда... Сол арада қарынан біреу тартқылағандай болды. Ту сыртынан біреу кеп құшақтағандай болды. Ол кім? Ол не? Мынау ағыл-тегіл сел ме, жоқ адам ба? Ол арасын анық ажырата алмады. Ыңғайына көне берді. Сол бір тегеурінді күш оны апай-топай ақ нөсердің астында айнадай боп жуылып тап-таза боп жалтырап тұрған қара машинаның ішіне кіргізді. Кірді де, арқалыққа шалқалап қисая берді. Әлгінде ғана оны дегеніне көндірген тегеурінді күш қасынан бір елі ажырамады. Бұны бауырына тартып, өне бойын балбырата ерітіп, көзі қаралай жұмылып, маужыратып алып барады.

Жаңағы жүрегінің айныганы, миының зеңігені күшеймесе, басылатын емес. Басын әлгі бір жып-жылы құшаққа көме түседі. Ту сыртынан, оң қапталынан, омырауынан бір рахат ыстық леп шарпиды. Бұған ендігі керегі де сол ыстық... тек соның алыстап, ажырап кетпегені... мынау аламан-асыр тасыр-тұсырдың ортасына жалғыз тастамағаны... Сондықтан да бұл өн бойын өртей ерітіп бара жатқан сол бір алапат ыстыққа өзеурей ұмтылады. Кенет жер мен көкті, мынау ағыл-тегіл ақ нөсерден қалқа боп тұрған қара машинаны түгел тітіреткен оқыс гүріл шықты, маңайы түгел жап-жарық болып кетті. Бұл көзін аша беріп еді, бет-аузын әлдекімнің су-су көкірегі тұншықтыра жанши түсті. Бұл тынысы тарылып бара жатса да, сол бір озбыр омырауға тығыла берді. Кенет аспан көкті түгел жарқыратып әлгі үрейлі гүрсіл тағы естілді. Сол-ақ екен көптен ұмытылуға айналған бір оқыс күш, оқыс қимыл қаусыра құшақтап, тұла бойын түгел қақыратып бара жатты. Күлгені екені де, жылағаны екені де белгісіз, сылқ-сылқ өз дыбысы құлағына келді. Көзін тарс жұмып алды. Бір уақыттарда барып ашса, жаңбыр басылыпты. Бірақ, төңірегі күңгірт тартып ымырт орнап келеді екен. Ауа сыз, салқын. Қасындағы жып-жылы омырауға қайта тығылды. Біраздан соң көзін қайтадан ашса, далада, таза ауада жатыр. Аспанда көп-көп жұлдыздар жымыңдайды. Әлдеқайдан үзіп-үзіп майса жел еседі. Әлдеқайдан әлдеқандай жұпар ніс келеді. Әлдеқайдан әлдеқандай түз құсы шықылықтайды. Қай жағынан шығып жатқаны белгісіз, әйтеуір аулағырақтан көлбақалар құрылдайды. Аспандағы көп жұлдыз сол бір құрыл қайдан шықты дегендей селтпе-селтпе қапты. Төңіректе түнерген түннен басқа ештеңе жоқ. Анадайда машина қарауытады. Салқындықтан ба, мынау қап-қара қараңғылықтан ба тұла бойы дүр түршіккендей болды. Төңірегінен қара, жылу іздеді. Қозғалақтады. Соны андып жатқандай манағы бір ыстық омырау аспандағы көп жұлдызды қалқалап бетіне төне түсті. Ол түні бойы сол бір ыстық омыраудың дегеніне көніп шықты.

Таңертең күн жарқырап ашылды. Күн тұсау бойы көтеріле бұлар орнынан тұрды. Шөп басының шығы кеуіп қалыпты. Астарына төселген брезент плащты жерден көтергенде жоп арқасына жұгып қалған айғыз-айғыз батпақты көріп, Зуһраның екі беті тызылдап ала жөнелді. О да бір дәурен екен ғой. «Зымырап өтіп бара

жатқан... («Өмір-ай!» деуге бата алмай)... уақыт-ай!»,— дейтін ол кейін есіне сол түскенде.

Бұрын қалай байқамаған, нағыз рахат осы екен ғой. Айналасы аппақ-ау аппақ. Жаңа жауған ақша қардай күрпіп жатыр. Ортасында өзі. Қан жылым су өне бойын балбыратып барады. Әлгінде ғана жабыла тістелеп жатқан көп жәндік серпілгендей. Мана айғыз-айғыз брезент плащты жерден көтергенде дәл жауырынына бір сары құмырсқа қадала кеткендей дауылдай ала жөнелген-ді. Содан машинаға отырды. Содан машина қайтадан даланың сүрлеу жолына түсті. Ойды-қырды сүзгілей-сүзгілей ақыры айдау жолға қосылды. Айдау жолға шыққасын қалаға бет алды. Қалаға қарай шалжия созылған асфальт жолмен ағызып келе жатқан жылтыр машинаның алдыңғы орындығында арқалыққа шалқалай құлап бұл келе жатыр. Дәл жауырын тұсындағы манағы сары құмырсқа кетер емес. Бүлікті салып жатыр.

Ашық әйнектен жел үйлдейді. Рульдегі жүндес білектің майса түгі дір-дір қалтырайды. Сол бір майса түгі дір-дір қалтыраған жұп-жуан білек оқтын-оқтын мұның мойнына кеп оратыла кетеді. Оратылған сайын сол түк-түк жуан білекке ілесіп келген бір аш құмырсқа көйлегінің ойындысынан секіріп түсіп, тұп-тура жауырынын дызылдата шағып жатқан қанипезер қарақшының қасына барып қадала қалатындай.

Асфальт жол ұзыннан-ұзақ шалжынып жатып алғанын қоймайды. Шалжынып жатып алғанымен қоймай, қылт-қылт қыр асып ұзара түседі. Зымырап келе жатқан жүйрік машинаның ашық терезесінен қасарыса соққан қарсы жел үйлдегенін қоймайды. Сол жойқын леп барша түгін ду-ду тулатып, төтен қайрат бітіргендей жұп-жуан білек мұның пілдің сүйегіндей аппақ жұп-жұмыр мойнына қайта-қайта оратылғанын қоймайды.

Өздері аш, өздері қадалған жерлерінен қан алмай қоймайтын қанипезер сары құмырсқалар көбейе берді, көбейе берді.

Олар сондай ұзақ жүрді. Қаласы құрғыр жеткізіп болмады. Өліп-талып көрінді-ау, ақыры. Енді әлгі сары құмырсқаның әр қайсысы тұмсығы найзадай бөгелекке айналып кеткендей. Тұла бойы ду-ду тызылдап барады. Әсіресе, машина көше оралымдарында жүрісін баяулатып, өткен-кеткендер ішке көз тастағанда тіптен құтырынып кетеді.

Машина сол зуылдаған қалпы тауға тура тартатын көшеге түсті. Үйдің қасына да жетті-ау бір кезде. Сол арада жүн-жүн білек мұның жұмыр мойнын қылғындыра қысып алды. Кеше түнде өне бойына сынықшының сылауындай балбырата түскен екі етті ерін аяқ астынан айыр құйрық шаянға айналғандай тиген жерін тызылдата күйдіріп өртеп барады.

Өліп-талып құтылды-ау одан да.

Бұған дейін ойына түсіп кеткенінің өзіне аза бойы қаза болатын қара жүзді масқараның, бұған дейін аттап басуға жүрегі дауаламайтын тылсым тырымның тікен шаншып қойғандай үрейлі шекарасын абайсызда белден басып бір-ақ тайпап өте шыққанын енді аңғарды. Сүйтсе, сонша қорқып келген нәрсесі түк емес екен. Не болып, не қойғанын үйге барғасын жайлы төсекте жата-жастана ойланар. Қазіргі бар уайымы — мынау тұла бойын дуылдатып бара жатқан көп тажалдан қалай құтылу. Тіпті көзінің алды екеш көзінің алды да жыбырлап барады.

Міне, қызық! Қақпаның сыртындағы тақтай сәкіде бір қасқа бас қара мұрт еңгезердей еркек отыр. Бұны көргенде бас бармағын танауының астына апарып, таңқ-таңқ түшкіріп қойды. Сосын пенициллинінің босаған құтысынан жасалған шыны шақшасын жалма-жан шалбарының артқы қалтасына тықты. Орнынан ұшып тұрып еді, бешпетінің бір етегі мықынына ілініп қалды. Анадай жерде көк ала аймақы көйлек киген қара шұбар әйел тұр. Делең етек, көк ала көйлектің сыртынан жеңі шұбалған сұр пиджак іліпті. Өңірі толы моншақ. Шамасы, баланы көп тапса керек.

— Ә, қателеспесем, Зуһра боларсың,— деді еркек жалпылдай амандасып.

— Есенсіз бе?— деді әйел ернін қыбырлатып.

Зуһра сүлесоқ сәлемдесті. Есікті ашты. Қара мұртты еркек жерден «Әуп» — деп бірдеңе көтерді. Зуһра тықтық, қалған екеуі сырп-сырп басып ішке озды. Зуһра ауызғы бөлмеде аяқ киімін шешті. Артындағы екеу бастарын төргі бөлмеге кіріп бір-ақ тоқтады. Еңгезердей еркек нығындағы ала қапты қайда қоярын білмей аңтарылып тұрып қалды, сосын біраз күйбеңдеп, төр жақ бұрыштағы жалтырақ шифоньерге сүйей салды. Қолын қағып, қақ ортадағы жалтырақ столдың төр жағындағы оймыш орындыққа жалп етіп отыра кетті. Бейшара орындық сытыр ете түскенмен сынбады. Қара шұбар әйел есік жақтағы орындыққа тізе бүкті. Еркек әкесі-

нің үйіне келгендей шалжиса, әйел «қашан шығып кетер екенбіз» деп асығып отырғандай, бүрісе қапты.

Үшеуінде де үн жоқ. Жөн сұрауды Зуһра білмейді. Сұратпай-ақ жөнын айта отыруды меймандар білмейді. Бұлай бір-біріне телміріп отырудан алдымен үй иесі әйел жалықты. Сары самауырды құшақтап сыртқа шығып кетті. Біраздан соң: «Мынау жым-жырт бөлмеде іштерің жарылып кетпей нағып отырсыңдар?» — дегендей, ызыңдай әндетіп сары самауыр қайта кірді.

Еңгезердей еркектің өндіршегі дүрс-дүрс етеді. Күшігендей шөміліп отырған қара шұбар әйелдің ерні кесеге тисе, сырп ете қалады. Екеуі де быршып терлеп отыр. Әйел тәмпіш мұрнын үсті-үстіне тартқылап, көлеңдеген көк ала көйлегінің жеңін маңдайына қайта-қайта апарып қайтады. Ал, еркек екі шықшыттықтан төмен қарай тырағайлап шауып бара жатқан көп жоқсынды қайтып бөгерін білмей, шай құйып отырған келіншекке көзінің астымен қайта-қайта қарап қояды. Далада туып өскен еркек қалтаға орамал салып жүруге қандай құнтсыз болса, қалада туып-өскен келіншек мейман терлеп отыр екен деп, сүлгі алып беруге сондай құлықсыз. Дегенмен қақ төрге қасқая жайғасқан қонақ оған бола саса қоймады, анадай жерде бос орындықтың арқалығына ілулі тұрған, әлгінде ғана өздері қол сүрткен сүлгіні алды да, сонау қасқа маңдайда тайраңдап жүрген талай тамшыны көкесіне көрістіріп жайпап өтті. Сол-ақ екен, әлгінде ғана жалтырап тұрған ақ сүлгі мыж-мыж боп шыға келгені.

Шайдан соң ерлі-зайыптылар үйдің күн жағына барып екеуден-екеу күңкілдесіп отырды.

Зуһра болса тұла бойының ду-ду қышығанынан құтыла алмай әлек. Мына бір шаң-шаң қап өн бойы онан сайын дуылдата түскендей. Айнадай жалтырағаң қара күрең шифонерді аяп-ақ тұр. Бірақ қонжиып жатып алған ала қаптың маңына жолауға қорқады.

Бірінен-бірі үріккен үшеу үшін өліп-талып күн де батты. Өліп-талып қазан да түсті. Тағы да ысылдап-пысылдап тамақ ішілді. Еңгезердей еркек қалтасынан, сіріңкенің шырпысын ап, тіс шұқылай бастады. Қара шұбар әйел бір сәт көзі тайса, біреу жетектеп кетердей күйеуіне қайта-қайта жалтақтап қарай береді. Онысы да ештеңе емес еді. Зуһра екеуіне көрші бөлмедегі екі жақ қабырғаға сүйей қойылған екі керуетке төсек салған-ды. Әуелі күйеуі барып оң жақ керуетке құлай кет-

кені. Жарық сөнгенше өз көлеңкесінен өзі ұялғандай күйбеңдеп жүріп алған әйелі шам өшер-өшпесте бос керуетті көрмей, «пә, құдайлап» күйеуінің қасына күмп бергені. Бейшара керуеттің былқылдақ торы бауырымен жер сыза тоқтады. Бөлек керуетке жататын әдептен қонақ әйел қандай бейхабар болса, күйеуі тірі әйел бөлек төсек түгілі, бөлек жастық жастанбайтын әдеттен үйренесі әйел сондай бейхабар-тын. Оған қайқы тіс әйелдің біреу қараңғыны пайдаланып күйеуін немденіп қоятындай, жанына барып жарбиып жатып алғаны тіптен сөлекет көрінді. Бәрінен де, бастары төсекке тиер-тиместе сыпсындаса жөнелгендері жынын келтірді. Қайқы тіс әйелдің тек шай ішкені ғана емес, қай қимылы да сырсырп болса керек. Сөйлескені неткен жексұрын еді! Бір уақытта екеуі сыпсындасқандарын қойды-ау, әйтеуір. Бірақ әлгі еңгезердей еркек аузы қалай тынымсыз тапты, солай үйді басына көтеріп қорылдай ала жөнелсін. Оқтын-оқтын ышқынғанда бөренеден қиып салған қарағай үйдің өн бойында қалтырамаған, дірілдемеген ештеңе қалмайтын тәрізді. Құдды бір тау бауырларындағы қалың жыныстан қара қабан шығып кеп үйдің астын қопарып жатқандай. Көз алдында әлденелер ербеңдеп тұрып алды. Көрпесін қанша тарс бүркенсе де ышқынған қорыл құлағын жарып барады. Қайқы тіс қара шұбар әйелдің ештеңемен шаруасы жоқ. Пыс-пыс үйқы соғады. Оқтын-оқтын о да тісін қайрап қояды. Құдды үйдің іші аузы андыздаған жыртқыштарға толып кеткендей. Оның үстіне, есіктің қыр көзіне тастай салған екі етіктің қоңырсық исі аңқиды. «Менсіз де ұйықтап қарқ болғаның шамалы ғой»,— дегендей оқтын-оқтын түнгі аспанды қақыратып самолет ұшып өтеді.

Бұл енді ұйқыдан күдер үзді... Адам деген неткен кінәмшіл еді. Басқа жан-жануар болса ғой бірінің қорылын бірі тыңдап, бірінің исін бірі жұтып жата берер еді. Ал, адамға бас-басына дара жай, дара тыныштық, дара бап керек. Онсыз тірлік тірлік емес. Мынандай бықсып жатқан өмір өмір болып па!

Зуһра сол күні көрер таңды көзінен атқызды.

Таңертеңгі шай кешегідей емес асығыс ішілді. Асығыс шай батпады ма, екі мейманның маңдайынан кешегідей ағыл-тегіл тер көрінбеді. Дастарқан жиналар-жиналмаста екеуі орындарынан көтерілді. Әуелі қыпақтасып бір-біріне қарады, сосын жылтырақ шифоньердің бөксесін айқара құшып, былқ етпей жатып алған ала

қапқа қарады. Ақыры сол қипақтасқан қалыптары есіктен шығумен болды. Зуһра терезеден қонақ әйелдің қайқы тісі күнге шағылысып, күйеуіне бірдеңе деп сөйлеп бара жатқанын көрді. Кеше қақ төрде ығымен төбені тірердей боп отырған алпамса еркек қазір шөкімдей боп шөжіп кетіпті, аяғын әрпіл-тәрпіл алады.

«Бұлары кім болды? Нағып жүргендері?» — деген сауал Зуһраның ойына енді түсті. Өз төңірегінде дәл мұндай майтымақтар жоқ сияқты еді. Шамасы, бұл туды-бітті көрмеген Жәнібектің ағайындары болмасын...

Одан әрі қарай қаузап жатуға, аркасы құрғырдың қояр да қоймай дуылдап ала қайқайғаны.

Өліп-талып ваннаға да жетті-ау ақыры. Кіре-сала душты ағытып еді, тұла бойында түні бойы сайрап шыққан құмырсқа ма, маса ма, бөгелек пе — әйтсуір тұмсықтары біздей көп жебір бет-бетіне безе жөнелгені. Жаны сонда барып жай тапты. Иіс сабынды аямай езе түсті. Сол бір ақ шаңқан көбіктер тәніне тосын жабысқан жымысқы ластықты үдере қуып жатқандай... Уһ, оңаша деген осы екен ғой!» Кешелі-берлі «осы мен не істеп қойдым» деген күдік пен көлденең көзден қымсынған ұят деген қызыл көз пәле алма кезек азаптап келген көкірегіндегі көп түйткіл де ыдырайын дегендей.

Мамық жамылғыға оранып ваннадан шықты. Төсегіне кеп құлады. Терезені тас қып қымтап қойған. Алакөленке бөлмеде жалаңаш денесі кешелі бері талап шыққан беймәлім жебірлерді біржолата ұмытып кенеліп жатыр. Бірақ, әлі де бірдеңеден елегізітін сияқты. Ол не? Анық білмейді. Анық білетіні — осындай оңашалықтан асқан рахат жоғы. Көлденең көз бар жерде кісі өзінен-өзі қысылып, қымтырылып бітеді. Ең болмаса, өз денесіне өзі не бола алмайды.

Зуһра өзінің әдемі екенін жұрттың телміре қарағанынан сезетін. Бүгін енді өз көзімен көріп жатыр. Керуеттің аяқ жағына асып салған кішкене башпайлары бұлтыя-бұлтыя қалыпты. Күреңіткен балтырлары түптүзу, топ-толық. Бұлт-бұлт еткен бұлшық еттерде осы қазір атып тұрып, әлдеқайда тарта жөнелуге әзір өжет қайрат тұргандай. Екі омырауы да көтеріліп басылып, көтеріліп басылып тыным таппайды. Әбден сүлдері құрып, сүре жығылғандай еді. Енді, міне, бүкіл денесі тыныштық емес мынау тұнып тұрған тылсым сұлулыққа жан бітіретін үрдіс, күрт қозғалыс іздейтіндей. Анау екі балтыр, мынау секең-секең екі көкірек, аршын төс омырауы, қос білегі, қаз мойны, бос жіберген қолаң шаш

ұйпалай қыдықтаған екі нығы — күллі тұла бойы түптүгел кешегі түндегідей, кешегі далада өткен таң алдындағыдай жан ұшыра қимылдар арпалыс іздеп жатқандай. Олар үшін рахат мынандай маужыр тыныштық емес, сүйек ұнтап, сіңір шыратар алапат қозғалыс сияқты. Ол көп нәрсеге енді түсінгендей.

Ала көлеңке бөлмеде әлдекім бұның ойын танып қап, мырс етіп күліп жібергендей болды.

Сол-ақ екен тұла бойы дуылдап қоя бергені. Орнынан атып тұрды. Ақ жамылғы төсекте қап қойды. Қарсы алдындағы шар айнадан әлдене оқыс жалт етті. Таңданып тұрып қалды. Өзін-өзі бұлай бірінші рет көруі. Қенет екі бетіне лүп етіп қызыл жүгірді. Алақтап терезеге қарады. Шынылы рамада Жәнібек бір жақ мығына зіл жиып кекете күліп тұр екен. Қалай жұлып алғанын өзі де білмей қалды. Анадай жерде қобырап жатқан көп кірдің арасына тыға салды. Тұла бойын дүр түршіктірген әлгі бір беймаза сезім сонда барып басылды. Төсегіне қайта құлады. Сол ұйықтағаннан ертеңіне таңертең бірақ тұрды.

Шынында да... Ойда жоқ басталған осы оқиға тап бұлай аяқталады деп кім ойлаған. Түс қайта, неге екені белгісіз, Зуһраның қараптан қарап іші пысады. Бастық кісі қабылдамайтын күндері түстен кейін көбіне-көп жоғары мекемелерге кетеді, не осы кеңсенің ішіндегі адамдарды шақырып алып сөйлеседі. Сырттан ешкім келмейді. Өзінің бет-аузына телміріп қабылдау күтіп отыратын бөгде көздің жоқтығынан ба, бұл қайта-қайта есінеп, қараптан-қарап ұйқысы келеді. Ондайда терезенің алдына барып көшеге көз салады. Өткен-кеткен әйелдердің киіміне қарайды. Бұлардың мекемесі орналасқан еңселі үйдің алдына кеп зу-зу тоқтап жатқан жеңіл машиналарды қызықтайды. Олардан түсіп жатқан кісілердің бәрі асығыс. Келген бетте-ақ ішке зып береді. Ал, осы кеңседе боп, кері шығып жатқандардың бәрі керден. Гранит баспалдақтан төмен түссе, аяғын сулап алатындай, қашан машинасы қарсы алдына кеп тоқтағанша әдейі тосып тұрады. Шофері ашқан есікке кіріп бара жатып та артына бір қарап алады. Әне, жалт-жұлт етіп бір қара машина кеп тоқтады. Одан да бір қозы қарын жылтыр еркек шығады да, тас баспалдақты тық-тық басып, кірер есікке жүгіреді... Жоқ, міне, қызық... Әлгі қара машинадағы ақ самай сыптығыр еркек шығайын ба, шықпайын ба дегендей есікті ашып қойып біраз отырды. Бір уақыттарда барып керіліп-со-

зылып сыртқа шықты. Маған қарап тұрған ешкім жоқ па екен дегендей самсаған терезелерге салғырт көз тастады. Сосын барып жүріп кетті. Аяқ басқаны керден. Мәрмәр сатыға өкшесін қадап шегелеп басады. Осылай беттеп келеді. Міне, бұлардың есігінің алдына кеп кідірді. Жұлқып ашты та, табалдырықтың аржағында екі қолын екі жаққа жайып жіберіп тұрып қалды. Басқа еркектердей танданып тұрғанын жасырмады.

— Міне, перизат! — деп таңдайын қағып қойды.

«Міне, еркек»,— деп ойлады бұл ішінен, жымия күліп.

Сосын ішке озып, дәл бұған қарсы тұрған креслоға кеп отырды. Үстіндегі жылтырақ костюмнің қалтасынан сыртына алтын шайып өрнек салынған мүйіз шақшасын алды. Алақанына насыбай төгіп, бармағымен бірер жаншып, аузына ытқытты. Сосын тостағандай көзін әрлі-берлі төңкеріп, бұны шолып шықты. Тостағандай тостағандай көздері өңменіңнен өтіп барады. Қыр мұрны да ұстараның жүзіндей. Жылмита тараған қырау самайы бұл бірдеңе десе, тебен инедей тікірейіп өре түрегелетіндей. Бұл қапелімде төмен қарап кетті. Тесіле телмірген өткір жанар бет-аузын, мойнын, ашық омырауын, екі жалаңаш білегін, көкірегін, қыпша белін дейін түгел тінтіп шықты. Ауыз тұсы мен жұмыр иегіне келгенде сұғанақ көздер сүліктей қадалып тұрып алды.

Солай біраз тым-тырс отырды да кенет:

— Қызым, Күзембаев өзінде ме? — деп сұрады.

— Өзінде.

— Ендеше, қызым, профессор Себепбаев қабылдау тосып отыр,— деп айта қой.

Бұл столдың тасасынан шығып, бастығының кабинетіне қарай аяқ басуы-ақ мұң, әлгінде ғана қыпша белге кеп кідірген қыдырма көз «өз сапарын» одан әрі жалғастыра жөнелді.

Себепбаев Күзембаевтың қабылдауынан шыққан соң көп кідірмеді. Бұған көзін төңкере бір қарап:

— Рахмет! — деді де шығып кетті.

Арада бір апта өткен соң Себепбаев тағы келді. Бұл жолы қабылдау бөлмеге кідірген жоқ. Бастыққа өтті де, көп ұзамай қайта шықты. Қайта шығып келе жатып, мұның қасына кеп тоқтады. Бір түрлі аяушылық білдіргендей басын шайқады. Тез жылырылып, тез жазылып

кететін езуінде де ана жолғыдай жымысқы күлкі жоқ, шын аяныш тұр. Бұл оның күлімдей қарайтын қой көзіне тіктеліп қарай алмады. Қараса — не көрінетінін кім біліпті.

Құлағына толқи шыққан бнязы дауыс келді.

— Көптен таза ауада болмағаныңыз көрініп тұр. Өңіңіз қуқыл. Бүйте берсеңіз алтын денсаулықтан айырыласыз. Шамасы, сіз күні бойы мынау тар бөлмеге қамалып, бөтен жұрттың демімен тыныстайсыз. Сосын үйіңізге барып, өзіңізді өзіңіз абақтыға қамайсыз. Жоқ, бұлай етуге болмайды. Сіз өзіңіз қырғауыл көрдіңіз бе? Айттым ғой, көрген жоқсыз. Дүниедегі ең қырғауылы көп өлкеде тұрып, әлі күнге сол пейіш құсын көрмесеңіз, ертең о дүниеге барғанда мен де тіршілік құрдым, өмір сүрдім деп қалай айта аласыз. Жоқ, мұныңыз болмайды екен. Сіз қырғауыл көргіңіз келе ме? Ендеше, ертең машина жіберейін. Бір күніңізді қиып, барып, қырғауыл көріп, таза ауа жұтып қайтыңыз.

Бұл көзін жерден көтергенше ол есіктен шығып үлгеріпті. Емен есік жақтауға тиіп, тарс ете қалғанда, бұның басы зеңіп, көз алды шыр көбелек айналып бара жатты. Көз алдында қырғауылдың қанатындай қызғылт, көгіс, жасыл жолақтар ойнап тұрып алды.

Сол күні түсінде де қырғауыл көріп шықты.

Ертеңіне жұмыс аяғында бұл отыратын терезенің алдында қайқаң етіп қара машина тағы тоқтады. Бұл жасқана басып қасына жақындады. Рульде күндегідей шофері емес, өзі отыр.

Ол жолы Зуһраның қырғауылдың өзі түгілі көлеңкесін де көре алмағаны аян.

Содан Зуһра сыртқа шықты-ақ бұрынғыдай жұрт көзінен тайсалмайтын болды. Қайта көзінің астымен жұрттың бетін тінткілеп бағады. Әсіресе, қарсы жолыққан еркек болса, қағыс жібермейді. Олар шынында да, бұнда алмақтары бардай-ақ сұқтана қарайды екен, Әне, тақ атпай газетке басын көміп алған оқымыстысымақтың тұсынан өте бергенде, бұған көзінің бір түсуі мұң екен, бажбиды да қалды. Енді қолындағы газетте «әкең өлді» деп жазылса да, қайта қарар түрі көрінбейді. Ана бір аялдамада тұрған қалқан құлақтың аузы ашылып қапты. Бір жымпып еді — қалқан құлақтың беті табан астында күреңітіп жүре бергені. Әне бір шегір көз де жер түбінен тесіліп тұр. Бұл жалт қарап еді — алқымы алаулай қызарып, теріс айналып кетті.

Әдемі әйелге еркектің мінезін білу де онша қиын емес екен.

Еркекті тану үшін сұлу әйелге көзін ойнатып, ерніп жылмитқаннан артық қимыл, артық еңбектің қажеті шамалы. Соның өзі-ақ талай-талай талтаңбайдың көкірегінде не бар, не жоғын қолмен ұстатқандай жарқыратып жайып салады. Бір жымиғаныңнан-ақ көзін алып қашып, қызара жөнелсе — ұялшақ. Өзің қуаламасаң, ол қуаламайды. Жымиғанында ыржандап, соңына еріп, артынан сырт айнала беріп, қабағыңды түйгенде әлгі екі езуі екі құлағындағы жайраң күлкісі жым-жылас жоғалса — қорқақ... Жымиғанында тұра ұмтылып, қабағыңды түйгенде одан сайын өзеурей жөнелсе — әумесер... Жымисаң жымиып, қабағыңды түйсең жік-жаппар боп, бәрібір соңыңнан қалмайтындар — нағыз су ауыз сүмелектер. Олардың сезімі балықтың майындай күлімсі де жылымшы, олардың сүйгені сүліктің қадалғанындай жиреніште де қорқынышты. Жылмиғанында жылпылдап, қабағыңды түйгенінде жаутаңдап, қайтадан қабағың жадырағанда қайтадан құрақ ұша жөнелетіндер нағыз ұзын бұйда, кең тұсау бозтайлақ бозымбайлар. Олар қайда жетелесең, сонда жүреді. Әйелдерді өзін-өзі ұмытып беріліп сүю, әйел жолында басын жоғалту тек сондайлардың ғана қолынан келеді.

Зуһра қазір қай еркектің қандай екенін бетіне бір қарап-ақ айтып бере алады. Ала қызба ала бүлік, э дегеннен әупірімдей жөнелетін әңгүдік, қимылының бәрі сағыздай созылып, бір-ақ бір жабысса, қашып құтыла алмайтын жылмысқы, тап беруінен жалт беруі тез жылпос, емеурінінде-ақ өліп-өшетін елпекбай, сыздаймын деп отырып қаралай іш пыстыратын кергіме, жаутаңымен-ақ жалыныңды сөндіретін ынжық... Құдай тағала, еркек деген немелердің сорттары қандай көп еді!

Осынау көш құлаш сорттаманың еш тармағына жатқыза алмайтын екі-ақ еркегі бар. Біреуі — Себепбаев, екіншісі — Күзембаев. Екеуі де былайғы жұртқа атымен ұқсамайды. Себепбаевты көргенде Зуһра өзге еркектің ішіндегісін айтпай біліп отыратын көріпкелдігінен табан астында айрылады да қалады. Тіпті бетіне жөндеп қарай да алмайды. Жастарындағы жер мен көктей айырмашылық па, атақ-дәрежелеріндегі жер мен көктей алшақтық па, жоқ баяғыдағы алғаш жолыққанда-ақ айтқанын екі етпеген ағаттығы ма, әйтеуір оның бірден пысы басын кетеді. Оның қай қылығына да тек аузын ашып таңырқағанды ғана біледі.

Ол жүртқа ұқсап көлденең көзден қымсыну дегенді білмейді. Дырду жиында отырып, кенет көзі түседі де:

— Ә, қызым, бері кел,—деп қасына шақырып алады.

Сосын қайта-қайта жымиып қарай береді. Ол қараған сайын бұның көкірегіндегі әйелге тән тақаппарлықтың асқар тауы өз-өзінен мүжіліп құлай береді, құлай береді.

— Қарындас, мына ырду-дырду басыңды ауыртқан жоқ па? — деп қояды арасында.

Бірінші үзілісте-ақ:

— Зуһражан, менің бір шұғыл шаруам боп тұрғаны. Шығарып салмайсың ба? — дейді.

Сүйтіп, тайдай талтүсте қарайған халықтың көзінше машинасына отырғызып ап тайып отырады. Оның «қызымдап» басталған әңгімесінің атыңды атаумен аяқталғаны дегеніне жеткені деп біле беріңіз.

Ол мұның үйіне де тапа тал түсте келеді. Машинасын аулаға тықпай, дәл терезенің алдына, көшеге қояды.

Оның еркелеткені де біртүрлі. Жұрт көзінше «қызым», «қарындасым», «Зуһражан» деп сызылып отыратын кісінің тәтті тілі оңаша жерге келгенде тым кедірбұдыр. Кекетіп отырғанын, не қошеметтеп отырғанын аңғару қиын. Қайдағы бір киттұрқы әңгімелерді қоздатады.

Зуһра оның аузына караймын деп отырып не істеп, не қойғанын білмейді. Әйтеуір, бір уақытта сыртқы есіктің ілгіші сылдырап, әлдекімнің шығып бара жатқанын аңғарады. Әйтеуір, бір уақытта терезесінің алдында қаңтарулы тұрған қара машинаның жым-жылас жоғын көреді. Әлгінде ғана құшағын толтырып балқытып бара жатқан ыстық салмақтың орнына сылдыр-сұйық ауаны ғана құшақтап қалғанын сезеді. Сол бір сәтте көкірегіне аш мысық кіріп кеткендей әлдене қан қақсата тырнап алады. Көзі дымданып сала береді. Өкпе деген нәрсенің өзі де ащы көз жасына шыланған өкініш, ыза екенін сонда барып түсінеді. Енді көрсе бетіне қарамастай, тіл қатпастай боп бекініп-ақ бағады. Бірақ кездессе болды, қайтадан оның аяғына қалай құлап қалғанын өзі де сезбей қалады.

Зуһраның бұл жүрісіне қызықпаса, құстаналайтын ешкім көрінбейді. Себепбаевтың тұрғыластары: «Е, Зуһра, есенсіз бе?» — деп құрақ ұшып тұрғандары. Ал, заманында көрікті болған егде бәйбішелердің Себепбаев туралы: «Нағыз жігіттің сұлтаны ғой!» — деп тамса-

на мақтап отырғандары. Оны естігенде неге екені белгісіз, ішін ит жыртқандай болады. Бірақ, артынан өзіне де сұқты көздерін мірдің оғындай шаншп қадап отырған ғылым қуған қыз-келіншектерді көргенде, қайтадан арқасы кеңіп қоя береді.

Себепбаев ондайда түк көрмегенсіп маңқия қалады. Әйтеуір, ол минут сайын бұл таңғалатын бірдеңені ойлап табады да тұрады. Ал, Күзембаевтың сол баяғысы... Бұны көрсе, шашының арасындағы құйқасына дейін ду қызарып шыға келеді. Жарғақ құлағы одан сайын қалқия түседі. Түймешектей кішкене көкшіл көзі табан астында мөлт-мөлт тамшыға айналып, дәл қазір жерге ағып түсетіндей. Таңертең кабинетіне кіріп бара жатып, бұны көріп, қалт тұра қалады. Жұмыс аяғында кабинетінен шығып келе жатып, бұны көріп қалт тұра қалады. Жұмыс уақытында бұл қабылдауға кім келіп отырғанын хабарлай кіргенде де, құлағы ду қызарып, орнынан ұшып тұрады. Сөйлегенде де ерніне бала кезінен орнап қалған бір тәтті шырынды талмап тұрғандай, ыңырсып бипаз сөйлейтін.

Неге екені белгісіз, Зуһра өз бастығын көрсе болды, жаны ашып қоя береді. Көзі жоқта, ойына түссе, күлкісі келеді. Бірақ, еркектерді сорт-сортқа бөліп қойған сан алуан «полкалардың» ешқайсысынан, Себепбаев сияқты оған да еш орын таппайды. Шамасы, пәлен деп, түген деп басыбайлы атақ тағуға қимайтын тәрізді.

Сүйтіп жүрген Күзембаев оны бірде қатты таңғалдырсын. Жексембінің таңы-тын. Сәске шамасында бұның терезесінің алдына Себепбаевтың машинасындай көшқұлаш жылтыр қара машина кеп тоқтағаны. Бұл еленděп орнынан көтерілді. Машинаның алдыңғы есігінен міне, керемет... Себепбаев емес, Күзембаев шықты. Сосын артқы есікті барып ашып, ішінен еңкейіп бұжыр-бұжыр сары чемодан алды. Оң қолының қарына малынған сұр брезент плащ асынды. Шоферға қолын көтеріп әлдене деді. Машина орнынан жылжып жүре берді.

Күзембаев дәл бұның үйіне беттеп келеді. Аяқ басқаны нығыз. Ылғи ұйпаланып жататын селеу сары шашы мандайының бір жартысын ғана жасырыпты.

Кенет қақпа ашылды. Сыртқы есік қағылды. Зуһра, қапелімде, тамағы құрғап, не дерін білмеді. Күзембаев жауап тосып тұрмастан есікті серпіп ашып ішке кірді. Ортаңғы бөлменің табалдырығынан аттай сала, қолындағы чемоданды босағаға қойды. Оның үстіне плащын,

плащының үстіне қалпағын тастады. Сосын қабырғаға тірей жағалай қойылған көп орындықтың шет жағындағысына тізе бүкті. Көзіне түсіп кеткен шашын алақанымен сипап кейін қайырды. Көйлегінің жағасы мен галстугын бір сипап өтті. Үлкен кеңсеге шақырылғанда ғана өстуші еді. Өзі үстіне қылау тигізбейтін. Жалпы, Зуһра ұқыпты адамдарды ұнатады. Бәлкім, Күзембаевты көргенде күлкісі келе тұрып, біртүрлі іші жылып қоя беретіні де оның осы сипаншақтығынан шығар.

Күзембаев бұның бетіне қарады. Екі торсық шекесі ду қызарып барады. Жөткірініп қойды. Даусы орнықты шықты.

— Зуһра, мен көптен ойымда жүрген бір тәуекелге бүгін бел буып келдім. О баста ұнатып қалғанымды өзің білесің. Бірақ, дәм-тұзың Жәнібекке бұйырды. Жолдарыңда тұрғаным жоқ. Марқұм мені кешіретін шығар. Мен енді осында біржола келдім. Бұл қылығымның арты неге апарып соқса да пейілмін. Тек сен келіссең болғаны.

Сосын пышақ кескендей тыйыла қалды. Зуһра бәрін естіп отыр. Өйткені, Күзембаевтың бүйтіп ұзақ сөйлегенін бірінші рет көріп қызықтап тыңдады. Бірақ, бір сөзін де ұққан жоқ. Әлгінде Күзембаевтың аузын ашып сөйлегеніне таңғалса, енді кенет пышақ кескендей тыла қалғанына таңырқап отыр. Оның мына жүрісі не жүріс? Артынып-тартынып жүрген чемоданы, плащы, қалпағы несі?

Күзембаев әйтеуір осылай күлдіреді де жүреді. Әйтпесе, бір қалада тұрып, бұған командировкада жүрген кісідей чемодан арқалап келгені несі? «Әпенде гой, әпенде»... Әуелден солай еді, әлі солай. Ана қарашы, бұдан көзін айырмай, жауап тосып отыр? Не демек? Көгілдір көздері одан сайын кішірейе түсті. Баяғыда вокзал басындағы Әлібектің дәл осындай монтаны жанары есіне түсті. Неге екені белгісіз қинала күлді. Еркектердің осылай қараганын көрсе, күлкісі келеді де тұрады.

Терезеден қара көлеңке салқын бөлменің ішін дүр шағылыстырып жарық түсті. Шақыр ете қалған тормоз даусы шықты. Себепбаевтың жүрісі. Орнынан ұшып тұрды. Терезеге беттеді. Күліп жіберді. Екі ныгы бұлкілдеп ұзақ күлді. Себепбаевтың сол баяғысы. Дүниенің бәрі соған қарап тұрғандай сәндене шықты. Машинасының есігін кілттеген жоқ. Шалшық кешіп келе жатқан көк құтандай қаздаңдай басып үйге беттеді. Ауланың қақпасын аша беріп, аузындағы насыбайын тротуарга

түкіріп тастады. Неге екені белгісіз, Зуһраны күлкі қысып барады. Екі нығы бүлкілдеп әлі күліп тұр, әлі күліп тұр. Тіпті көзінен жас та шығып кетіпті. Үйдің іші бұлдырай бастады. Әлгінде ғана сыртта қаздандай басып келе жатқан әупірім еркек мысық табандап жанына кеп, ту сыртынан құшақтай алғанда ғана, көзін осы қазір Күзембаев отырған орындық жаққа аударды. Бірақ, Себепбаевтың қаусыра құшып, үстіне төніп келе жатқан қапсағай нығы жақында тазартылған төбенің ақшақкан сылағынан басқа ештеңені аңғартпады.

Күзембаев сол жоғалғаннан мол жоғалды. Зуһра келесі күні жұмысына барғанда бастығының орнында жоқ екенін бір-ақ көрді. Оған жұрт таңқалғанмен бұл таңқалмады. Күзембаевтың сол жолы астанадағы айтулы қызметін тастап, жапан түзде ашылып жатқан жаңа өндіріске өзі сұранып кеткеніне әркім әркілы тон пішіп жатты. Бұл ешкайсысына құлақ салған жоқ. Арада бірер ай өтпей жатып жаңа бастық келді. Оған да жұрт таңқалғанмен, бұл таңқалған жоқ. Жұрты құрғырдың таңқалмайтыны болсайшы, сірә. Анада: «Күзембаев қалай кетті?» — деп таңқалып еді енді: «Мынау қалай келді?» — деп таңқалады. Олар үшін дүниеде орынды, заңды ештеңе жоқтай. Ал, Зуһра мына дүниеде Себепбаевтың қылықтарынан басқа ештеңеге де таңғалмайды. Жаңа бастық келген бетте бұған май көрген мысықтай жылмия қарап жүрді. Артынан бұның бүлк етпегенін көріп, жүндес қабағының бар қылшығын түгел тікірейтіп, тыжырына қарайтынды шығарды. Сөйтіп біраз кергіп көрді. Себепбаев кабинетіне кіріп шығып еді, жаңа бастықтың жүндес қабағы жұмсақ алақан аялаған бала мысықтың жон терісіндей жылмиып сала берді.

Содан Зуһра Себепбаевтан басқа ешкімді де көзге ілмеді. Себепбаев өле-өлгенше бұны таңқалдырып өтті. Тіпті өліп жатып та таңқалдырды. Алыс бір жаққа командировкаға кеткен Себепбаев көшеде машинаның астына түсіп капты. Ол хабар құлағына тигенде, бұл сенбей қойды. Қайдағыны шығармаса басы ауыратын Себепбаевтың кезекті бір қылжағы деп ойлады. Оның табыты әкелінеді деген күні аэропортқа әдеттегісіндей көпілді барды. Орталық қаладан келетін ауыр самолет ыңырандып зорға қонды. Тоқтаған соң көпке дейін есік ашылмады. Трап аэродромның екінші бір шетіне қонған басқа самолетке кетіп қалып, көпке дейін босамай қойды. Жұрттың көзі елден ерек дөңкиіп тұрған үлкен са-

молетте. Зуһра да соған телміре қарап қалған. Бір уақытта барып жүрт шұбатылып түсіп жатты. Шұбырып аэровокзалға беттеді. Қасында тұрғандар самолеттен түскендерді шеттерінен құшақтай ап, сүйісіп жатты. Жабыр-жұбыр. Абыр-сабыр. Бұның көзі әлі самолетте. Жұрттың бәрі түсіп болды. Бірақ, салондардың есіктері үңірейіп әлі ашық тұр. Сол қарауытқан есіктердің аржағында Себепбаев тығылып отырғандай. Мына жүрт қайтер екен деп әдейі істеп отырғандай. Қазір жалт етіп шыға келетіндей. Қасына кеп бұны құшақтай алатындай. Жұрттың қарап тұрғанымен шаруасы жоқ, шап беріп ерніне жабысатындай. Бірақ... әне... есіктер жабылды Қаз-қатар қойылған екі трап самолет баурынан баяу жылжып алыстай берді. Үлкенді-кішілі самолеттер самсап тұрған бетонды алаңда қырық ұйытқып ойнақтап жүрген ызғарлы жел мұның маңдайына, екі бетіне, ерніне сүлікше жабыса кетті. Тіпті жылмаңдап омырауына еніп барады. Бұл жағасын көтеріп алды. Абажадай самолет жаққа тағы көз тастап еді, бес-алты жеңіл машина зуылдап барып қасына тоқтады. Олардың соңын ала жабық қара машина жетті. Ол самолеттің екінші жақ бүйіріне кіре тоқтады. Жеңіл машинадан түскендер де сол жабық машинаның қасына топырласа қапты. Біраздан соң жабық машина орнынан қозғалды. Оның соңына жеңіл машиналар ілесті. Ұзын тізбек бетон алаңның әлде бір шет пұшпағына қарай шұбырып кетіп бара жатты. Түкке түсінбеген бұл таксиге тәлтіректеп зорға жетті. Әлгінде омырауын қармай алған өткір суық көкірегінің басына мәңгі орнап қалғандай.

Ертеңіне абажадай самала залда қақ ортада қарамен жиектелген қып-қызыл табытта жатқан кісіні көргенде көкірегі дір ете түсті. Мынау мөлттей қара костюм киіп, қылғынтып қара галстук тағып алған жіңішке адам Себепбаевқа тіпті ұқсамайды. Ол бұлай төс жағының бар түймесін түгел салып көрген жоқ. Ол ешқашан қара костюм кимейтін. Оның омырауы қашан көрсең де ашық тұратын. Өзі қайдағы бір жылтырақ, алабажақ киімдерге әуес-ті. Тап мынандай боп сіресе қалуы тіпті де мүмкін емес. Жоқ, жоқ... Себепбаев мына жұртты тағы да қылжақ етпекші. Басқа бір мүрдені өзі қып табытқа сап жіберген. Сосын өзі бір жерде ешкім білмейтін бейтаныс біреу боп қалып қойған. Бірақ, мынау бастарын төмен салып ілбіп бара жатқан көп шұбырындыға ол енді жоқ, анау табыттың аяқ жағында қаралы киім киіп, қаз-қатар тізіліп отырғандарға ол енді жоқ.

Бұған да ол енді жоқ. Қылжақбас неме бәрін сазға отырғызып кетті. Бұл жұртта көз бар ма өзі? Себепбаев мынандай шақша бас па еді. Оның мандайына анандай соққы тиюі мүмкін бе? Ешкім оның бетіне жел болып келмеуші еді ғой. Жиналыстарда оған қарсы жаңғыз-ақ бір жаңғалақ шал сөйлейтін. Оның да сөзін ешкім құлаққа ілмейтін. Қайта қойға кірген ешкідей қып мазақтап бітетін. Табытта жатқан кісінің қақ мандайында қатты соққыдан қап-қара дақ тұрып қалыпты.

Қап, антұрған Себепбаев-ай! Бұл енді мына дүниеге қалай сыя алады? Өңмендей, өзімсіне келетін ол жоқ жерде осынау жетім көжектей дір-дір еткен құбақай тірліктен қайтып іші пыспайды. Қап, су жұқпас неме-ай. Бұдан да жас, бұдан да сұлу біреу қармағыңа ілікті-ау. Бүгін қара құрым жұрттың ішінде қара киген әйелдер неткен көп. Бәрінің де байы өлген бе... Бәрі де табыт жаққа елжірей қарайды. Бәрі де заманында бола қалған өңді әйелдің сыңайын танытады. Бұған көздері түсті-ақ, шеттерінен жиырылып қоя береді. Езулерінде кекесін, көздерінде ыза тұр. Е, енді түсінді. Бұлар мұның өзі білмейтін күндестері екен ғой. Қара салмай келгендеріне ыза болып тұрғандары екен ғой. Тойға келгендей сәндене киінген бұны атарға оқтары жоқ. Мейлі. Бұл Себепбаев өлді дегенге сене алмайды. Сондықтан да қара кие алмайды. Себепбаев... Себепбаев... Сен тірі де бұдан жақын, бұдан жақсы көретін ешкімің жоқ сияқты еді ғой. Енді, міне, өтірік табытыңа өңмендескен мынау тобыр мұны тіпті маңайлататын емес. Бәрі сенің әлгі өтірік табытыңның үстіне түсіп, өліп-өшіп жатыр. Әне, бәрі соған ілесіп, азалы шеру тартып, залдан шықты. Әне, бәрі машиналарға таласа-тармаса, зиратқа беттеді. Әне, бәрі жаңа қазылған жас топырақ төмпектің қасына топырласа тоқтады. Әне, бірінен соң бірі ортаға шығып ап, сұқылдасқан сумақай еркектердің су төгілмес жорға сөзіне мырс-мырс жылап тұр. Әне, көрге түсіп бара жатқан тақтай табыттың соңынан жапатармағай топырақ лақтырысып жатыр. Әсіресе, әлгі қара киген әйелдерде ес жоқ. Бұны мен сенің араңа тек өздерін ғана емес, мынау қара жерді де кесе көлденең қоймақ. Арт жақтағы бұған: «Қап, бәлем, қалай екен!» — дегендей оқты көздерін атып-атып жалт-жалт қарап қояды. Өндерінен бір кезде өздері айырылған Себепбаевтан бұның да айырылып қалғанына масаттанған табаның оты ұшқындайды.

Әй, әйелмісің деген-ау... Талай жерде тақырға отыр-

ғызып кеткен Себепбаевқа әлі күнге сенеді-ау, бұлар. Ол қу бүгін тағы да тәлкек қып отыр. Тағы да бір ашық ауыз ұрғашының уызын сарқып, мынау «ой, бауырымдап» өкіріп жатқан пәтуасыз тобырға миығынан күліп, сайранды салып жүр. Көрерсіңдер де, білерсіңдер — тап солай. Әттең, шіркін, оның басын айналдырып алған әлгі бір ұрғашыны көрер ме еді. Бірақ, ұрғашының басын ол айналдырмаса, оның басын ұрғашы айналдыра алар ма! Мына бір қара киіп қақшаңдап жүрген жетесіздердің түсінбейтіндері сол ғой. Бұл оның басын айналдырып алғандай көреді. Өздері сияқты бұның да басын ол айналдырып алғанын қайдан білсін! Енді, міне, бұны ол да тап соларға ұқсатып тақырға отырғызып кетті. Жоқ, жоқ, мүмкін емес. Себепбаев мұның жолында талай нәрсеге барған-ды. Талай-талай ұлық дастарқаннан тұрып кетіп мұның құшағына кіретін. Талай-талай айтулы жиналыстарды тастап, қасына кеп қисаятын. Оның тағы да сондай қылжаққа көңілі ауған ғой. Мұнда жұртты мынандай әбігерге сап, өзі анда мұны күтіп жатқан шығар. Себепбаевтан не шықпайды, о да шығады.

Ол неғұрлым дәрежесі асқан еркектер мен ажары асқан әйелдерді көрсе, алақанына түкіріп бағатын. Бастарын жыпша айналдырып, білгенін істейтін. Сол су жұқпас Себепбаевтың көңіліне бүгін де бір сайқымазақ қашқай да!

Көкірегіне түнде аэропорт басында қадалған шаншу енді басылайын деді. Әлденеге табаны қышып тұр. Ол мынау дырдудың тезірек аяқталғанын тықырши күтті. Үйіне де алып-ұшып зорға жетті. Ауланың қақпасы ашық қапты. О тоба! Себепбаев шынында да, үйінде мұны тосып отырған болар. Мойны, омырауы албырап сала бергені. Қазір қарсы алдынан атып шығып, айқара құшатын алапат қызу бетін шарпығандай. Екі тізесі дірілдеп, ішке зорға енді.

Міне, қызық есіктің алдында крокодил терісінен тігілген су жаңа, жалтырақ чемодан тұр. Қасында ешкім жоқ. Аңырып тұрып қалды. Бақшаның түбінен әлдекім ысқырғандай болды. Құйқылжыта ысқырады. Себепбаевтың ысқырғаны, тап сол. Ақ аулай барғанда кешкұрым айдалада от жағып, қырғауыл асып отырып, тап солай құйқылжыта ысқырушы еді. Бұл сонда сықыршының арбауына түскендей аузын ашып қалатын. Себепбаев сүйтіп әндетіп-әндетіп алады да, тына қалады. Әлдеқайдан тамылжытып бұлбұл сайрайды. Өзін-өзі ұмытып еліте әндетеді. Бұлбұлды тыңдағанда Себепбаевтың

бет-аузындағы әлгі ойнақылық жым-жылас жоғалып, сұрғайып сала береді.

— Зуһражан!

Сел етіп басын көтеріп алады.

— Бұлбұлдың неге әдемі сайрайтынын білесің бе?

Басын шайқап, күлімсірейді.

— Өйткені, ол өз әнін өзі ғана тыңдайды. Өзгелердің тыңдап отырғанын сезбейді. Өзгелерден қысылып-қымтырылса ,олар не ойлап отыр екен деп алаңдаса мынандай құйқылжыған әдемі ән қайдан шықсын! Кісі бақытты болуы үшін не ешкіммен ешқандай шаруасы болмай саяқ жүруі керек, не жұрттың пыс-пысына пысқырмауы керек. Онсыз бүгежектеп бауырыңды жаза алмайсың. Ал бұқпантайға бақыт бұйырушы ма еді! Солай, Зуһражан!

Ай, Себепбаев, Себепбаев... Жүрген жерінің бәрі қызық... Былайғы жұрт бір бөлек те, ол бір бөлек.

Міне, қазір де ол мынау оңаша бақтың бір түкпірінде қайдағы бір қиямпұрыс ойға беріліп тұрмағанына кім кепіл! Бәлкім, анау зират басындағы маңағы бір опыр-топырға мысқылдай күліп тұрған шығар. Себепбаевтың көңілденгені де қызық. Жұрт сияқты жадырамайды, қабағын тарс түйіп алады. Екі шықшыты ойнақшып шыға келеді. Ал, ашуланғанда бетегеден бұлық, жусаннан аласа бола қалады. Даусы жұп-жұмсақ. Сөзі мап-майда. Жүріс-тұрысының бәрі сып-сыпайы. Сөйтіп, қуанышы мен ренішінің өзі ешкімге ұқсамайтын Себепбаевтың өлімі жұртқа ұқсайтын ба еді. Оның өлімінің әлгіндей ырду-дырду болуы еш мүмкін емес. Себепбаев олай өлмейді.

Алма ағаштар тасасынан шыққан ысқырық бірте-бірте жақындай түсті. Бұл жорта теріс айналып тұрды. Әне, жым-жырт бола қалды. Демек, мұны көрді. Аяғының ұшынан басып жақындап келеді. Ту сыртынан кеп құшақтай алады. Не тап көк желкесінен шөп еткізіп сүйіп алады. Не дік еткізіп көтеріп алады да, жолдың бір иегіне қоя салады, өзі өтіп жүре береді. Қашан атын атап шақырғанша артына бұрылып қарамайды. Көрерсің, қазір де бір қыршаңқылық ойлап келеді. Бұл байқатпағансып, еңкейген боп, бақша жаққа көз тастады...

Анадай жерде иығы сап-сары ала қара киімді бірсу тұр. Зуһраның тұла бойы дір ете түсті. Өңін шырамытатын сияқты.

— Мама...

Бейтаныс еркек ду қызарды.

Құдай-ау, мынау не дейді. Кім мұны «мама» деуші

еді. Естіп тұрғаны осы. Бірақ, бет-әлпеті бір жерде көрген адамына келеді. Әсіресе, жаутаң-жаутаң қарағаны тіптен таныс. Осындай монтаны еркектерге күлкісі келмеуші ме еді. Қара торылығы болмаса, Күзембаевтың баласы деп қалатын екенсің. Бұл күлімсіреген соң, ол бірер аттап қасына жақындады. Жүрісі де біреуге ұқсайды. Жоқ, Күзембаевтай кібіртік емес, Себепбаевтай керден де емес. Ширақ, шұғыл... Әйтеуір біреуден көрген жүрісі. Құдай-ау, кімнен көріп еді... Е, Жәнібек... Нә, нә... Соның жүрісі. Енді таныды. Ол үйге кіріп келе жатқанда да мінбеге шығып бара жатқандағысындай асығыс, шапшаң аттайтын. Киімін де шешпестен қолын сермеп саясат айтып сайрай жөнелетіндей көрінетін. Бірақ, оның көзі өткір-тұғын. Бәрін қойып, мұның әлгі «мамасы» несі!

— Танымай қалдыңыз ба?

Иә, танымай тұрғаны рас.

— Мен, Әлібекпін ғой.

Не дейді... Баласы ма! Оның мынандай боп өсіп кете қойғаны ма! Пәлі, ол кеткелі қашан... Әуелі жүрегі сыздап қатты сағынған, сылынып тек сүйегі ғана қалған... Келе-келе үйреніскен... Кейде түсіне кіретін... Табалдырықтан бері ұзамай «Әйей тәте, мен келдім»,—деп жаудырап тұратын... Бірақ, мынандай емес құйтақандай-тұғын... Қазақша сөйлейтін. Ал, мынау «мама» дейді, орысша сөйлейді... Кейінгі кезде онымен кездесуге қаймығушы еді, салып ұрып жетіп келген күнін қарасайшы! Тізесі дірілдеп барады. Аяғын жерден көтере алатын емес. Бейтаныс жігіт жүгіріп кеп қолтығынан демеді. Қолы қандай қайратты еді, оң жақ бүйірін күйдіріп барады.

Есіктен аттай бере мейман туфлінің шешті. Қоңыр салқын бөлмені бір сүйкімсіз иіс жайлап алғандай. Зуһраның жүрегі алқымына тығылды. Столдың бір басына ол, бір басына мейман отырды. Екеуі қипақтап бір-біріне қарайды. Содан ол кете-кеткенше осылай жалтақтасып отырғандары.

Бұл жұмысқа кете мейман жігіт іске кірісті. Бақшаны тәртіпке келтірді. Дуалды, шатырды жөндеді, үйді ақтап, еденді бояды. Әйтеуір қашан көрсе де үсті-басы балшық-балшық, шаң-шаң болып жүргені. Ол қалпында көргенде Зуһраның бір түрлі іші-бауыры елжіреп қоя береді. Ал, қалай қолы-басын тазалап, жуынып-шайынып, дастарқан басына отырады, солай қайтадан қысылып-қымтырылып бітеді. Өз-өзіне абдырап, қашан тұ-

рып кеткенше асығады. Сонысын сезе ме, мейман жігіт шала-пұла тамақтанып ап, тағы бір ұсақ-түйек шаруаны сылтауратып сыртқа ұмтылады. Үйде де аяғының ұшынан басып, еш дыбысын шығармайды. Тіпті жөткірінбейді де. Бірақ, Зуһра ол келгелі өз үйіне өзі сиюдан қалды. Сәл нәрседен бүгежектейді де отырады. Әр қимылы санаулы. Түнде төсекте де тұншығып бара жатқандай төңбекшіп бітеді. Өзі үйі өзі үшін абақтыға айналғандай. Әсіресе, ауызғы бөлмедегі бәтіңкенің өткір ішсі қолқасын атып барады. Бұрын да осындай қолапса ішстен қашып құтыла алмаған жері бар сияқты еді. Апыр-ау, сол қашан еді... Е, баяғы ала қап арқалаған екеу келетінде екен ғой...

Теңіз офицері жігіт екі аптадай болып, қызметіне қайтты. «Кейде айлап-жылдап елге оралмай қоямыз»,— дейді. «Келініңіз бен екі немереңіз бар»,— дейді. «Хат салып, хабарласып тұрармын»,— дейді. «Бірденеден қардарлық көріп жатсаңыз айтарсыз» — дейді. Айтуын айтады да, қып-қызыл боп ұялады. Тек самолетке шығып бара жатып, бұған томаға көзі түгел мөлтеңдеп, жалтақ-жалтақ қарағаны. Сонда ғана мынау еңгезердей бөтен жігіт баяғы құйтақандай Әлібегіне ұқсап кетті. Сүп-сүйір самолет лып етіп көкке көтерілгенде ғана, мұның көмейін манадан бері тығындап тұрған тас түйіншек лық етіп сыртқа атылғандай, тынысы кеңіп сала берді.

Қоцырсалқын бөлмеге ене бере, аяғындағы туфлиін екі жаққа серпіп лақтырып, керуетке құлай кетті. Жылағысы келеді, көзінде жас жоқ. Тағы да жым-жырт тыныштықпен оңаша қалды. Дүние тағы да кеңіп сала берді. «Шіркін, оңашалық қандай жақсы еді!» Осы сөз алғаш ретаузына Себепбаевпен бірінші жолығыстан қайтып оралғанда түсіп еді-ау. Тағы да Себепбаев... Мынау ұлан-асыр дүниеде содан басқа ой тоқтатар ешкімі болмағаны ма! Көз алдына мысқылдай жымсиып Себепбаев тұрып алды. «Немене, мен өлді дегенге енді сендің бе?»— дегендей кекете күлімдейді.

Содан бұл үйге сыйып отыра алмады.

Тау бөктеріндегі зираттан басын бір-ақ тартты.

Күн тамылжып тұр. Әлде бір әнші құстар құйқылжыта шырқайды. Қайда сайрап тұрғандары белгісіз. Құс емес, ығы-жығы қабірлер арасындағы балапан қайыңдардың майса жапырақтары жамырай ән салып тұрғандай.

Төбенде — күнге шағылысып қарлы шыңдар жарқырайды. Төменде — сол зеңгір тауларды бөктерлеп шашы-

рай орналасқан салқам қала бейберекет түтіндейді. Ештеңені ажыратып болар емес. Үйлерді, көшелерді баттасқан майлақы мұнар көлегейлеп апты. Сол қара кіреукенің астында қалай тірлік етіп жүргендеріне таңғалып тұр. Оның қасында мына зират нағыз пейіш сияқты. «Е, бәсе, жер түбіндегіні көретін Себепбаев бірденені білген екен ғой»,— деп ойлады да, мұнысының күпірлік екені есіне түскендей, не істерін білмей абыржып редикулінен орамал алып, аузын сүртті.

Зуһра Себепбаевтың қабірін тез тапты. Тау-тау веноктар әлі үюлі тұр. Тек қара ленталарға алтын әріппен жазылған сөздер ғана жаңбыр шайып өше бастапты. Бір қара киінген әйел созалаң қимылдап қабірдің төңірегін тазалап жүр. Тау-тау веноктың құбыла бетіндегі қара жиекті портретте Себепбаев тірі күндегісіндей мысқылдай күлмей, туғалы бітпеген байсалдылық бітіп, мөлдірей қарайды. Сұйық қастың астындағы дөңгелек көзден бір тұнжыраңқы мұң тұр. Бұл оны танымай қала жаздады. Сол ма, басқа ма деп, кілт тоқтап, үңіле беріп еді, қара киімді әйелдің жалт бұрылғаны. Аяғы аяғына жұқпай алыстай түсті. Қаралы рамадағы Себепбаев мойнын бір қырын бұрып мұның соңынан жаудырап қарап қалды.

Жүрегінің басын әлдебір сықыр тырнақ үзіп шымшып алды. Себепбаевтың өлгені рас болмаса нетсін. Әлгіндей аянышты адамның өлсе өлуі де ықтимал ғой.

Тау-тау венок үйілген жас қабірден аулақ кетуге асықты. Бұл жолы Зуһра ешбір еркекке ұқсамайтын сал, сері, қиқар Себепбаевтан бір жолата күдер үзіп, оның аянышты аруағымен біржолата қоштасып келеді. Қос жауырынын шоқ қарып бара жатқандай, тезірек тасаға түсіп кетуге тырысты.

Жапырлаған құлпытастардағы жас, кәрі, әйел, еркек шетінен жаудырай қарайды. Тірлікте ғой, осылар бір-біріне атымен ұқсамайды. Біреуі ақылды, біреуі ақылсыз, біреуі бақытты, біреуі бақытсыз, біреуінің жолы болғыш, біреуінің іті ылғи қырын жүгіретін жолсыз, біреуі сұлу, біреуі сиықсыз, біреуі сүйкімді, біреуі сұмырай. Ал, мынау мұздай суық көк тас пен көк темірге жапсырылған алақандай шынының астында бәрі бір-бірінен аумай қалыпты. Бәрі де жер үстіндегілерден мейірім мен рахым дәметкендей жалбарына қарайды.

Зуһраның өмірінде алғаш рет сол күні жүрегі шымырлады. Зират қоршауының сыртында, автобусқа отырып жатып, қасындағыларға көз салып еді, олардың да

жанары әлгі құлпытастардағы суреттердей мелшие қапты. Ол ешкімге жуымай, оңаша болғысы кеп, ең арт жаққа жайғасты. Автобус енді қозғала бергенде, мана Себепбаевтың қабірінің басында жүрген қара киімді әйелдің кіріп келгені. Жолындағы бос орындықтардың ешқайсысын көрмегендей тұп-тұра Зуһраға беттеді. Жүрісі созалаң болғанмен, жүзі қату. Жазық мандай, сұйық қас, қыр мұрын. Сабаудай-сабаудай ұзын кірпіктердің тасасына тығылып жатқан бір өжет сұс бар. Не жұрттың бәрін баса көктеп үйренген айбардың, не жұртта есесі кете-кете, енді ешкімге жібіместей боп, ішіне қан қатқан тас түйін ызаның сұсы. Сол мелшиген сұп-сұр қалпы, сол қақшиған тіп-тік қалпы қасына кеп отыра кетті. Зуһраның дірілдеп ала жөнелгені. Ұяттың дірілі ме, үрейдің дірілі ме, әлде тымырсық күндестіктің, өшпенділіктің дірілі ме — өзі де білмейді. Алдындағы орындықтың сұп-суық темірінен мытып ұстап, қалшиып қатыпты да қалыпты.

Автобус тар шатқалда шайқалақтап біраз жүрді. Сосын кең көшеге шықты. Қасындағы әйелге сонда барып тіл бітті.

— Азаматыңыздан айырылып па едіңіз?

Зуһраның екі беті ду ете түсті. Көзіне лып етіп жас үйірілді. Бір қапталынан алара қараған сұсты жапар күрт жылынды. Көрші әйел бұдан жүзін бұрып әкетіп, бір күрсінді. Зуһраның шыршық атқан денесі абдырап сала берді. Жүрегі лоблып, басы айналып бара жатқандай. Қараптан-қарап тітіркеніп қояды. Содан қайтып көршісіне көз салған жоқ. Тек түсіп бара жатып, көз қиығын тастап еді, тас мүсіндей сұп-сұр әйелдің жанарында мөлдіреп мұң тұр екен.

«О да бір дәурен екен ғой. Зымырап өтіп бара жатқан... («Өмір-ай!» деуге аузы бармай)... уақыт-ай!» — дейтін ол кейін есіне сол түскенде.

Содан Зуһраны бір бойкүйездік билеп алғаны. Бұрынғыдай айнаға көп қарамайды. Бұрынғыдай опа, далап, ніс май жағынбайды. Бұрынғыдай аялдамада, автобуста, көшеде жұртқа көз салмайды. Жұмысына тұптура барады, үйіне тұп-тура қайтады. Ешқайда басын бұрмайды да. Бірақ, бұрынғыдай қоңыраулы сағаттың әбден даусы қарлыққанда ғана барып бір-ақ оянбайды. Терезе жақтауының арасынан қымсына сығалайтын көмескі көкшіл жарық ең алдымен соның кірпіктеріне кеп кірпідей қадала кетеді. Бұл жалма-жан көзін ашып алады. Содан құлағынан бір тысыр кетпейді. Көшеде жаң-

бір жауып тұр екен дейін десе, артынан сыртқа шықса, құп-құрғақ. Еденнің астында тышқан жүр екен дейін десе, тек таң атып келе жатқанда ғана қозғалатын тышқан болмаса, басқа уақытта тып-тыныш. Тасыр-тысыр, тықыр-тықыр... Әлгі дыбыс басылмайды. Әлдекім мұның жүйкесінде ойнау үшін әдейі істеп тұрғандай. Тысыр-тысыр, тықыл-тықыл, сусыл-сусыл... Ол басылғанша күн де шығады. Күн көтеріле ол орнынан тұрады. Шай ішіп, жұмысына кетеді.

Зуһра осынау салпы етек жан бағысқа лайық салпы етек біреу болған шығармын деп ойлайтын. Бір күні таңертең кеңсеге кіріп бара жатып, көлдей шар айнаға көзі түскені. Өзін көріп айран-асыр қалғаны. Үсті-басы мұнтаздай. Бет-аузы жып-жылтыр. Сызылған жіңішке қасы керіліп жатыр. Бап-баяғысы. Тек шарасы үлкейіп, аласы көбейген нұрлы көзінде бір тұңғиық мұң бар. Сол мұң оның тәкаппар жүзін бұрынғыдан бетер асқақтата түскендей. Сол асқақтық төңірегіндегілерді бұрынғыдан бетер аласарта түскендей. Сол асқақтық төңірегіндегілерді бұрынғыдан бетер ынтықтыра, құмарландыра түсетіндей. Кеңседе, көшеде, автобуста жұртқа көз тастап еді — сыртынан сұқтанып отыратындар әлі көп екен.

Зуһра қайтадан таранып-сылана бастады. Төсектен тұра айнаға келеді. Жоқ, бұның басына қаншама қарлы қаратау іс түссе де, көрген көздің сұғына ілікпейтін түрі көрінбейді. Бұл жолы Зуһра оған бола масаттанбаса, баяғы Жәнібектің жаманатын естігендегісіндей налығаң жоқ.

Зуһраның біз өкше туфлиі өтіп бара жатқандардың жалт бұрылып қарамасына қоймастай қып, қара жерді қадап басады. Әйел батылданған жерде еркек тайсалушы ма еді! Зуһра сыланып-сипанған сайын одан дәмелілер от көрген көбелектей үйіріле түседі. Көздерін сатып отыратындарын тастап, сәл нәрседен себеп тауып, жұғыса кетеді.

Ондайды бастаған баяғы Себепбаевпен бақас ғалым шал болды. Оның қысы-жазы тастамайтын шашақты тақиясы желпілдеп, ит қуған тауықтай тызақтап шауып келе жатқанын көріп марқұм шек-сілесі қатып күлетін-ді. Сонда қиқар шал тақиясы жерге түсіп кеткенше шалқайып кердендей басып өте шығар-ды. Себепбаевты да сол кеңк-кеңк күлкісіне бола жек көретін. Ол тұрған жерге жуымайтын. Ал, қазір қайда көрсең, тақиясы желпілдеп сол жүреді. Анадайдан аузы жалпылдап қоя

береді. Еркек болсаң — оң жақ өңіріңнен ұстай алады, әйел болсаң — оң білегіңнен оратыла кетеді. Су ағарға жидіп біткен жирен мұртын кенірдегіне төсеп, сусылдай жөнеледі. Бір жиында Зуһраның да оң жақ қарына оратыла кеткені.

— Зуһражан, амансың ба...

Жыламсырап, қалтасынан орамал ап, көзін сүрте беріп еді, бұғағы салбыраған бір жуан сары қарсы жолықты да, бейшара орамал көзді тастай барып, құс мұрнының астынан бір-ақ шықты. Жуан сары өтіп кеткесін қайтадан балпылдай бастап еді, жылан көз сұрша жігіттің сумаң етіп жетіп келгені. Әлгінде ғана жылармаң боп тұрған жасық дауыс аяқ астынан қатулана қалғаны.

— Бар, бар, әуелі ана ағаңа бар. Менімен сосын сөйлес!

Ол мұны бір шетке қарай ығыстыра берді. Әншейінде қасында бір минут тұра алмайтын осы бір шошаңбай шал со күні оған бір түрлі қызық көрінді. Бір де бір сөзі құлағына кірмейді. Сонда да тыңдап келеді. Тыңдаған сайын жек көре түседі. Жек көрген сайын қызықтай түседі. Шалдың аузына тығым жоқ. Көшеде де самбырлап келеді. Таксиде де құлағын сарсытты. Қала шетіндегі оңаша ресторанның бір түкпірдегі оңаша столы басында да жақ жапқан жоқ. Әңгімесінің бәрі — Себепбаев. Әуелі бұған көңіл айтты. Сосын марқұмды мақтай жөнелді. «Несін айтасың, жігіттің сұлтаны еді ғой!» — деп басын шайқап-шайқап қояды. Екеуінің арасындағы ғылми таласты бақастық санап жүрген надан қазақтардың да сыбағасын берді аямай. Екеуінің арасында ешқандай дүрдеараздық жоқ екенін айтып ант-су ішті. Сосын барып марқұмның кейбір осалдықтарына көшті. Осалдық деген иттің кім-кімде де бола беретінін ескертті. Егер құдай көкте емес, жерде болып, бір-екі рет академияның сайлауына түсіп көрсе, оның да қадірінің қандай болатыны белгілі деп шық-шық күліп қойды.

Әңгіме айтқанда дүниені түгел ұмытады екен. Рестораннан шығып келе жатып та сөйлеп бақты. Мұны үйіне шығарып тұрып та сөйлеп бақты. Мұнымен қоштасып жатып та сөйлеп бақты. Артынан әлгінде ғана қоштасқанын ұмытып кетіп, ілесіп бұның үйіне кірді. Кіріп келе жатып та сөйлеп келе жатты. Оңаша бөлмеде екеуен-екеу бөтелке босатысып отырып та, бір мүдірген емес. Тіпті түннің бір уағында, ішімдіктен басы зеңіп, отырған орындығында, қалғып кеткен Зуһра біреудің қолы тиіп шырт оянғанда, сүліктей қадалып жатқан етті еріндер-

дің кілт ажырай бере, қайтадан жалп-жалп сөйлеп кеткенін көрді.

Шараптың буына балқып отырған әйел осы бір сөлекет сөйлеп, сөлекет қимылдайтын мылжың шалдың әлгі озбырлығына еш шамданған жоқ.

Таң атар-атпаста, ол көрмей тұрып зытқан мылжың шалдың жатқан жеріне аунап түсіп еді, әлі суый қоймаған өзге дененің жылуы жанына майдай жағып қоя бергені. Өзге дененің қызуы... Баяғыда ақ нөсер астында Себепбаевтың құшағында неге есеңгіреп қалғанына енді түсінді. Кешегі пәтуасыз шалдың қалтылдақ қолын неге қағып жібермегеніне де енді түсініп жатыр.

«О да бір дәурен екен-ау. Өтіп бара жатқан... («өмір-ай!» деуге аузы бармай) күндер-ай!» — дейтін кейін есіне сол түскенде.

Еркек жарықтық та қызық халық қой. Қай-қайсысының да: «Қарындас!» «Зуһражан», «Женеше!» деп басталатын мәйкөңке әңгімесі шырқ үйіріліп келгенде баяғы бір гәпке тіреледі. Сосын әр қайсысы әр нәрсені сылтауратып, жөн-жөніне тайып тұрады. Бірақ, соған бола налып жатқан Зуһра жоқ. Өйтетіні — солардың бетегеден биік, жусаннан аласа боп, сызылып-мызылып тұратындары бір-екі рет жолыққанша ғана. Ал, қасыңа бір аптадан астам басыбайлы тоқтады-ақ, жоқтан өзгеге қиқу салып шыға келеді. Көрсеқызарлардың іштері тар болады деуші еді. Сол рас сияқты. Дүниедегі екі аяқты, төрт аяқтылардың ішінде еркектердей көрсеқызар жоқ шығар. Ендеше, солардан асқан іші тар да ештеңе жоқ екен.

Баяғыда ыстық жақтан қызметі ауысып келген бір офицер бұдан пәтер жалдап тұрды. Қоңқақ мұрын көлтабан неме алғашында солдаттарын ертіп әкеп, үйін жөндеп беріп құрақ ұшып жүрді. Сосын түннің бір уағына дейін бұның бөлмесінде шай ішіп отырып алатынды көбейтті. Сөйте-сөйте оның суына қызыл жүгірткен сыптима көк шалбары бұның керуетінің қасындағы орындықтан бір-ақ шықты.

Әуелі бұл оған қатты ыңғайсызданды. Сосын бір түрлі қызық көрді. Бұрын Себепбаев келсе де, басқа келсе де апыл-құпыл бір-ақ сәтке, асқанда бір-ақ түнге соғатын, артынан пәленбай уақыт көрінбей қоятын. Қас қағым келте қуаныштың алды-артында жылдай ұзақ аңсаутосу тұратын. Енді, міне, күнде-күнде сағат он бірден асар-аспаста төсек сал деп тыпыршиды. Төсек салынар-салынбаста сықырлаған екі етікті есікке атып, көрпе ас-

тына күмп береді. Таңертең бәлденіп төсектен тұрып жатады. Бәлденіп қызметіне кетеді. Бәлденіп қызметінен қайтады. Бәлденіп шешінеді. Бәлденіп қасына жатады. Бұл не? Кіріптарлық па? Әлде әлгі жұрттың ауыздарының суы құритын жұптық өмір, жұбай бақыты дейтіндері осы ма?

Солдаттарды қасы мен қабағына қаратып қалған неме бұған да ала көзімен ата қарайды. Әсіресе, айнаның алдында отырғанын көргенде, табанына біз кіргендей болады. Құдды, бұл мынау опа, далап, ніс майды ертең бұдан басқа еркектерге ұнау үшін жағып отырғандай. Ойына не түсетінін кім біліпті, ондайда аузынан шыққан әр дыбыста ызыңнан гөрі ысқырық көбейіп кетеді. Келген-кеткенінде сұқты көзімен бұрыш-бұрышты тінткілеп бағады. Ол аз дегендей, бір күні құлағын едірейтіп, тілін салақтатып, еңгезердей күшік ертіп әкелгені. Әскерде оқ-дәрі қоймасын басқарады екен. Оны да тап бұлай қорымайтын шығар.

Бұрын көрген еркектері ылғи мұның ығына жығылушы еді. Олардың ішінде баса-көктеп кіріп, еркін сөйлейтіні — тек Себепбаев болатын. Бірақ, оның қай қылығы да қалжың сияқты. Мұнымен өткізген бірер жылының өзі әлдеқандай бір күлкілі спектакльдің көңілді көрінісіне ұқсайтын. Зуһра әлгі шындық деп аталатын, өмір деп аталатын құбыжықпен енді, міне, бетпе-бет кездесіп тұр. Мынау сәл нәрседен секем ап, қабағын тарс түйіп алатын ала көз еркек — өмір. Анау сәл нәрседен құлағын тікірейтіп, азу тістерін ырситатын ор ауыз төбет — өмір. Зуһра да мынау осынша тұрпайы, осынша озбыр жұптық өмірден құтылғанша асықты. Баяғы салт басты, сабау қамшылы сауық-сайрандарын аңсады. Ол тілегі де оңынан оратыла кетті. Оқ-дәрі базасының бастығының қызметі басқа гарнизонға ауысты.

Зуһра тағы да оңаша қалды. Тағы да өзіне қожа. Не істеп, не қоям десе де өз еркі. Дүниенің бұрынғыша кең екенін, еркін жұтып, еркін тыныстар таза ауаның мол екенін сонда барып аңғарды. Таңертең қалаған уақытында тұрып, кешке қалаған уақытында үйге қайтқаннан асқан бостандық жоқ екеніне де сонда түсінген-ді. Солай біраз уақыт еркін жүріп, еркін тұрды. Жылдар өте берді. Оқ-дәрі қоймасының бастығынан қалған байлаулы күшік қол-аяғы серейген дәу төбет болды. Көзімен ата қарап, арс ете қалатын ашулы иттен жұрт түгілі өзі сескенеді. Бірақ, еңгезердей төбет бұны көрсе, бала күшік-

тей атанақтап ойнап кетеді. Таңертең жұмысқа кеткенінде де жер тырнап, арпалысып қалады.

Зуһра майор бардағы айнадан жасқанатынды қойды. Кірсе-шықса көлдей шынының алдынан шықпайды. Ақ жүзінде шытынап сынған ақ мәрмәрдей қиқы-жиқы сызық көбейіпті. Соны күніне қырық сылап, көрсетпей әлек. Көрсеқызар еркектер оларды көрсе де, көрмегенсінді. Бірақ, бұрынғыдай үйіне келіп айлап-апталап жатып алмайды. Соңғы рет теңге мұрт ақынның ғана бір аптадай тұрақтағаны бар. Оның бір ерекшелігі — аузы құрғамайтын, бірақ қанша ішсе де, мұнтаздай боп таза жүретін. Шет жақтың ересен балшығы, ол келе жатқанда теп-тез құрғап кететіндей балағына дақ жұқпайтын. Сосынғы бір қасиеті — сөзге жоқтығы. Қаламақы төлемейтін жерге сөз шығындап қайтем дейтіндей, сәлемдескенде де, ернін қимылдатпай, бас изей салатын. Бар білетіні бір-ақ ауыз сөз: «Рахмет». Оны да күніне бір рет, түн ортасында айтады.

Сол үндеместі көрсе болды, әлгі ор ауыз төбет жақ жаппайды. Ол үйге кіргеннен-ақ ырсылдап бітеді. Кездейсоқ терезеден көріп қалса болды — темір шынжырды үзіп жіберердей құтырына жұлқынады. Теңге мұрт ақын бейшара төбеттің мұндай арпалысына бір күн шыдады, екі күн шыдады... Ақырында, жетінші күні сары алаңнан тұрды. Қағаздарын жинады. Көйлегін өтектеді, шалбарын өтектеді. (Бір ғажабы, теңге мұрт ақын киімдерін ешкімге ұстатпай, өзі жуып, өзі өтектейтін). Верандаға шығып, итті арпылдатып пиджагін шөткіледі, туфлиін тазалап, жалтырата сүртті. Сосын үйге қайтып кеп, қапсағай қара портфелін қолына ап:

— Мына төбеттің де обалы бар шығар. Бұдан әрі азаптап қайтем,— деп қолын көкірегіне апарып, басын иді де, тық-тық басып шығып кетті.

Сол кеткеннен мол кетті. Содан бастап теңге мұрт ақын ғана емес, басқа еркектер де қарасын жоғалтты. Қызметте де әуелі бұл жаққа сызыла бір қарап алуды парыз санайтын еркек қауым көз салмай өтіп кете баратынды көбейтті. Содан да болар көп ұзамай, бір шоқ гүл мен бірер шампанның обалына қап, «құрметті демалысқа» шықты.

Зуһра үлкен қаланың шет жақтағы қарағай үйінде қабаған итімен оңаша қалды. Әуелі үйреншікті әдетпен ерте тұрып, терезеге қарайтын. Асығып-үсігіп жұмысқа жөнкіліп бара жатқан жұртты көріп, ауыр күрсінетін.

Ештеңе демейтін. Келе-келе тал түске дейін жатып алатынға үйренді.

Енді беймезгіл ешкім есік қақпайды. Біреу-міреу кіріп келсе, ұят болмасыншы деп, қараптан-қарап сылаңып-сипаңып, мұнтаздай боп киініп отыратынды да ұмытты. Үй-ішін де бұрынғыдай қағып-сілкілей бермейді. Сәл нәрсеге желп ете қалатын нәзік желбезегі ондай-мұндай күңірсік істерге де үйренісейін дейді. Осы күндері баяғы оқ-дәрі қоймасының бастығының шұлығын жуғанда тыжырынып, мұрнын басып әлекке қалатыны есіне түскенде, мырс-мырс күледі. Артынан: «Өтіп бара жатқан... («өмір-ай!» деуге аузы бармай)... күндер-ай» — дейді күрсініп.

Күндер, шынында да, өте берді. Сұғанақ уақыт бір кездегі әдемі келіншекті бүгінде айнаға қарауға құлықсыз етті. Қараса — аппақ жүзін аяусыз торлап алған шимайды көреді. Ол шимай кісіні шытырман ойға салады. Өз бетіне түскен мынау шәт-шелекей сызық сен туралы өзін түсіне қоймайтын өзге бір тілде жазылған үкім сияқты. Ұқпасаң да, тіксінесің. Секемшіл жүрек әлде бір болмай қоймас қатерден хабар сезетіндей.

Сондықтан ол айнадан гөрі жастық шақтың ізі сайрап тұрған барқыт тысты альбомға көбірек үңіледі. Бірақ одан да құлазыған көңілі одан сайын құлази түспесе, еш кенеу таппайтын. Бұрын оңашаны, тыныштықты жақсы көретін Зуһра қазір баяғыдан тұрып келе жатқан төрт бөлме үйден қараптан қарап елегізеді. Жылы киініп ытін ертіп көшеге шығады. Сар жапырақ саулап жатқан шеткері көшеде ілбіп басып келе жатады. Бір кезде бұл сыртқа шықты-ақ жан-жақтан сұқтанып бағатын сімсік көздер енді мұның өзіне емес ытіне түседі. Оның аузына, серейген төрт аяғына, шолтиған құйрығына қарайды. Біреулері анадайдан сескеніп, шетке ығысса, екіншілері тандайларын қағады. Ит екеш ит те жұрттың назарына масаттанып, кердендей басады. Жұрттың бәрінің көзі итте. Ит жетектеп келе жатқан әйелмен ешкімнің шаруасы жоқ.

Ол әлгіндей серуеннен үйіне сергіп оралудың орнына, аяғын әзер сүйретіп болдыртып оралады. Айналадан состия төнген сұп-сұр қабырғаларға беттей алмай, пешке мандайын тосып отырады. Үйдің бұрыш-бұрышынан бастап қарауытқан қараңғылық қоюлана түседі.

Ол екі көзін пештен, онда жылт-жылт жанып жатқан оттан алмайды. Ту сыртынан қапсыра-қоршап келе жатқан қараңғыдан сескенгендей кенет орнынан шапшаң

тұрып, шамның шүріппесін басады. Өткір жарық лап қойғанда бөлме іші бір сәт көңілденіп кетеді де, артынша-ақ қайтадан құлазып сала береді. Басқа шам жағылмаған бөлмелердің қап-қараңғы есіктері ауыздарын арандай ашып андап тұрады. Зуһра амалсыз орнынан көтеріліп, буындары дірілдеп сыртқа шығады. Ауызғы бөлмеде жататын арлан төбетті төргі бөлмеге енгізеді. Тілі салақтаған сұсты төбет абажадай бөлмедегі үрейді, тылсым тыныштықты жым-жылас қуып шығады. Аяғының астына кеп, ұзыннан ұзын сұлап жатып алады. Тілін салақтатып ырс-ырс дем шығарады. Үй ішіндегі сыз иісінің орнынан қайдағы бір күмілжі иіс орнайды. Бір кезде жүрегін айнытатын сол бір қоңырсық иіс қазір қарап-тан-қарап елегізген кәрі жүрегіне басу болып, жоқтан өзгеге шамырыққыш жүйкесі жай тапқандай болады. Аяғына жанасып жатқан жат дененің ыстығы жанына майдай жағып бара жатқандай.

Енді таң саз бере баяғы бір тықыр-тықыр, тысыр-тысыр, сусыл-сусыл дыбысты тағы да естітін болды. Әлдекім қара жердің өзін өші бардай ойып тесіп жіберердей боп, тістене қырнап жатқандай. Бірақ, қасында ит болса да, қара болғасын оған денесі бұрынғыдай түршікпейтін сияқты. «Өй, өтіп бара жатқан күндер-ай»,— дейтін, «өмір-ай» деуге аузы бармай, кейін есіне сондай кештер түскенде, екі иінінен дем алып бір күрсініп қойып.

Бірақ, ол дәурен де ұзаққа бармады. Иті құрғыр адамдай емес тез қартаяды екен. Арлан төбет әбден алжыды. Тіпті сыртқа да шыға алмайтын боп қалды. Ит аяғымен, қарғы бауымен түп-түгел төргі бөлмеге көшіп алды. Төсегінің аяқ жағында жатады да қояды. Оның ендігі ермегі — сол ажал аузында жатқан итін күту. Алдына ас қояды, астын тазалайды, көтеріп ваннаға апарып, сабындап жуады, астына ақ жайма төсеп, креуетінің аяқ жағындағы тақтай төсекке әкеп салады. Түні бойы әбден қартайып әлсіз жатқан иттің дыбысын тыңдаумен болады. Көзін сәл жұмса, сол бір пыс-пыс тіршілік дыбысы бір жола өшіп қалатындай.

Бір күні төбет түні бойы оқтын-оқтын ұлып шықты. Мойнын көтере алмағандықтан ұлығаны қайта-қайта үзіліп қалады. Өмір бойы шынжырда тұрып, талай жерде қапысы кеткен тағдырына налитындай. Өксігі басылмай қайта-қайта ұлыды. Тырбынып жан-жағынан қара іздеді. Бұл шыдай алмай орнынан тұрды. Арпалысып жатқан иттің қасына барып, басын тізесіне салды. Арлан төбет сосын қайтып ұлымады. Бұның сипағанына елтігендей

пыс-пыс тыныстап үнсіз жатты. Қенет аузы әнтек ашылды да, төрт аяғын бір-ақ серпіп, үзіліп жөнеле берді.

Зуһра өмірінде сол күні ғана өксігін баса алмай ұзақ жылады. Төңірегіне тағы да үрейлі тылсым тыныштық орнады. Сол жым-жырт тыныштық жүйкесін жегідей жеп барады. Таң алдында үйреншікті тықыр-тықыр, тырсылтырсыл, сусыл-сусыл дыбыс шыққанда қуанып кетті. Жүгіріп сыртқа шықты. Сөйтсе, анадайда қолына ұзын сапты сыпырғы ұстаған еңгезердей біреу құлаштай сермеп көше сыпырып жүр. Үсті-басы түп-түгел ақ тозаң. Өзі де ет пен сүйектен емес ақ тозаңнан жаралғандай. Бұл қасына барып тілдесіп еді, үндемеді. Ымдап еді түсінді. Қолындағы сырық сапты сыпырғысын терекке сүйей салып, сырп-сырп басып соңына ерді. Бөлмеге кіргесін серейіп өліп жатқан итті көріп, басын шайқап қойды. Оның неге өйткеніне түсініп жатқан Зуһра жоқ. Шал итті артқы сирағынан сүйрелеп сыртқа алып шықты. Бақтың түбіне қарай алып кетті. Отын салатын сарайдан күрек тауып шұқыр қазды. Белден келетіндей қып қазды да, төбетті соған көмді. Сосын мұның берген шытырлақ қағазын үйпа-түйпа шалбарының қалтасына селқос тыға сап, сырп-сырп басып жұмысына тартты.

Ол енді шет жақтағы абажа үйде жалғыз қалды. Айайдың аяғында азғантай пенсиясы мен баласы жіберген ақшаны әкеп беретін почташы кемпірден басқа ешкім есік ашпайды. Күні бойы терезеге телміріп отырады да қояды. Түні бойы төңбекшіп шығады.

Мынау түксиген сұп-сұр төрт қабырғаның арасында өтіп жатқан бірінен бірі аумайтын сұрықсыз күндер, күні-түні жан-жағын қоршап тұрған меңіреу тыныштық, әлгі бір күмілжі ит иісіне дейін өшіп бітуге айналған көл-көсір салқын, ауа мынау кеуде сүйреткен далбаса тірлік баяғыда әз-әулие көріп жүрген өзің мен өзің дәурен сүретін емін-еркін бостандығы ма... Сонда бұның несіне таңдайқата болды екен?! Оның да түбіне жетіп ойланғысы келмейді. Әйтеуір таң атса ербиіп төсегінен тұрады. Қеш болса жинаусыз төсегіне жарбиып қайта құлайды. Аяқ-қолы бұрынғыдай емес, сәл қимылдаса өз-өзінен үзіліп бара жатады. Әйтеуір, бір жарыққа тырмысқан далбаса көңілмен терезенің алдына келеді. Бұрынғыдай барқыт тысты альбомды қолына да алмайды. Бетін ашса, баяғы кездің бақытты елестері емес, әлде бір әзәзіл мың-сан оқты қатар жаудыра жөнелетіндей жүрегі шаншып қоя береді. Оның үстіне қағаз бетіндегі қиқы-жиқы таңдақтарды ажыратып жатуға көзі де көр-

мей барады. Ал, терезенің алдында да — сол баяғы көрініс. Күннен-күнге жапырағы түсіп сидаланып бара жатқан теректер. Күннен күнге солғынданып әрі кетіп бара жатқан аласа аспан. Тек ақар-шақар шыңдар ғана құдіреті күшті уақытқа біздер ғана мойын ұсынбаймыз дегендей шалқая жарқырайды. Құлағына еміс-еміс сарын келеді. Ол анадай жердегі тау мен қаланы жалғастырып жатқан үлкен көшедегі мігірсіз тірліктің сарыны. Сол бір ұлы жоқтың мұңы жаңқадай жағаға лақтырып жібергендей. Әлде бұл сол жоқтыңға араласуға о бастанақ жүрегі дауаламады ма?! Ол арасын да анық біліп жатқан жоқ. Бұрын, әйтеуір сарынын естіп жүруші еді. Ол да бұдан күннен-күнге алыстап бара жатқандай. Күннен күнге тосаң тартып келе жатқан құлақ бұны ырду-дырду тіршіліктің өзі түгілі дүбірінен де бірте-бірте аулақтата түскендей. Сонда да бұл таң атса болды, терезенің алдынан кетпейді. Сонда да бұл көшеге көзін сатып отырады да қояды. Суық шыны сыртындағы көріністі де сұрғайтып, сұстандырып жібереді екен.

Содан өкпесіне салқын тиді ме, күркілдеп көп жөтелетінді шығарып жүр. Әлде төңірегіндегі дүниенің бәрі мұзға айналып кеткен бе, жоқ мынау сүйегімен сүйек боп жабысып қалған шанаш терісінің өзі тиген жерін мұз боп қарып ала ма, әйтеуір тұла бойы бір жылынбай-ақ қойды. Баяғы буы бұрқырап тұратын жылы төсек те қалқа болудан қалып барады. Кейде таң атқанша иегі иегіне тимей дірілдеп шығады. Ондайда өн бойына шым-шым дарып жататын өзге дененің жылуы есіне түседі. Баяғыдағы қайратты еркектердің сүйек балқытар қызуын былай қойып, осындай тоңғанында аяқ жағына әкеп тастасаң, көрпенің сыртынан қыз-қыз қайнатып жататын сұр төбеттің жылуының өзіне не жетуші еді. Шіркін, ол бардағы өмір де өмір екен ғой. Қасына ит ертіп, мұнтаздай боп киініп шығатын еді. Сары жапырақтар саулап жатқан оңаша көшеде күрт-күрт басып қаннен-қапersіз серуендеп жүретін еді. Маңына ешкім жуай алмас-ты. Тілі салақтаған құлағы едірейген сұр төбет кім-кімді де алыстан айбындырып, бұның өзіне де қайрат бітіретін-ді. Қасында ол барда жұрт мұның өзінен де жасқанатын-ды. «Мынандай ит ертіп жүрген әйел тегін кісі болмас» деп ойламайды дейсің бе! Ал, қазір сұр төбет өлгелі сыртқа шығудан да қалып барады. Қалтақтаған кәрі кемпірді біреу-міреу қағып кете ме деп қорқады.

Несін айтасың, ол барда осы үйдің өзі қандай еді!

Пыс-пыс етіп дем алғанының өзі неге тұрады. Әйтеуір, қасында сенен басқа да тіршілік иесі бар екенін біліп, жағаң жайлау еркін жатасың гой. Ал, қазір кейде көз іліндіре алмайды. Ондайда мынау құлазыған төрт бөлмеде ғана емес, күллі жер бетінде жалғыз қалғандай көрінеді. Тек мынау қақаған төрт бөлме ғана емес жарық жалғанның өзі қаңырап бос қалғандай. Ең болмаса бір сыбыс-сыбдыр шығар ма екен деп айналаға құлақ түріп бағады. Үн жоқ. Не адамның дыбысы шықпайды, не ит үрмейді, анда-санда аспанды қақыратып гүрілдетіп өтетін түнгі самолеттерге де тиырым бола қалған. Сыртта тек терек жапырақтары сыбдырласады. Үй іргесіндегі арықта су сылдырайды. Бірақ, бір де бір жан иесі тырс етпейді. Кейде ол тіпті өзінің де сыбысы өшіп қалған жоқ па деп қорқады. Ондайда төңбекшіп бір аударылып түседі. Керуеттің оқыс сықыры мынау қап-қараңғы үйдің бұрыш-бұрышынан мың сан қарақшы жарыса тіс қайрағандай қорқынышты естіледі. Сөйтіп бақырайып жатады да қояды. Тек бір уақыттарда, сырттағы тарс жабық терезе жақтауының арасынан сүп-суық көгілдір жарық сығалағанда ғана тықыр-тықыр, тысыр-тысыр, сусыл-сусыл дыбыс. шығады. Бұрын қара жерді азуына сап кеміріп жатқан алапат аждаһаның дыбысындай үрейлі естілетін сол бір үн құлағына қазір майдай жағады. Көз алдына таңғы алакеуімде сұрғайытып көрінетін еңгезердей шал тұра қалды. Қолында сырық сап сыпыртқы. Дүниені бір шетінен бастап мұхият тазартып келеді. Иненің жасауындай кіршік көрсе мүлт жібермейді. Үндемейді. Мынандай ңгі шаруаның үстіндегі адам төңіректегіндегілерге бақырып-шақырып сөйлеп қайтеді. Жалпы, адам ең маңызды, ең қажетті шаруаны істеп жатқанда үндеуші ме еді! Сондықтан ылғи маңызды іс тындыратын адамдар қашан да маңғаз, қашан да артық ауыз сөз сөйлемейтін сабырлы боп келмей ме! Мынау аула сыпырушы шал да анада артық әңгімеге барған жоқ. Келді де шаруасын бітіріп берді. Бұл оны бұрын қалай білмеген? Бұрын ол ондай кісінің бар екенін білмек түгілі қора-қоралардың, тротуарлардың таң атпай жатып сыпырылып қоятынынан да хабарсыз-тын. Әр дайым жұмысқа бара жатып тротуардың тап-таза боп жатқанына таңданатын. Енді, міне, ала көуімнен қолына сырық сап сыпырғыны ап артық-ауыс қоқыр-соқырдың соңына түсіп кеп беретін еңгезердей шалды ұмыта алар емес. Көз алдында тұрады да қояды. Сыр-сырп басып көше тазалап келеді. Сыпырғышынан ұшқан шаң үсті-басына,

қауғадай сақалына, жалбыр шашына қонып жатыр. Шаң қонған үсті-басы, сақалы, шашы жалтырап барады. Әлгінде ғана жерден көтерілген бұрқ-бұрқ шаң таңғы суық сәуледе күміс тозаңға айналып кеткендей.

Зуһра сыпырғы дыбысына елтіп жатып қалай ұйықтап кеткенін білмейді. Күнде осылай таң алдында көзі ілінеді де, түске жақын оянатын-ды. Бір күні таңертең төсектен атымен тұра алмай қалғаны. Өне бойы лаулап барады. Тіпті үйінің қабырғалары шырт-шырт жанып бара жатқаны да құлағына келіп тұрғандай. Көз алды көк ала түтінденіп, тынысы бітіп барады. Алқынады. Әлдекімдерді көмекке шақырады. Бірақ жағы қарысып қалғандай, ашылмайды. Дыбысы да шықпайды. Мынау балдыр-батпақ елестер арасынан сарқыншақ сана жол таппақ боп шарқ ұрады. Бірақ кімді көмекке шақырарын білмейді. Жәнібекті ме... Сол бір қаршыға көз жігіттен бір түрлі сескенетін сияқты. Күзембаевты ма.... Оның атын атауға аузы қимыспайтындай... Себенбаевты ма... Оны көруге де әлденеге жүзі жанатын секілді. Жан-жағын лапылдай қоршап келе жатқан ашқарақ жалын шашына тигендей...

Сол-ақ екен, төсегінен атып тұрды. Табанын қарып алған тақтай еденнің қызыл шоқ боп жанып жатқанын да, мұзға айналып кеткенін де айыра алмады. Есікке тұра ұмтылды. Әлденелер сыңғырап аяғының астына түсті. Басы қап-қатты бірденеге тиді. Көзінің алдынан бір уыс қызыл шоқ шапшып аспанға атылды да, артынша-ақ желімше ұйысқан меңіреу қараңғыға айналды. Құлағына еміс-еміс бір үн келді. Қара жерді өршелене тырнап жатқан сол баяғы тысыр-тысыр, сусыл-сусыл... Шамасы, ол енді қайтып көре алмайтын жарық дүниенің тағы бір таңы атса керек.

Ол күні таңғы алакеуімде шет жақтағы оқшау үйде не болып, не қойғанын ешкім білген жоқ. Тек төрт-бес күн өткен соң ғана ай аяғында алыстағы баласы салған ақшаны тапсыруға келген почташы кемпір есіктің алдына ұзынынан түскен әйелді көрді. Төңірегінде саудырап төгілген есіктің шынысы шашылып жатты.

ӘҢГІМЕЛЕР

КӨЛДЕНЕҢ КӨК АТТЫ

Ол әуелі қалаға келіпті. Қалаға келетіні қасында теңіз бар. Теңіз болмаса ол біздің жаққа келер ме еді, келмес пе еді — кім білсін. Жоға, бәрібір келер еді. Келетіні — Ахат көкемнің оқ тиген партбилетін саяси бөлімге өз қолымен апарып тапсырыпты. Ал, билетте әлгі қасында теңізі бар қаланың аты жазылыпты. Қасында теңізі бар қалада ол кемеден түсе салып, соғыс комиссариатына барыпты. Соғыс комиссариатынан біздің ауылға қалай баратынын сұрап біліпті.

Көлік күтіп бір күн жатыпты — кезікпепті. Екі күн жатыпты — кезікпепті. Үш күн жатыпты — кезікпепті. Төртінші күні — жаяулатып тартып кетіпті. Қаланың шет жағынан асхана кездесіпті. Асханада украин борщының бір тарелкасын ішіпті — тоймапты. Екі тарелкасын ішіпті — тоймапты. Үш тарелкасын ішіпті — тойыпты. «Содан кейін аузыма борщ тиіп көрген жоқ»,— дейді ол. Соны айтқанда ол міндетті түрде бір тамсанып қояды. Соны айтқанда мен де міндетті түрде бір тамсанып қоямын. Өйткені — ол борщты ішіп көрген. Өйтетінім — ол кезде мен ішіп көрмек түгілі, борщтың әлі атын да естіген емеспін.

Тамаққа тойып алғасын асхананың көлеңкесіне барып отырыпты. Етігін шешіп, шұлғауын қайта орап жатса, қоқыс төгетін шұқырды шырқ айнала тіміскілеп жүрген қабырғасы арса-арса қызыл қаншыққа көлеңкеде тісімен шыбын қағып жатқан желкесі күдірейген жалбыр құлақ қара ала төбет дүрсе қоя беріпті. Байғұсты алқымнан алып, бүріп жатыр дейді. «Кәншай, бәдлес», деп бір рет айқайлапты — қыңбапты, екі рет айқайлапты — қыңбапты, үш рет айқайлапты — қыңбапты. Жұдырықтай жез тоғалы қайыс белбеуді алып жіберіп, қара ала төбетті қақ маңдайдан қондырсын кеп. Әлгі нақұрыс басымен қайғы боп, қаңсылап тайып тұрыпты.

Ол қапшығын жауырынға таңып ап, қасқа жолға түсіп ап, біздің ауыл қайдасың деп жөнеп береді. Күн бата бергенде айдалада жолдың езуіндегі оқшау төбе-

нің басына шығып, етігін шешіп, темекісін тартып, аяқ суытып отырады. Сырт жағынан бірдеңе қыңсылайды. Қасында жатқан белдікті ала сап, артына жалт бұрылса — анадай жерде шоқиып манағы қызыл қаңшық отыр.

Содан бір адам, бір ит боп бір күн жүреді — біздің ауылға жете алмайды, екі күн жүреді — жете алмайды, үш күн жүреді — жете алмайды. Төртінші күні іңірде айдалада лапылдап жанып жатқан отты көреді. Келсе — асулы қазан. Анадай жерде — киіз үй. Бас сұғып қарасса — ешкім жоқ. Табалдырықтан аттауға бата алмай, маңдайшаны жұдырығымен нұқып: «Бола ма?» — деп бір рет сұрайды, тым-тырыс, екінші рет сұрайды — тым-тырыс, үшінші рет сұрайды — тым-тырыс. Болмайды екен деп, кері бұрылып, кетейін деп жатса, үй сыртынан түйе ыңырсиды.

Ол гимнастеркасының етегін түзеп, пилоткасын шекелете сипап, бойын тіктеп тұра қалады. Әуелі қоп-қою қараңғының қойнынан жер-ошақтағы оттың жарығына шағылысып жалтырап келе жатқан темір шелекті байқайды, одан кейін үсті-үстіне шиыршықтап орай берген қарқарадай үйме жаулық ағараңдайды, ең соңында барып, етегіне сүріне жаздап, емпеңдеп жүгіріп келе жатқан кемпірді көреді. Ол бұны көзі шалып қалт тоқтай қалады. Кемпірдің қалшиып тұрып қалғанын көріп, бұл бұрынғысынан бетер сіресе түседі. Екеуі екі босағада міз бақпай қатып қалған екі адамға айран-асыр қап анадайда шоқиып қызыл қаншық отырады.

Сол екі ортада, өрістегі жылқыны көздеп қайтқан Дайыр нағашым үстерінен шығады.

Шалын көріп кемпір есін жинайды. Кемпірдің есін жинағанын көріп, бейсауат жолаушы да есін жинайды.

Үшеуі үйге кіреді. Ол оң жақ босағада тұрған келінің үстіне сылқ отыра кетеді. Дайыр нағашым шешініп жатып төрге шақырады — шықпайды, кемпірі дастарқан жайып жатып төрге шақырады — шықпайды. Тіпті шайды да сол келінің үстінде отырып ішеді.

Бір уақытта үй сыртынан дүсір естіледі, артынан әлдекім:

— Хабарласқандай кім бар? — деп дауыстайды.

— Кім болса да кіре бер! — дейді Дайыр нағашым шайын сораптаған қалпы.

Сол-ақ екен, есіктен иығы жарқыраған бір капитан кіріп келе жатады. Бейтаныс қонақ келінің үстінде

отырған жерінен атып түрегеліп сымша тартылып, тұра қалады. Қолын шекесіне апарып:

— Жолдас капитан, әскерден босаған гвардия ефрейторы Қазиев Самат майданда ерлікпен қаза тапқан командирі гвардия аға лейтенант Ахат Бекбаевтың ата-анасын іздеп келе жатыр,— дейді саңқ-саңқ етіп.

Шай ішіп отырған Дайыр нағашым мен кемпір таңтамаша.

— Отыра бер,— дейді капитан.

Ол майданнан қайтып келе жатқан осы күнгі бухгалтер Бекен екен.

Сонымен Дайыр нағашым, Бекен үшеуі отырып жайжапсарды түгел кеңеседі.

Ертеңіне түс ауа біздің ауылға төбеден түскендей боп Дайыр нағашым келе қалды. Қасында әрі арық, әрі аласа шілмиген жылтыр қарасы бар. Басындағы бір жапырақ пилоткасын әрлі-берлі қақпайлап, белдігін түзей береді.

Дайыр нағашымнан естір сөзін әбден естіп алса керек, біздің үйде келіге мініп, келсап таянған жоқ. Оң жаққа етігін шешіп, қақ төрдегі Дайыр нағашымнан сәл төменірек, екі аяғын астына басып, томпиып отыр. Терге малшынып, тосап қонақтап қалған пилоткасын оң тізесінің астына тығыпты. Қазан жуатын қылдай ұйпаланып қалған қап-қатты шашын төс қалтасынан темір тарақ ап тарады. Жаңағы ұйысып жатқан бір уыс шаш тарақ тиген соң әр талы әр жаққа айбат шегіп аңдап-аңдап өре түрегелді. Сол ербиген шаштың астында бір елідей маңдайдың мезіреті байқалады. Маңдай жүрген жерде көз жүретіні сірә белгілі. Бейтаныс қонақтың екі көзі каз-қатар қадаған екі кішкене мүйіз түйме секілді еді. Ағы да көрінбейді, қызылы да көрінбейді, майлап қойғандай, бірқалыпты жылтырайды. Кішкене бетке зорлық жасамай-ақ қояйын деп ұяла біткен тәмпіш мұрынның астында айналасы оншақты қылтанақтан аспайтын кішкене мұрт едірейеді.

Аяқ астынан жинала қалған ауыл-үйдің адамдары Дайыр нағашымның қасындағы бейтаныс кісінің бет-әлпетіне қанша тесіліп қараса да бар көргені осы болды.

Дайыр нағашым есіктің қыр көзінде отырған менен құман алдырып, асықпай отырып қолын жуды, асықпай отырып екі танауына кезек-кезек су атты, асықпай отырып бетін шылады. Сосын ақ орамалға асықпай отырып сүртінді. Асықпай отырып көрші-көлемнің амандығын сұрады. Асықпай отырып шаруа бағытын сұрады.

Асықпай отырып шай ішті. Дастарқан жиналған соң, қара құманды қайта алдырып, асықпай отырып аузын шайды.

Ол асықпаған сайын қасындағы бейтаныс қонақ бір аяғынан бір аяғына кезек мініп қипақтай береді. Кішкене түйме көздерін нағашымның қызара бөрткен ұлан-байтақ жүзіне әлденеше мәрте жүгіртіп, әлденеше мәрте аударып әкетті. Мұның бәрін үй-ішіндегілердің қалай түсінгенін қайдан білейін, мен өзім әйтеуір бірденеге жорып, күліп жібере жаздап қысылып отырдым.

Қасындағы серігінің жайы кетіп отырғанын сезгендей Дайыр нағашым сөз бастады. Сөзді әріден бастады. Дайыр нағашым әңгімені де асықпай айтады. Дайыр нағашым жалпы асықтырғанды жақсы көрмейді. Алдажалда дызақтап асықтырып жатқан адам табылса, бетің бар, жүзің бар екен демейді, басыңнан батпанмен соққандай қып, жалпитып тұрып бір боқтайды. Сондықтан да Дайыр нағашымды ешкім асықтырмайды. Сүйтіп, жүріп Дайыр нағашымның баптаған аты жүйрік. Сүйтіп жүріп Дайыр нағашымның жүгірткен ұлты жүйрік. Сүйтіп жүріп Дайыр нағашымның кемпіріне қамшысы жүйрік.

Дайыр нағашым қос тізерлеп алған. Көзі адырайып кеткен. Әр қияға бір-бір кісіні ұрып жыққандай тоқпақ мұрты едірейіп тұр. Сөзі де енді төкпектей шықты. Қайқы жіпрен кірпігін қағып-қағып қойып айтып жатыр: қолындағы қамшымен қос тізесін нұқып-нұқып қойып айтып жатыр: қасындағы сүлгімен кең мандайынан жарыса құлап келе жатқан көк тер ді жапыра сүртіп қойып айтып жатыр, алдындағы алашаға қонған шыбынды сабаудай сұқ саусақпен шертіп қойып айтып жатыр... Айтып жатыр... айтып жатыр. Дайыр нағашым бірауық көзіне көрінбейтін, сонау алты қат аспанның әлде бір қиырындағы не жеті қат жердің әлде бір тұңғиығындағы беймағлұм біреумен дауласқандай сабалақ-сабалақ қос уыс қабағын тікірейтіп, тұздай көкпеңбек көзі ежірейіп едірең-едірең етеді. Сол құбыжық неме көзір қолына түссе, түтіп жіберердей тістенеді.

Дайыр нағашым сосын бір сәт қимас адамымен бақылдасқандай тұншыға күңіренеді. Көзін жұмып ап, басын шайқап-шайқап қояды. Қолындағы сүлгімен енді терін сүртпей, көзін сүртеді. Дайыр нағашым бір уақыттарда барып қып-қызыл көзін лап еткізіп ашып алып, жан-жағына жүгірткен соң, мен де төңірегіме қарасам— жұрттың бәрі мырс-мырс... жылап отыр. Төрдегі бей-

сауат қонақ жермен-жексен боп шөгіп қалыпты. Басы омырауына түсіп кеткен.

Дайыр нағашымның әңгімесін аяқтауы-ақ мұң екен, біздің үйдің іші күңірене жөнеледі. Кебеженің алдында үш жағына үш жастық қойып, қалт-құлт етіп әзер отырған әжем әкемнің иығына жармасты. Қазан-аяқ жаққа бір өзі әрең сыйып отырған анам жалма-жан Дайыр нағашымды құшақтай алды. Оң жақта менің қасымда бір тізерлеп сызылып отырған Жазира жеңешемнің білезікті білегі менің мойныма оратыла кетті. Ызы-қиқы

жылау. Ал, мен болсам, ештеңеге түсінбей бұлқынып жатырмын.

Өліп-талып жеңешемнің қолтығынан басымды шығарып, төрдегі бейтаныс қонаққа қарасам, пилоткасымен көзін тас қып бүркеп алыпты. Екі иығы селк-селк етеді.

Дайыр нағашымның мойнын әжем босатқан соң, анам енді қонаққа жабысты. Бір шөкім ғана кісі алпамса анамның омырауына кіріп ғайып болды. Әлденелерді зарлана әндеткен анамның даусына бейтаныс қонақтың кеңк-кеңк жылағаны қосылды.

Енді оны біздің үйдің адамдары бірінен соң бірі барып құшақтай бастады. Сол арада ауыл үйдің адамдары да жиналып қалды. Олар да біздің үйдің бір-бір адамын құшақтап ап өкіріп жатыр.

Сыртқа сытылып шығып, ауылдың желкесіндегі тастақ төбенің тасасында мен де жыладым. Өзімнен өзім жұбана алмай ұзақ жыладым. Басқа балалар көріп қап мазақ ете ме деп, жүлгеден-жүлгеге бұқпантайлап жасырынып жүріп жыладым. Бірақ, неге жылайтынымды өзім түсінбеймін. Әйтеуір, қашан күн батып, қас қарайғанша төбенің тасасында отырдым да қойдым.

Бір уақытта қасымнан бірдеңе пыс еткендей болды. Орнымнан ұшып тұрсам, басын жерге салып құйрығын екі бұтының арасына қысып алған арса-арса арық қызыл ит аяғымды жалап жатыр.

Итті ертіп ауылға беттедім. Жылау тиылыпты. Біздің үйдің алдындағы жер ошақта от жалпылдайды. Ауыл үйдің әйелдері сол төңіректе, еркектері — үйдің ішінде. Енді Дайыр нағашымды емес, бейтаныс қонақты ортаға апты. Дайыр нағашым басын төмен салып тыңдап отыр; әлдене сұрап, әңгімені бұзған кісіге жалт бұрылып жанарын тіктеп, тежеп тастайды. Есіктен мен кіріп келгенде де ежірейе бір қарап еді, сып беріп әжемнің жадағайына қалай кіріп кеткенімді білмей қалдым.

Бейтаныс қонақтың шіңкілдек даусының тынатын түрі көрінбейді. Отырғандардың тыңдаудан жалығатын түрі көрінбейді. Көзімді ашпай жатып, әжемнің қасында хисса тыңдап қалған мен әңгімеге құлақ тостым. Біріне түсінсем, біріне түсінбеймін. Сонда да жалықпаймын. Әуелі әжемнің құшағында отырып тыңдадым, сосын ығына сүйеніп отырып тыңдадым, біраздан соң тізесіне басымды қойып, жатып ап тыңдадым. Әйтеуір тыңдай бердім. Көзім тарс жұмық. Сонда да құлағым түрік Әжем тізесі ұйығаң соң басымды қасындағы жастыққа

аударып салды. Онда да оянбадым. Бірақ, бәрін естіп жатырмын. Менің түсінгенім, мына біздің қонақ батыр. Менің түсінгенім, біздің Ахат көкем де батыр. Батыр болғанда, кәдімгі Қобыландыдай, кәдімгі Алпамыстай, кәдімгі Тарғындай, кәдімгі Қамбардай батыр. Ахат көкем мен біздің қонақ жауды мына көк теңіздің ар жағындағы Сталинградтан бастап қуғаннан қуып отырып, сонау жеті қат жердің ең түбіндегі Берлин деген жерге дейін дүркіретіп қуып барған. Сол арада жетібасты аждаһаны өз апанына апарып тұрып, әкесін танытып, тастамалқан еткен. Қас дұшпан қашан өле-өлгенінше қарсыласқан. Ақырғы арпалысында Ахат көкемді мерт қылыпты. Бірақ, бәрібір бұлар жеңіпті. Әнеукүнгі ат жарыстырып, жамбы атып мәре-сәре болған үлкен той осылардың жеңгеніне арналыпты.

Соны естіп жатып манағы жылағанымды да ұмыттым. Соны естіп жатып маужырап ұйықтап кетіппін.

Ертеңіне елең-алаңнан тұрдым. Қаз-қатар салынған төсектегі жұрттың беттеріне үңілем. Дайыр нағашым мен кешегі бейтаныс қонақ көрінбейді. Жүгіріп сыртқа шықтым. Дайыр нағашымның ер тұрманы жым-жылас. Үйдің көлеңкесіне барсам өре текеметтің үстінде, аймақы сәтен көрпенің астында бір уыс бірдеңе томпиады. Аяқ жақтағы шөп тырнап ақ жем боп қалған керзі етік көзіме шоқтай басылды. Мына жатқан — кешегі қонақ. Ол оянғанша шырқ айналып жүрдім де қойдым.

Күн тұсау бойы көтеріле ұйқыдан оянды. Бас жағында отырған менімен:

— Батыр, хал қалай? — деп қол алысып амандасты.

Су алғызып жуынды: оң балтыры — айғыз тыртық, сол қары шұқырайып ойылып кетіпті; бұғанада тағы бір ай тыртық тағы тұр.

Мұздай суды құйған сайын «пай-пайлап» рахаттанып қояды.

Ахат көкемнің қаза тапқанын естіген жұрт пәлен күн қатарынан бата оқуға шұбырып келді де жатты. Пәлен күн қатарынан жұрт біздің қонақтың аузына қарайды.

Сөйтіп бір ай өтті. Сөйтіп екі айдың жүзі ауды. Бір күні қонақ таңертең шайдан кейін әкеммен ұзақ әңгімелесті. Әңгіме әкемнің бас изеуімен аяқталды. Екеуі екі ат ерттеп колхоз орталығына кетті. Ертесіне кешкі сауыннан соң қозы айырғанда өріске қойды әкем емес, қонақ айдап әкетті. Құдық басына барып қой суардық. Қауғаны әкем тартты. Қойды қонақ екеуміз бөлдік. Енді мен одан бір елі қалмайтын болдым. Ол согыс бітер-

ден аз-ақ бұрын жараланып қайтқан Жанас ағамдай емес, бірдеңе сұрасаң: «аулаққа ойна» деп қуып тастамайды.

Жанас — біздің жақын ағайынымыз. Бірақ, алдынан жүгіріп шықсаң атына мінгізбейді, қалпағы түгілі қамшысын ұстатпайды. Құшақтайын десең — үстімді лас қыласың деп зыр-зыр қашады. Үйге келгенде қамшысын, қалпағын, ақшаңқан кителін, сөмкесін тек Жазира жеңешеме ғана ұстатады. Жазира жеңешем оның қамшысын, қалпағын, кителін, сөмкесін ең төрге апарып, керегенің басына іледі. Жанас кебеженің алдында отырған әжеме барып мандайынан сүйгізеді: анама бүйірінен бір түртіп қойып айран құйғызып ішеді, сосын біздің үйдің тап іргесіне тігілген Ахат көкемнің отауына барып, түймешік бас кішкене қара домбыраны дыңылдатып жатып алады. Маған құдды бір біздің үйдің кенжесі мен емес өзі құсап осы бір талтаңдағаны-ақ ұнамайды.

Мойнынан түспейтін қара сөмкесін ашып қалсаң-ақ қызыл, көк, сары, жасыл, күрең қарындаштар. Бірінен-бірі өтіп тізіледі де тұрады. Шіркін, қарындаш жасаған ағаштардың иісі-ай! Танауынды жарады. Оған жып-жылтыр тап-таза қағаздардың иісі қосылғанда басым зеңіп, көзім бұлдырап кетеді. Мен үшін дүниеде осы қарындаштың ағашы мен қағаздың иісінен асқан әдемі иіс жоқ. Бірақ, не керек, оның бәрі қарақ дүние... Жанас бермек түгілі қолына ұстатпайды.

Ол Ахат көкемнің отауына кеткенде мен керегенің басындағы сумканы жайлап барып ашамын да, ішіндегі қарындаштар мен қағаздардың бірінен соң бірін көре бастаймын. Біздің қоңыр үйдің ішінде пейіштен шыққандай бір әдемі иіс бұрқ ете қалады. Сырттан сәл тысыр шықса болды, жалма-жан қара сумканы орнына апарып ілем. Мен Жанасты маңына жуытпай, қашқақтағанына қарамастан, осы бір қарындаштары мен қағаздарына бола жағалайтынмын. Енді ол сығыр жолатпаса жолатпай-ақ қойсын. Ол неме енді біздің үй түгілі біздің ауылда, біздің ауыл түгілі әжем айта беретін алты қат көктің астында, жеті қат жердің үстінде көзіме неге көрінеді! Артына бір уыс топырақ! Енді Самат ағам бар!

Біздің қонақтың, Ахат көкемнің жолдасының аты Самат. Жанастай аталас ағайын емес, көлденең көк атты бөтен біреу болса да, ол кеңеп қапшығынан жалтылдақ дәптер, жылтырақ бояу қарындаштар ап берді.

Олардың иісінің қасында Жанастың қарындаштары мен қағаздарының иісі жәй әншейін күйген құрым киіздің иісіндей. Күңірсік бірдене. Ол аз десең, Самат ағам маған баспалы тіл сырнай әкеп берді. Немістердің жасағаны дейді. Ерніңе апарып, үрлеп қалсаң болды, сай сүйегіңді сырқыратып, сарнап қоя береді. Ондай сырнайды Жанастың өзі түгілі жеті ата — тұқым-тұяны түп-түгел көрген де, білген де емес.

Самат ағам екеуміз үлкен үйдің көлеңкесіне өре киіз жайып бірге жатамыз. Қашан көзім ұйқыға кеткенше жар-жаһанның сұрағын жаудыра берем, ол ешқашан бетіңнен қақпайды.

Ертеңіне таңертең суатқа мал айдасып бара жатып та әңгімелесеміз. Суатымыз — аласа таудың тар қолатына ұйлыға өскен қалың шидің ішіндегі жалғыз құдық. Біз қара жалдан аппақ шаң көтеріп енді құлай бергенде жалғыз құдықтың аузына өріп салған тас әйкелдің үстінде әкем тұрады. Әйкелден сәл төменірек орнатылған сопақша тас астауда күмістей жылтырап су жатады. Өкпелерін шаң қауып қалған кешеден бері шөл қойлар құдық маңындағы тепсеңнің күңірсік иісі шыққаннан-ақ ентелей жөнеледі. Сол-ақ екен Самат ағам екеуміз қойдың алдынан шығып кесек атып қайырмалай бастаймыз. Таң атқалы бытырай жайылып келе жатқан отар етек-жеңі дөңгеленіп бір жерге кеп ұйлыға қалады. Самат ағам екеуміз қалтамызға кесек, тас толтырып аламыз да, суға асығып, арпалысып тұрған қойларды он-он бестен бөліп жібере бастаймыз. Әйтпесе, әкем су құйып үлгере алмайды. Әйтпесе, шөл қой астау басында бірін-бірі тапап тастайды. Мұндайда көзіне қарап, сақ тұрмасаң болмайды. Жаудай жағаласқан шөл қойлар сәл көзің тайды-ақ құдыққа қарай жапатармағайлап қоя береді... Самат ағам екеуіміздің қой бөліп тұрғанда да аузымыз жабылмайды.

Шаңқай түсте қой түгел су ішіп шығады. Шөлі қанған отар құдықтың қасындағы қалың шидің ішінде байыздап жатады. Әкем, Самат ағам үшеуміз астаудағы суға беті-қолымызды жуып, әйкелдің көлеңкесіне тамақтануға отырамыз. Тамағымыз қойыртпақ. Кешеден бері ердің артында жүрген қозы қарын жұмырдың ішіндегі ақырып тұрған ащы айранға мен сыз тепсеңде жатқан саулықтарды тұрғызып ап сауып, сүт әкеп құям. Сосын астаудағы мұздай суға малып қойсаң, жұмырдың ішіндегі бал қойыртпақ жазғытұрымның уызындай тәп-тәтті боп шыға келеді. Содан бір саптыаяқты салып

алсаң — маңаурап ұйқың келеді, ал біреуді қомсынып, екеу-үшеуін тастап-тастап жіберсең — ішіңе біреу кеп пеш қыздырғандай өне бойың тыз-тыз қайнап дөңбекши бастайсың. Ондайда әкем құдықтан тай терісінен жасалған бір қауға су тартып алады да, тас төбеңнен лақ еткізіп құйып жібереді, тісің тісіңе тимей, әлгі бір қызыл шоқтай өң бойыңды өртеп бара жатқан қызудың қайда кеткенін білмей де қаласың.

Қойшекеңнің кейде қойыртпақты місе тұтпай, көңілінің құртқа шабатыны бар. Мен, әсіресе, далада сүт пісіріп ішкенді жақсы көрем. Оның талай-талай тәсілін де білем. Ол үшін қазан-аяқтың да қажеті шамалы. Көдімгі қозының қарны табылса жетіп жатыр. Жаз болса — табанынды шоқ боп жалап жүргізбейтін кебір төпыраққа не ыстық құмға көме сал, күз болса сүт құюлы қарынды кішкене шұқыр қазып көм де, үстіне тезек қалап, не томар жағып, от өрте. Бір айналып соқсаң — сүйек-сүйегіңді шымырлататын бұйра сүт пісіп тұрады. Әлгі аузының суы құрып айта беретін борщының қандай екенін қайдам, әйтеуір Сталинградтан Берлинге дейін борбайлап барып, талай жұрттың дәмін татып қайтқан Самат ағамның жұмырдың асын ішіме жақпайтын еді деп қайтарып беріп жатқанын көрген емеспін.

Шаңқай түсте құдық басында қойыртпаққа тойып алған соң, әкем шақшасына бас қояды, Самат ағам шылым орайды, ал мен таусылмайтын да сарқылмайтын көп сұрағыма қайта кірісем.

— Ау, мылжың бала, қойсаңшы енді. Ағаңның басын ауыртттың ғой, түге! — дейді әкем.

— Ештеңе етпейді, сұрай берсін,—дейді Самат ағам.

Қой десе де қоятын бәрібір мен жоқ. Түс қыза, үстімізге бір-бір қауға су құйып ап, орнымыздан түрегеліп, суат басында байыздап жатқан қойды қайтадан өргізіп жүріп те аузым тыным таппайды.

Таңның атуы, күннің батуы менің аузым жабылмайды. Таңның атуы, күннің батуы Самат ағамның аузы жабылмайды. Жалп-жалп сөйлесеміз де жүреміз. Әкем екеуі күн аралатып қой күзетіседі. Ол күзетке кеткен күні мен таң атқанша дөңбекшіп шығам.

Түнекке бармайтын күні:

— Самат аға, осы біздің аспанға ғой жұлдыздар шығады, ал Германияның аспанына не шығады, крест пе? — деймін төсекке құлай беріп.

— Біз барғанда Германияның аспанында да жұлдыз бықынап тұрды,— дейді Самат ағам.

— Ол қалай? Фашистер крест тақпай ма?

— Фашистерді біз құртып жібердік қой,— дейді Самат ағам.

— Самат аға, Ахат көкем екеуіңіз неше фашист өлтірдіңіздер? — деймін мен.

— Көп қой.

— Аттарын білмейсің бе?

— Білгенде қандай?..

— Айтшы онда...

— Гитлер, Геринг, Геббельс, Робинтроп, Кейтель, Йодль, Гесс...

— Бар болғаны жетеу-ақ па?

— Жоқ, өте көп. Бұл тек аттарын білетінім.

Жұлдызы бықынаған аспанға қарап біраз жатам да, тағы сұраймын.

— Самат аға, осы мың көп пе, миллион көп пе?

— Миллион көп те.

— Миллионнан не көп?

— Миллиард.

— Ал миллиардтан не көп болады?

— Триллион дейді ғой.

— Ал триллионнан не көп болады?

— Триллионнан ба... Триллионнан кейін сан жетпес шығар.

— Сан жетпестен не көп болады?

— Топырақ жетпес.

— Сонда мынау жұлдыздар топырақ жетпестен көп пе, аз ба?

— Топырақ жетпестен қайдан көп болсын.

— Егер бізге топырақ жетпес жау жабылса жеңер ме едік? — деймін мен.

— Жеңеміз ғой,— дейді Самат ағам.

— Әрине,— деймін мен өзіме-өзім жауап беріп.— Бізде батыр көп. Александр Невский, Минин мен Пожарский, Суворов пен Кутузов, Ушаков пен Нахимов, Фрунзе мен Щорс, Лазо мен Пархоменко, Чапаев пен Буденный, Ворошилов пен Жуков, Конев пен Рокосовский, Бауыржан мен Мәлік, Төлеген мен Қайыргали, Мәншүк пен Әлия, сосын Ахат көкем екеуіңіз.

— Иә, бізде батыр көп қой,— деді Самат ағам.

— Самат аға,— деймін тағы да.

— Иә, айта бер.

— Осы Суворов пен Кутузовтың қайсысы күшті?

— Екеуі де күшті.

— Екеуі жекпе-жекке шықса қайсысы жеңер еді?

— Қобыланды мен Алпамыс жекпе-жекке шығар ма еді?

— Жоңғарлар мен қызылбастар тұрғанда жекпе-жекке шығып ол екеуіне не қара көрініпті?

— Ендеше, Суворов пен Кутузов та жекпе-жекке шықпайды.

— Айтпақшы, солай екен-ау,— деймін мен кешірек ақыл кіріп. Ұялғаннан қапелімде үндемей қаламын. Бірақ, көп ұзамай ойыма тағы бір сұрақ оралады да, көмекейімді қытықтап жатқызбайды. Қипақтап әрі жатам, бері жатам, шыдай алмай тағы сұраймын.

— Самат аға, қазір социализм ғой.

— Иә.

— Социализмнен кейін не болады?

— Коммунизм.

— Ал, коммунизмнен кейін не болады?

Самат ағам көпке дейін ойланып қалады.

— Рахатизм.

Рахатизм... Енді мен жатып ап қиялдай бастаймын. Шіркін-ай, сол рахатизмге тез жетсек. Жер бетін жайлаған әлгі триллион, жоқ сан жетпес, тіпті топырақ жетпес адамдардың бәрі бізбен дос болса, әр қайсысында Жанастың сөмкесіндегідей он шақты қарындаш, екіүш дәптер емес, топырақ жетпес нсі аңқыған әдемі қарындаш пен нсі аңқыған әдемі қағаз болса. Менде де болса... Тек Жанаста ғана болмаса. Алақанын жайып әркімнен барып қағаз сұраса, қарындаш сұраса, ешқайсысы бермесе, «әрі жүр, аулақ кет, үстімізді былғайсың» деп мандарына жолатпаса. Тіпті Жазира жеңешем де жуытпай қойса, Көз алдыма ылғи тырсиып жүретін сөмкесі қабысып, ылғи шіреніп жүретін иығы солпиып мөлиіп тұрған Жанас елестегенде барып, кірпігім айқасады.

Ондайда біздің үйдің адамдары мені таңертең жұлқылап жүріп зорға оятады. Көзімді тырнап ашып, қою айранды дүрс-дүрс жұтып, елең-алаңнан қойға кеткен Самат ағаға тартам.

Бір төбеден асам — ештеңе көрінбейді, екі төбеден асам — ештеңе көрінбейді, үшінші төбенің басында, міндетті түрде, шоқиып қызыл қаншық отырады. Мелі көрісімен, басын төмен салып, құйрығын бұтының арасына тығып ап, бүкең-бүкең желіп алдымнан шығады.

Келе сала арсаландап қолыма жармаспайды. Сүмендеп соңыма еріп келе жатып өкшемді піскейді.

Әлгінде ғана қызыл қаншық отырған төбенің басына шыға келсем, ар жағындағы қолатта бытырай жайылып ақ ала, қара ала көп қой жатады. Қойдың арғы басында біздің бурыл тұқшыңдап жайылып жүреді. Сол тұғжым бурылдың көлеңке бетінде төсі жалтырап Самат ағам тұрады.

Төбенің басына мен шыға келгенде Самат ағам омырауындағы күнге жарқ-жарқ шағылысып жалтырап тұрған шынжыр бауды алақанымен бір сипап қойып, төс қалтасынан сағатын суырып ап, міндетті түрде бір қарап қояды. Бетін алтынмен шайған қақпақты сағат. Қақпағын ашқан-жапқанында сыңғырап тұрады. Самат ағам қпт етсе сағатқа қарайды. Ұйқыға жатарда да сағатына қарайды. Ұйқыдан тұрарда да сағатына қарайды. Осы күні тіпті әжеме сағатына қарап намаздың уақытын алдын-ала ескертіп отыратынды шығарды.

Самат ағамның сағатына қарайтынына біздің үйде ешкім күлмейді. Тек Жазира жеңешемнің ғана бір-екі жерде мырс ете түсіп, ернін тістей қойғанын байқап қалғаным бар.

Ал, айдалада жападан-жалғыз қойдың шетінде сағатына қарап тұрғанын көріп былайғы жұрт: «Осы пақырдың есі дұрыс болса жарар еді. Қаршадайынан Баскұншақтың көк тұзын кешіп, көкбақа боп қалған қара шекпен неме қойды сағатқа қарап өргізіп, сағатқа қарап ніргенді қай бабасынан көрді екен!» — деп күледі деседі.

— Қалай, батыр, ұйқы қанды ма? — дейді ол қасына барғанымда.

Басымды бір бұлғаң еткізем. Оным «қанды» дегенім. Сосын манадан бері ойымда келе жатқан көп сұрақты ұмытып қалатындай-ақ, аптығып сөйлей жөнелем:

— Самат аға... Самат аға, осы Ахат көкем үлкен ме, сіз үлкенсіз бе?

— Ахат үлкен еді,— дейді ол.— Мен оны ылғи «аға» дейтінмін.

— Ахат көкемнің бойы ұзын ба? — деймін мен.

— Ұзын,— дейді Самат ағам.— Біздің батальондағы ең ұзын офицер сол болатын.

Бұны айтқанда Самат ағам әңгіме Ахат көкем туралы емес, өзі туралы болып тұрғандай ығын бір керіп қояды.

— Ахат көкем әдемі ме еді?

— Мен өзім көрген жігіттердің ішінде ондай сұлу жігіт көрген емеспін.

Енді мен масаттанып қаламын. Соны сезгендей Самат ға әңгімесін қайта жалғайды.

- Шашы, мына сенің шашың секілді мөлт қара. Әрі бұйра. Маңдайы да сенің маңдайындай жап-жазық. Сендей тәмпіш емес, қыр мұрын. Дөңгелек көз. Несін айтасың, сабазың кісі-ақ еді ғой.

Самат ағам күрсініп қояды. Мен де қосыла күрсінем. Әңгіме үзіліп қалады.

Самат ағам кішкене көзі одан сайын кішірейіп, туту алысқа, менің жанарым жетпейтін, шамасы кеше ғана өзі оралған алыс қыырларға қарап тұрғандай ұзақ тесіледі. Солай тұрады, тұрады да, бір уақыттарда барып қоңырлықта бас көтерместен қадала жайылып жатқан көп қойға бір «шәйт!» — деп қояды.

Ондай кезде Самат ағамнан бірдеңе сұрауға батылым бармай мүдіріп қалам. Сонымды сезе ме Самат:

— Ау, батыр, неге үндемей қалдың,— дейді.

— Менің Жазира жеңешем де әдемі ғой,— деймін мен.— Беті қандай аппақ-ау, аппақ, көзі қандай қап-қара... Шашы қандай ұп-ұзын!

Жеңешемді одан әрі мақтауға сөзім таусылып, Самат ағама қараймын. Самат ағам құдды бір ақ көйлегі желбіреп, шашбау тақкан қос бұрымы бұлғаңдап, нұры мол дөңгелек көзінің астымен білдірер-білдірмес қып бір жымпып қойып, бұраландай басып Жазира жеңешемнің өзі келе жатқандай ауыл жақтағы төбеге қарап тұр екен.

- Иә, Жазира, жеңешең де сұлу... Біздің Ахат ағатегін кісіге ғашық болмайды ғой,— дейді Самат ағам.

«Ғашық» деген сөзді естігенде құлағым елең ете түседі. Әлденеге екі бетім дуылдап, тамағым құрғақсығандай.

— Аға, осы ғашықтық деген не? — деймін міңгірлеп.

Самат ағамның да екі беті ду ете түседі. Қапелімде сөз таба алмай абдырап қалады.

— Қалай десем екен... Әлгі өзің айта беретін Қыз Жібек пен Төлеген, Қамбар мен Назым, Қобыланды мен Құртқалар бар емес пе? Так... Солар бір-біріне ғашық қой... Бірін-бірі өлім-өмір жақсы көреді. Бірінсіз бірі өмір сүре алмайды.

Самат ағам кенет әлденеге тыйылып қалады. Осы бір түсініксіз әңгімені одан әрі созбақтағым келмей мен де үнсіз қалам. Көз алдымда қайдағы бір елестер тіріп-

леді. Мынау Самат ағам екеуміз қой жайып жүрген кішкене тар қолат аяқ астынан айдын шалқар көлге айналады. Көл жағалап бір қара қасқа атты жолаушы келе жатады. Қанжығасы толы қаз-үйрек. Тоқсан үйлі тобырға азық қылайын деп атып әкеле жатыр екен деймін. Тоқсан үйлі тобыр ауылдың бір шетінде Самат ағам екеуміз де қара қасқа атты жолаушыдан көз айырмай қарап тұр екенбіз деймін. Кенет айдын шалқар көлдің құбыла бетіндегі ақ жұмыртқа ауылдан сылаңдап бір қыз шыға кеп, қара қасқа атты жолаушының үзеңгісіне жармасқан екен деймін. Қара қасқа атты қызға бұрылып қарап еді — Ахат көкем секілденіп кетті. Самат ағам айтқандай, ұзын бойлы, қыр мұрынды, томаға көз сұлу жігіт. Ал, қыз — аумаған өзіміздің Жазира жеңешем. Үстінде — ақ шыт көйлек, жеңсіз бешпет, омырауында — комсомол значогі. Айтпақшы, Қамбар, Назым комсомолда жоқ екен ғой...

— Марқұм Жазираны жанындай жақсы көретін. Одан хат алған күні төбесі көкке жетіп қалушы еді. Мен де почта келген сайын Жазирадан хат бар ма екен деп тінткілеп бағам. Оның әр әрпі баданадай әдемі жазуын бірден таныпынмын. Көрсем алдымен жармасамын. Сып еткізіп төс қалтама салып алам. Содан Ахат ағам келгенше, қойныма ыстық күлше тыққан кісіше, тыпыршып отыра алмаймын. Ахат ағайдың қарасы көрінгеннен-ақ қабақты тас қып түйемін, ерінді дүрдитіп, өз-өзімнен бүліне бастаймын. Айта алмай жүрген өкперенішімді де сол күні судай сапырып бағам. Ахат ағай менің ол мінезіме әбден қанық болып алған. Біразға дейін тыңдап-тыңдап отырады да:

— Арам бала, табан астынан Асан Қайғы бола қалғанына қарағанда, шамасы, Жазирадан хат келген ғой, әкел бері,— дейді.

Мен күліп жіберем. Ахат ағай хат оқып отырғанда мен билікті өз қолыма алып алам. Старшинаның жылы жұмсағын әлдеқашан былқытып асып қойғам. Ақаңның да көзін табам. Ендігі командир — өзім. Екі стаканға сықылдатып құя бастаймын.

Самат ағамның бетіне нұр жүгіріп жадырап сала береді. Көзінің қиығына қуақы күлкі үйіріледі. Сұйық мұрты әлдекім маймен сылап кеткендей жылтылдап шыға келеді. Мен оның осы бір балбұл жанған жүзінен көз ала алмай қарап қалам.

Ол қой шетіндегі көк майсаға шынтақтай құлап, төс

қалтасынан шылым суырады. Сіріңке іздеп жатып, әлде неге өз-өзінен мырс ете түседі.

— Мен оны полктегі қыз-қырқындардан қызғыштай қорытынмын. Өзім әлі жүзін көрмеген айдаладағы Жазираға бола қызғанатынмын. Соғыс аяқталғасын Ахат ағамды бір шағындау неміс қаласына комендант қойды. Ахат ағам мені тіріде қасынан тастасын ба, комендатураға орналастырды. Қаламыз шағын болғанмен шаруасы шаш-етектен. Біресе анау жетпейді, біресе мынау жетпейді. Ахат ағам екеуміз аядай қаланы о шегі мен бұ шетіне күніне қырық барып, қырық келіп шаңқылаймыз да жүреміз. Ара-тұра комендатураға соқсақ, онда да құлағымызға тыныштық жоқ. Сары ала таңнан күн батқанша шұбырып келіп жатқан бір жұрт. Бәрінің де тілегін орындау керек. Біреулерді жоқтық айдап әкеледі, енді біреулері қызмет сұрап келеді, кей біреулеріне қызық керек — жаңа өкіметтің бет-жүзін көргісі келеді. Бір күні жасы егделіп кеткенмен ажары таймаған неміс әйелі есік қақты. Қасында үріп ауызға салғандай сұлу бойжеткен. Жүріс-тұрыстарынан, кіім-киістерінен тап онша қардарлықтың сыңайы байқалмайды.

Ахат ағам отырған төргі бөлмеге бастарын бір сұғып еді, шықпай қойды. Жарты сағат күттім — есік қылп етпейді, бір сағат күттім — есік қылп етпейді. Әуелі сызылып сыпайы басталған әңгіме енді емін еркінси бастаған түрі бар. Оқтын-оқтын сылқ-сылқ күлкі естіліп қалады. «Қап, мына фраудың құдды бір Ахат ағайдың қайын енесіндей шіренуін-ай»,— деймін ішімнен кіжініп. Сағат жарым болды. Екі сағатқа айналды. Енді шыдап отыра алмадым. Жағаны бір сипап, белдікті бір жұлқып, сарт-сарт басып кіріп бардым.

— Жолдас аға лейтенант, автомобиль шаруашылығында жұмыс тоқтап қалыпты, жанар май таусылыпты. Сізді шақыртып жатыр,— дедім бетім бұлк етпей.

Ахат ағамның шыдамсыздығын білем, орнынан атып тұрды. Сафиян сәкіде шалқалай құлаған фрау мен фрейлейн де атып тұрды. Ахат ағам олардан кешірім сұрай бастады. Екі әйел аппақ білектерін қосарлана созып, көздерімен Ахат ағамды ішіп-жеп барады. Әсіресе, бойжеткен қылмың-қылмың етеді. Сары шашты сайтан есікке жеткенше артына қарағыштаумен болды.

Екі әйел есіктен шыға бере:

— Ал, не тұрыс? Машина қайда? — деді Ахат ағам.

— Машина жоқ. Оның да бензині таусылып қалыпты.

— Апырай, енді қайттық.

Ахат ағам жалма-жан телефонға қол созды.

— Әуре болмаңыз. Автомобиль шаруашылығынан ешкім телефон соққан жоқ.

Ахат ағам қапелімде түк түсінбей аңырып тұрып қалды. Біраздан соң ғана: «Ай, арам бала! Бұл фрау осындағы музыка салонының иесі көрінеді. Салонымды қайта ашсам орыстар қалай қарайды екен деп рұқсат сұрай келіпті»,— деп қарқылдап күліп жіберді.

Мен де күліп жібердім. Бірақ, Самат ағамның ойда жоқта томсырая қалғанын көріп, аңтарылып қалдым. Самат ағам сағым шалып, толқынданып жатқан дөңбек-дөңбек бұйраттарға телміріп біраз тұрды. Сосын төс қалтасынан сағатын алып қарады.

— Қой суаратын уақыт боп қалыпты,— деп буырылға қарай беттеді. Әншейінде ағыл-тегіл ақтарылып жататын көп сұрақтың ешқайсысы көмейіме оралмай соңында ілбіп басып мен келе жатамын.

Кейінгі кезде Самат ағам осылай аяқ астынан мұңайып қалады. Анау күні ұйқыдан көзінің алды ісіп тұрды. Ол күні тәңертең шай үстінде күндегідей ашылып сөйлеген де жоқ. Сағатты да әжемнің өзі сұрағанда барып айтты. Басқаларды қайдам, өзім әйтеуір бұпысына түсіне алмай-ақ қойдым. Әншейінде көзін ешкімге тіктемей, самауыр мен ақ құманға қарап отырып шай құятын Жазира жеңешем де сол күні тым жанарымен жер шұқып кеткен сияқты көрінді. Самат ағамның шыны аяғын алдына апарып, бір түрлі дастарқанды нұқып қалғандай қып, сұлқ қоя салды.

Байқаймын, Жазира жеңешем өз-өзінен тұйықтанып барады. Бұрын күні бойы күйбең-күйбең, үлкен үйден шықпайтын-ды. Енді қазан-аяқтан сәл қолы босаса, зып беріп отауына кіріп кететінді шығарыпты.

Самат ағадан сұрайтын сұрақтарымның де шетіне шығуға айналдым. Жаздың жұлдыз самсаған салқын түнін де шалқасынан түсіп екі қолын тарақтап басына жастанып ап, ойға батқан оны алаңдатпайын деп тымтырс жатам да қоям. Анадай жерде, аяқ жағымызда қызыл қаншық бозарандайды. Екеумізді әлденеден қорығандай, оқтын-оқтын құлағын едірейтіп жан-жақтан тың тыңдайды. Секем алардай ештеңе сезілмеген соң бір уақыттарда басын бауырына тығып ұйқыға кетеді. Самсаған жұлдыз, білінер-білінбес қып бетінен сипаған майда самал, ауыл желкесіндегі ши арасындағы жайылып жүрген малдың тұяқ сыбдыры, үй іргесінде

шөгіп жатқан боталы-түйенің күрт-күрт күйіс қайырғаны, үй ішінде әжемнің оқтын-оқтын «О, құдайлап» күбірлегені өп бойымды балбыратып, көзіме ұйқы үйіледі. Содан кейін қашан күн шыққанша дүниеде не бөлып, не қойып жатқанынан мен бейхабармын.

Бір күні түн ортасында оянып кеттім. Ауылдың желке жағында әлдене дүрсілдегендей еді. Құлағымды түріп тыңдаймын кеп. Аяқ жағымдағы қызыл қаншық та басын көтеріп апты.

— Айдаладан қаңғып келген тентіренді неме, көлденең көк атты бөтен біреу, саған не жорық. Кімді кімнен қорып жүрсің? — дейді әлдекім кіжіне қырылдап.

— Басы-көзіңнің аманында қараңды жоғалт... Әйтпесе көкеңе көрістірем. Кәне, бір... екі... үш... Ендеше өз обалың өзіңе...

Сыбырлап шыққан соңғы дауыс таныс сияқты.

Сол екі ортада әлдене ұмар-жұмар болды да қалды. Тек алқынған, ырсылдаған дауыстар естіледі. Қызыл қаншық үн-түнсіз, сып беріп солай қарай жүгіріп кетті. Мен де тұрдым.

Ши арасында шөкелеп Самат ағам отыр. Алдында анадай жерде қызыл қаншық жатыр. Самат ағам мұрнын басып алыпты.

— Не болды, Самат аға,— деймін мен қасыңа барып.

— Ой, бір доңыз,— деп қолын сілтеді ол, жүзін әрі бұрып. Сосын орнынан тұрып қалың шидің ішіне бет-теді. Қызыл қаншық соңынан ерді. Мен қалтиып әрі тұрдым, бері тұрдым. Тұла бойым мұздап кеткесін төсегіме қайттым. Көп ұзамай Самат ағам да кеп, теріс қарап жатып қалды.

Ши арасы тым-тырс. Үйдегі әжем де күбірлегенін қойған. Жазира жеңешемнің ақ отауы да селт етпейді. Бір сәтке әлдеқайда безіп кеткен ұйқы көзіме қайта оралды. Ертеңіне таңертең Самат ағам күндегі әдетімен мен тұрмай тұрып қойға кетіп қалыпты.

Араға бір-екі күн түспей жатып, көптен көрінбей кеткен Жанас келе қалды. Сол баяғы қалпы. Атына жапқаны — ақ жабу. Үстінде — ақ шалбар, ақ көйлек, ақ бешпет, ақ кепка. Атын біздің үйдің іргесіне тұсады. Әжеме келіп қол берді. Апамды жеңге қып, бүйірден бір нұқып қойып ағарған сұрады. Бір зерең шұбатты басына бір-ақ көтергесін:

— Жазира қайда? — деді.

— Отауында.

— Бала! Бар, шақырып кел,— деді маған.

Мен Жазира жеңешемнің отауына беттей бергенде, түнектен әкем де оралды.

Есіктен Жазира кіре бере, Жанас сөз бастады.

— Жазираға кеңседен бір жұмыс тауып келдім. Сіздер рұхсат етсеңіздер, күніне атпен барып-келіп тұрады,— деді.

Үй-ішіндегілер үнсіз бас изесті. Ертеңіне таңертең Жанас бір жирен атты жетектеп кеп, Жазира жеңешемді мінгізіп, кеңсеге алып кетті.

Бір құла, бір жирен боп қыр асып бара жатқан қос салт аттының соңынан көз алмай Самат ағам екеуміз сұлқ тұрып қалдық.

Жазира жеңешем күнде сәске түсте атына мініп қызметіне кетеді, күнде күн ұясына бата қызметінен қайтады. Енді оны таңертеңгі шай мен кешкі астың тұсында ғана көреміз. Бұрынғысынан гөрі де таранданып, бұрынғысынан гөрі де сұңғақ тартып әдеміленіп бара жатқан сияқты. Ұяң жанарында бір батыл ұшқын тірілгендей. Енді қазан-аяқтың шаруасына көп араласпайды. Дастарқан жиналар-жиналмаста отауына барып, шыны шамның аядай жарығына үңіліп сытыр-сытыр қағаз жазады, сырт-сырт шот қағады. Қасына барған маған бір парақ қағаз бен бір қарындашты ұстата салады да, тым-тырс жұмысын істей береді. Оның сүйіктей саусағының арасынан маржандай төгіліп жатқан әріптер мен сандарға телміре қарап ұзақ отырам да, өз үйімізге кетем. Көлеңке бетке салынған төсекке жатып ап, жеңгем ұстатқан қағаз бен қарындашты қызықтаймын. Бірақ, олардың иісі бұрынғыдай емес, бір түрлі күмілжілеу сияқты.

Самат ағам түнекті өз мойнына алған. Түн бойы қой шетінде. Үйге мал суарып болғасын бір соғып шай ішіп, ыстық басады да, күн еңкейе қайтадан атқа қонады. Түні бойы төсекте қатар жатып, әңгіме сыпыратын баяғы әдет қалған. Суат басында да, үйге келгенде де — сөзге сарап. Бұл күнде менен гөрі — әкеме үйір. Белінің құяңы бар, оқтын-оқтын бөксесін ұстап жатып қала беретінді оны аяп, қауғаны өзі тартатын боп жүр. Әкемнің бешпеті тозып, ішіні жүдеп бара жатқанына арланатын түрі бар. Оны өзгелерге, тіпті біздің үйдің адамдарына айтуға да бір түрлі ыңғайсызданатын сияқты.

Бір күні ол әкеме: «Аға, мен колхоз орталығына барып жарақатыма берілетін жәрдем ақшамды алып келейін»,— деді.

Атына мінгесіп мен де кеттім. Көптен әңгімелеспеген менің тілім қышып келеді. Аласа бұйраттардың ара-арасымен преленден жатқан жымысқы жолдан іш пысты. Самат ағам қайта-қайта жөткірініп қояды.

Мен одан әрі шыдамым жетпей баяғы сұрақтарыма кірістім. Самат ағам әуелі жауапты келте қайырып отырды. Бірте-бірте өзі де еліге бастады. Әңгіме Ахат көкем жайына ауысқанда тіліне көптен орнап қалған тиек ағытылайын деді.

— Ахат көкем, қаза тапқанда қасында болдыңыз ба? — деймін мен қарап отырмай.

Самат ағам бізге ере шыққан қызыл қаншық пен орауыз қой төбеттің кенет жолдан бұрылып әлдекайда шапқылай жөнелгеніне қарап біраз отырды да, олардың бір бұтаның түбіндегі індігештің аузын бағып жатып-жатып, жалыққан соң жолға қарай қайта жүгіргендерін көріп көңілін бірлегендей сөзін бастады.

— Сол күні мен Берлинге барғым келмеді. Ахат ағам ашуланатын болғасын әзер кеттім. Біздің қалада жетім балаларға ашылған приюттен ауру шықты. Дәрігер дәрі жетіспей жатыр деп қайта-қайта телефон соғады. Ахат ағай қасыма дәрігерді ертіп мені аттандырды. Берлинде де кідіріп жарығам жоқ, керекті дәрі-дәрмекті алып, ізімше кері қайттым. Комендатураға келсем Ахат ағай жоқ. «Мана балалар үйі сүт алмағанымызға үш күн болды деп телефон соғып, шофер екеуі қаланың сыртындағы фермаға кетті»,— дейді. «Енді келіп қалар, отыра тұр»,— дегенге стол басына сәл тізе бүгіп ем, жүрек тұсы құрғыр бүлкілдеп алып барады. Жүгіріп балалар үйіне соқтым. «Сүт келді ме? Жоқ!». «Комендантты көрдіңдер ме?» «Мана келіп-кеткен». «Одан қайта айналып соқпады ма?» «Жоқ». Комендатураның жалғыз машинасын Ахат ағай мініп кетті. Жаяулатып фермаға тарттым. Тым-тырыс. Төңірек көк майса. Үйлері құлап, терезелері үңірейген құбыжық қала артта қалды. Анадай-анадай жерде оқшау-оқшау тоғаайлық. Жалғыз өзім жүріп келем. Ешкім, ештеңе көрінбейді. Ең болмаса, көк майса шөптің арасында ұшып жүрген не көбелек, не шегіртке көзге түссейші. Дүниедегі тіршілік атаулының бәрі әлдеқашан әлдебір жаққа безіп кеткендей. Тек жүрегім ғана аттай тулап алып ұшып барады. Аяндағанды місе тұтпай жүгіріп-жүгіріп қоям. Бір оқшау шоқ ағаштың шетіне іліге беріп ем, күпірсіген күйік іс шыққандай болды. Іс шыққан жаққа қарай ентелеп келем. Ағаш арасындағы ашық алаңқайда

лаулап жанып жатқан отты көрдім. Жүгіріп қасына барсам — біздің комендатураның машинасы. Жан-жақта шашылып жатқан кіл темір. Анадай жердегі сынар доңғалақ пен қол насос қана аман қалыпты. Басқасын от жалмапты. Айналаға қараймын, ештеңе көрінбеді. Жолдың сілеміне түсіп, ілгері қарай қайта жүгіре бергенімде әлдене аяғымды іліп қап мұрттай ұштым. Түрегеп қарасам — жолдың бойында қағулы шеге тұр. Үстін жапырақпен бастырып қойыпты. Алдыңғы жақта жол бойында тағы да төрт-бес жерде алақандай-алақандай көк жапырақтар жатыр. «Сүттің келмеуі алдын-ала ұйымдастырылған қастандық болды. Мына шегелерді машина жүрмесін деп әдейі қаққан. Ахат ағайлар доңғалақтары жарылғасын амалсыз тоқтаған. Машиналарын диверсанттар өртеген болсын, ал өздері қайда?» Төңіректе ештеңе көрінбейді. Ағаш-ағаштың тасасынан әлдекімдер сығалап тұрғандай. Мойнымдағы автоматты алдым да жан-жағыма шырқ айналдыра оқ жаудырдым. Ту сыртымнан ағаш басынан бірдеңе секіріп түскендей болды. Фуражка. Біздің шофер Мишаның фуражкасы. Кейін шегіне бергенімде әлдекім балағымнан тартты. Жалт қарасам — Мишаның қолы. Былқ-сылқ. Аяғыма оратылады. Екі аяғынан ағашқа асыпты да, фуражкасын етігінің басына кигізіп кетіпті. Төс қалтасында бірдеңе ағарандайды. Бір парақ қағазға орысша: «Жеңістеріңізбен құттықтаймыз»,— деп жазылыпты.

Тұла бойымдағы барлық қан ойнап басыма шықты. Тісім шықыр ете қалды. Қолымдағы автоматты сығымдай түстім. Қасқа жолдың бойымен аяндамай да, жүгірмей де, алшаңдай басып, ілгері тарттым.

Ағаш арасынан қайтер екен деп сығалап тұрғандар болса, табаламасын деп аяғымды нық басам. Енді бес жүз қадымдай жүргенде ферма көрінді. Тап-тұйнақтай тап-таза ферманы, мөңіреген сиырларды, ауланың ішінде қалпақтарын қолдарына ұстап, қаздиып-қаздиып тұра қалған төрт еркекті, олардың қарсы алдында состиып тізілісе қалған ақ желеңді сауыншы әйелдерді түптүгел құртып жіберетіндей боп, қаным қарайып келем. Әр адымымды санап басып жақындай түстім. Көзім бұлдырап барады. Әлгі қақшиып тұрған төрт еркек пен сауыншы әйелдер қолдарын созып жан-жақтан қаумалап келе жатқандай. Қақ орталарына барып тұра қалдым. Бәрі де қолдарын көтеріп тұр. Қолдарын көтермек түгілі, жата қалып табанымды жаласа да, шеттерінен баудай түсірейін деп, автоматтың шүріппесін басайын

десем, екі қолым бірдей қарысып қатып қалыпты. Айқайлауға, ақыруға даусым шықпайды. Тек көзім ғана алдымда тұрғандардың өңмендерінен өтіп барады. Бәрі мүләйімсіп қалған. Қалтандаған кәрі біреуі қолын төбесіне көтерген күйі бір қадым ілгері шықты. Әуелі оның ернінің жыбырлағанын көріп тұрдым да, бірақ не айтып тұрғанына түсінбедім. Бірте-бірте құлағыма ызың келе бастады. «Диверсанттар ферманы қамауға алғанына үш күн. Үш күн бойы қалаға сүт жібертпейсіңдер қойды. Жаңа комендант мырза жақындап келе бергенде оған тасадан оқ атты. Құлап түсіп еді, сүйрелеп сүт қоймасына алып кетті. Бізді осылай қинамай қойды. Осы қазірге дейін ту сыртымыздан автомат кезеп тұрды. Тек жаңа сіз көрінгенде ғана тайып кетті»,— деді. Мен оған алдыма түс деп негімді меңзедім. Ол алдыма түсті. Қалғандары соңымнан шұбап келеді. Абажадай үлкен сүт қоймасына кірдік. Ортада үлкен цистерна. Цистернаның үстіндегі қақпағы ашық. Қалтиып екі етік көрінеді. Таңертең ғана өзім жалтыратып тазалап берген Ахат ағамның етігі...

Самат ағамның даусы дірілдеп кетті. Менің де көзімнен жас шұбыра бастады. Алдымда отырған Самат ағамның желке тұсы төрт-бес рет бүлк-бүлк еткендей болды.

Екеуміз де үнсіз қалдық. Бурыл аттың сол баяғы еріншек бүлкілі. Біраздан соң ғана барып Самат ағам:

— Ахат ағайды бүкіл гарнизон болып ақ жуып арулап көмдік. Сосын мен ол қалада жер басып жүргім келмеді. Командование рапортымды қабыл алып, әскерден босатты,— деді жеңінің ұшымен көзін сүртіп.

Менің көзімді жас көміп, төңірек бұлдырап кетті. Жан-жақта дөңкиіе сұлап жатқан дөңес бұйраттар біресе алыстап кетеді де, біресе дәл көзімнің алдында кеп көлкештеп тұрып алады. Қанша уақыт өткенін, қанша жер жүргенімізді біліп келе жатқан мен жоқ. Бір уақыттарда көз алдымда тұман арасында тұрғандай ерең-серең екі бірдене бұлдырағандай болды. Самат ағам әлдене деп міңгірлеген сияқты. Естіген жоқпын. Әлгі бұландаған екеуге бірте-бірте жақындап келеміз. Міне, тұсынан өтіп барамыз. Міне, артымызда қалды. Бірте-бірте алыстай түсті. Самат ағам қайта-қайта артына бұрылып жалтақ-жалтақ қарағандай болады. Көзімді жеңіме сүйкей сап қарап едім, жаңа ғана өзіміз тұсынан өткен жүлгенің бойында қосақтаулы екі ат тұр.

Екеуі де ерттеулі. Біреуі — құла, біреуі — жирен. Құла жиреннің жалына тұмсығын тығып апты.

Тағы да бір жал астық. Қосақтаулы екі ат тасада қалды. Оларды енді танидым.

Құла — Жанастың аты, жирен — Жазираның аты.

— Бұлардың мұнда негып жүргені? Аузымнан абайсыз шығып кеткен бұл сұрақты Самат ағам естімеген болды. Бурыл сол бұлкегімен тарта берді. Көз ұшынан қылаңытып колхоз орталығы да көрінеді.

Самат ағам қызыл қаншықтың сирағын ніскеп жолды кес-кестеп әрлі-берлі тызалықтап жүрген орауыз төбетке қамшысын қайта-қайта үйіріп:

— Қап, мына найсаптарды-ай! — деп кіжініп қояды.

Екеуміз енді қайтып тіл қатыспастан колхоз орталығына жеттік. Самат ағам ауыл советтің кеңсесіне кіріп, тиесілі ақшасын алды. Сосын анадайда оқшау ақшиып тұрған дүкенге кірдік. Самат ағам өзіне бешпет, әкеме бешпет, маған бір көйлек, бір дорбаны толтырып шай мен қант алды. Буыншақ-түйіншек заттарымызды құшақтап сыртқа шыға беріп ек, көлеңкеде екі-үш кісі әңгіме соғып отыр екен. Мен танитыннан — ыржық ауыз Зайыр бар. Соғысқа барғанына бес-алты ай болмай жатып үстіңгі ерніне оқ тиіп жараланып қайтты. Дайыр нағашым оны: «Қашан көрсең де жаман қатынның балағындай жалбандайтын да жүретін ыржық аузыңды қалай тауып көздеген. Сені бір ақылды неміс аткан екен» — деп әжуалайтын-ды. Сол Зайыр: «Соғыста қан төгіп келдім, не істеймін десем де қақым бар»,— деп ел үстінде біраз шолжандап, қоймашы болды, дүкенші болды, қорықшы болды, ендігі кәсібі — осы дүкенге кіргенішіққанды тору.

Міне:

— Әй, шөлмегіңді ұмытып кеттің ғой! — деп Самат ағама жармасты.

— Қайдағы шөлмек?

— Жер түбінен келгенде бір шөлмектің аузын ашпай кетіп бара жатсың, ә? Әй, бірақ, сен тентіренді кәрі төбет құсап, күні-түні іргеде жатып, Жазира келіннің етегін күзеткеннен басқа не білем дейсің?

Көлеңкеде отырғандар ду күлді. Менің құлағым дыз ете қалды. Самат ағам түтігіп кетті. Ыржық ауыз Зайырдың жағасынан ала түсті.

— Жұдырықтай болып мынаны қара! — деп, таңдангандары екені де, шамданғандары екені де белгісіз көлеңкедегілер өре түрегелді.

— Жоқ, қайталап айтшы, кәне... бол... бір... екі... үш...,— деп Самат ағам да кенедей қадалып апты.

— Мынау қайтеді-ай, мынау қайтеді-ай,— деп екі жаққа кезек алақтағаны болмаса, Зайыр да еш дәрмен қыла алмады.

— Ендеше, үніңді өшір,— деп Самат ағам ығынан бір сілкіп жағасын босатты.

Атымызға мінгенше ешкім ештеңе деген жоқ. Біз анадай жерге ұзап кеткен соң ғана қайтадан кеу-кеу күлкі естілді.

Қайтар жол тіпті ұзарып кетті. Ауылға қараңғы түсе зорға жеттік. Кешкі ас үнсіз ішілді. Жазира көлеңке құсап есіктен үнсіз кіріп, үнсіз шығып жүр. Мен ол күні атсоқты болып қалсам керек, жастыққа басым тие сала ұйықтап кетіппін. Түнде біреу мандайымнан сипағандай болып еді, оны да жөнді аңғармаппын. Таңертең тұрсам қасымдағы төсек бос жатыр. Бетімді шала-пұла шылай салып, қойға тарттым. Бір жалдан астым — ештеңе көрінбеді, екінші жалдан астым — ештеңе көрінбейді. Үшінші жалдың басында әлдене қызарандағандай болды. Емпеңдеп қасына жетіп келсем — құраған ады-распан. Ар жағындағы тар қолатта шашырай жайылып қой жатыр. Қойдың арғы шетінде басын жерден көтермей тұншыңдап бурыл ат тұр. Бурыл аттың көлеңкесінде алдына ақ орамалды жайып тастап, құбылаға қарап, құмалақ ашып әкем отыр. Оның кімге бал ашып отырғанын білмеймін. Менің білгенім — Самат ағам бізді тастап кетіп қалған болды. Ізімше зулап отырып ауылға қайттым. Үй арасында қызыл қаншық жүрген жоқ па екен деп қарап келем — көзіме түспейді. Жиреніше мініп ауылдан ұзап шығып бара жатқан Жазирадан басқа келген-кеткен жүргінші де көрінбейді.

Самат ағамның мінезін жақсы білем. Не айтса да, ер кезегі үш деп үш рет кезек беретін. Бір күн күттім — келмеді. Екі күн күттім — келмеді. Үшінші күні ауылға сыйып отыра алмадым. Жан-жағыма қараймын — келе жатқан ешкім көрінбейді. Ең болмаса қызыл қаншық та жоқ. Ол болғанда, ауыл айналып тызақтап жүрген мені бүйтіп құлазытып жалғыз тастамас еді. Құйрығын екі бұтының арасына қысып, басын төмен салып ап, өкшемді піскеп қасымда жүрер еді. Аяғымды жалар еді. Қашан қабағым жазылғанша жалбақтап бағар еді. Ал, біздің ауылдың иттерінің менімен шаруасы жоқ. Әркайсысы шоқпып-шоқпып бір-бір төбенің басына шығып

апты. Бүгін байқадым — олардың шетінен құлақтары тік, құйрықтары қайқы екен.

Көк жиекте көзге шалынардай ештеңе жоқ. Менің далбаса үмітімді тәлкек қылғандай күн көзі мысқылдай күлімдеп ұясына батып бара жатты.

ЕСБОЛАЙ

Тфу... Уа, тфу!.. Қап, мына енесін ұрайынды-ай! Қашатын шыбыштың құйрығындай шыжбындап тұрмауын. Көптен қолына алған жоқ-ты. Пернелерін де анада бір келгенінде марқұм Ораз дұрыстап беріп еді. Содан бері кемпірдің төсек қабында тұрып-тұрып, шегі кеуіп, шыңғырлап қалыпты. Тфу... Е, бәсе, сөйтсе керек еді гой. Бергенше-е-е... «Ау, кемпір...» Бұ найсап керең боп қалған ба? Әлде әлгі Дүйімбай құсап, о да мұны шауып алам деп, тұлынын тұтып жүр ме... «Ау, кемпір-ай...» Уай, ең болмаса, әу десе қайтеді екен. Қап, мына қатынды ма? Қақпыш неме, бұлданғанда нені қырам дейді екен. Уай, бұл доңызды жер жұтып кеткен бе түге! Жастық алып бермегенін қарашы. «Бергенше-е-е үштөрт ешкі-ай қы-ы-ы-ы-ы -ш-ынды-ы-ы-р-ы-ып-ай... Ау, берсейші-ай... бір тар-т-ы-ы-м күй... е-е-е... ұ-шы-ын-ды--ы-ы-ы-ы...» Мына малғұн не деп күңкілдейді-ай. Бұған бұ қақпастың да көңілі бітпейді. Иә, иә, баяғыдан бері басын кіндігіне тығып алып мыңқылдағанша, е осылай, естіртіп айтпай ма? «Ішінді не жарып барады!» — дейді. Иә, жұрттың ішін не жарып барады екен! Олардың ішкен грузин шайын, олардың жеген бидай нанын, олар жұтқан жүз грамды бұл ішпей, бұл жемей, бұл жұтпай жүр ме екен? Жұрттың ішкен грузин шайы, жұрттың жеген бидай наны, жұрттың жұтқан жүз грамм арағы іштерін жарып бара жатқанда, ау, ау, сонда, бұның ішін неге жармайды екен! Жұрттың қарны қарын да, бұның қарны, немене, брезент пе? Жарылады. Жарып келді. Ақ-сарысын ақтарып, алдарына салып келді. Ақ деген жоқ, көк деген жоқ, түк қалдырмай түгел айтып келді. Қырындысына дейін қырып берді, түге...

Бұның іші жұрттың ішіндей ар жағында не жатса да көрінбейтін құрым киіз емес. Дәл анау кемпірдің асадалында тұрған арақ ішетін қырлы стакандай мөп-мөлдір. Көре берсін, біле берсін, есті берсін. Неге жасырынады? Нені жасырады? Жасырынса, ішіп қалған,

жеп — калған ұрлығы барлар жасырынсын. Жалбандаса жағынып қалған жалбаңбайлар жалбаңдасын! Бұл сонша неден қорқып, неден қорғалайды. Құдайға шүкір қара шал мен қара кемпірдің бұлтарма-жалтармасы жоқ ақ адал пейілінен жаратылған. Әкесі кім, шешесі кім, түскен топырағы, шомылған суы қайсы — көзі бар кісіге өзінен өзі көрініп тұр. Кісінің малын малданған, ықыласына жармасқан, абырой-атағына мінгескен жері жоқ, немесе «ойбай сіз бен біз пәлен жерден шатақ едік, пәлен жерден бұтақ едік» деп өткен-кеткен кемпір-шалдардың кіндік араласын бұлдап тағы көрген жоқ. Ау, сонда бұл не деп жалтақтайды. Жұрттың атасы баққан қойды бұның да атасы бақты. Жұрттың шешесі илеген пұшпақты бұның да шешесі иледі. Елдің қаны төгілген жерге бұның да қаны төгілді. Елдің тері төгілген жерге бұның да тері төгілді. Сонда одан не деп қорғақтайды? Бұл не деп бүгежектеуі керек сонда? Сен кеңсе бағып отырсаң, мен бақша бағып жүрмін деп пе? Жоқ, сені шешең бір шағылдың ық бетінде туса, мені шешем дәл сол шағылдың жел бетінде туыпты деп пе? Не үшін... Өңшең былшылбай... «Ішің неге жарылады?»,— дейді. Жұрттың іші жарылып жүргенде, бұның басы жарылып жүруі міндет пе екен! Бағың жанса — ашыған айранның бетіндей лепір де жүр, бағың кідірсе — қарап жүріп қан қатып іш мерезденіп, өз буына өзің тұншық та жүр деген қай құдайдың ойлап тапқан заңы. Ол заңын дәрі болса, құдай өз мандайына шайнап жақсын... «Қартайғанда түлен түртіп»... Сөз болғаныңа! Жас кезімде ертең алдымнан шығады деп айтпайды, қартайғанда артыма сөз ертіп қайтем деп айтпайды, сонда мұның бәрін қашан айтады. Көрге кіргесін көр тышқанмен мұндаса ма? Айтады. Ішектері үзіліп кетсе де айтады. Мен тасып жүргенде өзгелер жасып жүрсін деген де адамшылық болып па? Жұлқынсам мен ғана жұлқынайын, қалғандарың тұншығып қалыңдар деген де адамшылық болып па? Онысына, бірақ, ит екеш ит көніп пе! Таласады, шайнасады. Таласқанды-шайнасқанды қаламайтын ит құдіреғенің қойсын... Осы күні жұрт аузын ашса «бірлік-тірлік» деп қақсайды да, іс істесе, барлығын тентек балалардың ойынындағыдай «шілдік-білдік» қылып жіберуге шебер боп апты. Бұл айтса соны айтады. «Бұл қалай?» дегенді теріс, «Ләббай!» дегенді дұрыс көретін қай заманда да көр соқырлардың ісі. Бұл айтса соны айтады. Естіп отырған сөзді тергемей, айтып отырған ауызды тергеу әуелден ақырға

дейінгі барша қиянаттың басы. Бұл айтса соны айтады.

«Сөз болғанша!» дей ме-ей мына найсап! Бұрысты дұрыс деп тұрған бұл жоқ. Өтірікті шын деп тұрған бұл жоқ. Өзгенікін өзімдікі деп тұрған бұл жоқ. Өзінікін өзгенікі деп тұрған бұл жоқ. Сонда бұның сөзінің аузы қисық па, мұрны қисық па! Бұл айтса пысықтықты айтты. Пысықтықтың бұғып жүрмей нығы нығып жүргенін айтты. Айтса, әлгі дүкенші Дүйімбайдың қатынының ірге жағына жатып ап қағатын шотының қаралықтарын айтты. Құдайдың жетіп тұрған нәрсесін жеткізбей, өтіп тұрған нәрсесін өткізбей қоятынын айтты. Ту, найсап, қатынға сөз қонушы ма еді... «Тағы да түлен түртіп»,— дейді. Қайдағы түлен...

Кеше түс қыза бір шаруасы шығып, кеңсенің қасына барып еді, әлгі Көшен көсе көлеңкеде насыбай атып отыр екен. Шақшасынан бір піскеп әрі өтіп кетті. Кеңседен қайта шыққа — Көшен көсе бір дударбас баламен сөйлесе қапты. «Мына ақсақалға сәлем бер!» — деді әлгі дударбасына. «Әссалаумағалайкүм!» — деді әлгі дударбасы қолын беріп. «Әликісалам»,— деді бұл қолын алып. Көсенің көк мүйіз шақшасынан бір піскеді де почтаға тартты. Оқудағы жаман қараға аздаған тиын-тебен салып, қайта шыққа, әлгі жылпос көсе шашын дудыратып тағы бір қисық аяқты тауып апты. «Мынау жалбыр балақ, жалба төсің кім?» — деді бұл. «Қаладағы жиенім еді»,— дейді көсе. «Жиенің болса тап үсіген картоптай жапырайған мұрнын ұрайын!»— деді бұл. Жапырық мұрын бажырайып қарай беріп еді. «Ол шалдың мінезі солай. Нағашының нағашысы!»,— деді көсе сылқ-сылқ күліп. Бұл арқар мүйіз шақшаға бас бармағын тағы да бір піскетіп, бас инженерде бір шаруасы болып, кеңсеге қайта кіреді. Барған шаруасын бітіріп қайта шыққа, Көшен көсе отырған көлеңкеге бір шоғыр адам жиналып қалыпты. «Елдің алдымен емпендеп үйге тартатындай сол қара кемпір мені сағынып қала қойды дейсің бе, онан да былшылбай көсенің мылжыңын тыңдайын»,— деп, қастарына барып еді, жылпыс көсе жылмандай жөнелгені.

«Ойбай, Ес-ағасы, үйі құрғыр ысып кеткесін мына көлеңкеге келе қалып ем, соным осы ауылдың бір ор марқасының басына көрініп тұр екен»,—дейді ол. «Нә... марқаның басына көрінетіндей сен немене әлгі. май доктор Матай ине тығып аластайтын түйнеме індет не едің?» — дейді бұл. «Жоқ, ойбай... Қаланың мына екі

қыл борбайына қай үйге ертіп апарып ағарған ішкізем деп шақшадай басым шарадай боп отыр еді, тақымдарын тақтай тескен мына үш сығыр тағы қосылды. Апырау, сонда Ес-ағасы-ау, жеті бірдей қазақтың басы қосылып отырып, бір тіс шұқыртаппай, қажап-құжандаспай, үйді-үйімізге тарап кеткеніміз естір құлаққа ерсі емес пе? Сөйтсем, мына бухгалтер бала айтады:— Анау ауылдың алдындағы қара жалда отырған Баламан қойшы өткен тоқсанның сыйлығы деп күре табан көк қағаздарды күреп-күреп алып кетіпті. Әнеу күнгі ауылдың арасын шаңдатып көп жүретін екі газик қатынына баланы көп тапқаныңның байғазысы деп медаль тағып кетіпті. Оның үстіне әлгі ортаншы баласы жақсы оқығанына мақтау қағазды тағы алыпты. Үшеуіне үш қой сойғандай осынша қуанышты ол неме бір төбенің басында бір өзі оңаша қызықтап отырысы анау. Міне, бір тоқтылық адам жиналдық. Қазір дүкенге барамыз да бір жәшік арақ, бір жәшік кәмпит, бір қап қанты, бір қап ұнымен Дүйімбайды машинаға отырғызып аламыз да, Баламанға тартамыз. Ор марқаның басын мүжіп, сорпа-суын ішіп, ыстық басып қайтамыз. Алдымызға ала қағаз жайып, шық бермес Шығайбай неменің ауыс-түйіс тиын-тебенін қағып аламыз. Теңде шіріп жатқан көп ақшаны жарыққа қайта шығарғанымыз сауап болады. Соның бәр ретін келтіргенмен, Баламанның есігінен «Ассалаумағалайкум!» деп алдымен аттайтын бір көк бет шал таба алмай отыр ек. Өзіңіздің келе қалғаныңыз мұнша жақсы болар ма?» — деп көсе елпілдетіп барады. Бай Баламанды аясын ба, бұл немелердің құрып отырған құлқындарын бір бітеп келейін деді де: «Бопты»,— дей салды.

Шақшасынан тағы бір ніскеп... «Мұрныңа құрт кіріп кетті ме сонша»,— дей ме-өй мына қатын. Ау, сонда не дегісі келеді. Ал, пайғамбар жасынан астым екен деп, жиын-тойда жұрттың кеу-кеуіне елігіп жүз грамдатқанын қояды екен. Ал, үйде отырғанда насыбай атпай, түзде біреудің шақшасын көргенде, кеңірдегіңіз жыбырлап қоя беретінін тидырады екен... Ал, тағы не дер екен? Қойдыратын, тыйдыратын тағы несі бар екен? Ау, сонда бұған бұ дүниеде не қалды. Қара күркенің қақ төрінде қақпыш кемпірдің құяң белін уқалап жатып алу ма! Баягыда атқа мініп, айқай салып, белсенді боп жүріп, қартайғанда аса ұстап, таспық санайтын Қоштай сияқты дүмше молдалығы да жоқ. Сонда, бұл не бітірмек. Сол қу жақ Қоштай-ақ екі дүниенің қамын

бірдей қамдасын. Азғантай тірлікте өлешін бітеп тастағанда, көзін бітеп тастағанда, тілін кесіп тастағанда, ертең о дүниеге барғанда құдайдың орнына тұра ма бұл? Құдайға орынбасар керегіп жатса, ол орынды әлдеқашан әлгі Ораз немденіп қойған шығар. Елден бұрын асығып кеткен түрі жаман еді. Бірдеңені білін жүрген шығар. Аузына «алладан» басқа сөз түспеген, арақ түгілі ашы шалап ішпеген, жаман қатынынан басқа ұрғашының өңі түгілі атын білмейтін сол немені-ақ жарылқап алсын жасағаның!

Әнеу күні бақшадан келе жатып, байғұсқа дұға қыла кетейінші деп, зиратқа соқса, басында әлгі баласы жүр. «Ау, мұнда неге келдің? Әкең орнынан тұрып қыдырып кетпеді ме екен деп, шешең жіберген жоқ па? Тірісінде құрым күркесінен екі елі аттап шығып көрмеген бұл пақыр өлген соң қайдан жел аяқ бола қалсын. Жатыр ғой әне, жаман қатынның бөксесіндей жапырайып»,— дейді бұл. «Басын қарайтамыз ба деп келіп жүр едім»,— дейді жігіт. «Осы немеге тас шығындап қайтесің, опан да ана шешеңе бұзау қамайтын шошала салып бер. Бес күн тірлікте кісінің көзіне түсіп көрмеген әкең өлгесін атын шығарып кімді қырар дейсің!»,— десе, әлгі жаман неме ыржиып күледі. Марқұм Ораз кісінің бетіне жел боп келмеуші еді. «Ажал екеш ажал шақырса да, алдынан туралап бармай, көлденеңдеп бар»,— деуші еді. Көлденеңдеп барды ғой, атасының бір шекесін. Көлденеңдегеніңе түкірсін бе өлім екең! Ажал деген ақ берен мылтық. Атпасын, атса мүлт кетуші ме еді. «Жолыңнан қалма» дей ме ей мына қақбас. Сонда құтыла алмай жүргені бұл екен де. Бұдан құтылғанда орнына анау әлгі моторист өзгеге огород салдыра ма, доңыз! Е, бұның әлгі әңгімесін айтады екен ғой. Иә, сонымен сумақай көсеңің қасындағы көп шұбырындыны соңына ертіп алды да, дүкенге барды. Адам дегенің ауызы-мұрнынан шығады. Шаң-шұң. Әсіресе, Бибатпа кемпірдің бажылы құлақ жарып барады. Дүйімбайдың мұрнынан ақсары бас құрт ыршиды. «Айттым ғой, кезегің келсін!» — деп шіренеді. «Қарағым-ау, сен де мендей кемпірден туған жоқ па едің. Түсінсең қайтеді,— деп Бибатпа да шабаландап тұр.— Жалғыз қызымды ұзатқанымды өзің білесің. Артынан баратын ем. Қолыма ұстай барайын. Бір кілеміңді қи, шырақ». «Қайтсын, бұл сорлының де дұрыс-ау!»— дейді ол ішінен, Бибатпаның бажылын тыңдап тұрып., «Апырмай, алпысқа келгенше, сөз түсінбейтін не қылған кісі едіңіз... Айттым ғой қа-

зақша, алушысы бар»,— деп Дүйімбай мізбақпайды. «Шырағым-ау, сен де бір тоқмойын екенсің, жағдайымды айтып тұрсам, құлағыңа ілмей қойдың ғой»,— деп, қанша дегенмен қатын емес пе, қашанғы шыдасын, Бибатпа кемпір балпылдап жылай бастады. Бұны сол арада қай құдайдың итермелегенін қайдам, кеуделеп ілгері озды. «Ойбай, Ес-ағасы, сөзге араласпа. Жолымыздан қаламыз. Әлгі Баламаннің марқасынан қағыламыз»,— дейді Көшен көсе шынтағынан түртіп. Бұл сумақай немені Баламаннің ор марқасының басымен қоса-моса бір жалпайтайын деп тұрды да, дүкендегі келін-кепшіктерден иба сақтап, тілін тістей қойды. «Ал, сонда алатын кім?»,— деді бұл Дүйімбайға иегін көтеріп. «Бар дегесін жетпей ме...»,— деді Дүйімбай, астына насыбай басқан тілі мен ұртын бұлтылдатып. «Ал, ендеше, алушың бар болса, сол алушың менмін»,— деді бұл, жаймада жатқан ала кілемге кеуделей тоқтап. «Оң иеңің ақысы?» — деді Дүйімбай кергіп. «Мынаның ақысы» — деді бұл Бибатпа кемпірдің шүберекке түйген ақшасын санап тастап. «Қойыңыз, жайыңызға жүріңіз»,— дейді Дүйімбай. «Қоймаймын,— дейді бұл.— Бұрын бұл кемпірге неше кілем беріп едің?» «Бір де кілем бергем жоқ»,— дейді Дүйімбай шалқайып. «Ендеше мен де осы жасқа келгенше бұл дүкеннен бір кілем алмаппын. Мына кемпір екеуіміздің де бір-бір кілем сыбағамыз бар шығар. Соны біз алдық дейік. Сен бердім де!»— деді де, жаймадағы кілемді сыпырып ап, төрт бүктеп, Бибатпаға ұстатты.

Дүкен толы жұртта үн жоқ. Оларға кілем ғана емес қызық та керек қой. Қайтер екен дегендей бұны мен Дүйімбайға қарайды. «Мына шал қайтеді-ай»,— деп Дүйімбай Бибатпаның қолына жармасты. «Мына шал бүйтеді-ай»,— деп бұл Бибатпаға ұмтылған қолын шап беріп ұстап алды да, аузы ашық тұрған қаптағы ұнға тығып, мытып-мытып жіберді. «Қап, мына есер атаңа пәлет-ай!» — дейді Дүйімбай, ауырып қалған оң қолының ұнын сүртіп жатып. «Тарт тіліңді,— дейді бұл.— Әйтпесе, анау сүйреңдеп тұрған тілің мен бұлтылдап тұрған қос ұртыңды жұлып ап, шонданайыңа жапсырып берермін».

Одан арғы мылжыңын несіне тыңдасын, шығып кетті. Сүйтсе, Бибатпа сорлы күйбеңдеп, дүкеннің маңынан кете алмай жүр. «Апырай, біреудің сілесіне қалған жоқпыз ба? Бұл пәлеңі балаларым ығілігіне ұстай алса жарар еді»,— дейді. «Сен кемпір де қайдағыны оттай-

ды екенсің! — деді бұл.— Жұрттың сілесі бар да, сенің сілең жоқ па? Елдің сілесіне қалған кісі құрып кететін болса, алдымен мына Дүйімбай құрысын, артынан біз екеуміз де көрсететінін көре жатармыз». Бибатпа сонда барып көңілі орнына түсіп, үйіне кетті. Бұл бұлақ басына тартты. Көшеп көсе сүмеңдеп соңынан еріп келеді екен: «Қап, әлгі Баламан сығырдың ор маркасының басы...»,— деп міңгірлей беріп еді, бұл: «Әй, басың мұжылғыр, қақсамай қалшы әрі»,— деп жекіп тастады. Қақсауық көсе қалшиып тұрып қалды. Бұл бұлақ басына жетті. Дүйімбайдың әлгі былшылына күйініп тұр еді, мотоциклі дырылдап шіженер баланың келе қалғаны. Қарап тұрмай: «Шаруа қалай?» дегені. «Майға піскен нандай»,— дейді бұл. «Бірденеге ренжіп тұрсыз ғой»,— дейді ол. «Жоқ, ойбай, күле-күле ішегім түйіліп тұр»,— дейді бұл. «Сізге кішірек насос берерміз, мына үлкен насостың басқа жерге керек боп тұрғаны»,— дегені бір кезде. Бұған да керегі сол еді. Тасқа түскен қарбыздай қақ айрылды. «Ал,— дейді.— Ал. Анау жылымшылап ағып жатқан кішкене бұлақ пен мына ескі екі шығырдың орнындағы азғантай суды қатын балаларынды ертіп кеп, сорып алыңдар. Ана қылтиып-қылтиып келе жатқан көк өскінді ешкілеріңе берерсіңдер, тістеріңмен жұламысыңдар, жоқ, шалғы саламысыңдар, оны да құртыңдар. Атамнан қалғанда мекен қалмас деп пе едіңдер, алыңдар. Атам Ожырай алты баласынан айрылып, жерге шөгіп қалғанда да, осы екі шығарды айналдырып, мынау тулақтай жерді тырналағанын қоймап еді. Айдаладағы жалғыз үй, шешем мені тапқанда, кіндігімді өзі орақпен кесіп, шапанына орап ап, осы араға әкелген екен. Ана жатқан қара тастың үстіне шығып, құлағыма: «Әй, құлағынды ұрайын күшік! Мына адыра қала жаздаған екі шығырға енді өзің не бол. Анау екі-үш бұлаққа не бол. Мына тоқымдай жерге не бол. Жазда қойға еріп, қырға шұбырып кететін еліңнің мына қаңырап бос жататын қара жұртына ес бол. Әй, ұмытпа, ес бол-ай! Сенің атың — Есболай!» — деп айқайлапты. Сол шалдың айтқанын орындаймын деп, міне жетпіс жыл ғұмырымды осы ауылдың егінге түсетін ешкі-лағына әзірейіл көріндім, бақшаға түсетін балашағасына да жаманатты болдым. Айқайлай-айқайлай даусым қарлықты. Әкемнен қалған екі шығыр, үш бұлақ кешегі қиын жылдары азғантай ел-жұртына қалжау болды. Енді тойындыңдар. Алманы Алматыдан, қауын-қарбызды Сырдан, ұнды қаптап дүкеннен тасы-

тын болдыңдар. Қияндыға енді егін не керек, су неге керек, жан-жақтан келген тамақты жалмап жұта беретін кер ауыз, кең құрсақ болса жетпей ме! Шалдан қалған ескі шығыр күні кешеге дейін тұрушы еді. Әлгі бастығыңның үйіндегі келіншің бөксесі тоңған шығар, заманы өтті деп, қиратып ап отын қылды. Мына үш-төрт бұлақтың несіндей жарықтық бір сары үйек жылан бар еді. Осы ауылдың балалары, әкелерінің өші бардай, қуалап жүріп оны өлтірді. Енді мына менің бір уыс сақалымды қырқып алып, қатындарыңа қазан жуғыш жасап берсендер, сонда дүниені бір жола өзгертіп шыға келесіңдер! Бастарыңды ұрайын, өншең көк ми!»,— деді де, тайып тұрды. Инженер бала не дейтін еді, сілейіп бұлақ басында қалды да барды.

Жә, жә, жетер енді. Тіліңің ащысын мұныңның! «Жұрттың аузы-басына шабынғаныңды қашан қоясың, көрі азбан. Айғырлығың асып бара жатса, үйіңе тоқал әкеліп кіргіз!» — деуін. Бұл ақылы басына баяғыда неге келмеді екен. Қартайғанда бұ да қылжақ қылайын дейді. Болса бопты. Өйтіп қолтықтан тістегенін қойсын бұл дозақы. Әйтпесе, осы балқылдап отырған жерінде барар да тісін қағып ала қояр.

Содан мана таңертең бұл инженер бала бастыққа қағаз апарып берді дегенді есітті. Оқыған итке дауа бар ма! Аузымен айтпайтынын қағазымен айтады. Қолымен істей алмайтының қағазымен істеп тынады. Бүгінде алақандай ала қағаздың қолынан келмейтіні бар ма! Шауып та алатын сол, жойып та жіберетін сол. Дырылдақ мінген сұрша бала кеше бетпе-бет келгенде ең болмаса, жаман Дүйімбай құсап «атаңа нәлет» те деп алмай, сазарып тұрып қалып еді. Арам неме түні бойы келіншің қасына да жатпай, бар зәр, бар уын ақ қағазға түсіріп баққан болды ғой деп ойлады.

Кеңсенің көлеңкесінен шықпайтын сумақай көсе бұны көре-сала сұңқылдап қоя берді. Кеше бұлар кеткен соң іле-шала дүкенін жауып, үйіне тайып тұрған Дүйімбай бүгін инженер баланың ізін ала бастыққа, ағасы Жұпынбайға кіріпті. «Ага-еке, мына инженердің қағазын пайдаланып, әлгі есер шалды бір тұқыртып алмай болмайды. Басқа шығып барады. Кеше дүкен толы жұрттың көзінше маған айтпаған сөзі жоқ. Аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығады. Өзіңізді де сыртыңыздан сілейтін салды. Сол неменің құлаш-құлаш шығатын тілін тыпқақ бұзаудың құйрығындай қылтасынан қырқып бермей құлағымыздан құқу кетпейді»,— депті. Жаман неме

қолының қаптағы ұнға қалай сүңгіп шыққанын айтпапты. Қанша дегенмен бастықтың бауыры ғой. Қаусаған көрі шалдан таяқ жедім деуге арналған болар, тілі тиді деп ті.

Сонымен Жиынбай бұны жиналысқа шақырыпты. Алдындағы көл көсір стол көл түскен айдын тақырдай жалтырап жатыр. Оны шырқ айнала жайғасқан орындықтары да шетінен былқылдақ, шетінен жылтырақ. Орындықтарда отырғандар да шетінен былқылдақ, шетінен жылтырақ көрініп кетті бұған. «Бала таппайтын қатынның бетіндей боп, бірінен бірі өтіп, жылтылдауларын бұл зәнталақтардың»,— деп қойды ішінен. Кеңсенің аты кеңсе ғой. Баяғыда ұрыста жүргенде командирлерге барғандағыдай бас киімін қолына алып жаланбас кірді. Ол тек жарықтық кеңсені сыйлағаны. Әйтпесе, әлгі отырғандарға: «Ал, кәрі Есболайдың құрысқан құлағының қақпыш шеміршегі ауруларына дәрі болса, кесіп алындар!» — дегісі келіп-ақ тұр.

Сөзді ыңырсып Жиынбай бастады. Ана жылдары аяқ-қолы жеңілдеу, ұшып-қонып тұратын сияқты еді. Енді шаруа түзелгесін жас босанған әйелдей ыңырсып сөйлейтінді шығарыпты. Әуелі ыңыранып отырып дүкендегі кешегі оқиғаны айтты. Көпшілік орнында тәртіп бұзады, қызмет бабындағы адамға тіл тигізеді деді. Не үшін тіл тигізіпті, не деп тіл тигізіпті — оны айтпады. Ақсақал басыңызбен бұл қылығыңыз жарамайды, жасыңызды талай жерде сыйладық, енді кешіре алмаймыз деді. Заң алдында кәрі де бір, жас та бір. Кім болса да адам. Адамның арын қорлауға жол бере алмаймыз деді. Бұл: «Жарықтық жайсаң сөздер-ай, мынандай ыңыранша қ ауыздарға қор болған!» — деп қояды ішінен. Жиынбай сол ыңырсып отырып-ақ, заң жарықтықтың заңғар доңғалағын бұның үстіне карай жайлап жылжытып әкеле жатыр. Ретін келтіріп, шығырдың астына абайсыз түсіп кеткен кәрі текедей бір бақыруға ғана мұрша беріп, жапыра салмақ. Оның ойынша заң деген мына жұмыр жерді қатар басып жүргендердің бәріне бірдей ортақ талап, ортақ туралық емес, бұл құсаған айқайшы аңғалақтар ылғи үйде ұмыт қалдырып, ал өзі құсаған зілман бөксе зәнталақтар белінен бір тастамайтын, жаны қысылған жерде, міне өстіп, қарсы келгенге жылт еткізіп қынынан шығарып ала қоятын қанды ауыз қара кездік сияқты. Мінеки, жылт еткізіп қынынан суырды, жалт еткізіп бұған көрсетті, бақырауық қораздың өндіршегіндей сорайған кәрі кеңірдегіне

сүп-сүйір ұшын тпер-тимес қып тақап тұр. Қасындағы мына бір жалбақбайлар ақырзаманның, ақыретіне күз болғандай үн-түнсіз үрпиісе қалыпты.

Ыңыранған неме бұны заңмен қорқытып, жаман Дүйімбайдың алдында жығып бермек. Сол арқылы өзінің де табанына салып таптамақ. Сосын кеше ғана күркіреп жүрген көк үлекті салақтаған қызыл өңешін жұлып ап, қотыр тайлақтай қуып тастамақ.

Бұны әуелі алдына жауырын тосып, жамбас ұстатып алдарқатып, оған көнбесе жеңінің ұшынан қылтитып қамшы көрсетіп жасқайтын ескі ауылдың теке сақал бақырауық шалы деп ойлай ма екен. Қазіргідей аспаны ашық, алды кең мамыра заманда мына сығырлардың халық алып берген абыройды айбатқа, ел көрсеткен сенімді ел үркітер құқайға, баршамыз болып жүктеген жауапкершілікті баршамыздың басымыздан секіретін астамшылыққа айналдырып ала қойғыштарын, сірә. Астындағы жұмсақ орындық бұлардың талай-талай тас төсеніп, мұз жастанғанын, төңірегіндегі ұшқан шыбынның ызыңы білінбейтін тылсым тыныштық бұлардың жарғақ құлағын талай жарған дүркір мен дүсірді ұмыттырайын деген ғой өзіне. Қияндыдан Варшаваға дейінгі талай жотаның басында сыз беп оқ қатар жалаған көрі кеудесін аяқтарына қайдан жыға салсын. Айтып бол деп ақырын тосып тұр.

Жиынбай сырттан Көшен көсені шақыртты.

— Міне, мына кісілер өз көздерімен көріпті, айтсын,— деді. Ыңыранып болған соң, ырғалып барып сафиян орындығына отырды. Бұл: «Сен найсап, қашқанға да жақ, қуғанға да жақ па едің?» дегендей Көшенге көзін алартып бір қарап қойды.

Ыңғи кеңсенің ығында отырып, ылғи осындай бір қуды-кетті даудамайда күәлікте жүретін су аяқ көсе саулай жөнелді. «Иә, кеше Ес-ағаңның інім ғой, көтереді ғой деді ме екен, Дүйімбайға аздап артық кеткені рас. Бірақ, енді ағаның іниге батып сөйлейтіні ата-бабаның қашаннан дәстүрі. Қәрі кісі болған соң, Ес-аға да сол бір ескі салт бойынша...»,— дей бергенде, бұл қашанғы шыдап тұрсын, кіпіп кетті. «Иә, сумақай, осы күні көрінген жерде атам-заманғы ата-бабаны көрінен суырып ап көлденең тартатын әдет шыққан екен. Ит жылы сүйектері қурап қалған о байғұстардың құлақтарын шулатып қайтеміз. Бір Дүйімбай үшін манадан бергі менің құлағымның шулағаны да жетер»,— деді.

«Міне, енді бұ кісі сөйтеді»,— деп көсе мүдіріп қалды.

Әй, сосын бұл айтты-ай кеп. «Ау, бастық бала, сенің әлгі айтқан заңың мен дегенде орнынан шыға келеді де, ал Дүйімбайға келгенде ит арқасы қиянға командировкаға кетіп қала ма осы»,— деп бастады.

Дүйімбайға кешегі менің істегенім, дұрысына келгенде, әлдеқашан сенің істейтін ісің емес пе еді. Оны сен істегенде мына жұртың «міне, әділдік» деп тандайларын қағар еді, мен істегесін тәртіпсіздік болып тұр. Сонда Бибатпа бейбақ тулақтай кілем таба алмайтын елдің қоры ма еді?» — деді. «Кезек бар емес пе еді, алдын-ала жасалған тізім бар емес пе?» — деді бастық. «Ол кезек Дүйімбайдың жамағайындарын адалап шыққанша, Бибатпаның ұзатқан қызы, аман болса, қара домалақтарды қозыдай өргізіп қалай еді әлгі, батыр қатын атанып отыратын шығар»,— дейді бұл. Стол басындағылар күлерін де, күлмесін де біле алмай шаққа отыр.

Дүйімбай шыдай алмай ұшып тұрды.

«Бұл шалдың әңгімесі ылғи осылай келеді, «ағайынның», «тұқым-теберің» деп келеді»,— деді. «Дүйімбай бала, шыдай тұр. Айналандағы азғантай ағайыннан басқа да жалпақ жұртың бар екенін ұмытпасаң сенің тұқым-туянында менің ала алмай жүрген өшім бар деп пе едің. Аруақтарынан айналайын, ата-бабаң жақсы болса жақсы шығар. Ата-бабаның жаманы болушы ма еді, тәйірі. Қайсымыздың ата-бабамыз қағанақты жарып шықпай, қара жерді тесіп шықты деп ең. Бірақ, тек ағайынның аузы бір, ел ұйтқысының бүтін болуы үшін жер басып жүрген бәріміздің бір кемпірдің етегінен өрбуіміз тиіс пе еді! Дүйімбай бала-ау, атам деді, анам деді деп, әркімге бір шаптыққанша, соны неге ойламайсың?» — дейді бұл.

Сыздаған Жиынбай қызарандап тақтайды тақылдатты: «Отағасы, абайлаңыз, бұл не сөз? Бес қазақты онға бөлетін осындай жікшіл әңгіме неге керек осы?» — деп кеменгерсіді. Манадан бері әңгіменің қалай бұлтаратынын біле алмай пұшайман боп отырған стол басындағылар көңілдене бас изесті. Әлгіндей әдемі сөзден, қапелімде бұ да сасайын деді. «Бәсе, сүй десеңізші»,— деді Дүйімбай қопандап. «Бастық бала,— деді бұл да безеріп.— Дүйімбайыңды қойып, осы столыңның басына қарашы өзің. Немене, мұнда я, жерлейтін әкеңнің шаруасына, я, ұзататын қызыңның шаруасына ақылдасуға

шақырдың ба мына ағайындарыңды? Бұл сіздің үйдегі келіннің дастарқаны ма, жоқ бәрімізге бірдей ортақ колхоздың басқарма жиналысы ма? Біле алмай тұрмын, өзің айтшы».

Жұмынбайдың беті желіндеп алды. Алдындағы жыпжылтыр ақ қағазға қарап біраз отырды. Сосын: «Ал, не дейсіндер?»,— дегендей төңірегіне қарады. Ол қарағаң жұрттың бетіне бұ да үңілді.

Стол басындағылар кібіртіктеп қалыпты. Біраз күттіріп барып, Жұмынбайдың оң қолындағы зоотехник орнынан көтерілді. «Иә, бұл жасы үлкен кісіге жараспайтын қылық. Мінезім осылай деп, бас жоқ, көз жоқ, көрінген жерде ауызға келгенді айта беруге бола ма екен. Егер Ожыраев жолдас соншалықты шыншыл, соншалықты адал болса, Дүйімбай жолдастың кемшілігін осында кеп айтпай ма? Не жиналыста сөйлемей ме? Меніңше, бұл кісі кешегі ерсі қылығын ақтау үшін бәрімізге тиісіп отыр»,— дей беріп еді: «Қарағым-ай, Дүйімбайларыңның бабын табу қиын боп тұр гой. Бетіне айтқанда бұзақы боп отырмыз, сыртынан айтсақ жалақор атанатын шығармыз. Жиналыста сөйлейтіндей мен соның орнына таласып жүр дейсің бе? Кемшілігін көрген жерде айтпай, жан-жаққа хабарлап дақпыра қағуға өздеріңіз секілді қағаз күйелеп де білмейміз»,— деп бұл қыстырылды.

Манадан бері шеткі орындықта қаршығадай түйіліп үнсіз отырған қара сұр инженер сөзге енді араласты. «Біз осы кәрияның әлгі әңгімені қайда айтқанын, қалай айтқанын қайта-қайта қаузай бергенше, бұл кісінің не айтып отырғанын неге талқыламаймыз»,— деп салғаны. «Айтпақшы, Ожыраев кеше бас инженерге де тіл тигізіпті. Ол турасында бұл кісінің түсірген арнайы документі бар»,— деді Жұмынбай. Жаңағы әңгімеден еңсесін тіктеп алған бұл мына сөздің тұсында қызарып кетті. «Мен ақсақалдың ол сөздеріне шамданғаным жоқ. Қайта солай батырып айтқаны мен секілді жас маманға жақсы сабақ болады деп білем. Ол үшін осы арада бұл кісіге рахмет айтқым келеді»,— деді қара сұр бала. «Тіл тигізгені үшін бе?» — деді бастық сыздап. «Қалай айтса да дұрыс мәселені айтқасын бәрі бір емес пе?» — деді бас инженер міз бақпай. «Ендеше, мына қағазды не үшін жазып отырсыз?» — деді Жұмынбай суырмасынан төрт-бес парақ қағазды стол үстіне сарт еткізіп тастай салып. «Қағаз болса, арыз боп шығуы міндетті емес шығар. Мен ол қағазда кешегі Ожыраев жолдас-

тың айтқан әңгімесінен кейін көңіліме оралған ойларым мен ұсыныстарымды жаздым., Бірақ, ол мәселені бүгінгі әңгімемен араластырмауыңызды өтінемін. Кейін Есболай көрініп, басқа да көне көз кісілерді қатыстыра отырып талқылағанды дұрыс деп білем»,— деді инженер.

Қара сұр баланың мына сөзі бұның қақпыш денесінің бар құрысқан-тырысқанын бірден жазып жібергендей. Төменде жүргенде ылғи періште боп көрініп, төбеге шығып алғасын нағыз перінің өзі боп шыға келетін сөзі жақсы, көзі жылы жылмаңтөстер кездесуші еді. Қара сұр бала ләйім тек сол санаттан болмағай. Әзірге бас қондырысы дұрыс сияқты. Соның сөзі түрткі болды ма, былайғы жұрт түгілі басыбайлы әйеліне жұмған аузын ашпайтын Баламаннның өзі: «Ағайын болсаң да айтайын, Дүйімбай. Сен де бір қарап жүре алмайтын соқтықпа сорлысың. Асарын асап, жасарын жасап болған Есболайдың тілін күзеймін дегенше, өз жөнінді түземейсің бе?» — деп дұқ еткені.

Жиынбай қанша дегенмен талайды көрген жырынды неме ғой, әңгімені одан әрі созғысы келмеді. Тәртіп жағын баса айтты. Дұрыс сөз, дұрыс істің өзінде де тәртіптен аспау керек екендігін ескертті. Жиналысқа шақырғасын құр жіберу қиын ғой. Ауызша сөгіс берді, бұ да оларды аз сөккен жоқ.

Немене, немене... Не дейді-ай мына сорлы. «Ақ тауды айырып, қара тауды қайырып келген екенсің ғой»,— дей ме-ей! «Бір кілемге бола сонша айтпасты айтып...» Пәшту... Әңгіме кілемде ме екен! Орайы келгенде айтылмаған сөздің атасы өледі. Әншейінде көлеңкеде отырып пыш-пыштағанда жұрттың бәрі де мәтібі. Ал, бетке айтуға келгенде бас көтерер жан табылмай қалады. Бәрі де құдайдың ең бір пәтуалы әңгімесін сыбырлап айтады да, қайдағы бір алары жоқ, қосары жоқ қысыр сөзге келгенде айдай жұрттың алдына шығып ап сампылдайды-ай кеп. Олар сүйтіп жыбырлап-сыбырлап жүргенде жаман Дүйімбайлардың бөркі дағарадай боп, бетіне қаратпай кетеді... «Айтып таусын аларсың» дей ме ей... Осылар құсаған бұқпантайлар құрымай бұрыстық құритын ба еді... «Осындай аққөкірек адыраңбайлығыңнан ер атыңды есер атандырдың»... Пәтшу, тұтақ. Ер Есболай деп жүрген де өздері, есер Есболай деп жүрген де өздері. Өздері өзгермесе Есболай өзгерген жоқ... Иә, иә, тап солай. Дүниенің бәрін дұрыстау бұған қалған... «Денсаулығын күтіп жөніне жүрмей...» Өйткен

денсаулықты шайына қатық қыла ма, әлде жетпіске келгенде космонавт боп көкке ұшам дей ме... Қатын ит те былшылдай береді-ау. «Басының қадірін кетіріп», — сонда бұның көрсе де көрмеген, білсе де білмеген боп қадірлі болған басын, бұл бейбақ, ертең алтынмен айтап, күміспен күптеп төрге іліп қояйын деп жүр ме екен-ай! «Жөпіңе өлмей!». Әй, бұл сендерден өлсе де артық болады. Сендер тірілей өліп, іштеріңнен тынып жүргенде бұл ол заңғарлардың «бұл Есболай баяғыда бізге бүйткен» деп өлген соң да жүйкелеріңде ойнап жатады әлі... Қазір «жынды Есболай» дегендеріңмен, ертең «жарықтық Есболай!» дерсіңдер әлі... Бұ қатын да сандала береді екен!.. Құдайдан не деп қорқады? Ол неменің бұл қазанын төгіп пе, сабасын тесіп пе? Ол шал сорлатқанда көзіне көрінбейді ғой. Көрінсе оған да айтатын көптен көкейінде жүрген бір-екі ауыз сөзі бар еді... Жә, жә... піскектемей болды енді...

Бергенше-е-е-е-й үш-төрт ешкі-ай қышындырып-ау!

Берсейші-а-а-а-й бір тартым күй ұшынды-р-ы-ып-ай.. О несі-ай!

ТАСБАҚАНЫҢ ШӨБІ

Сәті түсейін десе, бәрі оңынан орала кетеді екен. Әншейінде өз етегіне өзі сүрініп қапылып жүргенімен шайы қайнағанша еру ел көшін жөнелтіп, көшкен ел үйін тігіп үлгеретін борпы аяқ Сақыптың қара шәйнегі сол күні ә дегенше бұрқ ете түсті. Тақ атқанша ит арқасы қияннан бір-ақ шығатын зыр-зыбыл құла біреу әдейі қазықтап қойғандай ауылдың көк желкесіндегі қарағанды жүлгеге қадала қапты. «Асылы, жолым болады білем»,— деп ойлады Қарабала, аягын үзеңгіге салып жатып. Артынша қыл тізгіннен енді ұстай бергенде көңіліне: «Апырай, әлгі ойым күпірлік боп жүрмегей!» — деген күман қашқаны. Ішінен үш рет қайталап көлима қайырды. Сосын: «Иә, алла, өзің жар бол!» — деп құланы бір тебініп қойды.

Міне екі-үш күн болды, көрер таңды көзінен атқызды. Дүниеде ол үшін бірсуден бірдеңе сұрағаннан қымбет ештеңе жоқ. Бетіңнің суын бес төккенде ала алсаң жақсы. Ал, алда-жалда талтандан кірген есігіңнен сұмпиіп құр қол шықсаң, одан аскан өлім бар ма? Құдайға шүкір, қара төс, қара балғаның арқасында өзіне жүрг-

тың ісі түскенмен, өзінің жұртқа ісі түсіп жарымапты. Таң атқаннан күн батқанша ауылдың шетіндегі ұстаханадан шықпайды. Былайғы шалдар құсап, той-садақа жағаламайды да. Ара-тұра шақырушының көңілін жықпай, қаралы жерлерге баратыны рас. Ондайда оң жаққа өлік салып қойып, қайдағы жайдағыны қозғап, сампылдап отырған көкімелерді көргенде қараптан-қарап зығырданы қайнайды.

Сөйткен, үйден шықпас, үндемес Қарабала енді міне, атқа қонды. Анау-мынау емес тура ауданның өзіне бармақ. Кеңсе жағаламақ...

Аза бойы қаза тұратын осы бір іске салып отырған әлгі ұрыншақ неме. Сорлы жиналыс болса тақтайға мініп тақылдап, қол қоятын ала қағаз болса алақанына түкіріп алдымен жүгіретін еді. Ауылға қанша бастық сайлансын мейлі, бәрімен елден бұрын Оңбай ұстасады. Кеңсенің маңында шаң-шұң шықса, ортасында Оңбай жүреді. Қанша көрсең де — әлдекімді жеті атадан бермен қарай сыбап келе жатқаны. Ол жағына келгенде ешкімге дес бермейді. Қазақшасының да, орысшасының да түбін түсіреді. Тігінші корей шал, осы ауылға келгелі бір жыл болған жоқ. Анада қоңыр күзде дүкенінің қасында Оңбай сонымен шүлдірлеп корейше боқтасып тұр.

Жуырда бұған баласын жүгіртіп жіберіпті. Табалдырығынан аттамай жатып шап еткені:

— Тумай кеткірлер, ағайын боп, амандығымызды да білмейсіңдер. Оңбайдың керегі айқайласып араларында жүргенде екен гой. Омалып жатып қалғаныма жарты жыл болды. Ешқайсысың есіктей бас сұқпадыңдар. Қызын ұрайын мына бір қу таяққа асылып шойнақтап жүруге бұдан әрі қауқар қалмай барады. Өкімет біздерге машина беруге тиісті. Ауданға барып, сол шаруамды тиянақтап кел. Кеңседен кеңсе қоймай қырық қайтара кіріп, жарапазан айтып шықпасаң, бүгінде іс бітпейді. Олай етуге, өз бөксем өзіме жүк боп отырысым мынау. Аталарымыз бір кемпірдің көкірегін сорғанда сенен не көрем? Қу темірді бір күн тықытпағаннан ештеңең құрып кетпес, барып қайт. Егер осы айтқанымды істемейді екенсің, ертең мен өлгенде «Өй, бауырымдап» қоңқақ танауыңды қорсылдатып маңыма келдің бар гой, қақ мандайыңнан тарс еткізіп мына балдақпен бір қоям!

Қарабаланың қиық мұрты бұлк ете қалды. Шіркінінің дәмесін қара, өлің жатып та жұрттың жағасына жармаспақ. Бірақ өзін аяп та отыр. Сылдыраң сүйегі

қапты. Аталастығына да сөз жоқ. Қыз алыспайтын жерлері. Оның үстіне бір жылы туған төл. Кішкентайынан ұрыншақ еді. Он беске келер-келместе-ақ қызы бар үйлерге түнде тайлақ боп сүйкенетінді шығарған. Талай-талай ақ шұнақ шалдың таяғын да жеген. Соның бәрінен мертікпей аман қалып еді. Майданнан, міне, оң аяқты қыл түбінен қырқып беріп қайтты. Сыңар аяқтың өзімен-ақ ауылдың ол шетінен бұл шетіне сыдырады да жүреді. Үйіндегі алты жаман қараны былай қойғанда, осындағы үш-төрт жесір қатынның көлденеңнен тапқан балалары өңкей төстері қайқайып Оңбайдың аузынан түскендей.

Бала кезінде күрескенде жығылып қалса:

— Бәрібір Оңбайдың есебі түзу,— дейтін ол шалбарына жұққан топырақты қағып жатып.

Сол айтқанындай, азғантай шаруасы күні кешеге дейін шайқалмай-ақ келіп еді. Биыл қыс түсер-түспесте үйінен аттап шыға алмай жатып алғаны. Жасы ұлғайған соң ескі жара аруағына мінген сияқты. Оңбай төсек тартқалы кеңсенің маңы тыныш. Бірақ сөйлеп қалған ауыз үйде де қарап отырмайды. Әйтеуір «Оңбай өй депті», «Оңбай бұй депті» дүңк-дүңк жетіп жатады. Біреулер: «Өле алмай жатып сол ақсаққа не керек»,— деп тыжырынса, біреулер: «Байғұс босқа жаманатты боп қайтеді»,— деп мүсіркейді. Тыжырынатындар көп те, мүсіркейтіндер аз. Алысып-жұлысып әзер ер қара боп жүрген неме жарақатымен жағаласқалы азғантай күйінен көрер көзге айырылып барады. Балалары қақшандаған әкесіне тартпай, балағын жинай алмай жүрген шешесіне тартып туған. Өңшең бір аузынан сөзі түскен бозым. Үлкен ұлы шофер еді. Аяқ астынан айырылып қалды. «Бәрі менің мына жатысымнан. Балдағыма мініп, кеуде сүйретер дәрменім болса, ол бастықсымақтың өлген әкесін көкшірейтіп тұрып көзіне көрсетер ем ғой»,— деп кіжінеді Оңбай. Өй демедің бе, бұй демедің бе деп баласын боқтайды. Оның тұмсығының астынан естілер-естілмес қып: «Көкс, қойшы!» — деп міңгірлейді. Қазір салпаңдап алыстағы отарға сақмаңды боп кетті.

Ол бозымбайдан ештеңе шықпайтын болғасын бұны шақыртқан ғой. Ылғи құрдас қып пықтайды да жүреді. «Мандай терінді қанша ағызсаң да, анау ауыл қыдырып, карта ойнаған Қалиға жете алмайсың. Қойды қатын-баласына бақтырады да, абырой-атақты өзі немдеңеді. Танауын кертіп, қай жерін көріністе қоятының,

Алматыға, Москваға көрмеге ылғи сол барады. Барған сайын кілем арқалап, үнді шәйін үйіп қайтады. Өңшең ыңғі жақсылардың сөзін сол естіді. Сен болсаң күні бойы қара тас пен қара балғаның айтысын тыңдайсың».

Осы жасында Қарабала ауданға осымен екінші рет ат ізін салып отыр. Баяғыда соғыс басталған жылы жігіттермен бірге военкоматқа барған. Тізең шығып кеткен деді ме, тобығың қисық біткен деді ме, әйтеуір әскерге жарамай қалды. Оның бер жағында көрші ауылдағы қайын-жұртына екі-үш рет соқты. Содан басқа ауылынан аттап шығып отырғаны осы. Шыққан құрлы да жүрегінің басы май ішкен кісідей кілкіп келеді. Оңбайдың аузына іліккен кісінің оңды сөз естуі қиын еді, содан ба, әлде өздері де айтса айта қалғандай ма, бара жатқан кеңселерінің қожайындары да өңшең бірінен-бірі өткен белгілі бегейлер көрінеді. Біреуі қақпан торыған қара тазыдай жемсауы бүлкілдеп тұратын жылмаңтөс жұтыр дейді. Екіншісі туған әкесі келсе де, есігінің алдында екі сағат мөлтілдетпей, табалдырықтан аттатпайтын аспандаған төре дейді. Үшіншісі, аузын қу шөппен сүрткен, бардың өзін жеті қат жердің астына жасырып қойып, қолына ұстап барған қағазыңның әр әрпіне сығалап қарайтын заң сапырған залым дейді. Оңбайға айтқызсаң, ауданның басында көзіңді қысып, саусағының арасына бір сарқұлақты қыстырып жіберсең, тамақты алдыңа тау қылып үйіп, тентек суды кеңірдегіңнен келтіретін дарылдақ шайханашы қатыннан басқа іліп-алар адам жоқ секілді. Сөйте тұра, әлгіндей зымыстаннан көлендетіп міндіп жүретін машина әкеп бер дейді. Ақ тауды айырып, қара тауды қайырып, жұрттың бермесін тартып әкелетін ондай құдыретті бұған кім беріпті! Ағайын ғой, ең болмаса, атыңның бір ащы терін қымадың деп өкпесі қара казандай болады ғой деп, атқа амалсыз қонды.

Кісі мінсе кібіртік, бос жіберсең су аяқ құла жусан санатар мыжың жүрісіне сап, мимырт басады. Сала құлаш резіңке шыбыртқы Қарабаланың малынған ұзын жеңінің ішінде.

Ауылдың алдындағы қара жал қақырай сөгілінті. Қайда қарасаң қарс айырылып жатқан жарық. Қайда қарасаң — шөп арасында әлдекайда бөксесін сүйретіп тоңқаңдап бара жатқан тасбақа. Кешегі бір айқайдың ала шаңыты тасбақаның дауылы болды. Тұқшаңдаған немелер тұяқ дыбысын естігенде мойындарын іштеріне тығып бұға қалады да, сәл ұзасаң қайтадан тарбаңдай

жөнеледі. Міне, керемет! Табаның орнындай бір үлкен жарықтан енді шыға берген тасбақа аягы аспаннан кең үйелеп қапты. Қыртыс-қыртыс қысқа мойнын әнтек созып, жандәрмен тырбаң-тырбаң етеді. Аузында бір тал шөп. Бидайдың дәніндей екі шегір көз бетіне бе-ді-рейе қарайды. Талай ғасырды басынан өткізген көрі мыстан ат үстінде қорбиып отырған осы бір жалба тымақ қазақ қайтер екен деп сынап жатқандай.

Қарабала шыбын жаны көзіне көрініп азапқа түскен бейшараны етпетінен аударып салайын деп, шыбыртқысын созып еңкейе берді де, тасбақаның жазғытұрым жер астынан тістеп шыққан шөбін алған адамның қай қалауы да орындалады дейтін әңгіме ойына оралып атынан түсті. Қасына барды. «Біссіміләһ» — деп шөпті алды. Инендей ғана бір тал шөп. Құмақтарда көп өсетін көсіктің сабағына келіңкірейді. Алақанына сап сипап көрді. Сосын көзі бақырайып үйелеп жатқан тасбақаны етпетінен аударды. Атына мінді. Анадай жерге барып артына бұрылды. Қиелі тасбақа әлі бауыр көтере қоймаған қу жусандардың арасына қарай тырмыса жорғалап барады. «Апыр-ай, ә... Сенейін бе, сенбейін бе? Жаратқан немнің сүйген құлы болғаным-ау! Қай қылығыммен жақтым екен!».. Тосын күпті ойдан жүрегі алыпұшып барады. Манадан бері қинап келе жатқан. «Ауданға барып, ештеңе бітірмей қайтсам, Оңбай төбемнен құдық қазады-ау» деген күмән да жадынан шығып кетті. Алақанындағы жатқан бір тал шөпті әйелі: «Ауданға барасың ғой, ала қайт!» — деп тапсырған дәрінің қағазының арасына орап, қойын қалтасына салып қойды. Ұзын жеңнің ішінде тым-тырс жатқан резіңке-шыбыртқының китің құланың сауырынына қалай шып ете қалғанын, қапелімде, өзі де аңғарған жоқ. Мимырт құла бұлкілдейін деді.

— Қызыл азбан... Қыз бен жігіт бірігіп көмір қазған...: Қарабаланың қара бұйра мұртын осы бір ызың сәл жыбырлатқандай болды. Көңілденгенде ылғи осылай. Оңбайдан естіген әлгі бір әрпіл-тәрпіл өлең жолы аузынан шығып кетеді. Жиын-тойда Оңбай әуелі жоқ жерден ілік шығарып, жанындағы біреумен керілдесіп алады. Сосын көйлектің жеңін шынтақтан асыра шыр-шықтап түріп жіберіп, сілтейді-ай кеп. Жаңа ғана мәймеңдеп толып тұрған рюмка Оңбайдың қияқ мұртын бір сүзіп, түбі ағарып қайтып жатады. Біраздан соң әлгі дауда сөзден жеңілген болса, Оңбайдың көзі шытынап, шыкшыты ойнап шыға келеді. Ал егер жеңіп шыкса

маңдайынан тер шығып бусанған соң, орнынан сыңар балдаққа сүйеніп қарғып тұрады да, шүпілдей арақ толы стақан ұстаған сом қолын бір сермеп қап, ашы дауыспен шырқап қоя береді:

— Қызыл азбан!..

Дастарқан басындағы әйел жағы жырқ-жырқ күле бастайды. Қара бала сол не қылған қызыл азбан екеніне, оның қайдағы бір қыз бен жігітке қандай қатысы бар екеніне, ал әлгі екі мұндарға заманның тыпышында бірігіп көмір қазатындай не күн туып жүргеніне — түгіне түсінбейді. Мұнда осынша жырқылдап күлетіндей не тұрғаны тіпті миына кірмейді. Әйтеуір, осы бір еш қисыны келіп жатпаған екі-үш ауыз сөз жадында мықтап орнығыпты. Әлдеқалай бірдеңеге көңілденсе болды, тілінің ұшына орала кетеді. Бұл айтқанда Оңбай айтқандағыдай жұрттың шек-сілесін қатыратындай боп ойнақтап шыға келмейді, кесір құланың мына бір ұйқыны келтіретін сылбыр бүлкегіндей тым ынжық естіледі. Өзі бірақ соған да мәз. Ән жарықтықтың қақаған шілдеде кенезең кеуіп келгенде тартып жіберген бір зерең мұздай шалаптай өн бойындағы барша зілді құлан таза қуып шығатын бір қасиеті бар-ау...

Қарабаланың әкесі ылғи жаңғыз үй отыратын түйеші еді. Бұл да жұртты көрсе әке-шешесінің артына тығылып, ұялшақ боп өсті. Айдалада жападан-жалғыз ыңылдап келе жатқанын біреу-міреу естіп қап, ертең: «Білмейді екенбіз, Қарабала да оңашада қара өлеңді қайқайтады екен»,— деп әжуа қып жүре ме деп төңірегіне жалтақ-жалтақ қарап қояды.

Көктемгі боз қылшық дала құлазып тұр. Төбеде қыста нілі тарқап, әлі өңі кіре қоймаған жадау аспан. Осынау ұлан-асыр кеңістікте қыбырлаған төрт аяқты бір өзі ғана екеніне масаттанғандай шілтік құла үсті-үстіне пысқырына береді.

Қарабала қараптан-қарап жымиды. Есіне қайдағы-жайдағы түсіп күледі. Ауыл советтің қақшаңдап қалған пысықай хатшысы әкесінің қолынан тартып алғандай қып, мұны мектепке ап кеткен-ді. Мектеп бұрын бір пірәдар кісінің бала оқытқан мешіті. Ақ бор тастан қиып салынған төрт құлақ кішкене үйдің ескі «ақ мешіт» атын өзгертіп, бүгінде «ақ мектеп» атандырған. Бірақ, жұрт «ақ мешіт» те, «ақ мәктеп» те демей, «ақ шкөл» дейді. «Ақ шкөлге» ойдан-қырдан жиырма шақты баланың басы құралыпты. Ішіндегі үлкендері он екідегі Оңбай мен Қарабала. Оңбай сабаққа жүйрік те, Қара-

баланың онша маңдытып жатқаны шамалы. Есеп сабағында түйенің, жылқының, қойдың, ешкінің санын алып-қосқанда еш мүдірмейді, ал әлгі кітапта жазылатын сымға қонып отырған торғайларды, баудан үзіліп әкелінген жәшік-жәшік алмаларды, екі қаладан бір-біріне қарама-қарсы шыққан велосипедшілердің жылдамдығын есептеуге келгенде мыны зеңіп жүре береді. Ал, Оңбай көк соққан көзін ашқаннан велосипед мініп, баудан алма теріп, ерінбей-жалықпай бағандардың сымына қонған торғайларды санап өскендей, «ал» десең де, «қос» десең де, «бөл» десең де, «көбейт» десең де, аузы-аузына жұқпайды. «Ақ шөлдің» білімін бір-ақ қақшып, көрші колхоздан жетінші класты бітірді. Қарабала көрші колхозға барып оқымақ түгілі «Ақ шөлдің» азғантай оқуының өзін тауыса алмай, білімге күпті боп қалды. Оңбай кекілін бір жағына сұлата қайырып, мөлттей қара бешпет-шалбар, қайырма жаға ақ көйлек киіп қатқан жігіт боп шыға келді. Сулап тарайтын шашы да, ақсиған тісі де, күлімдеп тұратын көзі де, күнде бір тазалап қоятын былғары бәтіңкесі де қашан көрсең сенесі жалап тастаған жас қозыдай жылтырап тұрғаны. Қара бала баяғы салпы етек, жайдақ жаға. Ауылдағы кісі үрікпес қыз біткеннің Оңбайдан өлеңдетіп жазған хат алмағаны кемде кем. Ал, Оңбайдың қалтасы тола қыздар берген кестелі орамал. Алқалы жын көрсе арқасы қызып кетеді. Көзі шоқша жайнап, екі беті балбұл жанып шыға келеді. Жиналыс атаулыдан сөйлемей қалмайды. Мерекелік жиналыс па, есеп беруге, қой қырқуға, шөп шабуға, мал төлдетуге, күйек алуға арналған жиналыс па — оған бәрібір. Басқарушы баяндамадан кейін-ақ соның атын атайды. Жұрт дуылдап қол соғады. Сол ду-ду бір ду-ду. Залда отырғандар да, төрде отырғандар да бастарын шайқап, таңдайларын тақылдатады. Жоғары жақтан келген өкілдер болайын деп тұрған өткір жас жігіттің қолын қысып, арқасынан қағады. Соғыс кеп қыстырылмағанда Оңбай болса болып та кетер еді. Соны ойлағанда Қарабаланың осы кезге дейін іші жиіп жүре береді.

Құрдасы жұрттың аузына ілігіп жатқанда ешқашан іштарлық жасап көрген емес. «Оңбайды мақтамағанда кімді мақтайды, ондай жігіт қайда?» — деп ойлайтын ол. Бала кезінде әкесінің артына тығылатын Қарабала жігіт кезінде Оңбайдың қасынан бір елі ұзап шықпайды. Досына ел аузын ашып, көзін жұмып жатқанда анадайда екі езуі құлағына жетіп ыржия күліп тұрғаны.

Дәрігерлер майданға жарамайсың деп қалдырып кеткенде де саптың алдында маңдайы сүп-сүр боп қалшиып қатқан да қалған Оңбаймен қоштасып жатқанда көзінің жасы бұршақ-бұршақ атып кетті. Оңбай ернінің ұшын ғана жыбырлатып, бұның қолын сілке қысып, состиып қала берген. Қарабала содан ауылға сүлдері құрып зорға жеткен. Көз алдынан Оңбайдың әлгі көгіс тартқан кең маңдайы кетпей қойған. Сүйектен қашап жасағандай сол бір сымбатты жігітті, ой бойында өртеніп тұрған от пен өнерді жауған оқтың астына жібере салу соншалықты обал көрінген оған. Әуелден-ақ былайғы өзекті жанды бір бөлек те, құрдасын бір бөлек санап өскен Қарабала қаз-қатар тізіліп тұрған қылқандай жастың ішінде тек жаңғыз Оңбайды ғана аяған. Оңбай өлімге кеткенде, өзінің ауылда жүргеніне қатты ұялған. Жұрт: «Талай боздақ қан кешіп жүргенде мына жаман неменің озғанын-ай!» — деп мошқайды-ау деп, жан баласының көзіне түспейтін.

Содан төрт жыл бойы қызыл шоқ пен қара төстің қасынан бір елі ұзаған емес. Соғыс бітерден бір жыл бұрын Оңбай келді. Қарабала күйе-күйе ұстаханасынан сол күні ғана жарық барында шықты. Төрдің алдында құс жастыққа жантая сұлаған досын, іргеге сүйеулі қос балдақты, босағадағы қисық табан сыңар етікті көргенде бойын билей алмай қалды. Әскер киімін киген соң тіптен көксұрланып алған досының қолынан ұстай бере абдырап отыра кетті.

— Иә, амансың ғой,— деді Оңбай әдемі қара мұртының бір қияғын саусағымен сипап.

Былайғы жұртқа ол сөз: «Ауылда жүрген сені қандай жау алсын», дегендей боп естілді ме, бір түрлі қозғалақтап қалды. Қарабала мән берген жоқ. Құрдасының шытынған қабағын өзінше ұқты. Кешегі елді аузына қаратқан ерке Оңбайға сыңараяқ боп шойнақтап қайтқан оңай ғой дейсің бе? Тостағандай қос жанарында маздап тұратын бұрынғы батылдық қазір бір өткір сұсқа, қаталдыққа айналғандай. Кім сөйлесе де тікесінен шорт кесіп тастап отыр.

Сол жылғы күзде Оңбай басқармалыққа сайланды. Бір аяғы үзеңгіде, екі балдағы ердің артында өңгерулі. Шолақ аяқ басқарма ойда жоқта төбеден түсе қалды. Жұрттың көрмесін көріп, білмесін біліп отырады. Ол дегенде бұрын аузын ашып, көзін жұматын ел енді жағаларын ұстайды. Оракшы әйелдер басқарма үстіміздің шығып қала ма деп, бұрынғыдай шөмеле түбінде бірі-

ның бірі басын қарап беретінді қойды. Қырманшы шалдар астық бастырып біткен күні қырман түп деп ырым қып жүрттың етегіне бір-бір уыс бидай түйіп жіберетінді тоқтатты. Кеңседегілер де аяқтарының ұшынан басады. Ауданда заемды бірінші боп орындайтын Оңбайдың колхозы. Еттің жоспарын бірінші боп орындайтын Оңбайдың колхозы. Тіпті бойдақ салық екеш бойдақ салық та Оңбай келгелі бірінші боп орындалады. Оңбайдың тұсында жыл он екі ай бос жататын ала қырға мал жайылды. Оңбайдың тұсында арқар мен киіктен басқа аяқ баспаған бөрілі түздерге орақ түсті. Оңбайдың тұсында сай-сайдың аяғына тоған тұрғызылып, арпа, бидай, тары егілді. Оңбайдың тұсында бұл ауылдан алдына ат салдырмаған бәйге жирен шықты. Оңбайдың тұсында еңбеккүнге ақша беріле бастады. Оңбайдың тұсында қабырға газет-екеш қабырға газет те уақытылы шығып тұрушы еді. Оңбайдың тұсында Қарабала екеш Қарабала да жиналысшыл болып алып еді. Басқарманың мүшесісің дейді ме, әйтеуір, күнара кеңсеге шақырып жатыр деп бір қара сирақ шауып келеді де тұрады. Бірақ, ауыл түгілі бүкіл ауданды дүбірлеткен «шолақ аяқ басқарманың» дәурені бәрібір келте болды.

«Ұсақ шаруашылықтарды ірілендіру керек!» — деп алдымен айқайлап шыққандардың біреуі осы Оңбай еді. Бірақ көрші жатқан үш колхоз біріккенде басқармалыққа Оңбай емес, көрші колхоздың бастығы сайланды. Оңбайға орынбасарлық тиді. Екі бастық жиналыстарда бірін-бірі көзбен атысып отырады. Сосын қит етсе бірінің үстінен бірі жоғарыға қағаз жаудыра бастайды. Ең соңында бұқпантайды екеуі де қойып, ашықтан-ашық дауласатынды шығарды. Үлкен басқарма көрші колхозға жіберілді де, орынбасар фермаға жұмсалды. Оңбай қолды бір сілтеп жатып алды. Арада ай өткен соң ауданға шақыртылып, ет жинайтын қызмет ұсынылды: «Таразы бағып тұрар жәйім жоқ»,—деп бармады, екінші жолы салық жинайтын қызмет ұсынылды: «Тиын санап отырар жәйім жоқ»,— деп бармады. Сосын қайтып оны ешкім іздемеді. Әрі жатты, бері жатты. Налыды, күйінді, ызаланды, жоғарыдағы ақсақалдарға дұғай сәлем жолдауды бір ойлады. Ақыр аягында Оңбай қызметті өзі іздеп шықты. Сол кезде құдай айдап, осы ауылға мұнай қарап жүрген бе, су қарап жүрген бе бір экспедиция келе қалғаны. Қай қылығымен жақсанын бір алладан басқа жан білмейді, Оңбайдың әлгілерге ұнағаны. Қоймашы болғаны. Ол тұстағы колхоз

бензинге жарыған ба, резенге жарыған ба, машинаға керек темір-терсекке жарыған ба? Бензин де Оңбайда, резен де Оңбайда, машинаға керек темір-терсек те Оңбайда. Ал, Оңбай көкең көңілі түссе-сылқитып тұрып орысша бір боқтайды да құя салады, ұстата салады, жыны келсе бір түкіреді де, «су мұрын бастығыңа айта бар»,— деп құлағына қайдағы бір қитұрқы әңгімені қыстырып жібереді Не де болса, шоферлар мен трактершылардың жандары қысылғанда ауыздарына құдай емес Оңбай түсетін болды: Сүйткен Оңбайдың сөзін қайдан жерге тастасын, айт дегенді аудармай-төңкермей айтып келеді. Бұл ауылға «Оңбай өй депті, Оңбай бүй депті әуелі солай тараған. Бұрын «біздің бала айтса қатырып айтады» кеу-кеу, сосын «біздің шолақ аяқ басқарма айтса, біліп айтады кеу-кеу, енді «Оңбай айтса, ондырмай айтады» кеу-кеуге айналды. Экспедицияның қоймасынан шыққан бір шелек бензиннің колхоз байғұстың қансып тұрған тракторы мен машинасына не істейтінін өзі білсін, ал ауылда бір бұралқы әңгімені гу еткізеді. Оңбай айтты бір ауыз сөз бастықтардың соңынан өрт боп түсіп алады.

Басқарма қайтуші еді. Бейпіл ауыз шоферлер аудармай-төңкермей айтып келген сөздерді естігенде сексеуілдің шоғын жұтып қойғандай бір ыршып кетеді. Қызарады, сұрланады, күйінеді, «қап, бәлем, сені ме» деп кіжінеді. Кіжінгенде қайтеді... Алғашқы бір қызыл көз басқарма: «бұл ақсақтың ана сау аяғының өзін қанды қақпанға бір түсірейін деп, ауыл дүкенінің бір жәшік арағының қасына ауданнан бір жәшік коньяк алдырып, ақ сары бас марка сойып, экспедицияның бастығын ауылдың активтеріне қосып үйіне шақырады. О да бір қу мүйіз боп шығыпты. Басқарманың үйінің «маржасын» мақтайды, «баранчуктерін» мақтайды, қуырдағын мақтайды, «бес бармағын» мақтайды, қалай жайғауды білмей отырып, алдына құлағы қалқиып бара қалған қойдың тісі ырсиған құйқалы басын мақтайды, жұмсақ екен, тұщы екен деп қымыранын мақтайды, қышқыл екен, ащы екен деп қымызын мақтайды, арақ-шараптың да көңілін қалдырмайды, түн ортасында үй иесінің арқасынан қағып, есіктің алдында жатқан қара төбеттің мандайынан сипап, үй-толы әйел-еркекті сылпылдатып бір-бір сүйіп, көзіне жас алардай боп, әзер қоштасады. Бірақ, «кладовщик казах Бисенов» мәселесіне келгенде кеңкілдеп күле бергеннен басқа, таңдайын қағып тамсанғаннан басқа ештеңе айтпайды. Бастық астарлап

жамандап көреді; ол неме күледі; тұспалдап жамандап көреді, ол неме күледі, сарнитып ашықтан-ашық жамандап көреді — ол неме басын шайқап мәз болады, қалай айтса да сөзі өтпеген соң, бастық қонағының түп-тұра өзіне бас салып, тап енесінен сылқитып бір боқтайды — ол неме «маладес», «маладес» деп шек-сілесі қатып, құшақтап ап бетінен сүйеді. Қашан кете-кеткенше Оңбай туралы әңгіме болса, «Бисенов умный шалабек» деп сылқылдай жөнеледі. Онысы «сіздің ауылдың керкуі біздің ауылға жұрмейді» дегені болса керек. Сөйтіп, Оңбайдың қолындағы май шелпекті тартып алудың еш реті келмейді. Бастықтың аты бастық. Шөп шабылу керек, егін орылу керек, жем қораға тасылу керек... Қысқасы, жоспарды орындамай болмайды. Ол үшін машина зуылдап тұруға тиісті, трактор гүрілдеп тұруға тиісті. Ол үшін бензин қажет, резина қажет, толып жатқан темір-терсек тағы қажет. «Қазіргі техника Қарабаланың жанына жамандық бермесін» дейтін баяғы шалғы, орақ, баяғы соқа, ең болмаса, шөп машинасы, тырма лабогрейка емес... Қанша тулағаныңмен, қанша жек көргеніңмен баяғы Оңбайға тағы да қол жаясың. Өйткені, тіпті құдай екеш құдайдың өзінің қолында бар-жоғы негайбыл техниканың мұқтажы Оңбайдың қолында. Оңбай да шалқаяр жерін біледі. Айдың аяғы, тоқсанның аяғы, жылдың аяғы тұсында шоферің түгілі бригадириңмен, бригадир түгілі механигіңмен, механигің түгілі инженеріңмен сөйлеспейді. Қашан жығылып-сүрініп бастықтың өзі сүмірейіп алдына келгенше аспанға түкіріп отырып алады. Экспедиция бастығының мәнжесі: «Бисенов сам знает». Содан амалы қайсы бастық барады, ауылдың барлық атқа мінерлерін қасына қаптатып ертіп апарады. Оңбай ондайда сөзге келмейді, ұстата салады, бере салады, құя салады, тіпті сұрағанынан да көп қылып төге салады. Бетіне күле қараса, «Өңке» десе, «Сіз білесіз ғой» десе, бензин түгілі, темір-терсек түгілі қораны қай жерден салу керек екендігін, құдықты қай жерден қазу керек екендігін, шөпті қайдан шабу керек екендігін, жылқыны қайда, түйені қайда, қойды қайда ұстаған дұрыс екендігіне дейін айтып, құлақтарына құйып жібереді. Бастықтар рахметтерін аямай жаудырып, қарық боп қайтып оралады. Бірақ ол қуаныштары көпке бармайды. Өліп-талып жоспар орындалғанда, «Уһ» деп көңілдері енді орнына түскенде, ауылдың ішінен «Оңбай болмағанда сазға отыратын едік» деген күңкіл мұңкіп қоя береді. Кешегі жарыл-

қаушыға «қап, бәлем» деп қайта тістенуге тура келеді.

Не керек, «аспаннан түскен батпан құйрық» экспедиция үш-төрт жыл тұрып, келген жағына қайтып кеткенде біраз кісінің қыбы қанды. Қыршаңқы Оңбайдың қолы да, тілі де кесілді деп қуанды. Бірақ, Оңбайдың қолы кесілгенмен тілі кесілген жоқ еді. Оңбай байғұсқа, шынында да, жай болмады. Әуелі «білімді бастықтар» керек болды, сосын «жігерлі жас» бастықтар керек болды. Оңбайға санамаймын деген тиынын санауға, бақпаймын деген қалтаң-құлтаң таразыны бағуға тура келді. Ол ол ма, бұрын құйқаның нісіне мұрнын басатын төре жігіт шуаш нісін күңірсітіп жүн-жұрқа, тері-терсек жинады. Салқын қоймада шойын таразының қасында балдағына сүйеніп, шотын қағып тұрғаны. Осы күні халықта не көп, тері-терсек көп. Оның үстіне насыбайдың не ащысы Оңбайдың қалтасында. Қара көлеңке абажадай қойманың қуыстарының бірінде бөксесін сызға тығып тұрған ақ, қызыл, күрең бөтелкелер де табылады. Артынан жұрт жиналған жерлерде кеу-кеулеп айта жүретіндей қитұрқы әңгіме де жеткілікті. Сөйтіп Оңбайдың қоймасының келім-кетімі тіпті көп. Оңбай жұмыстан үйге қисалақтап зорға қайтады. Жолда қара-құра жиналған жерге соқпай кетпейді. Қара-құра жиналған жерде қарап тағы тұра алмайды. Бір кездегі «ділмар, шешен» аты енді, «қыршаңқы», «ұрыншақ», «дәукеске» айналады. Бұрын оны көрсе қаумалай түсетін жұрт, енді қашқақтайтынды шығарды. Оңбай бейшара ен көшеде балдағын көкке сермеп жападан-жалғыз бақырып-шақырып келе жатады. Ондайда міндетті түрде бұның үйіне бұрылады. Төрге секіріп шығып, екі балдақты екі босағаға жітіріп жіберіп, жантая кетеді. Сақып Оңбай келгенде көрпесінің жақсысын төсеп, жастығының жақсысын ұсынып бәйек болады. Шаршы төрге шалжия құлаған Оңбай қызыл қуырдақ жеп, шәй ішіп, кебежеден көзін мөлтектетіп жартылық суыртып, бас жазады. Бұған да құяды. Қарабала ішімдік жағына қырсыздау. Қырлы стаканды аузына бір апарса болды, қараптан-қарап кеңкілдеп күле бастайды. Енді бір-екі қолқаласа, қорылдап ұйықтап кетеді. Оңбай өйгіш әңгімесін тыңдайтын жалғыз құлақтан айрылғысы келмейді. Сондықтан жан дегенде жалғыз құрдасына тек бір рет қана тамызады да, кеңк-кеңк күлдіріп қойып, өзі ішіп, өзі сөйлейді.

— Өй, қасқа-ай,— дейді ол бүгін көріп отырғандай оның бетіне сұқтана қарап.

— Бір өзі бір колхозға отгон болғандай ана мандайың ашылмай жүр-ау. Әйтпесе, қайратың кімнен кем, келбетің кімнен кем. Қыр мұрын, қияқ мұрт, дөңгелек жүз еңгезердей қазақтың суреті қай газеттің көркін келтірмейді. «Жұлдызымыз міне» деп сендейлерді көрсетудің орнына қайдағы бір мүжілген тобықтай қиқыжиқы Қалиларды шығарады. Бұл бақ дегенді қойсайшы. Бақыт деген де жалғыз көзді дәу көрінеді ғой. Қашан тас төбесіндегі көзіне түскенше кімді көтеріп келе жатқанын білмейді екен. Көзіне түскен соң көтеріп ұрып бір-ақ лақтыратын болса керек. Жаман Қалилардың да топалаң асатын күні алыс емес шығар.

Соны айтады да, тартып жібереді. Ішіндегі қыжылдап жатқан қызыл өртті арақ та, ащы пияз бен қызыл қуырдақ та, сүт қосқан бұйра шай да баса алмастай, бірдеңе айтса, сөйлесе басылардай.

Оңбай ащы пиязды мұрнына апарып отырады-отырады да:

— Баяғы дәурен болғанда бағыңды жандыратын едім-ау,— дейді.

— Иә, құрдас, оған сөз бар ма?

Шай құйып отырған Сақып та бір компандап қалады.

— Ай несін айтасың, өзімнен де болды,— дейді бір-уақытта. Оңбай қолтығындағы жастықты өші бардай нығыздай жаншып.— Колхоз іріленгенде мені қоймақшы екен. Қарап жүрмей хатшыға тіл тигіздім ғой. Аудандық актиивте қайдағы бір «қағаз бастылыққа» шүйілем деп, таяқтың бір ұшының тап бірінші бастықтың қақ мандайынан қалай сарт еткенін өзім де аңғармай қаппын, содан-ақ суық көздің суғынына іліктім. Сол-ақ екен бір іріген біздің айран қайта ұйымай қойды ғой. Пәтшағар сонша пысықсынып нем бар еді! Қазір орынсыз момын болуға да, орынсыз пысық болуға да, орынсыз алғыр болуға да, орынсыз ақылды болуға да болмайды, қасқа. Артық дәулет көз шығармаса шығармас, ал артық ақылдың көз шығаратыны ып-рас. Өз бағыңды өзің байлайсың. Дүниеде құдайдың бергені де ештеңе емес, бергенін қайтып алғаны да ештеңе емес, бәрінен де берейін деп тұрып бермей қалғаны жаман екен. Өлгенше өмірі есіңнен кетпейді. Солай, құрдас...

Оңбай бұл жаққа құрғыта бір қарап қойып, сылқылдатып құйып алады. Сосын стаканды қолына ұстап, бұның ығына сүйеніп, отырған орнынан атып тұрады. Сақып босағада жатқан балдақты әкеп жалма-жан

қолтығына қыстырады. Оңбай әй бір аңыратып ән бастайды дейсің. Әуелі міндетті түрде орысша бастайды. Көкіректі қарс айырар қызыл ән. Сөзіне түсінбесе де, бұлардың жүйе-жүйесін босатып барады. Ән салған сайын Оңбай айдындана түседі. Бүгінде екі езуіне жамбастай құлап, жүні жығылып жапырайып жататын жуас мұрт дікең ете қалады. Көбіне тұманданып, тұнжырап жүретін сұрғылт жанарда жылтырап шоқ тіріледі. Әлгінде ғана ащы арақ қуырып, әзер қиысып отырған солған өкпедей ерні күрешітіп қоя береді. Оңбай қолтығында балдақ емес, екі аяғынан бірдей басып тік тұрған кісіше кеудесін кере шалқаяды. Орысша ән қазақшаға ауысқанда манадан бері балқып тұрған Сақыптың көзіне жас жүгіреді. Қарабаланың да көзі дымданып қоя береді. Бұлардың көңілі босағанын көргенде Оңбай тіпті қайратына мінеді. Осы бір ні жұмсақ екі адамның көзіндегі жас өз көкірегіндегі удай ащы өкінішті өзегін өртеп бара жатқан ащы арақты, манадан бері бойындағы әлді сорып ап жатқан мең-зең мастықты қуып шыққандай, өзінен-өзі тұтап, өзінен-өзі бықсып жүрген тымырсық көкіректі бір өкпек жел құлан таза аршып алғандай.

Екеуінің ығына қолын салып:

— Әй, байғұстарым-ай! Бізге қараған он-шақты үйде менен басқа еті пысық ешкім жоқ. Ертең мен анаумынау боп кетіп жүрсем, бел буып шығатын қайсың болар екен,— дейді.

Қарабала онан сайын егіле түседі. Тамағы құрғап, кемсеңдеп:

— Асқар тауым-ау,— деп кеңкілдейді.

— Ет жүрегі езіліп, таусылып айтады. Бұлардың көңілін босатқан Оңбай балдағын тық-тық басып, ширақ аттап үйден шығып кетеді. Жатаған үйдің терезесінен осы бір қара жерді шегелеп басқан тық-тық дыбыс ұзаққа дейін естіліп тұрады.

Қарабала ол күні көз жұма алмайды. Өмірде көп нәрсеге зер сала бермейтін осы бір еңгезердей еркек көп онша ренжи қоймаушы еді. Құдайға шүкір, қолы бос отырмайды. Құдайға шүкір, Сақып борпы аяқтау болғанмен, бетіңе жел боп келмейтін бір бар болғыр. Бір ұл, бір қыз тауып берді. Ұлы бөлек үй шыққан, жылқышы. Қызы көрші ауылда тұрмыста. Ел қатарлы мәпахасы бар. «Қарабала, істеп берші» дегенді істеп береді. «Қарабала, барып келші» дегенге барып келеді. Құдайға шүкір, осы жасында ешкім бұған «мынаны бұ-

лай істемепсің» деп көрген жоқ. Содан ба, өз басы көп нәлі бермейді. Тек анда-санда осылай Оңбай соғып кеткенде ғана аяғының астындағы мыңқ етпей жатқан мығым дүние кенет теңселіп жүре бергендей болады. Бұл түсінбейтін көп мәселе көңіліне бір түрлі үрей қашырады. Өзі құдайдай көретін құрдасының өтінің нағып мұнша қырын жүгіріп кеткені ақылына сыймайды. Соған қарағанда Оңбай айта беретін әлгі бір ырың-жырың өмірде бар болса бар шығар деп ойлайды. Осы ауылда «Әй кәпір» дей қоятындай ешкім жоқ сияқты. Бәрі де өздері құсаған жұмыр басты пенде. Сөйте тұрып, Оңбайдың көріп жүрген күні әлгі. Мүмкін, өмір деген, шынында да, бұл білетін қайқы бел қара төс пен қара балға емес шығар. Оның келеуіне түскеннің бәрі мұның қолынан шыққан нәрселердей әйтеуір бір кәдеге жарай бермейтін шығар. Олай болса, Оңбай осылай боп жүрер ме еді. Шіркіннің бойында қанша жігер, қанша білік, қанша өнер құрдымға құрып зая кетіп жатыр?.. «Өзімнен болды. Кезінде өйтпедім-бүйтпедім»,— дейді. Мүмкін ол да рас шығар. Бірақ, өз басы құрдасының басындағы қырсықты әлгі атаңа нәлет Гитлер атқан қаңғыма қорғасын оқтан көреді. Сол тек сыңар аяғын емес, болам-толам деп тұрған періште көңілдің қанатын да қоса жұлып кеткендей. Әйтпесе, елден алабөтен зерек Оңбай оқымас па еді. Оқыса осы күндері қайда кім боп жүретінін кім біліпті? Қаңғыма оқ қағындыдан тиді де, жігіттің сұлтанын мына Қарабала секілді өңшең можан-топайдың ортасына омалтып тастады. Енді жер көкке сиғай жүрісі мынау. Соны ойлағанда өне бойын өрт жалап жүре береді.

Өз басы осы жасқа келгенше тигенін киіп, бұйырғанын ішіп, ештеңеден уайым жемепті. Әкесі байғұс та бұл туғанда онша көп басын қатырып жатпаған сияқты. Кітап та аштыртпапты, азан да шақыртпапты. Қара болғасын атын Қарабала қоя салты. Міне, сүйткен Қарабала қара шал болғанша бұл ауылда әлі оны ешкім «Қарекең» деп көрген жоқ. «Қарабаланың соққаны», «Қарабаланың істегені», «Қарабалаға жасату керек»... Алда-жалда өзге ауылдардан шаруасы түсіп келген біреу-міреу «Қареке» дей қалса тура көк желкесі шылп-шылп терлеп, удай ашып қоя береді. Жиын-тойда да қақырайып төрге шықпай, есік жаққа елеусіз жантая кетеді. Әр нәрсенің өз жөні, өз сәні бар емес пе! Мәселенки, қаңылтырдан түрен, шар болаттан түкіргіш соққан кімді көрдің? Оңбайдың қазіргі жағдайы да бұған

дәл сондай бір қисынсыз нәрсе сияқтанады да тұрады.

«Құдай да қызық-ау!» — деп бір ойлады да, артынша «Тәуба, тәуба!» деп қойды. Басы жұмыр пенденің кез келгенінің қолына түсе бермейтін тасбақаның шөбінің жер бетінде дені дұрыс кісі құрығандай бұған, осыдан қырық жыл бұрын үш класты зорға тауысқан, бүгінде ақша беретін табельге өз фамилиясының тұсына әкесінің атының бастапқы төрт әрпін жазып, сосын институтке бір қисық таяқпен сойдақтата қайырып тастауға ғана сауаты жететін жаман ұстаға тап келуін қарашы. Онанда ана аузымен құс тістейтін Оңбайларға бұйырсайшы... Оған бұйырса — баяғы от ауыз жастық шағына қайта оралмас па еді. Көргеннің көзінде, тыңдағанның көңілінде қалатын сұңғыла сұлу жігіт көрші колхоз түгілі ауданның, аудан түгілі облыстың, облыс түгілі әлгі Алматы мен Мәскеуіңнің оқуын тауыспас па еді? Осы күнде сонау орталықтардың біреуінде ай маңдай оқымыстылардың біреуі болып маңқиып отырмас па еді! Исі осы ауылдан барған балалардың бәрін шыртытып оқуға кіргізбес пе еді! Осы ауылдан ауру боп, істі боп барғандардың бәрі соның үйіне түспес пе еді! Тіпті бұл Оңбайдың әлгі тек радиодан ғана сөйлеп, кинодан ғана көрінетін үлкен басшылардың бірі боп кету де қолынан келетін еді ғой. Онда мынау ата қонысын түйе аунаған шаңдақтай құлазытып қоймай, жер түбіндегі үлкен өзендердің біреуін әлгі көзінте жазып жүргендей қып, мұрнынан жетектеп осында бұрып әкелер еді ғой. Онда бұл барған адамнан: «Әй, ит, дәу бастық боп, құлын-тайдай тебісіп бірге өскен бізді ұмытып кетпе. Сенің қолыңа право тигенде не көреміз? Менің балам Қуатбек мынау деген жылқышы. Соның теңінде біраз қызыл қағаз, көк қағаз босқа жатыр. Өзі маған тартқан шикі өкпелеу неме. Машина алғысы келе ме қалай? Оған әлгі жыл он екі ай шіреттe тұру керек көрінеді. Жұрттың айтуынша ақшаңның үстіне бетіңнің аз-маз ажары, қысқасы, таныстық керек дейді. Әйтеуір, шырғаланы жеткілікті дейді. Не де болса, өзің білесің, баламыз екеуміздің қолымыздан келмейтін шаруа. Соған жәрдемдес. Баягыда өзің көрген кішкене Жаңыл бүгінде тұрмыста. Балалы-шағалы. Ел қатарлы үйі жоқ. Соған қол ұшын беруге қалайсың? Басқа ауылдар ауыл сияқты. Біздің ауылда әлі терезесі іннің аузындай тоқал үй көп. Соны да ескер. Біз үшін бұның бәрі қарлы Қаратау. Саған не, телефонынды бір сыңғыратсаң бітіп жатыр»,— деп айтып жібереді ғой. Қой, құдай мәңгінің

қиялы-дағы. Онсыз да көштен қалып жатқаны шамалы. Әйтеуір, бастық болып жатса, Оңбайдың өзіне жақсы ғой. Кездескен адамнан: «Қарабала деген ұста құрдасым еді. Бұ дүниеде бар ма?»— деп сұрап жатса да мәртебе емес пе. Бәрін айт та бірін айт, әйтеуір қазіргідей ине жұтқан иттей боп тызаяқтап жүрмес еді...

Сол ойына түскенде, осыдан үш күн бұрын көрген Оңбайдың сүйегі салдырап қалған құп-қу кескіні көз алдына келді. Бір кездегі аққұба бидай өңі бүгінде боп-боз, қыртыс-қыртыс. Қылған қиғаш қасы сиреген, үйте-түйте. Жарқабақтанып кеткен көз аңғалағына шөлмек қыстырып қойғандай. Шатынай қарайды. Тек қыршаңқы тілі ғана ескі көрпені иығына іліп қалқиып отырған ебіл-себіл қаңқаның баяғы Оңбай екенін еске түсіреді.

Карабала құланы тебініп қалды. Жолы болар. Әлгі тасбақаның шөбі тегін емес шығар. Сүйегін сүйретіп жатқан сорлы ансары ауған шаруасы оңғарылғанын көріп, кім біліпті, аяғына мініп кетер.

Сөске ауа ауданның да төбесі көрінді. Сұрастыра жүріп, Оңбайдың алдымен кір деген кеңсесін тауып алды. Алдыңғы бөлмеде отырған созыла қимылдап, сыңсып сөйлейтін кермиық керік келіншек бастығына басын сұғып еді. «Кірсін» депті. Қақ төрдегі қарағай столда пальтосын иығына іліп алған шандыр бет қапсағай қара отыр. Ақ темірден салған жалтырақ тісін бір жалт еткізіп жәй сұрады. Әңгіме тыңдап отырып, анадай жерде тұрған тор-тор қағаз салғыштың ішіндегі газетті қайта-қайта тысырлатып әуелей түкіріп қояды. Бұл келген шаруасын енді аяқтай бергенде, жалтыр тіс өзінің өндіршегі сорайған ұзын мойнын сонау ұнжырғасынан бұрап жұлып алғысы келгендей, ніре бұрып, бұның негінен мандайына қарай, мандайынан негіне қарай ерсілі-қарсылы екі рет тінте шолып шықты. Сосын темір тісті ақситып, бір күліп қойды. «Өзі де айтса айтқандай, қақпан торыған жұтыр тазыға келеді екен»,— деп ойлап отыр Карабала.

— Білем, ағайын,— деп бастады шандыр бет.— Оның әлгі дәукес Бисенов қой. Осында жеті ата, жетпіс жеті шешемізге тіл тигізіп, шетімізден қырып боқтап жазған хаты бар. Со қағазы үшін де біраз сенделте тұруға болар еді. Бірақ, сіз келе қапсыз. Оған төрт доңғалақ беру туралы қағаз алынған. Бірақ соны бұлғы жылдың ортасына іліктіру басқа мекеменің қолында. Олар «болсын» десе, ләббай деуге біз қашанда әзірміз.

Сіздің әлгі дәукестей емес, бетіңіздің иманы бар, жаңағы мен әлгі айтқан мекемеге кіріп шыққаныңыз дұрыс.

Бұным қалай дегендей, Қарабалаға көзінің астынан сүзіле қарады. Қарабала қорбаңдап орнынан тұрды.

— «Ұшқын» бұыл қыстан жақсы шықты ма? Төл қалай? — деді шандыр бет.

— Шүкір, жаман емес.

Қарабала осы бір мойны қалқиған шандыр бетті бір жерде көргең секілді. Есікті жауып жатып, көзін тағы бір салып еді, есіне түсіре алмады.

Екінші мекемеде әлгіндей емес, адам көп боп шықты. Ұзынша бөлменің екі қабырғасына жағалай тізіп орындық қойыпты. Сол орындықтарда қаз-қатар тізіліп отырған бір адам. Көпшілігі мұндай құр қол емес, алдарына томпитып-томпитып бір-бір папка өңгеріп апты. Бастық әлі кешігіп жатса керек, қағаз басып отырған үлбіреген ақ құба қыз үсті-үстіне тызылдап жатқан телефонға:

— Келе қойған жоқ. Қісі көп,— деп жып-жып жауап береді. Телефонға бұрылған сайын бөлмені көзінің астымен бір сүзіп шығады. Папка құшақтап сыздиып отырған жас немелер хатшы қызға құрғыта қарап қояды. Бір уақытта есіктен бастық көрінді. Шытына қарайтын жіңішке жылтыр қара екен. Жағына пышақ жаныққандай. Бірақ, денесін көтере алмай келе жатқан кісідей, кердең басады. Сол жан-жағына көз салмаған күйі төрдегі қара былғары есікке аяндады. Есікті аша бере хатшы қызға бұрылды. Хатшы қызға бірдеңе деп жатып, босаға жақтағы бұны көзі шалып қалды. Сұйық қасын керіп, біраз таңырқап тұрды. Сосын өңін жылытып, бас изеді.

— Бар бол, шырақ,— деді бұл орындығын сықырлата қозғап.

Деуін дегенмен екі беті ду қызарды. Жұрттың бәрі бұған жалт бұрылды. Бастық кеңсесіне кіріп кетті. Көп ұзамай қоңырау дызылдады. Хатшы қыз бастықтың есігін ашты. Сосын артына бұрылып, бұған:

— Ақсақал, сізге кірсін деп жатыр,— деді.

Қарабала қасындағылардан кешірім сұрағандай екі жағына жалтақ-жалтақ көз тастап бастыққа беттеді.

Өңшең жылтыр ағашқа толы ат шаптырым кең бөлме. Қақ төрдегі сала құлаш күрең столдан қаршығадай қара жігіт шапшаң көтеріліп, қарсы жүрді. Келіп қолын алды. Қолтықтап апарып сала құлаш күрең стол-

дың алдындағы кішкене жіңішке столдың екі жағында тұрған екі сәкінің біреуіне отырғызды. Тықылдақ орындықтан басқаға жамбасы тиіп көрмеген Қарабала жұмсақ сәкіге күмп беріп, үйелеп қалды. Жалма-жан басындағы тымағын жұлып ап, алдындағы кішкене столға тастады. Тымағының екі құлағын сипалап отырып сөз бастады. Қарсыгадай қара сұр жігіт үн-түнсіз. Алдындағы қағазға әлденелерді түртіп қояды. Бұл сөйлеп болғасын қасындағы жылтыркөк түймені басып еді. есіктен хатшы қыз көрінді.

— Маған әуелі Есенқұловты, сосын Жүзбаевты қос.

— Мақұл.

Хатшы қыз есікті қайта жапқан бойда, қоңырау зың ете қалды. Қара сұр бастық телефонға қол созды.

— Саламат па. Иә, солай ма еді. Ендеше қағаздарын әзірлей беріңіз. Бір ретін қарастырармыз. Жарайды.

Жағында бір шайнам еті жоқ қара сұр жігіттің аузынан шыққан сөзі де тақ-тұқ. Қолын енді босата бергенде, телефон тағы тызылдады.

— Ә, саламатсыз ба? Анадағы үш машина әлі бар ғой. Дұрыс болты. Соның біреуін инвалидке береміз. Қаулы дейсіз бе... Ештеңе етпес. Озаттарды да құр қол тастамаспыз. Оған сіз қам жемей-ақ қойыңыз.

Аржағындағысы да, өжеңдеген неме екен, қара сұр жігіттің мандайына әжім ойнап шыға келді.

— Бірінші қазір жоқ. Келген соң өзім сөйлесем. Мен бұйырды дерсіз.

Бастық бедірейіп алды. Дегенін істетпей қоймайтын құ сияқты. Саусағымен күрең столды салып-салып жіберді. Үстінде ақ құйрық шылымның тұқылы жатқан күл салғыш селк-селк шоршыған сайын, мұның айызы қана түсті. Оңбайдың төрешіл деп жүргені қара сұр жігіттің бетін бар, жүзің бар демейтін осы тікшілдігі болса керек. Әңгімесін бітіріп, жүзін бұған бұрды.

— Ақсақал, әлгінде болған кеңсеңізге барып қағаздарыңызды алыңыз. Сосын Жүзбаев жолдасқа барасыз. Шаруаңызды сол кісі бітіреді. Басқа айтатыныңыз бар ма еді?

— Жоқ, айналайын. Көп-көп рахмет. Жаныңа жамандық бермесін.

— Сізге де рахмет. Былтыр біздің тапсырмамызды ойдағыдай орындадыңыз. Майдангерлерге ескерткіш орнату мәселесіне бас-көздік ету маған жүктелген-ді. Сіз қолғабыс жасамағанда ұятқа қала жаздап ек.

Қарабала енді түсінді. Былтыр көктемде парторг тызақтап жүріп бұған бір көп жылтырақ темірді соқтырып еді. Айтып тұрғаны сол болды-ау! Қарасұр бастық орнынан тұрып кеп, қол алысып қоштасты.

Жүзбаев сауданың бастығы боп шықты. Бұл сауданың төңірегінде өңшең бір жүзіктің көзінен өтетін жылмаң төстер істейтін шығар деп ойлайтын. Мынауы бір пар түйедей маңқиған неме. Таңқы танау, бұйра шаш. Шынашағын оқ жұлып кеткен шолақ қолымен столын ерсілі-қарсылы үйкелеп отырып сөйлеседі.

— Сонымен, ақсақал, бұл машина өзіңізге керек пе еді?

— Жоға. Бір мүгедек ағайыным бар еді. Сол жұмсап жіберді.

— Апырай, ә?

— Жаңа председательде болдыңыз ғой.

— Болдым.

— Бізге биылдыққа әлі мүгедектерге берілетін фондыдан машина келген жоқ еді. Базада бір үш доңғалақтың тұрғаны рас. Оны анада райкомның бюросы болып биыл төлді кім көп алса, соларға береміз, оған дейін тұмсығын қанатушы болмандар деп қаулы шығарып қойған. Енді міне, мүгедекке бер дейді. Ертең бірінші хатшы келеді де, менің екі аяғымды бір етікке тығады. Оның, әрине, сізге қатысы шамалы. Апырай, ә?

— Қайдан білейін, әлгі балалар болады деген секілді еді.

— Жақсылық жасаған жақсы, әрине. Бірақ, заңның да обалы бар емес пе. Заң жарықтықты сыйламай болмайды. Апырай-ә?

— Заңға обал болса...

— Жоқ, жоқ. Бұл арада сіздің ешқандай жазығыңыз жоқ?

— А...

— Апырай, ә?

Жүзбаев күйзеліп отыр. Стол үстін бір қопарып шығып, суырманы ақтарды. Таска басылған бір қағазды тауып алды. Шаңырақтай көзілдірігін киіп, оқып шықты. Сосын добалдай сұқ саусағымен столды тарсылдатты.

— Заңға сиюын сияды екен. Бірақ, анадағы бюроның қаулысы және бар? Сіз сонда «Үшқыннансыз ба?»

— Иә.

— Мал бағасыз ба?

— Ұстамын.

— Апырай, ә?
— Атыңыз кім?
— Қарабала.
— Апырай, ә? Қашаннан ұстасыз?
— Мен өзім сонда тугам. Жұмысқа жарағалы темір соғам.
— Елу үштің жұты есіңізде ме?
— Әлбетте.
— Март айында сіздің ауылдың алдындағы дөңде қатып қалатын көп машинаны білесіз ғой.
— Білгенде қандай! Тоң жібігенше жатты емес пе? Талайының бел темірі омырылып, маған бір ай бойы жұмыс табылған.
— Апырай, ә! «Ұшқында» бір қолы алтын ұста бар деуші еді. Сол сіз екенсіз ғой.

Қарабала қызарып кетті. Оның қысылғанына Жүзбаев та қипақтап қалды.

— Сол былағайда мен де жүргем. Машинадағылар жүктің бәрін түсіріп ап, сіздің ауылдағы түйелерді жиып, соларға артып, қойы қырылып жатқан көрші колхоздарға жем тасығанбыз.
— Е, сіз ауатком Жүзбаев жолдас екенсіз ғой.
— Со кезде ауаткомде істейтінмін.

Екеуі де үнсіз қалды. Осы бір күйгелек қара кісі Қарабаланың есіне енді түсті. Со жылы қыс қатты болды. Көктем әне шығады, міне шығады деп отырғанда, қарды үйіп салды. Тәлтіректеп тұрған мал қырыла бастады. Аудандағы бар машинаны адамдарға азық, малға жем артып, Жүзбаев жолдастың өзі келе жатқан көрінеді деп бүкіл ауыл шу еткен-ді. Бір күні құбыла бөстегі қара жал гүрілге толып кетті. Жан-жағында қалқа жоқ айдай дөңде машиналар қарға батты. Керуенді бастап келе жатқан Жүзбаев жолдас Оңбайға кеп ауылдағы барлық көлікті жиырды. Үй-үйді аралап қом іздеді. Екі күн бойы бір шабдар атқа мініп ап қара жал мен ауылдың арасында ерсілі-қарсылы жүрді де қойды. Өзі де тыным тапқан жоқ, жұртқа да тыным берген жоқ. Бір қара ала шидемді киіп ап, белін тұсаумен буып ап, ақ тер-көк тер жүк артысады. Сосын аспандаған бір қара нарға мініп, керуенді өзі бастап кеткенді. Ауылдың үлкен-кішісі әкім басымен екі білегін түріп тастап жұртпен бірге жұмыс жасаған осы бір шыдамсыз бастықты көпке дейін ауыздарынан тастамай жүрген-ді. Сол жолы ол Оңбайға: «Өз шаруаңа мығым бол-

ғаныңмен, көршілерге қайырымың жоқ, қарау екенсің»,— деп қатты ренжіпті деген.

Қатал тәртіпті сүйетін, іске де, сөзге де тым шұғыл осы кісі туралы ел арасында сөз көп. Кейін төмендеп кетті деп еді. Келген кеңсесі осы екен ғой».

Бурыл шаш, алпам төс, таңқы танау қара кісі терезеге қарап ойланып қапты.

— Апырай, ә? Жарайды енді. Сіз келгесін болмас. Ол машинаны жүргізіп алып кететін адамыңыз бар ма еді?

— Әлгі мүгедек адамның баласы шофер.

— Ендеше келсін де, алып кетсін.

Екеуі орындарынан атып тұрып, қол алысты.

— «Ұшқын» бныл қалай?

— Қыста қар жаман түскен жоқ.

— Апырай, ә? Онда бныл шаруа оңғарылады екен!

Кеңседегі шаруаларын бітірген Қарабала поселке шетіне тастап кеткен атына келе жатқан-ды. Бір шақыр-шұқыр ыдыс-аяқ дыбысы шығып жатқан үйден өте бергенде тамақтанбағаны есіне түсті. Е, әлгі Оңбай мақтайтын шайхана осы болды. Есігін жұлқып қап еді, арғы жағынан әйел баж ете қалды.

— Уақыт бітті. Үзіліс. Бесте келіңіз.

— Беске дейін ауылдың да қарасын көріп қалармын.

— Жібере ғой. Жолаушы екен,— деді аржағынан тағы бір дауыс.

Бұл ішке өтті. Есік жақтағы оңаша столға отыра салды. Бір шілмиген құс төс әйел қасына келді.

— Қайнаға, не ішесіз?

— Жүрек жалғар бірдеңе болса...

— Бәлкім, тәбет шақыратын бірдеңе алдырарсыз.

— Оның айналайын, әлгі шөлмек пе? Ол жағына үйір емес ем.

Құс төс келіншектің оң жақ езуі бір бұлк етті. Көп ұзамай алдына қалайы табақ капуста көже мен бір уыс күріштің үстіне бүрісе қонжиған өкпе ме, бауыр ма қарауытқан бірдеңе әкеп қойды. Сосын тайтаңдап басып түп жақта тамақ ішіп отырған бір топ ақ халатты әйелдерге барып қосылды. Сыпсыңдары өрши түсті. Төр жақтағы бұжыр әйел аузындағысын айналасына бүркіп-шашып мырс етіп еді, әрі қарап отырғандарының бүйірлері бұлкілдей жөнелді.

Қарабала тұрып кеткенше асығып апыл-құпыл қарбытып жатыр. Әлдеқашан суып қалған тамақты ішіп

отырса да, терлеп кетті. Көк желкесі удай ашып барады. «Ау, сонша неге жанығасың»,— дегендей, табақ жалап тойынған бір-екі бордақы шыбын екі құлағына кезек мініп, ызыңдап шықпай қойғаны.

Қарабала дүниеде осы шыбынды жақтырмайды. Сосын еркек кісінің көзінше жыртақтап көп күлетін әйелдерді жақтырмайды. Баяғыда военкоматқа келгенде де көресіні бір жүн сирақ көк қасқа шыбын мен дәрігер келіншектен көріп еді. Айналайын военкомат деген мекеменің бәрі жақсы-ау, тек мауыздай-мауыздай ерлектерді жиып ап, енеден туғандай қып тыр жалаңаш шешіндіретіні жаман. Жұрт бір-бірінен қысылып, кірерге жер таппай тұрғанда сол бір қолаңса сасыған қапырық бөлмеге тық-тық басып ақ халатты әйелдер жетіп келетінін қайтерсің. Бұлардың үстіне де үріп ауызға салғандай құлын мүсінді әдемі келіншек кіріп кеп, анадай жердегі қисаңдаған ағаш столдың бір бұрышына барып монтиып отырып алғаны.

Бұл ішінен: «Құдай-ай, үлбіреген ақ періштенің алдында өңкиіп тыр-жалаңаш тұрғызғанша, әлгі оқ бораған окопына айдап апарып бір-ақ тоғытқаны жақсы еді ғой»,— деп тұр.

Жұрт бірінен соң бірі барып жатыр. Бұл кезегі жақындаған сайын дір-дір етеді. Кенет өз фамилиясы аталғанда төбесінен жай түскендей болды. Ілби басып жақындады.

— Аға, қолыңызды алыңыз,— деді келіншек тісін жарқыратып.

Бұл тамағы құрғап:

— Айналайын-ай, ұят емес пе,— дей беріп еді, келіншек қабағын шытынды.

Қайдан сап ете қалғанын, терезенің көзінен бір көк қанат шыбын кірді де, мұның дәл желкесіне қонып ап, бұлкілдете жөнелгені. Мойнын олай қисайтады — ұшатын шыбын жоқ, былай қисайтады ұшатын шыбын жоқ. Күйініп кетті де, жалма-жан қолын жұлып ап өз желкесін анау-мынау емес шапалақпен сарт еткізіп тартып қалды.

Қу келіншек сол екі ортада үңіле қапты. Желкесін көріп тұр. Бұлк-бұлк етеді. Содан столға отырып ап — ал күл. Қолындағы бір парақ қағазға бірдеңе жазып жатып — ал күл. Оның күлгенін көріп, бұдан кейін тұрған жігіттердің де құдайы берсін кеп.

Сонда Қарабалаға әлгінде ғана ақ қанатты періш-

тедей үлбіреп отырған әдемі келіншектің әзірейілдей боп көрініп кеткені.

Мына бір қараптан-қарап өзді-өзі қыстыға күлген бір топ әйелдің арасында со да отырған сияқтанды.

Алдындағы асты апыл-құпыл жайғап боп, орнынан көтерілді. Асығып басып киім ілгішке жетті. Тымақты бір қолтыққа, қара тонды бір қолтыққа қыстыра салып, есікке ұмтылды. Тақтай есіктің жақтауға тақ ете қалуы-ақ мұң екен, ар жағындағылардың жарыла күлгендері.

Гулеген шыбын мен әйел үнін мекен болған сол бір құбыжық үйден алыстаған сайын көңілі жайлана түсті. «Заготскоттың» ауласында қалған құлаға қарғып мінді. Аудан орталығы дөңкиген қара жотаның тасасына түскенде барып, көмейіне ән оралды.

— Е-е-е-й, қызыл азбан.

Қыз бен жігіт бірігіп көмір...— дей бергенде, аузын алақанымен басып, жағы жыртыла бір есінеп «пә, алла» деп қойды.

Алда ауыл болғасын ба, шабан құла емпендейін деді. Қарабала жайдақ қас қазына ерде шалқайып отыр. «Бұл шаруа оңынан оралды!» — деп қояды. Әлгі үшеуі анау айтқандай бедірейген безер көрінбеді. Сөзін ықлас қойып тыңдады. Қолқасын бітіріп берді. Екеуі өзін білетін боп шықты. Әлгі темір тіс те бір жерде көрген адамы. Қоя тұр... Соны қайдан көрді осы? Қайын енесінің жаназасында ондай кісі көзіне түспеген секілді. Қайын атасы тоқал түсірген тойда да, әй, ұшыраспаптыау. Әлде әлгі ат құрғатпай келіп жататын көп уәкілдің бірі ме екен. Олардың бұл қайсысын біліп жатыр. Машинасына бірдеме керек еткен біреу-міреулері болмаса, мұнда олардың шаруасы шамалы. Тоқта... тоқта... Бұрнағы жылы күзде брезент жамылған бір-екеу түнделетіп соқпап-па еді Төрге озбай. «Рессорымыз - - сынып қалды. Ағатай, қол ұшын бер!» — деп қиылғаны қайда! Іңір қараңғыда келген. Бозала танда кеткен. Қенеп машина. Аңнан келе жатса керек, кенебіне қан жұрып, үстін көк шөппен сүртіпті. Сонда бір ырсаңдаған кетік тіс асты-үстіне түсіп, қасынан шықпай қойған. Манағы сол болды-ау, шамасы. Тіс салдырып алған ғой. Не де болса, Оңбай байғұстың баяғыдан бері діңкесін құртқан шаруаның сәті түсті ақыры. Ат сабылтып талай барып, әлдекімдердің ішін кептіре боқтап, талай құр қол қайтқан орақ ауыз Оңбай бітіре алмай жүрген шаруа екі ауыз сөздің басын құраған құрлы көйлегінің арқасы

малмандай боп шыға келетін Қарабалаға піштy болмай қалды. Бәрі, манағы тас бақаның аузында қылтиған тебен иненің тұқылындай көк шөптің киесі ғой. Ата-баба білмей айтты дейсің бе! Шарапаты алдымен Оңбайға тиді. Қазір барып рұқсат қағазды ұстата салғанда жүрегі жарылып қуанатын шығар.

— Әй, қасқа-ай, сенің қолыңнан да бірдеңе келеді екен ғой,— деп кеңк-кеңк күлер.

Күлсе-күле берсін. Алты ай қыс ұрынарға қара таппай іш құса боп жатқан бейшараның дені бір жайылып қалсын. Есіктен ол кіріп барғанда, бұлдырап тұрған бұлыңғыр бөлмеде үн жоқ екен. Қақ төрге екі жағына екі жастық қойып қарқарадай боп Оңбай жайғасыпты. Ол үйдің қалған адамдары кеудесінде жаны бар тірі пенде емес ебіл-себіл көленке сияқты, дымдары іштерінде боп, аяқтарының ұшынан басып ілбіп жүр.

Қалт-қалт шай сораптап отырған Оңбайдың көзіне бір қуақы ұшқын жүгірді. «Төрге шық» деп қасындағы бос орынды меңзеді. Тізесін енді бүгіп, аузын енді аша бергенде, Оңбай жымсиып:

— Айтпасаң да білем, әуелі шайыңды ішіп ал,— деді.

Сосын мұрты жыбырлап, шайын сораптады.

Қарабаланың ұрттаған шайы тамағында тұрып қалды.

Оңбай ыдысын төңкеріп, ығындағы төмен сусып бара жатқан көк ала сәтен көрпені көтере жамылды.

— Ал, иә, қалай барып қайттың? Бастықтар аман ба екен? — деді жүзі жадырап.

— Аман көрінеді.

— Құшақ жайып қарсы алған шығар.

— Шүкір.

Бармағындағы насыбайы тұмсығына тие беріп кері қайтты.

— Әлгі темір тіс ұры тазы не деді?

— Қағазды дайындап қойыпты.

Оңбайдың көзіндегі жымысқы күлкі кілт сөнді. Дегенмен керме қастың қиығындағы екі ұдай танданыс әлі тұр.

— Кербез бастықта да болдың ба?

— Иә.

— Толғатқан саулықтай ыңыранды ма?

— Жоқ.

Енді Оңбай бойын тіктеп: «Сен, осы, өзің не айтып отырсың?» — дегендей өңменінен өткізе алая қарады.

— Наркоспақ қайтті? Аузын ку шөппен сүртті ме?

— Базада үш машина бар екен. Соның біреуін айдап әкетсін деді. Қағазы міне.

Оңбай қолындағы қағазды жайлап аштьі. Жастығының астынан көзілдірігін алып, асықпай оқып шықты. Әрі аударды, бері аударды. Басын шайқады. Осқырынды. Ақыр аяғында езуіне қайтадан күлкі жүгірді.

— Шық бермес Шығайбай немелердің сен барғанда мырза бола қалғандарын-ай!

Қарабаланың ығынан да бір зіл батпан түскендей. Арқасы жіпсіп, манағы тасбақаның шөбін айтайын деп, аузын енді аша беріп еді, Оңбайдың онсыз да көк сұр бетінің бір түрлі қалақай шағып алғандай күлбіреп бара жатқанын көзі шалып кідіріп қалды.

Үйдегі жанның ешқайсысының бұл әкелген жақсылық хабармен шаруасы жоқ, төрге қарап, көздері атыздай боп барады.

Оңбай кенет бүйірінен шаншу қадалғандай бұғанасын ұстай алды. Ту сыртындағы ала жастыққа шалқалай берді. Бүкіл бет алдын мұп-мұздай көк шөлмекпен қаптап қойғандай. Шатынап кеткен. Біраздан кейін:

— Жарайды. Рахмет. Үйіңе бара бер,— деді.

Қарабала орнынан тұрды. Тымағын киді. Қамшысын ұстады. Есікке жете беріп төрге көз тастады. Оңбайдың сол баяғы сұп-сұр қалпы. Оң жақ езуіне бір зіп-зілдей кекесін ілігіпті.

Сыртқа шыққасын тасбақаның шөбі орнында ма екен деп қойнына қол жүгіртіп еді. Дәрінің қағазы сонда барып есіне түсті. Құласын жетегіне алып, ауыл шетіне қарай аяндады. «Қараңғыда жер ұзап кетеді деген рас білем. Әншейінде тиіп тұрған үйі құрғыр жеткізіп болмады ғой».

Қарабала аптығып жүріп әйеліне дәрі алуды ұмытып кеткеніне өкініп келеді.

КЕРЕК АДАМ

«Ахметов Т. К.» деген жазуы бар есік сықырсыз жабылды.

«Енді Ержановқа телефон соғу керек»,— деп ойлады Сәрсенов.

Шыға беріс кең фойеде автомат-телефонның алтау-жетеуі сап түзей қалыпты. Қалтасына қол салып еді, осындайда таптырмайтын екі тиындық теңгенің үш төртеуі қосарлана іліккені.

Ержанов үйінде екен.

— Оу, қайдан жүрсің? Мәссаған! Білдей бас инженер болсаң да, қасталығың қалмайды-ау. Шығарда хабарласпадың ба? Жә-жә, ақталма. Аманшылық қой, әйтеуір. Бопты-бопты. Шара бүгіндері неше тонна тартады? Торайларың қалай? Өсіп жатыр ма? Өй, шошқа... Ал, енді неғып тұрсың? Вокзалдамысың? Не дейді? Министрлік! Ау, мынауың енді... Сенен шығар-ау бәрі. Қонақ үйге орналасып қойғаны несі? Кісі деген бес жылдан бері көрмеген досына соғып, тойына түспеген замандасына көрімдік, үйіне байғазы дегендей, жол-жоралғысын жасап, сосын кіріспей ме іске? Министрлік көшіп кетеді ғой дедің бе? Ахметовке... барып та қойдың ба? Қап... Бұлдіргеніңді-ай! Ол сорлы солай енді. Жә, әлі де кеш емес. Тек тезірек жет. Таксиге отыр. Көп болса, тиын-тебенін келгесін өзім төлермін. Ешқайда бұрылма. Тура үйге кел. Даусымды естіді ғой, сол да жарар деп, тағы бір жаққа тайып кетіп жүрме, сен сығыр!

Сол баяғы Ержанов! Елпілдей сөйлеп, лекілдей күледі. Бүгін құлағының құрышын қандыратын шығар әбден. Жер-жаһанның хабарын естиді. Президент Фордтың үйінде дәл қазір кімдердің қонақта отырғанын білмесе білмес, қалғанының бәрінен хабардар. Араласпайтыны жоқ. Абитуриенттен бастап, министрге дейінгі жұртпен түгел әмпейі. Сүйтіп жүріп, көрпесін тұйықтамайды, төңірегіне қайырымды.

Анада Қияндыға командировкаға келгенде, Сәрсеновтың үйінің табалдырығынан аттай бере, қарқылдап тұрып күлсін-ай кеп.

— Оу, шошқа-ау, мынауың не, үйіңді дәруіштің құжырасындай құлазытып қойғаның! Мына бір германи кебежелерің модадан шыққалы қашан! «Бирюса» дегендеріңді бүгінде студенттер сатып алып, сыра салып салқындатып ішеді. Әйтеуір, баяғыда бүкіл курс боп,

стипендияның шетінен жырып әперген солқылдақ темір керуеттің көзін аударыпсың. Оныңа да шүкір. Ал, орыстарының бастығы кім? Айттым ғой, атымен хабарсыз. Баягыда экзамен алатын машиналар ойлап табылғанын естіп, санынды шапалақтап қуанғаның жаман еді. Кәсіпшіліктерің автоматтандырылған шығар. Бәсе, кісіге үйірімі жоқ, бұл неме қайтып озаттар қатарына ілігіп жүр деп едім-ау. Шіркін, саған пионер жасын тоқсанға дейін созса қандай жақсы болар еді.

Командировкада жүріп-ақ Шараға соңғы сәндегі шет ел гарнитурын, жаңа тоңазытқыш пен парсы кілемін тауып беріп кетті.

Жүріп бара жатып:

— Сәрсеновтың жаңа әдісі, Сәрсеновтың жаңа ұсынысы деп газет-журналдың бетін бермегенде жақсысың. Қияндының Архимеді боп жүре бермей, ғылымға да аралас. Жиған-тергеніңді қолтықта да құдайдың көп командировкасының біреуін немденіп, астанаға соғып кет. Айдалада адасып жүрген таутайлақтай сен немені осы заманғы ғылымның бір шаңырақ артқан қара нарына айналдырып жіберейін,— деді.

Сол-ақ екен, Шара оң бүйірінен шаншудай қадалып алсын.

— Құрдастың анадағы айтқанын қашан істейсің?

— Тоқта, осы тоқсанның жоспарынан аман-есен құтылып алайық.

Бұл да біраз сөзбұйдаға салып көріп еді, шаршайтын Шара ма?

— Әй, дөйқара, тоқсандық жоспар, жылдық жоспар деп жүргенде өміріңнің қалай өтіп кеткенін білмей де қаласың. Командировка сұрап жүруді ынғайсыз көрсең, заңды демалысыңның тұсында барып қайт. Кисловодскінің суы сен бір жыл бармағаннан тартылып қалмас,— деп кейуаналық айтты.

Ғалымдар қауымының алдын көруден бұ да тап оншa кет әрі емес еді. Өз салалары бойынша ғылми-техникалық журналдарда шыққан оншақты мақаласы мен жаткан-тұрған қолжазбаларын алып келген беті осы.

Анада облыс орталығында болған бір мәслихатта министрліктен барған Ахметов те әлгіндей ынғай танытқан-ды. Жаңа алдымен соған кірді.

Ахметов айдала кабинетінде жалғыз отыр екен:

Сұйық қасын керенау қағып:

— Ә, келіп те қалдың ба? — деді.

Бұл да көп күлбілтелеп жатпай шаруасын айтты.

Ахметов шаршап жүрген кісі сияқты. Қой көзін шыр айналдыра әжім торлап алыпты. «Қашан айтып болдасың»,— дегендей қалжырап отырып тыңдады. Бұл сөзін аяқтай бергенде оның оң шынтағындағы жылтырақ столда көгендеулі тұрған көп телефонның біреуі баж ете түсті.

Ахметов самарқау қалпы шырылдап жатқан көк телефонның мойнынан қылғындыра ұстады. Ар жағындағы гүжілдек дауыс әуелі сәлем-мәзірет жасады. Ахметов те амандасты. Енді әлгі гүжбан дауыс сампылдай жөнелді. Ахметовтың сұлқ жатқан керме қасының әуелі ұшы жыбыр етті. Сосын ортасы бір бұлк етті. Біраздан соң сүп-сүр маңдайынан әлде бір қара бүркіт қанатын қағып-қағып қалғандай болды. Бірақ кең маңдайда шарт түнеріп тұрған сол бір бұркақ дауыл әлі көздің маңына жайыла қойған жоқ. Шаралы қой көзін көлегейлеп тұрған ұзын кірпіктері сұлқ қалпы. Трубкадағы гүжілдек дауыс біраз балпылдап-балпылдап алды да, «ал енді не айтасың»,— дегендей бір сәт кідіріп қалды.

— Бізде енді бұдан басқа мүмкіндік болмай жатыр,—деді Ахметов сабырын шашпай.

Мына бір ауыз сөзден соң көкшіл телефон тіптен көгерендеп кетті. Аржағындағы гүрілдеген еркектің түкірігі трубкадан сыртқа шашырап бара жатқандай. Ахметов оны алақанымен басып алды да, тыңдай берді, тыңдай берді... Бір уақыттарда барып гүрілдек дауыс «қош» дегендей болды.

— Хош болыңыз,— деді Ахметов.

Аржақтағы телефон тұғырына барып сарт етті.

Ахметовтың қолындағы көкшіл трубка өз орнына сырғып түсті.

— Мұндай шаруаны алдын-ала хабарласып, ақылдасып алмас болмас па? — деді Ахметов енді бұған қарап.— Табан астында мен сізге не айта аламын. Ертең он бірде.— Жоқ, жоқ... он бірде қолым бос емес екен,— деді ол календардың бетін ақтарып жатып.— Түс қайта сағат үште келіңіз. Ойласып көрейік.

— Хош болыңыз.

— Хош болыңыз.

Есіктен шыға беріп артына қарап еді. Ахметов табалдырықтың астынан тасбақа шығып келе жатқандай тесіле қалыпты.

«Енді Ержановқа телефон соққан дұрыс болар» — деп түйген ішінен сонда Сәрсенов.

Сау болғыр, такси де оңынан орала қойды.

Сыптығырдай қара мұрт жігітке баратын жерін айтып еді, отырыңыз дегендей нек қақты.

Бір кезде оқыған Алматысы тез өзгеріп кеткен. Әр жер-әр жерден ғана көзіне шоқтай басылып таныс үйлер ұшырасады. Жердің астына шұбырып кіріп бара жатқан бір жұрт, жердің астынан шұбырып шығып жатқан бір жұрт... Көше-көшені шет елдік туристер қаптап кеткен бе қалай? Машина бір бұрышта светофорға кідіріп еді, қапталда тротуарда айғыр топ бой жұп жазбай кетіп бара жатқан дударбастардың аузынан «Қайрат» деген сөзді естіп қап, қайран қап, құлағын тосты. Қақ ортасындағы нартайлақтай ұзын біреуі:

— Сол қызынды ұрайынның аяғы қисық білем, тепкен добы қақпаға кірудің орнына капталдан шығады,— деп футболшылардың біреуін кәдуілгі айналайын ана тілімізде батпандай қып сыбап салғаны.

Сәрсеновтің неге екені белгісіз, іші жылып қоя берді.

— Шетелдіктер екен десем, өзіміздің қара домалақтар ғой,— деп ішінен міңгірлей беріп еді: «Иә, оныңыз рас»,— дегендей әлгі нартайлақ жігіттің мықынын сабап бара жатқан мөлт қара транзистор:

Жусаны мен, жуасы
Жұпар атқан, ауылым,—

деп әндетіп коя берді. Көкшіл «Волга» қайқаң етіп, бір көшеге бұрылды. Қапталдан теңіз төріндегі кемедей ұзын-шуақ ақ шаңқан үй жарқ етті. Көш құлаш лоджиялар. Көлдей терезелер. Қиыннан қиыстырған оюөрнек. Соның бәріне аузын ашып қалған Сәрсенов машинаның тоқтағанын да аңғармапты. Қолына алдымен іліккен сарықұлақты шоферге ұстата сап, шығумен болды. Ержановтың үйінің емен есігіне тұмсық тірей бере қызыл шоқ кнопкаға бармағын батырып еді, әлдебір әдемі тоты құстың шықылықтағанына салып копырау сыңғырлады. Сол-ақ екен Ержановтың әрдайым асып-төгіліп жататын лақылдақ күлкісі естілді.

— Мә, сабазың...

Әуелі қолдасып тұрып, жұлқыласып алды. Сосын бірін-бірі қапсыра құшақтан сілкіп-сілкіп қойысты. Енді біреуінің кеудесін бірі төмпештеп жұдырықтасқалы жатқанда үстіне лимон түстес ойық жаға көйлек киіп, алдына алжапқыш байлаған қызыл шырайлы келіншек кастарына кеп, буған жұп-жұмыр тамағын тосты. Сәр-

сенов капелімде ыңғайсызданып қалды. Келіншектің ақ сүйрік саусағына ернін апара беріп еді, әйелінің сылқылдақ күлкісіне Ержановтың лекілдек күлкісі қосылды. Ақ борықтай ақ жарқын келіншектің тамағынан сүюге тура келді. Сылқылдақ келіншек сыңғырай күліп мәз болды. Тілінің ұшымен ғана тәттілеп сөйлеп:

— Е, бәсе,— деді.

Үшеуі балабақшадағы бөбектердей қол ұстасып оң жақ қолдағы бөлмеге беттеді. Кең бөлменің терезеден басқа жері кітаптан көрінбейді. Ортадағы айлатпа жазу столының алдындағы қос креслоға бұл екеуін жайғастырып:

— Мен кухняға барайын,— деп ақ келіншек шығып кетті. Шығып бара жатып әлденеге күйеуінің желкесінен нұқып кетті. Оған Ержанов қаладай ірі ақ тістерін ақситып бір күліп қойды. Сосын бұның бетіне тесіле қарап алды да, тағы да үнсіз тісін ақситты. Бұ да амалсыз күлімсіреген болды.

— Сен мақтап жүреді екенсің,— деді Ержанов.— Осы қазір бізге Дәулетов келетін еді.

— Ау, ол қайдан жүр? — деп, Сәрсенов те елең етті.

— Жоқ, жоқ, ол емес. Бізбен бірге оқыған Дәулетов Қызылқұмның бір жерінде су іздеп жүр деп есіттім. Ана жылы барғанда соға алмай кеттім. Бұл кәдімгі атақты Дәулетов. Газеттерден көрмедің бе, биыл академиктікке ұсынылып отыр ғой.

— Апырай, онда ретсіз болды-ау... Мана неге айтпадың? Ержанов тағы да екі тізесін сарт еткізіп, отыз екі тісін түгел ақситып, үн шығармай, селк-селк күлді.

— Жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан деген... Қайта мұнан артық не реті керек!

Сол-ақ екен, есіктегі қоңырау әндетіп қоя берді. Ержанов астындағы сәнді креслоны лық кейін серпіп орнынан атып тұрды. Коридордан қаукылдаскан даусестар естілді. Кухня жақтан сылаңдап Ержановтың келіншегі көрінді. Бөлмеде бұғып жалғыз отырып қалудың ретін таба алмай, Сәрсенов те коридорға шықты.

Ол Ержанов пен әйелі елбек қаққан екі еркектің қайсысы Дәулетов екенін ажырата алмады. Орта бойлы қою касты дөңес мұрын адам толықтығына қарамастан епілдек. Ержановтың әйелінің бұғағынан сүйіп, мәзмейрам. Ұзын бойлы, кең мандайлы, қыр мұрынды сәтін көзілдіріктің кісі арықтығына қарамастан пақ. Алдында сылқ-сылқ күліп тұрған әдемі келіншектің сүйір

саусағын қолының ұшымен ғана сипай көтеріп, ерніне әзер тигізді. Екеуіне еріп келген қара торы әйел жымия күліп тұр. Ержанов дедектеп үш қонақтың кіімдерін киім ілгішке тасып жүр. Ақ борық келіншек алға түсіп қонақтарды кабинетке бастады.

— Танысып қойыңыз — Ораз. Мараттың бірге оқыған жолдасы.

Үшеуі де мұнымен елпілдей амандасты. Алтын көзілдірікті мен қараторы әйел кабинетке кірді. Орта бойлы Ержановтың келіншегінің білегінен мытып ұстап:

— Бір әдемі ніс мұрын жарып барады, барып көзіммен көргенше тағат таба алар емеспін,— деп кухняға беттеді.

— Иә, біздің Әлекең қазан үстінен бірдене ауыз тимесе, көңілі көншімейді,— деп алтын көзілдірікті бір жимиып қойды. Бір уақытта орта бойлы еркек ұрты бұлтылдап кабинетке қайта оралды. Сосын кітап толы қабырғаларды ала көзімен бір сүзіп шықты да:

— Қарашы, біздің Мәкеңдердің де таппайтыны жоқ-ау,— деп шалқалай күлді.— Баяғыда ата-бабамыз жақсы көретін қонағының бұйымтайын келген бойда сұра, жаман көретін қонағының бұйымын кетерде сұра деген. Мәке, біз екеуміздің бір-бірімізге көңіліміз қалған жері жоқ қой. Ендеше, мен бұйымымды осы күннен айтып қояйын. Соңыра анау Штеменконды ұмыттырма.

Ержанов бұл жолы тістерін ақситқанмен даусын шығарып лекілдей күлді. Алтын көзілдірікті тағы да езу тартты.

Ақ боғық келіншек кеп дастарқанға шақырды. Жұрт қақ төрдегі абажа қонақжайға беттеді.

— Апыр-ай біздің Алмашканың дастарқаны кішігірім қалаға бір жыл азық болғандай екен,— деді етженді еркек, табалдырықтан аттай бере таң-тамаша қап. Қасындағы алтын көзілдірікті үнсіз бір жымиып қойды. Столдың төр жақ басындағы жалғыз орындыққа әлгі орта бойлы дөң мұрын еркек қоярда қоймай жүріп алтын көзілдіріктіні отырғызды. Оның төр жақ қапталына қараторы әйел жайғасты, ал есік жақ, қапталы «алыстан келген қонақ» Сәрсеновке тиді. Бұдан төмен столдың екінші басындағы ақ борық келіншекпен екі ортаны, әрине, Ержанов иемденді. Ал столдың басындағы алты орындықты әркімге рет-ретімен — «жіліктеп» беріп жүрген елпектеген етженді еркек ақ борық келіншек пен қараша әйелдің арасында, Ержановтың дәл қарсысында бос тұрған орындыққа барып отырды.

— Апырау, шыққыр көзім не көріп тұр-ай! Бұл кезде ресторандардан да іздеп таппайтын мынау жарықтық қара уылдырық пен қызыл балықты тек осы үйден ғана кезіктіресің. Шамасы, мына Қияндыдан келген қонақтың қоржынынан шықты-ау бұл!— деді ол бекіреңіп бір кесекенін караша әйелдің тарелкасына салып жатып.

Сәрсенов кипақтай бастап еді, Ержанов санынан басып қойды.

— Иә, құдайға шүкір, Қияндыда достарымыздың бары рас,— деді ақ борық келіншек, тілінің ұшынан тәттілеп сөйлеп, ақсия жымиып.

— Ал, Алмашқа, Мәкең қарсы болмаса, мен осы дастарқанның билігін өз қолыма алсам деп отырмын. Кім мақұл көрсе, қолдарын көтерсін,— деді әлгі Әлекең дейтін етженді еркек. Қараша әйелден басқасы жапа-тармағай қолдарын көтерді.

— Ал, кім қарсы?

Ешкім қолдарын көтерген жоқ.

— Кім қалыс қалды?

Қараша әйел қолын көтерді.

— Жәмила ханымның қалыс қалатынын өзім де білгем. Ендеше, кәпір тоқ болса, мұсылман тыныш болады деген, сөзді сол қалыс қалған Жәмила ханымның өзіне берем.

Жұрт ду күлді. Сәрсенов те күлді.

Жәмила ханым орнынан тұрды. Үстіндегі жылтыр шатыра көйлегінің омырауын түзеп қойды. Қолымен дударланып тұрған еркек жал «шала бурыл» шашын бір сипап алды. Сосын баданадай ірі ақшыл тістерін бір жарқ еткізіп күліп жіберді. Қолындағы оймақтай хрусталь рюмкадағы күрең коньякты лағылдай жарқыратып төбедегі люстраның астына апарып тосты.

— Мен, конечно, Әлекендей оратор емеспін. Менің айтатыным — бұл үйдің шамы бұдан да жарық болсын!

— Браво, браво! — деді Әлекең.

— Жақсы айттыңыз! — деді алтын көзілдірік.

— Рахмет! — деді ақ борық келіншек.

— Жәмила ханым сөйлесе осылай сөйлейді ғой,— деді Ержанов астындағы орындықты сықырлата бір иіліп қойып.

Сәрсенов жұртпен бірге орнынан тұрып рюмка қағыстырды. Содан кейін-ақ орта бойлы етженді еркек дастарқанның билігін ұршықтай үйірді. Стол басындағылардың әрқайсысының денсаулығына жеке-жеке тост көтерді. Ешкімді құр тастаған жоқ, қарық қылды. Ма-

йын тамызып майдалай жөнелгенде көктегі жалғыз тәңірінің өзінен өрі болмасам, бері емес екем деп қалатындайсың. Бірінші рет көріп отырса да, Сәрсеновты да біраз жерге апарып тастады. Туғалы естімеген тәтті сөздердің талайын естіді. Бәріне қошамет айтып, шеттерінен көкіректерін аяққаптай қып, көңілдерін көтеріп шыққан соң жұрттың өзіне сөз бере бастады. Алдымен әлгі Жәкең деген алтын көзілдірікті орнынан көтерілді. Әлекеңнің даусы қолдан істелген қара домбырадай күмпіп шығатын еді, мынау сырбаз қонақтың даусы дүкеннің домбырасындай шіңкілдектеу екен. Әр сөзін таразыға тартып тұрғандай асықпай сөйлейді. Тамададай елпілдете жөнелмей, әңгімені ту қияннан бастады. Адам ата мен Хауа ананың алғаш рет күнаға бататын сәтінен сәл бері́ден басталған әңгіме дүниенің төрт бұрышын түгел шырлап жүріп біздің тұсымызға да жетті. Мамырдың кешіндей тыныш та жайлы жайсаң дәуірімізге толығынан тоқталып өтті. Дастарқан басындағы кішкене шоғырдың құлағын бір-бір елеңдетіп, мемлекетіміздің басшыларының, республикамыздың басшыларының, облыс пен қала басшыларының есімдерін атап кетті. Сосын алыстан ат артып келе жатқан жолсоқты әңгіме ақыр аяғында Әлекеңнің тамадалық тамаша өнеріне, Алма қарындастың ежелден мәшһүр аспаздық қасиетіне, Мәкеңнің (Ержановтың) жақсы азаматтығына, еңбеккорлығына, жолдастықтың үрдісін жетік білетіндігіне кеп бір бас тіреп: «Ауыз бірлік үшін, татулық үшін ішелік!» — деп аяқтады.

Жұрт алтын көзілдіріктің ұзын-сонар әңгімесінің ақыры бір біткеніне қуанды ма, жоқ әлі айтқандары жандарына жағып кетті ме, орындарынан атып-атып тұрды. Манадан бері стол үстінде мөлтеңдеп тыныш тұрған рюмкалар аяқ астынан күлімдеп қоя берді. Ішіндегі баданадай-баданадай күрең лағылдар отырғандардың көмейіне бір-бір сүңгіп жоғалды.

Алтын көзілдіріктінің сөзі түрткі болды ма, әлде ақ борық келіншек әзірлеген көп тарелкалардағы әр алуан тағамдардан бір-бір ауыз тиіп жүріп, іштеріне ел қондырып алды ма, жұрт әңгімеге кірісті.

Сәрсеновтер Қияндыда жүргенде мұндай отырмақтарда бір-бірінен тоқсандық жоспардың орындалу барысын, не тың облыстардағы ауа райын сұрастырар еді, уақыт қалып жатса, Синай түбегі ауданындағы саяси ахуалға аз-мұз аялдап, әңгіме соңында ойын кестесінің кеуде тұсынан аяқ жаққа бір-ақ сырғыған «қасиетсіз

«Қайраттың» сыбағасын бір беріп, карта жеткендері төпелтек журнал столының төңірегіне жайғасып, карта жетпей қалған «джентельмендеу» жағы кітап шкафынан. «Қазақ әндерінің» үш кітабын тауып ап, пианино тұрған жаққа карай көшіп қонған «ханымдар» қауымына барып қосылар еді. Олар ендігі не «Арыстың бойында танысып», не «Баянның май гүліндей» әсем қыздарымен күлімдесіп, не «бармағалы көп болған» Ақ Жайыққа карай көшіп бара жатар еді.

Ал мына дастарқанның басындағылар әлі еру әңгімемен отыр. Әлекең кеше шаруасы шығып бір үлкен мекемеге барғанда сондағы емен есіктерді жағалап жүрген бір «сұмпайыны» көргенін айтты. Мұны көзі шалып қап, теріс айналып кетіпті. Бұл оның күдірейген желкесін көріп-ақ әлгінде ғана мекеме басшысына не айтып шыққанын аңғара қойыпты. Басшы да бұл барғанда бір жымиып қойды дейді, шамасы әлгі «сұмпайының» сөздері есіне түссе керек. «Апырай-ай, бұ қазақ осынысын қашан қояды!» — деп қыстырылды Ержанов, құдды бір өзі Өзбекстанда отырғандай. «Әй, қайдам... Шамалыда қояр дейсің бе. Құдай да қызық-ау, басқалардың басымен қолын жарылқағанда, біздің қазақтың көзі мен сөзін жарылғапты ғой»,— деді Әлекең майы туырылған семіз қазының бір кескенін өз тарелкасына қарай секіртіп жатып.

Манадан бері жымиып отырған алтын көзілдірік әңгімеге енді араласты: «Оған қазақ кінәлі емес, тарих кінәлі»,—деді ол. Сосын жақында тойы өткізілген әл Фарабиді, Отырардың Александрия кітапханасынан кейінгі ең үлкен кітапханасын, сұлтан Бейбарсты, Шоқан Уәлиханов Петербургте жүргенде таныс болды-мыс ақ сүйек әйелдерді әңгімелеп кетті. Бұрын Сәрсеновтың құлағына шалына қоймаған көптеген араби, фарси, французи, орыси, скифи, гунн, турки, маңғұли, қазақи фамилияларды көзінен тізіп шықты.

Алтын көзілдіріктің әңгімесінің созылыңқырап бара жатқанын байқағандай, манадан бері тып-тыныш астыңғы үй дүбірлетіп коя берді.

Ән салайық, ән билейік, ән билейік,
Шарықтасын шаттық үндер, шаттық үндер!
Хи-ах, хи-ах, хи-ах!..

— Астымызда институтта істейтін жігіт тұрушы еді. Олар да қонақ шақырған ғой,— деді Ержанов.

Дүңкілдеген дігірлеген дыбыстардан тарс оянғандай Әлекең:

— Ал, мына рюмкалар қаңтарылып қалыпты. Сөзді енді қонақ жігітке берейік! — деді.

Сәрсеновтың үйреншікті екі тосты болатын, оның бірі: «Ал, осы үйдің балаларының амандығына алып қоялық!»,— тұғын да, екіншісі: «Осы дастарқанның басында отырған әйел жолдастардың денсаулығы үшін ішіп қоялық!» — еді.

Бүгін аузына екіншісі түсті. Өйткені бұл үйге келгелі бала даусын естімеген.

— Міне, джентельмен! — деді қараша әйел.

— Біз Сәрсенов екеуміз Жәмила ханымның жақын арада академиктің жұбайы болуы үшін ішеміз! — деді Ержанов бұның әрі-сәрі тостының әрін келтіріңкіреп.

Астыңғы үйде дүңкілдеген әнге дүсірлеген аяқ дыбысы қосылды.

— Ал, енді темекі тартатынымыз темекі шегіп дегендей, аз-маз үзіліс жасасақ қайтеді,— деді Әлекең.

Жұрт орындарынан көтерілді. Ержанов алға түсіп, кабинеттің шамын жақты. Қос қабырғаға сіресіп тұрған көп кітапты көзімен сүзіп тұр. «Қазақ энциклопедиясының» түбі жалтырағаң қалың томын алып, ар жағынан бір қорап карта суырды.

Әлекең сусылдақ карта қағаздарын алақанына жайып, тағы да таңдай қақты.

— Қойсайшы, бұл Мәкеңнің таппайтыны жоқ.

— Анада бір артист жолдасымыз Парижден әкелді.

— Бәсе, бәсе!

Ержанов қасына Алтын көзілдірік пен қараша әйелді алып, картаға отырды.

— Ау, қонақ жігіттің қолын көрмейміз бе,— деді қараша әйел қолындағы сигаретінің күлі мен көзіне түсе берген дудар шашын бірдей сілкіп қойып.

— Мен білетін Сәрсенов геологиялық карта мен саяси картадан басқа карта білмейді. Қарға тап десең, қолына мылтығын алып, сыртқа жүгіреді,— деді Ержанов.

Алтын көзілдірік пен қараша әйел тістерін ақситып үнсіз күліп қойды.

— Ендеше біз Орекең екеуміз жағдай сұраса отырайық,— деді Әлекең оны диванға қарай жетелеп.

Әлекең жұмсақ диванға шалқалай құлап, Сәрсеновтың жағдайын сұрастыра бастады. Сәрсенов сәл дағдарып қалды да, артынша қысқалау қайырып келген шаруасын айтты.

— Дұрыс, дұрыс... Бұл ойнызды бұрын-сонды біреуге айтып па едіңіз...

— Өткен жылы Ахметов жолдас біздің облыска келгенде өзі айтып еді...

— Мында келген соң соқтыңыз ба оған.

Сәрсенов мана күндіз Ахметовтың қабылдауында болғанын баяндады. Әлекеннің не оны, не Ахметовты мүсіркеп отырғаны белгісіз, езуіне бір күмілжі күлкі оралды. Сосын ол бұдан болашақ жұмысының ұзын-ырғасын сұрастыра бастады. Сәрсенов әлі қағазға түспесе де, көптен көңілінде жүрген пайымдауларын барынша тұжырымды баяндай жөнелді. Әлекең әлсін-әлсін басын изеп қояды. Сәрсенов одан сайын бажайлай түседі. Тіпті қазір кейбір лауазымды мамандардың айтып жүрген қорытындыларына келісе алмайтын жерлерін де ақтарып салды. Әлекең мүлгіп қалған .Тізесін құшақтап ап үнсіз тыңдап отыр.

Сәрсенов әңгімесін әрі қарай жалғай түсті.

— Қап, баяғыдан-ақ осылай істеуің керек еді ғой,— деді кенет Әлекең.

— Меніңше, әлі де кеш емес сияқты,— деді Сәрсенов Әлекеннің бетіне қарап. Әлекеннің назары карта ойнап отырғандарда. Сәрсеновтың мына сөзін ести сала, жүзін енді оған бұрды.

— Жоқ, сіз дұрыс айтасыз.

Сәрсенов мүдіріп қалды. Әлекең сәл күлімсіреген қалпы орнынан көтерілді.

— Сіздің жұмысыңыздан менің аңғаруымша іс шығаруға болатын сияқты.

Қалтасынан сигарет алып, есікке беттеді. Сәрсенов оған ере тұрудың, әлде осылай отыра берудің ретін таба алмай, кітап шкафының үстінде тұрған альбомды ұстап, диванға қайта жайғасты. Алғашқы бетті ашып қалып еді — басына ақ бантик байлаған дөңгелек жүзді кішкене қыз тесірейе қарады. Екінші бетте сол дөңгелек жүз кішкене қыз күлімсіреп тұр. Әр бет аударылып түскен сайын дөңгелек жүз қыз бойжете берді. Мына бір суретте бір топ баланың ортасында тұр. Кластастары болса керек. Содан былай дөңгелек жүз қыз көзі жайнаңдаған сұлу бикешке айналды. Енді оның бір өзі түскен суреттен гөрі біреулермен түскен суреті көбейіп барады. Мына бір алтын көзілдірікті әйел — шешесіне келіңкірейді. Аққұба, қыр мұрынды. Шамасы, мына карта ойнап отырған алтын көзілдірік осы апайдың інісі сияқты. Ойлағанындай келесі беттегі суретте бойжеткен

әлгі алтын көзілдірікті апай мен алтын көзілдірікті жігіттің ортасында тұр. Ендігі суреттердің көпшілігінде — бойжеткеннің қасында бір өңкей өзі қатар жігіттер көбейе түсті. Шалқасынан қайырған, бір шекесіне қайырған, жылмитып тараған жылтыр шаштылар, уда-дула бұйра шаштылар бірте-бірте делиме қалпақтыларға, құндыз бөрік, елтірі бөріктілерге алмасты. Дөңгелек жүзді бойжеткен біресе шаңғы теуіп жүрсе, біресе гүл жарған алма ағаш бұтақтарының арасынан сығалап тұрады. Суреттен суретке көшкен сайын қасындағы жігіттер өзгеріп кетеді. Міне, бір жерден сып етіп Ержанов та шыға келді. Кең маңдай, дөң мұрын, қара мұрт, қалқан құлақ қара жігіттің көзінде бір ішіндегіні ішпей-жемей біліп тұрған қуақы ұшқын ойнайды. Иығына басын сүйеп үзіле қалған дөңгелек жүзді бойжеткеннің нә сөзінен, нә мінезінен ерсі бірдене аңғарып қалғандай мінеп күлімсірейді. Осы бір сынай қарайтын сырбаз адамдарға тән жымысқы күлкі оның жүзінен көпке дейін арылмапты. Сөйтіп жүргенде дөңгелек жүзді бойжеткен өне бойы жұп-жұмыр сұлу келіншекке айналыпты. Сұлу келіншектің күлкісі баяғы дөңгелек жүзді бойжеткеннің күлкісінен гөрі өзгерек. Оның шарасы мол нәркес көзінде лып еткен қуаныш ұшқынының орнын төңірегіне сынай қарайтын сырбаз нұр жайлапты. Бірте-бірте әлгі қалқан құлақ жігіттің көзіндегі қуақы жылт келіншектің көзіне көшіп қонғандай. Ал, бір кездегі қалақтай қараша жігіттің бет сүйегіндегі барша оян етке толып, қалқан құлағы кішірейіп кеткен. Жылдан-жылға көшкен құмақтай жайыла түскен ержігіттің көзін де бірте-бірте көме түсіпті. Сол біржолата көміліп қалуға айналған сығырық көздерден бір кездегі міней қарайтын жымысқы күлкі мүлдем жоғалыпты. Оның орнын әуелі мәзмәйрам күлкі иемденіпті, енді о да өшіп, төңірегімен де, кең дүниемен де шаруасы жоқ бір марғау күлкі орнығыпты.

Сәрсенов басын көтеріп Ержанов жаққа көз қиығын тастап еді, шарадай беті манаурай балбырап, қолындағы карта қағаздарына салынған суреттерді қызықтап отырғандай, шалқақ креслода шалжиып жатыр.

Оның бет әлпетіндегі осы бір өзгерісті аңғарып қойғандай қасындағы дөңгелек жүзді ақ борық келіншек жымиып күліп тұр.

Суреттегі сұлу келіншек былайғы дүниемен шаруасы жоқ, қасындағы өз-өзінен компия қалған даланбай еркекті іштей табалап тұрғандай.

Сәрсенов келесі бетті ашты. Енді бұл альбомға іліккен адамдардың аяқ-қолы ауырлай түскендей. Алдыңғы жақтағы ақсия күлетін жас жігіттер мен қыз-келіншектердің орнын салихалы ағайлар мен жеңгейлер немденіпті. Олардың кейбіреуі бір-ақ көрініп, ілезде жоғалып жатса, кейбіреулері қайта-қайта ұшырасып, біржола орын теуіпті. Солардың бірі — жаңағы Әлекең екен. Әуелі — Әлекеңнің үйі болса керек, бір суретте өншең бір инабатты адамдар самсай қалыпты. Солардың тұсыртында, артқы қатарда өздерінен гөрі жасырақ жігіт-желең арасында, Ержанов пен ақ борық келіншек жылтыңдайды. Біразға дейін олар сол артқы қатардың арасында жүріпті. Ендігі суреттерде әлгі ығы-жығы адам бірте-бірте азая бастапты. Адам азайған сайын бұлар алдыңғы қатарға жылжи бастапты. Ең алдыңғы қатарға ең алдымен ақ борық келіншек ілігіпті. Ол әуелі Әлекеңнің оң жағындағы Жәмила ханымның оң қапталын иненшектей немденіпті де, көп ұзамай Әлекеңнің сол қапталынан бір-ақ шығыпты. Ал, Ержанов болса ылғи екінші қатарда ақсия күліп тұратын Алтын көзілдіріктің қасынан біржола орын тепкен түрі бар. Мына бір суретке тек бесеуі ғана түсіпті. Шамасы, аң аулай барса керек, үстерінде сыптыма ықғайлы киім. Жақпар тастан атқылай құлаған тау бұлағына таласа ұмтылған Жәмила ханым, Әлекең, ақ борық келіншекке анадайда Алтын көзілдірік пен Ержанов мәз боп тұр. Бәрі бір нәрсеге күліп тұрғанмен бесеуінің күлкісі бес ықғай. Алтын көзілдірік қанша көрсең де ақшыл тістерін ақситып аузын ашып тұрғаны. Әлекең мен ақ борық келіншектің жүздеріне бір жылт-жылт еткен ойнақы ұшқын ұялапты. Ал, еркек жалқараша әйел Жәмила ханым мен кең маңдай, дөң мұрын, қара мұрт Ержанов мынау мәз-мейрам дархан тіршіліктің буына елтігендей бейқам күлімдейді.

Жиегіне алтын шайған әдемі альбом осы араға көп таусылды.

Қарташылардың сол баяғы орталарындағы алақандай ақ қағаздың бетінде бірте-бірте молая түскен қоянның жымындай бықынаған цифрға үңілген қалыптары.

Сәрсеновтың тамағы құрғап кетті. Су ішейін деп, қонақжайға беттей берді де, ішінде ешкім жоқ болғасын, жаңғыз өзі дастарқан төңірегінде тұртіншектеп жүруге ынғайсызданып, кухняға бұрылды.

Бас сұғып қалып еді, шамын күңгірт жаққан тар бөлменің ішінде дөңкиіп қарауытып тұрған әлдеге бір

капталға қарай ыршып кеткендей болды, аржағынан бірдене бозарандады. Ақ борық келіншек сусып түсіп кеткен самай шашын түзей бастады.

Сәрсенов есікті тықырсыз жауып, кабинетке ұмтылды.

Көп ұзамай Әлекеңнің өзі көрінді. Қаракүреңітіп алған екен. Сәрсенов жаққа жүзін бұрмай, карташылардың қасына барды. Қараша әйелдің қағаздарына үңіліп үнсіз тұр.

Біраздан соң ақ борық келіншек бас сұғып, жұртты дастарқанға шақырды.

Бұл жолы манағыдай әңгіме-дүкен болған жоқ. Тамада да қайта-қайта тұра бермей, отырып басқарды. Оның қабағына ойда жоқта жүгірген тосын кірбінді ең алдымен Ержанов байқаса керек. Алдыңғы отырыста тапжылмап еді, бұл жолы Әлекеңнің қасына қайта-қайта барғыштай берді. Тосты да Әлекеннің денсаулығына деп көтерді. Ал, ақ борықтай Алма келіншек Сәрсенов жаққа көз салмауға тырысып, Жәмила ханымның құрметіне тост алды.

Зайыбының қабағына кірбің кіріп, жұрт елпегі көбейген сайын қараша әйел маңғаздана түсті. Тек Алтын көзілдірік қана сол баяғы аксия күлімсіреген қалпы.

Үй иесі келіншек бар өнерін салып әзірлеген тәтті шай алас-құпас ішілді. Әлекең қайта-қайта орнынан тұрып, кабинетке барып, біреулерге телефон соқты.

Кей-кейде даусы катты шығып кетеді.

— Жә, болды енді!

Сәрсенов Әлекеңнің әлгі бір даусын бұрын да бір жерде естіген сияқты. Бірақ есіне анық түсіре алмады.

Ержановтардың есігінен түтеп шыққан Әлекең әр саты төмендеген сайын сабасына түсіп, аяғын нығыздай басты. Ол нығыздана түскен сайын Ержанов байғұстың етженді денесі ұршықтай үйіріліп, аяқ-қолы жеңілейіп сала берді. Біресе алға түсіп, біресе артқа қалып құрақ ұшып жүр. Бұлар сыртқа шыға бергенде, подъезд аузында темекі тартып тұрған бес-алты жігіт ұшырасты. Бұларды көріп жым бола қалды. Манағы дауылдасып жатқан астынғы үйдің қонақтары болса керек, ығысып жол берді. Бұлар өтіп кеткен соң біреуі:

— Мынау Дәулетов қой! — деді.

Сол-ақ екен, Ержанов алда кетіп бара жатқан Әлекеңді куып жетіп қатарласты. Ауладан шыққанша маңғазданып қатар бара жатты да, бұрыштан айналған соң, қайтадан мәймеңдеп алға түсті. Көшеде күтіп тұр-

ған сала құлаш қара машинаның артқы есігін ашып, Жәмила ханым мен Әлекенді жайғастырды.

— Ал, Мәке, көп-көп рахмет! — деді ерлі-зайыпты Дәулетовтер жарыса сөйлеп.

Есікті жаба беріп Әлекең:

— Қонақ жігіт, сіз де сау тұрыңыз. Кеткенше хабарласарсыз, ақылдасып көрейік,— деді Сәрсеновке.

Алтын көзілдірік ақсия күлген қалпы бұл екеуінің қолын қайта-қайта қысып, шофердің қасына барып отырды.

— Ал, хош... Кеттік! — деді Әлекең шоферге ығыздай бұйырып.

Сәрсенов енді аңғарды — күндіз Ахметовтың кеңсесінде трубкадан естіген даусы Дәулетовтың даусына қатты ұқсайды екен.

Қара машина сырғанай жөнелді. Қаудырлақ сарғыш жапырақ қалбалақтай ұшып жатқан құж-құж терек түбінде курстас екі дос ол көзден ұзағанша үнсіз тұрып қалды. Машина барып-барып бір жақ қызыл шамын жарқ еткізіп көше айналып кетті.

Ержанов енді бұған қарады.

— Әлгі Әлекеңе абайсыз бірдеңе айтып қойған жоқсың ба, қабағы бірден түсіп кетті ғой,— деді.

— Жоқ, аузымнан ондай ештеңе шықпаған сияқты.

— Ендеше жолым болды дей бер. Дәулетовтың «көрермізі» басқалардың «боладысынан» артық. Әлгі академияның сайлауы жүйкесіне тиіп жүрген шығар. Әйтпесе, бұрын бұндайы жоқ еді,— деп Ержанов өз сөзіне өзі иланбай тұрғандай кібіртіктей сөйледі.— Өте бір керек адам. Мұндай кісілердің жүзін тани жүргеннен көретін зияның жоқ.

Сосын ырсиып мұның бетіне бір қарап қойды. Сәрсеновке ол баяғы қалқан құлақ студент кезіндегідей боп көрініп кетті. Жоқ-жітіктеу өсіп, әскерден қайтқан бетінде оқуға түскен арық қара жігіт театрға бір киіп баруға бет-жүздік киімінді сұрай келгенде дәл осылай елпілдей қалушы еді. Вахтердан бастап ректорға дейінгі жұрттың бәріне де оңқай асықтай үйіріліп тұратын Ержановты күллі институт жақсы көретін. Ылғи старосталыққа сол сайланатын. Ол курстарының ешқайсысын стипендиясыз, жатақханасыз қалдырмауға жан салып бағушы еді.

Дәл сол баяғысындай үйірсек, дәл сол баяғысындай қайырымды Ержановты енді, міне, Сәрсенов бүгін, неге екені белгісіз бір түрлі аяп келеді.

Сәл лүп еткен желден сар жапырақ саулап түсіп жатыр. Ержанов аузын әр ашқан сайын досының бетіне бір қарап қояды. Екеуі аулаға кірді. Подъезд аузындағы темекіші жігіттер әлі тұр екен, бұларды көріп, қайтадан жым болысты. Әлгінде ғана құрақ ұшып келе жатқан Ержанов кенет аяғына қорғасын байлап қойғандай, салмақты бола қалды. Темекіші жігіттерге тұстарынан өтіп бара жатып, көзінің қиығын ғана тастап, пәндана қарап қойды. Бұлар подъезге кіріп кеткен бойда, сыртта қалғандар пыш-пыштай бастады.

Екінші қабатқа көтерілгенде барып, Ержановтың жүзіне қайтадан жайдары күлкі жүгірді. Артта келе жатқан Сәрсенов оған әуелі аң-таң болды. Сосын оның жүзіне де манағы бір суреттегі ақ борық келіншектің езуіндегі мүсіркегені де, әжуалағаны да түсініксіз жымысқы күлкі жүгірді. «Қазір портфелімді алып мейманханаға қайтайын, ертең сағат үште Ахметовке баруым керек қой»,— деп ойлады ол, аяқ астынан жарқылдай қалған досының мәз-мейрам жүзіне тіктеле қарап.

МІНЕ, КЕРЕМЕТ!

Әлгі бір арифметика оқулықтарында жазылатын еді ғой. Дәл сондай. Бір үлкен тораптық станцияға екі жақтан екі поезд келе жатты. Екеуі де аттары әлемге әйгілі екі үлкен қаланың арасына күнбе-күн қатынап тұратын ұшқыр поезд. Екеуінің де келе жатқан жылдамдығы бірдей. Екеуі де әлгі тораптық станцияға бір шамада барады. Екеуінің радиосы да қазір елімізде гастрольде жүрген шетелдік атақты джаз-оркестрінің концертін беріп жатты. Бүкіл планета түгел білетін белгілі сазға екі поездағы үлкен-кіші жаппай қосылып келеді. Жастар жаңы темір еденді добалдай бәтіңкелерімен дүрс-дүрс тепкілеп, «емін беріп бағуда». Әйелдер жағы нәзік танаулары лүп-лүп желбіретін ыңырсы әндетеді. Етженді еркектердің үрген доптай жуан қарындары да бүлкілдеп қояды. Екі поездың да вагон-ресторанға таяу орта тұсындағы бір кезде «халықаралық» деп дабырайтып аталатын, қазір, кейбір құжақтар «көшпелі казино» деп күлетін купелері екі орындық жұмсақ вагонында есікке жапсырылған көлдей айнаның алдында сақа жігіттерден «гөрі, ересектеу», «жігіт ағасыларынан» гөрі «баландау» жұмыр мойын қозы қарын екі ерлер электр ұстарамен

қырынып тұр. Екеуі де ойнақы әуенге елігіп, піскен помидордай томпақ ұрттарын қайта-қайта бұлтыңдата береді.

— Пам-пам, па-па-па... Күн кешегіден де ыстық білем,— дейді шығыстан батысқа қарай бара жатқан поездың жолаушысы.

— Там-там та-та-та... Құдайдың күні шыжын деп-ақ тұр екен,— дейді батыстан шығысқа қарай бара жатқан поездың жолаушысы.

Екеуі де қылтанақтан айырылып көктағанақтанып қалған тақыр иектеріне әуелі атақты болгар кремін жағып ысқылады, сосын құтыға құйған қияр суымен бетқолдарын, мойындарын сүртіп шықты. Осы бір сиқырлы қимылдардан әп-сәтте-ақ жасарып-жаңғырып қоя бергендей көрінген жылмағай беттерінде көздеріне түспей қалған безеу-мезеу жоқ па екен деп тінткілей қарады. Әйтеуір, қазекемнің дөгал шықшыт, дөңгелек жүз екі шара беті корольдың қабылдауына барса да, ешкім міні таға алмастай боп қапысыз ысқыланды, майланды, сылаңды-сипаңды. Сосын екеуі де өткен олимпиялық ойындарға қатысқан спортшыларға арнап тігілген пішімдегі еті мен ет сыптима көкшіл шалбардың үстіне қобажақтай үнді шытынан тігілген шытыра өрнекті жейдені желең іле салды. Екеуі де қазір станцияда сыртқа шығып «ауа жұтпақ». Егер базар жақын болса, осы кезде иісі бұркырап, бауырынан жарылып жататын әйгілі түстік қауынын алмақ. Поездар станция шетіне ілігіп те қалды. Терезеден шлагбаумды сүзе тоқтаған машиналар, арбалар, салт аттылар, есек мінгендер, велосипед мінгендер, мотоцикл мінгендер, жалауша көтеріп қаздиып-қаздиып тұрған стрелочниктер, жүкті составтар, бос составтар, су мұнарасы, үйлер жылт-жылт қалып жатыр.

Екеуі де ептелеген жұрттың алдымен де емес, соңынан да емес жуан ортасында перронға түсті. Екеуі де қарсы лап берген шелек-шелек жеміс, теңкиген-теңкиген қауын-қарбыз, ағаш, қалайы, шыны, пластмасса ыдыстармен айран, қымыз, шалап, қымыран көтерген қалың нөпірден зорға жылысып вокзал үйінің сыртындағы шаңдақ базарға беттеді.

Осы кезде пісетін «көк өніске» толып тұрған ұзын шуақ жаймаларды екеуі екі жақтан жағалап келеді. Екеуінің де жігіт боп қалған жалбыр балақ, дудар шаш балалары қапталдарына жалт-жалт қарап домаланып жатқан торғыл, сары қауындарға қайта-қайта жүгіріп барып:

— Папа, мынау қалай? — деп қояды.

Екеуінің әйелдері де еріндерін шүйіріп, қолдарын сілтейді.

Екі еркек тағатсыз балаларын арқадан қағып сабырға шақырады.

Екеуі ұзыншуақ жайманың дәл қақ ортасына жете бергенде бірін-бірі көздері шалып қалды.

— Оһо! — деді екеуі де қос қолдарын жоғары көтеріп.

— Міне, керемет! — деді құшақтарын жайып.

— Ал, халің қалай? — деді екеуі де, бірін-бірі күресетін адамдай айқара құшақтап ап, арқадан қағып жатып.

— Жақсы,— деп бір-біріне жарыса жауап бірді, енді қол алысып тұрып.

Екеуінің әйелі де әуелі қастарын керіп қайран қалысты. Сосын көздерін ұшқындатып, тістерін ақситып, наздана езу тартысты. Екі бала жігіт бұртиып, аш бүйірлерін таяна қапты.

Екі еркек езулері екі құлақтарында, бәйбішелерінің қастарына келді.

— Танысып қой, менің бірге оқыған жолдасым,— деді екеуі де уәделесіп қойғандай бір уақытта, бірін-бірі кеудеден нұқып.

Шаштарын төбелеріне қоқайтып сәндеп түйген «шөмеле» прическалы, жастарын паспорттарына ғана қарап ажыратуға болатын, өндері тая қоймаған қос келіншек тістерін ақситып қолдарын ұсынды.

Екі еркек тізелерін тіктеп, бастарын иіп, біреуінікі қоңыр, екіншісінікі аппақ — сүйрік саусақтарға еріндерін тигізді.

— Менің зайыбым,— деді екі еркек енді әйелдерін меңзеп.

Еркектер бас изесті. Әйелдер өздері қол алысып, аттарын атасты.

— Апырай, зымырап бара жатқан уақыт-ай! десті екі еркек талайды көріп, талайды түсінген кейуана көрінің ролін ойнап тұрған артистердей тақпақтай сөйлеп, күңірене күрсініп.— Біз институт бітіргелі де он жеті жыл боптыі

Екі еркек қолтықтасып алға түсті. Қос келіншек сондарына ілесті. Анадай-анадайда одырая қарап тұрған екі бала ілбіп басып арттарынан жүрді.

Екі еркек қауқылдасып жағдай сұрасып келеді.

— Аудандағы азғантай бастықтың бірсуімін,— дейді

шалғай облыс жақтан келе жатқан поездан түскен жолаушы.

— Тресте орынбасармын,— дейді астана жақтан келе жатқан поездан түскен жолаушы.

— Әйелім дәрігер,— дейді алыс ауданның азғантай бастықтарының бірі

— Менің зайыбым оқытушы, институтте сабақ береді,— дейді астанадағы трест бастығының орынбасары.

— Екі ұл, бір қызымыз бар,— деді дәрігер келіншектің күйеуі.

— Бізде екі қыз, бір ұл,— деді оқытушы келіншектің күйеуі.

— Демалысқа келеміз,— деді астанаға келе жатқан жігіт.

— Біз де солай,— деді астанадан кетіп бара жатқан жігіт.

— Кейінгі жылдары жүрегі құрғыр шортан балықтың құйрығындай шошаңдай беретінді шығарып жүр. Оның үстіне қан қысымы жоғары. Осы тұрғанның өзінде қос құлағым айран толы местің пұшпағындай кілкіп тұр,— дейді ылғи алдымен сөз бастап, ақтарыла сөйлейтін ауданнан келе жатқан жігіт.

— Мен де солай. Екі жылдан бері емделіп жүрмін,— деді аңысын аңдап, әңгіменің соңын алып сөйлейтін астанадан келе жатқан жігіт.

— Қасымыздағы баламыздың үлкені,— деді алдымен сөйлейтін жігіт.

— Ендеше, біздің бала екеуі құрдас екен,— деді соңынан сөйлейтін жігіт.

— Осы ай ыстық болатын рай танытып тұр-ау,— деді ауданнан келе жатқан жігіт аспанға көз тастап.

— Газеттер солай жазды ғой,— деді астананың жігіті мәжілістесінің жүзіне үңіліп.

Сол екі ортада репродукторлар самбырлай жөнелді. Вокзал дикторларына тән біртүрлі қалғып отырған кісідей күмілжіп сөйлейтін күлгін дауыс көп ұзамай поездың аттанатынын хабарлады.

Ойда жоқ жерде жолығысып қалған екі семья бір-біріне қабаттаса тоқтаған ұзын составтардың ортан белінде жете беріп кідірді.

— Ал, сау тұрыңыз. Жақсы дем алып қайтыңыз,— деді ауданда тұратын жігіт.— Келер жолы біздің жаққа келіңіз. Теңізге шығамыз. Құс атамыз. Өз алдымызға кең үй-жайымыз бар. Аунап-қунап қайтасыздар.

— Біз оралғанша қайтып кетпесеңіз, үйге соғыңыз. Тауға қарай көтерілетін үлкен көшедегі бнік үйдің бесінші қабатында. Қырық бірінші пәтер. Дачаға барып алма тереміз. Зайыбымның өзі қайнатқан қарақаттың варенъесімен шай ішесіздер,— деді астанада тұратын жігіт.

Екі еркек қол алысты. Екі әйел сүйісті. Екі бала бірінің қолын бірі үнсіз сілкіледі. Екі поезд аңыраға гудок беріп, бірі батысқа қарай, бірі шығысқа қарай жөнеп кетті. Көкшіл вокзал, қауын базар, шелек-шелек жеміс-жидек көтерген қатын-қалаш, бала-шаға, сорайған су мұнарасы, шлагбаумды сүзе тоқтаған жүк машиналары, арбалар, аттылы-есекті, мотоциклді-велосипедті жолаушылар көзден бір-бір ұшып артта қалып жатыр.

Вагондарына оралған екі еркек купелеріне кірмей, коридорда терезеге қарап тұр. Бетон бағандардан басқа ештене көзге шалынбайтын жылмиған жазық басталды. Аялдама кезінде сөйлемей қалған радио қайтадан қырылдады. Радистің қыдырма саусағы әр әуе толқынынан бір-бір дыбысты үзіп-жұлып, күллі әлемді шарлап жүр. Біресе сырнайын сызылтып, даңғыра қаққан шығыстың зарлы сазын безілдеген балалайка үні басып кетеді. Біресе қолына жазып берген қағазды зорға жүргізіп оқып тұрған біреудің жүрексінген даусы латын америкасындағы бір елде болған таяудағы төңкерістің егжей-тегжейін сарнатқан заржақ коментатордың тақылдақ дауысымен алмасады. Радист соның ешқайсысына місе тұтпай, қабылдағыш байғұстың құлағын өші бардай өршелене бұрайды.

«Өзі баяғысындай емес, тым сырбаз боп кеткен екен»,— дейді екі еркектің екеуі де кенет үнсіз ойға шомып.

«Аудандағы азғантай бастықтардың бірімін дейді. Жаман емес. Енді бір секірсе бірінші бастықтың өзі боп кетуі де мүмкін. О баста-ақ аузымен орақ орған неме еді. Біраз жерге бармай қоймас»,— дейді астанада тұратын лауазымды жігіт.

«Бұл өзі жымпып жүріп-ақ шаруасын бітіретін жымысқы неме еді. Белді треске орынбасар болып апты. Аман болса астанадағы талай-талай жұмсақ креслоға бір-бір отырып шығатын шығар»,—деді ауданда тұратын лауазымды жігіт.

«Осы неме баяғыда сауда техникумында оқитын қызбен жүрмейтін бе еді. Әйелі бір керік. Төркіні де осал болмас. Шапшаң сөйлеп, шапшаң қимылдайтын ұрыншақ неме орта жолда ин шығарып алмай, мұнша өскеніне ка-

раганда, қолтығында бір тегеурінді алақан жүрсе керек» деп кесіп-пішеді астанадағы араластықтық жөніне жетік орынбасар жігіт.

«Баяғыда студент кезінде қызымның әке-шешесі белгілі адамдар, анау-мынау жерлерге жібермейді деп, отырмақтарға ылғи соқа басы сорайып жалғыз келуші еді. Мұны өрге сүйреп жүрген көк өгіз сол дуалы ауыз қайын жұрты болды ғой. Әйтпесе, асып бара жатқан ештеңесі жоқ көп құла төбелдің бірі емес пе еді?» — деп топшылайды ауылдағы араластықтың жөніне жетік аудан азаматы.

Сосын екеуі де мүдіріп қалады. Енді екеуі де теңдеудің түбірін таба алмай отырған студенттер құсап, көзілдіріктерінің мүйіз сабын кеміріп кетеді. Лауазымның логорифм кестесіне сан, бастарындағы бақ пен дәрежені салмақтайды, қайсысының ұлық, қайсысының кішік екенін білгілері келеді. Сөйтсе, әр қайсысының қызметінің өзіндік «плюс», «минустерін» былай қойғанда, бағалы кадрлардың есебінде екеуі де бір деңгей, бір тонта жүретін бон шықты. Енді өздерін қоя қойып әйелдерін салыстырады.

«Аузының салымдысын қарашы. Қараторының әдемісіне тап болпты. Көзі жайнаңдап тұр. Әй-пәйіңе қаратпай тізгінді өз қолына алып алатын нағыз қатын патшаның сойы ғой. Кейде сондай әйелің тегеурінді болмаса, бұл еркек деген немелерің кежегелері кейін тартып, құдайдың берген бақытынан айырылып қалып жатқандары аз емес»,— дейді астанадан келе жатқан аққұба келіншектің күйеуі.

«Әйелінің тәрбиелі семьяда өскені айтпай-ақ көрініп тұр. Маңдайына шаң тиіп көрмеген ақ сұқсырдың өзі. Он сегіздегі қыздай. Тамағы ұлбіреп тұр. Мұндай әйел анау-мынау еркекке аспаннан түскен ырыс қой! Қазіргі басшылардың я өзіңе, я әйеліне көңілі бітуі керек. Әйтпесе, бұрынғы дастарқан тұзақ, курорт пұл, картадан жорта ұтылу дегендерің бүгінде пішту болмай қалды деп жүр ғой кейбір білгіштер. Алтын басты әйелдің арқасында бағы жанып жүрген бақа басты еркектер де баршылық емес пе»,— дейді ауданнан келе жатқан қара торы келіншектің күйеуі.

«Екі ұл бір қызым бар дейді. Ертең-ақ екі ұлын ортан қолдай екі азамат қып, қатарға қосады. Сосын ол немелерің мұртын балта шаба ма?»— деп қояды ішінен қалада тұратын екі қыз, бір ұлы бар әке.

«Екі қыз, бір ұлым бар дейді. Ертең анадай көрерге көз керек шешеге тартып туған екі сұлу қыз бой жеткен соң, ең бір құрығы ұзын, ең бір аузымен құс тістеген екі іргелі әулетпен құдандал болып алғасын, ол құтырмай мен құтырам ба! Жымысқы сығыр ондайдың есебін оңқай асықтай-ақ үйіріп әкетер-ау»,— деп қояды ішінен ауданда тұратын екі ұл, бір қызы бар әке. «Өзі де қу екен,— деп мырс етті екеуі де ақырында.— Қасындағы әлгі бір ит талаған дәруіштей жалбыр балақ дударбас немені дөкей қаладағы институтке апара жатып, демалатын едік деп көлгірсінді. Осы күнгі жұрт неткен арам боп кеткен!».

Бұл кезде купеде жұмсақ диванда шалқалай түсіп, модалар журналын ақтарып жатқан екі бәйбіше де қалың ойда еді.

«Астананың қақ ортасында мынау деген пәтері бар. Тауда дача тағы тұр. Өмірден сыбағасын ойып тұрып алды деп, әне соларды айт», деп тамсанады даладағы «мұңлық».

«Өз алдына особняк. Теңізге шығамыз, құс атамыз дейді. Шіркіндерің шолпып-ақ отыр екен»,— деп тамсанады қаладағы «мұңлық».

«Институтке сабақ берсе, әлгі замандасымыз нағыз сауын сиырдың өзі боп шықты ғой. Арақ ішіп барып, топалаң асып, экзаменді әке-көкелеп жүріп қайта тапсыратын студенттердің өздері-ақ аузыңды ақ май қылатын көрінеді ғой»,— деп кесіп-пішеді аудандағы «көріпкел».

«Ауылдық жердегі дәрігер дегенің өкіметтің қалтасын теспей сорады. Өтірік-шынды екі-үш ставкамен істейді. Олар табыс жағынан анау-мынау доцент-профессорларды шаңына ертпей кетеді»,— дейді қаланың «көріп келі».

«Әлгінің туфлиін айтсайшы. Шіркін, қалада қалағаның табылады-ау. Оның үстіне біз байғұс көп ретте бардың өзін ұқсата алмай сорлаймыз ғой»,— дейді даланың сұлуы, әлденеге өкшесі қышып.

«Жаңағының үстіндегі асыл матаны астанада еш дүкеннен таба алмайсың. Ауданда өздері бір, өздері қожа. Қоймаға түскен тәуір нәрсені қаймағын қалқып отырып, алдымен өздері пышақ үстінен үлестіріп алады»,— дейді қаланың сұлуы, әлденеге нығы дуылдап.

Сол екі ортада коридорда тұрған екі еркек купелеріне кірді. Сол екі ортада манадан бері қырылдап-сырылдап келе жатқан радио сайрап қоя берді. Атақты бір әнші: «Кел шырқайық, осындайда, қайдасыңдар, достар-

ым?!»— деп назды қоңыр даусын зарлана созып тұрып алды.

— Апырай, мына біреу біздердің баяғы студент кезімізде айтылатын ән еді. Осы артист деген ағайындарды қанша төбемізге көтергенімізбен баяғы «әләуләйлерімен» әлі келеді. Репертуарларын жаңартса, іштері кебе ме екен — дейді екі еркек те радионың тиегін сырт еткізіп жауып жатып.

Өйтетіні екеуінің де қабырғалас көршілері жұртқа белгілі үлкен кісі еді. Кешелі-берлі үш-төрт жолаушы сол кісімен «қол көріп», уақыт өткізіп» келе жатқан-ды. Қазір: «Ау, сызып жібермейміз бе!»— деп қабырғаны тоқылдатса, әлгі боздаған немені тыңдаймыз деп отырып, естімей қалулары ғажап емес қой.

Екі еркек те әлгі бір күтпеген кездесудің көкіректеріне желімше жабысып алған ыңғайсыз әсерінен тез құтылғылары кеп:

— Дүниеде мұндай керемет те бола береді екен-ау. Тау тауға жолықпайды, адам адамға жолығады деген осы ғой. Аттай он бес жылдан соң бірінші рет көрісіп тұрмыз!— дейді әйелдеріне қарап бастарын шайқап.

— Шынында да, таңғаларлық нәрсе,— дейді әйелдері де.

Зымырап қалып жатқан құба далаға қарап отырған екі бала лəм-мим ештеңе деген жоқ. Екеуінің де сөрелерде теңкиіп-теңкиіп жатқан әлгі бір тәтті қауыннан, ең болмаса ауыз тимегендеріне іштері удай ашып келеді. «Керемет! Керемет? Несі керемет? Құшақтасты, сүйісті, қол алысты. Жымысты, жылтырасты. Сонда тұрған не керемет бар?». Әлгінде ғана радиодан құлақтары шалып қалған беймағлұм сазды ысқыра қайталап қояды.

Өз көлеңкесін өзі таптап тауыса алмай келе жатқан ұзын поездың доңғалақтары орысша ойлайтын екі бала жігіттің көңіліне қашқан әлгі күмәнді растағандай: «так, так»,— деп үсті-үстіне тақылдап бақты.

АҚЫРҒЫ АЯЛДАМА

Бүгін де Бисенов кабинетінен дәл алты отызда шықты. Бүгін де вахтер қабырғадағы сағатқа бір, оған бір қарап қойып үнсіз жымиды.

Анадай жерге ұзап барып артына бұрылды. Қөлдей шыны қабырғаның ар жағында еден жуып жүрген үй сыпырушы әйел бұны меңзеп бірдеңе деп жатты. Түсіне қойды. Бөлмесіндегі қағаз салатын себеттің күн сайын аузы-мұрнынан шыға толып қалатынын айтып тұр. Расында да, бұл мекемеде Бисеновтен көп қағаз жазатын да ешкім жоқты. Қатардағы қара жаяу қызметкер кезіндегі әдеті күллі мекеме ауыздарына қарайтын жетекші бөлімнің бастығына білдей бірінші орынбасар болғанда да қалмапты. Басқа мекемелерге тұсауы кесіліп тұрған қағаздардың қай-қайсысын да өзі жазып, өз қолынан өткеріп қалған неме былайғы жұртың жазып әкелгендерін міне тұтпайды. Қапелімде тап-тұйнақтай қып машинкаға бастырып жұтынтып әкелген жылтырақ қағаздың бетінен мен мұндалап тұрған қате көре алмай, біраз дағдарып отырады. Бірақ, бір жерінде шикілік бар сияқты. Әрі сығалайды, бері сығалайды. Табады. Сол-ақ екен жаңа ғана маржандай тізіліп тұрған әдемі жазу жазатайым бір кірпіші құлап кеткен кесек дуалдай кемірейіп сала береді.

Ақыр аяғында Бисенов әлгі қағазды басынан бастап өзі жазып шығады. Сосын қайтып ол қағазға ешкім қол тигізбейді. Аяғында Бисеновтың ірек шыратын визасы тұрса болды, қай бастық та қайқайтып тұрып қол шеккенді ғана біледі.

Жазғанда майын тамызатын Бисенов ауыз ашуға жоқ. Сондықтан да, артынан ешкім: «Мынау немене?»— деп қайталап сұрап жүрместей қып, жеріне жеткізіп жазады. Алда-жалда оның қолынан өткен қағазды ең үлкен бастыққа кіретін бөлім меңгерушісі: «Не бүлдіріп қойғансыздар!» деп қабағы түсіп тұнжырап шығар болса, одан асқан өлім бар ма! Бисенов көз алдына атом соғысын елестете алады, ал әлгіндей масқараны елестете алмайды. Құдай оңдағанда, ондай сөзді, міне, жасы қырыққа жеткенше естіген емес. Бар арманы — қалған ғұмырында да естімеу. Сондықтан да оны бастықтар жақсы көреді. Сондықтан да оны бағыныштылары да жек көрмейді. Өздерінің жазып әкелгендері бәрібір өтпейтінін біле тұрса да, қайтіп беріп, қайыра жаздырып, жандарын қинамайтынына риза болады.

Қаланың шет жағындағы әлеміш бетон шарбақтың ішіндегі бес қабат шаңқан үйде Бисеновті күндейтін де, құстаналайтын да ешкім жоқ сияқты. Бірақ, неге екені белгісіз, оны көрген, не аты аталған жерде әлгі вахтер шал сияқты шеттерінен жымия қалады. Ертеден қара кешке пысылдап қағаз жазып отыратын еңбекқорлығынан ба, қызметтестерінің өзінен лауазымы үлкенімен де, кішісімен де сөйлескенде құлағына дейін ду қызарып кететін ұялшақтығынан ба, жұмысқа жарты сағат бұрын келіп, жарты сағат соң кететін елден ала бөтен ыждаһаттылығынан ба, сөйте тұра осы кезге дейін орынбасарлықтан асып жоғарламай-ақ қойған жолсыздығынан ба, өз алдына бастық болатын жерге жұмсаса, ат тонын ала қашатын орынсыз кішіпейілділігінен бе, әлде бүгін буфетте қандай тамақ ішсе, ертең де дәл соны ішетін бір мінезділігінен бе — әйтеуір бұлымен ұшырасқанда езулеріне не бола алмай қалатын бір жындары бар.

Өз басы осы ғұмырында жалғыз жерде ғана кісі ренжітіпті. Онда да стадионда. Бір ғажабы дон түгілі жолында жатқан кесекке аяғы тиіп көрмеген Бисенов матч жібермей футболға барады. Ылғи шығыс трибунаға билет алады. Өйткені, батыс трибунаның жан күйерлері шығыс трибунадағылардай емес самарқау. Ал Бисенов қызу қанды адамдарды жақсы көреді. Өзі айқайламаса да, қасындағылардың дуылдап отырғанын ұнатады. Қызметте де көңіліндегі ойды басқаның аузынан естігенде жұрт құсап аңшымайды Қайта мұның отыз тісінен өмір бақи бері шықпай іште тұншығып арам өлетін пікірдің айтылғанына қуанады. Басын изеп, қолын соғып бір жасап қалады. Стадионда да қызып кеткенде шартылдатып шапалағын аямайды. Әдемі гол қай қақпаға кірсе де, оған бәрібір. Әйтеуір әдемі болса болғаны:

— Ай, маладец қатып кетті!

Сонысы кейде қасындағылардың жеп жағынан шығады. Бірде «Қайратқа» кірген доңқа қол соғамын деп көк желкесінде отырған айбалта сияқты ақ таяқ ұстаған пенсионер шалдан төмпеш жеп қала жаздаған жәйі бар. Одан басқа жердің бәрінде де тек жұрт көңілінен шығады да тұрады. Қызметтестерінен былай қойғанда көршілерінің арасында оны «эй, кәпір» дейтін адам жоқ. Аулаға ағаш отырғызу керек пе, күрегін ұстап елден бұрын ол жүгіреді. Гүл суару керек пе — шлангасын сүйрететін елден бұрын ол келеді. Тұрғындардың жиналысы ма, ата-аналардың жиыны ма, бағбандардың бас қосуы ма — елден бұрын қылшиып барып отыратын тағы сол.

Өзі жер бетіндегі ұйым, қоғам, комитет атаулының бәріне мүше. Бәрінде де бастық емес, бастықтың орынбасары. Тіпті Тибеттің далайламасына да орынбасар керек боп, осы Бисенов шақыртылып жатса, оған ешқандай қызметке болмайды. Үйі-екеш үйінде де әйелі председатель, өзі орынбасар сияқты. Екі баласы бірдеңе болса шешесіне жүгіреді. Оған: «Мамам өй деп жатыр», «Мамам бүй деп жатыр» деп шешелерінің тапсырмасын айтуға ғана кіреді.

Райхан да тепсінген тентек емес, өзі секілді момын. Ауыз жаппас бәдік емес, өзі секілді үндемес. Бірақ, сонда да әуел бастан-ақ оң бастап, бұл қостан әдеттенген. Әйелінің қолына сыпырғыш алғанын көрсе, бұл білегін түріп шаң сорғышқа жармасады. Ерлі-зайыпты екеуі өткен олимпиадалық ойындар тұсында телевизор көріп отырып, біреуі «бразилиялықтар жеңеді», екіншісі «неміс-тер жеңеді» деп сәл тәжікелесіп қалғандары болмаса, бір-бірімен «ишшә» десіп көрген емес. Осы кезге дейін көздерін аша сала; «Қайырлы таң!», ұйықтарда: «Жайлы ұйықтап, жақсы тұр!»— деп жатқандары. Әуелі рұхсат сұрап алмай тұрып бір-бірінің көрпесіне қонған көк шыбынды көлденең шертпейді. Тіпті екеуінің ауру екеш арулары да ұқсас. Біреуінің бүйрегі шаншиды, екіншісінің бауыры сыздайды. Екеуі де шылым шекпейді. Кухнялары шылдырлап айран мен күнбағыс майынан босаған бөтелкелерге толып тұрғаны.

Балалары да өздері сияқты. Біреуі қасық жуса, екіншісі бәтіңке майлап ұшып-қонып жүргендері. Содан да ма Бисенов жұмыстан шыққанда үйіне жеткенше асығады. Жетіден бір минут кешікпейді, есіктегі шіби дауысты қоңырау шықылықтап қоя береді. Он бес минутта жуынып-шайынып шәйін ішеді. Тағы бір он бес минут баспасөз жаңалығымен танысады. Бес минуттей баласының күнделігін тексереді. Сол екі ортада Райханның кешкі асы да әзір болады. Оны жайғарып алған соң, жарты сағаттай әйелі қызының музыкасына, өзі баласының математикасына болысады. Сосын бәрі сыртқа шығып жиырма-отыз минут сейіл құрады. Қайтып келгесін бәрі бірге отырып телевизордан берілетін жаңалықтарды қарайды. Он-он бес минут әлгі көргендері туралы пікір алысып әңгіме-дүкен құрады. Артынан бір-бір стакан қатық жұтып бөлме-бөлмелеріне тарасады. Аспандағы ай мен жұлдыздарға дейін өз дегенімен жүргізетін қатал тәртіптің құдіретін ұғынып, оған өз еркіңмен бас ұру — тек адамдардың ғана қолынан келетін, саналылықтың

ең жоғарғы сатысы болуға керек деп түйеді инженер Бисенов кейде философиялық ойларға шомғанда. Сондықтан да бәрін алдын-ала өлшеп-пішіп, жоспарлап, тәптіштеп тәртіпке келтіріп отыруды ұнатады. Қызмет күндері не істеп, не қоятыны сірә белгілі. Ал, демалыс күндері қандай шаруалармен шұғылданатынын жұма күні жұмыстың аяқ жағында қойын дәптеріне рет-ретімен түртіп қояды. Сосын-ақ ол жоспар бұлжытпай орындалады дей беріңіз. Ол үшін тек сел тасқыны, жер сілкінуі, гонконг гриппі немесе өндірістік жарақат сияқты кездейсоқ бейнеттер ғана дәлелді себепке жатады. Өзі, бірақ, қанша материалист болғанмен де, ішінен ондай дәлелді себептердің бетін әрі қылсын деп тілейді.

Бисеновтың, міне, бүгін де сол үйреншікті режимді бұзғысы жоқ-ты. Оның үйі мен мекемесіне қатысатын маршруттың ақтық аялдамасы кеңселерінің дәл қасында-ды. Әне көк қасқа автобус бұны күткендей қышқыл түтінді лоқ-лоқ атқылап ақырын гүрілдеп тұр. Бұл табалдырықтан аттай бере жылжи жөнелді. Отыратын орнына дейін белгілі.

Ақыргы аялдамада отыратын азғантай жолаушы жұмыс аяғында таласып-тармасып жарты сағаттың ішінде сап болады. Бисенов орындықтарды шекесінен шертіп жүріп дәл төртінші қатардың тротуар жақ шеткі орнына, терезенің алдына барып жайғасады. Өйткені, қалада тұрғалы қанша рет көше апатын көрсе де, автобустардың я мандайын соғып ап, я бөксесін жапырып ап сорлап тұрғандары. Ал, қақ ортан белінен омырылып жатқан автобусты өз басы әлі кездестірген емес.

Ол артқы есіктен енді бас сұға беріп еді — көзі атыздай болды. Дәл Бисенов отыратын орындықты біреулер немденіп алыпты. Бір әйел, бір қыз. Ол қапталдағы көрші орындыққа портфелін қойды.

— Жас жігіт, билетке қол жалғап жібермейсіз бе?

Қоғамдық жерде мейлінше сырбаз, мейлінше әдепті Бисенов ішінен «жас жігітті тапқан екенсің» деп тұрса да, сыңғырағаң әдемі дауыс шыққан жаққа өңіне күлкі шақырып ізетпен бұрылған-ды. Өз көзіне өзі сенбеді. Жасы қырықтарға жетекабыл қыжым көйлекті әйелді де бір жерде көрген секілді. Ал, қасындағы қыз құйып қойған Құралай. Баяғы алдыңғы партада отыратын Құралай ше! Соның дәл өзі. Мандай шашы баяғысынша ширатыла бұйраланып қапты. Үлкен қарақат көзінің қиығында сол баяғы қуақы ұшқын жылтылдайды. Бұлтиған ине ерндері үнсіз албырайды. Қыр мұрнының ұшында бір

жұмбақ діріл тұр. Құралай десе құралай. Қазір қаша жөнелгелі тұрған Құралай. Бұның тағдырының кішкене алаңқайынан беймағлұм қалың жынысқа бір-ақ ырғып жоғалған құралай.

Бірақ, ол ұзын тарих еді...

Бисенов қассаға беттеді. Қайтып кеп, билет ұсынып жатып тағы қарады. Сол... Аумаған өзі. Баяғысынша: «Немене, танымай қалдың ба?»— деп мысқылдай күліп отырғандай. Кенет томпақ ернінде дірілдей тұнып тұрған сәби күлкі кілт жоғалды. Бөтен, атымен бейтаныс біреуге айналғысы келгендей. Қасындағы әйелге жалт жұлт көз тастап қояды. «Мына кісі неге қарай береді»,— деп отырса керек. Сөйтсе, жанындағы әйел де маңадан бері бұның қас-қабағын бағулы екен. Бисенов бір түрлі ыңғайсызданып, орнына келді. Мыны зеңіп бара жатқандай маңдайын сипады. Көзіме қос көрінгеннен сау ма дегендей терезеге қарады.

Сол баяғы үйреншікті көше. Жасыл желекке көмілген жатаған үйлер. Сидиған сұр үйлер. Әлем-жәлем балкондар. Ерсілі-қарсылы зуылдаған машина. Квас сатып жатырған опыр-топыр. Қарбыз сатып жатырған опыр-топыр. Кинонық билетіне өңмендескен опыр-топыр.

Бірте-бірте бұлардың автобусы да аузы-мұрнынан шыға тола бастады. Дүние сол қашаңғы қалпы — опыр-топыр, абыр-сабыр, шәт-шәлекей... Тіпті бнік үйлердің төбесіндегі «Спортлотоға», қатысыңыздар», «Аэрофлоттың» қызметімен пайдаланыңдар!», Ақшаларыңызды сақтық кассаларында сақтаңыздар!» деп қақылдап тұрған ақылгөй плакаттардың да бір әрпі өзгерсейші. Жоқ, дәл кешегісіндей, дәл бұрнағы күнгісіндей, дәл баяғысындай. Ендеше, осынау ығы-жығы ыбырсыған қалада, қаз-қалпында тұрған үйреншікті көріністердің арасында дәл сол баяғы өзгермеген күйі Құралай қайдан жүр? Қасындағы мына бір саркідір бейтаныс әйел кім? Шынында да, осы көзіне қос көрінгеннен сау ма? Мыны зеңітіндей күн бүгін әдеттегісінен әлдеқайда қағу. Кеңседе де тап бас қатыра қоятындай қарбалас жұмыс болған жоқ. Сонда апырай... Тағы да қапталына бұрылып қарады. Ашық терезеден соққан салқын лепке Құралайдың маңдай шашы ширатыла желбіреп келеді. Қасындағы әйелге бірдене дейді.

Ол да бойжеткеннің құлағына қайта-қайта аузын апарып қояды. Ондайда аппақ жұмыр мойны әдемі ұзарып кетеді. Күн сайын көріп жүргендей өте таныс мойын, таныс кескінді қайдан көріп еді...

Мұрнына күйген саздың күңірсік иісі келе ме қалай... Көзіне құм етегіндегі кішкене ауылдың шетіндегі шикі кірпіштен салған жатаған дүкен елестей ме қалай...

Шаңқай түс. Балдақты дүкеншінің алдында аппақ жұмыр майның ентелей созып талдырмаш қыз тұр. Сөредегі бірдеңені көрсетеді. Әлдене дейді. Құлағына жетпейді. Ол табалдырықтың сыртына тоқтай қалды. Екі көзі албыраған балғын майында. Қасындағылар түртіп қояды:

— Ау, аттасайшы! Саған не болған?

Сол екі ортада бейтаныс қыз сыртқа шықты. Қолтығында қағазға ораған заты бар. Құм астындағы көп үйге қарай құлдырай жөнелді. Өз-өзінен асығып барады. Білектей-білектей ұзын қос бұрымы тірсегін сабап барады. Делең етек шытыра көйлек бұлғандап селеу мұрт қалың шидің ішіне сіңді. Көп ұзамай сол бір бұлдыр елес бірте-бірте жоғала түсті.

— Ғажап! Перизат! Қайдан келген?

Қасындағы екі қара сирақ тамсанып тұр. Әсіресе Ертайда ес жоқ. Бұйра шаш. Дүрдік ерін. Қыр мұрын, ашаң жігіт. Кластағылардың ең ұзыны. Қысқа қашықтыққа жүгіруден аудандық спартакиаданың чемпионы. Барлық жақсы нәрсені таласып жүріп жеңіп алатын жүлдедей көреді. Кеше интернатта төр жақтағы керуетті таласып-тармасып өзіне қаратып алды. Мана бүкіл бөлмедегі жаңғыз мамық одеялды әкесі астанаға мәслихатқа барғанда базарлыққа әкеліп берген автомат қаламды беріп, жалынып-жалпайып айырбастап алды. Егер аспандағы ай мен жұлдыз да жұртқа үлестіріліп берілетін болса, ол алдымен айға жабысар еді. Енді, міне, сонау көз ұшындағы көп тәпене үйдің біреуіне кіріп ғайып болған әлгі бір әдемі елеске әлі құмартып тұр. Таңдайын тақ-тақ қағып қояды. Кешке төсекке жатқасын да көрші кереуеттегі мұның құлағына таң атқанша сыбырлаумен болды.

Ертеңіне Ертай екеуі бір партада отыр еді, кенет бүйірінен түртіп қалды:

— Перизатты қара!

Ол иегімен есікті нұсқады. Қешегі бейтаныс қыз. Екі беті албырап, маңдай шашы бұйраланып, қарақат көзі жалт-жұлт етіп, тық-тық басып келді де, бұлардың алдындағы бірінші партаға отыра кетті. Екеуі үлбіреп тұрған аппақ майынға, қос иықтан жарыса құлаған білектей-білектей екі жуан бұрымға, күлгенінде ойнақшып

шыға келетін оң жақ бетіндегі кішкене шұқырға телміре көзінің оты өртеп бара жатқандай дір-дір етеді.

Сабақ басталды. Мұғалім журналды ашып оқушыларды түгендей бастады.

— Ахметова Құралай!

Бейтаныс қыз орнынан көтерілді. Басқа жақтан көшіп келген жаңа зоотехниктің қызы боп шықты. Бүкіл кластың көзі сонда. Үзіліс кезінде әншейінде асыр салып жағаласып кететін балалар жіптіктей боп сызыла қалған. Құралай ештенені сезбеген кісіше терезеге қарап отыр.

Сол күні сабақтан соң Бисенов ауылдың сыртындағы құмақ жалдың тасасына тартты. Қалың сүттігеннен басқа шөп өсіп жарымайтын төбел құмақ біраздан соң қатқылға ұласады. Реңінен айрылған қу бұта, қара жусан. Анадайда дөңкиіп тағы бір жал көлденең сұлапты. Сол дөңбек жалдан жалғыз аяқ қасқа жолмен көк есекті шал құлап келеді. Көз ұшында жападан жалғыз мұнарытып ақ тұмсық шоқы қылтияды. Төбесінде қарауытқан көне мола. Күн батыстан будақтап шаң көтерілді. Артына бұрылып еді, ауыл тасада қапты. Тек шоқы-шоқы қызыл шағылдардың төбесі қылаңытады.

Бисенов бірденеге қатты толқыса болды, осылай оңаша кетеді. Өне бойын түсініксіз бусаң сезім билеп алған. Көңілінде көптен жүрген ойлар кенет көмейіне кептеліп тұра қалғандай. Өлеңге айналғылары келетіндей. Қиялшыл бала жігіттің армандамайтын мамандығы жоқ-ты. Ұшқыш, геолог, су инженері... Әйтсуір мұғалімдік пен зоотехниктіктен басқаның бәріне бір-бір құмартып шықты. Әзір ешқайсысына біржола көңіл тоқтатқан емес. Оның үстіне жұрттан жасырып өлең жазатыны тағы бар. Оны білетін тек Ертай. Кеше төсектің үстінде алысып жүріп матрастың астарына тығып қойған қалың қара дәптерді көзі шалып қалды. Жағаласып отырып ішін ашты. Оқи алмады, бірақ өлең жазатынын біліп қойды. Сол есіне түсіп қазір де іші ашып келеді.

Кенет мынау жаймашуақ күз туралы өлең жазғысы кеп кетті. Ойына оралған бірер шумақта жапырақтары сарғайып, бұтақтары сидаланып орман сыңсыды. Бақшадағы райхан гүлдерді суық шалды. Айдын көлін тастап аққу, қаздар қайтып бара жатты. Бірақ оған мынау қу жусан, құба дала ілікпеді. Ол алыс қиялдағы бұлдыр елестер болмаса, маңдайындағы бетпақ кісінің бет-аузындай бедірейіп-бедірейіп жатып алған қарабайыр үйреншікті көріністер өлеңнің әрін кетіреді деп ойлайтын.

Анау есегіне мініп типың-типың желіп келе жатқан тымақты шалды, тайлағын ертіп өріске беттеген қу мойнақ түйелерді, интернаттың екі күбі суын ауырсынып келе жатқан шиқылдақ арба даусын, жел жақтан бірте-бірте күшейе түскен мүңкіген бензин исін қайтып өленге қоссын.

Осы бір ұзыннан ұзақ көсіліп жатқан найза шағылдардың желкесіндегі өңшең бір жатаған үйлерден тұратын жадау ауылдың поэзияға бес қайнаса сорпасы қосыла қоймайтындай. Ол туралы әңгіме болса-ақ сөз жүдеп, сезім іріп жүре беретіндей. Бірақ, міне ғажап, осы бір қияндағы жұпыны ауылға пейіштің бағынан абайсыз адасып кеткендей-ақ ойда жоқта Құралай келе қапты. Құралай есіне түсіп еді бала ақынның көкірегіне қай-қайдағы сықыр сөздер орала берді. Жалма-жан қойын дәптерін суырып ап жаза бастады. Екі көзі оттай жанып, төңірегіне құрағыта қарайды. Әлгі өлең дегенің өз-өзінен ақтарыла жөнелетін ақындық шабыт дегеніңіз осы шығар. Ақ қағазға түсіп жатқан жалбарыныш сөздерден көзіне мөлт-мөлт жас келеді.

Сол күні әлденеге жүрегі алып-ұшып көпке дейін ұйықтай алмады. Түсінде де бір сандуғаштары сайраған сая бақта Құралайды тосып көп сенделген екен дейді.

Ертеңіне сабақ үстінде «СССР тарихының» арасына салып, Ертайдан жасырып кешегі өленін оқып көріп еді. Түн өтпей жатып кеше кештегі ажарынан түп-түгел айырылып жүдеп қапты. Өңшең бір жаттанды жалтырақ сөздер. Кей-кей жерінде ұлы ақынның ғайыптан жолыққан тәңірідей сұлуға арнаған атақты өленінің белгілі жолдары сол қалпында жүр.

Бисенов қолындағы бір жапырақ қағазды күлдей қып жыртты. Сосын қалтасына тықты. Қазір үзіліске шыққанда көзін біржола құртады.

Құралай класқа үйренісейін деді. Ең алдымен тіл қатысқаны — Бисенов. Сызу сабағында одан өшіргіш сұрап алды. Математика сабағында үйге берілген тапсырманы жазып алайын деп күнделігін сұрады.

— Жазуың қандай әдемі — деп қояды.

Бұл құлағы қызарып төмен қарайды. Ертайдың көнтік ерні одан сайын дүрдиіп, дөң мандайы күреңіте түседі.

Бірер аптадан соң драма үйірмесі жұмысын бастады. Әрі сұлу, әрі ақылды, әрі тәкаппар озат қыздың ролін, әрине, Құралай ойнайды. Оны жақсы көретін өзі сондай әдепті, үлгілі өнерпаз баланың роліне келгенде Ертай:

— Ағай, мен ойнаймын!— деп қолын көтерді.

— Бұл ұялшақ, іштей қиялдап, іштей қиналатын сезімтал баланың образы. Оған, меніңше, Есеновтен гөрі Бисенов келіңкірейтін сияқты. Ал, Есеновке анау өркөкірек спортшы баланың ролі дұрысырақ.

Жұрт ду күлсін. Тек Бисенов пен Есенов қана қыпқызыл боп кетісті.

Содан былай Бисенов сабақ үстінде алдындағы желке шашы бұйраланып шалқақ отыратын тәкаппар қыздың жұп-жұмыр мойнына өзімсіне қарайтын болды. Құралай кейде артына бұрылып бұған тілін шығарып қояды. Ондайда Бисенов бір шетсіз-шексіз қиялға шомады.

Ауылдың алды мынандай сусыған қызыл шағыл емес, басынан қысы-жазы қар кетпейтін ақар-шақар шыңдар екен дейді. Одан бері ат тірсегін сабап жүргізбейтін сілті бас шилер емес, жапырағы жайқалып, балаусасы сыңсыған ну орман екен дейді. Ауылдың желкесі шайыры балағыңды былғайтын сүттігін өскен құмақ төбе емес қызғалдағы жайқалған кең жазира дала екен дейді. Әлі тау көре қоймаған, әлі сыңсыған ну орман көре қоймаған Бисеновтің қиялы енді сол қызғалдағы жайқалған кең жазықты шарлап кетеді. Өңшең гүлдің арасында, «Қазақстан әйелдері» журналының мұқабасына басылатын қызылды-жасылды суреттердегідей, шаштары желбіреп, көздері күлімдеп Құралай екеуі қол ұстасып жүгіріп келе жатады. Сабақ сұрайтын мұғалім жоқ, интернатта «отбойдан» неге кешігіп қалдың деп жекіретін тәрбиеші жоқ, қыз бала мен бейуақы неге қыдырасың деп мәселелеңді қарайтын оқушылар комитеті жоқ... Нағыз рахат! Екеуі қол ұстасып жүгіре береді, жүгіре береді. Әбден шаршағанда ал қызыл гүлдер арасына құлай кетеді...

Осы арада қасындағы Ертайдың өз-өзінен түнеріп пысылдап отырғанын байқайды. Шалқақ басы партаға жабысып қапты. Бұйра шашы дудырап кеткен. Алдындағы қызға қарарын, не тақта алдында:

— АВ түзуіне С нүктесінен түсірілген перпендикуляр түзу,—деп әндеткен мұғалімді тыңдарын білмей, назары әр жаққа бір қашып, мазасы кетіп отырғаны айтпай-ақ көрініп тұр.

Неге екені белгісіз, Құралай оған ә дегеннен тікірейе қарады. Оқтын-оқтын бұған бұрылып бірдеңе деп сыбырлағанда да, Ертай жаққа көз салмайды. Әнеукүнгі драма үйірмесінен соң Ертай түні бойы темір кереуетті сықырлатып дөңбекшіп шыққан. Кеше тоғызыншы клас-

тағы суретші балаға оң жақ қарына тушпен жебе қадалған жүректің суретін салдырып, әр қайсысы бақандай ірі-ірі әріптермен «Құралай» деп жаздыртып алды. Бүгін сол оң қолы күп боп ісіп, қозғала алмай отыр. Әншейінде жоқтан өзгеге әкесі базардан келгендей қақақулай жөнелетін күлегеш неме қазір үсті-үстіне күрсіне береді.

Құралай мұның мақына жуып кеткен сайын, Ертай алая бір қарап қояды. Қыздар да қызық-ау. Бойлы-сойлы өндірдей әдемі жігіт тұрғанда құлағын қалқитып бұны қайтеді екен? Әлде бейтаныс адамның бөгде ортаға келгенде тілі тиіп кетпейді-ау, қолы тиіп кетпейді-ау деп момындарды жағалайтын әдеті ме?! Онда бұл класта, шынында да, сң момын адам осы Бисенов.

Сол-ақ екен әлгінде ғана көз алдында сайрап тұра қалған әдемі елес алыстап жүре береді. Ерке қыздың ойнақшыған көзіндегі жұмбақ нұр бұған деген өзгеше ықылас емес жәй әншейін қайтер екен деген жымысқы әжуа сияқтанып кетеді. Жаңа ғана өне бойын балбырата жөнелген ойда жоқ рахат сап басылып, буын-буынын түсініксіз діріл жайлайды. Құлазыған көңілі ғайыптан жүрегіне зіл боп қонған қасіретті сейілтер бір ғажайып сөздер іздейді. Көкірегіне шумақ-шумақ өлең кеп қонады, ұмытып қалмайын деп іштей қайталап жаттап отырады. Жүрегі алқымына тығылып, тамағы құрғайды. Тынысы тарылып бара жатқандай. Аузын ашса-ақ жүрегінің басында кілкілдеп тұрған тұңғиық мұң күрсініс боп сыртқа лықсиды.

Ертайдың қараптан-қарап қалай ініні түсін кеткеніне енді түсінді. Серігіне жалтақ-жалтақ қарап қояды. Қараған сайын жаны ашып кетеді. Соны сезгендей Ертай да бұған бір-екі рет жаутаңдай көз тастады.

Бисенов күндегі әдетімен кешкі тамақтан соң интернаттың көк желкесіндегі құмақ жалға сейілге тартты. Жападан-жалғыз ойға батып келеді. Ауық-ауық артына бұрылып, шы арасындағы кішкене ауылға қарап қояды. Кішкене ауылдың бұнымен шаруасы шамалы. Көше бойындағы қисық бағанаға ілулі ақ шелек репродуктор: «Шәй-шәй, қойым, шәй-шәй...»— деп қырылдай әндетіп тұр. Клубтың көлеңкесінде кинога билет сатылып жатыр. Кеңсенің көлеңкесінде ауыл басшылары шылымдарын бұрқылдатып аудандағы кешегі жиналысты әңгімелеп тұр. Интернаттың алдында бір топ бала гүрсітіп доп ұрады. Дүкеннің көлеңкесінде қоймашылықтан түсіп қалған қаба сақал кәрия мен есепшіліктен түсіп қалған көк сұр көсе шал қауқылдасып шарығатқа таласып жатыр. Ауыл

шетіндегі оңаша үйдің әйелі бәрінен де даусын асырып, шаңқылдап, енесін еміп қойған қара тайлақты қарғап жүр.

Кенет Бисенов состиып тоқтай қалды. Қалың бұта өскен жүлгеде жападан-жалғыз шоқиып Ертай отыр. Мұны тосып отырса керек, жақындай бере-ақ орнынан тұрды. Қасына келіп жымия күлді. Арқасынан қақты.

— Шабытыңа бөгет болғам жоқ па?— деп ыржияды.

Қатарласып бірге жүрді. Кенет әлгі ойнақы мінезінен кілт тиылып, тұнжырап сала берді. Сосын тамағын кенеді.

— Бисенов, бірдене айтсам күлесің бе?

— Қызық екен.

— Жоқ, әуелі күлмеймін деп уәденді бер.

— Жарайды, күлмей-ақ қойдық.

— Ендеше, ешкімге тісіңнен шығара көрме. Мен Ахметоваға ғашықпын.

Бисенов дір ете қалды. Тіпті түсі бұзылып кетті. Ертай нанбай тұр деп ойласа керек:

— Шын айтам! Анада дүкеннің алдында көргенде-ақ ұнатып қалдым!— деп үстемеледі.

«Дұрыс боптьі! Жақсылық хабарға жарылқадың! Осы жұрт сүйетін-күйетінін беті шімірікпей қалай айтып салады. Сүйінші береді ғой дей ме екен!»

— Қалай ойлайсың? Әдемі қыз емес пе?

«Әдемі болса қайт дейсің! Сенен басқада әдеміні көретін көз жоқ деп ойлайсың ба! Әдемі ме деп сұрағанша, сен де ғашық емеспісің деп неге сұрамайсың?»

— Жан дос, өзіңде бір бұйымтайым болып тұр...

«Ол не бұйымтай? Мені құдалыққа жұмсайтыннан саусың ба? Әлде жеңгетай қылмақ па ең?»

— Сен өлең жазасың ғой. Ақын деген адам жанын айтпай түсінуге тиісті.

«Ал солай-ақ болсын... Сонда не демексің?»

— Бір бөлмеде жатып, бір партада отыратын жолдасым ақын болғанда не көрем? Ахметоваға өлеңмен хат жазып бер.

«Тапқан екенсің, Жәңгір төрем, айтпағыңды жырға қосып отыратын Байтоғыңды. Сүйетініңді ауызба ауыз айтсаң, не қатырып тұрып қара сөзбен жазып берсең, таңыннан түсіп қаламысың? Жаза бер өзің...»

— Не деп жазайын?

Ертай кеңкілдеп күлсін кеп:

— Бисенов, сен өзің қызықсың. Не деп жазатынымды білсем, саған жалынып не жыным бар!

«Сүйетініңді айтып хат жаза алмайтының бар, ғашық боп не жының бар еді».

— Мұндайда айтатын әдемі сөздер аз ба? Біліп тұрып несін сұрайсың! Оқып шыққанда: «Апырай, мынау қандай өнерлі жігіт еді!»— деп тамсанатындай қып келістіріп жаз. Менің ол ойлап жүргендей өркөкірек, құр кеуде емес екенімді, өліп-өшіп сүйе де алатынымды біліп қойсын!

Ертай өз-өзінен тістеніп, жұдырығын түйді. Бисенов қатты аяп кетті. Шіркін, махаббат, не істетпейді десеңші. Әншейінде болса ғой, ол осы уақытта спорт алаңында сарт-сұрт доп ұрып, төңірегіндегілерге асқар шыңның басындағы ор текедей одырая қарап тұрмас па еді, доптан айрылып қалған, не алаңнан шығарып алған далақбайларға ішегі қатып, шиық-шиық күлмес пе еді. Енді, міне, сондай «жігіттің сұлтаны» өзімен волейбол ойнамақ түгілі интернат балалары завхоз Ашықбайдың көзін ала беріп жымқырып кетіп, екі ағаштың басына орнатып жасаған сүймен турникке бөксесін іліктіре алмай бір шай ішім мықшаңдап жататын бұның шалғайына оралып, жалынып келеді.

— Ойланып көрейін, Есенов!

— Е, баяғыдан бері солай демейсің бе? Зәремді алдың ғой. Құдай ақы мен осы ақ қағаздан албастыдан бетер қорқамын. Өлеңдетіп қызға хат жазбақ түгілі мұғалім қақылдап қайталап айтып тұратын диктанттың өзін шілмиген үштікке зорға жазамын!

Ертайдың әлгінде ғана сілтіге салған сүйектей құп-қу жүзінде лып-лып қан ойнады.

Ол күні Есенов шалқасынан түсіп ұйқыны маңыратсын-ай кеп! Ал Бисенов көрер таңды көзімен атқызды.

Бірінші сабақтың үстінде Ертай аяғын түртіп:

— Қалай достым, бірдене құрай алдың ба?— деп сыбырлады.

Бисенов «Астрономияның» арасынан тәптіштеп төрт қабаттап бүктеген қағазды ап, қолына ұстата салды. Ертай партаның тасасына жасырып, оқып шықты. Екі беті ду ете түсті. Сосын басын көтеріп ап, көзі күлімдеп бұның құлағына:

— Ойымдағыны дәл басыпсың. Жарайсың, Есенов!— деді.— Ақын кісіге қызға хат жазу деген сөз боп па, тәйірі!

«Тапқан екенсің оңай нәрсені! Құмақ төбенің тасасында талай сенделіп жүріп жазған өлеңім екенін сен қайдан ұғайын деп ең. Ет жүрегімді ерітіп шыққан жан сөзімді

саған қып отырғанымды да сезбейсің-ау! Әй, қанша дегенмен... Жә, болар іс болды. Енді өз қолыңды өзің кесе алмайсың!».

Есенов қағазды қайтадан төрт бүктеді. Сыртына: «Құралайға!» Е. Е-ден»,— деп сойдақтатып жазды. Қалтасынан комсомол билетін ап, арасына салды. Сосын манадан бері тапжылмай сабақ тыңдап отырған кісіше, мұғалімнің аузына қарап қадалды да қалды.

Бисенов досына ту сыртын беріп, терезеге қарай бұрылып отырды. «Ақымақсың! Есенов! Неткен ақымақ едің!»— деп іштей қырық рет қайталаған шығар.

Ертеңіне Құралай класқа бір түрлі именшектеп атталы. Есікті аша бере, екі беті ду қызарып, партасына асыға аяңдады. Күндегідей бұлармен сәлемдескен жоқ. Үйге берілген тапсырманы орындамай келгендей, портфелінен дәптер суырып, тұқшыңдап кетті. Есеновте де өң жоқ, бір бозарып, бір қызарып отыр. Үзіліс кезінде Құралай кітапханаға зып беріп шықпай қойды. Содан екі-үш күн бойы осылай қызарақтап жүрді. Бисеновтың ойы әңкі-тәңкі. «Осы Есеновті шыннан да ұнатып қалған болмасын. Өйтпесе құлағынан оты шығып неге қызарады? Өткір де өжет Құралайдың аяқ астынан бұлайша ынжық бола қалуы тегін гой дейсің бе! Қыз ұнатқан жігітінен ұялады демеуші ме еді!»

Бисеновтің де мойнынан су кетіп жүр. Көзінің астымен сығалайды да отырады. Құралайдың өңіндегі сәл өзгерісті қалт жібермейді. Қыз үш-төрт күннен соң үйреншікті қалпына түсті. Есіктен әдемі былғары портфелін бұлғақдатып еркелеп аттайды. Құдды бір аягына жем түсе қалғандай есіктен партаға дейін тық-тық етіп жетіп болмайды. «Көрдіңдер гой, қандай әдемімін! Есеновтен басқа тағы қайсыларың ғашықсыңдар?»— деп ұлдардың бәріп мазақтап келе жатқандай. Әсіресе, партасына келгенде, бұларға қыр көрсеткендей, екі-үш минут түрегеп тұрып, артқы партадағы қыздардан жоқтан өзге бірденелерді сұрап, сақылдап күліп ап, сосын барып отырады.

Ертайдың шалқақ басы тіптен еңкейіп кетті. Қара бояумен боялған ағаш партадан әкесінің суретін көріп отырғандай шұқшия қапты. Қербез бүркіттің қанатындай қайқыпып жататын қиғаш қабағы тұнжырап кеткен, үкітүкі.

Бисенов досына бір түрлі мүсіркей қарайды. Бірақ, қабырғасы қайысып аяп отырғаны шамалы. Қайта, әнеу күнгі Құралай осыны шыннан жақсы көріп қалды ма де-

ген күдігі сейіліп, арқасы кеңігендей. Құралай қазір бұлардың партасына атымен көз салмайды. Шамасы, Ертайдың күдерін біржола үздірейін дейтін болса керек.

Бір күні әдебиеттің мұғалімі «Бейбітшілік туы берік қолда» дейтін еркін шығарма жаздырды. Сол-ақ екен Ертайдың өңі айрандай ірің жүре берді. Алдындағы торкөз парақты ұзынынан бір сығалайды, көлденеңінен бір сығалайды. Шекесіндегі өз фамилиясы мен астын баттитып екі рет сызған тақырыптан басқа есіне ештеңе түспеді. Өзінің жазуы да жазу емес екен. Шекесін тышқан мүжіп тастағандай өңшең бір мыжық әріптер. Пысылдап әрі отырды, бері отырды. Шәкіртінің бірдеңеге қиналып отырғанын сезгендей мұғалім қасына келді. Желкесін сипап біраз тұрды. Сосын шыдай алмаса керек:

— Есенов, әкең майданда болып па еді?

— Болған.

Орнынан атып тұра берген Ертайды мұғалім ығынан басып қайта отырғызды.

— Жарақаттанып па еді?

— Үш рет жарақаттанған.

— Ендеше сол әкең туралы неге жазбайсың. Бейбітшілік деген ең алдымен ошақ басының амандығынан басталмай ма?

Бисеновтың көзі күліп етті. Мұғалімнің мына сөзі құлағына жағып кетті. Бұрын да қиналып отырған кісіге мүлдем қиын тапсырма берілгендей, Есенов айна тақыр ақ қағазға тесіле қарап бүрісті де қалды. Бір-екі сөйлем із тастап еді, одан әрі қаламы тағы жүрмей қойды. Осы екі ортада алдарында отырған Құралай жалт қарар ма? Дөңгеленген шара көз Ертайдың алдындағы параққа, әр әрпі әр жаққа қисайған қиқы-жиқы жазуға түсер ме? Қыз қасын қағып қойды. Қайта қарады. Таңданды. Сосын біраздан соң, әлденеге түсінгендей екі ығы бүлк ете қалды. Мысқылдай жымиды.

Қу қыз анадағы өленді Ертайдың өзі жазбағанын, ең азы жазуы-екеш жазуының да ұқсамайтынын біліп қойды.

Соған масаттанғандай Бисенов партасын сықырлатып шалқайып отырды. Сол-ақ екен алақандай қарақат көз бұның бетіне жалт бұрылды. Әлденеге жазғыратындай тесіле қарады. Сосын мұның алдындағы кемерінен асып-төгіліп жатқан қос парақ жазуға көзі түсті. Албырағаны шие еріннің қиығына бір жұмбақ күлкі ілікті. Сол күлкінің мағынасына осы кезге дейін түсіне алмай-ақ қойды. Кейде мұның қызметтестерінің езуінен сол бір жы-

мысқы күлкіні көргенде тұла бойының оқыс дір ете қалатыны бар. Қолына жиіркеніште бірдеңе ұстап алғандай тітіркеніп кетеді. Тезірек жұрт көзінен құтылғанша асығады. Вахтерға кілт тапсырғанда да жүзіне тіктеп қарамайды. Тіпті бет-пішінінің қандай екенін де білмейді. Әйтеуір бір жалқын сары екенін біледі. Әйтеуір бір кебістің жұлығындай кең езудің өзі-өзінен жыбырлап қоя беретінін біледі. Бұнымен қырық қайнаса сорпасы қосылмайтын вахтердің мұнда қандай шаруасы бар екенінен де мақұрым. Шамасы, мұның сыртынан біреулер бірдеңе дейтін болар. Сырмінез емес адам жұрттың айтқанына қандай сенгіш! Содан бұны көрсе-ақ күміра қысып жөнелетін шығар. Жұрттың ойындағыны біліп, оңтайынан шыққыш Бисенов оны да, өзін де ыңғайсыз жағдайға қалдырғысы келмей, жүре амандасып, кілтін ұстата сап кете барады.

Бисеновтың дүниеде ең қорқатыны — жұрттың аузындағы сөз бен езуіндегі күлкі. Әңгіме шығатын, күлкі туатын жерден алты көш алыс жүреді. Жиналыс құмар да емес. Барса да ылғи тыңдаушы. Оның мінбеге шыққанын ешкім көрмепті. Той-томалаққа да әуестігі кем. Жылына екі рет үйіне қонақ шақырады. Бір жолы қызметтестерінің, екінші жолы астанадағы азғантай ағайын-туманың көңілін аулайды. Қалған уақытта өзі үйі, өлең төсегі... Кофесін ішіп, газетін оқып балаларының қасында жантайып жатқаны. Әлгі бір оқта-текте көзін шоқ боп қаритын жымысқы күлкі мен шетелдік джаздардың «данғаза концерттері» болмаса бұл дүниеде оның жүйкесіне тиетін де ештеңе жоқтай. Джаздың емі оп-оңай: ток көзінен тырс еткізіп ажырата салсаң үні өшеді де қояды, ал әлгі күлкіден құтылудың жолы одан гөрі қиындау тиіп жүрген жайы бар. Жұмысқа бұрын барып, кеш қайтатынының да негізгі себебі сол. Түскі тамақ ішкенде де, үзілістен соң он-он бес минутке буфетке бас сұғып шығады. Ал, сағат алтыдан кейін есіктің алдындағы кебіс ауыз вахтердың жымиғанын кім көріп тұр...

Сүйтіп ол жүйкесіне тиетін қолайсыздықтардың қайқайсысының да алдын алып, амалын қарастырып қоятын-ды. Бүгін, міне, ойда жоқта Құралайдың аузынан түскендей мына бір бейтаныс бойжеткеннің тап бола кеткені. Құралай қайдан әлі күнге дейін үріп ауызға салғандай боп үлбіреп тұрсын. Ол да ендігі қырыққа келген шығар. Өтіп бара жатқан уақыт-ай десеңші. Оны көрмегелі де жиырма жылдан асыпты.

Баяғы шығарма жазатын күннің ертеңіне-ақ Құралай

артқы партадағы қыздардың қасына кеткен-ді. Содан бір жыл бойы бұның екі жауырынын оттай ыстық екі шоқ жандырды да отырды. Содан бұл бір жыл бойы артына бұрылып қарай алмай жүрді. Қарауға, Құралайдың әлгі бір күлкісінен тайсалады. Сүйтіп жүргенде мектеп те бітті. Екеуі екі жаққа аттанды. Бұл астанаға, ол ұзатылған апалары тұратын көрші облыстың орталығына тартты. Содан қайтып көріскен емес. Естіміші: Құралайдың үйі де сол көрші облысқа көшіп кетіпті. Оқып жүрген кезінде Құралай түсіне көп кіруші еді. Келе-келе күдеріи үзейін деді. Үйленер тұста, алғашқы баласы туғанда есіне Құралай түсіп, пәлен күн жүрегі сыздап жүрді. Сезіміи әрдайым ақылға жеңдіруге тырысатын Бисенов орынсыз үміттің нәзік желісін сонда бір жола қырыққан. Кейін алдын-ала тәптештелген тәртіпті өмірге көшкен соң, ол өзі бекіткен күн тәртібінде өткен-кеткенді еске алуға бөлінген арнайы уақыт жоқ болғандықтан, көп қысыр қиялға беріле бермейтін.

Енді, міне, Бисонов капталындағы орындыққа көз тастады. Түп жақта қорбаңдаған жуан еркек добалдай жұдырығымен кертік тапаушының астын қайта-қайта сүйкеп қойып, терезеге үңілді. Қасына артынған-тартынған ақ сары кемпір отырып жатыр. Артқы есіктен дабырласып біреулер кіріп келеді. Алдыңғы есік те аңқиып ашық тұр. Кезекті аялдама болса керек. Қыз бен келіншек автобустан жаңа осы арада түскен жоқ па екен? Ол портфелін ұстай орынынан атып тұрды. Жолдағыларды кимелей есікке ұмтылды.

Баяғы сол абыр-сабыр көше. Әрлі-берлі жөңкілген асығыс жұрт. Бұл көзін тігіп қарайды-ақ. Әлгі екеуіне келетіндей ешкім көрінбейді. Шамасы, бұдан бұрынғы аялдамалардың бірінде түсіп қалса керек.

Ол, қапелімде, не істеп-не қоятынын өзі де білген жоқ. Көше бойлап жүріп келеді. Күн ұясына барып қапты. Қай жерде жүр? Қайда келеді? Оны біліп жатқан өзі де жоқ. Әйтеуір жүріп келеді. Әйтеуір айналаға алақ-жұлақ қарап қояды. Одырайып-одырайып өтіп жатқан бір адам. Шамасы, бұған қарап барады. Шамасы, бұл бірдеңесін тонатып ап, енді қарсы келгенге: «Қайсың ұрысың?»— деп жалтақтап келе жатқан жармес біреуге ұқсайтын тәрізді.

Бисенов көлденең жолыққан оқшау аллеяға бұрылды. Ұлы көшенің күнірсік қапырығы мұнда дари алмапты. Шыңдардан ескен салқын леп жон арқасына майдай жағып барады. Екі жақтағы тас арықтың суы мұны мазақ-

тағандай сылқ-сылқ күліп жарыса жөнкиді. Терек басындағы теңге жапырақтар да бір-бірін түртіп қап күлмің-күлмің етеді. Шынында да мынау оқшау аллеяда не бар бұған?! Үйіне неге қайтпайды? Бір аяқ кофені қағып сап, диванына неге кисаймайды? Күндегі әдетімен кешкі газеттің ақырғы бетінен басына қарай неге бір сүзіп шықпайды. Үйін, айнадай жалтыраған аядай кухнядағы үрпек бас қара торы келіншегін елестетейін деп еді, көз алдына кекіл шашы ширатыла дудырап, жаңа автобуста көрген Құралай тұра қалғаны. Қайдағы Құралай? Құралайға ұқсайтын қыз. Бәлкім, тіпті Құралайдың қызы шығар. Шынында да... Оның қызының да бой жетіп қалатын уақыты бопты. Ау, сонда... Қасындағы әйел... Құралай болғаны ма? Мәссаған!

Бисенов қуанып кетті. Құралай Алматыда жүр. Манағы көзіне оттай басылған жұмыр мойын сонікі. Тағдыр өзі айдап әкеп жолықтырып тұрғанда тағы айырылып қалды. Көкірегі тікен қадалғандай тызылдап жүре берді. Қасындағы шалқайма орындыққа сылқ құлай кетті. Құлағының дәл түбінен біреу: «Ақымақсың, Бисенов, сен неткен ақымақ ең!»— дегені. Қіжініп айтты. Күйініп айтты. Баяғы өзінің Есеновке әне айтам, міне айтам деп жүріп, ақыры айта алмай кеткен сөзі. Енді міне оны біреу бір әрпін де өзгертпестен, дәл сол қалпында мұның өзіне қайталап тұр. Жалт бұрылып артына қарап еді — ешкім жоқ; жан-жағына қарап еді — қарсы алдындағы көк қақпаға екі шелек су қолдап көрі кемпір кіріп барады. Еңкіш жауырыны әлденеге кеңкілдеп күліп бара жатқандай бұлк-бұлк етеді.

Одан басқа ешкім көзіне түспеді. Әлгі кемпір бұны, бұның басында қандай кептің болған қайдан біледі. Әлгі дауыстың өзі әйелдің даусы ма еді...

— Апырау, маған бүгін осы не болды!

Осы бір ауыз сөз аузынан абайсыз шығып кеткені. Әлгіде осындай күңгірлеген қоңыр дауыс емес пе еді. Сонда өзінің даусы болғаны ма!

Орнынан атып тұрды. Төңіректі бір сұйқылт көгіс сәуле қоршай бастапты. Теректер де сыриған-сыриған ұзын көлеңкелерінен айырылып, өлі аруақтардай телміре-телміре қалыпты. «Осы мен қайда тұрмын? Мынау өңім бе, түсім бе?» — деп ойлады Бисенов. Сол-ақ екен төбеде лып етіп шамдар жанды. Әлгі бір түсініксіз үрей кейін серпілгендей. Бисенов жаңа ғана шаян шағып алғандай ұшып тұрған орындығына қайта отырды.

Шықпай қалған қиын есепті қайта шығарған кезін-

дегідей портфелінің жез алқасын сұқ саусағымен ақырын тықытып, асықпай ойға шомды. Сонда бұл автобус үстінде қайдағы бір қысыр қиялға беріліп отырып, қасындағы қыз бен келіншектің қалай түсіп қалғанын да көрмеген болды-ау. Құралай не ойлап кетті екен? «Баяғы маубас, сол маубас!» — деді ғой әрине. Бұның жүзіне қайта-қайта тесіле қарамады ма! Бұл болса көзін тайдырып әкетті. Бірақ, онда сол бір бейтаныс келіншек Құралай ғой деп кім ойлаған!

Өзінде де бар: бұлдіршіндей бойжеткеннің қасындағы саркідір әйел шешесі болмағанда кім болады! Құралайдан аумайтын қыздың қасында отырған әйел Құралай болмағанда кім болады? Пәлен жылдан соң кездескенде, ең болмаса, жөндеп бір тілдесуге де жарамады деп түңіліп кеткен шығар. Манағы жалтақ-жалтақ қарағанына таныр, жөн сұрасар деп дәметкен болды. Баяғыда мектеп бітіру кешінде де анадай жерде дәл манағысындай сынай қарап отырған-ды. Бұл канша жалтақтағанмен қасына бара алмаған. Кеш тарқағанша алыстан телміріп отырған да қойған.

Клубтан шыққасын қолтықтасып бара жатқан екеудің тұсынан өте беріп көз тастап еді — Құралай мен Ертай. Ертай үндеген жоқ. Құралай кілт кідіріп: «Немене, Бисенов, танымай қалдың ба?» — деп сықырай күлген-ді. Ай жарығында томпақ еріндерінде баяғы бір жымысқы күлкі жылт еткен-ді.

Сол күлкі өмірбақи ұмытылар емес. Қарсы жолыққандардың езуінен соны көрді-ақ қарап тұрып жігері құм болады.

Алыстағы ауданнан арып-ашып ақын болам деп келген-ді. Документ қабылдап отырған секпіл бет келіншектің мығындағы бұның қалқиған құлағына, жаутаңдаған мұңәйім көзіне, ұялғаннан зорға қысып тұрған жұқалтаң ерніне, үнінің бәрін көмейінде қалдырып, ернін ғана жыбырлатып, жүрексіне тіл қатқан еміс-еміс міңгіріне місе тұтпаған жымысты: «әй, бәтшағар, мына сықынмен сенен ақын шығушы ма еді!» — дегені ғой деп түсінді де, басқа факультет іздеді.

Жаңа факультетте де артқы партада жаутаңдап жалғыз отыратын қалқан құлақ жігітке көпке дейін ешкім назар аударған жоқ. Егер профессор Жантазин болмағанда сол тым-тырс қалпы алыс ауданның құм арасындағы шалғай мектебінен бір-ақ шығуы ғажап емес еді. Қалғып отырып-ақ қалжыңымен езуінді жиғызбай-

тын профессор студенттерді бет-әлпетіне қарап емес, даусына қарап танитын.

— Ә, сұқылдақ Саурықов бәсе, сен айтшы! — дейтін бұлардың курсындағы ең үздік студентке.

Саурықов сұқылдақ десе сұқылдақ. Оқуға түспес бұрын жыл жарымдай сауданың төңірегінде істепті. Ылғи қатып киініп жүреді. Бисеновпен абитуриент кездерінде таныс-ты.

Трамвай жолының бойында шыбыны құжынаған мүттәйім базар бар. Базардың желке тұсы кресі жалтыраған көне шіркеу де, өкпе тұсы — төрт қабат көк үй, қаладағы ең басты оқу орнының ең басты жатақханасы. Соның бірінші қабатының түп жақтағы қара көленке бөлмесі Бисеновтің әлі есінде. Есіктен құлағы қалқиып бұл аттағанда қақ ортадағы жайдақ столдың басында трусишең қара шайды сораптап отырған төрт гүжбан дауыс қосарлана гүр ете қалысты.

— Төрлет!

Табалдырықтан ұзай алмай ыбылжып тұрған Бисеновке төрт жанар бірдей сұқтанып, бас аяғын түгел сүзіп шықты. Сосын ортан белінен үш жерден шуда жіппен пәлен қайтара шандып тастаған қарағай сандыққа қадалысты.

— Дұрыс,— деді негінде бармақтай қара меңі бар сақа жігіт.

— Оқушысың ғой.

— Иә.

— Ендеше, маман берген азғантай тиын-тебенге лимонад ішіп, алма алып жеп аулыңа қайта бер.

Бұл түк түсінсе бұйырмасын. Соны аңғарғандай бетаузын шиқан басып кеткен қызылсары:

— Мектепті бнып бітіргендерге түп-түгел беске тапсырмаса, оқудың қарасын көру жоқ. Одан да біз құсап екі жыл салпаңдап, алақанынды ойып, арқаңды жауыртып кел. Ректор сонда алдыңнан құшағын жайып өзі шығады.

Манадан бері ақсия күліп отырған көзілдірікті сыптыгыр қара оңгімеге енді араласты.

— Қорықпа, бауырым. Стажың жоғы, әрине, қиын екен. Әскерден босағандар мен өндірістен келгендерге жеңілдік көп. Үшке тапсырса түсіп жатыр. Анекдот айтсаң да, аузыңды қыбырлатсаң болды, сынақ қағазына шілмиген үштік қонжия кетеді. Тек жазбаша ғана қинайтын түрі бар. Оған қалай ең?

— Жаман емес.

— Ендеше, бауырым, ертең мына жаман ағаңа жең ұшынан жалғасып жібер. Жазбашадан тұяқты бір іліктірсе, жаман ағаң оқуға түсті дей бер. Түстім екен, ертең озаттар қатарынан бір-ақ шығам.

Ернінің ұшынан сөйлейтін көз әйнекті жылтыр қара орнынан тұрып қасына кеп арқасынан қағып, босағадағы бос керуетке қарай жетеледі.

— Ал, жайғаса бер.

Жазбаша сынақта жылтыр қара айтқанындай-ақ бұның ту сыртына кеп отырды.

Бисенов бірінші есепті шығарып, таза қағазға көшіріп бола беруі-ақ мұң екен:

— Бауырым,— деп сыбыр ете қалғаны.

Сүйреңдеген бес саусақ бұның аш бүйірінен бір сипап өтті.

Сөйтіп ол төрт есептің төртеуін де бұдан көшіріп алды. Сосын-ақ бұның қасынан шырқ үйіріліп шықпайтын болды.

Оқуға түскен соң да:

— Бауырым, жаман ағаң ол жақсылығынды өлеөлгенше ұмытпайды,— деп әлденеше рет қолын сілкіп, әлденеше рет арқасынан қаққан.

Тыңға астық жинасуға барғанда бұрын-соңды қол жұмысын істеп көрмеген бозөкпе бұны қасына алды. Анасы байғұс: «жалғызымның табанына қадалған шөнге мандайыма қадалсын»,— деп ноқайлау өсірген Бисенов күрек ұстаса-ақ алақаны күлбіреп, қары салдырап шыға келеді. Бригадаластары: «Мұндай ақ саусақ бізге не керек, жолымыздан қалдырады»,— деп ежіреййсіп еді, ретін келтіріп бригадир болып алған Саурықов олардың да аузын жаптырды: «Ағайын, мен тұрғанда наряд жағынан қам жемей-ақ қойыңыздар. Бисенов мектепті бнил бітірген бала. Көмектесуіміз, тәрбиелеуіміз керек емес пе?» — деді.

Бір ай жұмыс жасап, екі-үш ақ құйрық көк ала қағазды қалтаға басып қалаға қайтты.

Оқу басталарда староста боп Саурықов сайланды.

— Қылп етпе, бауырым. Стипендияң мен жатақханаң менің мойнымда деп біле бер,— деп қойды ол жиналыстан шығып келе жатып.

Саурықов жиналыстан жиналыс, үйірмеден үйірме тастамайды. Оқу залына кешкі ондарда жұрт ұйқыға тарай бастағанда кеп кіреді. Содан түннің бір уағына дейін түп жақтағы акация гүлінің қасындағы оңаша столда кітапқа шұқшия тесіліп отырғаны. Бірге оқитын-

дар: «Сабазының құйрығында тебен шнесі бар шығар, орындыққа қадала қалғанын қарашы»,— деп бастарын шайқасады.

Семинарда екі бала қол көтерсе біреуі Саурыков та, біреуі қол көтерсе, ол — міндетті түрде Саурыков. «Айта ғой!» — десе сусылдап ала жөнеледі. Кейде жауабы жобаға соқпай, бетімен лағып кетеді.

Ондайда оқытушы кідіртіп тастаса:

— Ағай, кешіріңіз, менің айтып тұрғаным қалайша қате болады? — деп ақ періште боп аңтарыла қалады.

Мұғалім оған қатесін түсіндірем деп тұрып, әлгі сұрағының жауабын өзі айтып береді.

Сол-ақ екен, Саурыков:

— Есіме енді түсті. Шынында да солай екен! — деп мұғалімнің әлгі айтқанын қайталап тақылдай жөнеледі.

Сөйтіп жүріп-ақ, ол озаттар қатарына ілікті. Сүйтіп жүріп-ақ оның шашын жылмита тарап, көзілдірік киіп түскен кербез суреті «Құрмет тақтасының» бетін бермейді. Қыр мұрынды, күлім көз, қараторының әдемісі Саурыков көзге түсетін жерді құр жібермейді. Студенттер атынан сөйленетін сөз ылғи сонікі. «Ау, ағайындар-ау, біздің курстан да біреу кіру керек қой»,— деп факультеттік ұйымға мүше боп алсын. «Ау, ағайындар-ау, біздің факультеттен де біреу отырмаса, елдіктен қалғанымыз ғой!»— деп университеттік ұйымға сайлана қойсын. Абыройлы жерге қолы іліккен соң әлдекімдер құсап аспанға қарап, жұлдыз санап кетпейді. Көрген жерде: «Иә, бауырым, қандай шаруаң шығып қап еді? Ондайың болса, мына жаман ағаңа айтсайшы!»— деп шаужайдан ала кетеді. Сондықтан да, жұрт сәл нәрсе болса: «Ойбай, мұны Саурыковқа айту керек», «Ойбай, мұны Саурыковтан басқа ешкім бітіре алмайды»,— деп жатқандары.

Сылтау айтып сырғақтап кететін Саурыков жоқ:

— Бірге оқитын курстасыңның сөзін жерге қайтып тастарсың,— деп жалма-жан қойын дәптеріне түртіп алады.

Саурыков десе студенттер ғана емес, оқытушылар да ішкен асын жерге қояды. Оған сырт орай қарайтын тек профессор Жантазин ғана. Тақыр бас, құс мұрын, алақандай көзілдірігінің ар жағындағы қысыңқы шегір көзін ешкімге тіктемейтін мысқылшыл профессор ә дегеннен-ақ:

— Саурыков, сәл ентігіңді басшы. Оқулықтан басқа қандай әдебиет оқыдың? — деп мұдірткені.

Бірде ол бүкіл курстан жалғыз өзі қол көтеріп, жауап беріп тұрған Саурықовты бөгеп:

— Шынында да солай ма? Қәне, кім айтады? — деп сұрағаны.

Жымысқы профессор шаңырақтай көзілдірігінің тасасынан әзер-әзер қылтиятын шұнақ құлағын тігіп, індете қарап еді, ешкім қол көтере қоймады. Ол енді алдында жатқан журналға үңілді.

— Бисенов! Осы өзі тілі бар студент пе? — дегені.

Бисенов орнынан көтерілді:

— Саурықовтың жауабы дұрыс емес!

Шаңырақтай көз әйнектің арғы жағындағы тарс жұмық шегір көз иненің жасуындай сәл жылтырады. Бүкіл аудитория бұған жалт қарады. Әншейінде кербез Саурықов мойнын ішіне тартып ала қойды.

Бұл сөйлеп кетті. Жұрт аң-таң.

Профессор қалғып отыр. Бір уақытта барып:

— Шырағым, білетін болғасын, бүрге қарап отырған кісіше бұқшиып кетпей, ара-тұра осылай тірілікте бар екеніңді де білдіріп тұрмайсың ба! — дегені.

Жұрт ду күлді. Бұл құлағына дейін қызарып сала берді.

— Саурықов,— деді Жантазин.— Бейсеновты НСО-ның жұмысына белсене қатыстырып тұруды саған тапсырамын.

— Мақұл,— деді Саурықов.

Енді Ақбоз, Көкбоз екі жұлдыз дегендей Бисенов пен Саурықов ғылми конференция болса жарысып баяндама жасайды. Жұрт қалай сыпсыңдаса да, өздері тату-ақ. Сүйтіп жүріп ақырғы курс та бітті. Екеуі де профессор Жантазиннің жетекшілігімен диплом қорғады.

Сол тұста шалғай облыстардың бірінен Саурықовтың жамағайыны жаңадан ашылған үлкен трестке бастық боп келе қалды. Інісіне: «Бізге талантты мамандар өте қажет. Елімізде бұрын-соңды игерілмеген жаңа жобаларды жүзеге асырамыз. Соған өздеріңдегі ең таңдаулы жігіттерді үгітте. Жалақы мен пәтер өз мойнымда»,— депті. Саурықов Бисеновті әбден майын тамыза мақтаса керек. Диплом қорғауына трест бастығының өзі қатыссын. Деканға, ректорға жата кеп жабыссын.

Жұмысқа бөлу комиссиясының мәжілісі алдында оны Жантазин шақырды.

— Қалай, Бисенов, саған трестегілер қарғы бау тағып қойған ба?

— Иә. Сондай әңгіме бар.

— Өзің қалай қарайсың?

— Қайдам... Шақырып жатса...

Көз әйнектің түбіне шөккен шегір көз тағы бір жылт етіп, жоқ болды.

— Біздің кафедраға аспирантураға бір орын беріп отыр. Әкімдікке қандай ебің бар екенін білмеймін. Ғылым қусаң бірдеңе шығаруың мүмкін. Әрине қазіргі ғылымға кинода көрсететіндей өз атын өзі ұмытып қалатын әпенде ғалымдардың қажеті шамалы. Оған да бүгінде жақсы универмагтың сатушыларындай жүзіктің көзінен өтетін іскер, пысық кісілер керек. Ол жағынан сен мақұрымдаусың. Дегенмен тәуекел етсең... Әрине, қалауың өзіңде. Трест те шақырып қойыпты...

Профессор қолын тарақтап ап, бұған қарай бір сығырайды да, қайтадан қалғып кетті. Біраз мызғып алған соң барып:

— Жарайды, бара бер,— деп жымиды.

Ұстазының жүзіне көзі түсіп кеткен Бисеновтің жүрегі дір ете қалды. Бар күлкісі көзінің алдында да, ауыздың маңы тістеніп отырған кісідей бедірейіп тұр екен.

Көп ұзамай диплом тапсырылды. Бисенов треске тартты. Саурықов кафедрада қалды.

Трест бастығы айтқанында тұрды. Анау-мынау құңкіл-сұңкілді құлағына ілместен бірден аға инженер қып тағайындады. Жарты жылдан соң бір бөлмелік оңаша пәтердің кілті қолына тиді. Саурықовты анда-санда бір көріп қояды. Жарқырап киініп, жылтырақ портфель ұстап жүреді. Бір-екі жылдан кейін көргенінде: «Қорғайын деп жүрмін»,— деді.

Бисенов те салған жерден трестегі ең абыройлы инженердің бірі боп шыға келді. Артына: «Осы жігіттің болашағы мықты»,— деген қаңқу ерді.

Жұмыс басты іскер маман тұрмыс құру мәселесін сәл созып алды. Онысы әуелі кейбір қызметтестерінің арқасына батты. Келе-келе олардың үйіндегі жеңгейлердің арқасына батты. Талай-талай жайнаған дастарқандардың басында әсем-әсем қарындастармен ойда жоқта дәмдес боп қалатынды шығарды. Көбі көрген түстей бір рет қана көзіне жылы ұшырап, көңілден шығып қала берді.

Бір жолы оныншыны бітірген баласын жетектеп келген бір жамағайыны мектепте бірге оқыған жолдастарының хабарын саудыратып айта жөнелгені. Құралай институтты бітірмей тұрып тұрмысқа шығыпты. Әуелі Бисенов: «Соншама неге асықты екен?»— деп іштей ренжіді. Сосын аржақ-бержағын жан-жақты салыстыра ойланып

отырып, социологиялық тың тұжырымға келді: «Сұлу қыздың тағдыры да дүкендегі жақсы товардың тағдыры сияқты. Қадірін білетін кісі тап келген күні емес, қолы ұзын адам тап келген күні табан асты шешіледі». Өмірінде алғаш рет сол күні ғана өзіне көңілі қатты қалды. Сөйтсе, аза бойы қаза тұратын күншілдік деген нәрсе бұның бойында да бар боп шықты. Құралайды әлгі бір жолы болғыш жігіттен өлердей қызғанғаны. Ол, кейін білді, баяғы өзінің парталасы Ертай Есенов екен. Құралай оқитын қалаға ол да барыпты. Дәрігерлік институтта оқитын Құралайдың карасын көріп жүру үшін сол қаладағы мұғалімдік институтке түсіпті. Ақырғы курста екеуі көңіл қосыпты. Мектепте Есеновке шекесінен қарайтын Құралай неге бұлай етті. Бисенов әрі ойлады, бері ойлады. Тапқан қисыны: «Әрі ақылды, әрі сұлу тәкаппар қыз алтын басын қор етіп өзі ешкімнің соңынан жүгіре алмайды. Сондықтан да, күндердің күнінде өз соңынан жүгіріп жүргендердің біреуінің, ең ұзақ жүгіргенінің қолқасын қабыл алуға мәжбүр болады. Сонда Құралай аспандағы айды алам десе, алмай тыным таппайтын Есеновке бұйырмағанда кімге бұйырады!»

Бой таластыра өскен қалың теректердің ара-арасынан жұлдыздар жылтырай бастады. Тізесінде жатқан бұжыр-бұжыр күрең портфельді барабан қып қағып Бисенов әлі отыр. Баяғыда бала жетектеген жамағайынының хабарын естіген күні де осылай бет алды қаңғып кетіп еді. О да осындай жаздың жайма қоңыр түні-тін. Онда да осындай бір оңаша аллея-тын. Оны-мұны ойланып көргісі келіп еді, талай-талай қиын формуланы шекілдеуікше шағатын шақша басы тіпті «от алмай» қойғаны. Түн ортасы ауғанша отырды. Сосын ал-сал боп орнынан тұрды. Салдыраған трамвайдың артқы орындығында мойны қылқиып үйіне қайтты. Бойдақтардың айна тақыр кухнясының бір бұрышында қатар түзеп тұрған үйелменді-сүйелменді екі бөтелкені бірінен соң бірін қылқытып тұрып жұтсын-ай кеп. Сосын екеуін де қол жуғыштың астына құлаштап тұрып лақтырсын-ай кеп. Сосын танауының астына баттиып іліне қалған «Чаплин мұртты» қос білегіне кезек үйкеп сүртсін-ай кеп. Сосын қоңыраулы сағатты шіренте бұрап сықырлаған темір керуетке күмп берсін-ай кеп. Ертеңіне шарылдаған оқыс дауыстан көзін ашты. Жастығының астындағы заржақ сағатты төбесінен бір нұқып тұншықтырды. Бірақ әлгі бір бажылдақ дауыс басылар емес. Бисеновтің терісіне сиымай ашуланғанда айтатын ең дөрекі балағаты: «Идиот!»— еді. Мынын ша-

ғып бара жатқан түсініксіз бажылды жеті бабасынан бермен қарай түп-түгел нақұрыс қып, төсегінен тұрды. Сонда барып аңғарды — бажылдайтын есіктің қоңырауы екен. Сонда барып аңғарды — күн демалыс екен. Келіп тұрған — бөлім бастығы...

— Ау, ертегінің Ер Төстігі де тап сендей ұйықтамас. Түс болды ғой. Жеңгең күн ашық болғасын көлге барайық деп отырғызбады. Өзің де бірге бол. Мынау деген шашлық жасаймын. Әлгі біздің экспедитор Шахвердяндарың менің қасымда жіп есе алмайды.

Бойдақтардың булы қазанның буына елітіп қалатын белгілі ауруы бар ғой. Жұмырында жатардағы қос бөтелке қатық шылдырап тұрған Бисенов әлгіні естігенде көзі қарауытып кеткендей болды. Жаздың тек нің жасыратын желең лыпасын іле сап сыртқа шықты.

Ол кездің машиналары қазіргідей жылтырап, жарқырап, «мені көрдің бе» деп кеуде керіп тұратын керсылаң емес, өңшең бір тойған қозыдай томпиып тұратын кертомпақ еді ғой. Сондай бір кертомпақ машинаның арткы орындығында тымпиған-тымпиған екі әйел отыр. Бірінің аузынан бірі түсе қалғандай. Екеуі де орта бойлы. Екеуі де қара торы. Екеуі де «бөрік бас». Екеуі де бас изеп амандасты. Бисенов алдыңғы орынға, рульдегі бастығының қасына жайғасты.

Бұлар «ә дегенше-ақ» ақар-шақар шыңдардың арасындағы тегене көлге жетіп келді. Ығы-жығы жұрт. У-ду. Күнмен қабақ қағысып көл жымыңдайды. Көлмен ымдасып күн жымыңдайды. Екеуі де бір-біріне «ішің білсін» дегендей күлмің-күлмің етеді. Жайбарақат думаншы топқа бұлар да қосылды. Машинаны аялдамаға тастап, төртеуі көл жағалап, тыныш жер іздеді. О да табылды. Жасыл айдынға тау өзені кең құятын қылта тамақта пышақтың жүзіндей жіңішке қайраң бар. Сонда жатып күнге қыздырынып, біраз бой сергіткен соң, бастық жұбайына:

— Райгүл, қозықұйрық теріп келейік. Шашлық пен қозықұйрық бұл заманда падишалардың да қолына түсе бермейтін таңсық тағам,— деп көзін қысқаны.

— Жастар, сендер, қайық мініп, көлге серуендеңдер. Анау арғы беттегі киіз үйлерді көрдіңдер ме. Солардың қасындағы домалақ төбенің бауырайы толған томарша. Содан бір қолтығын жинай қайтыңдар,— деп Райгүлдің де жымиғаны.

Бұлар қайыққа барып отырды. Ерлі-зайыпты екеу қол ұстасып тауға тартты. Томиған қара торы бойжеткен бұдан да өткен үндемес екен. Қолын көл суына ма-

лып қойып монтия қалыпты. Бұл екеуі өзгелер сияқты ән де шырқасқан жоқ, бір-біріне су шашып жағаласқан да жоқ. Арғы жағаға қашан жетер екенбіз дегендей түтіндері будақтаған киіз үйлердің ту сыртындағы домалақ шоқыға телміріп келеді. Жағаға да жетті. Бисенов қызды қолынан демеп қайықтан түсірді. Сосын манадан бері бірін-бірі жатырқап отырған бейтаныс екеу сол үндеспеген қалпы, сол бір-біріне жуымаған қалпы, бірақ ауық-ауық жаутаңдасып қойып домалақ шоқыға қарай жүрді. Домалақ шоқының баурайында томарша шынында да көп екен. Екеуі әп-сәтте бір қолтық томарша жинап алды.

— Ойбай, ананы қара!

Қыздың даусы үрейлі шықты. Бисенов төменге сонда барып көз тастады. Әлгінде ғана айнадай жарқырап жатқан момақан айдын аспанға шапшып аласұрып жатыр. Жаңа ғана бұлар аттанып кеткен тар сағаға әлдене кептетіліп тұрып қалғандай. Қара барқын тау баурайын ырсита жалаңаштап келе жатқан жойқын дүлей көкпеңбек көлді бір пұшпағынан ұстап ап тулақтай сілкіп тұр. Аяқтарының астындағы алапат қазан бұрқ-сарқ қайнайды. Дүрс-дүрс құлаған, гүрс-гүрс жарылған, ойбайлаған, шыңғырған әлем-тапырық дауыстардан құлақ тұнады. Әлдеқайдан бір-екі вертолет жып етіп көтеріліп, тыныш көкжиекке қарай безе жөнелді. Аспан сол баяғы қалпы. Ап-ашық. Жер үсті, әсіресе, көл үсті алағай да булағай. Өңі қашқан бойжеткеннің жалаңаш омырауында шық мөлдірейді. Иегі иегіне тимей сақылдап барады. Бірақ, бұған бірдеңе деп тіл қатуға ұялады. Бисенов төңірегінде не болып жатқанына әлі түсіне қоймаса да, серігінің қатты қорқып тұрғанын аңғарып, жалма-жан қолынан ұстай алды. Дір-дір еткен қыз саусақтары жігіт қарына жабысты да қалды. Сол екі ортада о жақтан да, бұ жақтан да вертолеттер қаптай бастады. Шоқы-шоқылардың арасын, жағалауды жан ұшыра сүзіп жүр. Кей жерлерге арқан баспалдақтар тастап, қалт-қалт етіп тұрып алады. Бір-екеуі бұлардың да төбесінен шырқ үйіріліп шықпай қойды. Дір-дір еткен қыз бен жігіт жасыл бауырын төбелеріне төсеп тұрып алған вертолетке үнсіз телміреді. Кенет көктен қызыл жалау жылт еткендей болды. Батыс жаққа сермелеп белгі берді. Тырп еткен бұлар жоқ. Әлгі бір вертолет күдерін үзгендей әлдеқайда зулай жөнелді. Тағы біреуі тағы келді. Тағы да қызыл жалау жылт етті. Тағы да батыс жақты нұсқады. Сол-ақ екен домалақ шоқының бауырайындағы қалың жыныстың арасынан өңдері қашқан сұп-сұр адамдар қаптап

шығып жатыр, шығып жатыр. Бәрі де әлгі вертолет нұсқаған бағытқа жөңкіле бастады. Жотаны бойлап келе жатқан ірметілген топ бір уақыттарда барып еңіске құлады. Тұ-ту төменде көгеріп жатқан тас жол бойы ығы-жығы. Бұлардың тобы екі айырылды: бір қатары тас жолға бұрылды, бір қатары келе жатқан бағыттарымен жаяу-жалпылап ілгері тартты. Бұлар да сол тас жолға бұрылғандардың соңына ерді. Қайда бара жатқандарын, не істеп, не қоймақ екендерін өздері де білмейді. Әйтеуір, ілгері ентелеп келеді. Әйтеуір, жұрттан қалып қоймасақ екен деп қорқып келеді. Қыздың қолы манағыдай діріл-демейді. Бірақ қарына тас боп жабысып қалған саусақтары енді қайтып ажырамайтындай. Тас жолға таянғанда жеңдеріне қызыл шүберек байлаған еркектер алдарынан шығып, есіктерін ашып қаз-қатар тізіліп тұрған автобустарға бастады.

Бисенов өз бастығының үйіне осылай тап болды. Өмірі есігін ашпаған үш бөлме пәтер. Кілем жапқан, пүліш жапқан қара күрең ағаштар. Шалқайма диванда екеуден екеу. Үй-іші қара көленке. Кухня жақтан оқтын-оқтын су қорқырайды. Бейтаныс бойжеткен бұның білегінен үйге келген соң да айырылатын емес. Кенет есік ашылды. Екі-үш ақ халаттылардың соңынан бастығы көрінді. Аяғын ілбіп басып әйелі аттады. Бейтаныс қыз сонда барып қолын ажыратты.

Бисенов сол күні орталықтағы еңселі сары үйдің екінші қабатындағы осы бір қара көленке үш бөлме пәтердің күндердің күнінде өзіне басыбайлы бұйыратынын білген жоқ-ты.

Үндемейтін бойжеткен бастығының туған балдызы боп шықты. Ол — осы күнгі Райхан еді. Ел құлағын шулатқан аламан-асыр лапатта баяғы кертомпақ машина суға кетті. Қозықұйрық тереміз деп тауға өрмелеп кеткен ерлі-зайыпты екеуді вертолетшілер құтқарып апты. Ал, Райхан мен Бисенов сол күні не болып, не қойғанын кейін газеттен оқып түсінді.

Содан бері бірге тұрып жатыр. Райхан аспирантурасын бітіріп, диссертация қорғады. Жезделері қызметі жоғарылап басқа қалаға ауысты. Үйлері жас ғалым мен болашағы мықты талантты инженер — бұларға тиді.

Оп-оңай орайласып кеткен бұл тіршілік екеуінің жанын еш қинаған жоқ. Балалары өсіп келеді. Қызметтері өрге баспаса, кері кеткен емес. Көрген жұрт сүйсінетін саусақпен санарлық өнегелі семьялардың бірі. «Баяғыда не ойлағаның бар еді?»— деп Райхан сұрамады. «Өзің-

нің не ойлағаның бар еді?»— деп бұл сұрамады. Сөйтіп, өткен өмірдің еміс-еміс елестері сандық түбіне түскен бала күнгі сыймай қалған киімдердей көзден де, көңілден де қалтарыс қала берді. Оқығаны мен естігенін бұлжытпай қағып алатын зерек Бисенов бала күнгі ескі жейдең мен көне малақайың күндердің күнінде әлдекашан ұмыт болған адыра армандарды ойда жоқта еске түсіре алатынын мүлде ескермепті. Арман деген орындалмас, бірақ ешқашан ұмытылмайды. екен. Әлгі бір мандайындағы балапан шашы жалбыраған бала қыз, енді міне, осы кезге дейін тұнығы шайқалмай келген тыныш өмірін баяғы бір тапа-тал түсте кемерінен асып төгіліп, көзді ашып жұмғанша сап болған бұрқ-сарқ тау көліндей астан-кестен қып кеткені. Қай-қайдағыны есіне түсіргені.

Құралай сонда әлгі бір қапырық автобустан қалай шығып кетті екен? Ойнақшыған нұрлы көзін бұл жаққа сан төңкеріп қарамады дейсің бе? Бірақ, бұның қылп етпегенін көріп күдерін біржолата үзген шығар. Есіктен шығарда, ақырғы рет артына көз тастағанда езуінде баяғы бір жымысқы күлкі тұрды ма екен? Оны сонда бүкіл автобус көргенде бұл көрмегені-ау. Былайғы жұрт не деп ойлайды? Мына біреу неткен сорлы еді дейді ғой әрине.

Иә, иә, өмірбақи тайсақтап келген сол бір жымысқы күлкінің шын мағынасына енді түсінді. Ол — өшпенділік те, қызғаныш та, кек те, ыза да емес, мүсіркеушілік. Адам байғұстың айтпағанынды біліп, қымтағанынды көріп тұратын сұңғыла түйсігі бұл секілділерді бір көргенде-ақ жете танып, жымысқы еріндер өз-өзінен жыбырлап қоя береді. Мүсіркеушілік секілді күмілжі сезімнің ашық ыза, өшпенділіктен несі өзге?

Инженер Бисеновтың мығым логикасы ойына қапияда оралған осы бір жады сауалдың соңына аш тазыдай сүмеңдеп түсіп алғаны. Сөйтсе, жұрт тек сүйсінуге де, жек көруге де тұрмайтын бейшара адамдарды ғана мүсіркейді екен. Сорлылығын күстаналай отырып мүсіркейді екен. Сонда-сонда еліктің лағындай ойнақшыған Құралайға бұл соншама не жазыпты? Не үшін жазғырады? Не үшін жазалайды. Әлде өзінен басқаға аспандай қарайтын өр көкірек сұлудың орынсыз қазымырлығы ма? Жоқ. Бисенов ондай оңай сылтауға бас шұлғи қоймайды. Ондай адам Бисенов емес. Оның саққұлақ сезімі қыз мінезіндегі жымысқы күлкіде бір әділдік барын біледі. Құралай түгілі әлгі жалқынсары вахтердің де, кез-келген қызметтесінің де мінезіндегі мысқылда бір әділдік бар. Бірақ, соны ақыл-ойын сарқа сарапқа салуға осы

кезге дейін жегі құрттай жеп, құртып келе жатқан да сол батылсыздық. Иә, сол... Оны маңдайы тасқа тимеген ерке қыз бірден ұқты. Сондықтан да кешіре алмады. Ал қалған жұрт біреуі ілгері, біреуі кейін жүре келе түсінді. Өзінен басқа өзгеге ешқандай зияны жоқ әлгіндей әлсіздігін кешірген болды. Өзіміз де жұмыр басты пендеміз ғой, өзіміз де қай бір төрт аяғымыздан тең басып тұрмыз деп кешірді. Қолдарынан содан басқа ештеңе келмейтін болған соң кешірді. Бірақ, олар содан қайтып оған бұрынғыдай үлкен үміт артып, бұрынғыдай үлкен сенім көрсете алмады. Аяу мен мысқылдың жиреніште қосындысынан тұратын осы бір жексұрын күлкінің аты — мүсіркеушілік.

Осы бір жымысқы күлкі, инженер Бисеновтың оқымысты тілімен айтқанда, беттегі бұлшық еттердің жағымсыз эмоциялар дүмпуінен болатын еріксіз қозғалысы, шындап келгенде, үзілген үміт, орындалмаған армандарға үнсіз оқылатын дұға екен. Бұл дүниеде өмірлік мақсатқа айнала алмай, белді бекем буып кірісетін тәуекел таба алмай шәйіт кеткен ізгі үміт, жақсы армандардан обал не бар тәйірі! Орындалмаған армандар ұмытылмақ емес көрінеді, асыл армандарды жер қылған жігерсіздік кешірілмек емес көрінеді. Өйткені, дүниедегі ең қара бет опасыздық көкірегіне уыз боп ұйыған ізгі арманның алдындағы опасыздық көрінеді. Сондықтан да, жұрттың миығынан оқтын-оқтын қылаң беріп қалатын әлгі бір сұмпайы күлкіде аяушылықтан гөрі жиреніш басым. Сондықтан да жұрт осы бір оқыста ойнақшып шыға келетін қатыгез сезімін аңдатпауға тырысады. Ерке Құралай ол айланы қайдан білсін, өз қатыгездігін жасыра алмады. Тауы шағылып, талабы қайтып көрмеген бала қыз ә дегенде-ақ көзіне ыстық көрінген аяулы жанның қайдағы бір даңғой мақтаншақка онай қол жаулық боп кеткенін кешіре алмады. Демек, ол мұны өліп-өшіп жақсы көрген. Қалтқысыз жақсы көрген. Қалтқысыз сезімге су құйған пендеге көкірек қайтып жылытын еді. Сондықтан да Құралай баяғыда бұның алдындағы орнынан артқы партаға әдейі көшіп кетті. Сондықтан да ол баяғыда мектеп бітіретін кеште мұны көрер көзге әдейі тәлкек етті. Сондықтан да ол мана мұны танып отырып, өзі қайтер екен, деп әдейі тіл қатпады.

Аңғал да албырт Құралай өз үкімін өте шолақ, өте қатал кесті. Ал, талайды алдынан өткізген жырынды Жантазин бұның жасық екендігін бірден сезді. Сосын ол

пікірінің дұрыс-бұрысын ұзақ тексерді. Талай жерде сыр тартып сынап көрді. Қафедраға аспирантураға қал деп ашық айтпай, әңгіменің тек ұштығын ғана шығарып қойды. Егер ғылымды анда-санда оңашада ойша қиялдап қоятын көп арманның бірі емес, өз өмірінің мақсаты деп санайтын болса, Бисенов сол арада жата қалып жабысар еді. Өйтпеді. Үйреншікті тәрбие мен тәртіптің бұғауынан шыға алмады. Әдептілік, кішіпейілділік жайлы әркім-ақ айта салатын жаттанды ұғымдарға құл болып, қапелімде ештеңе дей алмады да. Көңіліндегі арман бауыры жарқыраған алтын балық боп алдынан бір көлбеп өткенде шап беріп шаужайдан алудың орнына қармағын артына ұстап тұрып қалды. Ондай ашық ауыз балықшының өз обалы өзіне. Алтын балық құйрығын бір бұлғақ еткізеді де, көз көрмеске ғайып болады. Алтын балық көп пендеден бұлар бастауыш класта оқыған ертегідегідей ындыны тоймайтын қанағатсыздығы үшін емес, ынт-шынтын салмайтын жігерсіздігі үшін безіп кеткен. Сондықтан да көп пақыр балығы қайтқан бедеу дарияның шырп-шырп жарға ұрған тұл толқындарына бостан босқа телміріп, бекер арам тер болып жүр. Жырынды Жантазиннің бұның аузына сығалай ұзақ қарағаны тегіннен тегін емес-ті. Ә дегенде аузына сөз түспеген Бисенов, артынан ойына оралған тұжырымды жауапты айтуға жүрегі дауаламады. Соны сезіп қалған кәнігі профессор үкімін бір-ақ айтты. «Бара бер!» Онысы: «Сенен енді үмітім үзілді»,— дегені еді. «Енді саған сене алмаймын»— дегені еді. Әншейінде «сұңқылдақ», «сусылдақ» деп жақтырмайтын Саурықовты аспирантураға қалдырды. Саурықов бұндай алғыр болмаса да, жігерлі, бірденеңің соңына түссе, мықтап түсетін табанды. Ғылымға алғыр да білгір жасық дарындардан гөрі өз мақсаты жолында жанын пидаға шалуға бар тұғжымдар көбірек пайда тигізеді. Өйткені, ендігі тіршіліктің қай саласында да сал бөксе, салпы ауыз «данышпандар» емес, көздегеніне жетпей тынбайтын тас түйін жігерлілер ғана жеңіске не бола алады. Сондықтан да, Жантазин жер ортасына келгенде соңына түсіп отырған жаңа тәуекелін бұған емес, Саурықовқа сеніп тапсырды. Саурықов оны бұл құсап аспаннан аяғын салбырап түсе қалған онай «бестік» көрмей, тісіңмен тістеп, өліспей беріспейтін үлкен жауапкершілік деп түсінді. Оны профессор түгілі он екіде бір гүлі ашылмаған Құралайдың өзі де тез аңғарыпты. Оған тіпті босаға баққан вахтердің көзі де баяғыда жетіпті. «Елден ала бөтен тұқшың-

даганда жақсысың, елден ала бөтен бітіріп жатқан нең бар осы!»— дегендей әрі өткен-бері өткенінде бір жымиып күліп қалады.

Соны ойлағанда Бисенов өзінен өзі жирепгендей болды. Тұла бойы тітіркеніп түрегеліп кетті. Аллеяны бойлап жүріп келеді. Қаланың орталығына әлі көп бар. Ол мынау өзі келе жатқан аллеяны да тани алмай-ақ қойды. Мына бір самсаған сәнді үйлер де бұрын көзіне түспепті. Осының бәрі ол ұйықтап жатқанда бір түнде орнай қалғандай.

Бисенов бұның бәрін қайдан көреді. Белгілі бір маршрутпен қызметіне барады. Белгілі бір маршрутпен үйіне қайтады. Футболға бару керек пе — қалай барып, қалай келетіні алдын ала белгілі. Дүкенге барып жазылған кітабын алу керек пе — ол да алақанындағы нәрседей сайрап тұр. Қонаққа баратын үйлері, демалатын курорттары — бәрі-бәрі әлдеқашаннан-ақ мәлім. Ол осы ғұмырын баяғыдан белгілі нәрселерге сарп еткендей. Оның пәлен уақыт сарғайып отырып жасаған жоспары бәрін қамтығанмен, өмірдің өзін қамти алмай сырт қалдырғандай. Ол Құралайдың желкілдеген бұйра шашымен, профессор Жантазиннің езуіндегі жымысқы күлкімен, стадиондағы ақ шұнақ шалдың ашуымен бірге бұған соқпай, кешкі жарықта ерекше жалтырап-жарқырап көрінетін анау көше бойындағы зуылдақ сылақ машиналардай жанынан бір жалт етіп сынаптай сырғып өтіп жатқандай. Бисенов осы өмірінде берілген есепті шығарыпты, айтылған тапсырманы орындапты, тіпті ішін-жейтін тамағына дейін дәрігерлер ұсынған менюдің аясымен шектепті. Құллі ғұмырын жұрт ойлап тапқан ережелерді қалтқысыз қадағалауға тәрк қылыпты. Бірақ, соның бәрі манағы бір бұл атын біліп те үлгере алмай қалған бейтаныс бойжеткеннің езуіндегі ойнақы ұшқыннан күлге айналып құнсыздапып шыға келді. Мұның көңілі қойын дәптеріне тәптіштеп жазып қойған үйреншікті тәртіптен сәл ауытқыса болды, осылай құлазып қоя беретіні несі? Неге, неге, неге...

Жылдан-жылға күйе жалаған терідей тақырланып келе жатқан жалтыр басындағы сирек шашы түгілі, сонау жазғы аспанның төріндегі жапырласқан жұлдыздардан да мол құжынаған көп «неге»...

Кісіге мынау қара жерді қалтырамай нық бастыратын ойына алған мақсат жолында белді бекем буған нар тәуекел мен орындалған арман ғана екен ғой. Одан басқа жол-жөнекей қанағат құрдым көңілге бәрібір кенеу бо-

лып жарымайтын тәрізді. Ол жоқ жерде бәрібір көзін ешнәрсеге тұрақтай алмай, көңілің желдеген киіктей сырғақтай береді ме қалай?! Ол жоқ жерде қарсы кездескеннің қай-қайсысының да езуінен әлгі бір бәрін көріп-біліп тұрған жымысқы күлкі кетпейді ме қалай...

Бисенов өз үйінен басқа жердің бәрінде де сол бір жұрттың езуіне желімше жабысып алған жымысқы күлкіден қорғалақтап бағады. Одан тек өз пәтерінің мөлт қара дерматинімен қапталған есігінің жылтыр сары жез тұтқасынан ұстағанда ғана құтылғандай болады.

Бисенов бүгін, міне, соған да сенбей келеді. Кім біліпті, бұл әйеліне, балаларына дұрыстап көз салмайтын да шығар. Кім біліпті, олар да мұның күлмеген кісінің аузы қисайып кететіндей құбыжық жүзін көргенде жұрт құсап езулеріне не бола алмай қалатын шығар. Шынында да, Райхан осы мұның ішінде нендей жегінің жатқанын неге сұрамайды. Оны көрген жерде қалпақтарын алып, құшақтарын жайып тұра ұмтылатын көршілері неге сұрамайды? Кеңсесіне сызылып кіріп, сыздыя шығып жататын бағыныштылары неге сұрамайды? Алдынан шығып қолын қысып, арқасынан қағып шығарып салып жататын бастықтары неге сұрамайды? «Ау, Бисенов, анадағы тапсырма есіңде ме?»—деп жататын таныс-бейтаныс, алыс-жақын көп қауым бір уақы: «Бисенов, сен осы өміріңде қиялданып көрдің бе? Арманыңның қайсысына жетіп, қайсысына жетпедің?»—деп неге сұрамайды Басқаны былай қойғанда бауырындағы жары Райхан неге қаузамайды? Жұмыстан шаршап келгенде кісінің мазасын алмау керек екендігін біледі. Жұмысқа бара жатқанда кісінің көңілін бұзбау керек екендігін біледі. Етті көп жегеннен гөрі овощты көп жегеннің, арақ ішкеннен гөрі сүт ішкеннің, машинамен жүргеннен гөрі жаяу жүргеннің, тойып ап жата қалғаннан гөрі ұйқы алдында серуендеп алудың пайдалы екеніне құлаққа құя бергенді біледі. Ал, ең болмаса бір рет: «Осы сылдір-сұйық уақыттың иегінің астында жүре бермей, бірауық басымызды көтеріп, жан-жағымызға дұрыстап бір қарап алайықшы!»— деп айтуды неге білмейді. Неге...

Бәлкім, ол да былайғы жұрт құсап мұның ішіндегіні айтпай біліп, мығынан күлетін шығар. Жоқ, әлде ондай-ондай болмашы нәрсеге бола қызыл кеңірдек боп дауласып жатсақ оқыған-тоқыған зиялы жандардың өнегелі семьяның, азғантай ғұмырда біраз нәрсеге қолдары жеткен бақыттылардың санатынан шығып қаламыз деп қорқады ма екен...

«Ақымақсың, Вася! Неткен ақымақ ең! — дейді бір әйел үздіге сыбырлап. Қанталындағы қалың бұтаның арасынан ап-анық естілген әлгі бір тосын дауыс оны ұйқыдан оятып жібергендей. Түннің де бір уағы болып қалғанын енді аңғарды. Мынау қалың бұта ұйлыға өскен оқшау алаңқайдан тезірек өтіп кеткісі келді. Әлгінде ғана күйзеле тіл қатқан әйел даусы арада бірер минут өтпей жатып сылқылдап тұрып күлсін-ай кеп. Ішегі қатып сықылықтасын-ай кеп...

Бисенов қаттырақ аяңдап, анадайда оттары жылтылдап машиналар жиі жөңкіліп жатқан ұлы көшеге жетіп алды.

Автобустың артқы орындығында келе жатып: «Қазір үйге барғанда Райханның да мынығынан әлгі бір жымысқы күлкіні көрсем, не істер едім?» — деп ойлады.

Өз подъезіне жүрексіне аттады. Шіби дауысты қоңырауға жүрексіне қол апарды. Сосын есіктің ашылуын күтіп аңтарылып тұрып қалды.

Әдеттегідей дөңес айна қондырылған көзгелдек саңылаудан бірсу сығалады. Әдеттегідей артынша-ақ құлып сылдырлады. Ар жақтан әдеттегісінше аймақы қызыл халат киген Райхан көрінді.

Бұл оған тесіле қарап тұрып қалды. Әйелінің жүзінде ешқандай әжуа да, ашу да жоқ секілді. Сұлық жатқан керме қастары бірте-бірте көтеріліп барады. Өйткені, күйсуі бүгін күндегідей жетіде емес, сағат кешкі онда, телевизиялық жаңалықтарды көрсетіп жатқанда келіп тұр.

Бисенов табалдырықтан теңселе басып аттады да, босағадағы жылтыр орындыққа барып отырды. Әйелінің жүзін тағы да бір асықпай шолып. өтті. Сол баяғы ештеңеге түсінбеген аң-таң қалпы.

Кухня жақтан плиткаға тасып төгілген борщтың күңірсік иісі келді.

Бисенов туфлиін шешіп орындықтан көтерілді.

Езуінде әлгі бір өзі жақтырмайтын жымысқы күлкі тұрды.

Қонақжайдан диктор еркектің күмбірлей шығатын қоңыр үні ертең де күннің кешегідей ашық болатынын айтып жатты.

МАЗМҰНЫ

Автомобиль *(повесть)* 5
Құсқанаты (*повесть*) 61
Бір шоқ жиде *(повесть)* 110
Шеткері үй *(повесть)* 174
Көлденең көк атты *(әңгіме)* 229
Есболай *(әңгіме)* 254
Тасбақаның шөбі *(әңгіме)* 267
Керек адам *(әңгіме)* 293
Міне керемет! *(әңгіме)* 308
Ақырғы аялдама *(әңгіме)* 316

Абиш Кекильбаев

ПОСЛЕДНИЙ СНЕГ

(повести и рассказы)

На казахском языке

Редактор *А. Мекебаев*
Рецензенты: *З. Кабдолов, А. Нысаналин*
Художник *А Тостаев*
Худ. редактор *Б. Машрапов*
Тех. редактор *С. Лепесова*
Корректор *Г. Тельтаева*

ИБ 762

Сдано в набор 24 04.78. Подписано к печати 22.08.78. УГ18410. Формат 84×108$^{1}/_{32}$. Бум. тип. № 2. Литературная гарнитура. Высокая печать. Печ. л. 11,0. Усл. печ. л. 18,48. Уч.-изд. л. 19,86. Тираж 41 000 экз. Заказ № 1486. Цена 1 р. 40 коп.

Издательство «Жазушы» Госкомитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата, 480091, пр. Коммунистический, 105.

Полиграфкомбинат производственного объединения полиграфических предприятий «КІТАП» Государственного комитета Совета Министров Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480002, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.



000001589268

I. c. 40 r.